

**ҚАЗАҚСТАН
ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ
ӘДЕБИ-ӘЛЕУМЕТТІК
ЖУРНАЛЫ**

1922 жылдан шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ –

Қазақстан Жазушылар одағы

**РЕДАКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ –
Мереке ҚҰЛКЕНОВ**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

АМАНШАЕВ Ермек

АХМЕТБЕКҰЛЫ Алмас

БЕГМАНОВ Қасымхан

ЕЛУБАЕВ Смағұл

ЖАҚЫП Бауыржан

ИМАНҒАЗИНА Бибігүл

КОЖАХМЕТОВА Мағира

КОЙГЕЛДИЕВ Мәмбет

МАТЫЖАНОВ Кенжехан

МӘЖИТОВ Марат

МЕНДЕКЕ Әмірхан

НҰРЖЕКЕҰЛЫ Бексұлтан

ОРАЗАЛИН Нұрлан

ОРАЛБАЙ Өтеген

СЕГІЗБАЙҰЛЫ Кәдірбек

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт

ФАЗЫЛЖАН Анар

ЫБЫРАЙЫМ Бекен

ІЗМҰХАМБЕТОВ Бақтықожа

БАС РЕДАКТОР

Дәурен ҚҰАТ

**БАС РЕДАКТОРДЫҢ
ОРЫНБАСАРЫ**

Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Нұрлан ҚАМИ

АРТ-РЕДАКТОР

Марат СӘБДІКЕН

ТІЛШІЛЕР:

Жұмабай ҚҰЛИЕВ,

Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИҰЛЫ
(Маңғыстау облысы),

Нұрдәулет АҚНАЗАРОВ
(Атырау облысы),

Сабырбек ОЛЖАБАЙ
(Оңтүстік өңірі),

Толымбек ӘБДІРАЙЫМ
(Арқа өңірі).

КОРРЕКТОР

Бағдижамал ТӨЛЕШҚЫЗЫ

КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР

Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ

Редакцияға түскен шығармалар редакцияланбайды. Қолжазба қайтарылмайды. Көшіріп басқан жағдайда «Жұлдызға» сілтеме жасау міндетті.

Жарияланған дүниелердегі деректердің нақтылығына авторлар жауап береді. Пікір-толғамдар редакция көзқарасымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.

© «Жұлдыз»

МАЗМҰНЫ

Сөз сөйлемі

Руда ЗАЙКЕНОВА

«СОҢҒЫ КӨШ»: ҰЛТ ТАҒДЫРЫ ЖӘНЕ
КӨРКЕМ ШЫНДЫҚ 3

Ой-қазына

Бексұлтан НҮРЖЕКЕҰЛЫ

ЖАН-ЖАНУАРЛАР ЖАҒДАЯТЫ 25

Серік НЕГИМОВ

«ШӘКІРТІМІН – АБАЙДЫҢ,
АТЫМ – КӨКБАЙ» 49

Үркер

ӨМІРІ – ӨНЕР 62

Ақын

Мейрам АХМЕТЖАНОВ

ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ 68

Тарландоз

Сакен СЫБАНБАЙ

ӘУЛИЕ ӨНЕРДІҢ ӘДІЛ САРБАЗЫ 83

Поэзия

Ертай АШЫҚБАЕВ

ҚҰЫП ҰСТАЙ АЛМАДЫҚ
ҚҰ ЖАЛҒАНДЫ... 89

Сержан ШАКРАТ

ДОМБЫРА ХИКАЯСЫ 92

Темірақын ЖАҚЫП

ӨЗІҢЕ СЕН ДЕ, ӨРГЕ ЖҮЗ! 100

Тілеубек БАТЫС

ШЫРМАУЫҚ 104

Проза

Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК

ШАЙТАН ЕНГЕН ШАҢЫРАҚ (Әңгіме) 108

Серік ЖЕТПІСКАЛИЕВ

КҮТУШІ (Әңгіме) 116

Айгүл ЖҰБАНЫШ

ҚОРАДА ҚАЛҒАН ҚАЗЫНА (Әңгіме)..... 129

Бейбіт БӨЖЕН

ТАРҒЫЛ ТАҒДЫР (Хикаят)..... 134

Драматургия

Айзат РАҚЫШ

ӨГЕЙ. (Монопьеса) 160

Айнұр АХМЕТОВА

ЖИ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ: ТЕХНО-ӘДЕБИ
СИНТЕЗ, АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ
ЭСТЕТИКАЛЫҚ ШЕКАРА 166

ҰЛТТЫҚ СПОРТ –
ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ АЙБЫНЫ 173

Естелік-эссе

Ғабдұл-Сәбит ЮСУПОВ

ҚҰРЫЛЫСШЫ ҚАЛАҒЫН ҚАЛАМҒА
АЙЫРБАСТАП... 176

Ұлттық мұра

Айбын ТӨРЕХАН

ТҰЛПАР ТҰЯҒЫНАН БАСТАЛҒАН
ӨРКЕНИЕТ 184

Ғылым күні

ҰШАР ҚАНАТҚА – ДҮНИЕ КЕҢ... 194

«Жұлдыздың» шеберлік мектебі

Франсуа МОРИАК

ЖАЗУШЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КЕЙІПКЕРЛЕРІ . 198

«Тотияйын тілді» тарландар

ТОТИЯЙЫН ТІЛДІ ТАРЛАНДАР 206

ҚАДІРЛІ ҚАЛАМДАС!

Қазіргі нарық қыспағында қай басылымның болса да шекесі шылқып тұрмағаны белгілі жай. Сол кепті біз де киіп отырмыз. Әлем әдебиетінің жауһарларын, қазақ қаламгерлерінің маңдайалды туындыларын, соның ішінде Сіздің де шығармашылығыңызды насихаттайтын «Жұлдыз» журналына өзіңіз бас боп жазылып һәм айналаңыздағы сөзіңіз өтетін ағайынның да жаздырып алуына ықпал етсеңіз, қарлығаштың қанатымен су сепкеніндей жәрдем болар еді.

Алдағы уақытта редакцияға шығармаңызды жолдарда журналға жазылғандығыңызды куәландыратын **төлем қағазының** көшірмесін қоса жіберуді қаперіңізге саламыз.

Редакция

*Сөз сәулесі*

Руда ЗАЙКЕНОВА,
*Қазақ ұлттық қыздар
педагогикалық
университетінің профессоры,
филология ғылымының докторы*



«СОҢҒЫ КӨШ»: ҰЛТ ТАҒДЫРЫ және КӨРКЕМ ШЫНДЫҚ

Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері, «Парасат», «Барыс» ордендерінің иегері, Абай облысындағы Тарбағатай, Үржар, Аягөз аудандарының және Алматы қаласының құрметті азаматы, майталман қаламгер Қабдеш Жұмаділовтің (1936-2021) «Соңғы көш» романы туралы бастан-аяқ жіліктеп талдаған зерттеу жұмысы жоқтың қасы болғандықтан роман-дилогияға толық талдау жасауға тырыстық. Тарихшы-ғалым Әлімғазы Дәулетханның 1974 жылы жазып, 2011 жылы ғана «Жалын» журналына жарияланған «Соңғы көш» туралы алғашқы пікір» деген мақаласы осы романның бірінші томына жасалған тұңғыш талдау екендігі рас. «Соңғы көш» туралы жазушының қаламдастары да кезінде жағымды пікір білдірген...

«Соңғы көш» роман-дилогиясының 1974 жылы шыққан бірінші кітабы «Қарсанда», «Қат-қабатта», «Сарыжайлау», «Ақпанда» деген төрт бөлімнен, 1981 жылы шыққан екінші кітабы «Қара қақпа», «Киелі қан», «Кісен ашқан» деген үш бөлімнен тұрады. Сыртқы композицияның элементі ретінде қызмет атқарып тұрған бұл тақырыптардан суреттеліп отырған дәуірдің басты сипатынан хабардар боласыз.

«Соңғы көш» романының экспозициясының өзі көшпенділер өмірінің қанына сіңген дағдысынан басталады. «Шығар күнді төбе басында тұрып қарсы алып, батаре күнді төбе басында тұрып ұзатып салу – сақарада мал өсіріп, көшіп-қонған халықтың қанына сіңген ғадет» екені «Қарсанда» атты бөлімнің басында Қанағат бидің күн еңкейе төбе басына көтерілген сәтінде-ақ айтылады.

Автор «Есігіңнің алдында төбе болса ерттеулі тұрған атпен тең» деп қарайтын ауыл ақсақалдарының бір мезгіл өткен-кеткенді еске алып, жотаға шығып қайтпаса көңілдері көншімейтін сүйек сінді дағдысын қисынды келтіреді. Батып бара жатқан күн, «боз шولاқ аттай келте ғұмырдың тағы бір күні өтті-ау» деген күрсініс келер күннің не ұсынарын көрсетпегенмен, соның жұмбағын шешуге жетелегендей болады.

Төбебасындағы ақсақалдарауыл саудагері Шөншіктің арқандаулы тұрған жирен аты мен су жаңа көк арбасына қарап, Қанағат би айналасындағы

отырғандардан қалада оқып жатқан баласынан не хабар бар екенін сұрағанда шығарманың бас кейіпкері Естай бейнесі елес береді. Шөншік — жай ғана алыпсатар саудагер емес, өліара шаққа қарай қолма-қол бейімделген жандайшаптар мен жансыздардың белсенді өкілі. Қаламгер Қанағат бидің ойына түскен бір оқиға арқылы оның психологиялық болмысынан хабардар етеді. Ауыл шетіне іліккен бір бейтаныс жолаушының Қанағаттан: «Отағасы, Шөншіктің ауылы қайда екен? — деп жөн сұрауы, сасып қалған бидің: «Әзірше бұл маңайда «Шөншіктің ауылы» дейтін ауыл жоқ. Бұл — Қанағаттың ауылы. Ал Шөншіктің үйін сұрасаң, сонау ақ үзікті шеткі үйге бұрыл», — деп жауап беруі арқылы жазушы туындап келе жатқан екі айырық жолдың ымырасыздығын ишаралайды. Автордың сөзімен айтсақ: «біреу озып, біреу тозып жатқан заман...»

Әңгіме барысында Төртуыл руының екі табы — Жұмықтоғас мен Қараменденің байлары Әкпар мен Әбілғазыға қарасты елдің арасында бүлік туындағаны да айтылып, ауырып жатқан биді де тыныш жатқызбай, қатты алаңдатады.

Осы екі рудың арасындағы даудың туына себепші болып, қосақ арасында күйіп жүретін Ұзақ бейнесі — романдағы ең күлкілі образ болғанмен, қазақы қисынға келгенде нағыз кең қолтық, қарапайым қазақтың соңғы сарқыншағы іспетті. Өзі бәкене бойлы болғанмен, ауыл «Дәу апа» атап кеткен өзінен екі есе ірі денелі Қатша атты кемпірінен өзге ешкімі жоқ, сіңірі шыққан кедей, оның жүрген жері үнемі бір зілсіз күлкі туғызбай қоймайды. Дөң басындағылар арада Ұзақтың жоқтығына таң-тамаша қалып, іздей бастағанда «шарға бойлы, шоқша сақалды, кішкентай ғана көк көз сары шал» ақ таяғын беліне көлденең ұстап, осылай қарай емпендеп, ұшып келе жатқандағы кейпінің өзі кез-келген адамды езу тартқызады. Ұзақ бұл елге Қанағаттың немере әпкесін алып отырған күйеу болғандықтан, кәрі-жастың бәрімен қалжындасып, ойнай беретіндігі қазақы түсінік-түйсікке сай нанымды суреттеліп отырады.

Әңгіменің өзі туралы екендігін сезіп келе жатқан Ұзақ жарқаш-жарқаш жіңішке даусымен шіңкілдеп сонадайдан сөйлеп келеді:

— Өңкей зәндемі, қызталақтар... Бәрің жабылып мені биге жамандап отырсындар ғой? Менен басқаны сөз етсеңдер, ауыздарың қисайып қалады ғой, шамасы, — деп аузы сөзден босамай, бәрімен амандасып болғаннан кейін жанжалдың неден басталғанын білгісі келген жұртқа бар пәленің көк сиырдан басталғанын, әйелдің тілін алмайтын «жігіт» болса да сол жолы қара басып, жалғыз сиырды «Мал төркініне обал болмасын, тез Әкпардың аулына апарып, зор мойынға қосып келе ғой», — деп жан алқымға алған кемпірінің сөзіне еріп, Әкпардың әміркен бұқасына алып барғандығын, бірақ ыңыршағы шыққан кәрі сиыр мен кілең балықтай құнажындардың ішінде жүрген бұқамен болған әрекеттен түк шықпағанын жырдай ғып айта бастайды. Әңгіменің аяғы тіпті сұйылынқырап бара жатқан соң, Қанағат би кеугім тартып бара жатқан айналаға қарап, қайтуға ишарат жасайды. Шындығында екі рулы елді дүрліктірген жанжалдың шығуына Ұзақтың кәрі сиырының түк қатысы болмаса да әлгі дау-дамайдың тууына Ұзақтың да өзіндік үлесі бар. Расында көтерем кәрі сиырымен алысып жүрген Ұзақтың іс-әрекетіне іштей күліп тұрған Әкпар оны қасына шақырып алып, сауып ішуге бұзаулы сиыр береді. Мұндағы Әкпардың ішкі есебі — біріншіден, өзін ағайынға қадірлі етіп көрсету, екіншіден, кедей-кепшікке қамқор болып жүрген Қанағат биге қысастық жасау, үшіншіден, ертеңгі су кезегінде Ұзақты шаруашылыққа бас-көз болатын айқайшы есебінде пайдалану. Содан аяқ астынан олжаға батып, атқа мінген Ұзақен жұмысқа

шыға салысымен, кезекке қарамай, суды өз жағына қарай мол ғып ағызып жібереді. Су ақпай қалғаннан кейін Жұмықтоғас ішінде Әбілғазы байдың Жаппас деген жанжалқой, қызылкөз шалы мен оның еңгезердей ұлы екеуі осы іске себепші болып жүрген Ұзақты «лақша бақыртып» тоғанның көмейіне әкеп тығады. Содан есінен танып қалған Ұзақты атына көлденең салып байлап, қоя береді. Бұл масқаралау Әкпардың намысына тиіп сол күні тізгін ұшымен барып, шайқас салады. Қараменде жағынан бір адам соққыға жығылып, өлім аузында қалады. Арада болған уақиғаны Ұзақ тым созып жібергеннен кейін осы жағдайды Қанағат бидің немере інісі Бахтияр қайта жаңғыртып айтып береді. Күн әлдеқашан батып, ымырт үйіріле бастаған кезде ауылға түсіп келе жатқан Әкпар бастатқан екі-үш салт аттыны көріп, бәрі орнынан тұрады. Осы кезде «қарағанның басынан ор қоянша секіріп бара жатқан» жатқан Ұзақтың неден қысылып, қашқанын Қанағаттың інісі Нұрғазы ғана біледі екен. «Ұзақ та әл үстінде нашар жатыр» деу үшін оған Әкпар қатты тапсырыс беріп қойыпты. Ал романдағы «ауырып жатқан» Ұзақтың Әкпардан қорыққаннан «ор қоянша секіруі» еріксіз күлкі шақырады. Әкпардың Қанағат аулына келу себебі — Қанағаттың атасы Ысмайылға Сібеті өзенінен берілген осы тоғанның мөр басылған қағазын сұрау. Бірақ Қанағат би Төртуылдың түгеліне жетіп отырған атасынан қалған киелі мұраны «таласқан иттердің талқысына» сала алмайтынын, қолмен істегенді мойынмен көтеру қажеттігін, қара күш пен барымтаның заманы келмекке кеткенін айтып, қағазды бермейді.

Роман сюжеті осындай шым-шытырық шиеленіскен оқиғадан басталып, Қанағат ауылындағылардың мал сату үшін қалаға аттануы, істі болған Ұзақтың олармен ілесуі, қаладағы саяси ахуалға байланысты гу-гу әңгіме, көшедегі ілініп тасталған коммунистік жалынды ұрандар, Шығыс Түркістан мемлекетінің құлауы, осыған байланысты ел ішіндегі дүрбеленді суреттеуге ауысады.

1945 жылы езілген ұлттар бас қосып, Шыңжаң өлкесін тұтас азат ете алмаса да Алтай, Тарбағатай, Құлжа аймақтарын Гоминдаң басқыншыларынан азат етіп, Шығыс Түркістан мемлекетін құрады.

Романдағы Жасыбай атымен жүрген кейіпкердің прототипі — ырыс қонған қазақтың жомарт байы Башпай деген кісі. Романның журналдық вариантында (Жұлдыз, 1973. №9-10-11) Қосай деп алынған Оспан батырдың кітапта өз атымен алынуы Мәскеудегі Қиыр Шығыс институты Қытай секторының ақтау қағазына тікелей байланысты. Мұнда романға оң пікір айтылып, Алтайдағы Оспан көтерілісінің де басын ашып береді. Сөйтіп, Кеңес Одағындағы бірден-бір құзырлы мекеменің рұқсатын алғаннан кейін романның жарық көруіне жол ашылады. Ал Башпай бай мен Жағданы жазушы өз аттарымен алуды артық санағаны анық. Себебі «Қ.Жұмаділов совет өкіметінің жауларын, бай, би-қажыларын дәріптеп жатыр» деген мазмұндағы хаттар онсыз да тиісті орындарға оқтын-оқтын жөнелтіліп отырған.

Романда Башпай бейнесі бұрынғы бес жыл ғұмыр сүрген Шығыс Түркістан мемлекетінің аймақ басшысы ретінде емес, жомарттығымен аты шыққан өзінің кесек мінезді өмірдегі қалпы бойынша еш боямасыз сомдалады. Жасыбай бейнесі өтіп бара жатқан көшпенділер өмірінің тарпын көрсетсе, осы аймақтың болашақтағы уәлиі Жағыпар бейнесі арқылы жаңа замандағы күрделі тарихи ситуациялардың куәсі боласыз. Жасыбайдан кейін сөз берілген жоғарыдан келген өкіл — «Жасы отыздарға жаңа келген, ұзын бойлы, тарамыс денелі, жылы жүзі балаша күлімсіреп тұратын кара торы жігіт... Әскери формасын әлі шешіп үлгірмеген, сындардай сұлу офицер дік-дік басып мінбеге келді» деп суреттелетін Жағыпар бейнесі — өмірдегі қазақтың белгілі этнограф зерттеушісі Жағда Бабалықовтың прототипі.

Ол өз сөзінде Қытайдың еңбекші бұқарасы да отыз жылдай қан төгіп, күрес жүргізгенін, соның нәтижесінде ҚХР құрылғанын, ұлт-азаттық төңкерісі кезінде, Шығыс Түркістан республикасының құрамына енбей, Гоминданның езгісінде қала берген, ұйғырлар мекендейтін Қашқариядағы жеті аймақты да Қытай Халық Азаттық армиясы бейбіт жолмен азат еткенін, «Дұшпанымыздың дұшпаны — біздің досымыз» деген сөзді мысалға ала отырып, қытай коммунистері қазақтың сенімді одақтасы екенін, Шығыс Түркістан халқы да социалистік дамудың даңғыл жолына түсетінін айта келіп, жұртты Шәуешекке келетін Қытай Халық Азаттық армиясын достық көңілде қарсы алуға шақырады. Бірақ сөзінің залға дари қоймағанын сезген Жағыпар орнына сүлесоктау барып отырады. Жарыс сөзге ешкім шықпай, жұрт аңтарылған кезде Нартай батырдың даусы санқ етеді. «Ұстарамен тақырлап қырғызған басы кіші-гірім қазандай» деп сипатталатын Нартай тұлғасы — нағыз батырға лайық бейне. Батыр Жағыпардың сөзіне қызулана қарсы шығады. Аймақтың жаңа бастығы Хамитовтың Нартайдың атына саяси айыптар тағып, балағаттағанын Жағыпар тиып тастайды. Осы арқылы жазушы Жағыпардың Нартайға іш тартатынын, жеме-жемге келгенде Үрімжіден келген өкілдің әділдік жолынан таймайтын нық мінезінен оқырманды хабардар етеді. Бірақ осыдан кейін-ақ Нартай өкімет қаһарына ілігіп, соңынан қиқу түседі.

Қ.Жұмаділов өзінің кезекті бір сұхбатында «Бізге Абайдың, Шәкәрім мен Мағжанның өлеңін үйреткен жандардың бәрі «халық жауы» болып шыға келді... Сонда мен бір әділетсіздік, бір зорлық бар екенін сездім», — дейді. Бұл — 1952 жылы мектеп директоры Тұрсын Мұстафин ұсталғанда сол кездегі 16 жасар болашақ жазушыға келген ой. Міне 13 жасында аяулы әкесінен айрылуы, бұдан кейін қадірлі азаматтар басына төнген нәубәт оның өзіне деген серті мен шартын ерте қалыптастырғанын көреміз.

Шыңжандағы репрессия құрбандарының аты-жөні мен қоғамдық қызметін өзгертпей алуы бір жағы тарихи шындықтан көз жазып қалмаудан туындаса, екіншіден, өткен тарих ізін танымдық-эстетикалық тұрғыдан пайдалана білу арқылы өміршен идеялар берудің құралына айналдырды. Әрі бұлардың Башпай мен Жағдаға қарағанда бергі бетте мүлде белгілі болмауы оларды өз атымен алуына тікелей себепші болды деп білеміз. Бұл жерде «тәуекел түбі — желқайық, мінесің де өтесің, уайым түбі — тұңғыық, батасың да кетесің» деген халқымыздың байырғы мақалы жазушының бойына қуат, талабына қанат бітіргендей. Себебі жоғарыдағы мақал сол бір алмағайып тұстағы кез-келген қазақтың аузындағы сөз болатын. Тайынбайтын себептері сол.

Естайдың оқиғаға араласуы өз туысқандарына қаланы аралатудан басталады. Көшедегі адамдардың бір-бірімен амандаспауы, өзі сәлем берсе сәлемін алмауы, асханадан тамақты сатып ішу деген нәрселер қанша түсіндірсе де Ұзақтың миына кірмейді. Қаладағы қызу өмірді Естай мен Нұрбек айналасында өрбіту арқылы жазушы жаңа мен ескі дүниетанымның ара жігін байқатады.

Шығарма басталғанда сөз болатын екі байдың арасындағы жанжал бөлімнің соңында аяқ астынан жөнін табады. Бірінің үстінен бірі арыз айтып, қалаға келген Әкпар мен Әбілғазы екеуінің арасындағы дауды көпті көрген, алысты болжайтын Жақып би шешеді. Көшпенді қазақтың қанына сіңген дағдысы осы жерде тағы да бір қылаң береді. Бір жағы өкімет ауысып, бұлардың сөзіне құлақ аса қоятындай оңтайлы жағдай болмаса, бір жағы «сақалымның ағында, өлерімнің шағында» деп келетін Жақып бидің «қағазға жазып алғандай түйдек-түйдегімен» орнын тауып айтқан жүйелі сөзі екеуінің төс қағыстырып, бірінің атын бірі мініп, татуласуына

себеп болады. Ғасырлар бойы үлкенді сыйлау, жүйелі сөзге тоқтау деген қазақ мәдениетінің қалыптасқан үлгісі мен небір шиеленіскен дау-дамайды бір-ақ ауыз сөзбен шешетін халық судьясы — сұңғыла би образын оқиғаға араластыру арқылы тартыс қорытындысын шығарады. Әрі Әбілғазының Бәйгекөгін көптен бері қолына түсіре алмай жүрген Әкпардың Жақып биге риза болып, «ішінен жымың» қағуы сол тұстағы сасық байдың тұрмыстық психологиясын көрсетеді. Бұл да жеке пайдасына келгенде ішкен асын жерге қоятын Әкпар образына жарасып тұр.

Жалпы шығармадағы қандай оқиға болмасын басы басталғаннан кейін із-түзсіз жоғалып кетпейді, жазушы уақыт тынысын беру үшін өзінің кейіпкерлерін де, қоғамның басты оқиғасын да алдын-ала айқындап әбден пісіріп алғаны білінеді. Сондықтан да уақыт иірімі алуан түрлі мінезбен үнемі даму үстінде жүйелі түрде беріліп отырады. Қат-қабат шиеленіскен оқиғалар мен тартыстар, науқандық ұрандар мен сайыс сөздер тағы да басқа қазақтардың қоғамдық тұрмыс-жағдайынан туындайтын нақты іс-әрекеттердің барлығы да ақиқаттан аттамауға, шындықты бұрмаламауға қызмет атқарған.

«Қат-қабатта» деп аталған екінші бөлім гимназияны тәмамдаған он сегіз жастағы жас жігіт Естай мен оның досы Жолбарыс және Нұрбектің ауылға қайтқан сапарынан басталады.

Нұрбек мұғалім — эпикалық образ. Романда Нұрбек бейнесі арқылы туған жер, Отан тақырыбы ғана кең көлемде ашылып қоймайды, бүкіл романның мазмұны мен идеясының түп қазығы осы Нұрбек арқылы көрінеді. Әке мен бала, аға мен қарындас, қыз бен жігіт арасындағы махаббаттан да биік махаббат бар екендігі, ол — атақоныс, туған жерге деген өшпейтін шексіз сүйіспеншілік. Бұл жағымды кейіпкер бола ма, жағымсыз кейіпкер бола ма бәрібір, адамзаттың бәріне ортақ осынау қасиетті сезімді суреттеп беру жағынан өз кезінде Қ.Жұмаділовке жеткен қаламгер бола қойған жоқ. Ал роман-дилогияда бұл тақырып барынша кең шеңберде ашылады.

Автордың «Тарбағатай жоталары мұның қысқа ғұмырын ортасынан қак бөліп тұр екен» деуінен-ақ Нұрбек тағдырында естен кетпес небір оқиғалар жатқандығын жобалайсыз. Жапырағы төгілген алып үйеңкі Нұрбектің көзіне оттай басылады. Ол енді қалың ойдан серпіліп, Естайға оның әкесі Қанағат бимен осы үйеңкінің саясында тұңғыш рет қалай жолыққандығын өз аузынан айтып береді. Шекарадан өте салысымен жолыққан қазақтардың біреуі жөн сұрасқаннан кейін: «Менен басқа біреу болса бұдан да зорғыны көрсетер еді» деп Нұрбектің аяғындағы шегірен етікті шешкізіп алады да жөніне кетеді. Сыры белгісіз бөтен елдегі өз «туысының» қарсы алғаны мынадай болғанда, алда тағы не күтіп тұр деген сауал кейіпкерлермен бірге сізді де баурап алады. Сондықтан да Нұрбектің әкесі Жанғабылдың сәнденіп киініп алған қызы мен әйелінің киімдері мен сақина, сырғаларын «Күн к...нде күміс жылтырайды» дегізбей деп ұрсып тыққызып тастауы көңілге сәл болса да медеу туғызады. Сол сапарда көлеңкесі мол осы үйеңкінің түбіне жетіп, тыныстап отырғанда бір үйлі аш-арыққа атқа мінген бір қазақ пен бір қытай көрінеу зорлық жасайды. Аттарын бергісі келмей, қатты қарсылық көрсеткен Нұрбектің әкесін қан-жоса ғып ұрып, енді кетейін деп тұрғанда «қайдан шыға келгені белгісіз» осы Қанағат би оларды осы қатерден арашалап, үйіне алып келеді. Жөн сұрасқанда, бұлар Қанағаттың әйелі генерал Бакшъ алып өтетін «большевик мұғалімнің» қарындасы Балжанмен рулас болып шығады. Әйелінен сүйінші сұрап, арғы беттен келген туыстарын алып келгенін айтқанда Балжанның дауыс салып жылап көрісуі жан тебірентерлік:

*Мінгенде атым көк бесті,
Астынан өтсем теппес-ті.
Артта қалған туған ел,*

Ойласам естен кетпес-ті, — деген жолдар Нұрбектің есінде мәңгі қалып қояды. Туысым деп іздеп келген Нұғыман бай Жанғабылға енші бермек түгіл маңайына да жолатпайды. Сөйтіп тағдыр ғайыптан кездестірген қазақтың шетте жүрген бір қызы бұларға мықты пана болып, Қанағат аулында тұрақтап қалады. Мұның сыртында Нұрғанымының күйеуі Садық жолда тартқан аштық азабын көтере алмай, «әбден кендірі кесіліп, мәйегі үзілген сорлы», қанша тамақ берсе де тоймайтын ауруға ұшырайды. Туған жерде жүргенде ауылнай болып, қарапайым жұртқа әңгіртаяқ ойнатып «жынды Садық» атанған Кеңес өкіметінің білдей шолақ белсендісі үкіметтің көзін алдап, тұқымдыққа берген бидайды сеппей, құр даланы жыртып тастаған қылмыстары білініп қалғандықтан, тұқымды бөліп алған «атқамінерлермен» бірге қашқан болатын.

Адам болмысының тылсым құбылыстарын ашуда Қ.Жұмаділовтің шеберлігінде шек жоқ. Садық бейнесі — қолында күш тұрғанда қорқау шиебөріні (шакал) көз алдыға елестетсе, басына күн туғанда оның жаратылысындағы бұғып жатқан жасырын мінезі сыр береді. Бүкіл болмысы қолма-қол өзгеріп, ниеті ішіне түсіп кеткен жан түршігерлік трагедияны шіміркенбей оқу мүмкін емес. Бәрінің де көріп келе жатқан азабы бірдей болса да шыққан тегі де, тәрбиесі де, мінез-құлқы да басқадан бөлекше көрінетін Садық — сөз жоқ, кеңес өкіметінің емес, өз астамшылығының құрбаны. Автордың ойы осыған саяды. «Дәніккеннен құныққан жаман» деген қазақы түсінікті көз алдыға әкелетін Садық әрекеті Қ.Жұмаділовтің қаламынан туған жағымсыз образдардың жаңа бейнесі.

Ал осы Садықтың әйелі, Нұрбектің әпкесі Нұрғаным кейіннен Қанағаттың немере інісі Бахтиярға тұрмысқа шығып, бұл елмен ілік-шатас болады да бұлар арғы бетті біржола мекендеп қала береді. Романда бір Нұрбектің ғана басынан өткен жағдайды таратып жазса да бір кітапқа арқау боларлықтай сюжет шығар еді.

Ал Жолбарыстың өмір тарихымен Қанағат бидің оның ата-тегін сұрауы арқылы танысамыз. Тұлдыр өскен жетім жігіт өзінің қазақ екенін ғана біледі, арғы беттен асып келе жатқанда біреулер мұны Бужыңха деген соланға (жергілікті помещик) бір пұт астыққа сатып кеткенін, ол кезде үш жаста екендігін, көршілердің айтуынша екі-үш күн «Арғынғазы» деген біреудің атын атап шырылдап жылай бергенін, кейіннен осы аттас адамды қанша іздесе де туысы болмай шығатынын айтқанда үй-ішіндегілер түгел тебіренеді. Қанағаттың келіні Зипаның тағдыры да осыған ұқсас. Баяғыда тау асып, босып келген бір әйел ауылға әрең жетіп, қайтыс болып кетеді де артында қалған үш жасар осы қызды Балжан бауырына салып алады. Қыз он жеті жасқа келгенде Естайдың жиырма жастағы ағасы Төлеутай екеуі бір-біріне ғашық болып, «Зипадан басқа ешкімді алмаймын» деп ағасы екі қолын төбесіне қойып, қиғылық салады. Емшек сүті араласпағаннан кейін екеуін шарифат заңы бойынша некесін қиып, той жасап үйлендіреді. Бірақ үйленгендеріне алты ай толғанда Төлеутай әскерге кетіп, содан қайтып оралмайды. Зипаны бауырына салып алған Балжанның өз басынан өткендері бұдан да ауыр.

Қазақтар «аққашқан» жылыдепатаған 1918-1920 жылдары «Тарбағатайдың Бақты шекарасынан өткен Дутов, Анненков, Колчак әскерлерінің саны 11 мыңға, олармен еріп келген босқындардың саны алты мыңға» жетеді. 1920 жылы Кеңес Одағы өкіметке қарсы тұрғандарға амнистия жариялайды.

Ақтардың әскерлері мен босқындардың біразы қайтадан елге қайтып, Анненков пен Дутов бастаған 5716 адам мол қару-жарақпен Тарбағатайда қалады. Бұлардың мақсаты біраз тынығып күш жинап алған соң, Қызыл армиямен қайта соғысты бастау еді. Атаман Анненков бұл мақсатқа жергілікті 3-4 мыңдай Қытай армиясын қосып алуға әрекет жасайды. Ян Зыңшын ақтардың ықпалында қалған Тарбағатай аймағынан қорқа бастайды. Оның сыртында бұл жердегі генерал Бакич (романда Бакшь) басқарған армияға Новиковтың қашқан әскерлері қосылып, ақ гвардияшылардың жалпы саны он мыңнан асып кетеді. Ал бұл кезде Тарбағатайдағы қытай әскерінің саны 3000-нан сәл-ақ асатын. Ян Зыңшын 1921 жылы Кеңес Одағымен келісім шартқа отырғаннан кейін ғана, Қызыл армияның тікелей көмегімен Шыңжаңды ақтардан тазалайды. Сол уақытта Кеңес Одағы қару-жарақты көп таратқаны сонша, қазақтың әрбір үйінде мылтық болады. Генерал Ян Зыңшын атамандардың ішіндегі ең мол әскері бар, 1920 жылы мамыр айында Іледегі әскерінің саны 14 мыңға жеткен Анненковтың Қобда арқылы Ресейге қайту ниетін түсінгенсіп, әскерін бірнеше бөлікке бөліп, өзін алдап, Үрімжіге алдыртып, оған құрмет көрсетіп, апиын түтінін тартқызады. Мол қару-жарақпен келген Анненков аз уақыттың ішінде нағыз апиыншы болып шығады. Ян Зыңшын енді әбден апиынға үйренген Анненковты сай-сүйегін сырқыратып апиын бермей қинайды. Арада екі жыл өткен соң Қытайдың аты шулы милитаристерінің бірі Ма Үйңшанның әскерлері оны ұстап, Ресейге өткізіп береді. Ол Семейде әскери трибуналдың үкімімен атылса, Дутов Құлжада қытай әскерлерінің қолынан қаза табады. Сөйтіп, Кеңес Одағы мен Қытайдың Шыңжаңдағы ақтарды бірлесіп жою соғысы бүтіндей қазақ жерінде жүргізілді. Мұндай жағдайда самсаған қалың қолдан қорықпай, Күдері мен Қанағаттың елшілікке келуі – ерлікпен пара-пар. Мұның сыртында қисынын тауып айтқан жүйелі сөзіне риза болған Бакшь момын елдің жөнсіз мазасын алмауға уәде береді, ал төртуыл жағы оларға жер кепе салып алу үшін ағаш, жем-шөп, ептеп азық-түлікпен қарасатын болып келіседі. «Большевик», «коммунист» дегендердің атын естігендеріңіз болмаса көрмеген шығарсыз», – деп жолда бір қазақ ауылының большевик мұғалімі қызылдарды бастап келіп, әлек салғанын, қару-жарағы мол күші басым жау қызылдарды шегіндіріп, мұғалімді қолға түсіре алмағаннан кейін бойжетіп отырған қарындасын өздерімен бірге алып кеткенін айтып, Бакшь қызды алдырады. Шекарадан өткелі тамақ ішпей, тілге келмей қойған 16-17-лер шамасындағы қыздың қайсарлығына қайран қалып: «Жұдырықтай қызының өзі осындай, большевиктердің өзінен не рақым күтуге болады?» – деп басын шайқаған Бакшь қызға қорлық-зорлық жасалмағанын айтады. Ептеп қызып алған Бакшь оқымаған қара қазақтың ішінен әрі батыл, әрі сөзге жүйрік, дана кісімен бірінші рет сұхбаттасқанына ризалық білдіріп, Күдерінің арқасынан қағады. «Діні жат, аузы түкті, қолы қанды неме бекер қакты-ау арқамнан...» деп тіксініп қалған Күдері би содан ұшынып, ауылға келген соң бір аптадан кейін қайтыс болады. Басы-қасында болғандар бидің сол жақ жауырыны қазанның түп күйесіндей болып, қарайып кеткен деседі. Күдері би өзінің оңалмасын сезгеннен кейін Бакшь берген Балжан атты қызды шақырып: «еліңе апарып салам» деген уәдесін орындай алмағанын айтып, ортаншы баласы, шығармадағы негізгі кейіпкер Естайдың әкесі Қанағатқа қосады. Сол кезде Күдеріге аудармашы болған қазақшаға судай ақтың жүзбасы офицері Тимофей Гаврилович бастаған біраз офицерлер мен солдаттар үш айдай жертөлени қыстап, көктем шыға Тарбағатайдың күнгейін бөктерлеп, Алтай, Сауыр таулары арқылы шығысқа қарай үдере көшкен Бакшьтің әскеріне ілеспей, Күдері аулында қалып қояды. Қанағат

би аулына іргелес қоныстанған қазақтар «қотыр қала» деп атаған орыстың аппақ шағаладай шағын поселкасы осылай пайда болады. Ал Кеңес армиясының актерды тазалау науқаны кезінде Бәкіш Монғолияға өтіп кетеді. Міне осы мәліметтің барлығы Тимофейдің өткен өмірін еске алуы мен авторлық баяндау арқылы және кейіпкер монолог-диалогы жымдасып, тұтаса байланысуы арқылы беріледі.

Күдерінің өліміне себепші болған осы оқиға нақты өмір шындығынан алынған. Азан шақырып қойылған атымен алынған Күдері — жазушының туған атасы.

Бұл жерде атап өтетін ең негізгі нәрсе — қалың оқырман «Соңғы көш» романы арқылы актердың атақты генералдары мен ақ гвардияшыларының суға сіңгендей жоқ болып кеткен соңғы тарихымен тұңғыш рет танысуы. Қ.Жұмаділов романының құндылығы сонда, осы тарихи шындықты көзімен көрген адамдардың өз аузынан естіп, құлағына бала жастан әбден сіңіріп өскен авитор туған атасының өліміне себепші болған «ақ қашқан жылы» оқиғасының қайғылы қасіретін шындықтан ауытқымай батыл бейнелеп берген. Күдеріге риза болған генерал Бакичтің оған қызылдардан қолға түскен қызды «подарить» етуі әрі оның Қ.Жұмаділовтің туған атасы екендігі кеңес өкіметі тыңшыларының назарынан тыс қалған. Жасыратыны жоқ, олардың көбі сауатсыздау болған ғой...

Қ.Жұмаділовтің жанын сақтап қалған негізгі гәп шығармаларында Шыңжанды суреттеген сияқты болып көрінуінде еді... «Соңғы көш» романындағы қазақтар Темекі деп кеткен Тимофей бейнесі — тағдыр тауқыметіне еріксіз мойынсұнған трагедиялық бейне.

Шығармадағы күлкілі кейіпкер Ұзақтың тау ішіне құлмақ (хмель) теруге барған Тимофейдің күнге күй үшін жартылай шешініп жүрген қыз-келіндерін сайтан екен деп қашуы, Тимофейдің «Ұзақ» деп айғайлап шақырғанын «сайтан қуалады» деп түсініп, ауылға келген соң садақаға бір мал сойып әбігерге түсуі, көзі алақтап аттан түсе алмай жатқанда кемпірінің аттан жұлып алып, жүрегін аптап, ақ шүберекпен ұшықтауы, одан Тимофейдің өзі келіп мән-жайды түсіндіруі — күлкілі юморға толы.

Жазушы түсініктеме бермесе де басқа жемістерді атамай неге құлмақ теруге барады деп отыр? Себебі бұл өсімдік сол кезде сыра, самогон ашытуға пайдаланылған. Романдағы Тимофей бейнесі заты орыс болғанмен ет пен сүйектен жараған пенденің бірі екендігі оның өзінің өткен өмірін еске алатын монолог-толғанысынан анық білінеді. Адамның ішкі психологизмін беруде Қ.Жұмаділов монолог тәсілін мың құбылтады.

Мұны Тимофейден ғана емес, Естайдан да, Дүриядан да, Нұрбектен де басқа да кейіпкерлер монологынан анық көруге болады.

«Сарыжайлау» атты үшінші бөлім туырлығына дейін шешіп алып, киіз үйдің қанқасы қалғанша тәтті ұйқының құшағында жатқан Естайдың оянғаннан кейінгі сезім құбылыстарын ашу арқылы қазақтың отбасы, аспан, жер ұғымдарына тән этникалық құндылықтары дәріптеледі. «Төңірек шуға толы: мөңіреген бұзау, кісіненген жылқы, әлдеқайда шөгеруге көнбей жынын шашып, бақ еткен түйенің даусы келеді құлағына...». Қимылдарына көз ілеспейтін ағаларына қарап Естайдың таңырқауы тегін емес. «Қазір жау келе жатыр екен» десе сенесін. Бұлар да — өз ісінің нағыз шеберлері, егер күш-көлік сай болса, бір ауылдың жүгін бір сағатта артып болып, келген жауға жұртын сипатып кететін азаматтар. Үнемі сайқымазаққа ұшырап жүретін Ұзақтың орта қап жүкті өгіздің үстіне шығара алмай, қара терге түсіп: «Адамды кедей қып жаратқан соң, күшті қып неге жаратпайсың, қу құдай? — деп, назаланған зарлы даусы, оған көмекке ұмтылған Естай мен ауыл

жігіттерінің қамқорлығы ағайын арасындағы ауызбірлік пен ынтымақты көрсетсе, Дәу апаның: «тер сасып малдан келмеген, қан сасып жаудан келмеген сорлы ғой — бұл жезден» деуінде әйел де болса, көшпенділер қалпына тән байырғы түйсік жатыр. Сөйте тұрып, Дәу апаның өзінше еркектік көрсетіп қамшы ала жүгірген Ұзақтан қашып, Қанағаттың үйіне барып тығылатыны қызық. Ондайда кәрі апасына жаны ашып, намысы қозатын Естай:

— Дәу апа-ау, сол қанбақ шалдан несіне қорқасың? Кеудесінен түйіп қалсаң, шалқасынан түспей ме? — дейтін күйіп пісіп.

Қатша Естайдың бетінен сүйіп күлетін де:

— Қанша дегенмен құдай қосқан қосағым емес пе... Жаман болса да еркек деген аты бар. Бетінен қақса меселі қайтпай ма? — дейтін-ді. Күніне жүз ұрысып, жүз татуласатын сол жездесі мен апасы осы, — дейді автор. Кеудесінен түйіп қалсаң, шалқасынан түспей ме? деген сөзді автор Естайдың аузына тегін салып тұрған жоқ, өйткені Дәу апаның еркекке бергісіз күш-қайратын бәрі біледі. Екінші томның соңғы бөлімінде осы Қатшаның баукеспе ұрылардан төртуылдың жылқысын аман алып қалғандағы ерлігі Ұзақтың аузымен қызғылықты баяндалады.

Көшетін үйлердің жүгі тегіс артылып, «байлау» байлап (қалған ұсақ-түйек ыдыстарды теңнің алдыңғы не артқы жағына қосып байлап қою. Р.3.), бұрау қыстыру (түйеге артып болғаннан кейін, жарты метр бұраумен арқанды қатайту үшін бұрау салады. Р.3), киініп атқа міну, бойдақ малды алға салу, қонған жерде шайлық сүт болу үшін бір-екі сиырдың желініне тезек жағып жіберу, иттің бәрі бағана қойға еріп кетсе де, қалып қалмасын деген дауыстар қарбаласқан қимыл-әрекет диалогы арқылы көрінеді.

Түйелі көштің соңынан жүк артқан атан өгіздердің буындары сыртылдап жолға түсуі, жүк үстіне жабылған кілем-кілше, оюлы жаңа сырмақтар көштің көркін арттыра түскендігінің белгісі. Мол жасаулы, көп түйеге артылған салқар, сәнді көш болмаса да бас-аяғы жинақы тап-тұйнақтай таза көш суреті осылайша шығармада шеберлікпен кестеленген.

Ауылдың жылқы, сиыры аралас ірі малын айдап, көштен озыңқырап кеткен Ұзақ, Естай, Жолбарыстардың өзара әңгімесі роман сюжетін одан әрі қоюлата түседі. Таулы жердің табиғаты Жолбарысты қатты таңырқатып, бейне бір ертегілер дүниесіне еніп кеткендей күйге түсіреді. Ал Естай үшін бұл таңғаларлық нәрсе емес. Ол таудың көкесі әлі алда екенін айтып, Бөкенбай деген жайлауда «биікте жайылып жүрген жылқыны киіз үйдің шаңырағынан көріп отыратынын» айтқанда Жолбарыстың тіпті есі шығады. Романда Нұғыман мен Әкпар ауылдары отырған сондай жұрттың бар екендігіне автор Ұзақ арқылы сендіреді.

Жолбарыс жайлау романтикасына таң қалса, Ұзақ оның темекі тұтататын шақпағына таңырқайды. Тап сол сәтте араларында жоқ болса да, олардың өзара әңгімесінен осы ауылға қалаша киіну, шаш қою, тіпті темекі тарту да Нұрбек арқылы сіңгенін байқаймыз.

Халықтың ғасырлар бойы санаға сіңген діни соқыр сеніміне қарсылық осы Нұрбек арқылы көрінеді. Жұмабек бақсы жиналған жұрт алдында небір ойын түрлерін көрсетіп, анқау елдің аузын ашырып, көзін жұмдырғаны сонша «енді зиратқа апарып, аруақтармен жолықтырмақ» болады. Расында зират іші қаптаған аруақ. Біреу талып, біреу қашып ес шыққан кезде Нұрбектің сақылдап күлгені тіпті зәрені ұшырады. «Қайда барасыңдар, тоқтандар» деп айғайлаған Нұрбек зират ішінен бір құшақ ақ матаны алып шығады. Қылмысы ашылып хас маскарасы шыққан Жұмабек молда өзіне арналған қонақасыға да қарамай, сол кеткеннен Қанағат аулына қайтып

ат басын бұрмайды. Кейін бақсылықты мүлде қойып кеткенін автор осы әңгімені баяндап келе жатқан Ұзақтың аузымен бергізеді.

Романдағы жайлаудың жап-жасыл, тап-таза көрінісін суреттеу арқылы автор Жолбарысты ішпей-жемей мас қылады. Ашық аспанның көк шыныдай мөлдіреп тұруы, сонау шалғайда ақ шарбы бұлттардың қалықтауы, шалғыны жапырылып, мұрты сына қоймаған кілемнің түгіндей құлпырған сай-сала, сәл жер тұрса болғаны, көк күреңсе мен теке сақал бетеге баяу ырғалып, жібек шымылдықты сусыл қағуы, қалың шалғын арасынан қызылды-жасылды сылқым гүлдер бастарын шайқап, үкілі қыздай бұралып, билеп кетуі, сол гүл тектес көбелектердің ұшып жүруі сияқты табиғаттың көрікті көрінісін жазушы адамға тән іс-әрекетпен береді. Табиғаттағы заттар мен құбылыстардың рухы Жолбарыс пен Естайдың көңіл күйімен үндесіп, психологиялық параллелизмнің сипаттарын пайдаланудың шебер үлгісін көреміз.

Бұл көрініс Естайдың көңілі сүйген Нұғыман байдың сұлу қызы Дүриямен кездесу сәттері арқылы одан әрі жалғасады. Жаңадан қоныстанып жатқан Қанағатты бұрынырақ келген Нұғыман «бие бауға» шақырады. Өзіне салса, жаяу кетуге дайын тұрған Естай қыр салтынан аса алмай, мініс аттарға кеткен Байжұманы тықырши күтеді. Себебі ел кезген дуана немесе жүген ұстап жұтап қалған біреу болмаса, кеудесінде жаны бар қазақ атқа мініп жүруі тиіс. «...сондықтан жарты сағатта жаяу барып келетін жерге, жарты күн көлік іздеудің еш сөкеттігі жоқ», — деп жұбатады, автор оқырманды.

Нұғыман әңгіме барысында кеңес өкіметі құрылғанда қызыл тудың бетінде балға мен орақтың ғана суреті тұрғандығын айтып, Қытайдың да жаңа өкіметінің де туы қызыл, бірақ ондағы «жұмысшы, шаруа, орташа және капиталист» деген төртодақтың бірлігін көрсететін төрт жұлдыздың мағынасын Естайға мақұлдату арқылы үйдегі Әкпар, Жақып сияқты атқамінерлерді тамсандырып, таң қалдырады. Міне осындай қиядағыны көзі шалатын байекеннің әменгерлік салтқа келгенде кеңшілік жасамауы нені көрсетеді? Нұғыманның кіші әйелі, суреттен де сұлу Сақыпжамалдан туған сегіз-тоғыз жастағы Сәлім әменгерлік салтының шырмауынан шыға алмайды. Кішкентай ойын баласына біртүрлі жаныңыз ашиды. Әйелдер жағында ойнатылып жатқан, Күләш Байсейітованың пластинкасынан естілген дауыс еркектер жағын елендетпей қоймайды. Нұғыман мен Қанағаттан басқа үлкендердің есіл-дерті Дүрия әкелген патефонға ауып кетсе, Естай қыздан көзін ала алмай, телміріп отыр. Күләштің әсем әндері мен оркестрде ойналған күйлер арқылы арғы бет пен бергі беттегі заман ағымы, артта қалып бара жатқан көшпенді тіршілік пен еніп келе жатқан жаңалық кейіпкерлер диалогы арқылы алма-кезек сөз болады. Бұдан кейінгі Естайдың бұл ауылдан ат мініп қайтуы, автордың ат берсе де, жүген бермейтін салтты еске салуы, театры, операсы, филормониясы жоқ көшпелі елдің көңіл ашары болған «кең даланы әнмен жаңғыртып, жас жүректерді махаббат бесігінде тербеткен» алтыбақан қызығы, Естай мен Дүрия арасындағы шынайы сезім өзгеше өрнекпен кестеленеді.

Ал бұл кезде қаладағы тіршілік қайнай түскен. Екі түрлі қытай басшысына кез боласыз. Бұл кезеңдегі тарихи деректер бойынша Оспан батыр бастаған толқуды айтпай кету мүмкін емес еді.

Ли-хуң мен Лан-ке сияқты қытай басшыларының қоластындағы бұратана халықты билеудегі әдіс-тәсілдері мен айла-шарғысы әртүрлі болғанымен, түпкі мақсаттары бір, яғни екеуі де жергілікті халықты жалпықытайлық саясатқа тарта отырып, біртіндеп қытайластыру. Бұл жолда Лан-ке өзінің қатыгез, озбыр, қиянатшыл іс-әрекеттері арқылы шовинистік көзқарасын ашық білдірсе, Ли-хуңның иі жұмсақ, адами сипаттары мол, сондықтан да халық сеніміне молырақ ие болған тартымды кейіпкер.

Байларды кәмпескелеген кезде Қытайға өтіп кеткен Нұғыман бай енді Шыңжаң аймағын гоминдаңшылардан біржола тазалауға бет алған қызыл армиясының жеңісіне қарсы. Сондықтан қос ат беріп, Нартайды Оспан батырға жұмсайды. Нартай батыр жеңіліске ұшыраған Оспан қолын бастап келе алмайды. Бұл мүмкін де емес еді...

Шығыс Түркістан аспанында батыр деген аты бес жыл бойы қырандай қалықтаған халық батыры Нартай — ерекше тұлға, Оспан батыр сияқты ұлт-азаттық күрестің бел ортасында жүрген типтік бейне. Ол — жұрт алдына шығарылып, азаптап өлтірілген бейнелердің жиынтық образы.

«Ақпанда» деген бірінші томның соңғы бөлімінде Нұғыман мен Шөншіктердің жауыздық әрекеті бар болмысымен ашылады. Жалпы Нұғыманның қырық қалталы қулығына құрық бойламайтындығы сонша, өз замандастарын былай қойғанда, әккі боп алған атқамінерлер де дал болып, шатасып қалады.

Ал «Соңғы көш» романындағы жағымсыз образдар сол кездегі шығармалардың ешқайсына ұқсамайды. Бұл кеңес өкіметі кезінде керісінше дәріптеуге ие болған «әр заманда бір сұрқылтай», яғни мұндағы сұмпайы образ — уақыт екпініне ілескен жаңа тип.

Айталық, Шөншіктің өзіне қойып алған «Бүркіт» деген жасырын аты оның оңай еместігінен белгі береді. Бұл газетке жұмысқа орналасқан Естай арқылы ашылады. Қанағат аулындағы кешегі көзге ілінбей жүретін, бар-жоғы белгісіз Шөншік саудагердің тыңшылық қызметі төбе шашынды тік тұрғызады. Оның «Бүркіт» деген атпен ел ішіндегі өкіметке қарсы айтылған сөздерді жазып, ауылының әрбір адамына арнайы дело ашып қоюы, тіпті олардың жүрген-тұрғанын былай қойғанда күнделікті от басында айтыла беретін күлкі туғызатын ұсақ-түйек сөздерге дейін ерінбей-жалықпай жазып отыруы нені көрсетеді? Шөншік арқылы жазушы екі түрлі ойды меңзейді. Бірі — былайғы уақытта еленбейтін жігерсіз, қорқақ адамдардың ішкі жан дүниесіндегі көзге түспейтін «мен де бұлардан кеммін бе» деген жасырынып жатқан бықсық ой-арманы, екіншісі — анда-санда белгі беріп қалса да, осы қоңырсыған иісті елемеуден оның жанған отқа айналып, жан-жағын жайпап, жалмауы. Мысалы, романдағы гимназияның беделді мұғалімдері, жезтандай әнші Шәкен мен оқымысты Тұрсын — осы Шөншік сияқты ел ішіндегі «тыңшылардың» іс-әрекетінің құрбандары.

Бірақ Нұғыман мен Шөншіктің жазасын уақыттың өзі береді. Екеуінің де көшкен жұртта жалғыз қалуы, романның өң бойында сөз болатын Шөншіктің әйелінің жеңіл жүрісі, қартайған шағында Сақыпжамал мен Сәлімнің де Нұғыманға ілеспей, көшкен елмен бірге кетуі — олардың арттағы азапты өмірінен белгі береді.

Ал Тұрсын мен Шәкен — шығармада өз аттарымен алынған, өмірде нақты болған адамдар. Екеуі де көзі ашық, қадірменді оқыған азаматтар, олардың не айтқанын қытай қайдан білсін, өз ішімізден шыққан Шөншік сияқтылар болмаса деген ойды жазушы ашық аңғартады. Расында Шәкен «тамақ қытайлар үшін ең басты мәселе екендігін «Шылы ма?» деп амандасқаны «Тамақ іштің бе» деген сөз екендігін, оларда адал, арам деген ұғым болмайтынын, жанды-жансыз дүниені жеуге жарайтын, жеуге жармайтын деп екі-ақ жікке ажырататынын, халықтың көптігі — құмырсқаның илеуіндей екенін айтып келеді. «Үшке қарсы», «Беске қарсы» деген сияқты саяси науқандардың белең ала бастаған кезінде Шәкеннің әркімге ашық айтқан осы әңгімесінің «терісі теріс айналып» өз басына пәле боп жабысады. Бірінші том интеллигенция қауымының ішінен ең алдымен Шәкеннің жазықты болып, қолға түсуімен аяқталады.

Екінші томның бірінші бөлімі «Қара қақпа» деп аталады. Бұл жерде «қара» деген эпитеттің қолданылуы арқылы айтайын деген ойдың түйіні шешіліп, халық басына зұлмат төндірген қаһарлы да қаралы күндердің теперіш-ызасы анық аңғарылады. «Орыс — темір нокта, Қытай — қайыс нокта» деген сөз қалдыртқан отаршыл өкіметтің «Қара қақпасы» яғни түрме тақырыбы кеңес өкіметінің тұсында-ақ осылайша кең көлемді эпикалық жанрда бірінші рет сөз болғандығын астын сызып айтуға тиіспіз.

Байларға қырғидай тиген Кеңес өкіметінің жаңа саясаты бойынша, Қытайда да кейінірек жүзеге асқан кеңестік төңкерістен кейінгі ең алғашқы соққы жергілікті бай-манаптарға бағытталған-тын. Жай уақытта ауыл арасындағы дау-дамайдың түрткісі болып, аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермейтын Әкпар мен Әбілғазы тәрізді атқамінерлердің басына іс түскенде, алғашқы күннен-ақ сыр алдырып, ұнжырғасы түсіп кеткен дәрменсіз хал-күйі арқылы заман адамының рухани-психологиялық өзгерістері мен ауытқуларының астары көрінеді. Бұлардың ішінде жүні жығылмай отырғандары — Қали қажы мен Ұзақ екеуі ғана. Ал бақ-дәулет жағынан да, қажылық тұрғысынан да, жас мөлшері жағынан да осылардың ішіндегі ең алымдысы, қарымдысы да Қали қажы образы арқылы жазушы нені меңзейді? 1930 жылдары Төртуыл ішінен қажы сапарына аттанған бірнеше адам әртүрлі көлікпен Ыстамбұлға жетіп, одан Жерорта теңізін баса Сауд Арабияға қарай бет алғанда, қатты дауыл соғып, кеме шайқалғанда: «Ұлытауға шықтың ба, ұлар етін жедің бе?», «Мысық өлтірдің бе?» деп сұрасып, салт бойынша ұлар етін жегендер мен мысық өлтіргендердің біреуін құрбандық қып теңізге тастайтын күн туғанда Қали қажы отырып: «Әттең, құдай-ай, қойымызды құрттап, айранымызды ұрттап, ауылда жүре бермей, осынау итарқасы қиянға не тілеп келдік екен?!» — депті. Сол сапардағы мына бір сөзіне де назар аударып көрейікші: «Шариғат заңы бойынша құрбандыққа шалынған малдың етін сондағы бәдеуилер жеуге тиіс екен... Кезек Қалиға келгенде ол оқшау мінез танытып, малдың басына өзі бата жасап, сойылғаннан кейін, дәнiккен аш арабтарға бермей, қоржынына салып алады. Мұны көрген жолдастары шошынып: «Мұның не сұмдық, Қали-ау? Шынымен-ақ құдайға күнәлі болып, өз құрбандығыңның етін өзің жейсің бе? Мынауың сауапқа жатпайды ғой!» деп жағаларын ұстайды. Сонда Қали қажы кеңк-кеңк күліп: «Қойдың жаны құдайға бағытталғанда, еті өзімізге қалмай ма. Әлде құрбандықтың етін арабтар жемесе Аллатағала сауапқа жазбай ме екен? Солар сияқты біз де құдайдың құлы, пайғамбардың үмбеті емеспіз бе? Өзіміз аштан бұралып жатқанда, кімді жарылқаймыз... Жарандар, көп сөзді қайтесiндер, онан да кешке таман менің бөлмеме қонаққа келiндер», — дейді.

Меккеден қайтқан қажылардың сүйсіне айтқан осы әңгімесін автор қоғамдық орта мен тұрмыстық шарттылықтар аясында суреттей келе, аңызға айналған оқиғаның әлеуметтік сипатын ашады.

Әрқайсысы өз ойларымен тұйықталып отырған камера ішіндегі зілдей тыныштықты жазушы тағы да Ұзаққа бұздырады «Қажеке, мұсылман баласына бір рет абақтыға түсу уәжіп деуші еді. Осы жағы құранның тәпсірінде қалай жазылды екен? Есіңізде бар ма? — деді тақ бір мешітте отырғандай құлшынып».

Еріксіз мырс етіп күліп жіберген қажымен бірге қисынсыз сұраққа сіз де мырс ете түсесіз. Осылайша басталған әңгіме Әкпар мен Әбілғазының Ұзақты кекетіп-мұқатуына ұласып, аяғы төбелеске айналып кететін болғандықтан, Қали қажы: «Керіліп жатқан кең далада бітпеген дау, аядай абақтыда қалай бітсін?» — дей келе, араларында Ұзақтың жүруі көңілге сәл

медеу екенін, «басқаларымыз мойнымызға тас байлап, суға лақтырылатын жандар секілді» болсақ, Ұзақтың жөні басқа, қайта «ақыл білсендер осы Ұзақтың етегінен ұстау керектігін» айтып, оны қорғап қалады.

Жақсылар мен жайсаңдардан қалғысы келмеген Ұзақтың да «сыбағадан құр қалғандай», өзінің тізімде бар-жоқтығын анықтамай, соңғы арбаға мініп үлгеруі монолог араласқан авторлық баяндау түрінде сөз болады.

Осы арада «Қара қақпаның» ежелгі тұрғындарының бірі қашып жүрген Шаштығалиды кенеттен қолға түсірген Естайдың досы Жолбарыспен қайта табысамыз. Бірінші томда Естаймен бірге ауылға барғанда, оның қайтыс болған ағасының әйелі Зипамен көңіл қосып, оны өзімен бірге қалаға алып кететін Жолбарыс қазір түрме бастығының орынбасары, түкірігі жерге түспейді. Бір апта бойы байлармен бірге зембіл көтеріп, кірпіш пен тас, лай тасып, болашақ түрменің іргетасын қаласқан Ұзақты Жолбарыс келген бетте шығарып алады.

Тақыр кедей Ұзақтың түрмеден елден бұрын шығып кетуі заңды сияқты көрінгенмен, бұл тауқыметті баяндау үшін тек қана Ұзақ керек, әйтпесе қазақы тұрмыс-тіршіліктің тынысы тарылатындай көрінеді. Мал сатуға келген Нұрғазы, Бахтияр сияқты ауыл адамдары мен қаладағы Нұрбек, Естайлар, тіпті бір кездегі Нұғыманның келіні Торғындар (бұрынғы Сәлімнің әйелі) жиналған Жолбарыстың үйіндегі қызу әңгіме үстінде Нартай батыр мен Шәкен әншінің де «Қара қақпада» жатқандығынан құлағдар боласыз. Нартай мен Шәкенді далаға шығармайтындықтан, олармен жолыға алмаса да тұтқындар тегіс қамалған кезде қалықтаған әсем ән түрме ауласын түгел алып кететіндігін Ұзақ майын тамыза баяндайды. Халық басына үрей ұялатып тұрған «Қара қақпа» ахуалы осылайша Ұзақтың еріксіз күлдірмей қоймайтын әңгімелері арқылы оқырманға жеткізіледі.

Қ.Жұмаділовтің ұлт тағдырындағы өшпейтін қайғы-қасіретті нақты іс-әрекет үстінде кекесінді қыжылмен қазақтың халықтық рухына тигізген зардаптарын бір күлдіріп, бір мұнайтып жеткізуі – оның қазақ әдебиетіне әкелген үлкен бетбұрысы. Жалпы Ұзақ бейнесі – өмірді табиғи тұрғыдан тануға бейімдеуден келіп шыққан жана тұрпатты типтік образ.

«Қара қақпаға» қамалған 65 байға ойламаған жерден бостандық беріліп, бір күннің ішінде азаттыққа шығуы Жолбарыс сияқты кедейшіл жігіттерді ғана емес, Лан-ке сияқты аудан басшысының өзін де таң қалдырады. Жеңіспен аяқталған Оспан көтерілісінен кейін қазақтардың қайта бас көтере қоюы неғайбыл екендігі сөз болатын құпия мәжілістен кейін қыр елін дүрліктірген оқшау оқиға да сол күні оқыс аяқталады. Шәуешек түрмесінде жатқан байлардан аудандық үкімет кешірім сұрап, елге барғанда, қамауда болғандықтарын дабыра қылмай, «жиналысқа қатысып қайттық» деу қажеттігін айтып уағдаласады. Бірақ Сібетіден келген ел жуандарына төнетін жалғыз қауіп тағы да Ұзаққа келіп тіреледі. Бәрі оны «ақжолтайым» деп ортаға алып, Әкпар мен Әбілғазы үкімет берген мол сыйлықтарынан аздаған үлес берсе де, біз білетін Ұзақтың аузына ие болуы неғайбыл екені белгілі.

Ғасырлар бойы санаға сіңген дала заңдылығының ара-салмағын өлшей отырып, жазушы кезең шындығын қазақ қожанасыры Ұзақпен байланыстыру арқылы сұрқия саясат китұрқысын осылайша оп-оңай ашып шығады.

Байлардан жеңіл құтылған «Қара қақпа» сұмдығы ендігі жерде бар болмыс-бітімімен ашылады. Сыртқы дүниеден неше ай бойы тілдесетін жан таппай, ішқұса болып жатқан Нартай батырдың қасына жазушы Шаштығали ұрыны бір аптаға жайдан-жай апармаса керек. Мұндағы жазушының басты мақсаты – бірі күндіз жортса, бірі түнде жортатын даланың қос бөрісін

шүйіркелестіру арқылы өз көкірегінде қайнап жатқан запыранды төгіп алу болса, екіншіден, жан баласына ашылып, сыр шертпейтін екі кейіпкерінің басындағы ішкі сырларын ақтарту арқылы кезең шындығын ұлт тағдырымен тамырластыруы. Осы арада жазушы тірі пендеге тіс жарып көрмеген екі шерлінің жүрек түкпірінде беріш боп қатып қалған мұң-наласын армансыз ақтартады. «Ұрлық – түбі қорлық екенін» біле тұрса да, Шаштығали өзінің шешесінен ұры болып тумағанын, шын аты Шаштығали емес, Арғынғазы екендігін, әкесі айдаудан қайтпай қайтыс болғандығын, 1932 жылғы ашаршылықтан бері қарай босқан елмен бірге шешесі Нұржамал, үш жастағы Найманғазы інісімен бірге шекарадан өтіп кеткендігін, жолдағы тартқан азап, көрген мехнаттарын тәптіштеп баяндайды.

Аймақ басшысы тапсырып кеткен «жер реформасы», «үшке қарсы» деген әрекеттердің шұғыл жүзеге асып жатқандығын «қара қақпа» дәлелдеп тұр. Мұндағы қиыны – Нартай мен Шәкен мәселесі. Тергеу аяқталып, «Қара қақпада» жатқандарына үш-төрт ай өтсе де қылмыстарын мойындата алмаған осы екеуіне майор Лан-кенің іші қара қазандай қайнайды. Бұл ниет тергеу барысындағы диалогтан анық аңғарылып тұрса да, жазушының негізгі айтпағы – қайтпайтын қайсарлық, өлмейтін, өшпейтін ұлттық рух. Оны Лан-кеге қайтарған Нартайдың мына жауабынан көреміз:

– Не жағдайды сұрайсыз, Басеке? Түрме – біздің үйреншікті үйіміз. Тағдыр басқа салған соң көнбеске шара бар ма? Тамақ – өкіметтен, өлім – құдайдан...Жатырмыз.

Ермек бұл сөздерді қытайшаға қиналып аударды.

– Өліміңіз де өкіметтен болып жүрмесе! - Лан-ке кекете езу тартты. – Сіз, өзіңіздің досыңыз, қалай деуге болады, «көсеміңіз» дейміз бе, Оспанның үстінен сот болып өткенін естіген шығарсыз? Өлкелік сот Оспан бастатқан бір топ бандыны өлім жазасына кесті. Үкім Үрімжіде халықтың көз алдында орындалды.

Нартай Үрімжідегі сот хабарын Шаштығалидан естіп алғандықтан, бет әлпетінен ешқандай өзгеріс білдірмей үнсіз отыра береді.

– Солай, Нартай батыр. Қазір ол досыңыз о дүниеде өзінің жасаған күнәлары үшін құдай алдында есеп беріп, тозақта жанып жатқан болар, – деді Лан-ке, жаны жай тапқандай езуі жайылып.

– Оспан сендердің құдайларыңның қолына түсіп қалмаса, біздің құдай оны тозаққа салмайды, – деді Нартай іле жауап беріп.

–Қалайша? Халыққа қарабет болған адам құдай алдында да күнәкар емес пе?

–Халықтың алдында кімнің қарабет екенін болашақ көрсетеді... Ал, Оспан секілді мұсылманшылық жолын қуып, азаттық үшін шейіт кеткен адам, егер біздің молдалар өтірік айтпаса, бейіштің төрінде отыруы тиіс, – деген батырдың жауабына тергеуші қалшылдап кеткенмен дым дей алмай қалады.

Бұл кезде Естай сақшыдағы мерзімдік қызметінен құтылып, редакциядағы қызметіне қайтып оралады. Келген бетте редактор оны Шәкен Елубаевтың үстінен шағым айту жиналысына жұмсайды. «Оның мектепті өртемек болып, қылмыс үстінде» ұсталғанын айтқанда, оқушылар орындарынан ұшып тұрып, «Жоғалсын теріс төңкерісшілер», «Империализмнің жалдамалы малайларына орын жоқ», «Теріс төңкерісші Шәкен Елубаевқа өлім жазасы берілсін», «Атылсын, атылсын!» деп ұрандағанда зал жаңғырығып, «атылсын» деген сөз талайға дейін естіліп тұрғандығы – тарихи шындық. Өзінің сүйікті сахнасымен «Қаракесек» әні арқылы қоштасқан Шәкенді жалақтап тұрған сақшылар алғашқы шумағын толық айтуға үлгертпей, оны

желкесінен алып, сүйрей жөнеледі. «Бірақ Шәкен үні тыңған жоқ, мойнына бұғалық түскен асау құлындай шыңғырып, қашан есіктен шығарып әкеткенше ащы айқайға басып бара жатты» — деп аяқтайды автор оқиғаны.

Әңгімеге бір шетінен араласып отырмаса көңілі көншімейтін Ұзақты сөйлету арқылы жазушы «өкімет мал баққан байларға еркіндік бергенмен, егін салатын отырықшы байларға тырнағын батырып жатқандығын, оларды «жер иесі алпауытты төбешік» деп атайтынын, Қарақабақ пен Ащылыдағы байлардың ұлтына қарамай ұсталып жатқандығынан «жерреформасы» туралы саясаттың көп ұзамай-ақ шекара бойында жатқан ауылға да жетіп үлгергенін байкатады. «Төбешік» емес, помещик шығар? — деп, түзеткен Естайдың сөзіне «Е, тәйірі, бәрібір емес пе?» — деп, қолын бір сілтеген Ұзақ әңгімесінен Әкпар, Әбілғазы, Шыныбай сияқты байлардың «қосшы ұйымына» сайланып, жаңа заманға икемделе бастағанын көреміз. Қ.Жұмаділов тарихи кезең сипатына орай шығармадағы әрбір кейіпкерін шашау шығармай, сол заманның идеялық мұраттарымен тығыз байланыстырды.

Жазушы ауырып жатқан Қанағат бидің ел-жұртпен арыздасап, қоштасуын жазушы отыз екі жыл отасқан әйелі Балжанмен, баласы Естаймен, туған інісіндей болып кеткен Нұрбекпен арадағы диалогына сыйғызған. Осы арада сақара салтын даралайтын қасиеттің бірі — өлім аузында жатса да, қазақтың қара шалдарының бітпейтін қалжыңын берудің шебер үлгісін көреміз...

Кеңестік кезеңнің өзінде Қ.Жұмаділов аза тұту рәсімін этнографиялық салт бойынша аса бір дәлдікпен берген. Қанағат биді бүкіл ел болып жоқтап, қалтқысыз қайғырып, ұлттық ұғымға сай салтанатпен шығарып салуы қамкөңіл Естайдың көкірегінде байланған уайым-қайғысымен сабақтасып жатады.

Суреткердің екінші бөлімді «Киелі қан» деп атауы «кие» сөзінің мағынасына мүлде тың поэтикалық рең үстеген. Бұл троптың жай түріне жататын оксюморон тәсілінің образды ұғым тудырып тұрған таптырмайтын тың мысалы болып шыққан. Тылсым құпия — батыр рухының наласы (кие) мен шері (қан) ғана емес, басқа да шейіт кеткен халық ардақтыларының жан тазалығы — адам рухының қасиеті арқылы жаңғырып, ойнамалы адамдарды алып соғады.

Нартайдың нар тұлғасын илкітірудің бірден-бір жолы оны туып-өскен жеріне әкеліп, масқаралау екендігін дәлелдейді.

Батыр бойындағы екіұдай сезім тебіренісі кіндік қаны тамған туған жеріне келгенде ғана нақты белгі береді, соншама қорлауға төзіп тұрған қайсар тұлға жиналыс бітіп, қайтар кезде жайлаудан түскен Зылиқа жеңгесінің қоршауды бұзып-жарып келіп қымыз ұсынғанда ғана көзіне лықсып келіп қалған жасты жасыра алмай қалады. Батыр көзіндегі жасты байқап қалған Зылиқаның «Жауларына көз жасыңды көрсетпе!» деп қатулана тіл қатуы, екеуінің шолақ та болса арыздасып, қоштасуы адамды еріксіз толқытады. Бұл жерде қазақ әйелінің кесек тұлғасы екі түрлі жағдайда көрінген. Бірі батырдың өлер алдындағы соңғы дәмін (атау-кересін) туған жерінен татуына себепші болса, екіншіден, әйел де болса қарлығаштың қанатымен су сепкендей қолтығынан демеуге себі тиіп, жігерлендіретін сөз айтуы дейміз.

Үрімжіде елу мың адам жиналған сот мәжілісінде Оспан батырдың атылғаны туралы жазушы оқырманды хабардар еткен-ді. Ал романдағы Нартай бейнесі азаттық аңсары жолында қасық қанын аямай, ұлт рухын ұран еткен Оспан батыр бастатқан ерлердің жиынтық образы болып табылады.

Қалалық қазақ орта мектебінен Тұрсын бастатқан алты мұғалімнің ұсталуы, Нартайдың қасына бір қытайды, ұйғыр Каленажыны, Шәкен

әншіні, халдай тұқымы Бужыңханы жатқызу арқылы жазушы Қытайдың ұлт мәселесіне байланысты жымысқы саясатын әшкерелейді, яғни бұл «жергілікті ұлттың адамдарын ғана емес, қытайды да аяп жатқамыз жоқ» деген белгіні білдіреді.

Нысаналы жерге әкеліп, ату жазасын орындаушыны батырдың мысы басатыны сонша, қолы дірілдеп, оқты жанды жерден дәл тигізе алмайды. «Бес мылтық бірден гүрс еткенде» батырдың қасындағы өліктердің арасынан қайта көтерілуі, екінші атқанда да «жел шайқаған теректей сенделіп барып тұрып қалуы», бұдан кейін Ермектің қалтасынан жапон пистолетін шығарып, кезектен тыс қақ жүректің басынан атып жіберуі, қарап тұрған елді, әсіресе Дүрияны қатты шошытады. Осы оқиғадан кейін Ермекті көрсе шошынатын ауруға душар болған Дүрия сол айықпаған күйі бір жылдан кейін қайтыс болады. «Сөйтіп, Нұғыман мен Ережептің арасындағы құдалықты да, Дүрия мен Ермектің арасындағы алдамшы махаббатты да ұстап тұрған күш — Нартай екен. Нартайдың көзі жұмылып, о дүниеге аттанып кетісімен бәрі де құрсауланған ескі кеседей бөлініп-бөлініп түсіп қалды», — деп жазушы қолдан жасалынған жасанды дүниенің қашан да ғұмыры қысқа болатындығын бұлардың арасындағы байланысты сатылап көрсету арқылы дәлелдеп шығады.

1950 жылдардың аяғындағы мемлекет саясаты үнемі Нұрбек арқылы талданады. Мәселен, қазақшаға аударғанда, түсінуге ауырлайтын «жолбарыс соғу», «еңбек тәрбиесі», «ашық сот», «күрес жиналысы», «шағым айту», «жеміс бөлу», «бес соймау» т.б. екі-үш иероглифтен ғана тұратын формулаларға талдау жасау арқылы жазушы қоғам кемшіліктерін тәптіштеп түсіндіріп қана қоймайды, осылардың қалай жүзеге асқандығын нақты бейнелейді. Мысалы: «Жолбарыс соғу» — зиялылар арасынан қылмыстыларды тауып, жазалау, «Жеміс бөлу» — помещиктерді тәркілеуден түскен мал-мүлікті шаруаларға бөліп беру, «бес соймау» деген жас малды, ұрғашы малды, семіз малды, асыл тұқымды малды, жұмыс көлігін соймау екен. Сонда қандай малды сою керек деген мәселеге Нұрбекпен бірге оқырманы да күледі. Ал «ашық соттың» белең алғаны сонша, Нартайдан кейін араға ай салмай, гимназия директоры Тұрсын бастатқан ондаған адам атылып, көптеген адам ұзақ мерзімді түрмеге кесіледі.

Жазушы өзі сомдаған әрбір кейіпкерінің тағдырын екшей келе, егжей-тегжейін електен өткізу арқылы қыруар оқиғаға сараптама жасаған. Романдағы қандай да бір тың оқиға Нұрбекпен басталып, Нұрбекпен аяқталады. Нұғыманның әйелі Сақыпжамалатамекенде жүргенде Нұрбектің сүйіктісі болса, арада қаншама уақыт өткеннен кейін әменгерліктің әлегіне түскен олардың келіні Торғынның айналып келіп, Нұрбекпен дәм-тұзы жарасуы, мұның өзі Нұғыманнан өш алу сияқты көрінгенмен, жас келіншектің шешесінен айрылып, жартылай жетім қалған балаларға шын пейілмен қамқор болуы әрі Нұрбекті өлердей жақсы көруі қиыннан қиыстырылып әкелінген.

Қалаға келген Жасыбай сияқты атақты байдың тек Нұрбекті ғана іздеп, онымен ұзақ әңгімелесуі оқыған азамат тұлғасын кемелдендіре түскен.

Тарбағатай аймағының бұрынғы уәлиі (губернаторы) Жасыбай (Башбай) — ешбір баймен салыстыруға келмейтін ерекше тұлға.

Жасыбайдың ішкі өлкені аралағандағы көргендерін және жазықсыз жапа шеккендер туралы жеке пікірін Нұрбекке баяндату арқылы жазушы тарихтың ащы шындығын шегелей түседі. «Шәуешекте бірталай адамды қырып жіберіпсіндер... Жарайды ана Бужыңха, Жәлел сияқты қорқауларға обал жоқ, қолы қанды, жолы зарлы сұмдар ғой олар. Тіпті Нартайдың

да арманда кеттім дейтін ештеңесі жоқ, алысты, жұлысты, соғысты дегендейін... Ал ана Шәкен мен Тұрсын сияқты азаматтарға тіпті обал болған екен» — дей келе, Шәкеннің ішкі Қытай туралы айтқанының түгел шындық екенін, өзі одан да сорақысын көргенін, бұған қытайдың неменесіне «өті жарылып, шамданатынына түсінбейтінін» тап басқан қазыналы қазақ байының саналы тұлғасы көрінеді. Аш-жалаңаш босқан жұрт біртіндеп қазақ даласына келе бастағанда, «Шәкен байғұстың» дұрыс айтқанына көз жететінін жазушы Жасыбай аузымен айтқызу арқылы түбі қара қытайдың қаптайтындығынан белгі береді. Жасыбайдың көп ұзамай, келесі көктемде өмірден өтетінін өзіне болжату арқылы және қанша асыраса да иттің ешуақытта жүзден аспайтынын, «ешкі егіз тауып қойдан көп болмас, ит сегіз тауып, малдан көп болмас» дегіздіру арқылы өмірдің мәнін тіршіліктің заңдылығымен үндестіреді.

Шығыс Түркістанда төрт түлік малдың саны жөнінен алдына адам баласы түспеген Жасыбайда да арман көп екен. Ең бірінші, Шығыс Түркістан Республикасына бар малын сарп етер еді, оның ғұмырының қысқа болуы, екінші, қолында билігі мен байлығы тұрғанда кейінгі ұрпаққа белгі боп қалатын сәнді сарай салып, көкке бой созған күмбез тұрғызбағанына өкінетінін, тек «Еміл» өзенінің үстіне салдырған «Жасыбай көпірі» (Башпай көпірі) атана бастаған шағын көпірдің ғана көңілге сәл медеу екенін баяндату шарасыз байдың баянсыз байлығын меңзейді. Десе де, Жасыбай өмірінің соңында көмек сұраған Кореяға бір өзі самолет сыйлай салуы оның уақыт көшіне ілескендігін, артына айтып жүруге лайық із қалдырғанын көрсетеді.

Жасыбай басқалар сияқты азап-тозақ көрмесе де, қарадан-қарап рухани дағдарысқа түскендей көрінуі — оның халық басына төнген қасіретті жан дүниесімен бірге сезіне алуында және қоғамдық жағдайды дұрыс бағайлауында болып тұр. Осы арқылы бір өзі бір ауылды асыраған қазақ байының көпшілігіне тән бекзадалық болмысы сипатталады.

Ал Нұғыман — өкіметке бір тиын бермей-ақ айласын асырып, бар малын ақшалап, қалтасына басып алғанымен қоймай, біреулерге қастандық жасамаса тыныш отыра алмайды. Ар-ұят деген қасиетті сезімнің оған құны көк тиын. Сондықтан оның бүкіл іс-әрекеті жауыздыққа бағытталған.

«Соңғы көш» романындағы ұлт тағдырын сөз еткенде тоқталмай кетуге болмайтын бір образ — Шаштығали. Жолбарыс пен Шаштығалидың ағалы-інілі екендігін оқырман білгенмен қалай табысатыны белгісіз. Ортақ бір тақырып төңірегінде жазушының деталь қолдану шеберлігі — оның діттеген мақсатына, көздеген нысанасына қол жеткізуіне септігін тигізіп тұр. Қалалық түрмеде жатқан тұтқындардан таңдап алынған бір топ адаммен бірге Шаштығалидың да отын дайындау үшін қыстаққа аттануы — шындыққа жетудің тірек көзі. Шаштығалидың күй шертіп, небір киссаларды мақамдап айта білуі бастықпен арадағы байланысты бір табан жақындата түседі. Мұның сыртында Шаштығалиды «ай десе аузы, күн десе көзі бар» дегендей, қос бұрымы тірсегіне түскен Қамария деген бойжеткеннің салт атпен іздеп келуі, лагерьдің үстінен жай түскендей етеді. Уәде байласқан қызы бар екендігін қолға түскендегі алғашқы әңгімесін Жолбарыстың есіне салу арқылы жазушы ұрының өтірік айтпағанына бастықтың көзін жеткізеді. Қыз кеткеннен кейін Жолбарыс екеуінің диалогынан Шаштығалидың отызға келгенше үйсіз-күйсіз жүруі, қыздың уәдесіне берік екені, бірақ өзін соңғы рет сынақтан өткізгені, үш жыл мерзімін өтегеннен кейін түзелмесе, «өкпелеме» деген сөзді айтып кеткендігі — оның болашақтағы жолын анықтауға мүмкіндік беріп тұр. Әлі де үш жыл тосуға көніп тұрған қыздың алыс жерден ара қонып

жеткен әрекетіне орай Жолбарыстың: «Дегенмен осының әйелдерге келгенде жұлдызы ыстық болуы керек» деп ойлауы — табиғи заңдылық. Осы оймен суға бір сүңгіп шығуға беттеген Жолбарысты арт жағынан әлдененің салдыр-күлдір ете қалуы жалт қаратады. Қолынан шелегі түсіп, көзі жасқа толып кеткен Шаштығалидың «Шырағым, осы сен кімсің» деп басталатын диалогы оқиғаның одан әрі өрбуіне негіз болып, «көкірегі шерге толған қос жетімнің» Арғынғазы мен Найманғазы екендігі анықталады. Бұған себеп болып тұрған нысаналы деталь — Жолбарыстың «оң жақ жауырынының үстінде өртенген жердің орнындай қарайып тұрған қал». «Періштенің алақанының ізі түскен» деп отыратын анасының өлер алдында да Жолбарыстың арқасындағы қалы туралы Шаштығалидың есіне мықтап салып кетуі — кейіпкердің танымдық дәрежесін, ой-өресін көрсетеді.

Расында келесі тарауда Шаштығалидың фермада есепші болып, таза еңбек жолына түскенін көреміз. «...Тек анда-санда, шылымды қойған адам секілді аңсары ауып кетеді-ау деймін, қабағы түсіп, көңіл-күйі болмай жүреді» деген сөзді жазушы Жолбарыстың аузына тегін сап тұрған жоқ. «Ауру қалса да, әдет қалмайды» дегендей бір күні Қайрақтының шатқалына аң атуға түскен Жолбарыс тура Шаштығалидың ұрлығының үстінен түседі. «Иен шатқалда от жағып жүрген кім болды екен?» деп арнайы түтін шығып жатқан тұсқа баспалап келеді ғой. Өзеннің жағасында шалжиып жатқан Шаштығали тықырды естіген бетте орнынан атып тұрады. Жолбарыс «құлағы мұндай сақ болар ма» деп ойлап үлгергенше, ағасын жазбай таниды. Қатты-ғұтты әңгімеден кейін Шаштығали имандай сырын айтады: «Өнебойы түзде жүрген адамға үйдің тамағы ас болмайды екен. Баяғы аш бөрідей жортып жүрген кездерім еске түсіп, шыдамай кеткен соң, өз тоқтымды өзім ұрлап сойып алдым... Кешір... Бұдан кейін қайталамаспын», — деп төмен қарап кеткен ағасын кешірімеске Жолбарыстың амалы қалмайды. Сөйтіп екеуі шәугімде былбырап піскен етті «рахаттанып соғып» алады да, қалғанын қанжығаға бөктеріп, ауылға бірге қайтады. Содан қайтып Жолбарыс ағасының қайраты мен ептілігінің пайдасын көрмесе, адам жиіркенетіндей зиянын шекпейді.

Академик-ғалым Рымғали Нұрғалидың 1996 жылы «Егемен Қазақстан» газетіне шыққан «Кемел кезен» деген мақаласында: «...Сөйтіп, әділін айтқанда, Қабдеш Жұмаділов қазақ тарихи романистикасының бүгінгі тандағы ең беделді өкілінің бірі болып отыр. Бұл оның Қазақстанның бергі бет, арғы бетіндегі досы да, дұшпаны да мойындаған шындық», — деген сөзі жазушы шығармасындағы жаңа арна, кең өрісті дәл танығандығының белгісі.

Осыншама оқиғалар сорабынан тұратын «Киелі қан» атты бөлім ауыл ахуалын талдаумен аяқталады. Шығарма композициясының ауылға қарай бұрылуы роман басында сөз болатын Қанағат аулына алып келеді. Тілші ретінде қызмет бабымен жүрген Естай арқылы оның Бахтияр, Нұрғазы сияқты әкесінің інілерімен, сүйікті жездесі Ұзақпен, Әбілғазы, Әкпар сияқты байлармен қайта жүздесеміз. Жолбарыс, Естай, Нұрбектердің іс-әрекеті арқылы бір кездегі қазақ елінің мамыражай тіршілігі мен сол тірліктің шырқын бұзған жаңа заман құбылыстары алма-кезек сөз болады.

Үшінші бөлімнің «Кісен ашқан» деп аталуынан-ақ шығарма шешімінің түйіні тұспалданып тұр. Бұл кезде Шынжан университетінің тіл-әдебиет факультетін бітіріп үлгерген Естай үшін дүние тағы да «сабынша бұзылып, төңкеріліп түседі». 1950 жж соңғы тұсында «Оңшылдар мен жергілікті ұлтшылдарға қарсы күрес» деген науқанның ерекше екпінмен, халықтық сипат алуы Естайдың «Оңға бейім элемент», «Жергілікті ұлтшыл» деген «қалпақ» киюіне ұласады.

«Барлық гүлдер ашылсын, барша бұлбұл сайрасын» атты «Ашылып—сайрау» науқанынан кейін «Сайрағанның бәрі бұлбұл емес, шешек атқанның бәрі гүл емес... Бұлбұлдан — қарғаны, гүлден — арам шөпті ажыратуымыз керек» деген ұран кезіндегі атқарылған іс-әрекеттердің барлығы бұл кезде оң-солын таңып, саяси санасы қалыптаса бастаған романның бас кейіпкері Естай айналасында өрбиді.

Жазушының өз бейнесі Естай арқылы сомдалатындығын зерттеу барысында айтқанбыз. Сондықтан да сананы сансырататын небір оқиғалар жазушының өз тағдырымен ұштасып, заман ахуалы халықтық қасиеттерді сақтай отырып, одан әрі дамиды.

Естаймен Толы ауданынан келген 3-курста оқитын Гүлжиһан арасындағы шынайы сезім қанша көрешек көрсе де, адам баласының бойындағы мейірім мен ізгіліктің мәңгілік қасиет екенін аңғартады. Ала шапқын уақыттың салдары Гүлжиһан сияқты нәзік сезімді қыздың да жүрек қалауына тосқауыл боп тұрады. Бұған себеп Естайдың «төменге түсетіндердің» тізіміне ілініп, Тарбағатай аймағына бөлінуі. Осылайша Үрімжіні артқа тастаған Естайдың «еңбекпен өзгертуге» жататын өмірі басталады. Қалпақтың біреуін киіп, Ергейтідегі егіншілік алаңында «еңбекпен түзетіліп» жүрген Нұрбекті қайта шақыртып алған өкіметтің ендігі саясаты — «Үш қызыл ту» науқанын жүзеге асыру. Бұл — «секіріп ігерілеу» науқаны деген сөз. Оның бірі — коммуна құру, бірі жаппай құрыш қорыту.

Естайдың орталықтан келетін «идея қалтасының» (жеке басы туралы толық жинақталған құпия құжат) кешігуінен біраз уақыт бос жүруіне тура келеді. Бұл оның ауылдағы бізге таныс кейіпкерлердің тіршілік-тірлігі арқылы уақыт тынысымен терең танысуына септігін тигізеді.

Мұндағы бір өзгешелік — қазақтың белгілі этнограф-ғалымы Жағда Бабалықов бейнесінің романда Жағыпар деген атпен жан-жақты сомдалуы. 1945-1949 жылдардағы Шығыс Түркістан армиясының полковнигі, бұдан кейін Шыңжаң өлкесі, Тарбағатай аймағы бойынша басшылық үлкен қызметтер атқарған — күрделі тұлға. Ол 1950 жылдары Үрімжідегі өлкелік соттың мүшесі ретінде түрмеде отырған Оспан батырдың «Америка агенттерімен байланысы» деген мәселені анықтау мақсатында тергеуге де араласады. Әсіресе Оспан батыр мен Жағыпар арасында болатын жеке дара диалог-әңгімені бей-жай оқу мүмкін емес. Оспанның батырға тән кесек келбеті Жағыпар көзімен былайша суреттеледі: «Кең кабинетте екеуі ғана отыр. Оспан сол күнде елудің ішін мол аралап кеткен, бойы ортадан жоғары, жауырыны тұтас, балуан денелі шойындай қара кісі. Басы ерепайсыз үлкен, маңдайы жырта қарыс. Сол басты үйеңкінің түбіндей алып кеудемен тұтастырып тұрған мойны да сұмдық жуан еді. Маңдайдан тура түскен етеккі, дөңес мұрны мен шықшытты келген жақ сүйектері, биік қабақ астындағы алақандай өткір көздері, қауметті қалың тебінгі құлағына дейін тек осындай алып адамға ғана жарасатындай», — дейді.

Оспан батыр мен романдағы Жағыпар болып алынған Жағда Бабалықовтың кездескені — тарихи шындық. Аталмыш кездесудің бір ерекшелігі — Алтай қазақтарының арасынан шыққан Оспан батырдың Тарбағатай жігіттеріне сенімсіздікпен қарау себебін де сөз арасында сұрап қалуы дейміз. «Оның рас. Тарбағатай наймандарына мен аса сене қоймадым» — деп жазушы Оспанды бірден мойындатады. «Өйткені оларды маған қарсы ылғи да айдап салып отырды емес пе... Мен амалсыз өз төңірегіме ең сенімді деген адамдарды ғана топтауға мәжбүр болдым. Е, айтып-айтпай не керек, менің сорым да, дәрменсіздігім де — бүкіл қазақты

соңымнан ерте алмағаным ғой» — деп жауап бергізу арқылы жазушы батырдың жан азабының нәзік қалтарысын да осы диалогқа сыйғызған.

Жағыпардың «Американың агенттері» деген мәселенің шетін шығарғанда батыр ешкімнің атын атап, түрін түстемеген қалпында: «...мен туған жерімді басқыншылардан тазарту үшін Америка түгіл сайтанмен де одақ жасауға бар едім. Бірақ сорыма қарай ондай ешкім табылмады ғой» — дей келе: «Оспанның кім екенін не үшін алысқанын мен өлген соң, кейінірек білерсіңдер... Сол байғұс та бірдеңені білген екен ғой дейсіңдер әлі» дегізу арқылы жазушы болашаққа Жағыпар көзімен болжам жасайды.

2010 жылы 90-нан асқан шағында дүниеден озған Жағда Бабалықовтың өмір жолы романда нақты деректер аясында сөз болады, жазушы Ж.Бабалықовтың өз аузымен айтқан әңгімелеріне жан бітіріп, көркем шындық туғызған. Аты аңызға айналған Оспан батыр туралы қазақ әдебиетінде тұңғыш қадам жасалуына Жағда Бабалықов сияқты көргені де көңілге түйгені де көп этнограф-ғалымның белгілі дәрежеде жазушыға ықпалы болғандығын байқаймыз. Қазіргі уақытта Оспан батыр туралы қаншама зерттеулер мен романдар жазылып жатса да, қазақ оқырмандарына суреттеліп отырған ғасыр оқиғасын Қ.Жұмаділовтей дөп басып, нақты көрсеткен ешкім болған емес.

Нұрбек, Естай, Жолбарыстардың ұйымдастыруымен, хат пен сәлемдеме арқалаған Шаштығалидың Жағыпарды Қарабураға арнайы іздеп баруы да қазақи дарқан пейілдің сипатын көрсетеді.

Ал Естайға келсек, ол «идея қалтасының» кешіккеніне бекер қуаныпты, енді оның жұмысқа орналасуы былай тұрсын, азық-түлік норма саясаты бойынша адам басына ай сайын өлшеніп берілетіндіктен, күнделікті күнкөрісінің өзі қиындай бастайды. Тізімге тіркелмеген адамға азық-түлік талонының берілмеуі «идея қалта» дегеннің қандай мағынасы бар екенін көрсетеді. Мұның өзі оқыған жігіттің шыдамдылығын тексеру үшін түзетудің бір түрі болып табылатындығын жазушы ашық айтпағанмен, бұл да сол кездің кереғар сипатымен астасып жатыр.

Өз басынан өткен осы жағдай арқылы автор төмендей бастаған халықтың әл-ауқатын ашық айтып, тұжырымды түйіндер жасайды. Өмірі тамақ атаулыны таразыға салып, санап ішуге дағдыланбаған қазақ ауылдары нормамен берілген айлық азықтарын (12 кило астық, бір кило ет, екі жүз грам май, бір жылға төрт метр кездеме) он күнде тауысып, «шиқылдап қалғандары да» бар. Осылайша ішкі өлкедегі ала шапқын ашаршылық қазақтар тұрған аймақты да тегіс қамти бастағаны нақты іс-әрекет үстінде ашылады. Бұған қосымша Тарбағатайға қатынайтын машиналар босқындарды тиеп әкеліп, қазақтардың қолындағы жеке меншік астығы пен етін тиеп әкетіп жатуынан жағдайдың одан әрі шиеленісе түскенін көреміз.

Босқындарды қаладан әкетуге келген Бахтиярдың әйелі Нұрғанымның Естайды танымай қалуы орайын тауып тұр. «Жоғарыдан келгендер «Нин хау ма?» деген бір сөзді бәріне үйретіп қойса керек, ауыл адамдары әйтеуір сол сөзді жиі қайталап, қонақтарға кезек-кезек қолдарын ала жүгіреді. Бахтиярдың үйіндегі Нұрғаным жеңгесі:

— Нин хау ма? — деп жұрт қатарлы Естайға да қолын ұсына берді де, кенет танып қалып: — Көтек! Қытай екен десем өзіміздің молда жігіт қой! — деп ыршып түсті. Ұялғанынан қайта келіп құшақтап жатыр. — Түрің не болып кеткен, молда жігіт-ау? Қытайдан аумай қалыпсың, — дейді.

— Үндеме, енді бір-екі жылда өзің де солардан аумай қаласың, — деді Естай жеңгесінің қолын сілкілеп. — Нин хау ма, жеңеше?..

Міне, тіршіліктің ырғағы бұзылып, күйкі тірліктің үстемдік алуының соншама дәл берілуі суреткердің шығармашылық даралығын көрсетеді.

Ал ішкі өлкеден келген «қонақтардың» көз көріп, құлақ естімеген жантүршігерлік сорақы қылықтары олардың арпалысқан іс-әрекеттерінен көрінеді. Бес-алты босқынның иен қыстауда бір байталды байлап қойып, сан етінен құлындағы дауысын құраққа жеткізіп, тірідей шырқыратып кесіп алып, отқа қақтап жеп отырғанын Шаштығалидың аузымен баяндату арқылы төбе құйқаңызды шымыр еткізеді.

Міне шекара бойындағы халықтың көш дүбірі шыққан бетте-ақ дүрк көтеріліп, кеңес еліне өте шығуының басты бір себебі ел басына төнген осындай аштық пен қорлықтың салдары екендігі роман-дилогияда бар шындығымен ашылып, динамикалық даму үстінде шарықтау шегіне жетеді.

Көп күттірген «идея қалтасы» келе салысымен жазушы Естайды мектеп оқушылары мен мұғалімдерден құралған құрыш қорытушылар тобына қосып, Барлық тауына аттандырады. Шахтадан терлеп шығып, суыққа шыққандықтан, елді жаппай өкпе ауруы дендейді. Екі өкпесін бірдей суық қармаған Естай да өлім аузынан қалады. Қыс ортасы дегенде мыңдаған обалаштер мен жүздеген киіз үйлерді артқа тастап, ешкімге абырой әпермей, дүниеге күлкі болған құрыш қорыту жорығы қаншама елдің денсаулығын құртып барып, аяқталады.

Ендігі жерде «прогрессивтік ассимиляция» деген басталады. Бұл «ұлттар тілінің тоғысуы» деген сөз. Коммунизмге барғанда барлығы бір ұлтқа айналатындықтан, қазіргі «ең озық тұрған ұлт – ұлы Хан ұлты. Сондықтан Қытайдағы бүкіл аз санды халықтар тез арада хан ұлтының тілі мен мәдениетін қабылдауы керек» деген теорияға Естай образы арқылы талдау жасаған жазушы «стиль дұрыстау» науқанының аяғы осындай шараларды қорықпай, ашық жүргізудің дайындығы екендігін дәлелдейді. Әлеуметтік жағдайды әбден шиеленістіріп, шегіне жеткізе пісіріп әкелген жазушы енді көшуден басқа ештеңе қалмады-ау деген кезде Естай сияқты жігіттердің көптен күткен арманын бір күнде жеткізеді. Қалың ел қопарылып көше бастағанда, үгіт-насихат жұмысын жүргізіп жүрген оқығандар кешеуілдеп қалады. Әрі түрмедегі Жағыпарды алып шығу керек. Міне осы кезде құпия жиналыстан шыққан Ли Хуң деген Нұрбектің қытай досы «бүкіл күшті жұмылдырып, қазақтардың қолындағы малды қайткен күнде де бермей алып қалуға және елдің үркіп-босуына себепші болып, көшті ұйымдастырып жүргендердің соңына шам алып түсейін деп жатқандығын» дер кезінде хабарлағандығының арқасында Нұрбек бастатқан оқымыстылар бір түннің ішінде аттанып үлгереді. Мұның соңы бүкіл Құлыстайды желдей жүйткіп, ауыздан ауызға тараған ұлы көш дүбіріне ұласып, Қазақстандағы ұлы прогресс заманына бір бүйірден келіп қосылады.

Көшуге келгенде қазақтарды мұндай жылдам деп ойламаған қытай басшылығы айналасы екі-үш күннің ішінде Шәуешек халқының қопарыла көшіп, енді Шағантоғай, Дөрбілжің, Толы аудандары сөгіле бастағанда ғана жоғары жаққа мәлімдеп, байбалам сала бастайды. Нұрбек пен Естайдың тапсыруы бойынша түрмеде жатқан мемлекет қайраткері Жағыпарды (Жағда Бабалықов), бұрын сақшы бастығы болған Жолбарыс пен ағасы Шаштығалиды ебін тауып алып шығуы Қытай өкіметін бейжай қалдырмағаны анық. Көшкен елдің алдынан тегін бұл-шай, күріш пен ұн үлестіріп, қанша үгіт-насихат жүргізсе де Нұрбек пен Естай сияқты баратын жақтарын жақсы білетін көзі ашық оқығандары бар ел тоқтасын ба, айналасы жиырма күн ішінде ашық тұрған шекарадан екі жүз мыңдай адам мал-жанымен бірге өтіп үлгереді. Шекара бойындағы елдің төніп

келе жатқан аштық пен жаппай қуғындау науқанынан аман-есен құтылуы осылайша түйінделеді..

Алтай, Тарбағатай, Іле өңірінде тығыз қоныстанған қазақ халқы қай кезде болмасын, Цин династиясы үстемдік еткен кезде де, Миньго өкіметі тұсында да, әсіресе 1919-1933 жылдар аралығындағы Ян Зыңшын мен Цзинь Шуреннің аяусыз үстемдігінде күн кешірді. Ал 1933-1944 жылдары милитарист Шэн Шицайдың дара билігі тұсындағы Гоминьдан партиясы басқарған кертартпа өкіметтің жауыздығы кезінде шегіне жеткен жөнсіз үстемдікке қарсы қазақтар қоныстанған үш аймақ тұтас көтеріліске шығады. Міне осы тұста Алтайдан Оспан батыр, Шәріпхан Жеңісханұлы, Тарбағатайдан Дубек Шалғынбайұлы, Іледен Әкпар сияқты халық батырлары қол бастайды. «Соңғы көш» романы осы аяусыз қысымға ұшыраған «Үш аймақ көтерілісінің» жеңіліске ұшыраған тұсынан басталып, жаппай қуғындауға түскен қазақ интеллигенциясына төніп келе жатқан зобалаңмен аяқталады.

Бір айта кететін нәрсе – кезең-кезеңге бөлінген тарихи деректердің романда айна-қатесіз көркем айналымға түсуі жазушы ізденісінің жарқын көрінісі деп қарасақ та, ол ешуақытта тарихи мәліметтерді жалаң тізбелей бермейді. Қ.Жұмаділов тарихи құжаттарды заман сырын ашу үшін өз пайдасына шебер үйлестіре отырып, өзінің көшпенділердің соңғы тұяғы екендігін әсте есінен шығармайды. Сондықтан қазақ арасында рулық қатынастардан туындап жататын қақтығыстар мен топонимдік атауларды ғана жіпке тізіп қоймайды, уақыт тынысымен үндесетін халық ауыз әдебиетінің үлгілерін де, ақын, жыршы-жыраулар поэзиясын да, мақал-мәтел мен нақыл сөздерді де, өлең-жыр, дастандар мен аңыз әңгімелерді де кеңінен пайдаланады. Тіпті Дулат пен Балғожа би де, Абай мен Махамбет те, Алаш арыстары да – осы романда жазушы жанымен үндес.

Ақын Ұлықбек Есдәулеттің «Шекара балладасы» (*Қабдеш Жұмаділов пен Қажытай Ильясовтің шекарадан өткен сәтін еске алу*) деген өлеңіндегі:

— Ал, кеттік!

— Кеттік! — деді екі мықты,

Бір ойға екеуара бекініпті.

Бірі — аға, бірі — іні, екі дарын,

Тағдырдың аямайтын бетін ұқты.

Қапастың қақпанынан қашып шығып,

Құзынан тәуекелдің секіріпті.

Шетіне шекараның таңда ілікті,

Үркітіп ұры жардан кекілікті, — деп басталатын оқиға — тарихи шындық.

Қ.Жұмаділов сияқты «Қазақ карасөзінің дарабозы» (*Б.Шарахымбай*), «Соңғы көштің қара нары» (*Н.Қазыбеков*), «Тағдыры бөлек Тарланбоз» (*А.Нүсіпханұлы*), «Қазақ прозасының мұзтауы» (*Т.Ахметжан*), «Тағдыр тамыршысы» (*Қ.Ысқақұлы*), «Мұраты биік суреткер» (*М.Хамзин*) «Тағдырлы тұлға» (*Т.Жұртбай*), «Ұлт жазушысы» (*Ә.Меңдеке*) бір сөзбен айтқанда «Дарабоз жазушының» (*Ж.Елшібек*) шығармашылығындағы тың ой мен тақырып сонылығы бұл ғана емес, талай зерттеулердің өзегіне айналары хақ.

Еш жерде жарияланбаған осы зерттеуімді Халық жазушысының 90 жасқа толуына орай кезінде өзінің көптеген шығармалары жарияланған «Жұлдыз» журналына арнайы ұсынып отырмын. «Тас бастаудың суындай таза дүниеге сіз де бас қойыңыз, сусындаңыз, рахаттаныңыз!» — деп ақтарыла алғы сөз жазған Әкім Тарази ағамыздың бұл сөзі менің де жан мінезатымдай...

*Ой-қазына***Бексұлтан
НҰРЖЕКЕҰЛЫ**

ЖАН-ЖАНУАРЛАР ЖАҒДАЯТЫ

немесе ақсақалдың танымдық әңгімесі

Жалғасы. Басы өткен сандарда.

ТӨРТ ТҮЛІК

Төрт түлік — қазақтың негізгі күн көрісі. Еті мен сүті — азық, жүні мен терісі — киім-кешек, ірі қарасы — көлік әрі азық. Төрт түліктің етін асып жейді, ол түлікке түйе, жылқы, сиыр, қой-ешкі — төртеуі жатады. Олардың еті — адал азық. Жейтін тамағын қазақ жалпылай азық-түлік деп атайды. «Төрт түліктің» «түлік» деген сөзі «азыққа» қосылып, азық-түлік аталады. Түліктің қазақ үшін қаншалық бағалы екенін осыдан да байқауға болады. Малын сыйлаған қазақ ешқашан малды басқа ұрмайды. Малды басынан ұрған адамға мал бітпейді деп ырымдайды.

Төрт түлікке жататын төрт жануарды ғана қазақ **«мал»** дейді, тек сол төртеуінің ғана баласын **«төл»** дейді. «Мал төлдеген уақыт», «малдың төлі жетілген уақыт» деп, жыл мезгілін де соған орай ажыратады. Төлді дүниеге әкелетін ұрғашы малды төлдің **енесі** дейді.

Қазақ бір-бірімен жолыққанда «Мал-жаның аман ба?» — деп амандасады. «Мал» дегені — төрт түлік, «жан» дегені — бала-шаға, отбасын дегені.

«Малға достың мұны жоқ малдан басқа», — демей ме Абай? «Есектің көтін жусаң да мал тап!», — дейді ғой тағы да Абай. «Малы көптің беті — жарық, малы жоқтың беті — шарық», — дейді қазақ. Шарық дегені — қайрақ тас.

Малды бағатын адам — **малшы**, байдың отымен кіріп, күлі мен шығып, барлық жұмысын атқаратын адам — **жалшы**.

Қазанға қайнатып жейтін қазақтың негізгі тамағы — **асқан ет**. «Ет асып жедік», — деп отырады. «Ет жедік», — дей де салады. Бұрын етке қамыр қоспай жеген. Асқан ет дәмді болу үшін, бұл күнде етке қамыр салады. Дәмді ете түсу үшін, үстіне тұздық құяды. Ет қайнаған сұйық — **сорпа**. Қазақ оны «Ет — етке, сорпа — бетке» деп, айрықша бағалайды, қастерлейді. Етті қонаққа мүшелеп тартады. Ұсақ малдың басы мен жамбасын жасы үлкен ақсақалға не құдаға тартса, омыртқасы мен жіліктерін де құрметті кісілерге береді.

Сыйлы қонаққа тартатын он екі мүше мыналар: 1. Бас. 2. Бел омыртқа. 3-4. Екі жауырын. 5-6. Екі жамбас. 7-8. Екі тоқпан жілік. 9-10. Екі ортан жілік. 11-12. Екі асықты жілік.

Мүшенің бастан кейінгі сыйлысы — жамбас және омыртқа.

Кей жерде мүше жетпей қалса, бұғана мен кәрі жілікті де кәдеге жаратып жібереді. Екі-екіден болатын мүшенің бірі, мәселен, «оң жамбас» десе,

екіншісін «сол жамбас» дейді. Кісінің құрметіне лайық арнайы қой сойылса, оған міндетті түрде сойған қойдың басын тартады. Салт бойынша, бас барған жерге жамбас та бірге барады.

Бас тарту мен бас жеудің де өзіндік тәртібі бар. Басты қонаққа үй иесінің баласы не өзі апарып береді. Ал бастың маңдай құйқасы қасқаланған болу керек, яғни құйқасы кірес түрінде кесілген, тілінген болуы тиіс. Ол қонаққа: «Маңдайыңыз жарқырап, үнемі жолыңыз болып жүрсін!» — деген ниетті білдіреді. Бастың тұмсығы міндетті түрде қонаққа қаратылып тұруы тиіс. Ол үй иесінің асымды адал ниетімен ұсынып отырмын дегенін білдіреді.

Құлағын балаларға береді. Жақсылыққа, елі мен жерінде болып жатқан жағдайларға құлағы түрік болсын дейтін ырым болса керек.

Баста екі құлақ бар. Біреуін міндетті түрде үй иесінің баласына береді. Оның мәнісі — малыңның ырысы өзінде қалсын, біз ықыласқа ризамыз деген ишара.

Бас тартуға лайық бірнеше ақсақал қатар отырған жағдайда, үлкені бас ұстайды да, ауыз тиген соң, өзінен кейінгі кісіге жылжытады. Бастың екі көзін екі кісі бөліп жесе, алағөз болады деп, екеуін де бір кісі жейтін әдет бар. Бас ұстаған кісілердің жастауы оның миын ашып, құйқасымен араластыра турап, **мипалау** жасайды.

Әкесі әлі тірі адам бас ұстамайды, мұжымайды: бас ұстауға асығып әкесінен құтыла алмай жүрген адам саналады.

Мипалаудан дастархан басында отырғандар түгел дәм татып шығады.

Таңдайын басты ұстаған кісі таңдайған адамына береді. Негізінен не құдағиына, жеңгесіне, не келіні мен құдашасына арнайы тілек айтып береді. «Бізді мақтағанда таңдайың тақылдап тұрсын, жамандай қалсаң, таңдайың жабысып қалсын», — деп әзілдейді. Құрметті кісілерге ірі қараның шекесін тартады. Оның дәрежесі қойдың басын таратқанмен бірдей.

Қарт кісілерге етті өте ұсақтап үгіп турап береді. Жылқының қазысын қиғаштап, еті мен майын араластыра тұрайды. Кешкі жегеннен артылып қалған етті ертесі қамырымен араластыра үгіп тұраса, оны «нарын» дейді.

Төсін күйеуге тартады. Төс жеген күйеу табаққа өз кәдесін жасап, тиын-тебен тастап та жатады.

Сирағын тамақ пісіріп жүрген әйелдер жейді.

Түйір-түйір етіп ұсақтап турап қуырған жас еттің жиынтығын **қуырдақ** дейді. Оған негізінен бүйрек, бауыр, өкпе араластырып туралады.

Су қоспай, буға пісірген жас етті «**сірне**» деп атайды. Қойдың немесе ешкінің жас етін сүйегінен ажыратып тазалап, қарынның ішіне салып, сонан соң қазған шұңқырға көміп, үстінен ұзақ от жағып, оттың қозына пісірген етті «**сырбаз**» деп атайды. Ет дәмді болу үшін, әркім әр түрлі тұздық жасап қосады.

Қыста суыққа тоңбау үшін, құртты қайнақ суға езіп ішеді, одан қалған құрттың қалдығын **малта** дейді. Езген құртты сорпаға қосып та ішеді. Құрт ішкен малшы анау-мынау суыққа тоңа қоймайды. «Құмарым құрт ішкендей қанар еді, Бір рет ақ бетіннен алсам сүйіп», — деп әндетудің де меңзеуі сондай.

Малдың тек шір майын ғана шығғырып, одан шыққан майды қатырып қояды да, оны **тоңмай** дейді, ал қуырған майдың ұсақ-ұсақ қалдығын **шыжық** дейді. Ыстық шыжықты нанға қосып балаларға беріп жатады, «жүрегің таза болады» деп, баланы соған сендіреді.

Етті ұсақтап турап, қамырды жіңішкелеп кесіп жасалған көжені **кеспе көже** дейді. Көженің неден жасалғанына қарай «тары көже», «бұршақ көже», «бидай көже», «сүт көже» секілді түрлері де болады.

Төрт түліктің бәрі сауылады. Сыырда ғана төрт емшек, қалған түлікте қос емшек болады.

Енді төрт түлікке жеке-жеке тоқталып көрейік. **1. Түйе.** Төрт түліктің басы әрі ең ірісі. Шығаратын дыбысын **боздау** дейді, боздайды. Ол дыбысы қобыздың үнін еске түсіреді. Еркегін **бура**, ұрғашысын **інген** дейді. Тарпандап жүреді. Мойны имек, құмғанның мойны сияқты. Жотасында екі өркеші бары

— айыр өркешті түйе, бір өркештісі — **нар**, оның ұрғашысы — **аруана**. Төлін бота, еркелетіп **ботақан** дейді. Келесі жылы **тайлақ**, одан кейін еркегі **буыршын**, **ұрғашысы** **інген** аталады. Жалпақ табанды мал.

Күш-көлікке пайдалану үшін, еркектік безін алып тастаған (пішкен) еркек түйені **атан** дейді. Түйенің ботасы тайрандап, ойқтастап, еркелеп ойнақтайды. Оның ойнақтауы жасына қарай жарасып тұрады. Үлкен түйе өйтіп ойнамайды. Сондықтан «Атан түйе ойнақтаса, жұт болады» деп жатады.

Төрт түлік малдың тартылған (пішілген) еркектерінің жалпы аты — **азбан**. «**Азбан**» сөзі жалпылай «еркек» деген де мағынаны білдіреді.

Түйені «**Әйтшу**» — деп айдайды, «**Шөк!**» — деп шөгереді, «**Көс-көс**» — деп шақырады. Жүйрігін **желмая** дейді. Нардың бурасы айыр түйенің інгенін қайығаннан туған түйені **қоспақ**, ал айыр өркешті түйенің бурасы нардың інгенін қайығаннан туған түйені **нарқоспақ** дейді. Түйенің сүтінен ашытылған сусынды біреулер **шұбат** десе, енді біреулер **қымыран** дейді. Ол — ұзақ сақталатын ішімдік. «Қырсыққанда қымыран іриді» деу содан.

Түйенің жүнін **шуда**, одан иірген жіп **шудажіп** аталады, одан киім-кешек токиды, көрпе тігеді.

«Маң-маң, маң басқан,
Шудаларын шаң басқан,
Екі өркешін қом басқан,
Төрт аяғын тең басқан.
Тілін тікен теспеген,
Алабота, теріскен,
Мұрындығы келіскен,
«Шөк», — дегенде, «бық» деген,

Шешіп үйін жүктеген», — деп, түлік басы түйені қастерлеп жырға қосамыз.

Ашуланса, аузында шайнап тұрған шөбін шашып жібереді, оны **жынын шашты** деп жатады. Өзін қорғау үшін, тебеді, тістейді, Тезегін **құмалақ** дейді. Ол домалақ, шабдолдың шамасындай болады. Түйенің арғы атасын әрі киесін **Ойсылқара** дейді. Бір тобын **келе** дейді. Келе-келе түйесі бар ауылды **Түйелі ауыл**, ал түйе бағатын адамды **түйеші** деп атайды. Еті адал, ірі қара малға жатады. Шөлге өте төзімді, күш-көлікке аса тиімді мал. Баласын он екі ай көтеретін болғандықтан, түйенің етін жүкті әйелге жегізбейді, жүктілігі ұзап кетеді деп есептейді.

Түйенің жаңа туған баласын жұртқа көрсетпей, оңаша ұстап бағады. Өзі ірі мал болғанмен, түйенің баласы дүниеге әлжуәз, осал боп келеді. Сондықтан тіл тимесін, көз тимесін деп, көпшілікке көрсетпей бағады. Бөтен адам көрсе, бота қоскүндік ауруына ұшырайды деп сенеді.

Түйе малына деген құрметі болар, қазақта «Нар идірген» атты күй де бар. Ботасынан айырылған інген домбыраның үніне иіп, емшегінен сүт тамшылайды. Әрі әуездің әсерін білдірсе, әрі түйенің сезімтал мал екенін дәріптейтін күй.

Түйе малы тұзды жақсы көреді, сондықтан оған әдейі ауық-ауық тұз жалатып отырады.

Түйе жайында тағы мынандай өлең бар:

Түйе-түйе, түйелер,
Тұзың қайда түйелер?
Балқан таудың басында,
Балдыр, қоян қасында.
Еніп кеттім егіске,
Қойным толды жеміске.
Жемісім жерге төгілді,
Жер жуасын берді.
Жуасын қойға бердім,
Қой қозысын берді,

Қозысын қонаққа бердім,
Қонақ қамшысын берді,
Қамшысын қызға бердім,
Қыз түймесін берді.
Түймесін көлге бердім,
Көл көбігін берді,
Көбігін терекке бердім.
Терек қабығын берді,
Қабығын келіншекке бердім,
Келіншек орамалын берді.

Орамалын апама бердім,
 Апам асық берді,
 Асығын мұзға бердім,
 Мұз суын берді.
 Суын қара сиырға бердім,
 Қара сиыр сүтін берді.
 Сүтін пісіріп отыр едім,
 Көбелек келіп көлп етті,
 Көбігін ішіп ол кетті.

Жапалақ келіп жалп етті,
 Жартысын ішіп ол кетті.
 Қарға келіп қарқ етті,
 Қалғанын ішіп ол кетті.
 Сауысқан келіп салқ етті,
 Сарқытын ішіп ол кетті.
 Жездем келіп еді,
 Қаспағын қырып бердім.
 Аузымнан жырып бердім.

Бұл өлең — танымдық мәні бар өлең. Балаларға сөз үйретуге арналған. Қазақ ата-бабаның рухы, әдет-ғұрпы, салт-санасы, болмыс-бітімі баланың бойына сөз арқылы сіңетінін білген, бағалаған, сондықтан сөз үйретуге үлкен мән берген. Сол дәстүрді өзінше жалғастырған Ыбырай Алтынсарин әйгілі «Мақта қыз» дейтін әңгімесінің желісін осы өлеңнен алғаны байқалады.

Түйеге жүк артқанда, екі өркешіне орап орналастырған киізді **қом** дейді. Орта ғасырда Еуропадан Қытайға қарай тауарды қомдап, Жібек жолы арқылы тасыған. Қомдап тауар тасыған түйелердің тізбегін **керуен** деп атаған. Керуен жүретін белгілі сілемді **Керуен жолы** деген. Ал түйені **дала кемесі** деп дәріптеген.

Түйе — төрт түліктің ең үлкені, ірісі әрі биігі. Апталап су ішпей жүре береді. Шөлді, шөлейтті елдерде әлі күнге дейін оны көлік етіп пайдаланады. Адам оны шөгеріп, сонан соң ғана мінеді. Шөккенде, түйе жамбастап жатпайды, тек төрт аяғын бауырына жиып тікесінен тізерлейді.

Табиғатта әр нәрсенің негізгі жеті түсі бар, олар: ақ, қара, қызыл, сары, көк, жасыл, қоңыр. Төрт түлікте осы түстердің қызылы мен жасылы мүлде кездеспейді. Ал түйенің басым көпшілігі сары түсті болып келеді. Ақ атан, сары інген, қара бура, қоңыр түйе кездеседі де, көк түйе мүлде болмайды, ала түйе де кездеспейді.

Түйе, жалпы, іріліктің, үлкендіктің бейнесі. Әлдебір үлкен адамның жағымсыз қылығын көрсек, «түйенің жарты етіндей неме» деп жақтырмаймыз. Үлкен бала өзінен кіші баланы ренжітіп жатса, «Әй, түйедей болып саған не көрінді?» — деп, оны сөгеміз.

Түйеге қатысты қазақтың біраз мәтелі бар. «Түйенің үлкені көпірде (н) таяқ жейді»; «Түйені жел шайқаса, ешкіні аспаннан ізде»; «Жүктің ауырын нар көтереді»; «Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты»; «Екі түйе соқтығысса, арасында шыбын өледі»; «Түймедейді түйедей етіп»; «Түйенің танығаны — жапырақ»; «Түйеге артқан жүк жеңіл»; «Нар жолында жүк қалмас»; «Көрмес түйені де көрмес», «Түйені түгімен жұтыпты», «Алпыс күн атан болғанша, бір күн бура бол!» деп жатамыз. Айрықша қуанышты жағдайды «Ақ түйенің қарны жарылған күн» деп бағалайды.

Қазақ түйеге мінеді, оған жүк артады. Ал бас білмейтін түйе мінгізбейді де, жүк те артқызбайды, сондықтан оған бас білдіріп, жетекке жүргізу үшін, тайлақ кезінде мұрнын тесіп, тесігіне жіп өткізіп қояды, ол жіпті «мұрындық» дейді. Ондай түйе мұрындықты тартқан жағына жүре береді. Өзгенің жетегінде жүретін кісіні қазақтың «Танауын тескен тайлақтай» дейтіні содан.

«Көш көлікті болсын!» деген тілектің де түйеге қатысы бар. Өйткені қазақ негізінен түйемен көшкен. Не түйесі, не басқа көлігі жоқ адам жаз жайлауға, қыс қыстауға көше алмай, «жатақ» атанады. Көшіп келе жатқан ауылдың көшін ақсақалдар бастайды, қыз-келіншектер көштің соңында ойнап-күліп келе жатады. Көш қия жолда, қиын жолда бірдемеге ұшырап қалмас үшін, алдыңғы түйенің қасында жол бастаушы жігіт жүреді.

Көшіп келе жатқандар ауылдың үстінен немесе қасынан өтіп бара жатса, отырған ауылдың адамдары алдынан сусын, басқа да дәм-тұздарын алып шығып, «Көш көлікті болсын!» деген тілектерін айтады.

«Өзі жаман жігітті түйе үстінде ит қабар» деген де бар. «Жүгі мойына кеткен түйедей» деп те біреулерді сөгіп жатады.

Құстың үлкенін қазақ «түйекұс» дейді. Қазір оны қолға бағып отырғандар да бар.

Түйе артына қарай шаптырады. Кері сөйлейтін, кертартпа кісілерді «түйеше шаптырып» дейтіні содан.

«Қуырдақтың көкесін (үлкенін) түйе сойғанда көрерсін» деп, ұсақ-түйектің өзін игере алмай жүргендерге кейиді.

Жемқорларды «Түйені түгімен жұтыпты» деп жазғырады. Өте шыдамды, көнбіс, төзімді, көнгіш мал болғандықтан, соны бейнелейтін «Жуас түйе жүндеуге жақсы» деген мәтел бар. Бірде келіншек көшкенде түйеге жүк артса, қомы дұрыс қомдалмағандықтан, жүгі бір жағына қисайып қалады. Оны байқаған атасы: «Шырағым, қомың қисық қой», — десе керек, оған келіні: «Ата, түйе қисық екен», — депті-міс.

Қыс пен күз кезінде күйі келіп, бураның шабыттанған кезін «жарау» дейді. Жараған бура аузынан ақ көбігі ағып, бұтын құйрығымен шапаттап, ұрынарға қара таппай құтырып кетеді. Ондай кезде ол өте қауіпті, ондай шабаланған бура атты адамға да, жаяу адамға да шауып, жазатайым етуі мүмкін. Әркімге бір соқтығатын шатаққой адамды «жараған бурадай» дейтініміз содан.

Дөкір сөйлейтін кісіге «Сөзі түйеден түскендей» десе, иілмей, еңкеймей іс істейтін олақ адамды «түйе үстінен қимылдайды» деп жатады. Дөрекі сөйлейтін кісіні «сөзі түйеден түскендей» дейді.

Аса қиын, жауапты жұмысқа кірісерде адам өзіне өзі «Нар тәуекел!» деп жігер береді. Үлкен тәуекелге бел будым дегені, әрине. «Мынауың бір түйеге жүк болады ғой!» деп, заттың көптігіне таңғалып та жатамыз.

Қазақтың түйені өте сүйкімді мал санайтынын дәлелдейтін нәрсе өте көп. Мәселен, баласына, жер-суға қойған аттарға қараңыз: Нарбота, Нарғыз (Нарқыз), Тайлақ, Ботақан, Ботағөз, Нартай, Нарбай, Бурабай, Түйе мойнақ, Түйесойған, Жәркент өңірінде Бұрақожыр деген тау, Бурақожыр деген өзен бар, Наркеткен деген су, Іленің бас жағында Нараты деген шатқал бар.

Айта берсек, түйеге қатысты талай нәрсе бар. Асан қайғы бабамыз желмаяға мініп жер шолған, Ақан сері өзінің Маңмаңгер деген атына «Жүрісің жолмаядай жануарым» десе, Құлагерін «Бота тірсек» деп суреттеген.

Жігіттің ең ірісін «Нар тұлға», балуанның ең күштісін «түйе балуан», қамыстың ең үлкенін «нар қамыс», қылыштың өткірін «наркескен», арбаның түйе жеккен үлкенін «түйе арба» десе, қонаққа түйе табакпен ет тартады.

Түйенің терісі қалың, мықты келеді, сондықтан оны өндеп, қымыз құятын саба, мес, қауға, көнек, торсық жасайды. Түйенің терісін жіңішкелеп тіліп таспа жасайды да, сол қайыспен әлгі ыдыстарды тігіп тастайды, сонда ол ыдысқа түйенің терісінен басқа бөтен ештеме қосылмайды, сондықтан оның ішіндегі нәрсе ұзақ уақыт бұзылмайды.

Түйенің шудасынан ескен қысқа арқанды «түйе жіп» дейді. Түйенің жүнінен түйежүн шекпен, түйежүн көрпе, түйежүн шәлі, тағы басқа да киім-кешек тігеді.

Адамның қолы-басын шағатын қалақайды да, қолы-басына тікенше қадалатын жантақты да, тағы басқа тікенді бұталарды түйе жей береді. «Түйе жапырақ» немесе «түйе табан» аталатын өсімдік бар.

Шөлді, шөлейтті жерде өмір сүретін араптар түйені бізден бетер қастерлейді. Олар әлі күнге дейін түйе жарыс өткізеді.

Әлемде «түйе» деп аталмайтын, бірақ түйе тектес жануарлар Қазақстаннан басқа жерлерде кездеседі. Мысалы, «лама», «гуанако» дейтін жануарлар соған жатады.

Қазақта «Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң, Кең жайлау құлазиды ел кеткен соң» деген өлең, Оспанхан Әубәкіров ағамыздың: «Түйе жесен, мактайды, Түгіме жетсең, соттайды», — дейтін әжуәсі бар. Балалар бірінің үстіне бірі секіріп мініп, «түйебас» ойнайды.

2. Жылқы. Төрт түліктің ішіндегі төресі. Шығаратын дыбысын (дауысын) **кісінейді, оқыранады, пысқырады** дейді. Өріске немесе өрістен айдағанда, бір-бірін жоктап, бір-бірін іздеп, шұрқырап қозғалады. Арасында пысқырып, оскырып, бүкіл даланы үлкен дүбірге толтырып жібереді.

Қазақтар жылқыны қасиетті мал санайды. Солай екеніне титтей де күмән жоқ. Өйткені ол — елімізді, жерімізді, Отанымызды жаудан қорғасқан жауынгер мал. Қазақтың аңыз батырлары Қарақыпшақ Қобыланды астындағы аты Тайбұрылсыз, Қоңырат Алпамыс батыр астындағы Байшұбарсыз жауға қалай қарсы шыға алар еді? Шыққан күнде де, оған не істей алар еді? Қарақасқа атсыз Қамбар да, Қара жорға атынсыз Қарасай да, Кубас атына мінбесе, Қаракерей Қабанбай да, Көкөйнағынсыз Райымбек те қалай батыр болар еді? Жылқы жануарының ең үлкен қасиеті — осы: ердің қанаты, батырдың серігі болуында.

Ол — табиғатынан тазалықты сүйетін мал. Ол суды тек таза жерінен ішеді, лай суды ішпейді. Сол қылығына қарай текті мал саналады, оның тезегінде де жағымсыз иіс болмайды.

Еркегін **айғыр**, ұрғашысын **бие** дейді. Жаңадан үйірге түсіп жүрген жас айғырды «сәуірік» деп атайды. Жылқының жаңа туған төлін **құлын**, еркелетіп **құлыншақ** дейді. Келесі жылы **тай** болады. Құлын мен тайдың арасында **жабағы** болады. Одан кейін еркегі **құнан**, ұрғашысы **байтал** аталады. Содан кейін **дөнен**, бес жасында **бесті** болады. Бірнеше құлындаған үлкен биені **мама бие** десе, әлі құлындамаған жас биені **қысырақ** дейді, ал қашпай (айғырға қосылмай) қалған, буаз болмай қалған биені **қысыр** дейді. Мүлде тумаитын биені **бедеу** деп атайды.

Бітеу тұяқты, тұяғы өте қатты мал. Жылқыны «**Шу!**» — деп айдайды, «**Дырр!**» — деп тоқтатады, «**Құру-Құру!**» — деп қайырады, «**Мох-мох**» — деп шақырады.

Айғыр болып кетпеуі үшін, еркектік безін алып, пішіп тастаған жылқыны **ат** дейді. Оны мінеді, әртүрлі жұмысқа салып, көлік ретінде пайдаланады. «Ат» сөзі көп мән сөзге жатады. Айтылуы бірдей болғанмен, мәні мен мағынасы әр басқа алты сөз бар. Біріншісі — мінетін ат. Екіншісі — адамның аты. Кәдірбек, Төлен деген сияқты. Үшіншісі — мылтық немесе садақ ат деген мағына береді. Төртіншісі — «насыбай ат» дейміз. Бесіншісі — көзімен атады. Бұл — бейнелі мағына. Алтыншысы — «жаман атқа қалма! Құдай жаманатынан сақтасын!» — деген мағынада қолданады.

Аттың аса жүйрігін **тұлпар** немесе **күлік**, **сайгүлік** дейді. Шыңғыс ханның төрт ұлын, төрт батырын «Төрт күлік» деп атағаны тарихтан белгілі. Аттың жүрісі жайлысын **жүріскер**, желетінін **желіскер**, жорғалайтынын **жорға**, қанша мінсең де шаршамайтынын **мініскер** дейді. Аттың атырылып тұрған әрі жүйрік, әрі мықтысын **арғымақ** дейді. Белі мықты, шыдамды атты **қазанат** десе, не жөндеп жүрмейтін, не жөнді шаппайтын атты **шабан ат** дейді. «Өтпес пышақ, шабан ат, жаман қатын — осы үшеуі жігітті қартайтады», — деген өлең бар.

Жүйрік атты бәйгеге қосады. Бәйгеге шабатын аттарды жинайтын орын — **көмбе**, бәйгеге шабатын орын — **атшабыс**, бәйгенің басталатын жері — **сөре**, бәйгенің бітетін жері — **мәре**. Аттар ұзаққа, алысқа шабатын бәйгіні (бәйгені) **аламан бәйге**, жорға аттардың жарысын **жорға бәйге**, балалардың тай мініп шабатынын **тай жарыс**, құнан мініп шабатынын **құнан бәйге** дейді. Ат үстінде **қыз қуу**, «аударыспақ», «жамбы ату», «теңге ілу» секілді ұлттық ойындар ойналады. Атты бәйгеге, көкпарға, т.б. ойындарға баптаушы — **атпаз**, ал атқа құмар адам — **атпоз**, жылқының қыр-сырын, бабын қанық білетін, оны бағып-қағатын, атпен бәйгеге де шабатын, көкпарға да, басқа да ойындарға дайындайтын шебер адамды **шабандоз**, ал бағатын адамды **жылқышы** дейді. Атты мінуге қажетті жабдықтардың жиынтығын **әбзел**, **ер-тұрман** дейді. Атқа үстіне **ер** салып мінеді. Оның **қазақы ер**, **қалмақ ер**, **құранды ер**, **орыс ер** деген түрі бар. Ердің астына жұмсақтап **терлік**, **ішкілік**, сонан соң **пішпек**, оның үстіне **тоқым** салады. Ердің үстіне **көпшік**, оның үстіне **ат көрпе** төсейді. Аттың үстінде орнықты тұруы үшін, ерді аттың төс жағынан **төс тартпамен**, шап жағынан **шап тартпамен** тартады. Ерді алдыға жылжытпайтын қайыс әбзел — **құйысқан**. Ол аттың құйрық

астынан өткізіліп, ердің арт жағына бекітіледі. Ерді артқа жылжытпайтын әбзел — **өмілдірік**. Ол аттың омырауынан өткізіледі.

Аспанда ұшып жүрген көгілдірік,
Жарасар жүйрік атқа өмілдірік.
Жаным-ау, неге келдің, неге кеттің,
Бір жағын қабырғамның сөгілдіріп? —
дейтін қара өлең бар.

Аттың басына қайыстан жасалған **жүген** кигізіп, атты сол арқылы басқарып, ары-бері бұрады, тоқтатады. Аттың аузына көлденеңінен салып қоятын жүгеннің темір бөлшегі **ауыздық** дейді. Ауыздықтың екі шетінде дөңгелек темір шығыршық болады, соған қайыстан жасалған **тізгін** жалғанады, ат үстінде отырған адам сол тізгін арқылы атты қалаған жағына бұрып, бағыттап отырады. Ал ауыздықтың шығыршығына тізгінмен қабат байланатын жіпті **шылбыр** дейді. Жылқының құйрық немесе жал қылынан ескен шылбырды **қыл шылбыр** дейді. Аттың ауыздығын алып су ішкізеді, отқа қояды, сол кезде шылбырдан ұстап отыруға болады.

Ат шөп жеп жайылып кетпеу үшін, жүгеннің тізгінін ердің алдыңғы қасына байлап қойса, оны атты **қантарып қою** дейді. Қар көп жауып, мал жайыла алмай қантарылып қалатын қыс атын қазақтың **қантар** деп атайтыны содан.

Аттың басынан жүген сыпырылып кетпес үшін, аттың тамағының астынан өткізіп байлап қоятын қайыс бауды **сағалдырық** деп атайды.

Атты сол жағына келіп, сол аяғын салып мінітін ойық **темір — үзеңгі**. Оның ерге бекітілген қайыс бауы — **үзеңгі бау**. Атты жүргізу үшін ұрып отыратын құрал — **қамшы**. Оның сабы негізінен түзу тобылғыдан немесе еліктің сирағынан жасалады. Қамшының өзі қайыстан өріледі, бес өрім, тоғыз өрім қамшы болады. Ең жуаны — **дойыр қамшы**. Аттың сол жағы — **мінер жағы**, оң жағы — **қамшылар жағы**. Қамшымен ұруды «қамшылау» дейді. «Қамшыладым», «қамшының астына алдым» деп жатады. Көкпар тартқан кезде кейбіреу қамшыласып қалады. Ұрғаны қатты әрі қалай ұруды жақсы білетін жігітті **қамшыгер** деп ерекшелейді. Атақты қамшыгерлер кісіні арқасынан соққанда, үстіндегі тонын қақ айырып жіберетін болған. Кейбір қамшыгер ұрған адамын өлтіріп те жіберетін көрінеді. Соған қарағанда, қамшыны суық қаруға да жатқызуға болады.

Қолымда бір қамшым бар бүлдіргелі,

Өзіне бір сөз айтам күлдіргелі, —

деген қара өлең бар. **Бүлдіргелі** — қамшы ат үстінде қолдан түсіп қалмау үшін, білезікке іліп қоятын қайыс бау. Жылқы артқы аяғымен жекелей де, қос аяқтап та тебеді, алдыңғы аяғымен тарпиды. Аузымен тістейді, тізесімен, кеудесімен қағады. Жөнді-жөңсіз тебе беретінін **тебеген ат** дейді. Жылқы тепкен адам, жанды жеріне тисе, өліп те кетеді.

Жылқының шаруашылыққа тиетін пайдасы зор. Қойшылар, бақташылар, жылқышылар — жалпы малшылар — малды атқа мініп баққан. «Атты қойшы — ашуы қатты қойшы» саналған. Атпен шана да сүйреткен, арбаны да тартқан. Қос ат жеккен, жеке ат жеккен арбалар болған. Төбесі жабық, мінітін, түсетін текпішегі бар күйме арбаны бірнеше атпен тартқан.

Атпен соқа да сүйреген, оны **атсоқа** деген. Шөп шауып, мая салғанда, шөмелені маяға сүйреммен тартқан.

Жылқының жалынан, құйрығынан қыларқан ескен. Ол өте мықты болады. Қылшығы қолға, денеге қадалады. Жыланы, бақа-шаяны көп жерге қонғанда, үйдің төңірегіне айналдыра қыларқан төсеп қоятын да әдіс бар.

Тай мен құлынның терісінен **тайжақы** дейтін сырт киім тігіледі. Оны жас балалар киеді.

Қолға үйренбеген, әлі мінілмеген жылқыны **асау** дейді. Асауды үйрету үшін, оны ұстайтын арнайы құралды **құрық** дейді. Құрықтың сабы әрі ұзын, әрі жіңішке, әрі мықты ағаштан жасалады. Оның ұшында жылқының мойнына ілетін арқанбау болады, ал ол арқанның бір ұшы жылқышының қолында

тұрады. Арқанның ілмегі жылқының мойнына ілінген соң, құрықтың сабы босайды да, құрықшының қолында тек арқанның бір ұшы қалады, бір ұшы асаудың мойнында тұрады. Бір адамның асауға шамасы жетпесе, бірнеше адам жабылып арқанды өзіне қарай шыжымдап тартады да, әбден асауға жақын келген соң, оның басына жүгенді кигізіп **жүгендейді**. Асау үйреткен жырынды жігіт немесе бозбала асауға ер салмай жайдақ мінеді. Әйтпесе бірнеше адам жабылып, асауды ерттеп те береді.

Асау, әрине, мөнкіді, тулайды. Жоғары шапшып секіреді, тоңкиып тебінеді. Асау үйреткен адам соның бәріне ептілік жасап, жығылып қалмауы керек. Адамды жыға алмаған асау ақырында шаба жөнеледі. Шаба-шаба шаршайды да, үйретушінің ыңғайына көне бастайды. Мұны **асау үйрету** дейді.

Атты бұғалық тастап та ұстайды. Арқанның бір ұшын шалма қылып тұйықтайды да, алыстан асаудың мойнына дәлдеп түсіреді. Оны **шалма тастау** дейді.

Сак бабаларымыздың мұндай бұғалық арқанды соғыста да пайдаланғанын Геродот өзінің тарихи кітабінде жазған. Грек ғалымы сол өзі жазған тарихта біздің «арқан», «ер», «опат» деген сөзімізді өзгертпей пайдаланған.

Ат үйретудің басқа да жолы бар. Қазақ бұрын баласына кішкене кезінде бір құлынды меншіктеп беріп, оны **бәсіре** деп атаған. Бала өзінің бәсіре құлынымен бірге ойнап ержеткен. Құлынды құшақтайды, сипалайды, оған жемді өзі береді, желіге өзі байлайды, сөйтіп жүріп мініп те алады. Әбден дос болып кеткен құлыны досының дегеніне көне жүріп, ақырында оның мінітін атына айналып шыға келеді.

Тасты, таулы жерге мінітін аттың не алдыңғы екі аяғын немесе төрт аяғын да тағалап мінеді. Таға аттың тұяғына шақтап темірден соғылады. Аттың тұяғына таға арнайы шегемен (қырлы) бекітіледі. Молдабайдың «тағалаған жорғадай» деуі тау мен тастан таймайтындығында, яғни сөзден сүрінбейтіндігінде. Ат мінген екі жолаушы тоқтағылары келсе, ал айдалада аттарын байлайтын ештеңе болмаса, онда екі атты құйыскандастырып қоя салады. Ол үшін екі атты айқастырып, бірінің құйысканына екіншісінің тізгінін, ал екіншісінің құйысканына бірінші аттың тізгінін байлап қояды. Сонда бастары екі жаққа қарап қалған аттар амалсыз бір орнында қозғалмай тұруға мәжбүр болады. «Құйыскандап қойыңыз» деген — сол.

Аттың алдыңғы екі аяғын байлап қоятын қысқа жіпті **тұсау**, алдыңғы екі аяғы мен артқы бір аяғын шалып, үш аяқтап байлайтын әбзелді **шідер** дейді. Содан тұсаулы ат, шідерлеген ат деген тіркес туады. Әдемілеп, безендіріп жасалған тұсау мен шідер де болады. Біржанның Ләйлімге: «Шідерімнің бағасы — қырық қысырақ», — дейтіні содан.

Шыбын-шіркейдің ішінде сона, маса мен бөгелек атты шағуға құмар келеді. Әсіресе бөгелек тұмсығын айнала ұшып мазасын алады. Содан қорғанып басын шұлғып, құлағын қайшылап, аяғын тарпып, тыпыршып тұрған атты **бөгелектеп** тұрған ат дейді. Қазанғаптың «Торы жорға аттың бөгелек қағуы» деген әйгілі күйі бар.

Әрнәрседен секемденіп, әрнәрседен шошына беретін атты **үркек** ат санайды, ондай атты мінген адам өте сақ болуы тиіс. Мінген кезде тулап, мөңгіп кететін атты **мөңгігіш** ат санайды.

Жылқының жаңа сауған сүтін **саумал** десе, арнайы сабада, күбіде ашытқан, піскен түрін **қымыз** дейді, оның **түнемелі қымыз**, **дөнен қымыз**, **бесті қымыз** деген қанша уақыт сақтағанына қарай аталатын түрлері болады. Жалпы аты — сары қымыз.

Сабаны малдың өндеген терісінен, ал күбіні ағаштан иіп, соны құрап жасайды. Биенің саумал сүтін сабаға құйып ұзақ піскен соң, бабына келген қымызды өндірге, тұлыпқа, мес пен торсыққа құйып сақтайды, тасиды. Тұлыпты ешкінің терісін бітеу сылып алып жасайды. Торсық та өңделген теріден жасалатын іші қуыс ыдыс. Қымыз көп піскен сайын сапалы болады. Оны пісетін ағаш құралды

піскек дейді. Қымыз — қазақтың ұлттық ішімдігі, сусыны. Оның емдік қасиеті де бар, адамды өкпе ауруынан сауықтырады, қуаттылығын арттырады. Сабадағы қымызды тек өрге-төмен піседі, араластырмайды, шайқамайды. Кісіге құйып берерде де тек жоғары-төмен сапырады. Аз дегенде қырық сапыру керек дейтін заңы да бар. Себебі сапырған сайын қымыз жуасиды, дәмді болады. Сабада пісілген қымызды басқа ыдысқа қотарғанда, қымыздың бетінде кара қоңыр түйіршіктер қалқып жүреді, оны дәкемен сүзіп тастайды, қымызбен бірге тостағанға құймайды. Ол түйіршік қымыздың сапасын көрсетпейді, оны көрген кісі қайта одан жиіркенеді. Сабаны әлсін-әлсін тазалап тұрмаса, іші өңезденіп, содан қымыздың дәмі бұзылады. Сабаның ішін тобылғымен, жалбызбен, тағы-тағылармен ыстап, **ысталған қымыз** жасайды. Қымыздың сапасын таңдайға татуы және таңдайға жұғуына қарай бағалайды.

Жылқының сүбесінен, қабырға етінен **қазы**, жай етінен **шұжық** жасайды. Екеуі де кәделі ұлттық тағам.

Құйрық-жалын күзеп жіберген жылқыға ұры да, барымташы да тиспеуі тиіс. Өйткені ол — қайтыс болған кісінің асына немесе жылына соятын мал. Оны ұрлау кісәпірлік саналады. Бір айғырға бағынатын бие-байталдың тобы — **үйір**. Үйір-үйір жылқысы бар ауыл — **жылқылы ауыл**, ал бие байлап отырған ауыл — **қымызды ауыл**. Сауылатын биелердің құлынын байлайтын арнайы бұршағы бар арқанды **биебау** — **желі** деп атайды.

Жабайы жылқы қазір Қазақстанда жоқ, оның «тарпаң» деген түрі бұрын Батыс Қазақстан жақта болған екен, қазір кездеспейді.

1870-жылы орыстың жаһангезі Н.М.Піржевалский Шығыс Түркістан мен Моңғолиядан жабайы жылқының түрін тауып, оны ғылымда **Піржевалский жылқысы** деп атаған болатын. Біраз ғалым оны тарпаңның бір түрі деп қараса, біразы жеке тұқым деп санайды. Америкада **мұстанг** деген түрі бар. Ғалымдар жылқыны адамзат біздің дәуірімізге дейінгі II-III-ғасырда Мысырда қолға үйреткен деп санайды. Алайда қытай тарихында қазақтың арғы бабасы саналатын сақ тайпасы б.д.д. VII-VIII-ғасырда өмір сүргенін, олардың негізгі байлығы да, көлігі де жылқы болғаны ап-айқын жазылған. Ал б.д.д. II-ғасырда құрылған, тікелей **сақ**, **құн** тайпасының мұрагері саналатын үйсін мемлекеті де атты әскер ұстаған, көлігі де, азығы да жылқы болған. «Ат — ер қанаты» дейді қазақ.

1987-жылы Тобыл өзенінің төменгі тұсынан Башқұртстан мен Қазақстанның аралығынан Арқайым атты біздің дәуірімізге дейін XI-ғасырда салынған құлыптастан да ат жабдығы табылған.

Аттың арқасына салып мінетін ерді, аяғын салып мінетін үзеңгіні, аттың басына кигізіп басқаратын жүгенді сақ, құн, үйсіндер ойлап тапқан. Демек жылқыны қолға үйреткен — қазақтың ата-бабасы.

Қазақтың ұлттық ойындарының көбі ат өнеріне байланысты.

Соған қарағанда, жылқы малын қолға үйретуде біздің бабаларымыздың орны ерекше. Бұрын қазақ әскері тек атты әскер ғана болған. Әскери жорыққа бабаларымыз **ереуіл** ат мініп шапқан, алыс жерге **ерулі ат** та алған. Жауға шапқанда төзімді, икемді, шымыр атты **тобышақ ат** деген.«Жүзден — жүйрік, мыңнан — тұлпар» дегеніне қарағанда, жүйріктің бәрін тұлпарға санамаған, жүйріктің жүйрігін, ұшқырдың ұшқырын ғана солай айтса керек.

Ат мініп жолға шыққан адам жолда атын аш қылмай, кинамай жүруге үлкен мән береді. Сондықтан жол-жөнекей өзі де демалып, атын да демалтып отырады. Айдалада атынан айрылып қалмау үшін, жолаушы атын отқа жібергенде, яғни, шөпке жайғанда, арқандап қояды немесе шылбырынан өзі ұстап отырады. Ал атым ұзақ жайылсын, бірақ бұл маңайдан ұзап кетпесін десе, не тұсап, не шідерлеп жібереді.

Қазақ батырлары әрі мықты, әрі жылдам ат мініп жекпе-жекке шыққан. Батырдың бойында бес қаруы болған, олар: садақ, найза, қылыш, шоқпар, айбалта.

«Қобыланды батыр» жырындағы Тайбурылдың көркем бейнесі қазақ жырының ең бір таңдаулы түріне жатады. Сол үздік жырдың үзіндісі мынау:

Сонда Бурыл гуледі,
Табаны жерге тимеді,
Көлденең жатқан көк тасты
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иіледі...
Қарсы келген қабақтан
Қарғып басып жөнелді.
Сенгір-сенгір таулардан
Секіре басып жөнелді...
Асқар-асқар белдерден,
Айдын шалқар көлдерден,
Қан сасыған жерлерден,
Тобылғылы нұрадан,
Сексеуілді жырадан,
Баялышты құмайттан,
Бүлдіргенді шынайттан,
Жалғыз шауып жол шекті.
Астына мінген бурыл ат,
Жауатын күндей күркіреп,
Жаңбырдай тері сіркіреп,

Құбылып ойнап жер басты.
Алдыңғыдан артқысын
Сынық сүйем кем басты.
Жалғаса ұшқан қоңыр қаз
Тозанынан адасты...
Шаба-шаба шайылды,
Табаны тиіп ұшқан тас
Қызылбас мылтық оғындай
Аспан көкке атылды.
Такиядай көрмеді
Үстіндегі батырды...
Арандай аузын ашады,
Аяғын топ-топ басады.
Бір төбенің тозаңын
Бір төбеге қосады...
Көл жағалай отырған
Көкқұтан мен қарабай
Көтеріліп ұшқанша
Белінен басып асады.

Аттың шабысын, жүйріктігін дәл мұндай көркем бейнелеп әсірелей суреттеген өлең қазақтың басқа жырында жоқ. Меніңше, әлем халқының еңбектерінде де жоқ. Себебі жылқыны қазақтай қадірлеген, жан-тәнімен сүйіп сыйлаған халық кемде-кем. Қанаты бар құсша ұшатын Тайбурылдай атты **пырақ** деп бағалаған дұрыс. Пырақ — ұшатын ат. Ұшатын атты ұшқыр жырға қосу — қазаққа ғана тән мінез.

Атты мадақтап өлең жазбаған, сүйсініп ән арнамаған қазақ өнерпазы кемде-кем. Біржанның «Бурылтай», Ақанның «Құлагер», «Маңмаңгер» әндері өзгелерден оқшау тұрады. Кім шығарғаны бізге белгісіз, халық әні саналып жүрген «Сұржекей» әні қандай? «Арқада толып жатыр жылқылы бай» деп шырқайтын Толыбай сыншының әні қандай? Тындасан, мейірің қанғандай. Аттың қыры мен сырын алақаныңа салып бергендей суреттейтін Абайдың «Аттың сыны» атты өлеңі қандай? Бірінен бірі өтеді. Әрине, атты сүйген халық қана сөйтеді.

Жүйрік атынан айрылғанда, адамынан айрылғандай аңыраған Ақанның Құлагерін жоқтаған әні күллі қазақтың құлағынан кетпейтін жоқтау емес пе? Жүйрігін жоқтап ән шығарған Ақанның сол Құлагерге арнаған жоқтау өлеңін Ілияс Жансүгіров былай жазып алыпты:

Қайтейін, өттең, менің Құлагерім,
Салбырап шабушы едің төменгі ернің.
Баурына сұқтан соқтың келіп өлдің.
Қайтейін бұйырмады арам терің,
Құлагер кішкентайдан құрдас еді,
Түлкіні тастан қашқан бұрмас еді.
Болғанда таң мезгілі танау қағып,
Қойса да тасқа біткен тұрмас еді.
Құлагер кішкентайдан керім еді,
Нағашым сұрағанда беріп еді.
Жылқыны Жыландыдан айдағанда,
Бір сыншы көзі шыққыр көріп еді.
Құлагер кішкентайдан досым еді,

Тігілген жел жағымда қосым еді.
Бәйгенді осы жолы бір әпермей,
Қазанның жеткен жері осы ма еді?
Құлагер, атаң — тұлпар, анаң — сұңкар,
Соғып ем семізінде сегіз арқар.
Ананның бауырында бір құнан бар,
Тәңірім аман қойса, о да тұлпар.
Құлагер, атаң — тұлпар, анаң — жүйрік,
Алладан Құлагерге келді бұйрық.
Ананның бауырында бір құнан бар,
Тәңірім аман қойса, ол да жүйрік.
Құлагер кішкентайдан тай болғаны,
Жігіттің артық дәулет бай болғаны.
Өлді деп Құлагерді естіргенде,
Көңілі дұшпан иттің жай болғаны.
Құлагер кішкентайдан керім еді,
Иесі бұл керімнің серім еді.
Алдында келе жатқан Құлагерді,
Мандайдан қандай ақымақ періп еді?
Құлагер шапқан сайын созылады,
Астаудай төрт аяғы қазылады.
Өлді деп Құлагерді естігенде,
Үйдегі қатын-балаң азынады.
Ауылым Қызылтаудың жел бетінде,
Қараймын Құлагердің келбетіне.
Еліміз: «Апарма!» — деп қақсап еді,
Қараймын енді қалай ел бетіне?
Міндім де Құлагерді өрге бардым,
Құлагер, қазан жетіп өле қалдың.
Бәйгеге бір апарып қосқанымда,
Жүз жылқы, алты түйе, бір жамбы алдым.
Ту ұстап, тұлпар мінген Мұса серің,
Аралап бұл үш жүздің бәрін келдім.
Әлінің хазіреті дүлдүліндей
Үш жүзге мәлім болған Құлагерім!
Ой — ай, неге келдім, ойбай-ай!
Қазақ өлген адамға жоқтау айтады, арнайы жоқтау шығарады. Ал Ақан өлген атын жоқтап ән де, өлең де шығарған. Демек атын адамдай сыйлаған.
Мұны Жансүгіров әйгілі әнші Қали Байжановтан жазып алыпты.
Құлагердің жоқтауы әлі күнге дейін қазақ халқын терең ойлантып келеді.
Атқа мінгендер азайғанмен, атты қадірлейтіндер қазақта әлі көп. Өйткені жылқы — біздің ата-бабамыздың қанаты да, қолқанаты да.
Оларды Мысырға, Жерорта теңізіне, Қапқазға, Америкаға дейін жеткізген — сол. Жылқының иесі мен киесі Қамбар ата саналады.
Қызыл түсті жылқы болмайды, түсі ақ атты қазақ ешқашан «аппақат» демейді, «қызыл ат» дейді. 1930 бен 1933 — жыл жайында жазған Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл ат» атты дастаны бар. Қара ат, сары ат, қоңыр ат, боз ат, көк аттан басқа да жылқының түсіне байланысты сөз тілімізде өте көп. Төрт түліктің ішінде түр-түсі көп түрлі мал — жылқы. Соның біразы былай: қара көк, ал қара көк, ақ ала, көк ала, қоңыр ала, ала, жирен, құла, шабдар, ала қасқа, қара қасқа, бурыл, сұр, қара сұр, көкшіл, ақ сары, ақшулан, көкшулан, боз шұбар, шұбар, көк шұбар, ақ шұбар, сары шұбар, теңбіл, теңбіл көк, тарғыл, шағыр, шегір, сүлік қара, кер, қара кер, кер құла, құла кер, баран, қылаң, торы, қара торы, сылаң қара, торы жирен, сары жирен, көк жирен, теңбіл жирен, күрен, қара күрен, теңбіл, қасқа, қара қасқа, көк қасқа, сары қасқа, боз қасқа, т.с.с.

Қазақ өзінің қадірлі малына байланысты мәтел, мақал, көп сөз, көп әңгіме де қалдырған. Соның біразын еске салып көрелік.

«Бір кісі таққа отырса, қырық кісі атқа отырады».

«Атқа отырады» дегені — «қызметкер болады» дегені.

«Жаман айғыр енесіне шабады», «Аттың құлағында ойнайды», «Ат құйрығын кесістік» дейді бір-бірімен араздасқан адамдар.

«Сырын білмейтін аттың сыртынан жүрме», «Кісі — сөйлескенше, жылқы — кісінескенше», «Байтал түгіл, бас қайғы», «Байтал шауып бәйгі алмас» (астарлы мәні адамға қатысты, қазақ ұрғашы малды бәйгіге қоспаған), «Ат шаппайды, бап шабады», «Ат айналып қазығын табады», «Ту ұстап, тұлпар мінген ата-бабам», — деп, өз тегін дәріптейді, «Енесі тепкен құлынның денесі ауырмайды», «Ат тұяғын тай басар», «Асың барда ел таны беріп жүріп, атың барда жер таны желіп жүріп», «Арық атқа қамшы да ауыр», «Баласы түзде атқа шапса, шешесі үйде тақымын қысады», «Жақсы ат аяғынан қалады», «Жүйрік аттың тоқымы кеппейді», «Ат жақсысы — кермеде, жігіт жақсысы — түрмеде» (қазақ Ресейге бодан болып тұрғанда шыққан мәтел), «Есектен жығылғанша аттан жығылған жақсы, есек тұяғын тосады, ат жалын тосады», «Атының сыры иесіне мәлім», «Ұзын арқау, кең тұсау», «Аттыға ілесем деп, жаяудың таңы айырылыпты», т.с.с.

Бір атқа бірнеше адам мінсе, оны мінгесу (мінгесу) дейді. Алыс жолға шыққанда, сыйлы кісінің өзіне де, атына да қарап жүру үшін қасына ерген адамды **атқосшы** деген.

«Ат тұяғы тимеген, адам аяғы баспаған жер» деп, таудың көзден таса жерін айтып жатады.

Қазақтар өзін жылқы мінезді санайды. «Жүйрік ат, қыран бүркіт, ұшқыр тазы, Жігіттің оған құмар өнерпазы», — дейді Үкілі Ыбырай. Аттың жасын тісіне қарап ажыратады. Бие баласын он ай көтереді, оның бала көтеріп жүрген кезін **буаз**, буаз бие дейді. «Сыйға тартқан аттың тісін ашып қарамайды» деп жатады. Ізет сақтаудың түрі болса керек. Қамшыны бүлдіргесінен ілмейді. Жаугершілік болады деп жорып, өрімі мен сабының жалғасқан жерінен екі бүктеп іледі. Бүлдіргесінен ілсе, ел бүлінеді, жорыққа шығудың ырымы деп есептейді. Жылқының ең нашарын **жабы** деген. Мініске ғана жараған. Жүйрік аттың бәйгеге шабар алдында да, бәйгіден келгеннен кейін де үстіне жабу жауып күтеді. Айдалада шөлдеген кісі ат жалының түбін сорып шөлін басады. Төрт түліктің ішінде жылқы ғана күйіс қайырмайды, өзге мал күндіз жайылады да, кешкісін сол жегенін аузына қайта әкеліп шайнайды, соны **күйіс** дейді. Жылқы малының шекесіне біткен бір топ жүнді **кекіл** дейді. Қазақ кекілді жас баланың маңдай үстіне қояды, ол — алмайтын, қырмайтын шашы. Аттың жүні өзге түліктің жүнінен өзгеше: үстіндегі жүні **қылшық**, құйрығы мен жалы **қыл** болады, сондықтан жылқыны **қылқұйрық** деп те атайды, аттың әдемілігін «құйрық-жалы сүзілген» деп бейнелейді.

«Бір биеден ала да туады, құла да туады» дегенді қазақ негізінен адамға қатысты айтқан. «Аттан!» деген сөз де атқа қатысты. «Атқа мін!» «Атқа қон!» дегенді білдіреді. «Шаттан!» «Сақтан!» дегеніміз сияқты.

Тізгінді тартқанда тез тоқтай қоймайтын, бұрғанда бұрыла қоймайтын атты **басы қатты ат** дейді. Баласын ертіп келе жатқан әйелді «құлынды биедей» дейді.

Ат жаратушы адам (атпаз) жылқы малының негізгі ауруларын және оның неден болатынын жақсы білуі тиіс. Мысалы, аттың үстіндегі ері дұрыс ерттелмесе, тоқымы дұрыс салынбаса, аттың жотасы сыдырылып, жараланып **жауыр** болып қалуы мүмкін. Оны пияу дейтін шөптің тамыр түйінімен емдейді. Шауып, терлеп келген аттың қанын таратпай, тез байлап қоя салса, ол **қолау** болып, аяғы ауырып **ақсап** қалуы мүмкін. Аттың аяғына қан түсіп, жем түсіп ақсауы содан. «Қан түссе аяғына, ат сүріншек» деудің мәні сода. Ал терлеп, шаршап келе жатқан атқа демалтпастан суық су ішкізіп қойса, онда ол **тышқан** деген тамақ ауруына ұшырап қалады. Ыстық-суықтың салдарынан жылқы «маңқа» ауруына ұшырап та қалады.

Жүрісі қатты немесе жайсыз атпен ұзақ жүргенде, кісіні ат соғып, денесі ауырып қалады. «Буаз бие мінгенге жақсы» деудің мәні, сірә, жүрісінің ондай кезде жайлы болатынынан шығар.

«Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас, Жаман адамға мал бітсе, жанына қаныс қондырмас» деу де өмір шындығын бейнелейтін сөз. Шынында, семіз ат пен арық аттың, арық ат пен көтерем аттың бір-бірінен қандай айырмашылығы болса, сондай адамдардың да айырмашылығы соған ұқсас. Қыршаңқы ат пен қыршаңқы адамда да белгілі бір ұқсастық бар.

Атқа мықты отыратын, көкпарды одан ала алмайтын жігітті «тақымы мықты» деп бағалайды. Ал атқа жөнді отыра алмайтын, сәл үріксе, жығылып қала беретін адамды **көті бос** адам деп кемсітеді.

Әсіресе көкпар тартқанда, біреудің атын ұстап, тізгінінен тартып үлгірмесе, үзеңгісінен, құйрығынан тартып тоқтатқысы келетіндерді **шаужайға** жармасушылар дейді.

Уақытты ажырату үшін, «ет пісірім уақыт», «бие сауымдай уақыт кетті» деп жатады.

Жылқы жайындағы қазақтың әңгімелерінде шек те, шегара да жоқ. Оны түгел қамту мүмкін емес.

«Жақсы ғой жылқы деген бағып жүрсе,

Мойнына үкі, тұмар тағып жүрсе.

Ішінен бір жүйрікті тандап мініп,

Аулына Қамажайдың барып жүрсе», —

деген қазақ аттың, жылқының қадірін білген ғой.

Біздің дәуірімізге дейінгі кезде сақ бабаларымыз Еуропаға барғанда, «Басы адамға, төмен жағы жылқыға ұқсайды, бұлар «кентавр» деп атапты», — деген де пікір бар. Аттың әдемілігін қыздың сұлулығымен теңестірген Сегіз сері өзінің Мақпал — Гауһартасына: «Жүйріктей әсем баспы, мойнын бұрған», — демей ме?

«Аттың желігі болады» деп жатады. Өйткені атқа мінген адамға желік пайда болады: шауып кетсе алдында жатқан кедір-бұдырдан секіріп кеткісі келіп тұрады. Атқа мінген адам мен қызметке ие болған адамды қазақ ұқсас санайды. Сондықтан «атқа мініпті», «аттан түсіпті» деп тұспалдайды. «Бір кісі таққа отырса, қырық кісі атқа отырады» дегеннің мәні — оның жақтастары да қызметке ие болады дегені.

3. Сиыр мәңгіреді, өкіреді. Екі мүйізді, төрт емшекті. Мүйізімен сүзеді, аяғымен тебеді. Мүйізі жоқ сиырды **тоқал сиыр** дейді. Бір ғана мүйізі барын **сынар мүйізді сиыр** дейді.

Төрт түліктің ішінде сүтті ең мол беретін аша тұяқты мал.

Еркегін **бұқа**, ұрғашысын **сиыр**, жұмысқа пайдалану үшін пішілген еркегін **өгіз**, жасырағын **өгізше** дейді. Арбаға жеккен өгізді **«соп!»** деп, басқасын **«өк!»** деп айдайды. Сауылатынын **сауын сиыр** деп атайды.

Оны сауатын адамды **сауыншы** дейді. Сиырды қазақта тек ұрғашы адам сауады. Сиырдың артқы екі аяғының (бұтының) арасындағы сүт жиналатын мүшесін **желін** дейді. Желіннің сүт шығатын, баласын емізетін төрт емшегі болады. Бұзауын иіскеп еміренгенде, сиыр иіді. Иігенде желініне барып сүті жиналады. Сол кезде сауылады.

Бірнеше бұзаулаған үлкен сиырды **мама сиыр** дейді. Төлін алты айға дейін **бұзау**, еркелетіп **бұзауқан**, содан бір жасқа дейін **торпақ** немесе **баспақ**, сонан соң екі жасқа дейін **тана**, **тайынша** дейді. Одан кейін 2 мен 3 жас аралығында ұрғашысы — **құнажын**, қашар, пішілген еркегі — **құнан өгіз**, пішілмегені — **бұқа**.

Қазақта «Құнажын көзін сүзбесе, буыршын бұйдасын үзбейді» деген мақал бар. «Буыршын» деп бұл күнде түйенің еркегін айтып жүрміз. Алайда орыс оқымыстысы Радлов ел арасынан «буыршын» дегенді сиырға қатысты жазып алған. Соған қарағанда, бұрын солай сөйлеген болуымыз мүмкін.

Қазақ сиыр малын **«Ау-хау!»** деп шақырады.

Піскен сүттің бетінен **қаймақ**, шикісінен **кілегей** айырады. Сүтінен **айран** ұйытады. Оған су араластырған сусынды «шалап» дейді.

Қайнап жатқан сүтті ашытқымен ірігіп **ақ ірімшік жасайды**. Ақ ірімшік аз уақытқа, сары ірімшік ұзақ уақытқа сақталады.

Айранды арнайы дорбаға сүзіп, одан қатық, сүзбе жасаса, сұйық құртты **ұйығұрт** дейді. «Ұйыған құрт» дегеннің қысқарғаны болу керек. XI-ғасырда жазылған Махмұт Қашқари бабамыздың «Түрік сөздігінде» **йоғұрт** деп жазылған. Сүзбеге ірімшікті араластырып **ежіге**, ал таза сүзбені сығып **сықпа** жасайды. Суы әбден сорғыған сүзбе **қатық** болады.

Сиырдың жазғытұрым түлеген жүнінен домалақтап балалар доп жасап ойнайды, ол — **киіз доп**.

Жүнді алақанына салып сулап (түкірігіңмен) укалай берсең, ол домаланып үлкейе береді, үлкейе береді. Керекті көлеміне жеткен соң, доп дайын болады. Соғыстан кейінгі жылдарда ондай жүн доппен ойынымызды талай қандырдық.

Сиырдың бір бұқаға бағынған тобын **табын** дейді. Оны бағатын адамды **табыншы** деп атаған. Орыстың «табунчик» деген сөзінің түп төркіні — сол сөз. Орыстар Шыңғыс хан мемлекетіне бағынып тұрған кезде орыс тіліне енген сөз. Табын-табын сиыры бар ауылды Сиырлы ауыл деп атайды. Бағатын кісіні **сиыршы, бақташы** дейді.

Сиырдың өгізін жеккен арбаны **өгіз арба** деп атайды. Өгізге, көшкенде, жүк те артады. Өгізді соқаға да жегіп, мінуге де жаратады. Оның басына арқаннан бұйда байлап, оны жүген орнына нөкталап пайдаланады. Мінгенде, өгіздің арқасына салатын ағаш ерді **ыңыршақ** деп атайды. Сиырдың киесі мен иесін **Зенгі баба** дейді. Мүйізді ірі қараға жатады.

Әлемнің әр жерінде бұйвол, яак, кодас, тур, зубр, бизон дейтін асыранды да, жабайы да түрі бар.

Сиыр — күйіс қайыратын мал. Күндіз жеген шөбін түнімен қайта шайнап қорытып жатады. Оның сыртқа шығарып тастаған нәжісін қоймалжың кезінде **жапа**, кепкен соң **тезек** дейді, оны жинап кептіріп, отқа жағады. Дешті қыпшақ халқының отқа тезек жағатынын арап саяхатшысы Ібін Батұтта да айтқан (XIV-ғасыр). Ол — Алтын орданы Өзбек хан билеген тұс.

Аузынан сілекейі ағып ауыратын сиырдың негізгі ауруын **аусыл** деп атайды. Ол — жұқпалы болғандықтан, өте қауіпті, жаппай қырылып қалуы мүмкін. Сиырдың жаппай қырылуын «топалаң келді», «топалаң тиді» деп жатады. Сиырдың келеңсіз қылығына ренжіген адамдар оны: «Ой, топалаң тигір! Қарасан келгір!» — деп қарғап жатады. Соған қарағанда, «қарасан» деген де аурудың түрі болуға тиіс.

Бір жылы Шығыс Түркістанға аусыл келіп, сиырлар қатты қырылады. Еркектер кешкісін үй маңындағы жотаға шығып әңгімелесіп отырғанда, Танжарық Жолды — ұлына әлдекім:

Тәке, аусылдан сиыр біткен қырылып жатыр, соған өлеңмен бірдене десенізіші! — дейді. Сонда Танжарық ақын қолма-қол суырып салып:

Аусыл келді, ендеше, аусыл келді,

Аусыл қырып, сиырлар таусылды енді.

Қатындар «қарасан» деп қарғаушы еді,

Қос қолдап саусағымды саусын енді, — депті.

Сиырдың жонарқасына ет пен терінің арасына қоңыз балалайды. Оны **оқыра** дейді. Ол үлкейіп, сыртқа шығар кезде, сиырдың арқасын жыбырлатқанда, оған төзе алмаған жануар жанын қоярға жер таппай жанталасады. Көзі алақтап, беталды шаба жөнеледі. Ондай кезде алдында тұрған бала-шағаны қағып та кетеді. Ондай оқыралаған («оқалақтаған» деушілер де бар) малдан бала-шағаны аулақ ұстайды.

Алдында тұрған адамды байқамайтындарға: «Оқыра тиген сиырдай саған не болды?» — деп жататынымыз содан.

Сиырды қазақ аса сүйкімді малға санамайды, себебі ол үйдің маңайына

жапасын тастап, былғап кетеді. Сондықтан оны үйден алысырақ жерге ұстаған.

Сиырдың өз төлін аймалағанын қазақ былайша өлеңге қосады:

Дүлей қалың қамысты
Аралаған торпағым.
Атқа сабан салғанда,
Сығалаған торпағым.
Асқа, тойға мінгенде,
Жорғалаған торпағым.

Оқыра қуып кеткенде,
Қорғалаған торпағым.
Кешегі күн кешінде,
Бүгін тағы бесінде,
Қара қосқан торпағым,
Жоғалыпты — қорқағым.

Жалпы, сиырды балажан жануар деуге болады. Өйткені өрісте жүріп желіні сыздағанда, ол ешкім қайырмай-ақ үйге өзі орала береді: торпағын емізуге асығады.

Теңізде болатын **сусиыр** дейтін жануар бар. Аты айтып тұрғандай, суда өмір сүреді. Қазақстанда жоқ.

Бауырмал мал деуге де болады. Егер сиыр малын сойғанда, топыраққа оның қаны тамғанын көрсе, бүкіл сиыр сол араны иіскелеп, өкіріп-бақырып жолатпайды, ол араны өте мұқият тазалап тастайды.

Сиырға да жемге араластырып тұз береді, оны **шылама** дейді. Науаға салып шыламаны да жегізеді, науаға құйып суды да ішкізеді. Ал малға шөп салып жегізетін арнайы орынды **ақыр** дейді. Тараз қаласының оңтүстік-шығысында **Ақыртас** атты құрылыс көнеден сақталған. XIII-ғасырдың ескерткіші. «**Сиыр сипағанды** білмес, жаман сыйлағанды білмес», — деп, жақсылығынды түсінбейтін адамдарға айтады. Ахаң «Тіл-құрал» кітабінде осы мақалды осы мен жазғандай етіп мысалға келтіреді. Және «**Ти!**» — десем, **тимейді**, «**Тиме!**» — десем **тиеді** деп дұрыс жазады. Мен де солай жазғанды дұрыс санаймын.

Жақсы мен жаманды ажыратпай, бәріне енжар қарайтын ынжық адамды жетекке жүре беретін бұзауға теңеп, «мынау бір бұзау ғой» дейді.

Бұзаудың, сиырдың терісін өндеп, былғары етік тігеді, ол әрі әдемі, әрі ұзаққа шыдайды.

«Сиыр су тастамайды» деген де сөз бар. Шөлдеп бара жатпаса да, кезіккен суға ернін бір малып өтетін сиырдың әдеті бар.

Сиырдың сары майы — қазақтың ұлттық тағамының бірі. Оның құрты да солай. Еті дүмбілез саналады. Ол — жеген адамды ыстыққа да, суыққа да жібермейді деген сөз. Ал қазақ аурудың көбі астан және ыстық пен суықтан болады деп санайды.

Қазақ қай малдың да семізін жақсы көреді. Сиырды семірту үшін, арнайы байлап бордақылайды.

Жаңа бұзаулаған сиырдың сүтін қайнатса, ол ұйып, қоюланып, **уыз** болады. Енесін сол кезде емген бұзау тез жетіледі. Ашқарақ, дүниеге, ақшаға қомағай адамды «уызынан жарамаған» деудің мәні содан.

Түр-түсі жағынан қара, қоңыр, сары, көк, ақ сиыр болады. Таза қызыл түсті сиыр кездеспейді, алайда қызыл қоңыр, қызыл ала, қызыл күрең сиырлар кездеседі. Ала сиыр, қара ала, ақ ала, көк ала, сары ала, қоңыр ала, тарғыл, шұбар, ақ бас, қара қоңыр, қасқа, сары ала қасқа, ала қасқа, қара теңбіл, тағы басқа да түр-түстісі болады.

Сиыр, жалпы, төрт түліктің ішінде ең қорқақ мал саналады. Басқа түлікке қарағанда суыққа шыдамсыз. Суға, сулы жерге үйір және кез келген жерге жапасын жалп еткізе салатын «салақ».

Сиырға қатысты халқымыздың мынандай жұмбақтары бар: «Ел жатса да, енекем жатпайды» — сиырдың мүйізі. Шынында, сиырдың өзі жатса да, мүйізі жатпайды ғой.

«Қара сиырым қарап тұр, қызыл сиырым жалап тұр». Шешуі — қазан мен от: қара сиыры — қазан, қызыл сиыры — от. Бірақ шынайы өмірде қызыл сиыр болмайды.

Бұдан өзге мақал-мәтел, тұрақты сөз тіркесі де біраз бар. Солардың біразын еске түсіріп көрейік.

«Өленді жерде өгіз семіреді». «Өлен» (шөп) сөзі — көп мән сөз. Бір мағынасы — өзен, екінші мағынасы — ұзын, өлен шөп, тағы бірі — өлен сөз «Ортақ өгізден оңаша бұзауым артық», асықпай жүруді «өгіз аяң» дейді, «Соқыр өгізге бәрі — топан» деген де бар.

«Қырда бұғының мүйізі сырқыраса, ойда сиырдың мүйізі сыздайды». Сірә, бұл мәтел бұғы мен сиырдың бір-біріне жақындығы бар жануарлар екеніне, ал адамның ағайынды қимауына меңзейді.

«Әңгіме бұзау емізеді, бұзау таяқ жегізеді», «Арба да сынбайтын, өгіз де өлмейтін» жолын тап, «Қашпаған сиырдың уызына қарап отыр», «Бұқаның өзі қартайса да, мұрны қартаймайды», «Ойы бұзық бұқа бұзаулардың ішіне барып жайылады», «Сау сиырдың боғы емес», «Өгізге туған күн, бұзауға да туады», «Айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылады», «Ит басына іркіт төгілген заман», «сиырқұймышақтатқан іс», «Жерді көтерген көк өгіз құсап», «топалан тиген сиырдай», «бұзаутіс қамшы», сабын қайнатқанда, қазанды араластыратын бұлғауышты «бұзаушық» дейді, «Жылқы міндім, — жорғалаттым, сиыр міндім, сидандаттым» деген де сөз бар, т.с.с.

Сыпайы емес адамды «сиыр сияқты» дейді. «Сиырша күйсеп» деген де бар.

Сиыр — осы күні елді ел етіп отырған негізгі мал. Ал бұрынғы кезде бай адамдарда түйелі бай, жылқылы бай, қойлы бай деп мақтағанда, сиырлы бай деп мақтамаған. Ел ішінде сиырдың сыпайы еместігін еске салатын ертегі шалыс әңгіме де бар.

Есте жоқ ерте заманда жылқы мен сиыр өзара айтысып, бір-біріне: «Сенен мен жүйрікпін!» десіп, ерегесіп қалады.

Ақырында екеуі кімнің жүйрік екенін куәлердің көзінше анықтауға келіседі. Қазылар алқасы құрылып, екеуі жарысады. Олардың жарысатыны жайында тау-тасты мекендейтін аң-құстың бәрі хабардар болады.

Өрге-төмен өліп-өшіп жүгірген жылқы мен сиыр біраздан соң әрі шаршайды, әрі шөлдейді. Жылқыдан оза шауып келе жатқан сиыр бір төбеге жете бергенде, шоңкиып отырған суарға жолығады.

— Суар сасық, су қайда? — дейді еңтігіп.

— Сиыр сасық, су әне бір төбенің астында, — деп, суыр сиырды алысырақ жердегі суға жөн сілтеп жібереді. Іле-шала жылқы да жетеді.

— Суар мырза, су қайда? — дейді ол да еңтігіп.

— Жылқы мырза, су міне, — деп, орнынан тұрады. Бастаудың көзін суар дүлімен басып, суды әдейі шығармай отыр екен, сап-салқын су сарқырай жөнеледі. Жылқы қанып ішіп, суарға алғысын айтып, ары қарай шаба жөнеледі. Сөйтіп ешқайда бұрылмай шапқан жылқы мәреге бірінші болып келеді де, содан былай жылқыға сиыр жол беретін болады.

Бұл — тәрбиелік мәні бар әңгіме. Сыйластықтың жақсылығын сыпайылық жасай білетіндер ғана көреді деген тәлім.

«Өнерді үйрен, үйрен де жирен» дейді халқымыз. Бұл — өле-өлгенше үйрене беру керек дегенді аңғартатын ақыл. Үйрене беру керек, үйренуден ешкім жамандық көрмейді.

4. Қой-ешкі. Төрт түліктің ең ұсағы, сондықтан «ұсақ мал» деп аталады. Қой мен ешкіні қазақ бір түлік санайды.

Қой **маңырайды**. Сүзеді, тебеді. Еркегін **қошқар**, ұрғашысын **саулық** дейді. Қошқардың иірілген үлкен мүйізі болады. Текеметке, кілемге, түскиіз бен сырмаққа салатын мүйіз өрнекті қазақ **қошқар мүйіз** дейді. Ал алтыннан құйып жасайтын жануарлар бейнесін **аңбейне өрнегі** дейді.

Қойдың баласын еркелетіп **қошақан**, әуелі **қозы**, үлкейген сайын **қарақұлақ** қозы, **марқа** қозы, **бағлан** қозы, **кепе** қозы деп атайды. Сонан соң **тоқты** болады. Одан кейін еркегін **ісек**, ұрғашысын **тұсақ** дейді. «**Шәй-шәй!**» деп шақырады, тоқтатады, «**Шәйт!**» деп қайырады, «**Пүшәйт!**» деп те шақырады, «**Ырый!**»

деп айдайды, **«қош-қош»** деп қозысын бауырына салып, емізуге икемдейді. Піскен сүтінен **қаймақ**, шикі сүтінен **кілегей** алып, **айран**, **қатық**, **құрт**, **ақ** және **сары ірімшік**, **сарысу**, **сықпа**, құрт пен ірімшікті қосып **ежіге** жасайды. Кілегейді шайқап-шайқап, одан **ақ май** алады, одан қалғанын **ірікіт** дейді. Майды қайнатып, одан **қайырған** май алады. Ол бұзылмайды, ұзақ сақталады. Қайнатқанда майдан бөлініп қалған қалдығын **торта** дейді.

XI-ғасырда өмір сүрген, «Түрік сөздігін» жасаған бабамыз Махмұт Қашғари біздің ата-бабаларымыз сүттен **йоғұрт** жасағанын, малдың шикі майын **жир (шір)** деп, айырбас жасайтын малдың өзін **тауар** деп атағанын жазады.

Айранға су қосып жасаған сусынды **шалап** дейді. Қатықты езіп те шалап жасайды. Жүнінен **жіп** иіріп, **арқан** еседі, әр түрлі **киіз**, (**текемет**, **алаша**, **түскііз**, **сырмақ**, **туырлық**, **түндік**), басқа **қалпақ**, аяққа **байпақ** пен **пима**, үстіге киетін **кебенек** басады, қой жүнінен иірген жіптен **қоржын**, терісінен **тон**, **шалбар**, **тұмақ** тігеді.

Қой жүнінен әртүрлі арқан есіледі. Қысқа, жінішке арқанды да **жіп** дей салу әдеті бар. Ал шүйке жіппен тоқыма киімдер тоқылады. Тоқу құралын **біз** деп атайды, оның ұшында жіпті іліп алатын имегі (ілмегі) болады.

Қазіргі күнде киім тігетін жіпті **мәшинежіп** десе, бұрынғыны **шүйкежіп** деген. Ол жіппен киім тігетін темір құралды **ине** дейміз, жуан инені **тебен**, одан үлкенін **жуалдыз** деп атаған.

Матаның ортасына жүн салып тіккен көрпені **жүн көрпе** десе, оның ішіндегі жүн ары-бері толқып кетпесін деп, жіппен әр жерінен тігіп қоюды **қабу**, қабып тігу деген.

Қойдың жүнін жуып, шуашынан ажыратып, жіп иіреді. Жіп иіретін құралды **ұршық** деп атайды. Жүнді жінішкелеп иірсе, ұршыққа жіп оралады, оның домалақ боп жиналған түрін **шүйке** деп атайды. Жіпті әртүрлі бояуға салып, одан түрлі-түсті жіп шығарады да, ол жіппен үйдің кереге жақ бетіне ұстайтын ши тоқиды — ол әрі сәнді болса, әрі киіз үйдің ішіне суық жібермейді.

Қойдың санын «бір бас», «екі бас қой» десе, ең шағын тобын **бір қора** қой, ал одан көбін **отар** дейді, бір отарда 600 қойға дейін бола береді. Қойдың жайылатын жері — өріс, жазда — **жайлау**, кені — **саржайлау**, көркемі — **көк жайлау**; қыста бағылатын жері — **қыстау**, күзде **күздеуде**, көктемде **көктеуде** бағылады. Қойды бағатын адам — **шопан** немесе **қойшы**. Киесі әрі иесі **Шопан ата** саналады.

Қой жататын ашық та, жабық та жер **қотан**, **қойқора** деп аталады. Төрт түліктің ең жуасы — қой, «қойдан жуас» деген тіркес соны аңғартады. Қазіргі қазақтар қойды саумайтын болды, сондықтан қойдың ақ майы, қойдың құрты, қойдың айраны, қойдың ірімшігі табылмайды. Қойдың асықты жілігінде **асық** болады, оны жинап, балалар асық ойнайды. Қолыңа алғанда, жалпақ жағы өрге, бүйірінің дөңес жағы **сыртқа**, тұмсығы өзіне, ал ойық жағы **ішке** қарап тұрса, ондай асық **оңқай**; ал керісінше, жалпақ жағы өрге, бүйірінің дөңес жағы **ішке**, тұмсығы өзіне, ал ойық жағы **сыртқа** қарап тұратын асық **солақай асық** болады. Оңқай асық ұстауға, атуға ыңғайлы болып келеді. Оның екі-үш адам отырып ойнайтын түрі — **құмар** немесе **іірмек**, **үйірмек**. Біреуі бастап өз асығын иіреді. Егер асық тонқайып тұра қалса, онда оны **ома** дейді. Ол жағдай ойында аса сирек кездеседі. Ома асықтың ең жоғарғы дәрежесі саналады. Егер тағы біреудің асығы ома тұрып, талас тумаса, онда асығы ома тұрған адам барлық асықты қолына жинап алып иіреді (үйіреді). Жерге шашылған асықтың қалай жатқанына қарап, ол: «Мынаны табыңдар!» — деп, асықтың ең қиын деген жатыс түрін немесе бірдей жатқан тобын айтады. Кім тапса, барлық асықты сол алады. Ал егер ешкім таппаса, барлық асықты иірген адам өзі алады. Мәселен, ол: «Алшымды тап!» немесе «Қос тәйкемді тап!» — деуі мүмкін. Иірген кезде асықтың тұру, жату дәрежелері мынандай болады: ең жоғарғысы — **ома**, тұмсығы төмен қарап, тонқайып тұрады; одан кейінгісі — **шома**, керісінше тұмсығы жоғары қарап, дүмімен тік тұрады; одан кейінгісі — **алшы**, асық тік тұрғанда, жалпақ жақ беті астына, шұңқыр беті үстіне қарап тұрады; одан кейінгісі —

тәйке, керісінше жалпақ тегіс жақ беті үстіне қарап тұрады; одан кейінгісі — **бүк** немесе **бүге**, дөңес жақ беті үстіне қарап, ал ойық беті астына қарап жатады; одан кейінгісі — **шік** немесе **шіге**, дөңес жағы астына қарап, ойық жағы жоғары қарап жатады. Осы дәреже бойынша, иірген кезде кімнің асығы қалай жатып, қалай тұрса, соған қарап иіру қақысына ие болады. Асық ойынының **Үш табан**, **Бір табан**, **Шеңбер**, т.б. түрі бар. Асықты көнге тіккенде, бір алшы, бір тәйкесін араластырып тігеді. Егер араластырмай, біркелкі не алшысынан, не тәйкесінен тігіп қойса, онда ойынға қарап тұрған кез келген бала: «**Қансыр!**» — деп, тігілген асықты түгел сыпырып алуға қақылы. Асық ойнағанда, **сақа** ұстаған бала көндегі асықты және қарсыласының жерде жатқан сақасын кезегімен қабаттап атқысы келсе, онда: «**Қат-қат!**» деп, ал егер не бір табан, не үш табан алысқа жетпей жатып қалған асықты атып алып, сонан соң көндегі асықты да атып алғысы келсе, онда: «**Аралаш!**» — деп алдын ала ескертеді. Бұл ойын баланы ұқыптылыққа, тәртіптілікке, ережені бұлжытпай орындай білуге және ептілікке баулиды.

Қойдың **қазақы қой**, **меринос**, **гиссар қойы**, **каракүл қойы**, тағы басқа ғылым жолымен будандастырып жасаған түрі бар.

Қазақы қойды «Еділбай қойы» дейді. Еділ бойынан тарағандықтан, солай аталған. Бұл қой бойшаң, ірі әрі құйрығы өте үлкен болады. Оның құйрық майында халестерін дейтін нәрсе өте аз болады. Көбіне қара түсті боп келеді және өзге түстілеріне қарағанда қарасының ет сапасы өте жоғары болып келеді. Орташа салмағы 110-120 келі болғанмен, жақсы бағылған қойлардың салмағы 162 келіге дейін жетеді. Басқа қойларға қарағанда етті көп береді, құйрық майы да үлкен болады, суыққа, ауа райының қатандығына өте төзімді, серейген ұзын, аяғы қуатты, қарды тұяғымен теуіп, тебіндеп жайылады. Қозысы тез жетіледі, туғанда алты келі салмағы болады.

Қойдың қозысын байлап, мойнынан өткізіп қоятын жіпті **көген**, көгеннің жіпті өткізіп қоятын түйінін **бұршақ** дейді.

Қойдың шикі құйрық майын қазақтар жас баланы емдеуге пайдаланады. Суық тиген баланың арқасын, тамағын, қолтығын, аяқ-қолын қыздырған құйрық маймен ысқылайды, сылайды.

Қойдың басын ең сыйлы қонаққа, құдаға тартады. Әкесі тірі адам бас ұстамайды. Бас тартылған қонақтың табағына жамбас та қоса салынады.

Қозы бағып үйренген бала малға жақын болады. Енесіне жолатпай, қозыны жеке бағады. Егер бала ие бола алмай, қозылар енесін еміп қойса, оны «қозы жамырап кетті» дейді.

Менің Гүлсүй деген немерем: «Өзі маңырайды, баласы жамырайды; өзі жуас, үсті-басы шуаш, ол не?» — деп, қойды жұмбақтайды. «Шуаш» деген — жүннің өзіндік иісі бар, жабысқақ, желім сияқты түп жағы. Аяғын таза ұстамайтын адамда да сасық шуаш болады.

Қойдың төлдейтін кезін «қой қоздаған кез» дейді. Қоздаған қозының енесін тауып емізетін, енесін таба алмай қалған қозыға енесін тауып беретін адамды **сақпаншы** немесе **сақманшы** дейді. Ондай адам 500-600 саулықтың әр қозысын айнытпай танып табыстырады. Ондай малтанығыштық, сірә, тек қазақта ғана болу керек. «Мал баққанға бітеді» дейді ғой қазақ.

Қойдың терісінен тон, шалбар, бешпет, суыққа қамзау болатын қамзол да тігеді. Бешпеттің жеңдісінде, жеңсізінде болады. Жеңсізін **шолақжең** деп те жатады.

Қойдың негізгі жауы — қасқыр. Қойға қасқырдың шабуы аса зиянды. Қасқыр қойын қырып кеткен адамның хал-жағдайын қазақ қана жақсы түсінеді. Малмен күн көріп отырса да, қазақ «малым — жанымның садағасы, жаным — арымның садағасы» деген. Малдан да, жаннан да арын жоғары бағалаған. Қой — қазақтың азығы, жанын сақтайтын ішіп-жемі, ал ары — оны адам етіп тұрған басты қасиеті. Қазақ мәтелінің пәлсапасы, мәні сода.

Қойдың жүнінен киіз де басқан, киім де тіккен қазақ киізді жұкалап илеп, одан кебенек дейтін киім де басқан. Ол — сырт киім. Желге қалзау болатын,

суды да, суықты да өткізбейтін төзімді. Анығырақ айтқанда, малшы-жалшы мен кедей-кепшік киетін киім. «Ерді кебенек ішінде таны» дегенді қазақ не үшін айтқан? Киіміне қарама, киімнің ішіндегі адамға қара дегенді айтқан. «Киіміне қарап қарсы аласың, ақылына қарап шығарып саласың» дегенді де айтқан.

Адам дүниеге келгенде, оны жөргекке ораса, өлгенде орайтын киімді **кебін** дейді. Кісісі соғысқа кетіп ұзақ оралмаған адамның туыстарын жұбатқанда, қазақ «Кебенек киген келеді, Кebin киген келмейді» деп үміттендіреді. «Үміт ең соңынан өледі» деген де сөз бар ғой.

Қазақ жақсының да, жаманның да шегі болу керек деп есептейді. Баланы соған жасынан тәрбиелейді. Сондықтан «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар, бәрінен қой бағып, көтен жеген озар» деген. «Семіздікті қой көтереді» дейді тағы. Ал ол сөздің ар жағында адам тұр. «Семіздік» сөзінің астарында да адамның семіруі емес, оның баюы, қызметінің өсуі, тағы-тағылар жатыр. Астарлап сөйлеу дегеніміз — осы. Ақын Қасым Аманжолов астарлап әрі бейнелеп сөйлеудің аса шебер үлгісін көрсетіп, «Өмірге келдім еңбектеп, Шалқалап әкем шықты үйден», — деген ғой.

«Үш күн қой баққаннан ақыл сұрама» дейтін де бейнелі сөз бар.

«Ақылсыз» деп қойшыны кемсітіп отырған жоқ, қой бағудың қиын екенін меңзеп отыр.

Түйе, жылқы, сиыр — бәрінің жайылатын жерін **жайылым** дейді, ал қойдікі — **өріс**. Қорадан шығып, өріске кетіп бара жатқан қойды «өрді» дейді. Өрген қой — жайылған қой.

Тойған қой, күн ысығанда, бірінің бауырына бірі тұмсығын тығып тұрып дем алады. Оны «қой үйездеп тұр» дейді.

Қойдың түнеп жататын ауылы немесе жері — **қотан**. Күнімен қой баққан қойшы түнімен қотанда қой күзетіп шығады. Кенен атамыздың өлеңі еріксіз еске түседі.

«Қойшылар қой баққанда күн батпайды,

Отырса қой күзетіп, таң атпайды.

Ат қылып ақ таяқты қолына алып,

Бел шешіп төсегіне бір жатпайды.

Оу, бозторғай, шырылдайсың шіркін-ай,

Құтылар күн бар ма екен

Осы қойдан бір күн-ай?», — деп зарламай ма Кенекен?

Қазақ қойдың жүнін де, терісін де тұрмыстық керегіне жарата білген. Және оларды күтіп-баптаудың жолын да білген. Қой қотыр болып ауырмас үшін; көнтек болып, жүні жидіп түсіп қалмау үшін, ерте көктемде қойды **кәрелін** дейтін дәріге шомылдырып, жыл сайын емдеп отырған. Шомылдырмас бұрын жүнін бір қырқып алып, күзде тағы бір рет қырқып алып отырған. Қой қырқу мезгілін **күзем**, «қыркым», ал сол кезде отырған орнын күзеу деген.

Қойдың жүнінен сан түрлі тұрмыс жабдығын жасамас бұрын оны тулық үстіне жайып қойып, үш-төрт адам жан-жағынан сабалайды. Сабалайтын құрал жіңішке, қатты шыбықтан кесіп жасайды, оны **сабау** дейді. «Өңшең сабаудай жігіттер» деп зінгіттей ірі жігіттерді айтады.

Түйе мен жылқының құмалағын (тезегін) қазақ тұрмысына жаратпаған. Ал сиырдың тезегін жинап кептіріп, сонан соң отқа жаққан. Даладан қаппен тезек теру қыз-келіншектерге міндет болған. Жаз жайлауда қой ашық қорада жатса, қыс бойы не төбесі ашық, жан-жағы қоршалған қорада; не төбесі жабық қорада жатқан. Қыс бойы құмалағы аяғымен тапталып, әбден бірігіп-кірігіп, содан кейін **қи** пайда болады. Қидың қалыңдығы бір қарысқа дейін жететін болған. Сол қиды ойып алып кептіріп, содан кейін оны отқа жаққан. Ол тез жанбайды, әуелі бықсып, артынан қозға айналып, ұзақ жанады. Түнімен ошақта сөнбей қалған қозға ергесі тамызық қосып, бір отқа бір отты жалғастыра береді.

Қойдың құмалағы бармақтың басындай ғана кішкене болады. Соның қырық бір талын санап алып, шал-кемпірлер құмалақ ашып, ауа райын, жолаушылап

кеткен жақындарының хал-жағдайын болжап отырған. Құмалақ ашу ақыл-ойдың, білімділіктің бір көрінісі саналған.

Қойдың қотыр, көнтеке болудан басқа «айналма» дейтін ауруы да бар. Қой шөп жемей, бір орында айнала береді, оны кейде «жынды» немесе «тентек болыпты» деп те жатады. Көтен ішектің ауыз жақ ұшын **айналшық** дейді, оны ер балаға жегізбейді, үйкүшік болады дейді. Үйінен шықпайтын жігітті «айналшық жеген бе» деп кемсітеді.

Төрт түліктің ішінде егіз төлді көп табатыны — қой. «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» деп ырым етеді. Жарасып, сыйласып жүрген достарды қазақ «егіз қозыдай» деп қадірлейді.

Қошқар мен саулықтың күз айында күйі келеді. Оны **күйек** кезі дейді. Қыркүйек айы — қойдың күйекке түсетін айы. Күйекке түсетін малдың, әсіресе қошқардың күтімі жақсы болғанын қалап, қазақ қошқарды сол мезгілге әбден даярлайды. Қошқардың үсті-басы кірлеп, бауыры сауыс болып сасып кетпеуі үшін, оны ауық-ауық тазалап тұру керек.

Төрт түліктің дүниеге бала әкелетін жағдайын, жалпылай айтқанда, **төлдеу** дейді. Соған қоса түйенікін боталау, жылқынікін құлындау, сиырдікін бұзаулау, ешкінікін лақтау десе, қойдікін ғана **қоздау** дейді. Сірә, «қозылау» дегеннен өзгеріске түскен сөз болса керек. Қой негізінен жазғытұрым қоздайды, одан не ерте, не кеш туған төлді **арамза туған** дейді. «Қоздау» дегеннің бір мағынасы «көбею» дегенді де білдіреді.

Жаңа туған қозыны арнайы жылы қорада ұстайды, оны **кепелек** дейді. Орыстың «теплек» деген сөзін қазақтар солай өзгертіп, өз сөзі қылып алған. Бұрын әлжуаз туған лақ пен қозыларды үй ішіне босағаға көгендеп баққан, өзгелері тас қорада тұра берген.

Қой терісінің жүнді жақ бетіне, айран жағып орап тастаса, біраз күннен кейін жүні жидіп түсіп қалады.

Терінің бетінде қалған шелін сылып тастап, әбден илеп, тазалап, аппақ күйге келтірсе, оны **елтірі** дейді. Елтіріден аяққа киетін мәсі, кебіс, етік тігеді. Ол етіктің ең бағалысы — былғары етік.

Аяғыма кигенім былғары етік,

Табанымнан барады ызғар өтіп.

Жақсы болсан, келерсің судан өтіп,

Жаман болсан, қаларсың суға кетіп, —

дейтін қара өлең бар.

Қойды тамағынан бауыздап орып жіберіп, арам қанын әбден ағызып соймаса, ондай малды қазақ «арам өлген» дейді, етін жемейді, тек қолмен бауыздалған малды ғана адал санайды.

Біреулер малын ұрлап сіңіріп кетпеу үшін, қазақ ірі қараның құлағын кертіп **ен** салады, сонан соң санына күйдіріп **таңба** басады, ал ұсақ малдың құлағына ен де салады, сырға да тағады. Орманды, тоғайлы жерде малынан адасып қалмау үшін, мойнына қоңырау да тағып қояды.

Қазақ — той жасап, қонақ шақырып жүретін халық. Оған алдын ала дайындалады. Ең әуелі оған соятын малын әзірлейді. Малды қораға қамап ұстап, оған жем беріп семіртуді **бордақылау** дейді.

Жаңа сойған малдың етін **жас ет** дейді. Аяқ асты қонақ келіп қалса, ұялып қалмайық деп, жамбас, жілік, жауырын секілді мүшелерді тұздап, кептіріп сақтап қояды. Ондай етті **сүр ет** дейді. Жас ет пен сүр етті араластырып асқан етті аса сыйлы адамдарға тартады.

Қозы-лақтың әлі жас кезінде тастаған нәжісін **тонғақ** дейді, ол — қоймалжың сұйық.

Жылқы мен қазақы қой қыста қардың астында қалған шөпті тұяғымен тарпып аршып жейді. Оны **тебіндеу** дейді. Екеуінен өзге мал тебіндемейді.

Қазақ өзінің жуастығын, момындығын қойдың мінезіне ұксатады. Ал адамды алдайтын алаяқтарды «қой терісін жамылған қасқырдай» деп бағалайды.

Ойынан шықпаған адамға «Сенген қойым сен болсаң, күйсеген аузыңды ұрайын» деп ренжиді.

Қазақтың көбі қоңыр көзді, яғни қой көз болып келеді. Қыздары бота көзді, жігіттері қоңыр көзді келеді. «Айғыр көзді» деп, «оқыралаған сиырдың көзіндей» деп, әлдекімдерді жақтырмай да жатады.

Баласын «қоңыр қозым» деп құшақтаса, оның түр-түсін емес, қазақ момындығын, қоңыр мінезді, салмақты, сабырлы екенін меңзеп құшақтайды. Қоңыр әуен, қоңыр күй мен қоңыр үйді де, қоңыр жағдайды да қазақ өзіне тән санайды. Қытай қазақтарының әйгілі әншісі Сәния Өнерханқызы «Қоңыр әуен, қоңыр күй» деген ән салады.

Қазақ халқының тұла бойында түйенің маңғаздығы, жылқының жұлқынған жігері, сиырдың сүзегендігі, қойдың көнбістігі мен ешкінің шыдамсыздығы — бәрі бар. Сөзі астарлы қазақтың мінез-құлқы да астарлы.

Қойы қоздап, түйесі боздап жатқан кез — қазақтың ең бір әбігер әрі берекелі кезі. Малы аман болса, жаз жайлауда, қыс қыстауда қынжылмай өмір сүреді. Қойы өрісте аман-есен өріп жатса, орнынан өре трегесіп несі бар?

XIV-ғасырда жазылған «Зафарнамада» Қазақстанның шығысында Ертіс өңіріндегі Моғолстан (дұрысы — Мұңғұлстан) жерінде «Қоймаңырақ», «Қозымаңырақ» аталатын жер бар. Олар әлі де солай аталады. Өйткені қой мен қозы — бұрын да қазір де қазақ үшін қасиетті түлік.

Ешкі: манырайды, бақылдайды, сүзіседі.

Ешкі — қойдың бір сынарындай түлік. Мүйізді ұсақ малға жатады. Қой екеуінің ұқсастығы қанша болса, ұқсамайтыны да сонша. Қойдың жүні қалай сипасаң, солай жата қалса, ешкінікі өйтпейді, өйткені оның жүні қылшықты, қатқыл. Ешкінің жүнін шашыратпай, бір-бірінен ажыратпай тұратын майда, жабысқақ жүннің түп жағын **түбіт** дейді. Сірә, «түп» дегеннен туындаған сөз болар.

Ешкінің иесі де, киесі де **Шек-шек** ата саналады.

Қазақ баласы бағып жүрген, көріп жүрген ешкінің екі мүйізі бар, сүзеді, тебеді, тарпиды.

Мүйізі жоғын **тоқал ешкі** деп атайды.

Ересек еркегін **теке**, оның пішілгенін **серке**, ұрғашысын **шыбыш**, баласын **лақ**, оны еркелетіп **шұнағым** дейді. Бір жастан асқан еркек лақты **текешік**, теке жасағысы келмесе, пішіп тастайды да, оны **серкеш** дейді, ал ол жастағы ұрғашы лақ **туша** болады. Үлкен еркегі — **серке**. Күйекке жарамай қалған текені **сасайтеке** дейді. Күйекке жарамай қалған қошқар, бұқа секілді аталық малдың бәрін де **сасай** дей береді.

«**Шек!**» деп айдайды, «**Шөре-шөре!**» деп шақырады. Сүті құнарлы, көбінесе нәрестеге береді.

Жүнінен **түбіт шәлі** тоқиды.

Ешкі тау-тасты жерге жақсы жайылады, тұяғы таймайды. Қойды судан, қыспақ жолдан өткізерде серкеге бастатады. «Ақ серке ай мүйізді қой бастаған», — деудің мәні сонда.

Жалпы, ешкіні бағу өте қиын саналады, өйткені ол — аса тынымсыз мал: біресе тау-тасқа өрмелеп шығып кетеді, біресе бұта-бұтаның арасына кіріп кетеді, сөйтіп бағып, қайырып жүрген кісіні әбден шаршатады. Тынымсыз немересін ойнатып жүрген әженің: «Үһ, ешкі бакқандай болдым-ау» — деп, болдырып жығылатыны сондықтан.

Ешкінің майы тез қатады. Сондықтан балалар «Ешкі майын жемеймін, тандайыма қатады», — деп өлендетеді.

Ешкі жайында мынандай өлең бар:

Ешкі қойды бастаған,

Қойды артына тастаған.

Ешкі деген жануар,

Сойса, саны қалақтай,

Сауса, сүті бұлақтай,
«Баста!» — десең, бастаған,
Қайырып мүйізін тастаған.
Жалғыз қонақ келгенде,
Жараулысын қайтерсің?
Екі қонақ келгенде,
Ептеулісін қайтерсің?
Үш-төрт қонақ келгенде,
Үй-ішімен тойлаған.
Алты қонақ келгенде,
Артылғанын қоймаған.
Жетпегенін қоймаған.
Тоғыз қонақ келгенде,
Тоймағанын қоймаған.
Тастан тасқа секіріп,
Ойнағанын қайтерсің?
Тентектігін текесі
Қоймағанын қайтерсің?
Қойға қасқыр шапқанда,
Көрегенін қайтерсің?
Жаңа жұртқа қонғанда,
Өрегенін қайтерсің?
Орма құлақ ор ешкі,
Салпаң құлақ сары ешкі!

Бұл өлең — әр қазақ бала күнінен ешкінің мінез-құлқын біліп өссін деп айтылған өлең.

«Айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады» дейміз. Оның қандай мәні бар? Біріншіден, аз ешкі бақсаң да, көп ешкі бақсаң да, жаныңды жеп бағасың. Екіншіден, аз мал бақсаң да, көп мал баққандай қиындық көресің.

Сиыр мен ешкіде және қойдың қошқарында ғана мүйіз бар, сондықтан олар өзіне ұнамаған малды да, адамды да мүйіздейді, яғни сүзеді. Қызметі бар адамды да мүйізі бар малға ұксатады қазақ. Сондықтан «Екі қошқардың басы бір қазанға симайды» деп жатамыз. Оның ауыспалы мағынасы да екі бастық немесе өзін қошқар санайтын екі адам бір мекемеде сиыса алмай жүретінін меңзейді. Мақал-мәтелдің көбі мал жайында айтылғанмен, шын мәнінде, адамдардың қылығын меңзеп жатады. Себебі сөз малға емес, адамға айтылады ғой.

Ешкіні қоймен аралас та, жеке де баға береді. Тау-тасқа өрмелегенді ұнататын адамға: «Немене, ешкі болып кеткенсің бе?» — деп жатамыз, себебі тау-тасқа өрмелеп шығу — ешкінің басты ерекшелігі.

Қой мен ешкіні қазақ **«тұяқ мал»** дейді. «Қанша тұяғың бар?» — десе, ол «қанша ұсақ малың бар» — дегені.

Жалпы алғанда, қазақ үшін төрт түліктің бәрі де қадірлі. Малын сыйлаған қазақ баласына да төрт түліктің атын қойып отырған. Мәселен, жалайыр тайпасының ішінде Сиыршы аталатын ру бар. Шапырашты тайпасында Теке, Суан тайпасында Қошқар аталатын ру бар. Ал Ақбота, Ақтоты, Аққошқар, Қойшығара, Қойшыбай, Серкебай, Марқа, Қозы, Бота, Ботагөз, Тайлак, Қарабура секілді адам аттары қаншама?

Қазақ өз баласын төрт түлікті сыйлауға, бағып-бағалауға кішкентайынан баулиды. Малға мейірі оянған бала адамға да мейірлі болады. Сондықтан төрт түлікке қатысты қазақтың балаларға арнаған біраз өлеңі бар. Соның бірнешеуі мынау.

Өзен суда балық бар,
Балық бар деп кім айтар?
Бакылдаған бақа айтар.

Бақа бар деп кім айтар?
Бакылдаған теке айтар.
Теке бар деп кім айтар?
Бие сауған шал айтар.
Шал айтар деп кім айтар?
Тайға мінген бала айтар.
Бала айтар деп кім айтар?
Бала бакқан қозы айтар.
Қозы айтар деп кім айтар?
Қыдыра қырда жүгірген
Қызыл киік баласы,
Жар жағалай жүгірген
Жасыл киік баласы.
Жабыла жар сап сол айтар.

Бұл өлеңнің өлең үшін емес, балаға сөз үйрету үшін айтылғанын аңғару аса қиын емес. Сөзді ғана үйретпейді, сөздің мәнін, мағынасын да үйретеді. «Өнер алды — қызыл тіл» деген халықтың тілге деген құрметі де осыдан көрініп тұр.

Мына өлең соның дәлелі:
Қой сүйеді баласын: «Қоңырым», — деп,
«Ештеңені білмейтін момыным», — деп.
Сиыр сүйеді баласын:
«Торпағым», — деп,
«Қараңғыға баспаған қорқағым», — деп.
Түйе сүйеді баласын:
«Боташым», — деп.
«Жаудыраған көзіннен тоташым», — деп.
Ешкі сүйеді баласын:
«Лағым», — деп.
«Тастан тасқа секірген шұнағым», — деп.
Жылқы сүйеді баласын:
«Құлыным!» — деп.
«Тұлпар болып жүгірер жұлыным», — деп.

Мал бағу — қазақ үшін ұлттық кәсіп. Ол — өте ауыр жұмыс. Бірақ жанбағыстың ең негізгі көзі. «Мал бакқанға бітеді» деп түсінген қазақ қай малды қалай бағудың да қыр-сырын терең білген, соны өз баласының құлағына кішкентай күнінен бастап құя білген. Оны өлең етіп былай жеткізген:

«Ешкі бактым — еңіреп бактым»,
Қой бактым — қоңырау тактым,
Сиыр бактым — сидаң қактым,
Жылқы бактым — жорғалаттым,
Түйе бактым — түйме тактым, —

деп сипаттаса, «Лақ бактым — жылап бактым», — деп, оны бағудың аса оңай емесін солай ерекшелейді. «Қоңыраулаттым», «сылдыр қактым».

Қазақ әр малды әр түрлі шақырады:

Қой баласы қоңырым,
Қойдай жуас момыным!

Шопан ата түлегі —

Қошақаным, қайдасың?

Пүшәйт! Пүшәйт!

Жауын жауса, бакырған,

Ешкі атасын шақырған,

Өрісте өскен жануар,

Шекетайым, қайдасың?

Шөре! Шөре!

Жолға шықсам, көлігім,

Жапанда жүрсем, серігім,
Камбар ата өсірген
Құлыным менің, қайдасың?
Құру! Құру!

Тілімен мұрнын жалаған,
Тілімен бойын тараған,
Көкке мұрнын шүйіріп,
Көз төңкеріп қараған,
Зеңгі баба өсірген
Әукешім менің, қайдасың?
Әук! Әук!

Екі көзі танадай,
Екі өркеші баладай,
Елпендеген ойнақтап,
Енесіне карамай,
Ойсылқара баласы
Ботақаным, қайдасың?
Көс, көс!

Малдың етін жеп өскен қазақ әр малдың етін әр түрлі бағалайды. Оның адам бойына тез сіңетіні, асқазанға ауыр-жеңіл келетіні болады. Соны былай саралайды:

«Жылқының еті кешке ел жатқанша; сиыр еті сарғайып таң атқанша; қойдың еті келесі күн батқанша», — дейді. «Қойдың еті — қорғасын» деп те сипаттайды. Қазақ өзін жылқы мінезді халыққа санайды, сондықтан жылқы етін өзге еттен жоғары бағалайды. «жылқының еті жесең, тісіне кіреді, жемесең, түсіне кіреді» деп бағалайды.

Төрт түліктің негізгі жауы қасқыр болғандықтан, қазақтың болжамы бойынша, мал баққан қазақты қасқыр былай бағалайтын көрінеді:

Түйелі қойшы — тым үрейлі қойшы,
Атты қойшы — ашуы қатты қойшы,
Өгізді қойшы — қойға ілесіп өрген қойшы,
Өлген қойын көмген қойшы,
Жаяу қойшы — өгізден де баяу қойшы,
Бала қойшы, алыста ойнап қала қойшы!

Бұл — қасқырдың берген бағасы, оған алып-қосарымыз болмаса керек.

Кеңес заманында қазақтың төрт түлігінің арқасында өмір сүріп келе жатқан халық екенін біле тұрып, басшылар қазақтың төрт түлігін де тартып алып ортақтандырамыз, ұжымдық шаруашылық («мойын серік», колхоз) құрамыз деп, 1930-1932-жылдар аралығында халықты қолдан жасалған ашаршылыққа ұшыратты. Ғалымдардың болжамынша, сол кезде халықтың үштен екісі қырғынға ұшырағын. Қазақтың даласы мен қаласы өлікке толып кеткен кезең болыпты. Ол сөздің шындық екенін тарихшы ғалым С. Шілдебайдың «Ана тілі» газетінде жарияланған мақаласы да дәлелдейді (31.08.25). Ол мемлекеттік мұрағатта сақталған деректерден мысал келтіре отырып, қазақ халқының 1930-жылы 4 миллион 8 жүз мың, яғни 5 миллионға жуық болғанын, 1937-жылы 2 миллион 181 мың 320 ғана қалғанын жазады: $4\,800\,000 - 2\,181\,320 = 2\,619\,680$. Әр жылдың 31-мамырында қазақ елі сол күнді ашаршылық пен қуғын-сүргінде қаза болған қандастарын қайғырып еске алады. Қазақ даласына өлім сепкен ол күндер ұрпағымызға үнемі «Оян, қазақ! Ойлан, қазақ! Ұмытпа, қазақ!» деп тұрады. Кеңес одағын билеген Сталиннің, қазақ елін билеген Голощекиннің әдейі істеген ол жауыздығын ұмытпау — ел екенінді ұмытпау, ел тарихын ұмытпау, төрт түліктің тірлік көзі екенін ұмытпау! Ештеңені ұмытпау!

(Жалғасы келесі санда)

*Дәуір үні***Көкбай Жанатайұлы – 165****Серік
НЕГИМОВ**

«ШӘКІРТІМІН – АБАЙДЫҢ, АТЫМ – КӨКБАЙ»

Қазақтың гауһары, асылы Абайдың даналық теңізінің кәусарынан ширек ғасыр қасында тонның ішкі бауындай жақын жүріп, оны мұқият тыңдап, миына жүгіртіп, ой-санасына сіңіріп, көрген-білгенін «өндіре тоқып» мейлінше інкәрлікпен қанып ішкен, ілім-біліммен мұздай қаруланған өнерлі, өрен тұлға Көкбай Жанатайұлы (1861-1925) еді.

Ақиқатында, 1880 жылдардан бастап, «қыс болсын, жаз болсын, Абай ел араласа қасында ай жүріп, ауылына келсе үйінде бірге жатып, айырылыспайтын болдық. Абайдың қасында ай жүріп, ай жарым жүріп келіп, бір әредік толас болғанда ғана үйіме бір жұма, көп болса он күнге рұқсат алып келіп, артынан қайта барамын» деп жазады ақын Көкбай өз естелігінде. Оның бұл лебізінен ел тілеуқоры, халық қызметкері, ұлт қайраткері Хакім Абайдың өзі мағыналы сапарларында қаншалықты ұшан-теңіз абыройлы іс бітіретіні және де ғұламаның ғибратшылық ой-толғамдар айтылатынын әрі естіген, әрі көрген-білгендерін есті Көкбайдың жүрегінде, көңілінде, ойында сақталатыны, бір сөзбен айтқанда, осынша ұлы қазынаның куәгері болғаны теңдесі жоқ бақыт!

Барлығын есті ақылмен, көрегендікпен терең бақылаған, белгілі бір ой тұжырымдаған көңілі көсем Көкбай: «Билікке келгенде Абайдай әділ таза, дұрыстығы күшті биді Тобықты іші бұрынғы, соңғы заманның қайсысы болса да көрген жоқ деп айта аламын. Абайдың билігіне, Абай тергеуіне әрқашан ел ішінде шиеленісіп, ұстасып жүрген жаулары құмар болатын. ...Өзіміз көріп өзіміз естіп білген заманда, жауына келіп билік айтқызу Абайдан басқа кісінің тұсында болады деп білмейміз». Мінеки, Абайдың билік-кесім шығару, төрелік айту мәдениетіне берілген нақты тарихи сипаттама.

Демек, Абайдың адамгершілік ұстанымы – ізгілік, әділдік, шыншылдық.

Ұлы ұстаздың ұлылығы, білгірлігі, ірілігі, шешендігі, ойшылдығы жайында Көкбай былайша тебіренеді:

...Бір барсаң мәжілісінен кеткің келмес,

Хакімдей Алатон анық туған.

Келбеті біліміне лайықты,

Апырым-ай, мұндай адам қалай туған!?

Дала дегеніміз – дүниетану мектебі ғой. Табиғат даналығы теңдесі жоқ бейне бір сырлы, жұмбақ әлем. Ұшқыр сезімге ие ақын жанын сансыз сынсыған шұғылалы бояуларымен, қызықты әсерлі сынғырлаған үндерімен, беймәлім тылсым сырларымен баурайды.

Абайдың өзі әңгіме, жыр тындағанда жан-тәнімен тұтастай беріліп, алаңсыз «таза көңілмен, үлкен ықыласпен» тындайды екен. Бірде «Ақбала — Боздақ» жырын айтқызғанда, «Ақбала мен Боздақ тау аралап келе жатса, алдарынан шағылысып жүрген құр, үйгіп жүрген екі түлкі кездесіпті: Сонда Боздақ Ақбалаға:

*Бір қораз, бір мекиен талда ойнайды,
Адам түгіл, хайуан мал да ойнайды.
Құдайым бір нәрсеге бастап жүр ме,
Алдымызда кез келген аң да ойнайды, —*
депті.

Сонда өлең ішіндегі оттай жайнаған ойлы, суретті, бейнелі оралымдарды сүйсініп тындайтын Абай:

— Ол — қуат табиғат сыйы, Құдай сыйы. Ақындық шабыты шын келгенде, адамды қайта тудырып жібереді. Ол келгенде адам жай, жабайы бола алмайды — дейді екен.

Ақындықтың табиғи тума қасиет екендігін жүйрік білетін санлақ 1885 жылы Шар өзені бойында өткізілетін Қармола съезіне Абай бастаған алтын балық үйіріндей топ келе жатқанда бір сәтте Байкөкше ақынның өңіне жалт етіп қарады да:

— Мына кәрінің жыны ұстап келе жатыр — депті. Сонда шын ақында келер күндердің шырғалаң шытырман оқиғаларын өткір түйсінетін көріпкелдік те бар-ау!

Ақындық өнердің шарттарын толық түсінетін және Ұлы Даланың рухани құбыланамасы Абайдың ақындық, даналық болмысынан алуан сипатты ой-пікірлер түйген Көкбай Жанатайұлының тарихи-мәдени қызметі, әдеби-шығармашылық, ұстаздық жолы да мейлінше мағыналы. Себебі «Жүрісім, тұрысымның бәрі Абайша», «көкірегім ашылған соң кең сарайша» дегені бұған дәйекті дәлел.

Ұйымдастырушылық еңбегін айтар болсақ, 1901-1921 жылдарда Көкбай медресесі елге қызмет көрсеткен. Жатақханасы болған, тегін тамақтандырған. Арабтіліграмматикасыбойынша «Ауамилтүркіелінде» дейтін ортаазиялықтүрік тілдес халықтарға ортақ оқулық жазған. Көкбай араб тілінің орфографиялық және фонетикалық ерекшеліктерін бажайлап түсіндіріп оқытқан.

Сондай-ақ 1908 жылы мешіт ашқан, 1913 жылы Меккеге қажылыққа барған.
*Оқыды Арғын, Найман, Керей мен Уақ,
Көрген соң тек оқуды кетті құлап.
Араб, түрік, орысша сабақ бердім,
Өзіме өз еңбегім кетті ұнап —* депті Көкбай 1922 жылы «Арбалы Сарытау» жырында.

Абайдың тағылымын, ұлағатын ұқыптылықпен ұғып ұстанған Көкбай ақын Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлына айтқанында Абайдың ақыл-кеңесін, ізгі өнегесін былайша көркемдік-философиялық тұрғыдан кестелейді:

*Абай марқұм ескіге ермеуші еді,
Ескіні онша тәуір көрмеуші еді.
...Абайдан құлағыма бұрын тиген,
Дүние болады деп бір тайталас.
Дүние ескі жолмен оңалмайды,
Жуан кезде ұлықтар түгесілмей,
Әділет өз орнына қона алмайды.
...Заманды түзетпейді кісі билеп,
Адамның екі қолы өзіне имек.
Ғаламға ақыл патша болған күнде,
Теп-тегіс адамзатқа есе тимек.*

Абайдың дүние-жалған, әділет, ақыл туралы ой-түйіндері Көкбайдың ақындық әлемінде жарқын көрініс тапқан. «Өзі зордың болады ығы да зор» деп,

Абайдың өзі айтқандай, шәкірті Көкбайдың жүрегінде ұлы ойдың ұшқындары өніп-өсіп жайқалып-сәулеттеніп шыққандай.

Ой мен сөз зергерінде өмір-тіршілік, дүние құбылыстарын қыран көзбен қырағы шолатын қасиет-қабілет бар. Өз ортасындағы қилы-қилы мінезі, ісі, құлығы, пиғылы, көзқарасы, талғамы ала-құла күрделі кейіпкерлерге (яғни адамдардың қарым-қатынас мәдениеті) әділ, шынайы сипаттама беретіндігі мейлінше қызықтырады. Мысалы, «Тоғыз көк» дейтін өлеңі сырты жылтырауық, іші қалтырауық аярларды, шіркіндерді, мәймөңкелеп міңгірлейтіндерді, сығыр сырдаң, сұм сұғанақтарды, бадырақ көз, бақыр бастарды, сырғыма, сырдаң сауыттарды, жылмақайларды айна-қатесіз айнытпай көрсетеді.

Әділдіктің құрдымға кетуі — заманның сұрқы бұзылғаны, қоғамның іріп-шірігені, жақсылардың жігерінің құм болғаны, зиянды жандардың арамшөптей қаулап өскені.

Әділдіктің туын жоғары ұстаушылар — билер. Көкбай заманында ел ішінде арыстандық мінезбен, айбатпен, біліммен, көсемдікпен, халыққа қызмет жасаған ұлт қайраткері бір ғана Абай болса, өзгелер паракорлығын қоздатты. Дәуірдің сырын, күйін, толғаған һәм жоктаған Көкбай:

*Дозаққа біреу кетсе, Дүтім кетер,
Дүтім кетсе, Көкшенің құты кетер.
Кісінетіп қара айғырды байлап қойып,
Артынан тоғыз биді күнілдетер —*

деп, биліктің беломыртқасы — әділет емес, басты мәселесі — «кісінетіп байлап қойған қара айғыр» екенін дәлме-дәл нақтылап көрсетеді де, ендігі екіжүзді билердің ұсқынын былайша сипаттап суреттейді:

*Ендігі шолақ етік, шолтиған би,
Знак, шенге сатып монтиған би.
Ұрлыққа түнде аттанып, күндіз сөйлеп,
Пара жеп, қарны шығып томпиған би.*

Тілі мірдің оғындай, сексеуілдің шоғындай Көкбай ақын «үйірінен дөнен қуып шығарған», «қарада қасқыр соққан қартаң айғырды» («Оразбайға»), «сабын жаққан терідей жылп-жылп еткен ғазазіл шайтанды» («Ағыбайға»), «қақиған пішіні жоқ, жаман шірік» бөспе паңсымақ ұлықтарды («Ояздарға») аяусыз шенейді.

Заманалар биігінен парасатты ой жүгіртіп, елдің ертеңін, өркендеуін тілейтін берекелі hareketімен, өнімді істерімен растайтын көреген сахара министрі Абай ең негізгі ұстанымдарының бірінде «Максатым — тіл ұстартып, өнер шашпақ» деп мәлімдеген-ді. Бұл — ойшылдың өсиетнамасы, елдік ұраны еді, киелі сөзі еді, жан сыры еді. Жақсының жарығы, үлгісі, кеңесі, даналық дәрістері халқын, қауымын өрге өрлетті, қияға шарықтатты, тарихи зердесін оятты. Солардың айқын дәлелі ретінде ақындық алғырлыққа ие шәкірті Көкбайға мынадай бір кеменгерлік пікір айтады: «Абылайхан мен Кенесарының қазаққа істеген еңбектерін ұзақ әңгіме қылып айтып беріп, осыны өлең қыл. Абылай да, Кенесары да қазақтың мақтан қылған ерлері. Бұлардың еңбегі де айта қалғандай, ұмытпастық еңбек. Сондықтан бастарынан кешкен дәуренді жақсы сөзбен жыр қылып, ел ортасына жаю-жақсы өлеңшінің міндеті».

Абай, жарықтық, ел аузындағы кестелі тарихи-шежірелік деректерді жинақтап, бүтін жүйелі, келісті толғаулармен ұлт қаһармандарының ересен, жойқын, алапат қимылдарын шеберлікпен сөйлетуді, тапқырлықпен сипаттап жеткізуді шынайы көңілмен, сеніммен тапсырған, жөн-жобасын ыждаһатпен түсіндірген. Демек, Абайдың күйлі, қуатты толғанысы да, дауысы да Көкбайдың дастанында өріліп, күмбірлеп естілгендей...

Енді Көкбай Жанатайұлының «Абылай хан. Сабалақ» атты дәуірнамалық дастанын қалайша жырлағанына ойысайық:

Әу баста Хан Абылайдың әкесі Уәлидің хан тағына отыра алмай, азып-тозып, «қайың сауып», қалмақ шауып, өкпелеп кеткені, ақтабан шұбырындыға

ұшырап, ұлардай шулағаны, Әбілмансұрдың жетімдік күйге түсіп, Төле бидің шаңырағын іздеп, «үсті-басы далба-дұлба» қалпымен сәлем бергені әңгімеленеді. Сұңғыла Төле биге «Отырысы сұңқардың баласындай» жас баланың нәсілі сүйсіндіреді де аты-жөнін сұрайды.

Адам болсаң — хан текті, құста — сұңқар,

Байқасам келіседі соған түрің.

Құс болсаң — ақсұңқардың балапаны,

Адам болсаң — қазақтың нағыз ханы.

Шырағым, төремісің, қарамысың?

Жөніңді бастан-аяқ айтшы, қане.

Неткен жетелілік! Неткен жүйріктік! Неткен ғажайып сезімталдық!

Ол айтады: Ештеңем де, ешкімім де жоқ тентіреген сорлымын. Есімімді Сіз атаңыз. Құп аламын.

Сонда Төле би: «Сабалақ» бол депті.

Сонан Сабалақ Төле бидің қойын, сонан соң түйесін бағып қағады. Аңғарымпаз Төле би оның «төре затты» болмысын таниды.

Би келіп тамаша ғып бұған бақты,

— Айтамын ғой бұл бала асыл затты.

Төрт борбайын жайғаны төрт тарапқа,

Тегінде билейді екен төрт тарапты —

деп сәуегейлік танытады Төле би.

Төле би баланы шын сынамақшы болып, оның досына басты беріп тұрып: Жасырмай көргенінді айтып кел, не қылғанын? — дейді.

Бала құрбы-құрдастарын түгел шақырып: Оларға көз бен құлағын ұсынады, өзі құйка мен езу жағын кесіп жейді.

«Мұның қандай, мырзалық, Сабалағым?» — деп сұрайды Төле бидің жолдасы.

Сол сәтте Сабалақ:

— Бірі — көз, бірі құлақ — жолдастарым,

Беруге осы болды қолда барым — деп жауап береді.

Осының өзі-ақ ұлттың ұлы дәстүрі — басты ұстау мен оның мүшелерінің философиялық қасиеттерін тани білуі, түсінуі — Сабалақтың «патша затты» жаратылыс екеніне дана көкірек Төле би қайран қалады. Өрге өршеленген Сабалақ жылқы бағуға ауысады. «Жылқының — еті де жел, сүті де — жел, үсті де — жел» дегендей, жас берен Сабалақ қайраттанады, қанаттанады, рухтанады.

Қапияда жылқы баққан, ой баққан, үміттің отын жакқан Сабалақтың жанына үш аттылы егде кісілер жетіп келгенде, ол ізетпенен амандасады. Сөйтсе Төле биге дидарласып-сұхбаттасуға келген Қанжығалы қарт Бөгенбай екен. Жорыққа аттанып бара жатқан беті. Соны сезген Сабалақ түн ішінде Бөгенбай баһадүрге жолығып, мені де қан кешуге ілестіріп ала кетіңіз, «Амал-айла» үйренейін дейді. Бөкең де құптап, ел басына төнген қара құйынға қарсы жөнеледі, шекараға жетеді. Қайраты қара тасты да уататын Бөгенбай батыл едел-жедел дұшпанның он тұлпарын олжалап әкеледі. Мұны көрген өзі жас, өзі «жаңа пері» Сабалақ от ортасына барыстай атылып, «жымпырылып кететін» ептілігі де қайран қаларлық.

Дұшпандар тобының атандарын сыпыра тандап алып, Бөгенбай батырға сыбағаныз деп кісілік, ірілік танытады. Сонда ол: «Мен олжаға тойғалы талай заман» дейді. Сабалақтартынып: Батаберсеңізболғаны, жолымныңоңғаныдейді.

Қанжығалы қарт Бөгенбай мінезінің ханға лайық, көзінің отты екенін кемеңгерлікпен танып, Нарқызыл тұлпарын «таза сақта» деп аманаттайды, қол жайып ақ пейіл дұға-тілектерін төгілтіп жеткізеді. Алды-артын парасаттап терең ойлайтын Сабалақ Төле биден рұқсат алып берсеңіз деген ниетін айтады. Иә, неткен кемел зеректік, зерделілік!

Сабалақ Нарқызылды барынша баптап-жаратып, мұздай қаруланып, «өлсем шаһитпын» деп, елдің кегін алмаққа, ердің есесін жібермеуге серт етіп, қалың қолға қосылады.

Жекпе-жекке дабыл қағылады. Қалмақтың бір алапат батыры қазақ батырларына қырғидай тиеді. Сонда Сабалақ тұйғындай түлеп, Әбілмәмбет ханға батаңызды беріңіз дейді. Қолында көк сүнгісі, белінде қанжары бар Сабалақ топтан суырылып шығып «Абылайлап» жер-көкті сілкіндіреді. Сол бір мезетте от шайнап, қан түкірген қалмақтың батыры бурадай буырқанып келгенде, оған кезегін береді. Ант атқан қанішер Сабалақтың сауытын қақыратып, найзасының ұшы денесіне сәл-пәл жетпей қалады.

Кезек Сабалаққа тиіп, «Я, жар бол!» деп, сұмырайдың өндірішегінен ұрып, жалп еткізеді, басын кесіп, Әбілмәмбет ханның алдына тастай берген-ді.

Әбілмәмбет ханның тілеуін-ай! Құдайдың қабылдауын-ай, Жаратқанның жарылқауын-ай!

Сабалақтың айбаты мен айбарына шаттанған хан Әбілмәмбет: «Абылайлап атойладың. Әкең, ел-жұртың, тегің кім?» — дейді. Сабалақ: — Абылай атам, мен — оның немересі Әбілмансұрмын. Әкемнің аты — Уәлихан — дейді.

Әбілмәмбет хан оған тәжін кигізеді, таққа отырғызады. Халқының қорғаны, ақыл-аузы болған ұлы қолбасшысы Шакшақ Жәнібек, аузынан дүрлер төгілген Қарауыл Қанай би аруақ қолдаған жас бөріге «елінді ұйымдастыр», «тиянақты, ұқыпты бол», «елінді еңбегіңмен биле», «әділет қыл», «шаршаған, шалдыққанның күй-жайын біл» аталы, баталы өсиеттерін ұқтырады. Абылай да осыларды көкейіне тоқып-сақтап, мұқият мінсіз іс қылады. «Жер ауған» Уәлінің арманшыл баласы өрен ұйымдастырушылығымен, өжет батылдығымен, көсемдік шешімпаздығымен, бастамашылдығымен, сонымен қатар серіктес ақылмандары Ер Қабанбай, Қанжығалы қарт Бөгенбай, Қаракерей би Боранбай, Шанышқылы Бердіқожа, Көкжал Барақ, Керей Ер Жәнібек, Ботақара Тыныбек сынды дарабоздар жоңғар қалмақтарының талайын қашырыпты. Қаһарман қазақтың абыройын, сөйтіп, Абылай хан «ғаламнан асырыпты».

Абайдың ақылымен Абылай ханның өмірбаянын, ерлік-қаһармандық істерін көңіліне өндіре тоқыған Көкбай Жанатайұлы кемеңгер билеушінің жалған-дүниеден қалайша қоштасқанын да (еңірген Бұқар жырауға бұл дүние Расулден қалған ғой деуі) келісті сипаттаған.

Абылайхан дәуірінен соң, дастаншы Көкбай «Абылайлап» тұлпар мініп, ту ұстаған Саржан, Есенгелді, Кенесары, Наурызбай секілді тұйғындардың қасіретті заманына ауысады, «толымды сөз» өрбітіледі. Қазақтың қабырғалы, салиқалы ел болуын көксеген серкелер «ертерек түзетейік жағдайды», «отаршылар бізбен ел болмас», «сүйенейік бір патшаға ісі жөнді», «бас қосайық мықтымен» деп, Саржан мен Есенгелді өзара кеңеседі. Әкесі Қасымды бұндай ойлар қинайтыны мәлім. Сонымен Есенгелді, Кенесары қол жинайды.

Олар «қанымыз бір мұсылман» ғой деп Балаханға қосылмаққа ниеттенеді. Осылай етсек Бұхар жақ та ақылға келер, бірігер деп үміттенеді.

Қасым сұлтан да бұған көніп, ұлдарына батасын береді. Жолда олар Түрікпен басышы бір ләшкерге жолығып сөйлеседі. Ол жолда кездескеніне өкінгендей рең танытып, біздің Ташкентті тұрақ етіңіз деді. Ташкенттің бегілер-бегі «өте есті батыр қазақ» Саржанды жақтырмады.

Төрелер, Сарт пен Түрікпен бегілер бектері бір ұяның балапандарындай үйірсектеп, қауіп-қатерсіз ғұмыр кешеді. Бәрі де Саржанның айтқанын екі етпейді.

Бектен құрмет көріп, сыйлық алған Түрікпен мен Сарттардың бағландары төрелерді бекпен қалайша қастастырам, қанын қалай төгемін деп қастандық ойластырады.

Сөйтіп:

Орыстың патшасына хат жазыпты,

Саржанның сәлемі етіп, айла жасап.

Бегілер бек пен Саржанды осылайша шағыстырып қырқыстырады. Саржанның күтушісі ноғай дейтін жалған лақапқа ие бұқаралық жебірей, бүркіттің өз боғын өзіне жегізетін аяр, алаяқты түрікпен, сарт мықтап азғырып

шен-шекпенмен жарылқаймын деп, қазақтың екі кермиығын өлтіруге көндіреді. Оған өзінің арам пиғылын іске асыру үшін төрелерді қонаққа шақырасын, қырық қаруды өзім беремін, қылышкер баскесерлермен қоршап аласың деп кеңес береді.

Айтқандай-ақ «ноғай залым» төрелерді қонаққа шақырып, төрге отырғызып, құрметтейді, оларды қондырады. Бір уақытта Саржанға біреуі кеп Бегілер бек: «Шапшаң келгін!» деп, шақырып жатыр дейді. Саржанның жамбасының астына қойған қылышы жоқ.

Сонан соң Есенгелдіні оятады. Ағайынды екеуі дәрет алады, намаз оқиды, бір-бірінен кешу сұрайды.

«Ғаламға аты шыққан кемеңгерлер» опасыздардың қолынан ажал құшты. Сонан кейін айбарлы Қасым сұлтан да құзғындарға жем болды.

Саржанның жесірі Қаламқасты түрікпен бастығы Сағындық би кепілге алады.

Кенесары тұтқындалған. Тоғыз жасар Наурызбайдың анасы «шыны дегдар» хан қызы еді. Не болса да Қоқандағы Балахан ханға жолығып, жөнімді айтайын деп жүріп кетеді.

Наурызбайды жетектеп әдеппенен ханға сәлем береді. Оның «затын танып» Балахан ізет-әлтипатын көрсетеді. Әуелі ауқаттан, сонсоң дем алыңыз дегенде, Наурызбайдың анасы:

— *Тақсыр-ай, ішіп-жемек кеңшілікте,*

Не көрмес пенде шіркін тіршілікте?!

Мен өзіңдей патшаның ханымы едім,

Ойлап па едім болам деп кемшілікте? —

деп, арғы бабасы қанішер Абылай, оның баласы Уәли хан, одан кейін Әбілмансұр жайынан тебірене толғап, «судан да ханның қанын арзан көріп» бегілер бегінің сұлтаны Қасымның, ержүрек оғыландар Саржан мен Есенгелдінің басын шапты. «Кәпірмен ел болман» деп, «ат кекілін кесіп едік», «мұсылманда бір жалғыз патша ғой деп» сеніп келген едік, «бегіңізді бір жөнге салыңызшы» деген зар тілегін айтады.

Дереу Балахан қаһарына мініп, мұсылманға қиянат жасаған Бегілер бегін алдырып, бір жендетіне жексұрынды «дарға тарт» деп бұйырады. Сол кезде Балаханның анасы түкпірдегі үйден шыға келіп, бұл сұмырай оның емшегін емген асыранды баласы екен. «Тілімді алмай егер де жаза қылсаң, Емшегімді сауамын көкке, балам!» деген соң, шариғаттың hükіміне ұйып, анасының тілегін орындайды.

Күнәһар Бегілер бек зынданда мехнат шеккен «шын ақ сүйек қара көгін» босатады. Үш төренің басын жұтқан «қастық отын мықтап жаққан» жылмақай «залым ноғай» Кенесарыға жағымпазданып қутыңдайды. Ардан безген азғын арамза Бегілер бектен алмақ сый-құрмет, дәрежесін сұрағанда, «аулақ жүр, рахат көрме» деп, бетін қайтарады. Істеген қиянаттарына құрмет-сый бұйырмай, жұрдай қалды. Қандықол ноғай яғни бұхаралық жебірей, аты — Ежеп Кенеге айналсоқтап, қол қусырып қалбалақтады. Кезінде Саржанмен керуенде, базарда кездесіп еді. О, сатқын-ай! Жүз құбылған жүзікара-ай! Кенесары тұтқыннан шыққан соң, жанында Сағындық би бар, іштерінде әлгі Ноғай бар, бір бұлақтың басына тоқтайды. Сағындық би намаз оқып жатқанда, Кенесары Ноғайдың жанын жаһаннамға жібереді, қылышының қанын жалап отырғанда, Сағындық би намазын аяқтап, «Не жазығы бар еді бишараның?» дейді. Сонда Кенесары бұл ноғай Саржан мен Есенгелдіні өлтіргенін әңгімелейді.

Кенесарының көкірегінде тастай қатқан кек, жан жарасы, ар-намысы, «балақтағы биттің басқа шыққаны», алтын ағалары мен әкесінің құнын жоқтау — нағыз қасірет, жазылмас дерт.

Бірде Кенесары ойнаған боп Қазыны қамшыменен осып жібереді. Ол намыстанып, Бекке шабарманын жұмсайды. Кенесары іс насырға шабатынын

сезіп, малын түгендеп, түйенің қомын қомдап, жүгін артып, көшін Шудың бойына жөнелтеді.

Сарттар да азан-қазан, апыр-топыр болып артынан бұларды қуып береді.

Кененің ұйғаруымен «әуелі жақсы бидің өзін ұстайды». Кегі, есесі кеткен Кене:

*Әуелі Бегілер бекті алды тұтып,
Батырды қоя алмады еркінсітіп,
Қанжарды дәл жүректен салып алып,
Жіберді жаудың қанын жұтып-жұтып.*

Бір күннің ішінде Кене сексен сарттың басын алды. Жалғанның ісі ақиретке кетпейді. Ел серкелерін жайратқан, халқын зарлатқан жауыздардың жазалануы әділетті іс еді. Батырлардың рухы өлмесе керек-ті. Баһадүр Кенесары:

*Сұп-сұр боп «кегімді ал» деп келіп тұрған,
Қасым, Саржан, Есенгелдіні көзі көрді.*

Қайраты, айбаты, намысы жанартаудай лапылдаған Кененің осынау жойқын әрекетіне ағасы Рүстем «жау ғой деп өз досыңды қырып кетсең, барасың қалғанменен жалғыз қайда?» деп тоқтау айтады. Ақылды ер «мен сүйтіп қойдым ба деп» сабырлы кейіпке түсіп, «дұшпаннан кек алғанға мейірі қанып», алыптың ұйқысын бастан кешіреді.

Ұйқысынан оянысымен кеңес құрып, Наурызбайды сәйгүлігіне мінгізіп, Ғұбайдолланың (әкесі Қасымның ағасы) кегін ал деп, Арқаға жібереді. Қаракөктің тұқымы, саналы санлақ Ортау менен Ақтаудың қаласына жетіп, «Абылайлап» ойран салады. Батыр Науан бір шаһардың әлек-шөлегін шығардым, Ғұбай ханның құны үшін төрт орысты айдап әкелдім дейді ағасы Кенеге. Кене айтады: Бұл шіркіндерді Бұхараның ханына апарып, батасын ал, бау ашар өнерін ғой.

Бұхар патшасы да, халқы да, кеменгер ханның тұқымы деп, зерделі ер Науанға ханның үйіне қондырады.

Бұхар ханы: Рахмет жаусын, қалауыңды ал — дейді.

Сонда Науан: Дүниеге қызықпаймын — деп, жауап береді. Хан ең тандаулы жібек шідер, күміс баулығы бар текежәуміт Қызылауыз жүйрігін сыйлайды.

*Мінекей батырлардың қылған ісі,
Болмады айтуға да ендігісі —*

деп, Көкбайдың өзі айтқандай, Абайдың кестелеп, буындап түсіндіруінен ұққан тарихи-шежірелік әңгімелерді зерделілікпен терендетіп, «Наурызбай — Фатима» оқиғасын әлеуметтік, көркемдік, суреткерлік көзқарас тұрғысынан келісті келісіммен жырлайды.

Батырлық рухы биік, отаншылдық сезімі терең, ұлт келешегі үшін жанқиярлықпен жай оғындай атылған, барыс мінезді Құдайменде, Саржан, Есенгелді, Кенесары сынды сайыпқырандарға ілесе шыққан «Мүйіз жүрек Ер Науан» хақында күйлі, қуатты мәуелі ойларды ағындатып туындатады.

Деректанушы Көкбайдың бұл дәуірнамалық, полифониялық дастанында Батыр Науанның ата-тек шежіресіне зейін аударғаны да дұрыс болған. Қасым сұлтанның бәйбішесі Бибі-Керей Құрман батырдың қызы екен. Бибінің сіңлісі Асылтастың ғашық жары дүниеден ерте озған соң және кемел ақыл иесі Бибі мосқалданып, сырқаттанып, мәні болмаған соң, сіңлісін Қасым сұлтанға некелеткен. Осы Асылтасынан қазақтың гауһары Ер Науан туған. Науан қырқынан шыққанда анасы Асылтас көз жұмады да, Кене мен Күнімжан еркелетіп-баулып ержеткізеді.

Қасым сұлтан ұлдарын ержүректікке былайша тәрбиелейді екен. Бурабай көлінің жағасында құмға қанжарды өздеріне көрсетіп көміп, үстіне құм үйіп, балаларын бір шақырым жерге ұзатып, онан соң екпіндетіп жүгіртіп, «Қарғындар!» дейді екен.

Наурызбай дәлме-дәл қанжар кадалған жердің үстінде шыр көбелек айналады екен.

Наурызбай жастайынан әскери өнерге жаттығады. Бірде алтын балық үйіріндей батырлардың ортасында кеңес құрып отырғанда босаға жақтан бір жігіт құлшына сөйлеп, тегінің Жолбарыс хан Төлеңгіті екенін, ес білгеннен сауда жасап жүргенін айтып, «тайын атанға айырбастамайтын», есепсіз «алма мойын, бөкен сағақ» тандаулы жылқылардың иесі Тілеуқабақ дейтін байды (екі ұлы мен екі қызы бар) тебірене айтады. «Алшынның отыз тайпа елінде» дәл осындай ырғын дәулет иесі жоқ-ау! Тілеуқабақтың Әли, Мұса дейтін екі қос мырзасын Алтын-Жаппас жұрты мыңға балайды. Бұған қызыққан Наурызбай он төрт ержігітті ертіп, Кене ағасынан бата сұрайды. Кене сонда: — Ей, Наурызбай! Патша құдай, жарылғасын. Қабырғамен кенес. Сабырға кел — дейді.

Науан: — Кене аға, немене, қазаққа бата беріп көрген жоқсың ба? Менің он жетіге келген шағымда жорыққа шығып көрмедің бе? Кене хан кемел бата берді дәл осылай:

— *Оңғарсын, сапарыңды патша құдай,
Үш жүзге аты шығып ұран болған,
Қолдай көр, Қасым сұлтан, Хан Абылай.*

Жорықшылар «Әумин» десіп, «Аруақтап», Үшбурыл өзені бойындағы копадан біреу шыға келді. Құдайдың дес берісі, елдің жайын білуге жақсы болды-ау деп жорықшылар жайраң қақты. Ол айтты: Үшбурылды ен жайлаған жылқыларды ешкім алған жоқ. Тілеуқабақтың Әли мен Мұсасы ай мүйізді айбарлы бектер. Үшбурыл өзені Мұғаджар тауынан басталып, Үстүртке қарай ағып, ақыры құрдымға зым-зия жоғалады.

Болмысында, сүйегінде ізгілік қасиеті қабындаған Ер Науан бұл жігіттің айтқанына дән разы болып, өз жөніне, өз жолына жібереді.

Ағыны дөңбек тасты аударған Үшбурыл өзенінен өте шыққанда, күнірентіп өлеңдеткен дауыс естиді:

Қыз:

— *Ашпадым жездей келмей қабағымды,
Балдыз деп иіскелейтін тамағымды,
Серіні келеді деп мен отырмын,
Етіп жүр кімдер ермек қарағымды?*

*Балдызбен сөйлеспей ме сырын ашып,
Кететін жөні бар еді амандасып.*

*Апамның өліп кеткен күйігінен
Кетті ме батыр жездем Хиуаға асып.*

Наурызбай:

— *Торығып төмен кеткен ел оңа ма?
Бір батыр бір батырмен тең бола ма?
Іздейсің келмей кеткен сол жездеңді,
Жаңа жар ескі жардан кем бола ма?*

Нағыз дәстүрлі қыз бен жігіттің ойнақы, әдепті айтысына ұласады. Ой шеберлігі, ой тапқырлығы, қазақы өмір шындығы, кейіпкердің жан толғанысы, қыздың өжет қылығы («Алыстан өлеңінді қорқып айтпай, Қасыма, жігіт болсаң, келші бері!» деуі), жас оғыланның бар-жоғы он бес-ақпыз, ұрысты қояйық деуі бейнелі жарасыммен суреттелген.

Құндыздай құлпырған сұңғыла қыз «Патшаның саясатшыл баласындай, Жаралдың қандай жанның тұқымынан» деп, Наурызбайдың заттылығын, асылдығын танып, мейірбандықпен әсерленіп үн қатады.

Наурызбай хан Абылайдан бастап, Кенесары ханның бауыры екендігін айтса, қыз да есімі Фарида сұлу екенін, елінің құт қонған Қыдыр атасы Тілеуқабақтың малын олжаласаң, «Сені де, бәлем, төре, аруақ ұрар» деп шүйіліп, «Төреге кісен салған атақ жаман» деп, райынан қайтаруға әрекеттенеді.

Тік сөйлеген қыз сөзі тікендей қадалып, бұған шамданған Наурызбай «Абылайлап» ұрыс бастап, жылқыларын қолды етеді. Шанышпа тілді қыз да алапат қара құйынға соқтыққанына дағдарып, былайша өлендетеді:

Наурызбай қыздың мүбәрак пәк болмысына, шынайы тазалығына құмарта ғашық болып, қалағаныңды ал деп мәрттік жасайды.

Фатима сұлу шешіле сөйлеп, балауса балғын кезімнен екі тайды баулып едім, соны берер ме екен деп үміттенемін дейді. Және де «ерлігің, серілігің, сұлтандығың, қасиетті асыл ерендігің, ғаріптерге жанашырлығың көрініп тұр, сардар төрем деп қимастық көңілмен ішкі сырынан да сездіреді. Сұңқардай сергек Наурызбай Алланың жаратқан бір қызғалдағына «реңің оттай» жанып, сүйегім балқып, қимастық сезімім еркімді жеңіп барады дейді.

Алған бетінен қайтпайтын қасқыр мінезді Наурызбай Айдарлыда үш күн жатып, сені тосамын, сөйлеселік, «ишара, тұспал айтып, уағада етеді де», жылқыны қуып әкетеді.

Дереу Фатима сұлу да екі ағасына өлендетіп, былай дейді: Пері ме, адамзат па, диуана ма бір жігітпен айтыстым. Сөйтсем Хан Кененің жігіттері. Жылқыларды Қолбасы ханның інісі сыпырып кетті. Мұны естіген соң, ел дүрлікті, ақылдасты. Токетері, от ауызды, орақ тілді, намысты ақыл мен айлаға кемел Фатима сұлудың мойнына ел аманатын тапсырды.

Тұйғын мінезді Фатима сұлу тәуекелге бекініп: пірлердің дұға-шарапатымен, қызыл тілімнің қуатымен малымды да алармын, «Науанмен де толғасармын» деп, «қаулап жанған оттай» болып жөнеледі.

Науан да өзінен-өзі дегбірсізденіп, аруақтанып, бал ашып, ғайыптын сырларына ұйып, ақылымен кеңесіп, «Не табам елді жылатып, қағынғаннан», одан да Фатима сұлуға маған шын бұйыртса, құдайыма да, тағдырыма разымын дейді. Ол алпыс басты ақ ордамның құт берекесі болса, айым аумас, күнім қисаймас еді дейтін түпсіз ойларға шомды. Сол бір мезетте «бір өзі жүз кісілік серіге» татитын Ержан ағасы қозы көш жерден қызды көрді де «Ей, інім, еркексінбей, байқап сөйле!» дейді. Фатима ару сырнайдай сызылған даусымен саңқылдап-жарқылдап шырқап, жер мен көкті тебірентіп:

*Күйеу ең біздің елге әуел баста,
Басыңа пәле болар, малды таста!
Қырмызы жігіт болсаң, жібектей бол,
Құр бекер өнеріңді желге шашпа! —*
дейді.

Наурызбай қызға сөз салмақ алдында Ержан ағасымен келіседі. Қыздың ар-ұятын ардақтаймын, меселін қайтармаймын, малын шашау шығармай қайтарайын дейтін ойға бекінеді. Қыз сөзін былайша жалғастыруда:

*...Алдыңда ту көтерген Ержан ағаң,
Төрелер, жыртылмасын алтын жағаң.
Қара жүз қып ерлерім, қайтармаңдар,
Жұмсап еді сенгеннен соң, жұртым маған!*

Сонда Науан ер сөзінің токетерін:

*Фатима, пісіп тұрған сен бір алма,
Тысқары топырақтан қылсын Алла!
Өзіңді осы күзде келіп алам,
Ғашық жар, сол уақытта айнып қалма! —*

деп, оттай ыстық мейір-махаббатын тамылжытып, әсерлендіріп жеткізеді.

Сонымен Наурызбай Кенесарының ордасына келіп:

— Хан аға, Фатима Тілеуқабаққызымен уәдем бар еді. Қалыңдығымды қалың малсыз алуым үшін жылқысын қайтарып бердім. Болашақ келінініңізді әкелуге рұқсат етіңіз!

Бауырының жүрек қалауын Хан ағасы бүтін болмысымен ақ батасын ақ тарыдай ақтарылып береді де, енді Тархан Шақшақ Жәнібектің жолын ашқан,

Қара би немересі Абылай хан батырларының бірі, Жабай баласы жасы жүзге толған Керей Токсан бидің алдына барып, бата ал дейді.

Токсан би жас науша Науанға: Ақ ниетті атаң Абылайды көрген едім, әкен Қасым сұлтан мені өзіне серік етті. Саған атаңның бағын, тағын, тәжін берсін, бабанның Ақ туы желбіресін, Кенесарының көсегесі көгерсін, көгершінім! Мұндай тағылымды сөздер руханилық деңгейінді көтереді, ақылыңды байытады, намысыңды қайрайды, үміт отын лаулатады.

Токсан бидің ақ батасынан қайраттанған қолбасы Ержан бастаған жорықшылар Тілеуқабақ еліне жұлдыздай ағып жөнөйді.

Фатима қыз:

- Науанға уәдемді бердім, — депті,
- Өмірлік серігім деп, сендім, — депті.
- Елді шаппай, жылқыны тастап кеткен.
- Мұнысы Наурызбайдың ерлік! — депті.
- Ер Науан сұлуларға арман, — депті,
- Жаманға елім-жұртым барамын, депті.

Қыздың ұлы арманын түсінген Алтын жұрты сұлудың бағы ашылсын деп құмырсқаша қимылдап, ұзатпаққа кіріседі.

Айдарлы бойында Ержан мен Ағыбай батыр бастаған құдаларды Тілеуқабақ алдынан шығып, жүйріктерінен қолтықтап түсіріп, ақ шаңқан үйлеріне жайғастырады. Құдаларға ел жақсылары аққудың мойнындай иіліп сәлем береді. Құдалардың ортасында Кенесарының бас батыры Алшын Кереит Доскожа жыраудың аталас інісі Нысанбай жырау да бар.

Осы бір тарихи ұлы салтанатта, ұлы думанда көкпар тарту, жамбы ату, ат үстінен күміс жүзік алу, бәйге, балуан күрес, аударыспак, алтыбақан, аксүйек ойнау секілді неше түрлі ұлттық ойын-сауықтар тізбек-тізбегімен көрсетіледі. Тілеуқабақ Фатима қызын ұлы тілекпен, мол жасаумен құрметтеп ұzataды.

1838 жылдың қазан айында Хан Кене Науан мен Фатимаға сегіз қанат ақ отау тігіп, келін түсіру тойын жасайды. 1839 жылдың көктемінде Фатима арудың ағалары Әли мен Мұса бастаған құдалар Ортауда отырған Кенесары ордасына қонақ болады. Салтанат сәнімен, мәнімен ерекшеленіп, Хан Кене құдаларына қымбат кит кигізіп, әрқайсысына су төгілмес жорға мінгізіп, шығарып салады.

Абайдың ұғындырғанын Көкбай Жанатайұлының әңгімелеуінше, 1838 жылы Ержан, Ағыбай, Наурызбайлар бастаған көш Арғын, Қуандық жеріндегі Ортауға келе жатқанда қара нөсер құйып, күн суытып, Фатимаға суық тиіп, сырқаттанады. Кененің бәйбішесі Күнімжан да бәйек болады. Бақсы-балгерлерді шақыртып емдетеді. Ай сипатты келінім құлан-таза жазылсын деп Күнімжан қыз-келіншектерді жолатпаған.

Жыл өтіп Кене келінін көрген дейді,

Сұлу деп аса көңіл бөлген дейді.

Фатима таңданғаннан суық тиіп,

Көз тиіп, үш күн жатып, өлген дейді.

Меңсұлу екі асылдан қалған екен,

Күнімжан бауырына салған екен.

Сол қызды бой жеткен соң, қалың беріп,

Сегіздің Мұстафасы алған екен.

Сыздық төре қарындасын Мұстафа батырға ұzataды. Сегіз серінің жеті ұлының үлкені. «Қазақтың Сегіз сері данасы да, Жырлапты мұны өзі, баласы да» дейді Көкбай. Яғни «Наурызбай — Қаншайым» жырын Сегіз Серінің ұлы Мұсайын жырлаған.

Хан Абылайдың мәуелі әулетін Хакім Абайдың бажайлап-баяндауымен тапқырлықпен толғап өлеңдеткендіктен, «Шәкіртімін — Абай аға, атым — Көкбай» деп тәмамдайды.

Енді ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басында «Тауықтың әтешіндей» қоразданған болымсыздар Сегіз серіні жоққа шығаруға жанталаса әрекеттенді.

Сондықтан да Сегіз серінің дастаншылдығы мен ұлдары балуан ақын Мұсайынның қиссашылдығы, әрі батыр, әрі жырау Мұстафа жайында байтақ мәліметтер «Жүсіпбек Шайқысламұлына» дейтін деректемелік-тарихи толғауында нақтылы, жинақы баяндалған.

Арнадым осы өлеңді қожас текке,
Халыққа келіп сіңген Жүсіпбекке.
Қазанда көп қиссаны бастырсаң да,
Ұрлығың аян болды дүйім көпке.
«Наурызбай – Қаншайымға» болма ие,
Сені де соғып жүрер аруақ, кие.
Дастанын өлгендердің ұрлаймын деп,
Өзіңе-өзің жақтың қара күйе.
Қожас, сен құлығыңды асырыпсың,
Қазанда бұл қиссаны бастырыпсың.
Өзіңе өз қылмысың майдай жағып,
Бойыңнан ар-иманды қашырыпсың.
Бұл қисса Орта жүздің Керейінен,
Қазақтың Сегіз Сері мерейінен.
Шығарған осы жырды кім екенін
Білмесе, елге айтып берейін мен.
Наурызбай-Ханшайым қыз елдің ері,
Шығарған дастан етіп Сегіз сері.
Сегіздің көп қиссаны шығарғанын
Әлі де ұмытқан жоқ қазақ елі.
«Наурызбай-Ханшайымды» екінші рет
Қисса еткен балуан ақын Мұсайын еді.
Мұсайын сол Сегіздің бел баласы,
Оның да атын білген бізге міндет.
Әке-бала екі ақынның жырын алып,
Әрқайсысын бөлшектеп, бөліп-жарып,
Жасадың екеуінен бір дастанды,
Шатаққа неге осынша құмарланып?
Өзіңді харам іске киліктірдің
Екі ақынның қиссасын біріктірдің.
Өткен Қоян жылында кітап етіп,
Ел-жұртты ұрлығыңмен дүрліктірдің.
Жағырапия маккасы мұны көрген,
Тәштит ер Қызылжарлық әкеп берген.
Сен бенен біз тумастан бұрынырақ

Бұл қисса Орынборда жарық көрген.
Әбілхайыр хан әулеті ұлық болған,
Кәсібі кей төрелер құлық болған.
Ер Сегіз бен Науанды жек көрген соң,
Қысқартып бұл дастанды бұзып қойған
Жоқ қылуға қиссаны бата алмаған,
Сегіздің есімін де атамаған.
«Наурызбай-Ханшайым» мен

«Хан Кенені»

Жырлатқан Мұсайынға Тайшық –
төре тегі.

Хан Кене мен Қырғыздың соғысқанын
Нысанбай ақын жырлап айтқан еді
Дастанын Нысанбайдың қысқа деген,
Уақиғасын Мұсайынға айтып берген
Қожық пенен Тайшықтан естігенін
Мұсайын қисса етіп жырлап берген.
«Кенесары-Науанды» жырлаған соң,
Бала ақын әсем сөзбен сырлаған соң,
Ағыбайға, Қожыққа, Сыдыққа да
Мұсайын айтқан сөзі ұнаған соң,
Мұсайын Сегізұлын жақсы көріп,
Түйе бастап, бір тоғыз сыйлық беріп.
«Наурызбай-Ханшайымды»

жырлаған соң,

Мұсайынға Ер Сыдық жүрген сеніп.
Мұстафа Сегіз сері баласы екен,
Сыдық төре онымен дос-жар екен.
Мұстафа өзі батыр, өзі жырау,
Бала ақын Мұсайынның ағасы екен.
Ұзатқан қарындасын Сыдық төре
Керейде жалынды жас Мұстафа ерге.
«Наурызбай-Ханшайымды»

Мұсайынның

Дастан қып шығарған белгілі елге.

Жинаушы, бастырушы Жүсіпбек Шайқысламұлы Кенесары-Наурызбай жайлы мынадай жинақтарды бастырғанын ескерткен дұрыс болар.

Наурызбай батырдың бір қыз бірлән айтысқаны. Қазан, 1901. 38-стр. Араб әрпінде және орыс тілінде.

Қисса-и Кене хан Һәм Наурызбай. Үшбу қиссаны жазып, баспаға даярлашы Юсуфбек Шәйхуисламұлы, 1903 жыл, 16-бет.

Қисса-И Наурызбай төре Қасымұлы Қасым Абылайханов. Жазушы Жүсіпбек Шайхуисламұлы. Қазан, 1912, 56-бет.

Келешекте осы қиссалардың мәтінін (мазмұны, тілі, құрылымы) тексеру, анық-қанығын айқындау керек-ау.

Хан Абылайдың қаһармандық, хандық, көшбасшылық, көсемдік тұлғасы Көкбай Жанатайұлының «Қандыжап» дастанында тарихи-әлеуметтік, көркемдік-философиялық дүниетаным тұрғысынан гүлдендіріліп жырланған. Алдымен «озбырлы ақ патша мен қытай, қалмаққа» қарсы жортуылдарында сағы сынбай, бағы нұрланып, абыройы асқақтап, атандай алшандап, дозақтың

отының ішінде құдай қолдап, жұртын қорғап жүрген Абылай хан Жәнібектен бата алуға келеді. Сондағы қасиетті кісінің батасы былайша екен: Толғанып іс істе, халқыңды ғаделетпен басқарсаң, әр нәрсенің «анық-қанығына» көз жеткізсең, төрт құбылан сай, көптің сынын қабылдай біл, жолыңды, жөніңді, жоғыңды түгендей біл, алдыға келсе, айыбын кеш, дұшпаныңа әділ бол, уәдеден тайма, егін салдыр, еліңді отырықшылыққа үйрет, көршілеріңмен тату бол, бірақ сақтана біл, еліңе ие бол, әйтпесе доңыз төбеге шығады, дегенмен де «дұшпан тұр ызғар шашып батыс жақтан».

Шежіреші ақын Көкбай Хан Абылай заманының сойқанды жылдарындағы қасіретті қан кешулерін де кестелеп сөйлетеді. Айталық, Қалмақ ханы қытайдан он мың шерік алып қазақтан кек алуға аттанады. Жау қазаққа кісі салады. Ол — Қарастай Қалданның қызына үйленген Қолбасшы Шәріш Төле би алдына келіп, үш шартын қояды. 1) Шудың солтүстігі Сарыарқа алтын бесігіміз; 2) Қабанбай, Бөгенбай, Сарымалай, Ер Жәнібек елімді талай рет қан қақсатып, бес батырымды жер жастандырды, сондықтан да әрқайсысына қырық қыздан құн даулаймын; 3) Хан Абылайдың өзі алдыма келсін, сазайын тарттырамын; 4) әрбір қыздың ақ отауы, айдаған малы болсын және Абылай өз қызын берсін, 5) Қалданның жалғыз ұлы Әмірсана Абылайға іні болсын. Бітімім осы.

Шәріштің осынау айтқандары Хан Абылайды ой тұңғиығына батырады.

«Қайран елім, ер сыналатын заман туды» деп, ар-намыс туын жоғары ұстап, қалың тобын соңына ертіп Қабанбай «Абылайлап» соғысты бастап жібереді. Ер Қабанбай Шәрішпен жекпе-жек шығып, арыстанша арпалысып, сауыт-саймандары да талқандалып, Шәрішті тірідей Хан Абылайға алып келген бетте-ақ қаны қайнаған сабазың Шәріштің жанын жаһаннамға жіберген.

Содан Қалдан хан шамданып, қытай патшасынан батырлар сұрап алып, өзінікін де қосып, мұздай қаруланып, жер қайысқан әскерімен жөңкіліп, қазақ даласын жан-жақтан торлап, Арқаны қайтадан тартып алып, елдігін де, ордасында жып-жылмағай жоймақ болып, оттай лаулап, шегірткеше қаптап, алапат тегеуірінді қимылмен қиғылық салып, қиқулап, қазақтың еліне ентелей құйғытып жөндейді. Ертіс, Іле, Есіл, Нұра бойы, Көкшетау алабына көз тігеді. Бұл уақытта Хан Абылай Ер Жәнібек екеуі Төле бидің басына Құран оқымақшы болып жолға шығып кеткен еді.

Ойда-жокта қалмақ әскерінің қолбасшысы Тарлық батыр қаннен-қаперсіз ұйықтап жатқан жолаушыларды көріп: «Тұрындар» дейді. Қалмақтың тілін түсінетін Абылай Жәнібекті оятады.

Тарлық батыр «Кімсіңдер?» деп сұрағанда: «Іздеп жүрген Абылайың — мен» дейді. Ол Абылайдың патшалық рәміздерін көріп, қол-аяғын байлап, Қалдан ханға табыстайды.

Қалдан хан Абылайға жеке үй тіктіріп, сый-құрметін аямайды. Қалдан хан қырық күн өткен соң, бектері мен батырларын түгел жинайды.

Күміс қақпалы ордасында Қалдан хан тәжін киіп, тағында отырып, Абылайдың арманын, арызын сұрамақшы. Осы бір сын сағаттың алдына сұңқардай сергек Ер Жәнібек Абылайдан бұрын кіріп, төрт аяқтап тақ тәрізді бола қалады.

Байқампаз әділетті Қалдан хан Ер Жәнібектен «Бұл қайткенің қазақтың ырымы ма?» дейді.

— *Алдияр! — деді Жәнібек. — Ханым, Қалдан,*

Саған қылдым намыс үшін жанды құрбан.

Ханымға тақ боп тұрмын жерге отыртпай,

Түскен жоқ хан Абылай хандығынан.

Хан Абылайға деген ілтипат қандай десеңізші! «Күн қасында сұлтаным, Ай қасында шолпаным!».

Сонан соң Хан Қалдан Хан Абылайды таққа отырғызады.

Әрі қарай көк жүйрік Көкбай ақын Қалдан ханмен Абылай ханның

арбасып сынасқанын, ірілік, елдік мінез, терең парасат, өрен тапқырлық, шешімпаздық, отаншылдық рух танытқанын мейлінше мейірбандықпен сөйлетеді.

Қалдан хан айтады: Кешірім сұрайтын, аяғыма жығылатын жұртың қайда? Мен сені өлтірмеймін, еркіңе жіберемін, егер де белгілі бір бітімге пәтуалассан, сонсоң еліңе қайтасың.

Абылай хан өзінің ұстанымын:

— *Өлтірсең де бармаймын бітім ұстап,*

Қалың қазақ еліммен ақылдаспай,

Шәрішті өлтіргенге жауаптымын,

Басына басым татыр өлтіре бер!

...Дүние ісі — дүниеде қайтады» деген,

Қазақтың бұл шапқаны кек алғаны, — деп, тегеуірінді қайсарлық танытады, көсемдік болмысына табындырады.

Қалдан хан мынаны төндіріп айтады: Қан кешуде найзаның ұшында емес, Шәрішті өлтіргенің үшін басыңды алам, арманыңды айт!

Жөн-жосыққа білгір Абылай бұған дауым жоқ, сонда өзін би, өзін даугер болуың дұрыс па дейді де, ғасырлық мұратын былайша пайымдап, кестелеп жеткізеді: 1) Қазақ елінің «Алды-арты, оңы-солы түгел қауіп», сол себепті қоныстандырып, егін ектіріп, отырықшы ұлыс ете алмадым; 2) Қайратты қас батырдың қолынан өлмедім, күш-қуатым құр бекерге ит рәсуа болды; 3) Шәрішті өлтіргеніме айыптымын, үш атадан жалғызбын, тұқымым тұздай құритын болды-ау?

Осынау 3-ші арманын айтқанда Қалдан хан тастай қатып: «Әмірсанам секілді жалғыз екен» ғой дегенде Ер Жәнібек: «Олай болса өлімін кешіріңіз, Төрелік әділ келді жаңа ғана» деп, тұткиылдан құлдық ұрады.

«Ақылы Қалдан ханның теңізбен тең» емес пе, Әмірсананы Абылаймен жарастырып, «Өлімді кештім!» — дейді Қалдан хан. Екеуіне «жер бетінде есен-аман» жүріңдер, екі елдің тыныштығын ойлаңдар деп тілеуқор болады.

Сонымен қазақ-қалмақ ынтымақтасып, Аякөздің бойында бітім жасайды. Бітімнің елдік ұраны былайша:

Тоқтасын бұдан былай елді шабу,

Екі елдің де пайдасы — бітім табу.

Опырылып қалғанның орны толмас,

Ашылған етек болса, қайта жабу.

Бітімге «Қандыжап» деп ат қойып, Қалдан мен Абылай бармағын басады.

Көкбай Жанатайұлының «Қандыжап» дастанында Абылай ханның қаһармандық, қолбасшылық өмірі тарихи зерделілік, ұлттық сана, отаншылдық, гуманистік көзқарас тұрғысынан жоғары көркемдік-философиялық дүниетаным деңгейінде әсерлі сипатталған. Дастаншы, деректанушы, шежіретанушы ақын шеберлік, тапқырлық, даналық танытып, сөзді, ойды гүлдендіріп, сәулелендіріп отырады.

Көкбай Жанатайұлының «Ғаділ патшың қиссасы», «Һарун Рашид патшаның қиссасы» дейтін әпсана-хикаяттарының сюжеттері «Мың бір түн» ертегісінен алынып, ертегілік-аңыздық, ғибратшылдық, діни-мұсылмандық сарындарға негізделіп, ақындық тапқырлықпен жырланған.

Бір жағынан жәдігөйлікті, азғындықты, дүниеқоңыздықты, аярлықты, сиқыршылықты, ұрлықты сұңғылалықпен әшкерелесе, екінші жағынан шежірешілдікті, өнерпаздықты («Кеудем толған шежіре қағазбен тең», «Өнерменен өзінді сөйлеткен мен»), диханшылықты, еңбекшілдікті, кәсіпшілікті («Бір харекет қылмаса кәсіп үшін, Көктен тастап Құдайым мал бере ме?»), ізгілікті дәріптейді.


Негізінде, Көкбай қиссалары — ғибратнама қазынасы іспетті,

Асылы, Көкбайдың ақындық мәдениетінде Абай рухы, тағлиматы, көркемдік дәстүрі, ой сарындары, ұлылық ұшқындары жарқын көрініс тапты.



Сахна сыры

САФ ӨНЕР. САҢЛАҚ ТҰЛҒА



МІНЕЗІ БӨЛЕК ТҰҒЫРЛЫ ТҰЯҚ

Кинода 50, дубляжда 500-дей рөл сомдап, Фабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрына бар ғұмырын арнаған, ұжымға сыйлы аға болған Мәкеңнің жасы да, міне, 100-ге келіп, ғасырға жетіп жатыр екен. «Мәкең» деп отырғанымыз — Мәкілқожа Құланбаев.

Мәкеңнің туған әпкесі Бибіза, жездесі Файзолла, інісі Ақыл Құланбаев, қайынағасы — «әуе толқынындағы қазақтың дауысы» атанған Әнуарбек Байжанбаев, Әнуарбектің баласы Жан Байжанбаев — қазақтың мәдениеті мен өнерінде орны бар белгілі тұлғалар. Бибіза Құланбаева Балалар мен жасөспірімдерге арналған театрда актриса болып, осы театрдан зейнетке шықты. Бибіза апа Шәкен Аймановтың фильмдеріне түсті. Жаксы әнші еді.

Күйеуі Файзолла Тоқтарбаев ағамыз да аталған театрда актер болып, зейнет жасына дейін қызмет қылды. Ұзақ жасады. Екеуі де атақ-дәреже қумай, қатардағы артист болды. Тұтас ұжым екеуін ерекше сыйлайтын.

Мәкілдің інісі Ақыл Құланбаев өнер жолын театрда бастап, одан ары қарай қызметін радиода режиссер-актер болып жалғастырды. Оған да атақ тиген емес. Біраз фильмдерде ойнады.

Мәкеңнің немере ағасы, белгілі Алаш қайраткері — Халел Ғаббасов еді. Ізіне түсіп зерттейтін талапкер жастар табылып жатса, құнды тақырыптардың бірі осы

— Халел Ғаббасовтың өмірі болатыны даусыз. Мәкіл ағамызбен өмір бойы бір театрда қызмет істеген Әмина Өмірзақова апамыз да осы елдің тумасы.

Мәкіл ағамыздың мінезі жұмсақ, жайсаң жан еді. Өнердегі атақ пен мансапқа өлермендене ұмтылған кезі болған емес. Содан да шығар, 50 жылдық мерейжасына орай берілуі тиіс «ҚР еңбегі сіңірген» құрметті атағы ол кісіге араға жылдар салып барып бұйырды.

Бір театрдың кірпішін қалауға қайрат қылған ақсақал актер болса да, «Халық артисі» атағына жете алмай өмірден өтті. Осының бәрі оның жан тазалығынан туған жағдайдың көрінісі. Алайда екпін түсіріп ерекше айтарымыз: актер Мәкіл Құланбаевтың көп жылғы еңбегінің ерекше жемісі мен жеңісі — Әуезовтың «Алуа» қойылымындағы Назарбек рөлі болды. (Аталған пьесаны 1984 жылы режиссер Райымбек Сейтметов сахналады).

Бұл қойылымның тағы бір ерекшелігі — Ләйла Мұхтарқызының өзі көріп, бағалап, Мемлекеттік сыйлыққа ұсынғаны және Жастар театры өз алдына театр болып, Мемлекеттік сыйлықты алғаш алуы еді.

Мәкеңнің өткен өмірі мен еңбегіне көз салсақ, ол — алғаш ашылған балалар мен жасөспірімдер театрының (1948 жыл) негізін қалаған аға актер. Жастар театрын құрған — есім-сойы сол кездегі Одаққа белгілі КСРО халық артисі, педагог, режиссёр Наталия Ильинична Сац. Ұстазы — әйгілі Асқар Токпанов. Әр өнер адамына бұйыра бермейтін тарихы осындай ерекше жанның бірі — Мәкілқожа Құланбаев.

Мәкіл ағамен ширек ғасыр бір театрда қатар қызмет атқардық. Өзім көріп, бірге ойнаған рөлдері — «Ақан сері — Ақтотыдағы» Қонқай болды. Мәкеңнің бұл Қонқайын Ғабәң (Мүсірепов) жоғары бағалап, батасын бергенін-ді. Сол сияқты театрдағы талай жақсы рөлдері өз алдына.

Мәкең — ұзын бойлы, келбеті келіскен, өзгелерге көп ұқсамайтын бітімі бөлек актер болды. Сахнада үні құлаққа жағымды естілетін, әрі сөзді анық айтатын. Сөздің астарына үңіліп, мағынасын ашып, кейіпкерінің мінез-құлқын дөп басатын. Осының көбі өмір мектебін бала жастан көргендігінен де болар. «Өнер мектебі — өмірден» деуіміздің сыры да осында.

Ауылда туып, қалада қалыптасса да, ол қазақи болмысын жоғалтпай, үлкенге — іні, кішіге — аға атанып, жүрген ортасында өте сыйлы жан болып, өмірден озды.

Шәкен Айманов, Абдолла Қарсақбаев ағаларымыз оны киносынан қалдырмай шақырса, театрда Асекеңнен (Токпанов) бастап талай режиссёрлар басты рөлдерді Мәкіл ағамызға қорықпай беретін. Бұл да талантқа деген зор сенім. Оның басты дәлелі — театр мен кинода Мәкіл Құланбаев ойнаған рөлдер көрерменнің есінде, өнер тарихында қалды. Сонда да болса, қазақ театр өнерінің бір кемшілігі — өмірден өткен мықты таланттарды зерттеп-зерделеп жазатын мамандардың тапшылығы мен жоқтығында дер едім.

Театр өнеріндегі Мәкілқожа Құланбаев кім десек, ол — атауы бас әріппен жазылуға қақылы «Актер» деген құрметті атқа ұят келтірмеген, алдыңғы ардагер ағалардың соңынан ерген асыл тұяқ. Мен көрген Мәкең осындай еді...

Ерсайын ТӨЛЕУБАЙ,

ҚР халық артисі, режиссер, драматург

СӘУЛЕЛІ СӘТТЕРДІҢ АРАСЫНДАҒЫ ЖАРҚЫН КЕЛБЕТ

1983 жылы Алматы мемлекеттік театр және көркемсурет институтын бітірген бетте, курста бірге оқыған К.Нұрланов, Р. Қалиолдина, Е.Абдрешов және мен бар, қазіргі Ғабит Мүсірепов атындағы жастар театрына жолдамамен келе қалдық. Менің жолым болып, Мәкіл Құланбаев, Атагелді Ысмаилов ағалар отырған гримдеу бөлмесіне орналастым. Содан аузым ашылып, аңыз

адамдармен бірге отырғаным рас па, өтірік пе дегендей әңгімелерін тындаймын. Бұл кісілер көп оқыған, білімдері терең актерлер ғой. Кейінірек етім үйрене бастағаннан кейін аздап әңгімелеріне араласып, арасында әзіл де айтып қоятын болдым.

Содан бір күні Мәкіл ағаның: «Бала, шахмат ойнай аласың ба?» — деп сұрағаны. «Иә» дедім, «ендеше, кел, отыр, мыналардың бірде біреуі шахмат ойнауды білмейді», — деді Мәкіл аға. Сөйтсем, шахматты тәп-тәуір ойнайды екен, менің де шахмат теориясымен айналысқан тәжірибем бар, не керек, бос уақытымызда ит жығыс түсіп, ойынның қызығына кіріп кетеміз.

Бірде сахнада «Ақан сері — Ақтоқты» спектаклі жүріп жатқан. Мәкіл аға Қоңқай деген кейіпкердің рөлінде ойнайды, мен — Сейітті. Арасында жарты сағаттай екеуміздің бос уақытымыз бар, бастап қойған партияны бітіре салайық деп ойынның қызығына еніп кеткенбіз ғой. Бір кезде Мәкіл ағаның жұбайы Гуля апайдың (ол кісі режиссердің көмекшісі болатын), «Құлнбаев!» деген ащы дауысы естілгенде, Мәкіл ағам бөлмеден қалай атып шыққанын байқамай қалды-ау деймін. Сөйтсек, ол кісі сахнадағы ойын сәл өткізіп ала жаздапты. Сөгіс еститін болдық деп, мен де қосақ арасында кететін болдым деп, әлгі оқиғадан кейін қатты абыржығаным есімде.

Мәкіл ағаны ойласам, осындай сәттер, естеліктер ойыма орала береді. Бір сәт және бүкіл ғұмыр... Сол сәттердің арасында үнемі Мәкіл ағаның жарқын бейнесі жүреді.

Бақытжан ӘЛПЕЙІСОВ,

актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

МӘКІЛ АҒА МЕКТЕБІ

Мәкіл ағамен бірге жұмыс істеу қызық болатын. Бала сияқты аңғал, әпенділеу мінезі ол кісіні өзгелерден даралап тұратын. Ғ.Мүсірепов театрында бірнеше спектакльдерде бірге ойнадық. Гастрольдік сапарларда, облыс, аудандарда да бригадамен (бірікпелі спектакльмен шығатын шағын топ) бірге жүрдік. 90-шы жылдардың басында Мойынқұм, Талас аудандарын С.Балғабаевтың «Қазақша күрес» деген комедиясын бір айға жуық ел аралап көрсеттік. Жарықтық Мәкіл ағамыз сол кезде жетпістен асып қалған... Небір алыс жолдарда қаққан қазықтай отырып әңгіме айтып отырар еді. Кейбір ауылдарда дастархан жайылып, сол жердің басшылары «мына спектакльдеріңізді тездетіп ойнаңыздар, дастарханға барайық» дейді ғой. Оларға, әрине, артистермен бірге отырып дастархан басында сырласу, көңіл көтеру қызықтырақ. Ондайда спектакльдің кейбір тұстарын қысқартып жіберіп, тезірек бітіруге тырысамыз. Бірақ, Мәкіл аға жүрген жерде ол қулығымыз іске аспайды, құрғыр. Өйткені жанағы тастап кеткен жердің сөзін қайтадан бастап түгел ойнап шықпаса, ағаның көңілі көншімейді. «Айналып кетейін, Мәкіл аға-ау, бағана осы елдің жігіттері өтініш жасап еді ғой» десең, «халықты алдауға болмайды, өнерге адал болу керек» десе-еп қарап тұратын.

Сол жылдары сабын деген таптырмайтын дүние болып еді. Бір күн демалыс ұйымдастырып, Мойынқұмдағы моншаға бардық топырлап. Сабын болмаса да, буланып, жылы суға жуынып алайық дестік. Әйтеуір, барымызбен базар жасап, жуынған болып жүрміз. Қараймыз, Мәкіл ағаның үстінен көбік көрінеді. «Мына ақсақалды қара, жасырған сабыны бар екен ғой» деп, жақындап келіп сұрасақ, кір жуатын ұнтақпен жуынып отыр екен. Аз-аздан сұрап алып, кәдімгідей болып қалдық. Бірақ, ұнтағы бар болғырдың түшкіртетіні жаман екен. Сөйтіп «жуынып» жүргенімізде, ыстық судың бітіп қалғаны. Ортамыздағы Айтжаны ағаның (қарынды кісі еді, жарықтық) — үсті-басы ақ ұнтақ. Ағаны суық сумен жуынғанынша жуындырып, содан кейін жабыла сүлгімен сүртіп әлекке түстік. Әлгі ұнтағы құрғыр оңайлықпен кетпейтін жабысқақ пәле екен, әрең дегенде тазаладық ағамызды. Ертесінде қарнының, денесінің біраз жері қызарып,

бөртіп, қышып мазалаған көрінеді: «Қайдағы жоқты шығарасыз да жүресіз», — деп Мәкіл ағаға ренжіді Айтекен.

Бір ауылға бара жатқанымызда, сонау алыстағы көлден аппақ құстар көрінді. «Аккулар! Қараңдар аккулар!» — деп Мәкіл аға дауыстап жіберді де, керемет бір әсерге бөленіп, Сәкен Сейфуллиннің поэмасын оқып кетті дейсің саңқылдап:

*Арқада бір жер бар еді,
Жібек самал саясы:
Саяда бір көл бар еді,
Сырлы кесе аясы.*

*Маржан құмы, күміс суы
Көл еді кең айнадай:
Мұнарытқан торғын буы,
Көк кестелі айнала...*

Ағаның тебіреніп отырғаны бәрімізге әсер етті. Мен домбырамды ала салып «Акку» күйін шерттім, Күләш апамыз ыңылдап, үнімен қосылды. Сөйтіп, әпсәтте автобустың ішін думандатып-ақ жібердік. Тек бір өкініштісі, жақындап келгенде байқасак, «акку» деп даурыққанымыз қоқиқаздар болып шықты. Е, мейлі дестік.

Театр сахнасында Мәкіл аға өте көп образдар жасады. Олардың бәрін атап шығу артықтау болар. Менің есімде қалғаны — Мәкіл ағамыз жас буынға мейіріммен қараушы еді. Берілген рольдің тетігін таппай қиналып тұрғаныңды байқаса, тез арада ақылын айтып, көмектесуге тырысатын.

Көптеген жылдар Мәкіл аға, Атагелді аға, Мұхтар аға, Алтынбек ағалармен дубляж залында бірге талай танды атырып, талай кешті батырдық. Соның бәрі кейінгі толқын біздер үшін үлкен мектеп болды. Сол сәттерді қатты сағынамыз.

Ол жылдары театр басшысы Райымбек Сейгіметов ағамыздың бастамасымен мектептерді, жоғары оқу орындарын, мекемелерді аралап жүріп, арнайы барып кездесулер өткізетінбіз. Кездесу барысында монологтар оқып, ән салып, спектакльдерден үзінділер көрсетіп, жастарды театр деген әлемге еліктіріп қайтатынбыз. Сондай шаралардың бәрінде де Мәкіл аға ортамызда жүретін. Театр өнеріне шын берілген, өмірінің бар маңызын содан тапқан адам еді ол.

Мәкіл ағаның қожанасырлығы да бір басына жетіп артылатын. Ол туралы басқалар айта жатар. Бір білетінім — анда-санда ернін күйдіріп алатыны еді. Бар ықыласымен әңгімеге беріліп кеткенде, шылымының шоқ жағын ерніне салып алғанын талай көрдік.

Кәстөм-шалбар киіп, галстук тағып, үйдегі тәбішкесімен театрға келгені туралы да әңгіме бар. Гүлшахра апамыздан жасырып жүрген ақшасын тышқанның қалай тауып алып қашқаны туралы әңгімесі де күлкілі еді.

Қалай десе де, қазақ театры мен кино өнерінде өлшеусіз із қалдырған тұлға еді Мәкіл аға. Сол кісілердің атаусыз қалып бара жатқаны өкіндіреді. Осы ретте, ел жадынан ұмытылып бара жатқан өнердегі ардақтылардың бірі — Мәкіл ағаны еске алып отырған «Жұлдыз» журналының ұжымына рахмет айтқым келеді.

АЛТЕКЕҢНІҢ ТАНАУЫ

Театр сахнасында жүріп жатқан репертуармен қатар алыс аудандарға шығып өнер көрсетіп жүретін шағын бригадалар болады. Құрамы бес-алты, кейде одан да көп актёрлардан тұратын топ он бес-жиырма күн бірге жүріп, бір спектакльді көрсете беруден қатты жалығатынбыз. Өйтпей ше? Ертелі-кеш көз алдында бір адамдардың ғана бейнесі. Кешке келіп қонатының — қонақүй. Ол болмаса, ауылдық жерде бір үйге тобыңмен түсіп қонып шығасың. Көңілі дархан ел іші барынша сыйлап, қонақ қылып шығарып салады. Таң атқанша думандатып отыратын сәттер қанша ма? Бірақ, осының бәрінен мезі болып кететінің сонша — мына сапардың тезірек аяқталып, отбасына, Алматыға жетуді ансайсың. Ондай сәттерде көңіл көтеріп жүретін әзілкеш қыз-жігіттердің орыны бөлек, әрине. Сондай жігіттің бірі ортамызда — Бақытжан Әлпейісов болды.

Ұмытпасам тоқсаныншы жылдардың соңы болатын. «Кубань» деп аталатын қыста — суық, жазда — ыстық автобуспен Жамбыл облысының алыс аудандарын аралап, спектакль көрсетіп жүргенбіз. Кеңес өкіметі жаңа ғана ыдырап, халықтың әл-ауқаты жұтандай бастаған кез еді. Кейбір ауылдарда дастархан жайып қонақ етпек тұрмақ, «Неменеге келдіңдер? Мына заман спектакль көріп, арқаны кеңге салып отыратын заман ба?» деген сөзді де естіп қаласың. Содан да болар, «бара жатқан еліміз қалай қарсы алар екен?» деген сұрақ көңілімізді алаң ететін.

Бірде бәріміздің жабырқау жүзімізге қарап алған Алтекең (*Алтынбек Кенжеков*) жарықтық:

— Танауымның жыбырлап отырғаны-ай, ә?! — дейді. Сол-сол-ақ екен Бакытжан елп ете түседі:

— Танауыңнан айналып кетейін сенің!

Оған қалғандар жапа-тармағай қосылады:

— Осындай жақсылықты сездіріп отырған танаудың иесінен айналдық!

— Әкелші танауыңнан сүйіп қояйын!

— Құдай танауыңның тілеуін берсін!

— Құдай танауына ұзақ өмір берсін сенің!

Ал, енді танауға көрсетіліп жатқан осынша құрмет пен қошаметтің сыры неде дейсіз ғой? Алтекеңнің, «Танауым жыбырлады» дегені, «Өнерге сусап отырған ауылға бара жатырмыз. Барған жеріміз көл-көсір дастархан жайып қарсы алады екен», — деп түспалдағаны. Кейде айтқаны тура келіп, сол күн жақсылыққа толы болса, Алтекеңнің танауы делдиіп, аспандап кетеді. Тіпті ертесіне автобуста келе жатып:

— Әй, бұл танаудың қадірін білмей келген екенбіз-ау! — деп қояды. Содан кейін іле-шала мынандай сөздер өрбиді:

— Қолымда билік болса, осындай танауларға өз қолыммен ескерткіш орнатар едім.

— Бұрын осы танау біртүрлі... пұшықтау көрінуші еді... Сөйтсек, нағыз ерге лайық танаудың өзі екен ғой!

— Жолдастар, бұл танауды аялайық! Ардақтай білейік!

— Иесін... Сол танаудың иесін ұмытып кетіп жүрмендер! — дейді Алтекең танауын жоғарырақ көтере түсіп.

— Әрине! Әрине, Алтеке! Сен болмасаң бұл танау біздің ортамызда отырар ма еді осылай таңкиып? Бүкіл он екі мүшенің ішіндегі ең асылы осы танауың үшін құрбан болуға дайынмын, Алтеке! Тек бұйырсаңыз болғаны, Алтеке, — деп тізерлей кетеді Бакытжан. Осындай қолдан жасап алған спектакльдерімізді ойнап отырып, өз көңілімізді өзіміз көтереміз. Сөйтіп отырып келесі ауылға да жақындаймыз.

— Алтеке, бүгін не дейді танауың? — деп сұрайды Айтжан Айдарбеков ағамыз шын ықыласымен қарынды денесін түгел бұрып.

— Біртүрлі кеуленкіреп отырғаны. Бірақ жыбырлап отыр ма? Сол жағы сәл түсініксіздеу болып тұр.

Бәріміз Алтекеңнің танауынан үлкен үміт күтіп, соның жыбырлағанын тілеп телміре қаламыз. Алтекең түшкіріп қалады. Түшкіргені — жыбырлағаны ғой. «Oh!» деп санын шапалақтап қуанып қалады Айтжан аға. Қалғандарымыз іліп ала жөнелеміз. Бұл бір ғана танаудың төңірегіндегі әңгіме. Ал, осы сияқты қолдан құрап алған сценарийлеріміз қанша ма?.. Қандай кезеңде де шабыт шақырып, арқаланып жүретін сол жандарды қалай аңсамассың бұл күнде!? Қалай құрметтемессің?

Алтекеңнің танауы жыбырламақ түгілі қышыма ауыруына шалдықса да, өнерімізді керек етпейтін, тіпті азар да безер болып, қарсы алмақ тұрмақ спектакль қойдырмай ат тонын ала қашатын басшылар да болады. Ондай кезде салымыз суға кетіп, амалсыз аудан орталығындағы қонақүйге қайтамыз. Күні бойы аш құрсақ жүрген, енді түнделетіп босқа өткен күн үшін күйініп келе жатқан біз тағы да «спектакль» ойнаймыз. Тағы да Бакытжан бастайды баяғы:

— Қайда әлгі әулиесымақ танау? Көрсетіндерші көзіме! — дейді ызбарланып. Алтекең үнсіз ғана танауын төмен салып отыра береді.

— Ой, қойшы сол танауды. Қасиеті кетіп алжыған танау ол! — дейді Айтжан аға кейіген үнмен.

— Ондай өтірікші танауларды сотқа беру керек, адамдардың асқазанын алдағаны үшін! — деп өзеурейді Ерсайын Төлеубаев. Бұл кезде Бақытжан Алтекең отырған тұсқа жақындап келіп, қолын қалтасына салып, үкім айта бастайды:

— Шығар бері қылмыскер танауды! Кесіп тастаймын. Кесіп алып терезеден лақтырам. Жатсын ит-құсқа жем болып. Адал достарын алдаған ондай танауға біздің арамызда орын жоқ!

Алтекең араша сұрағандай әркімге қарайды. Сол кезде бағанадан үнсіз отырған, жасы жетпістен асқан Мәкіл Құланбаев ағамыз орынынан тұрып:

— Ағайын, араша! «Жаңылмайтын — жақ, Қателеспейтін — танау болмайды» деген. Бүгін жаңылысса, ертең оның орнын толтырады. Бүгінше кешірім жасайық. Ол үшін жетпіс жасаған қарт танауымды кепілге қояйын, — деп әзілге араласа кетуші еді.

Ешқандай көрермені жоқ өзіміз үшін ойнаған спектаклімізге өзіміз қол шапалақтап, мәз болып қалушы едік.

Қазір әңгімелеп отырсам, осының бәрі баланың ісі сияқты. Менің бұл әңгімем ешкімді қызықтырмас та, бәлкім. Бірақ сахнада патшаны да, батырды да, ақынды да сомдап жүретін Ұлы дарын иесі Актёр — деген халықтың ел біле бермейтін осындай кездері де болады.

Байғали ЕСЕНАЛИЕВ,

*Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Дарын»
мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты*

«ҚАРАТАЙ» АҒАЙ

Біз оны көбінесе «Менің атым Қожадағы» Қаратайдың рөлі арқылы жақсы білеміз. «Қымбатты, Милләтжан! Ер-азаматсыз қиын ғой...» деп жиі қайталанып келетін сөздері де жадымызда. Соғыстан кейінгі ауыр жылдар, өзі салт басты азамат, Қожаның шешесін шын жақсы көретіні де сезілетіндей. «Милләтжанмен» үнемі шүйіркелесіп сөйлесуі, оған сөз салуға бата алмай, үміт те үзбей үйірсектеп жүруі... бәрі шынайы. Бірақ біз Қожаның әлеміне кіріп кеткенбіз, Қожаға қосылып оны жақтырмаймыз, «осы Қаратайдан-ақ құтылмадық-ау» деп матасекілін бір тебетін балақайға болысқымыз келіп тұрады...

«Алты жасар Алпамыста» (немесе «Алпамыс мектепке барады») ол Алпамыстың әкесінің бейнесінде көрінді. Тағы бір белгілі рөлі — «Жүйрік болсаң, озып көр!» фильміндегі желаяқ балаларды *(оның ішінде Гуляны да)* баптайтын жаттықтырушы ағай. Мұнда да басты рөл емес, бірақ бейнесі жадымызда сақталып қалды. Жаңылыспасам, «Балалық шаққа саяхатта» да ойнайды, бірақ ондағы рөлі қазір нақты есімде жоқ.

Негізінде Мәкіл аға — театр майталмандарының бірі. Сонау соғыстан кейінгі жылдардан бастап, өзі өмірден өткенге дейін (1993) Ғ.Мүсірепов атындағы жастар мен балалар театрында жұмыс істеді. «Еңлік-Кебекте» де, «Ақан сері — Ақтоқтыда» да, «Мөлдір махаббатта» да ойнады... Дубляжға да көп еңбек сіңірді, Қазақ радиосында да біраз жыл қызмет етті. «Ерден атайдың ертегілері» естеріңізде шығар? Сол «Ерден атайымыз» — осы Мәкіл Құланбаев болатын...

Сәкен СЫБАНБАЙ,
жазушы-драматург



Ақын

**Мейрам
АХМЕТЖАНОВ**



ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

(Фариза Оңғарсынова туралы сыр)

ДАЛАНЫҢ ҮНІ

*«Баянның бақтарында,
шың-құзды шатқалында
ерке өскен жас маралмын,
шомылып ақ сағымға...»*

Жазық дала шексіз сияқты. Таңғы уақытта, күн жерді жаңа ғана оятқан сәтте самал жел бұталармен еркін ойнап, шаң басқан шөптерді тербетіп жүрген. Ол тек өзіне ғана мәлім көне тілде бірдеңе сыбырлап тұрғандай. Сол желдің үнін еститін бір қыз бала бар еді.

Фариза әлі бала болатын — дәптердің шетіне алғаш рет өлең жолдарын түсіріп көрген кезі. Саманнан соғылған үйдің табалдырығында отырған балаң қыздың қолында бұрыштары бүктеліп қалған ескілеу жұқа дәптер. Саусақтарына сия жұғып қалыпты, жанары ойлы, байсалды. Әлемнің қалай тыныстайтынына құлақ түріп отыр.

— Фариза! — деген дауыс шықты үйден, — шайын суып қалды ғой!

Қыз басқа бір ғаламнан оралғандай селт ете қалды. Анасының даусы.

— Қазір, — деді Фариза дәптерін кеудесіне қысып, орнынан тұрып жатып.

Үйдің ішін жаңа піскен нанның иісі алып кетіпті. Радиодан шырқаған әншінің даусы мөлдір бұлақтай таза еді. Анасы қызының алдына кесені қойып, ақырын сұрай бастады:

— Қаламың мен дәптерінді тастамайсың, не жазасың сонда? Кім үшін жазасың?

Фариза ернінің ұшымен ғана жымыып, көзін көтерместен жауап қатты:

— Жел үшін, апа.

— Жел үшін?

— Иә. Ол маған өлең айтады. Соны жазып аламын.

Анасы басын шайқап, не дерін білмей қалды. Бұл қыздың бойында әлдебір өзгеше нәрсе бар, жерден емес, аспаннан келген тылсым. Соғыстан кейінгі қиын-қыстау кезең, әркім де тіршілік қамын ойлап бас қатырып жүр, бұл кезде балаң қыздың жүрегінде балғын поэзия бүршік атып жатты.

Сол түні жұқа көрпенің астында, керосин шамының әлсіз жарығымен Фариза тағы да жазып отырды. Жүректен шыққан жыр жолдары ақтарылып жатты:

«Сезім нәзік, ой жүйрік, кейде кекшіл, кейде жарқын қазақтың бір қызымын.»

Ондаған жылдан кейін бұл жолдар тарихқа айналады. Қазақ қыздарының, аналардың үні, халықтың үні, өзі жақсы көрген даланың үні болып күллі әлемге таралып кетеді.

Фариза дүниеге келген ауылда үнемі жел соғып тұратын. Таңғы самал да, кешкі жел де балалық шағына үн қосқандай, бірде сыр шертіп, бірде жұбатқандай болады. Сол желдің арасында бір босаң үн жетпей тұрады — әкенің үні.

Ол әкесін көрмеп еді. Үйдің бір бұрышында бір орын әрдайым бос тұрады — әкенің орны. Сол орынға ешкім отырмайды, кішкентай қыздың жүрегіндегі үнсіздік тереңдей береді. Осы үнсіздік оның алғашқы ұстазы болды: бұл дүниеде өзін қорғап қалар асқар тауы жоқ екенін ерте түсінді. Сондықтан өн бойында әлдебір мінез тасқын судай толқып жүретін. Әлсіздіктен емес. Қайраттан. Өзін-өзі қорғау үшін туған ішкі дауыс.

Фариза өсе келе бұл шындықты қабылдап қана қоймай, оны қуатты күшке айналдырды. Бір сұхбатында ол жылы жымыып:

«Мүмкін, тура сөйлейтінім — әкемнің ерте кеткенінен шығар», — деген.

Бұл сөздің астарында шым-шым мұң жатады, мінезін қайрайтын да осы мұң. Тік мінез, батыл сөз, ешкімнен тайсалмайтын жүрек — бәрінің түп-тамыры әкесінің ойсырап тұрған бос орнынан бастау алған.

Әлсіз бала жылап қалатын сәтте ол тісін тістеп, көз жасын ішіне жұтты. Ешкімнен қорған таппаған бала өз-өзіне қалқан болды. Сол қалқан кейін қаламына айналды — өткір, әділ, қиянатты көтермейтін қалам.

Желдің сыбырына құлақ түріп өскен қыз кейін қазақ әдебиетін жана биікке көтерген дауыл-ақын боларын ол кезде ешкім білген емес. Мінезіне мөр басқан сол үнсіздік Фаризаны ақын етті.

Әкесінен сезе алмаған жылулықтан жүрегі қатайған жоқ, шыныға түсті. Шыныққан жүректен кейінірек миллиондардың жүрегін елжіреткен өлеңдер туды. Әр өлеңінде бір сәттік сағыныш, бір үзік мұң арқылы әкесінің бейнесі қайта тіріліп тұрғандай еді.

ҚҰРҒАҚ ЖЕРДІҢ ҚЫЗЫЛ ЖАЛЫНЫ

*«Жыр жазу деген — азап, от
әйел боп туған болмысқа,
жаныңда титтей маза жоқ,
жолың да тайғақ, қол қысқа.»*

Фариза бұл дүниеге қыңырлықпен келгендей еді. Оның мінезі — тентек желге қайыспай қарсы тұрған жапырақ сияқты: майыспайды, қайтпайды. Ауылдағы қыздар қазан-ошақ маңындағы үйреншікті тірлікке үйір болса Фариза көшенің шаңын аспанға көтеріп, ұлдармен бірге доп қуатын, асық ойнайтын. Жүгірген сайын бойындағы еркіндігі тасқындап, өткір мінезі, тіке сөйлеуі, батыл қадамнан бас тартпауы шындала берді. Ол ешкімге ұқсамайтын. Өзінше өмір сүретін, өзінше ойлайтын қыз еді.

Атырау өңірінде су тапшы. Құдайдың жарығы мол, бірақ өмір нәрі — судың өзі жоқтың қасы. Жердің астынан оңайлықпен шыға қоймайтын судай, адамдардың үміті де кейде тереңде жатады. Күн сайын танертең анасы мен ауыл әйелдері шелектерін көтеріп, арбасын сүйретіп, басқа жақтан су әкелуге мәжбүр болып жүргенін Фариза жақсы білетін. Кішкентай Фариза

анасының жанында жүріп, шелек толы судың ауырлығын да көрді. Нәзік жандылардың иығына түскен ауыртпалықты бала болса да жүрегімен сезді.

Ол су тасыған әйелдердің әлсіздігін емес, қайсарлығын көрді. Және сол сәтте кішкентай қыздың ішінде бір арман оянды:

«Мен су инженері боламын. Ауылға су әкелемін. Анам, ауыл адамдары енді қиналмайтын болады».

Бұл оның туған жеріне, ауыл тұрғындарына, анасына деген махаббатының белгісі еді. Осы махаббат кейіннен өлеңдері нәр алатын бұлақ боларын Фариза ол кезде білмейтін. Ол өзі үшін емес, басқалар үшін армандады. Еліне қызмет етуге бала күнінен бел буған қыздың өмір жолы осылай басталды.

Ал поэзия?

Поэзия ол кезде әлі де көкжиектің ар жағында жүрген.

Тағдырдың өз тынысы бар. Ол кейде жел сияқты: көрінбейді, бірақ бағытынды өзгертеді.

Бір күні мектептен қайтып келе жатқанда Ғайнолла деген сыныптағы бұзық балалардың бірі Фаризаның құрбысы Ләззатты түрткілеп мазақтай берді. Ләззат ойланбастан сөмкесін сермеп қалған, Ғайнолла жерге құлап түсті.

Сол жерде, еш дайындықсыз, еш ойланбастан Фариза бұзық баланы мысқылдап, бір шумақ өлең шығарды:

«Жылтың-жылтың бала,

Ғайнолланы қара.

Ләззаттан жеңіліп,

Құлап қалды жаңа.»

Жеңіл, ойнақы, бірақ дәл тиген бұл сөздер әлгі баланы мазаққа айналдырып жіберді. Бәрі таң қалды.

Құрбылары аң-таң, ал ауыл... ауылда жаналық жатпайды ғой. Бірден анасына барып:

— Сенің қызың өлең шығарады екен! — деді көршілер сүйінші сұрағандай.

Анасы басын көтеріп, мақтанышпен жымыды:

— Менің қызым үлкен ақын болады, — деді ойланбастан. Бұл жай ғана сөз емес, ананың аузына құдай салған аян болатын.

Сол түні Фариза алғаш рет өзін ерекше сезінді. Жүрегінде тылсым қақпа ашылғандай. Өзін-өзі поэзия әлеміне аттанып бара жатқандай елестетті. Ауылдың қараңғы түнінде аспандағы жұлдыздарға қарап жатып, болашағын көргендей болды.

«Инженер болмасам да поэзиямен, сөзбен халықтың мұнын жеткізер жол табармын...»

Бұл — ақын қыздың ішіндегі жалынның жаңа тұтанған сәті болатын. Ол әлі білмейтін: кейіннен депутат болып жүрсе де, ақын болып жүрсе де жүрегі сол баяғы арманына қызмет етуден танған емес — елінің абыройын арттырып, халқының даусын жоғарыдағыларға жеткізуден аянған жоқ.

Фариза сол түні поэзияны өзінің тағдыры ретінде сезінді.

Су іздеген ауылдың қызы сөз іздеген ақынға айналып бара жатты. Суды армандау — жүрегін оятса, сөзді аңсау — тағдырын қалыптастырды.

Фаризаның өсу жолындағы үлкен тұлға — анасы Халима болды. Білімді, көкірегі ояу, қазақтың ауыз әдебиетін жатқа білетін, сөздің қадірін ұққан жан.

Халиманың өмірі ешқашан жеңіл болмап еді. Әуелі жұбайынан, артынша ұлы мен қызынан айырылды. Сол ауыр күндерден кейін зиратқа жиі баратын. Бейіт басында көкірегін босатып, өксіп те алады.

Анасының жылағанын көрген сайын Фаризаның да жаны түршігіп, кішкентай жүрегі ауырып кететін. Сол көлеңкені сейілткісі келіп, анасына үйдегі кітаптарды дауыстап оқып береді. Кітап көп еді. Анасы қызының кітап оқығанын тыңдайды. Қызының аузынан шыққан әрбір сөз көз жасын құрғатып, көңілін сергітеді. Фариза сөздің шипасы барын түсіне бастады. Анасының мұңын сейілткісі келіп оқыған әрбір кітап өзіне де өмірлік мектеп болды. Сөйтіп қатарынан бұрын оқуды меңгерді. Ерте есейді. Өлімнің көлеңкесін ерте көрген бала өмірді де ерте түсінеді.

БӨТЕНСУДІ ҚОЙҒАН ҚАЛА

«Қаланың тас көмкерген тірлігінен, жанымға жай таба алмай зыр жүгірем. Биікке талпынсам да, тырп еткізбей әйтеуір тұмшалайды түрлі жүген.»

Атырау оны бозғылт көшелерімен қарсы алды. Бұл — оның өміріндегі алғашқы үлкен қала. Мұнда жусан иісі жоқ, желдің жырлы үні естілмейді. Оның орнын көмірдің, асфальттың, қарбалас тірліктің иісі басқан.

Фаризаның қолында шамадан, үстінде өзінен үлкен пальто, үрей мен үміт аралас жанарымен көшені шолып келеді. Бұл қалада ешкімді танымайды. Мұнда туған ауылдың тыныштығы жоқ. Бірақ бір нәрсе бар, ол — мүмкіндік.

Атырауға су инженері болам деген арманын арқалап келген. Ақын болу ойында да жоқ. Ауылына су әкелсем деген арман ауыл қызын қалаға жетеледі. Алайда инженерлікке қабылдайтын бөлімде үміткерлер саны толық екен, басқа бағыт таңдауға тура келді. Енді физика-математика пәнінің мұғалімі болуға шешім қабылдап, физика факультетіне құжат тапсырып еді, бірден қабылданады.

Көп ұзамай ауылдан хат келді. Анасының жазуы — әрі таныс, әрі жүрекке жылы тиеді.

«Қызым, кішкентайыңнан сөзге, кітапқа жақын едің. Неге әдебиет бөліміне бармадың?..»

Бұл оған найзағайдай жарқ етіп, көкірегін нұrlандырып жіберген өткір сәуледей әсер етті. Түнде шам жарығымен отырып, ұзақ толғанды. Ішкі дауыс пен анасының сөзі үндесіп, басқа жолға бастады. Ертеңіне физика факультетінен құжаттарын алып, филология бөліміне апарып өткізді.

Фариза енді әдебиет әлеміне қадам басты. Бұл — анасының көрегендігінен бастау алып, өзінің жүрек қалауымен үндесіп жатқан тағдыр жолы болатын.

Анасының бір ауыз сөзі — бір дәуірдің үнін оятқан ақынның өмір жолын таңдауына себеп болды.

Институт оған ғибадатхана сияқты көрінетін. Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтында Фариза үшін қажеттінің бәрі табылды: кітаптар, шынайы ізденістегі адамдар, білімге деген талпыныс.

Бірге оқыған қыздар Фаризаның өздеріне ұқсамайтынын тез-ақ түсінді. Басқалар махаббат жайлы, сән жайлы сөйлессе, ол үстел басында отырып жазудан бас алмайтын.

— Сен неге үнемі жаза бересің, Фариза? — деп сұрайтын жолдас қызы.

— Өлең жазбасам өзімді жоғалтып алғандай боламын, — дейтін ол. — Сөз менің тынысымды кеңейтеді.

Кейде жалғыздықты сезінеді. Үйін, анасын, туған ауылдың иісін сағынады. Сол сәттерде дәптерін ашады, жүрегінің түбінен жаңа жолдар бас көтереді:

«Жаным — дала, көгінен бұлт арылмай, Батпан зілдер басса да жүр

тарылмай. Шідерлеулі көңілді зулат, жырым, Баяғының құс канат тұлпарындай.»

Ол тек педагогиканы зерттеп, әдеби кітаптарды ғана оқыған жоқ. Ол өз болмысын қалыптастырды — батыл, шынайы, берік болуды үйренді. Сол студенттік кезде, 1958 жылдары дәл осы қалада алғаш рет өлеңдері жариялана бастады. Бұл — Фаризаның шын ақын болып қалыптаса бастаған уақыты.

Өлеңдерінің астында қолтаңба: «Фариза Оңғарсынова — студент, Атырау». Бұл қала енді бөтен емес. Жас қыздың есімі ақын ретінде алғаш рет осы қалада естілді.

ӘЙЕЛ ЖӘНЕ СӨЗ

*«Бірақ соның бәрінен
биік тұрған бір күш бар,
дидарына Жер де құштар, Күн құштар:
ол — нәзіктік,
мәңгі шуақ, нұры — құт,
сарқылмайтын жылылық,
ол — тірліктің қуаты —
ӘЙЕЛ атты ҰЛЫЛЫҚ!»*

Фариза — тек жырдың емес, журналистиканың да жалауын желбіреткен жан. Ол — баспасөз сахнасына алғаш қадам басқан нәзік жүрек иесі, жанының шырағы — тек өлең ғана емес, әділ сөз, шындыққа адалдық еді. Ол жұмыс істеген «Лениншіл жас» — сол дәуірдегі ең беделді, ең абыройлы басылым болатын. Сол газетке өлеңі басылу — жастар үшін үлкен мақтаныш саналатын. Шағын ғана ауылдан келген жас қыздың осындай ортада орнығуы — нағыз ерліктің өзі.

Қаршадай қыздың ауылдан Алматыға келуі — жай ғана көшіп бару емес, қазақ қызының тағдырымен бетпе-бет келген сәті болатын. Ол кезде Алматы — арман қала, «Лениншіл жас» — биік басылым. Фариза сол биікке жүрегінің даусымен жетті. Алдынан даңғыл жол өздігінен ашыла салған жоқ.

Алматы ол кезде Қазақстанның астанасы. Редакциялар гүілдеп, журналисттер тынымсыз жазып, хат тасушылар жүгіріп жүрген кез. Сөз — санаға әсер ететін құралға айналған шақ. Ал оны қолдану — дәлдік пен жүректі талап ететін іс. Сол уақытта ел басшысы Дінмұхаммед Қонаевтың өзі жиналыстардың бірінде:

— Редакцияға жас, талантты кадрларды тартайық. Сондай жастар бар ма? — деп сұрады. Қонаев жаңа толқынға жол ашуды, редакция жұмысына серпін беретін жастарды колдауды көздеген еді. Қалың адамның арасынан бір дауыс шықты:

— Оңғарсынова деген қыз бар. Жазудан тынбайды.

Сол бір сәт — тағдырдың иілген бұтағы секілді. Қонаев:

— Алдырындар оны Алматыға, — деп кесіп айтты.

Фаризаның Алматыға келуіне тікелей ықпал еткен келесі тұлға — Шерхан Мұртаза. Шераған — сөздің парқын білетін, дарынды алыстан танитын жан, талантты да еңбекқор жастарды көре білген, биікке жетелеген қайраткер.

Сол кездері Шерхан Мұртаза басшылық ететін «Лениншіл жас» газетіне бүкіл елден үздік қаламгерлерді жинау қажет болды. Бұл тек штат толтыру емес, жаңа журналистика мектебінің іргесін қалау еді. Шерхан Мұртаза Қазақстанның төрт бұрышынан төрт жас талантты арнайы шақырды:

Батыстан — Гурьев облысынан Фариза Оңғарсынованы, Шығыстан — Оралхан Бөкейді, Орталықтан — Ақселеу Сейдімбековті, Оңтүстіктен — Мұхтар Шахановты алдыртты. Осы төрт тұлға кейін қазақ әдебиетінің көшбасшыларына айналды.

Фаризаны Шерхан аға жазған-сызғанынан таныды. Шынайы сөз, өр мінез, әйелге тән нәзіктікпен қатар қоғамға тіке қарай алатын көзқарас Шерағанды бей-жай қалдырмады. Ол «Фаризаның прозасындағы эссе — қара сөз дегені болмаса, баяғы сол есіліп тұрған поэзия» деп жас таланттың өнерін жоғары бағалаған адам. Фаризаны Алматыға шақыру арқылы ол жас ақынға емес, айқындалып қалған тұлғаға орын ұсынды. Фаризаны осындай беделді тұлғалар таныды, бағалады, қолдады.

Ал Фариза болса, туған ауылын, сонау самал соққан Атырауын кимай, үлкен қалаға аттануға жүрегі дауаламай біраз жүрген. Бірақ сөздің салмағы — шақырту емес, сенім болды. Сөйтіп, Алматыға келді. Қаланы, кейін бүкіл елді селт еткізген нәзік дауыс күшейе түсті. Ақиқаттың үні арқырап шыға бастады. Бұл шешім қазақ журналистикасы тарихында жаңа беттерді ашты.

Кейінірек «Қазақстан пионері» газетінің бас редакторы болды. Бұл жай ғана қызмет емес, қыз баланың тағдырындағы үлкен сынақ еді. Фариза бұл сынақтан да сыр бермей, сырғып өтті. Бұл тағайындау кейбір әріптестерінің наразылығын туғызды. «Қалай келді бұл орынға, артында қандай күш тұр?» деген күңкілдер де естілді. Атыраудың бір қиырынан келген жас қыздың үлкен қала — еліміздің астанасындағы алдыңғы қатарлы редакторлық орынға отыруын көбісі қабылдай алмады.

Бірақ ол үн қатпады. Себебі, шындық біреу: Фаризаның артында ешқандай тамыр-таныс болған емес. Оны тіреп тұрған күш — еңбек, қалам, шындыққа адалдық. Ол ешкімнің сүйемелінсіз, ешкімнің жебеуінсіз, түн ұйқысын төрт бөліп, ақ қағазға төгілген ойымен көзге түсті. Ол — өз тағдырын өзі жазған жан.

Қарапайым ауылдан келген жас қыздан көпшілік әдеттегідей «ауыл жастарының ерлігі» жайындағы мақалалар күтті. Бірақ оның мәтіндерінде басқа нәрсе бар еді — жанды тыныс, үнсіз қарсылық, боямасыз шындық.

Сол уақыттан бастап Фариза Оңғарсынованың есімі баспасөзде, радиода, әдеби ортада жиі атала бастады. Оның өлеңдерін студенттер, аналар, ағалар жатқа айтты. Ол Отан жайлы, әйел жайлы, ар-намыс жайлы жазды. Шынайы. Қорықпастан.

Бірақ оның үні күшейген сайын, қарсылық та көбейе берді. Әсіресе — әйел болғаны үшін. Кей әріптестері «мінезі қатты, әйелге жараспайды», — дейтін.

Фариза жауап қайырмады. Тек ары қарай жаза берді.

*«Тілемеймін өмірден жеке несін,
мықтылармен күнелтпен жетелесін.
Жолы қысқа, қыз бала десеңіздер,
кішірмеймін, мен қайта кетем өсіп.»*

Алматы оның жыр бесігіне айналды. Өлеңдерінің көпшілігі осы қалада дүниеге келді. Қала үйлері, көшелері, күзгі жапырақтар — бәрі де оның жан әлемімен астасып, жыр жолдарына айналды. Осы қала — оның шығармашылығына кең тыныс, жаңа бағыт берген рухани орда.

Осылайша, Фаризаның өмір жолы нәзіктік пен табандылықтың жарасымынан өрілді. Оның әр сөзі, әр ісі қазақ қыздарының жүрегіне сенім ұялатып, ертеңге жол ашты.

АҚЫН ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

*«Күлкімді, жайлы күнімді,
азапты, қайғы-мұңымды
өзіммен бөліскенің үшін,
қатем мен жеңістерім үшін
менің мынау қиындау тағдырым болып
о баста көріскенің үшін
Өлең, мен сені аялап өтем!»*

Ол енді өлең жазбайтын, өлеңмен тыныстайтын. Жай тапсырыспен емес, шабытпен де емес, бұл — ішкі қажеттілік. Жүректен қайнап шыққан сөздер көмейіне келгенде үнсіз қалуға болмайтын.

Фаризаның өлеңдері республикалық басылымдарда жарық көре бастады. Қазақ әйелдері оның жолынан өз тағдырын таныды — ауыр, кейде сынған, бірақ ешқашан жеңілмеген. Ерлер — анасын, қарындасын, жарын көрді. Ол көптің сезімін көркем сөзге айналдырды.

Ол енді Қазақстанды аралай бастады. Ақтөбе, Шымкент, Семей, Қарағанды, Атырау, тағысын тағы... Қай жерде де оқырмандар залға лық толы болатын. Біреулері жылайды, біреулері орындарынан тұрып тыңдайды.

Бір ауылда оған бір әже келіп, дірілдеген қолымен сарғайған қағаз ұсынды: — Сенің мына өлеңің... — деді ол, — ...күйеуім соғыстан қайтпағанда жүрегімді кернеген жан сырыммен үндесіп жатыр.

Фариза қағазды алды. Бұл оның 20 жыл бұрын газетке басылған өлеңі еді. Шеттері сарғайған, көз жасының ізі қалған.

— Бұл менің жолдарым емес, апа, — деді ол жай ғана. — Бұл — сіздің үніңіз.

Осындай кездесулер тек оқу мен жазуға ғана емес, ойындағысын ашық айтуға, халықтың сөзін сөйлеуге, үндемей қалуға қарсы тұруға шабыт берді.

Тәні шаршаса да көзінде — сол баяғы дала. Шексіз, желді, өр мінезді. Жиі-жиі ескі хаттарды оқитын. Шекарадан, ауылдан, ауруханадан жазған әйелдердің хаттары. Студенттер, мұғалімдер, қарапайым халық — бір кездері оның өлеңдерінен үміт тапқандар да жазады.

Ол уақыттың өтіп бара жатқанын білді. Бірақ ешкімге, ештеңеге шағымданбады. Тек жазуын жалғастыра берді:

*«Адам мәңгі өмір сүрмейді,
Бірақ адамнан қалған сөз — мәңгі.»*

Бұл — ақиқат еді. Сөз өлмейді. Ол кітапта, естелікте, ауада қалады. Ол бесік жырына, дұғаға, әнге айналады — ұрпақтардан ұрпаққа жететін үн деген осы.

ӨЛЕҢДЕЙ ӨМІР

*«Алғашқы арман-тілекті
Шетке ысырғым келмейді.
Бірді сүйген жүректі
Көпке ұсынғым келмейді.»*

Фариза үйіне кеш қайтатын. Қала ұйқыға кеткенде терезесіндегі жарық біраз уақытқа дейін сөнбейді. Үстел үстінде — қолжазбалар, хаттар, кітаптар, ыстық шәй. Және — тыныштық. Жүрек үнін ең жақсы еститін сәт осы.

Фариза тұрмыс құрмаған. «Неге?» — деп сұрағанда жай ғана иығын көтеретін.

— Мен өлеңге тұрмысқа шықтым, — дейтін күлімсіреп. — Ол мені қызғанбайды, бірақ бәрін талап етеді. Бұл жауапта қалжың да, шындық та, жүрек сыры да бар, бәрі қатар өрілген.

Адамдар көп нәрсе айтады. Біреулері аяйды, біреулері сөгеді, біреулері танданады. Ал ол жай ғана өмір сүріп жатты. Артық түсіндірусіз. Артық драма жасамастан. Бірақ кейде жыр жолдарына жасырылған қасіреті аңғарылып қалады.

Кейде ол бәрі үшін емес — бір адам үшін жазатын. Мүмкін ол адам ешқашан оқымайтын да шығар.

Оның махаббат жайлы өлеңдері тәтті емес, қуатты еді. Онда өтініш жоқ. Жауап күтпейтін сезімнің күші ғана бар.

Фариза өмірінде бір-ақ рет шын ғашық болды. Ол бозбала — студент еді.

— Келесі жылы үйленеміз, саған құда түсем, — деді ол, екі жас солай уәделесті.

Бірақ тағдыр тосын бұрылыс жасап, уәде жүзеге асырылмай қалды. Сол жазда жігіт мотоциклмен көлікке соқтығысып, оқыс апаттан қаза тапты. Сүйген қызына жете алмай өмірден өтті.

Осы жайт Фаризаның жүрегін жаншып, үмітін үзіп кетті. Сол күннен кейін басқа әлемде өмір сүре бастады. Есі дұрыс болса да есі ауысқан адамның күйін кешті. Уақыт тоқтап қалғандай. Сырт көзге — сабыр, ішінде — дауыл. Бұл күй он жылға созылды. Он жыл үнсіздік. Он жыл бойы көз жасы өлең болып төгілді. Сырттай күлімдегенмен, қираған әлемнің сынықтары жүрегінде жаңғырығып жатты.

Содан кейін... ешкімге жүрегі ашылмады. Сезімді ақылмен емес, жүрекпен басқаратын жан еді. Бір рет шын сүйсе, қайтара сүйе алмайтын.

Кейде адамның әмірі өз жүрегіне де жүрмейді. Жан сырын бөлісер жан іздемеген де шығар — өйткені оны алмастыратын ешкім жоқ еді.

Сөз салғандар болды. Бірақ Фариза махаббатқа адал болатын. Естелікке опасыздық жасаған жоқ. Оның жалғыз ғана жүрегі бар. Сол жүрек бір ғана адамға тиесілі.

Содан бері жалғыз жұбанышы — өлең. Жазғанда ғана тыныс алатын. Сөйлегенде ғана өмір сүретін. Ол үшін ақ қағаз — жұбаныш та, жұбай да болды. Көзі ешкімге тоқтамай, өткеннің сағынышын іздейтін. Ол — жүрегін бір адамға арнаған әйел. Қалған өмірін өлеңге арнады.

«Қайғым бар (білем басқалар бекер дескенін)

ол — өзгені сүйе алмай,

жалғыздықпенен

мәңгілік некелескенім.»

Фариза жалғыздықтың да, еркіндіктің де құнын білді. Оның сөзін ешкім басқарған жоқ. Оның үнін ешкім шектей алмады. Өйткені ауыр сәттерде де жайлы өмірді емес, шындықты таңдады.

Бір кеште Фариза терезенің алдында отырған. Сыртта — жаңбыр, түрлі-түсті сәулесі мың құбылған шамдар, қала тіршілігі. Іште — дәптер мен жүрек.

— Апа, сіз осы шаршайсыз ба? — деп сұрады жиені.

Фариза оған қарап:

— Шаршаймын. Бірақ өлең шаршамайды, — деді.

Расында. Ол өлең жазған кезде ғана өмір сүрді. Жаны ауырғанда өлең жолдары туды. Жан қиналысына жауап табылмаған сайын сұрақтары көбейе берді.

Фарица Онғарсынованың поэзиясындағы сырлы тақырыптардың бірі — жеке өмірі. Бұл туралы ешқашан ашық әңгімелемеген, сұхбаттарында тереңдеп бармаған. Алайда оның әрбір өлең жолы — ішкі дүниесінің айнасы еді. Оның махаббат жайлы жырларында нәзіктікпен қатар терең сыр мен ауыр күрсініс байқалады. Махаббат оның өлеңдерінде үміт пен арман, сағыныш пен тағдыр болып өріледі. Көбінесе бұл сезімдер қайғылы нотамен аяқталады.

Ол сезімді айту үшін сөзден де артық үнсіздікті таңдайтын. Оның поэзиясындағы махаббат — нәзік емес, күрделі. Қайта-қайта отқа күйіп, қайтадан жазылған жүректегі парактар сияқты. Жалғыздықты да мойындаған жоқ, бірақ жырларынан сезіліп тұратын. Түнгі үнсіздік, қол тимеген кесе, оқылмаған хат — бәрі оның ішкі әлеміндегі күйді танытады.

Бұл жалғыздық еріксіз емес, саналы таңдау болды. Ол поэзияда, оқырмандармен рухани байланыста өз орнын тапқан адам. Ол үшін өлең — өмір, дем, жан тынысы. Жеке өмірі туралы айтылмаса да оның ішкі жан сыры әрбір жолда, әрбір үзілісте, әрбір лепте тіршілік етіп жатты. Өйткені оның нағыз махаббаты — халық болатын.

Өлең оның үні болды. Сырласы болды. Жан жарына айналды. Ол махаббат жайлы жазғанда — жыламады, бірақ жүрегінің соғуы сезіліп тұрды. Оның жырларында тәтті өтініш емес, үнсіз келісім бар. Сағыныш емес, тағдыр бар.

Жалғыздық — оның тағдыры емес, таңдауы. Ол оны жырмен құшақтады. Өлеңмен бөлісті. Оның ең шынайы сұхбаты — жыр жолдары. Ең үлкен махаббаты — халықтың жүрегі.

ӘЙЕЛ – КҮШ

*«Жыр —
менің жалғыз тарланым,
аялап өтер ардағым,
талықсып атар таңдарым,
Айымдай жалқы арман-үн;
қарқылдай берсін қарға мың,
бұрқатсын боран-шаңдарын,
тарттырсын дүлей зардабын —
жанымды жырмен жалғарым,
өзімді соған арнадым.»*

Фарица рұқсат сұрап сөйлемеді — жай ғана сөйледі.

Редакцияларда «мұны басуға бола ма?» деген кезде, Фарица жүйені сындырып тастаған, бірақ жеңілмеген әйелдер туралы жазып жатты. Ауылдағы арманынан айырылған қыздар, ар-намысын жоғалтқан ерлер, күш-жігерін жүрегіне жинаған әйелдер — оның өлеңдерінің кейіпкерлері еді. Оның қаламынан шыққан әр жол — тік айтылған ақиқат, бүкпесіз баяндалған ішкі жан айқайы.

Ол өтірікті көтере алмайтын, жалғандыққа жаны қас еді. Фарица жұмсартып, бүркемелеп сөйлеуді білмейтін.

— Айтатын сөзді айтып тастандар. Өмір сендердің үнсіздіктеріңе қарыз емес, — дейтін жас қыздарға.

Қазақ қыздарының ұяң, тым жуас табиғатына қарсы шықпай-ақ жүректегі жігерді оятқысы келетін. Олардан өз деңгейінде сөйлеуді сұрады. Өйткені үнсіздіктен шындық тумайтынын жақсы білетін.

Поэзиясында да — шын сезім, шын күрсініс, шын махаббат. Ол кездері

қыз баланың ашық сөйлеп, ішкі сезімін ашық айтуы — қоғамға жат, тіпті ұят саналатын.

Фариза бұған көнбеді. Ол үнсіз ғашық болмады — шынайы сүйді. Жасырып жазбады — төгіп жазды.

Сыншылар селт етті.

— Бұл қазақ менталитетіне жат. Бұл өлеңдер қыздарымызды бұзады, — деді олар.

Бірақ поэзияны жүрегімен ұққан адамдар араша түсті. Олар Фаризаның өлеңдерін жүрекпен түсінді.

«Нағыз поэзия осы емес пе?» — деген үнсіз мойындау өркениеттен бұрын жетті.

Фаризаға дейін «қыз-келіншектер поэзиясы» деген ұғым бар еді. Сыпайы, жұмсақ, мінәйім жазылған. Фаризадан кейін бұл ұғым ескірді. Өйткені ол әйел сөзін шындықпен суарды. Әйел болмысына күрескерлік, рух, еркін дауыс қосты. Бастағы кимешекті емес, санадағы қорғанды сыпырды. Сезім — ұят емес, шындық екенін дәлелдеді. Ол әйелдерге — дауыс берді. Өзі үнсіз қалғандардың атынан сөйледі.

Ол тек өлең ғана жазған жоқ. Әйелдердің ішкі еркіндігін жазды. Айқайламай-ақ, әйелдердің үнін көтерді.

Ол феминист болған жоқ — бірақ әйел тағдыры үшін соғысты.

Ол саясаткер болған жоқ — бірақ ұлт рухын қорғады.

Ол миссионер болған жоқ — бірақ мыңдаған әйелдің ойына ой қосты.

Оны кездесулерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге шақыратын. Фариза үндемей қалмайтын. Тік тұрып, қатаң үнмен, дауысындағы отымен көпшілік айналып өтетін шындықты айтатын:

— Неге әйел адам үндемеуі керек, егер оның ойлау қабілеті болса? Неге әйел айтқан сөз — айқай, ал еркек айтса — даналық?

Зал үнсіз қалатын. Себебі олар білетін: бұл жәй ғана сөз емес. Бұл — ақиқат.

Фариза тілді қорғады. Қазақша сөйлеуге ұялып, сыбырлап жүретін заманда өткір мақалалар жазды, ашық хаттар жолдады, эфирлерге шықты:

— Ана тілі — ананың жүрегі. Ана тілінде сөйлемеген — ананың жүрегін естімейді.

Ол жазған өлеңдерде қазақ тілі — мақтанышпен, биік әуенмен, әсем естіледі. Оның өлеңдері қазақ тілінің ең таза, ең терең, ең шынайы тынысына айналды. Ол тілді құрал емес — жүрек деп білді. Жазбаса жүрегі тоқтап қалатын сияқты еді.

Феминизм ұғымы болмаған кезде Фариза әйелдердің жанашыры болды. Ол шын мәнінде революционер еді. Ол айқайлаған жоқ. Бірақ дауысы көпшіліктен қаттырақ шықты. Себебі ол үнде шындық бар еді. Халық соны сезді.

БИЛІК ЗАЛЫНДАҒЫ ҮН

*«Адамда ой жоқ, пайым жоқ,
Биліктен басқа уайым жоқ,
Нар мая сирек — айғыр көп.
Ақиқатты айтып алқындым,
От пенен суға шарпылдым —
Сөзіме құлақ салмадың,
Ұқпадың дүние жалғанын,*

*Алауыздықтан танбадың,
Жақсыларыңды жалмадың,
Ашылғанын сезбей артыңның.
Ендеше тағдыры халқыңның
Қолында кетер әркімнің.»*

Парламент — мәрмәр қабырғалар мен ауыр есіктер. Бірақ сол жерде әдеттегі есеп-қисап, бюджет, талқылаулар арасынан ақынның үні естілді.

1995 жылы Фариза Оңғарсынова Мәжіліске саясаткер ретінде емес, ар мен сөздің иесі, миллиондар сыйлайтын тұлға ретінде келді. Халық: «Фариза бар жерде — үміт бар», — дейтін.

Бұл орынға ол билік сұрап емес, билікке шындық керек болған соң келді.

Атырау облысы... Жердің асты — байлық, беті — сор. Ауыз су тапшы. Мұнай бар, бірақ мұнайшылар жоқшылықта күн кешіп жүр. Каспий теңізі тартылып барады. Халық — елеусіз. Жер — тозған. Халық — жаны жаралы, үміті үзіліп бара жатқан Атырау жұрты оған:

— Біздің сөзімізді сөйле. Біздің үніміз бол, — деді.

Фариза саясатқа барғысы келмеп еді.

— Мен ақынмын. Менің орным — өлеңде, — дейтін.

Бірақ елдің ақсақалдары өтінді. Иығына үміт артты.

— Бізге шындық айтатын кісі керек, — деді.

Сол кездегі Атырау облысының әкімі Равиль Шырдабаев та:

«Фариза депутат болмаса бәріміз жұмыстан кетеміз» деп қолқа салды. Бұл сөз — поэтикалық шындықты саяси шындыққа айналдыра алған Фаризаның беделін анық көрсетеді.

Равиль Шырдабаев кейінірек өз өмірбаянында Фаризаның журналистік жолына ерекше тоқталады:

«Жетібай кен орнына алғаш барған журналистердің бірі — бүгінде Қазақстанда ғана емес, шетелде де танымал ақын Фариза Оңғарсынова еді. Республикалық «Лениншіл жас» газетінде жарияланған «Жастар жүрген жер — береке» атты мақаласында ол жас мұнайшылардың өмірін шынайы әрі қызықты етіп сипаттады», — деп жазады.

Бұл сөздер ақынның өлеңде ғана емес, өмірдің қай саласында да шындықты ту еткенін дәлелдейді. Кен орнындағы жұмысшы жастардың өмірін көркем сөзбен де, әлеуметтік әділет тұрғысынан да көтере білді.

Осылайша, Фаризаның Мәжіліске келуі — кездейсоқ шешім емес, елдің ішкі сұранысынан, халықтың шынайы үнінен туған тарихи қажеттілік болды.

Фариза өз кезегінде үнсіз қалған емес. Халқының өтінішін жерге тастамады.

Жүрегі қаламмен соқса да қолына заң жазатын қалам алды. Сөйтіп, саясат сахнасына ақындық жүрекпен, шындық жүгін арқалап шықты.

Ол саяси ойындарды ойнауға қатысқан жоқ. Жай ғана жымиып қойып, үндемей отыратын жерлерде қол көтеріп, қорықпай сөйледі.

Ол — шайқалмайтын сөздің иесі.

Ол — иіле білмейтін тұлға.

Кейде — салқын көзқарастар. Кейде — наразылық. Бірақ ешкім Фаризаның сөзін бөлмейтін. Мәжілісте ол жай ғана орын толтырып отырған жоқ. Білім үшін, қазақ тілі үшін, ауыл балалары, әйелдер құқығы мен ұлттың рухы үшін күресті.

Ол жаңа заң жобаларын жазды. Екі заң — оның өз қолынан шықты. Біріншісі ана мен бала жағдайы туралы, екіншісі балалар құқығы туралы.

Сол кезге дейін балалардың құқығы туралы Қазақстанда арнайы заң болмаған. Фариза соны жазды. Жетім бала, тастанды бала — ешкім ұмыт қалмасын деді.

Ол әр сөйлемді жүрекпен жазды. Әр бапты көз жасымен түзді.

Бұл — жай заң емес. Бұл — аналық жанашырлықтан туған құжат.

Парламентте саясаткер болуға тырысқан жоқ. Ақын күйінде, халықтың өкілі күйінде қалды. Әр мінберден сөйлеген сөзі қарапайым халықтың жүрегіне жетті.

Ол саясатта ұзақ жүрген жоқ. Алдамшы сөз көп, шынайы мән аз. Парламенттен кейін Фариза поэзияға оралды. Бұл жолы билік басындағылардың арасында жүріп те ар тазалығын сақтап қалған адам ретінде жазды.

Фаризаның өмір жолында тағдыр мен таңба қатар жүрді. Ақын болу — көптің көкейінде жүрген сөзді айту ғана емес, сол сөз үшін жауапкершілік арқалау. Ал Фариза үшін бұл жауапкершілік — халықтың сенімі мен үміті.

Ол — соғыстан кейінгі буынның өкілі. Балалық шағы қиын-қыстау кезеңге тап келді. Бірақ сол ауырлық оны қайрай білді. Ерте есейді, ерте ойланды. Ерте жырлады. Фаризаның тағдыры оңай болған жоқ. Шындықты айтудан қорыққан емес. Қоғамдағы әділетсіздік, әйелдің орны, тіл тағдыры, рухани құлдырау — бәрі оның қаламының ұшында тұрды.

Фаризаның жолы — ақынның да, халықтың да жолы. Жыр күрескері заң күрескері де бола алатынын көрсетті.

Оның жүрегі нәзік еді. Сол жүрек мәрмәр залда да, шаңды ауылда да бірдей соқты. Себебі бұл жүрек халық үшін соғып тұрған.

ӨЛЕҢМЕН ӨМІР СҮРГЕН ЖАН

Астананың «Мәңгілік ел» көшесінде мектеп бар. Кіре берісінде ілулі тұрған тақтайшаға:

«№77 Фариза Оңғарсынова атындағы мектеп-гимназиясы» — деп жазылған.

Күн сайын сол мектепке сөмкелерін арқалап, арман жолына түскен балалар улап-шулап кіріп-шығып жатады. Қабырғада ілулі тұрған өткір көзді тұлғаның портретінің жанынан өтеді.

Әдебиет сабағында мұғалім кітабын ашады. Дауыстап оқиды:

«Сенімге толы көңілдер

көктемгі көктей көгерген.

Жасаңдар, құшып сенім-күн,

құлпырған гүлдей құздағы,

жұлдызы жанған жерімнің

жұлдыздай жарқын қыздары!»

Сол кезде бір қыз бала басын көтереді. Өлеңнен өзін таниды. Өзінің үні бар екенін сезеді. Жалғыз емес екенін біледі.

Кітапханаларда оның өлең жинақтары жатыр. Оларды тек үлкендер ғана емес, жастар да қолына алады. Себебі бұл өлеңдерде уақыт жоқ. Ақиқат бар.

Ал ақиқат жасқа қарамайды.

Фаризаның есімі берілген мектеп тек Астанада ғана емес. Бүгінде Қазақстанның батысындағы үш ірі қалада — Атырауда, Ақтауда, Ақтөбеде оның атындағы білім ордасы бар. Бұл — ақын мұрасының өңірлік емес, ұлттық деңгейдегі құндылыққа айналғанының айғағы.

Музейлер ашылып жатыр. Ескерткіштер қойылып жатыр. Мақалалар жазылып жатыр. Бірақ ең бастысы, оның өлеңдері әлі де оқылып жүр. Себебі Фаризаның өлеңдері оқылғанда оның үні өмір сүріп тұрады. Бір емес, мындаған адам оның жырын оқып, тізерлеп тұрды. Себебі оның үні арқылы өз үнімен табысты.

«Мен жсалындап өтемін

*қариялардың қимайтын жас шағы болып,
балапандардың талпынар асқары болып,
ару қыздардың аңсаған арманы болып,
асқақ жандардың алаулы таңдары болып;
жиырмада жесір қалғанның аңсары болып,
сүйіскендерге көз ілер таңсарі болып...»*

Біреулердің артында кітаптары қалады. Кейбіреулерден — ескерткіш қана. Біреулердің дауысы қалады. Фариза Оңғарсынова жай ғана ақын емес. Ол — халықтың айнасы. Оның өлеңдері даңқ іздеген жоқ, шындық іздеді. Сол себепті де олар халқымыздың жадында мәңгі қала береді.

Әр дәуірде де өзімен бірге өзгелердің де үнін жеткізетін адамдар болады. Олар өмірді терең сезетін, жүрегімен сөйлейтін, үнсіз тұрып та бәрін айта білетін жандар. Фариза сондай адам еді. Ол да өмірден өтті. Бірақ жоғалған жоқ. Кітаптарын оқиды. Сөздерін қайталайды. Сезімін ұғады. Бір адам кітабын ашып, шумағын сыбырлап, желден үнін естісе — ол тірі.

Сөз — мәңгі. Ақын — соның тынысы.

ДОС ПЕН ДАРЫН

Фариза Оңғарсынова мен Әбіш Кекілбаев — қазақ руханиятының қос алыбы. Бірі — отты сөздің иесі, бірі — ойдың тереңі. Екеуін де халық ұнатты, бірақ олар бір-бірін ерекше түсінді.

Олардың достығы жылдарға емес, сенімге құрылған еді. Әбіш — философ, көркем прозаның шебері, ал Фариза — жүрек сырын жайып салып, халықтың үнін жеткізуші. Әр кездесулерінде әдебиетпен қатар ел тағдыры, тіл мәселесі, әйелдің орны жайлы сырласатын.

«Фариза — ақын ғана емес, ардың дауысы», — деген екен Әбіш бір әңгімесінде.

Фариза да Әбіштің тереңдігіне танданып:

«Ол жазушы емес, елдің зердесін жазатын шежіреші», — дейтін.

Олардың достығы шынайы пікірге, парасат пен пайымға негізделген болатын. Бір-бірінің сөзін бөлмейтін. Жеке пікірін ашық білдірсе де араға салқындық түспейтін. Бұл — ұлыларға тән қарым-қатынас.

Әбіш ағамыз Фаризаның шығармашылығын жоғары бағалап, өр мінезін ер азаматтарға үлгі ететін. Олар поэзия мен прозаның ғана емес, ұлттық рухтың да қос қанаты болды.

Кейбір отырыстарда өзара пікірталасқа түсетін. Бірақ бұл ренішке емес, рухани өсуге жетелейтін. Бірін-бірі толықтырып, биікке тартып отыратын. Бұл достық — естелік емес, ұрпаққа үлгі.

«Әбіш — ардың, мен — елдің үнін жеткізсем, онда әдебиет өз миссиясын орындады», — деген еді Фариза бір жолы.

Міне, екі алыптың үн қосқан достығы ұлтқа қызмет ету деген ұлы мақсат жолында тоғысты. Бұл — қазақ әдебиеті мен мәдениетінің алтын парағы.

Маңғыстау даласының ұлы мен Атырау топырағының қызы — екі өңірдің мақтанышы ғана емес, қазақ руханиятының қос тағаны еді. Фариза мен

Әбіш — бірі поэзия, бірі проза. Бірақ екеуін біріктірген — елге деген адалдық, сөзге деген қасиет, шындыққа деген құштарлық.

«Фариза — аспанға алау шашып, шоқ таратып жатқан рух жанартауы. Өшпейтін де, сөнбейтін де өжеттік қайнары», — деп Әбіш Кекілбаев қазақтың орны толмас ақын қызы туралы естелік сөздер қалдырды.

АҚЫН МЕН АДАЙ РУХЫ

«Маңғыстау!

*Мұнарларың шанышылса аспанды ұрып,
тайталаса алмай қалмай қалады асқар бұғып.
Жанартаулардай лапылдап отты алауларың,
жанары жасық жандарды жасқындырып.*

*Жастық шақ ізін тастаса —
кешегі бозаң, қатыгез құм дала-мекен,
қара ормандармен қайысып нуланады екен.
Осынау асқақ жандарға замандас болып
мен асылы тектен-тек тумаған екем!»*

Фариза апайдың тамыры — Адайдан. Ол осы рудан шыққанын ешқашан жасырмаған, қайта мақтанышпен айтатын. Маңғыстау даласы, оның шөлі мен тауы, желі мен үні — бәрі де оның поэзиясында көрініс тапқан.

Адай — күрескер, өр рухты ел. Бұл рух Фаризаның жырынан да аңғарылады. Оның жырларында жалын да бар, ызғар да бар, биік үн мен ашық ой бар. Ақын осы рухпен тыныстады, осы өрлікті бойына сіңіріп өсті.

Маңғыстауға барған сапарларында ауыл қарияларымен, жастармен кездесіп, шынайы сұхбат құрып, сол өлкенің өткені мен бүгіні туралы ой бөлісетін. Әр келгенінің өзін маңғаз Маңғыстаудың тұрғындары тойға айналдыратын. Адайлар оны аяулы қызы ретінде ардақ тұтты.

Ақынның Маңғыстау өлкесіне арналған шығармаларының ішінде ерекше орын алатын туындысы — «Маңғыстау маржандары» атты өлеңдер жинағы. Бұл кітап — Маңғыстауды суреттеу емес, бұл өлкеге деген терең сүйіспеншілік пен рухани тамырластықтың көркем айғағы. Жинақта өлкенің тарихы, табиғаты, тылсым күші, киелі жерлері өлең өрнегімен бейнеленген.

Сонымен қатар, Фаризаның «Маңғыстау монологтары» атты өлең топтамасы — ақын мен маңғаз Маңғыстау арасындағы ішкі сұхбаттың көркем үлгісі. Бұл өлеңдерде Фариза топырақпен, тастармен, теңізбен, желмен — бәрімен тілдесе береді.

Фариза үшін Маңғыстау — киелі мекен. Мұнда мәңгілік тыныс тапқан 362 әулие, соның ішінде ерекше орны бар Пір Бекет ата оның да рухани болмысының бөлшегіне айналған. Ақын бұл есімдерді құр атап қана қоймайды, жүректен шыққан құрметпен жырға қосады.

Фариза Оңғарсынованың поэзиясы Маңғыстаудың рухани келбетін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Оның жырларындағы Маңғыстау — тек географиялық аймақ емес, жан-дүниесінің бөлшегі, ұлттық рухтың символы. Осы арқылы тылсымға толы мекенді барша қазақ баласына жақындатып, өлкенің бейнесін өлең арқылы ұлт жадында жаңғыртты.

Маңғыстаудың кең даласы мен қасиетті мекендері жырларына жан бітірді. Адай — оның рухы. Фаризаның поэзиясы сол рухтан сусындайды.

АҚЫН ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР

«Сөз деген — сағыныштан туған үн,

Жан естелігін жеткізер мәңгі мұң.»

Фариза Оңғарсынова қайтыс болғаннан кейін де оның бейнесі мен үні ел жадында жаңғырып тұр. Ақын туралы айтылған естеліктер — шынайы құрметтің көрінісі.

Жолдастары, әріптестері, шәкірттері оның турашылдығын, әділеттілігін, терең ойлы адам болғанын жиі еске алады. Ол ешқашан екіжүзді болмаған, сөз бен ісі сай келген тұлға еді.

«Фариза апай сөйлегенде бәрі тынышталып қалады, тек тыңдай беретінбіз», — дейді өнердегі сіңлісі.

Ақын туралы жазылған естеліктерде оның ерекше мінезі, ер мінезділігі, сөзге деген құрметі жиі аталады. Шындықты бетке айтатыны, ешкімнен жасқанбайтыны замандастары үшін үлгі болды.

«Ол кісімен сөйлескенде өзін де шынайы болуға тырысасың. Себебі оның жанында жалған сөзге орын жоқ», — дейді жас ақын.

Естеліктердің көпшілігі оның адамгершілігіне, жомарттығына, жастарға қамқорлығына арналады. Ол үнемі жас қаламгерлерге қолдау білдіріп, бағыт-бағдар беріп отырған.

«Фариза апам алғашқы өлеңдерімді баспасөзге жолдауға батылдық берді», — дейді бір шәкірті.

Оның өмірі мен шығармашылығы туралы айтылған әрбір сөз — ұлттың ұлы қызына деген шексіз ризашылық пен сағыныштың белгісі.

«Ақын өлмейді,

Оның сөзі — өмірдің жалғасы...»

Фариза жайлы естеліктер — келер ұрпақ үшін шындыққа, рухқа, әділетке адал болудың сабағы. Олар арқылы ақын бейнесі тірі, жанды күйінде сақталып отыр.

ЖЫР — ЖҮРЕК ҮНІ

«Жыр жазбасам — дем жетпей, тұншығамын,

Жырым — менің тынысым, күрсінісім...»

Ақын үшін өлең — жай ғана сөз емес. Ол — жүрек үні, ішкі әлемнің жарығы. Фариза үшін поэзия — өмір сүрудің жалғыз жолы болды. Өлеңсіз бір күні — үнсіз даладай, тіршіліксіз аспандай.

Ол қалам ұстағанда дүниенің шынайы тынысы сезілетін. Оның жырларынан жасандылық емес, жаралы шындық аңғарылатын. Өлең оның күнделігі, сыр сандығы, жарасын жазған шипасы.

«Жыр — жай сөз емес,

Жанның жылағаны...»

Фариза әр жырын бір тағдырға балайтын. Ол әр қазақ қызының, әр ана жүрегінің атынан сөйледі. Жүрегін жарып шыққан өлеңдері халқына арналды. Өйткені ол өлең жазғанда тек өзін емес, өз ұлтын, оның үмітін, жарасын, үні мен үнсіздігін жеткізді.

Түн тыныштығында, шамның жарығында туған жырлары мыңдаған жүрекке жарық сыйлады. Ол сөзбен емдеді. Сөзбен күресті. Сөзбен сүйді. Сөзбен өмір сүрді.

«Өлең — менің өмірім.

Сөз — менің тағдырым.»

Фаризаның поэзиясы — уақытсыз. Ол бүгін де, ертең де тірі. Өйткені шынайы жүректен шыққан сөз — өлмейді.

*Шарманбоз***Сакең
СЫБАНБАЙ**

ӘУЛИЕ ӨНЕРДІҢ ӘДІЛ САРБАЗЫ

«Әдебиет пен өнердің мұраты — адам жанын ізгілендіру» деген сөз бар. Адамның мына қым-қиғаш оқиғалар мен қым-қуыт өзгерістерге толы аласапыран заманда, ала-құла қоғамда қалайда адам қалпында қалуына, әу баста жүрекке егілген адами қасиеттерді сақтай алуына, тұңғығына бойлап болмайтын өз жанының түкпір-түкпіріне, шүңейт-тереңіне үңілуіне, яғни өзін-өзі тануына әдебиет пен өнердің тигізер ықпалы орасан. Мұны түсініп, бағалайтындар бар, елең қылмайтындар да жеткілікті.

Қазір кітаптың жақсысы қайсы, нашары қайсы, екеуіне де жатқыза алмайтын ортақол әрі-сәрісі қайсы — ажырата білмейтін оқырман көп. Оқырман түгілі, кейде соны осы сөз өнері маңайындар жүргендер мен әдебиеттің жарық көруіне, таралуына, насихатталуына жауап беретін лауазымды қызметтегілердің өзі дұрыстап айыра алмайтындай көрінетіні бар. Себебі бір қайнауы ішінде қалған, көркем әдебиетке қойылатын талаптардың талайына сай келе бермейтін, оқиға қуалап қана оқитын жұртшылықтың орташа талғамына сүйенген дүниелер алдыңғы лекке шығып кетеді де, сапалы, мазмұнды, ойлы кітаптар көлеңкеде қалып жатады. Мемлекеттік сыйлықты талантты жазушы да, әйтеуір бұрқырата беретін қарапайым жазарман да ала берген соң, былайғы оқырман жақсы мен жаманды қалай ажыратады? Тіпті жаңағы билікке жақын жүріп, кітап тағдырын шешуге араласатындардың «Мынау қандай жазушы?», «Бұл жақсы кітап па?» деп сұрап жүргендері...

Кітаптың асылы мен жасығын салмақтап, оның әдебиетке, оқырманға, қоғамға берер олжа-пайдасын безбендеп, сөз өнеріндегі көркем құндылықтарға қаншалықты сай, лайық екенін таразылай білетін, сол талдау-түсіндірулері арқылы, зерттеу-зерделеулері арқылы әдеби туындының шынайы бағасын беретін, шығарманың қарапайым оқырман байқамауы мүмкін қырық қыры мен сексен сырын қолмен қойғандай алақаныңа салып беретін сыншы деген қауымның қадірін осындайда ұғынасыз.

Әдебиетіміздегі сондай қара қылды қақ жарар әділ сыншы, сол турашылдығымен кейде туғанына да жакпай жүретін майталман әдебиеттанушы – Әмірхан Меңдеке.

Сыншы әділ болмаса болмайды. Бұра тарту, көңілжықпастыққа салыну, сипай қамшылап өте салу, нашар туындыны көпе-көрінеу көтермелеу, керісінше, жақсы шығарманың лайықты бағасын бермеу – өзін-өзін сыйлайтын сыншы үшін өліммен тең. Сондықтан сын жазатын адам ең алдымен әділ де адал болуы керек. Содан кейін барып оның кәсіби әдебиетшілігін, жазу шеберлігін, байқампаздығын, көрегендігін, қырағылығын, тағысын тағы дарын-қабілеттерін даралай түссек болады. Осының бәрі бола тұра, бойында әділдік, сөз өнеріне деген адалдық болмаса, оның үлкен сыншы болып қалыптасуы қиын.

Мен Әмірхан Меңдеке ағамен «Жас Алаш» газетінде, сосын Ұлттық аударма бюросында қаншама жыл қатар қызмет еттім. Яғни жазған зерттеулері мен мақалаларын оқып қана қоймай, оны адам ретінде де жете тани түсуге мол мүмкіндігім болды. Сонда ол кісінің қай мәселеге де сын көзімен қарауға тырысатыны, әдепкі көзқараспен назар салғанда «екі жердегі екің төрт болатыны» секілді түсінікті жайттың өзіне күмәнмен үңіліп, астарына бойлауға ұмтылатыны аңғарылатын.

Әрине, Ә.Меңдеке өмірде, қоғамда кез келген адамның пікірімен санасуға, тыңдауға, талқылауға құмбыл. Кейде тіпті «сіздікі жөн шығар» деп «жеңіле» салуы да ықтимал. Ал шығармашылыққа келгенде, ұлтқа, халыққа, өнерге пайда-зиянына қатысты әңгіме туғанда – оны танымай қаласыз! «Екі туып бір қалғаны» болса да, айтқанынан қайтпай, қатады да қалады. Өйткені Әмірхан Меңдеке үшін уақытында айтылмаған әділ сөздің, дер кезінде жазылмаған өзіндік пікірдің құны көк тиын. Ол кісінің ұстанымынша, «кемшілікті айту айып емес, қайта жанашырлық». Расында да, бір адамның көңіліне қараймын деп, бүкіл сөз өнерін, әдебиетті, қоғамды былғауға бола ма? Одан да бір ғана адам ренжісін. Әдебиетке нұқсан келмесін. Көмейге келген пікірді кері жұту жөн емес, ол – мәкүрік. Ал жекелеген адамдардың реніші екі-үш күннен кейін басылар, оңаша қалып ойланар. Кейбіреуі тіпті сырттай ғайбаттар да. Ол – әркімнің арына байланысты нәрсе. Сыншылықпен айналысқан адам ондай-ондайға дайын болмаса да болмайды.

Әмірхан Меңдеке – ондайға қашанда дайын қаламгер. Себебі сын болған жерде реніш болмай тұрмайтынын түсінеді. Оның үстіне, бізде қазір сын қабылдау мәдениеті де төмен. Мен әлдебір жұмыспен өткен ғасырдың 80-жылдарындағы қазақ баспасөзін шолып шыққанмын. Сонда Рамазан Тоқтаровтың «Ғасыр наны» деген романын «Қазақ әдебиеті» газетінің айқара бетінде Ақселеу Сейдімбек, Кәдірбек Сегізбай, Дүкенбай Досжан тәрізді жазушылар ашық сынап тастағанын оқыдым. Газеттің келесі санында Р.Тоқтаровтың уәжі жарық көрген. Сонда, байқап отырсам, сынаушылар да артық кетпеген, автор да өзін сынағандарға реніш білдіріп, бұркылдамаған. Бәрі де шығарманың идеясына, сапасына, көркемдік деңгейіне қатысты қызу пікір алмасқан. Жеке бастың емес, әдебиеттің дүниесі, сөз өнерінің мәселесі деп қараған.

Қазір сынға осылай жаймашуақ қарайтын автор көп пе? Керісінше, сын

жазған адамды ғұмырлық дұшпан тұтып, жау санап, оның жазғандарынан кемшілік іздеп, қалайда сүріндіруге, осал жерін тауып омақастыруға ұмтылып жүретіндердің аз еместігін аңғарып қаламыз. Демек, «Топ шеңгелге келсең кел, өзіңе өзің сенсең кел» дегендей, сын жанрына қандай бопсаға да қаймықпай шыдайтын «қарағайға бітер қарсы бұтақтар», яғни сөз өнерінің нағыз адал жауынгерлері ғана тәуекел етсе керек.

Оның үстіне, қазір сын жазу да, шығарма деңгейін бағалау да оңай емес. Бүгінгі ақын-жазушылар жазу техникасын керемет меңгеріп алған. Бір қарағанда, өте сауатты жазылады, сөз-сөйлеміне тиісе алмайсың, идеясы да дұрыс секілді, оқырманды да оқуға жетелеп отыратындай. Бірақ... кейде әйтеуір бірдеңе жетіспей тұрады. Ол не? Міне, осыны нағыз сыншы тап басып аңғарады, біздің өреміз жетпей тұрған, таппай тұрған кемшілікті дөп табады. Ол — шығармада жанның жоқтығы.

Әмірхан Меңдеке өз талдау мақалаларында осыған ерекше мән береді. Яғни шығарма тәуір жазылған, оқылады, бірақ жан жоқ. Жүрегінді қозғамайды, лүп еткізбейді. Себебі «апырмай, әне бір тұсында күшті тауып кеткен екен-ау, мынау бір айтылмай жүрген, біз ескермеген нәрсе екен-ау» дейтіндей оқшау ой, елжіретер ештеңе жоқ. Яғни әдебиеттің дүниесі емес, таза машықтың нәтижесі. Мұндай нәрсені әдебиет деуге бола ма? Әрине, болмайды. Ә.Меңдекенің күресетін кемшіліктері — осындай сырт көзге білінбейтін «литературщина» мен халтура. Мұндайға жаны қас сыншы сын садағын аямай түйрейді.

Қазір бізде сынның екі түрі қалыптасып барады. Бірі — ақын немесе жазушы әлдебір мерейлі жасқа толғанда жазылатын жаппай мадақ-одалар. Екіншісі — қайнағасының атын атамайтын әдепті келінше ешкімнің аты-жөнін атап көрсетпестен, «кейбір авторлар...» деп басталып, солай бірсарынды да солғын стильде жазылатын сынсымақтар. «Бұл кісі кімді меңзеп отыр, не айтқалы отыр?» деп өзіңнен-өзің балгерге айнала жаздап, анырып отырасың.

Әмірхан Меңдеке айтарын ашық айтып, сын қарауылына іліккен автордың аты-жөнін атап, өзі аңғарған кемшіліктерін қадап-қадап көрсетіп жазады. Өйткені оның басты мақсаты — әдеби туындының лайықты бағасын беру. Сол ғана, басқа ештеңе де жоқ. Нашар ма — несімен нашар екенін дәлелдеп беру, ашып айту. Мықты шығарма ма — несімен ерекше, несімен мықты екенін талдап-таразылап, көрсетіп беру. Марқұм Қажығали Мұханбетқалиұлы ағамыз айтушы еді: «Әдеби сын деген жылына қанша кітап шықты, қандай шығармалар жазылды, кімнің қанша жылдық мерейтойы өтті — соны түгендеумен шектелмейді. Сын — құр сынап-мінеу де емес. Сын әдебиеттегі жақсы шығарманың, талантты шығарманың лайықты бағасын беріп, оның тууының әлеуметтік мәніне, жазылу себебіне үңілуі керек. Біздегі қазіргі сынның деңгейі — «мына әңгіме немесе өлең жақсы екен» дейді де қояды. Жақсы деген жай сөз. Сын шығарманың жақсы екенін айтып қоя салмай, несімен жақсы екенін қолмен қойғандай дәлелдеп беруі керек...»

Осы ұстанымға адал сыншының бірі, бірі ғана емес, бірегейі — Әмірхан Меңдеке. Ол мақалаларына өзі талдап отырған шығармадан үзінді (цитата) келтіруге аса әуес емес. Келтіргеннің өзінде аса қажетті тұстарында,

оқырманға автор сөйлемінің өзін оқытып барып таразыламаса болмайтын кездерде ғана ұсынады. Оның өзінде бірер сөйлеммен ғана шектеледі. Ал қазіргі кей сыншының он бет мақаласын оқысаң, соның жартысы цитатамен-ақ толып жатады. Ал Ә.Мендекенің цитатаға әуес болмайтын себебі — біріншіден, ол оқырманға да жауапкершілік артады, қажетті үзіндіні оның өзінің тауып оқуына емеурін білдіреді, екіншіден, онсыз да қат бет, қауырт уақытты сол үзіндідегі ойды талдауға, идеяны ұғынуға, автор мақсатын жеткізуге жұмсағанды жөн көреді.

Бұл күнде сыншыларымыздың дені жалпылама сынға құмар. Ал Ә.Мендеке әр мақаласында нақты бір міндетті көздейді. Әлгі Қ.Мұханбетқалиұлы айтқан мұраттарға ұмтылады. Мына шығарманы жазуға авторды не мәжбүрледі, не түрткі болды, оның бүкіл жан-жүрегін неге басқа емес, осы мәселе, осы тақырып, осы уайым тебірентті? Бұған не себеп? Жазушы да — қоғамның бір бөлшегі, оны осы идеяға берілуіне айналадағы өзгерістер, оқиғалар, көңіл күй әсер етті ме? Міне, осылай әр шығарманың туу себептері, соған жетелеген әлеуметтік мотив-түрткілер, автордың тұлғалық ерекшеліктері мен бойындағы шығармашылық құбылу-жетілу-даму үдерістері — Ә.Мендеке сынды нағыз сыншы микроскоппен үңілетін ұңғыл-шұңғылдар.

Басқасы басқа, оның бір ғана сөйлемді аса көлемді арнайы бір мақалаға жүк етуі керемет емес пе? Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясынан қысқартылып кеткен бір ғана сөйлемін талдайды, оның неге қысқартылғанын сөз етеді, сол кездегі солақай саясатты, біліксіз басшыларды, әдебиет пен өнер табиғатын түсіне алмайтын шолақ ойлы шенеуніктердің тайыздығын сынайды. Шығармашылық адамына рухани жалғыздық мәселесіне тереңдейді, жалпы жалғыздық философиясына үңіледі.

«Заман азды» деушілер аз емес. Ә.Мендеке заманды жасайтын адам екеніне ерекше назар аударады. Яғни заман неге азады? Өйткені оны жасаушы адам аза бастады. Адамның пиғылы бұзылды, арманы арзандады, мақсаты аласарды, пейілі тарылды, ойы тайызданды. Егер заман өзгеріп жатса, демек, ең алдымен адам жанында бір қайшылықтар болып жатыр деген сөз. Осы ойдың түпқазығы ретінде сыншы бір мақаласында Ф.Достоевскийдің: «Қоғам мен заманның қайшылығы — адам санасындағы қайшылықтардың көрінісі», — деген айтулы сөзін келтіреді.

«Балталасаң бұзылмайтындай боп әбден орнығып қалған әдеби схема бойынша, қазақ қаламгерлерінің дені адам жанының қайшылығын қоғамнан, қоғамның қайшылықтарынан іздейді. Біздіңше, қазақ әдебиетінің үлкен қасіреттерінің бірі де осы» деп жазады Әмірхан Мендеке «Бақи қоймас фәнидің мінін көрмей» атты мақаласында («Жалғыздық, сені қайтейін...» кітабы, 130-бет).

Сыншы үшін мол білімнің орны ерекше. Ә.Мендеке — Батыс пен Шығыс әдебиетін, философиясын, тарихын жете меңгерген білікті қаламгер. Бірақ өзінің көп білетінін көрсетіп қалуға тырысып, қажеті болсын-болмасын, реті келсін-келмесін оқыған-тоқығанын әйтеуір жазған-сызған дүниесінің арасына тықпалай беретіндердің қатарынан емес. Батыс пен Шығыс ғұламаларының ойларын, афоризмдерін, көзқарастарын ең бір зәрутұстарда, айтылған пікірді нығыздай, нықтай түсу керек болған кездерде ғана орын-



орнымен, мөлшерімен ғана қолданады. «Шын палуанға оңы-солы бәрібір» дегендей, қажет болған жағдайларда Әмірхан ағамыз хадистен де, Хайдеггерден де мысал келтіруге еш қиналмайды. Өйткені өз тақырыбына сай ізденістерін ешқашан тоқтатқан емес.

Мақалаларын оқығанда, сыншының туынды табиғатын тани білетіні сүйсіндіреді-ақ. Кейде автордың өзі тереңдеп ойлана қоймаған нәрселерге мән береді, айқын аңғарады. Ақын немесе жазушы шабыт қайнарында отырып,

әлдебір тылсым рух жеткізген, муза үні сыбырлаған, жүрегіне шуақ түсірген дүниені жазып отырып, оны дәл солай сезінбеуі мүмкін. Әйтеуір сондай құпиялы күйде қаламының ұшына қонған, санасына сәуле шашқан ойды, туынды жазып шығады. Мұны сезінетін — нағыз сыншы ғана. Өйткені сыншы да — жазушы. Сыншы да — ақын. Көзі қиядағыны шалатын қырағы жазушы, жан-жүрегі көкте қалықтаған қыран ақын, байқағыш, аңғарымпаз, тылсым сыр иесі. Сондықтан да сыншының кейде автордан артық біліп тұруы, шығарма болмысын тұтас танып тұруы — түсінікті жайт.

«Сөз өнері — әулие өнер» дейді Әмірхан Меңдеке. Өзі әулие тұтқан өнердің әділ сарбазы боп сапқа тұрған күннен бастап, ол осы ұстанымынан айныған емес. Әйтпесе сөз өнері саласында дос-жаран, әріптес-қаламдас, ағайын-туған ол кісіде де жетіп-артылады. Солармен қанаттаса, қатарласа, сыйласа жүріп, бәрібір жазуға келгенде сол әділдігінен айнымауға барын салады.

Біз өлеңнің, әңгіменің, хикаяттың сыртқы формасы, айтар ойы, түпкі мақсаты деген мәселелерге көбірек мән береміз де, прозадағы қарапайым сөйлемнің астарына жасырынған, өлең жолдарының ара-арасында аңғарылмай қалып қойған құпия мәндерге көңіл бөлмей, өтіп кетіп жатамыз. Әмірхан Меңдеке, кәнігі археологтар секілді, біз абайламай басып өтіп кеткен, жапырып кеткен шөптің түбіне қайта шұқшиып, шығарманың біз аңғармай зуылдата оқып өткен тұстарына жіті көз жіберіп, мүлде өзгеше көзқараспен саралай, сараптай назар салады. Ішкі мәнге үңіледі, жай хабарлы сөйлемнің қырыс-қатпарларын қазады, ондағы жасырын ақиқаттарды аршиды.

Қаламгерге жазу қабілетін Жаратқанның өзі береді. Оны қалай алып жүреді, қалай дамытады — оның ақын-жазушының өз тағдыр-талайы біледі. Қаламгер оқу-тоқу, зерттеу-зерделеу, тану-түйсіну арқылы сол Құдай сыйлаған қабілетін әрі қарай дамытар, бірақ түпкі дәнді шығармашылық адамына Жаратушының өзі егеді. Туынды табиғатын тану, бүге-шігесіне дейін зерттеу, бәрін тарата талдай алу қабілетіне қарағанда, Әмірхан ағамыздан мықты шебер жазушы шығуы да мүмкін еді. Бірақ ол сын жанрын таңдады. Өз бойындағы мүмкіндік, қарым-қабілет, дарынның барынша ашылар, мейлінше қажетке жарар сала — осы сын саласы екенін сол Жаратушының өзі сездірген де болар.

«Бір қария үш ұлына жілік ұстатып тұрып: «Мынаны қайсың түк қалдырмай, тазалап аршып, мүжи алсаңдар, соған беремін» депті» деген әфсана бар ғой. Үлкен ұлы «Маған беріңіз, мен мұны құмырсқаның тіліне ілінетіндей ештеңе қалдырмастан тазалап мүжимін» депті. Ортаншысы да «Бұл жілікте бір заманда ет, сіңір болған екен дегенге кісі сенбестей етіп жалтыратып беремін» деп ұмтылыпты. Ал ең кішісі «Әке, жілікті маған беріңіз, мен мұны алдымен жақсылап мүжимін, сосын ішіндегі майын тазалап жеймін, сосын сүйекті шағып, атала ғып ішемін» деген екен. Сонда «Міне, жіліктің нағыз иесі табылды» деп әкесі риза болған екен.

Сыншы да әдеби шығарманы әр тұсынан келіп, әбден талдайды, таразылайды, жілікше шағып, майын алып, ақырында атала ғып ішуге әзір етеді. Өйткені сыншы да — ақын, сыншы да — жазушы, сыншы да — шығармашылық адамы. «**Азаптана алмайтын, азаптана білмейтін, адамның өнерде жүруі — бекершілік**» дейді Ә.Мендекенің өзі бір сөзінде. Бұл жерде ол шығармашылық азапты, танымды жетілдірудің азабын, талғамды кемелдендірудің азабын айтып тұр.

«**Жалғыздық, сені қайтейін...**», «**Тілінді әулие тұт, сөзінді — пір!**» секілді кітаптары, жалпы әр жазғаны осы шығармашылық азабына тәуекел еткен кез келген қаламгерге үлгі боларлық сыншы, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Әмірхан Мендеке — сол тәтті азапты тандап алған һәм соның жолында адал еңбек етіп жатқан қаламгер.





Поэзия

Ертай АШЫҚБАЕВ,

*Халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының лауреаты,
Қазақстанның құрметті
жазушысы*



Бүгінгі қазақ поэзиясы салқар көшінің кеуде тұсында келе жатқан, талантты ақындар тасбиығына ерте тізілген өнерпаздың бірі — Ертай Ашықбаев. Ол жөргекте жатқанда өлең деп үілдеді десек күпірлік болар, бірақ өлең оның ес білген кезден серігі десек қателеспейміз. Былайша айтқанда, ерте есейді. Жүректің, шабытты көңілдің ауанымен қалам тербеп, нәрлі жырлар тудырды. Бозбала шағынан бастап, шашы бозала болған кезде іні-өзінің сарабағытынан айнанымағанақ жарма ақын соңғы жылдары ұлттың мұң-мұқтажына да көбірек көңіл бөліп, осы тақырыпта қалам тартып жүр. Міне, биыл жетпіс деген жастың желкенін керген қазақтың қабырғалы шайырын мерей жасымен құттықтай отырып, бір топ өлеңін жариялауды жөн көрдік.

ҚУЫП ҰСТАЙ АЛМАДЫҚ ҚУ ЖАЛҒАНДЫ...

КӨКТЕМ. ҚҰСТАР

Бұл қыста да озық жұртқа теңелмей,
Мемлекет абыройын төксек те,
Күн жылынды —
Сенбеймін бе, сенем бе, ей?
Табан тиді көк шөпке.

Жердің үсті, обалы не, құлпырды,
Жылытайын тоңып қалған күлкімді.
...«Кешіріңіз, біз осында тудық» деп,
Келіп жатыр
кеткен құстар былтырғы.

Рұқсат та сұрамай,
Қонып жатыр — бұ қалай?
Тағы қашып кетер ме екен
бұл құстар
Желтоқсанда алағай да бұлағай?

Тағы да сол ақ қар, көк мұз тайғақта,
Бұларсыз-ақ мінеміз бе қайратқа?
...Көктем жайлы
өлең жазу қызық-ақ,
Шіркін, біздің аймақта.

Қонды құстар...
жек көрдік пе оны біз?
Ұя бұзып кірленген жоқ қолымыз.
Сендер емес келгендердің
алды-арты,

Үйренгенбіз.
...Құстар, уа, қоныңыз!

ТАҢ

Жұлдыздарын жинап болды
Ай мақтап,
Жапырағын сілкіп қойды
жайлап бақ.
Мең-зең болып кірпік ашты Ақтөбе,
Ілгері озған бір сағатты ғайбаттап.

Бұл Ақтөбе мазасы жоқ кент еді,
Дем алмайды тіпті жел мен желкемі.
Демалып-ақ жатыр жалғыз амалсыз,
Анау үйдің жұмыста жоқ еркегі.

Жатпағанда... қайда бармақ,
не істемек?..

Әйел байғұс бұрқылдайды
кешке кеп.
Ұясынан Күн шығып тұр ұялып,
Еш пендеге көрсете алмай еш
көмек.

Жасырғысы кеп тұр көзін
бұлтпенен,
Күн шыққанда шаттанбайды жұрт
деген.
Жанбыр тілеп жаутаңдайды аспанға,
Көңіл-әйнек кірін ешкім сүртпеген.

Бүгін жаңбыр жаумайды ғой —
белгілі,
Елдің майдай ерімейді терлігі.
Тек тарихқа жаңа беттер қосады
Базардағы әйелдердің ерлігі.

Айтылмайды түйіні бар сөз әлі,
Тек көліктер бір-бірінен озады.
Тез қартайған жеңгелердің өніндей
Ақтөбенін асфальттары тозады.

Бола қоймас төтен хабар,
тосын жай,
Бір күн өтер еш жаңалық қосылмай.
«Өзің біл, — деп, — тұрмасаң да,
тұрсаң да»,
Ақтөбеге таң келіп тұр осындай.

ЖАРЫССӨЗ

Зор қоғамның, не беделді Кеңестің,
Төрағасы емеспін.
Олай-былай барған кезде, әрине,
Мәшинемен алып жүрмес
мені ешкім.

Жазу, сызу — маған қонған бак,
талап,
Дерсіз, бәлкім: «ал, не жаздың,
мақтан-ақ».
Әттең, әкем халық жауы болмапты,
Жазар едім бір поэма... ақтап ап...

Қозы бақтым. Үйрек бақтым.
Қаз бақтым.
Ғашық болдым —
тарттым сонда аздап мұң.
Диссиденттік маған
қайдан бұйырсын —
Үкіметке қарсы өлең жазбаппын.

Жаза қояр дерек таппай мүлде мен
Қиналамын. Жиналыста үндемен.
Алматыдан кетіп қалғам ертерек —
Желтоқсанда таныскам жоқ түрмемен.

Брежнев, асыл задам, құрметтім,
Сізді... және Қонаевты үлгі еттім.
Өкілімін ду қол соққан дүрмектің,
Мен — күріштің қасындағы күрмекпін.

Жиналыста көбеңсиді көңілім,
Маған назар аудармайды көп інім.
...Жарыссөзде айта салар ерлігі
Емге де жок, ай-хай, менің өмірім.

САНТЕХНИК АЛПАМЫС

(Мадақ жыры)

Уа,
сантехник Алпамыс,
алдына кеп құлдық ұрды алты арыс!
Қыста тоңбау,
жазда мөлдір су ішу —
бұл-дағы бір алқалы іс.
Ана жағың —
көне бетон,
көк асфальт,
Мына жағың — құбырдағы
қарт ағыс.

Сен шыққанда үйіңнен —
 әлденеге мұнанады әр таныс.
 Білгің келсе,
 сен деген —
 төбемізде ұшып жүрген қалқа құс!

Үа,
аймаққа сыйлы ізгім,
темірге қалпақ кигіздің,
тасқа алау тигіздің.
Бір төбенің толқынын
бір төбеге құйғыздың.
Жем-Сағыз бен Ойылды,
Қарғалы мен Електі
бір құбырға сыйғыздың.
Сен шыққанда көшеге,
тікесінен тік тұрады —
Үй біздің!

Басыңнан бақ кетпегей,
жауың жүрсін — беттемей,

бізге де төк мейірімінді шектемей.
Уа, Алпамыс, бұл сенсіз
мына Ақтөбе шаһарыңыз
не етпек, ей?!

Уа, тоқтайын!
Бұл сөзім астана жұрт әкімдері
құлағына жетпегей!

Алысатын ерімді —
күндіз демей,
түн демей,
Қарысатын ерімді —
жауап бермей,
үндемей,
дәрі беріп ұйықтатып,
солар бір күн алып кетіп жүрмегей!..

НЕСІБЕ

Ай-хай, дүние, сайран самал соғады,
Тоқ шаңырақ, құт ірге.
Ақтөбені көрмегендер көп әлі,
Келдің. Көрдін.
Шүкір ме?

Уа, көрдіңіз:
Жайдары жұрт, кішік ел,
Көркем әлем, көк арай.
Талай-талай ақылы мол кісілер
Ақтөбені сағынбайды,
...О, қалай?

Ақтөбенің Алматыдан несі кем,
Астанадан немесе?..
Түсіндіріп берер едім, кешігем,
Өзің айтшы, жеңеше.

Ұқтырар ем, жол күтіп тұр, кешігем,
Алматыға асықтым.
Алматыда, уай,
менің артық еді несібем,
Бірақ ылғи Ақтөбеге ғашықпын.

Ақтөбеде сайран самал соғады,
Күледі Күн, толады Ай.
Ақтөбені көрмегендер көп әлі,
...Обал-ай!

КҮНДЕРІМ-АЙ!

Болмаған соң бақ қонған іргелі бай,
Не сүйеп тұрмаған соң күнде мұнай,
Өмір деген бірде олай,
бірде бұлай.

Жанғаны мен сөнгені есептеулі
Электрдің шамындай күндерім-ай!
Желден жылдам жүгіріп жұлде-құмай,
Уай,
шіркін,
кезбедім жұлгені қай?
«Ала кетші» деп тұрған гүлге де
ұнай,
«Қала кетші» деп тұрған түнге де
ұнай,
Дүниені түрленткен дүрмегім-ай!
... Қайда кеткен армансыз
күлген рай?..

Мына қардың астында думан
қалды,
Әлдекімге тастадық нулы аңғарды,
Жемістерге жүгірдік будан дәнді.
Жеткізбеген сонда да,
беу, дүние-ай,
Бізден де бұрынырақ туғандарды.
Шөл ішінде,
сұрасаң,
бурам қалды,
Көл ішінде,
сұрасаң,
музам қалды,
Қуып ұстай алмадық қу жалғанды.
«Сүймедім» деп ақ бұлақ-су
зарланды,
«Сиредім» деп қараорман-ну
зарланды...

Анау менің баяғы бұла түнім,
Бұла түнім,
тауыпты бұ да тыным,
Қайда кеткен дүлділ ой,
дүр ақылым?
Ойнамаймын,
күлмеймін ойдағыдай,
Әуелі мына мені жұбат, інім,
Мен —
жастықтың жұрағат-жұратымын.
Жылжып өтті
қаншама жыл ақырын,
Жазығы жоқ гүл еді жұлатыным,
Кештік бастан қаншама күнә түрін,
Тіршіліктің,
о, көрдік сұрапылын...
Күндерім-ай,
... сонда да... қайтып келсе...
тағы да қайталауға тұра тұғын!



Ой-толғау

Сержан ШАКРАТ,

*Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері,
дәулескер күйші, профессор*



ДОМБЫРА ХИКАЯСЫ

Замандар өткен бұрынғы,
Тіпті көне бұлынғыр.
Қазақ қазақ болғалы,
Аспабы бар бір сыңғыр.
Бабалардан қалған сол мұра
Бізге жеткен күмбірлі.
Ұлттың төріндегі домбыра,
Асқан шебер күйшінің
Қолындағы домбыра,
Қазақтың қаны, жаны —
Бойындағы домбыра.
Ұлы думан мереке
Тойындағы домбыра.
Ел көшкенде түйенің
Қомындағы домбыра.
Сал-сері мінген жорғаның
Жанындағы домбыра.
Ар-намысқа тұрарда
Жалындаған домбыра.
Қуаныш болса жайрандап
Күлімдеген домбыра.
Қайғы-қасірет келгенде
Күңіренген домбыра.
«Харам» деген жат дінге
«Жепсің» деген домбыра.
Мәдениет өнерден мақұрым
Тексіз деген домбыра,
Елі сүйген аспапка
Тіл тигізген ұятсыз,
Бетсіз деген домбыра.
Бұл мұраның осындай
Жөні көп те, мәні көп,
Сан ғасырлар бойында
Оқиғасы, хикаясы және көп,
Соның біреуін айтып қарайын

Сізге оны арнайын
Құлағың сал, ағайын!...

Ұлы қолбасшы Шыңғысхан
Дүлей дауыл жосылып
Дүркірей соққан шығыстан
Одан жарты дүние ығысқан
Үлкен ұлы Жошыхан
Содан да елдер шошыған
Мәскеуді езіп жаншыған
«Алтын Орданы» орнатып
Құрғандардың бірі — осы хан.
Осы Жошының бір ұлы
Құйрығы айырылған тентек-ті
Әкесіне ұқсаған әнтек-ті
Әкесі елдерді жаулап қақсатқан
Баласы аңдарды аулап оқсатқан
Содан бір күні
Жошыға айтпай жасырын
Нөкерлерді ертіп ақырын
Аңға аттанды пақырын
Ол кезде сары далада
Көп жайылады құландар
Түк зияны жоқ бұл аңдар
Адам, қасқыр кездессе
Қорқып қашып бұландар
Әне хан баласы көрінді
Зәресі қалмай олардан
Аяқтарына сеніп тырандар

Нөкерлерді бастап кеп:
«Сендер осында қалыңдар,
Жалғыз өзім барайын
Күш қайратымды бағыңдар

Менен үлгі алыңдар!» —
Деп мақтана ол құтырды.
Тебініп ілгері ұмтылды.
Көзді ашып жұмғанша
Құландарға салды зықырды
Садақпен атып жебелеп,
Найзамен түйреп төбелеп
Құландар құдды көбелек
Құлап жатыр дөңгелеп
Бишараларды аямай
Былай да былай жығады
Қан сасыған иістер
Айдалада шығады.
Осы тобыр ішінде
Бір ақсақ құлан бар еді.
Осы балаға арналған
Көкірегі оның зар еді.
Тұра қалып кенеттен
Екі құлағын жымыйтып
Қанталаған көздерін қылитып
Кісінеді бір әдеппен
Тірі құландар дереу қосылды
Осылай қарай жосылды.
Баланы қағып құлатты
Қара жерге сұлатты.
Ханзада құлаған жерге кеп,
Әрі-бері тапады,
Басқа қимыл таппады
Тұяқпен теуіп қиратты,
Аңның жауы «пиратты»
Барлығы секіріп дайындады
Оған құм астындағы зиратты.
Шапқылағанда көп құлан
Шаң көтерілді боп тұман.
Қара түнек орнады
Көзге көрініс жоқ бұдан
Біраз уақыт өткен соң
Торлыған тұман басылды,
Жарқырап күн ашылды.
Нөкерлер келіп қараса,
Құландар кеткен шығынып.
Ойбай-ойбай! Бала жоқ!
Қайда қалған тығылып?
О, құдай-ай!
Жүздеген тұяқ тапаса
Не қалар ол баладан
Не табылар даладан?
Бәрі іздеп, сабылды
Аралады көп шағылды.
О, ғаламат! Бір кезде
Бір шынашағы ғана табылды
Нөкерлер енді сасады

Жандарын үрей басады
Жошының жайы белгілі
Қандарын судай шашады
«Ордаға әзір бармайық,
Сырттан сығалап барлайық,
Мүмкін біреу кездесер,
Бізден бұрын хабарлап
Баланың өлімін сөз етер,
О, құдай-ай, солайша
Ажалымызды өзгертер»
Деп өздерін жұбатты.
Байғұстар қайтты үйіне,
Болған оқиғаға күйіне.
Ей, браконьер-перілер!
Масайрап жөнсіз жүргендер
Жазықсыз жануар жазасы
Сендерге де көрінер
Тентек ханзаданың қазасы
Сендерге де берілер
Ойланыңдар «бөрілер»!

* * *

Жошыхан отыр тағында
Айбарлы ашу шағында
Екі күн болды, бала жоқ
Оны табу қамында
Халыққа жарлық етеді:
Жақсы хабар айтқанға
Бағалы сыйлық бар
Жаманат айтқандарға
Бір «тәтті» сұйық бар
Көмейіне олардың
Балқыған қорғасын құйылар
Осыдан кейін ордаға
Қай ақымақ жоласын
Тентек баланың өлімі
Бұларға қасірет болмасын!
Меңіреу тыныштық орнады,
Бүкіл аймақты індет жапқандай
Үнсіздік торлады.
Сол кезде ханның алдына
Бір қария келді жасқанбай
Қолында әдемі домбыра
Үндеуге әзір қазтаңдай.
Хан жактырмай жекірді
Өктем дауыспен өкірді:
«Көне, бала жөнінде
Не білесің?» — деп өтінді.
Қария өзі сөйлемей
Домбырадан төкті бек үнді,
Жошыхан тура естіді
Шапқан тұяқтар дыбысын

Садақтан атылған жебенің
Ызылдаған сыбысын.
Осыдан ол дәметіп:
«балам тірі ме?» — деп сұрайды
Бірақ күйші жақ ашпай
Тартады екінші күйдің тынысын,
Япыр-ай, бұл күйде
Домбыра шіркін мұнайды
Ыңқылдаған ағаштан
Кім түсінген мұндайды
Ол күрсініп, сөйлейтіндей сыңайлы:
«О, хан ием Жошыхан!
Бекем болшы осыған
Балаң өлді тосыннан,
Құланды қырып босынан
Содан олар кектеніп
Баланды тапап жосыған
Қиылды өмір осыдан
Енді басқа амал жоқ
Қайырын сұра, Жошыхан!»
Ойпыр-ай сұмдық ғаламат!
Жошы айқай аһ ұрды
Ызаланып ақырды
Жендеттерін шақырды
— Өй атаңа нәлет мына шал
Балаң өлді деп тұр ғой!
Өзіне ажал кеп тұр ғой!
Төңкеріндер аузына
Қорғасыны бар бақырды
Жендеттер қартқа тап берді.
Оларға қария қолдарыңды тарт, — деді
О, хан ием айтатын сөзім бар
«Дат!» — деді
Датың болса, айт деді.
О, құдіретті қолбасшы
Көзіңіз бар көрдіңіз
Сезіміңіз бар білдіңіз
Мен ауымды ашқам жоқ
Тілімнен сөз шашқам жоқ
Сөйлеген мына домбыра,
Балаңыздың өлгенін
Естірткен осы домбыра!
Жошыхан түсінді,
Түсінді де, күрсінді.
— Дұрыс айтады мына құрғыр шал
Онда қорғасынды
Домбыраға құя сал!
Қайран домбыра,
қорғасынға шашалды
Шанағы қаусап шашылды.
Жан досына жаны ашып
Кербұға көзіне жас алды.

Тағы Жошы айқай салады
Кербұғаға зілді қарады
«Сенің де күнән бар деді.
Домбыраны сен сөйлеттің
Қолдарыңмен сөз үйреттің
Жазалаймын сені де.
Апарыңдар үңгір кеніне
Айдаһардың жеріне
Сол айдаһарға жем болсын.
Уф! Күйігіме медет дем қонсын
Жендеттер кетті сүйрелеп
Күйші жанұясымен қоштасты
Тағы бір домбырасы бар еді.
Соны алып жүрейін
Өлсем де домбырамды тартып өлейін.
Адамның айбынын көрдім ғой
Енді даланың аюын көрейін
Кетті сөйтіп үңгірге
О, құдай-ай, не болмаған өмірде.

* * *

Сонау ерте ғаламнан
Ұмытылған заманнан
Динозавр ұрпағы
Соның қалдық торпағы
Айдаһар шықты жорғалап
Адамды келген жұтуға
Сілекейі сорғалап
Бірақ Кербұға одан сескеніп,
Отырмады қорғалап,
Домбырасын шалды ормалап
Күмбірлетті аллалап,
Міне, қызық, ойпыр-ай!
Айдаһар кілт тоқтады
Күйдің үнін ұққаны,
О, ғаламат, мынау не дыбыс?
Мынау менің даламда
Естілмеген бұл тыныс
Шіркін-ай, мынау керемет!
Түсінгенге керек ед
Кербұға күйді шалқытты
Айдаһарды балқытты
Бұл мақұлықты бей-жәй қып,
Мажыра қылып қалғытты.
Не бір сезім себелеп,
Жалыну сөзін танытты.
«Ая, ая, айдаһар»
Сеннен аяу болмаса
Жанымыз қалай жай табар?
Сезіммен мүлгіген айдаһар,
Сергіп бір сонда оянды.
Оянды да ойланды

Үңгіріне қайта енеді.
Бұл оның қорғап тұрған кені еді.
Жалтыраған бір тасты
Күйшіге сыйлап береді
О, ғаламат!
Бұл ат басындай алтын еді!
О заман да, бұл заман
Домбыраны осылай еледі.
Сөйлемесе де айдаһар,
Қолыменен ымдады.
Күйші түсініп тыңдады
Рахметін жаудырып
Күлімдеуден тынбады
Домбыра шіркін дуылдап
Күмбірлетіп ыңдады.
Қорқыныштан кейін қуаныш
Болады деген жөн екен!
Күтпеген баққа кенеттен
Кербұға шексіз қуанып
Енді үйіне жөнелген
Сонымен бұл домбыра
Ханнан көрді қорлықты
Оның билігінен зорықты
Бірақ Алланың құдіретімен
Дала игілігіне жолықты
Аңнан көрді сақи-молдықты
О, ғаламат заман-ай,
Дүл-дүл осы домбырада
Осындай бір хикая болыпты.

* * *

Аяқталса да хикая, осымен
Қоймай тұрмын нүктені.
Себептер бар өйткені,
Ортаға салар ойлар бар.
Жариялайтын жайлар бар,
Соған құлақ салыңыз,
Қалдырмайық бүкпені.

* * *

Халық шығарады аңызды
Тәлімді керемет маңызды
«Ат басындай алтын»
Деген уағызды
Абыздар есте қалғызды
Бұл домбыраның қымбат құны еді
Домбыраны да сыйлаған пұл еді.
Қазіргіше айтқанда
«прейскурат тарифы».
Әнеки, сол аңыздың тарихы
Бірақ сан ғасырлар өткенде
Оның бәрі ұмытылды.

Ұмытшақ деменциямен жұтылды.
Сөйтіп, шіркін домбыра
Өзінің меншікті тарифынан ұтылды.
Еш ақысыз әншейін күйге тұтылды,
Ал басқалар мұрғамға батып жүр.
Анау айтыс, бокс, жағалас
Сыйлықтың дәмін татып жүр,
Әсіресе, айтыскер дегендер
20-30 машина иемденіп бағып жүр
Үйлерінде автосалон құрып
Ал енді...домбыраға
Сымбылдың сирағы да жоқ,
Тырнаның тырнағы да жоқ.
Құр мақтаған сылдыр сөз
Жақсылықтың жұрнағы да жоқ.

* * *

Кеңес заманындағы
Қазақ поэзиясының бір классигі
Қасекең-Қасым Аманжол
Алматыдан үй ала алмай
Жүргенде шығарыпты

бір шумақ жол:

«Берсең бер, бермесең қой
баспананды,

Сонда да тастамаспын астанамды,
Өлеңнің отын жағып жылытармын.
Өзімді, әйелімді жас баламды».

Содан бергі мезетте
Дәл осындай наз өкпе

Домбыраның атынан
Осы автордың хатынан
Басылып еді

Орталық бір газетте:

«Берсең бер, бермесең қой

сыйлығыңды,

Сонда да тастамаспын сырлы үнімді.
Күйімнің отын жағып, мәз етермін.
Жұртымды, өнер сүйген күллі елімді».

Баяғы жар тас бір жартас
Кенестік шенеуліктер жартыбас
Түк түсінбей қайрытпас
Олар ешкімді жарытпас.

Айтыс деген қызық қой,
Мата даңқымен бөз өтер
Ата даңқымен қыз өтер
Баяғы айтыс даңқымен
Бәлду-бәлду сөз өтер
Басшы ағалары тұрғанда
Әлі талай сыйлықтарға қол жетер

Машинаға тойсаңыз
 Кекірек атып тұрсаңыз.
 Енді самолет-такси алуға көз жетер
 Анау алыс Қытайда
 Сол шығып жатыр дейді ғой.
 Енді соны ұтуға кез жетер
 Бірақ автопарк тұрған аулаға
 Самолет енді сыймайды-ау!
 Сөйтіп жанды қинайды-ау!
 Бірақ мынада болсын ойыңыз
 Самолетті ұшырып, үйіңіздің
 Төбесіне қондырып қойыңыз
 Әрі қарай аран ашылса
 Яхта, катер және бар
 Содан да сізге дәме бар,
 Кешіріңіз ағайын достарым
 Әз әзілдер айтылды
 Бұл күлкі үшін қосқаным
 «Юморист» деген де есть атым
 Сондықтан да, так что
 Өкпелемессіз босқа тым.
 Сіздерді кемсіткендей,
 Оллаһи, жоқ менің мақсатым.

О, ғанибет!
 Қазір айтыс көбейді.
 Оған ынтық көп дейді
 Бұрынғы өткен заманда
 Тек аз акындар айтысқан
 Суырып салып, шайқасқан.
 Шығыста Жамбыл атамыз
 Кеудесін сөз кернеген
 Батыста дүл-дүл Қашаған
 Ешкімге дес бермеген
 Ал қазір?
 Ауданда, облыс, аймақта
 Акын деген толып жүр
 Бәрі айтыскер болып жүр
 Жақсылар бар, әрине
 Айтыста көп шындалған
 Тізбектеп машина, жүлде алған
 Бірақ бәрі ондай емес-ау
 Біразы соның кеміс-ау
 Біреулер суырып салам деп
 Күні-түні жаттайды
 Бірақ айтысқа келгенде
 Ұмытып қалып онысын
 Бастайды шатыс «болтай»-ды.
 Бұл да өзінше қызық-ау,
 Күлмесіне қоймайды.

Айтыста «Алтын домбыра»
 Деген атақ бар
 Осы арада бір шатақ бар
 Себебі бұл атақ
 Айтысқа үйкеспейді
 Үш қайнаса да сәйкеспейді.
 Домбыра негізінен күйдің құралы
 Бұл шедевр шығармалардың тұрағы

Ал айтыста шіңкіл-шіңкіл түрткілеп
 Сүйемелдеп қана тұрады
 Біреулер домбыраны
 дұрыс шала алмай
 Әуенді дұрыс ала алмай
 Домбыраны босқа ұрады
 Соған да жұрт мәз болады,
 Ой Алла-ай!

Сондай домбыраның несі алтын?
 Айтарымыз енді біз —
 «Алтын домбыра» деген атақты
 Берсе жолынан
 Бермесе қолынан
 Айтыскерлерден қағармыз.
 Күй додасына тағармыз
 «Күйшілер одағына» салармыз.
 Айтыста жүрген көп ақын
 Өздеріне басқа атақ тауып
 алмаспа-ай
 «Алтын домбыраға» жармаспай
 Ол тұр ғой сізге жараспай

Енді «Күйшілер одағына» келейік
 Бұл одағымыз қайда осы?
 Баяғы жібергендей Сібірге айдауға
 Жатыр «одақ» шеткі оралда
 жіпсіз байлауда
 Кім тықты оны мұндай пушпаққа?
 Аппендициттей іш шапқа?
 Ал сол Оралда
 Бір нарық бар
 Сарандық, я тарлық па?
 Мерей тойлар болып жатса,
 Келсін дейді қонаққа
 Самолетпен емес, поезбен
 О, құдай-ай! Баяғы заманда
 Той-садақаға шақырса,
 Кел деген бе, атпен емес есекпен,
 Отырады екен олар
 Сондай құрған есеппен
 Қазақстанымыз кең байтақ,

Қалай жетеміз о шеттен бір шепке
Қазіргі жылдамдық заманда
Поезд деген мәстекпен.
Аты бар да, заты жоқ
Сондықтан да, әрине,
Жұмысқа еш зауқы жоқ.
Қаржысы нөл.
Болмаған көк тиыны
Сол ғой істің қиыны
Япыр-ай, осындай болар ма,
Асыл өнердің ұйымы.
Домбыра қазақтың қаны,

жаны дейді екен.

Ал, қан мен жан қайда екен?
Жүректе!
Қазақстанның жүрегі қай мекен?
Астанада ғой басқала
Неге «күйші одағы» сол жүректе
Астанада тұрмасқа?
Министрдің жанында болмасқа?
Мәртебелі биліктің

маңына бармасқа?

Құмырсқаның илеуіндей
Салынып жатқан көп үйден
Одақтың офисі мен басшысына
Бір-екі пәтер қимасқа?
О, қарақтарым!
Бизнесмендер қайдасың?
Осындайда кездесіп,
Тигізер ме екен пайдасын.
Сонда жүрер еді-ау,
«Күй одағының» жұмысы
Тоқырап қалған бар ісі

* * *

Ақындар айтысынан кем емес
Күйшілердің тартысы
Тарихта көп оның үлгісі...
Міне, айтуға енді кез келді,
Әңгіменің мәнді маңызын.
Қағып қорытынды қазығын —
Күйшілер тартысын қалай жүргізу
«Күйшілер одағына» кеңес бергізу,
Қандай тартыстарды енгізу.
Ақындар айтысын

ұйымдастыру оп-оңай

Екі ақын шыға келіп сахнаға
Басталады «әләуләй»
Ал, күйшілер тартысы қиын-ды
Сценарий, сюжет жиыны
Күй деген үйірілген құйын-ды
Қайда менің дәулескер достарым

Және жалындаған жастарым
Қосылсын кәне бастарың
Күй тартысын бастағың
Ал, не тартамыз дегенде
Тарихта көп оның мысалы
Шедеврлер нышаны
Соның бірнешеуін айтайық
«Домбырашылар одағы» құлақ сал,
Жоспарыңа қосып ал!

Осы хикаяның басындағы оқиға
Дайын тұрған қойылым

концерт қой,

Дәмі керемет десерт қой!
Жошы, Кербұға, Айдаһар
Эй, сол замандағы
Бір қасірет қой.
Бір қызығын айтайын,
Айдаһардың мүләжі
Танаудан түтіні бұрқырап
Ауызынан оты жарқырап
Өзі алтын сыйлап арқырап
Пай, осындай көрініс
Бірде Ақтауда болған еді.
Соған бір көңіл толған еді.
Енді бұл астанада болар ма еді.

«Үш ананың айтысы»
«Ана» деген не мұнысы?
«Ата» емес пе дұрысы
Жо-жок! Ата да анадан жаралған
Ұлтты өндіріп өсірген
Ананың құрсақ қуысы
Сіз айтып күлерсіз осы арада
Ержігіттің де бар деп үлесі.
Иә дұрыс бірақ та
Егер ана болмаса
Нәтижесіз болар жігіттің жұмысы.
Сондықтан Ана ұлттың ұлысы
Кіші жүздің үш туысы
Әлім, Жетіру, Байұлы
Солардан үш домбырашының
тартысы.
Бұл шеберліктің шарпысы

«Нар идірген».
Ботасы өлген Нар мая кімнің
домбырасынан ииді.
Шал-кемпірдің қызы соған тиеді.
Қыз жігіт идіреді деп сенеді.
Бірақ шал иітіп қыздың
арманы күйеді.

Дегенмен шал ақылды парасат,
Махаббат жастарға жарасады
Оларға жол беріп бата береді киелі,
Осыларды сахнадан көргенде
Көңілге қуаныш себеді.

Сахнада екі күйші сөйлеседі
Сөздері бір біріне үйлеседі.
Біреуі айтты:
Мен шертпе күйінің шеберімін.
Бірақ төкпені де төгемін.
Екіншісі: мен төкпе күйді түпеймін,
Бірақ шертпеде де дөкеймін.
Осылайша көп күйші таласады.
Шертпе төкпеменен салысады
Бұл қазақтың екі қос күйі
Атам заманнан дос күйі
Домбыраны көкке көтерген хош күйі.

Адай мен түрікмен тартысқан,
Өскінбай мен Құлбай ғой бірін бірі
Жаңылдырам деп шабысқан.
Әуелден көрші достар ғой
Әзілдері жарасқан
Жаңылтпаштарымен таласқан.

Бір күні жолаушы Қазанғап
бір үйге кіреді.
Төрде бір домбыраны көреді
Сағынып жүрген Қазанғап
Домбыраны алып шалады.
Бұл Үсентөренің үйі еді.
Ол кіріп келіп айқай салады
Рұқсатсыз домбыраны неге ұстайсың
Артыңды неге қыспайсың?
Ал ұстаған екенсің,
күй тарт шырағым.
Егер ұнамаса таусылады шыдамым
Құйрығыннан бір теуіп,
Үйден қуып шығамын.
Қазанғап сонда өкінді
Кешірім сұрап өтінді
Мынау аға тыңдаңыз
Көңілдің күйі «Көкілді».
Үсентөре ризалықпен
Құшақтап онымен танысты
Қонақ қылды құрметті.
Пай екеуі түнімен
Талай күйлерді гүрлетті.

Бір жігіт кемпір болып киінді
Басына кимешек, жаулық үйілді

Қолындағы ұршықты
Зырлатып бір үйірді
Қыз бен жігітке қыр қылып
Үш саусағы фигура болып түйілді
Жігіт ұялып сасады
Кебісін тастап қашады
Күлкіге қарық болған халайық
Көңілдері тасады.

Мұнды күйлер де жақсы ғой
Адамға түрлі ой салар
Кел, соларды тартайық
«Жетім бала» мен «Салтанат»
Өттің дүние салауат
«Естірту» деген жаман ат
Ойбай, ойбай! Тоқтаңыз!
Халықтың қабағы түсіп кетті.
Уфлеп бет жүздері ісіп кетті.
Енді қуаныш күйлерін тартыңыз
Шаттықпенен шалқыңыз
Пай-пай! Содан кетті ғой
Сарқырама «Сары арқа» сарқырады
«Адай» күй жалындап жарқырады.
Шалқыма салтанатпен шарқ ұрады.
Балбырауын бал дәмін таттырады.
Маңғыстауда «Ақжарма»
Ақ түйенің қарнын жарып тұрады
Ой шіркін,
Халықтың қошыметін қараңызшы
Браво бис деп айқай салып
Аямай алақандарын қатты ұрады.

Күйдің керемет саздың ыңылы
Соған қоса сәнді болсын
Қолдың қимылы
Сонда көрінер шеберліктің
нағыз шындығы
«Кербез керік», «Жима» бар
«Науск» тартқан Дина бар
Кім бұларға қиналар
«Терісқақпай», «Бөгелек»
Қолдар құдды көбелек
Пернелерде ұшар көлбендеп
Кім осылай тартар көркемдеп.

Жиі-жиі қойылады концерттер
«сағындырған әндер-ай!»
Неге-неге болмайды концерттер
Сағындырған күйлер-ай!
Сағынып жүр ғой бұл халық
Көп күйлерді күтіп шөліркей
Ал домбырашылар дайын тұр

Оларды тартып берерге.
Япыр-ай «Күйшілер одағы»
Осыған көңіл бөлер ме!

* * *

Бірнеше нұсқа келтірдік
Келешек сахнаға баптарға
Мұндай нұсқалар тіпті көп
«Қазақтың мың күйін» ақтарса.
Бұл кітап жақсы болды ғой
Домбыра өнеріне жарық жаққандай
Дегенмен осы кітапта бір гәп бар
Келмейтін тіпті мақтарға
Кітап қалың, тіпті ауыр
Мына біздің Ақтаудағы құрылыс та
Ракушка кірпіш тас қандай
Бұл кітап міне тап сондай
Шрифттері ұсақ құрт-құмырсқа
Лупамен сығырайып баққандай
Мұның бір пайдасын айтайын
Егер сізге шабуылдаса хулиган
Осы кітаппен басына бір соқсаңыз
Бейшара құлап талып жатқандай
Ауырлығы жөнінен
Гинеске тапсырыс берілсе
Рекордын содан тапқандай
Ұлы Ахаң Жұбанов айтқандай
Күйлердің жеті мектебі бар
Мың күйді томпақ томға топтамай
«Мың күй» деген ортақ бір атпен
Жеті жеңіл кітап етіп шығарса,
Пах шіркін осы мәп қандай
Ой, құдай-ай!
Енді оған сәт қайда-ай?

* * *

Па, шіркін! Сахнаны жайнатар
Домбыраны шалып, сайратар
Кім дейсіз бе, халайық?
Елімізде, барлық аймақта
Облыстарда, жан-жақта
Дүл-дүл достарым көп сырласқан
Және де шәкірттер көп із басқан
Келешегіміз солар біздің сол жастан!
Бәрі келсе, құралып
Сахна кетер нұрланып
Күмбір-күмбір домбыра,
Бабына түсер сырланып
Рахатқа батар бұл халық
Енді маған келсеңіз –
Тоқсанға жақын жасым бар
Көпті көрген басым бар
Кетіп қалды ағалар

Текті жайсан жағалар
Жаннатта болсын жандары
Сол жолмен кеткен бабалар
Енді бір үлкені мен болып
Ақ сақал дейді балалар
Сондықтан сөйлеп отырмын
Сөзімді жұртым бағалар...

* * *

Біз жоғарыда көп айттық
Сыйлық, жұлде бір кем деп
Сіз ойлап қалмаңыз
Бұлар сұраншақ,
қызғаншақ екен деп
Біз домбыраның
мәртебесін жоқтадық
Соны қорғап мақтадық
Ғасырлар бойы бұл шіркін
Келе жатыр сыйлықсыз деп
Иә, құдайым бұйыртса
билігіміз бұйырса,

Астананың төрінде
Күй додасы жайнаса
Дүлдүлдерім ойнаса
Сахна сән-сәулетке малшынар
Концерттері толған аншлағ
Домбыраның әуелден де
Асқақ абыройы бар шығар
Құрметті сыйлы басшылар
Бұл аспапқа ырыс-несібе тапсырар
Олигархтар, айдаһар
Қоржындары ашылар
Шарапат шашу шашылар
Сол марапаттар ортасында
Домбыра тұрып шаншылар
Әй, бірақ та халайық!
Бұл болсын, болмасын
Негізінде байлық емес
оның сын сипаты
Домбыраның басқа ғой
сыр сымбаты:
Саздағы сырбаз сұлулық
Жан-жүректе майпаз жылулық
Хикая аңыздар да айтылған
бұлдылық
Баға жетпес қымбат құндылық
Өнерде шырқау биік ұлылық.

Жаса! Жаса! Жасай бер Ұлы
Домбыра!
Сен мәңгілікке жаралған

мол мұра!



Қоңыл пернесі

**Темірақын
ЖАҚЫП**



ӨЗІҢЕ СЕН ДЕ, ӨРГЕ ЖҮЗ!

*Қазақ бір деген ол едік,
Қайырлы халық атанған.
Өсіп-өнген қатардан —
Үйсін, Арғын, Алшын деп,
Үш жүз болып аталған.
Қашаған Күржіманұлы*

I.

Елікпей ертен, ертеңге
Білегің түріп белсен де,
Бір іске батыл кіріс те,
Текіректеме, теңселме!
Бағынды сынап көр сен де,
Шалса да қырсық шалдықпа,
Сыймастай ешбір өлшемге...
Асынды іш те, ісінді
Атқармай тынба өлсең де!

Толғауы тоқсан қоғамда
«Суырылып» шықса топ алға!
Дүмбітіп барып дым қылмас,
Дүмдінің сойылын соғарда!..
Жүрмін деп мен де жер басып,
Шүкірліп етіп соған да,
Білінбей жатып бар-жоғың,
Біржола құрып жоғалма!..

— Бармын! — деп, — мен де, —
Бармын, — деп. — Ел құрлы
Тірі жанмын! — деп.
Жиналған ортақ олжаға
Өзіндік үлес салдың деп,

Өзіңе өзің ал міндет!..
«Сыбаға» сен де қалғын жеп...

Қазаққа, Құдай жар болшы,
Көңтерілі, халқым, бар болшы!—
Аумалы дағы төкпелі,
Аждаһа сынды от демі
Астамшыл аяр ғасырда!
Ақылға көнсен, расында,
Иманың болсын қасында!
Сездірмей сырды тасырға
Басыннан сөзді асырма
Айқай сал, аттан!.. Ашын да...
Алайда аса шашылма!
Тіліңе тізгін тартқызбас
Түйткілдің түбі басында!..

Өзіңе сен де, өрге жүз,
Жаз да өтер, жетер қоңыр күз...
Тас атып, тұра кумасаң,
Үретін ит көп үздіксіз...
Қабарып тұрар кей кісі,
Қабатын иттей үн-түңсіз...

*Таза мінсіз асыл тас,
Су түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл сөз,
Ой түбінде жатады.*

Асанқайғы

II.

«Атыңа сенбе, түгі бар,
Қатынға сенбе, жігі бар»

Итарқа дағы ықтасын
Басына бұлт үйірілсе,
Баспана бұл да тығылар.

Азып та тозса аз жұртың,
Алладан басқа кімі бар?!
Жетелі ұл-қыз жер соқпас,
Жебедей ұшқыр зымырар!
«Саудасы бітпей» қайтеді-ай,
Салынса құрық ұры-қар?..
Дым татпай жүріп дөніккен,
Құлқыны құрып құнығар...

* * *

Сескенген сайын сұғынар,
Сенделтпей қоймас түбі зар...
Аялап — аяп өсірген
Анаңдай сені кім ұғар?
Адамдар неткен бақытты,
Алдында — аға, бауыры,
Артынан ерген іні бар!
Жалғыздың жайы белгілі,
Шамалап қана шарқ ұрар,
Шығар да шықпас үні бар...

* * *

*Ішінде байың да бар, кедей де бар,
Кедейлігі болмаса, егей де бар...
Тайлы бие тамаққа жұқ болматын,
Неше түрлі*

жалмауыз көмей де бар...

Әубәкір Ақылбайұлы

III.

* * *

Тірегі барда — бәрі бар,
Тауыққа тары табылар.
Телмендеп дөнін теріп жеп,
Өзеуреп, өршіп жанығар!..
Ақшаңқан қарға қараған
Адамның көзі қарығар...
Титтей де болса талап қып,
Тындырған істің мәні бар.
Қарғымай өтпес хас тұлпар
Қазықтан жерге қағылар.
Сөреде тауар самсап тұр,
Сапасы жоқ та, саны бар...
Сапырма сөз бұл — «бар да бар»,

Ағайын-туыс шамданар...
«Асығы алшы түсті» дер, —
Ар жағын кім бар аңғарар?

«Бетеге кетсе — бел қалар,
Билері кетсе — ел қалар...».
Жер-Суың түссе талауға,
Жаныңнан басқа нең қалар?
Тұңғиық терең батырса,
Талың да қалмас қарманар...

Ал бұған не бар таңданар,
Шайқастан соң да шаң қалар...
Тартылса өзен жар қалар,
Толады нөсер, жаңбырмен
Тобарсып жатқан арналар...
Құс ұйқы, жылқы мінезді
Қасиет-кие қашанда —
Қазақта ғана бар болар!

* * *

*Терең қазып көмсе де,
Шын ақиқат жабылмас.
Құлаш ұрмай мұхитқа,
Асыл жасуһар табылмас.
Ғұмар Қараш*

IV.

* * *

«Атан өлсе сойылар,
Атаң өлсе қойылар!..
Халқы үшін ерлер бас тіксе,
Қарасы жаудың жойылар!
Жалпы да жұрттың ішінде
Жігіттің небір сойы бар!
Жамылған қойдың терісін
Қасқырдың арам ойы бар...
Қарға тамыр Қазақтың
Қосатын басын бір жерге,
Шашатын жарлық күллі елге!
Қырық күн бойы тарқамас
Тамаша, қызық, тойы бар!..

Ақ түйе қарны жарылып,
Жоқ-жітік жаяу-жалпылап,
Токмейіл тартып тойынар!
Бай-бағлан күліп қарқылдап,
Сал-сері сөйлеп саңқылдап,
Жастар да жүрер жарқылдап!

Далалық спектакль бұл, —
Дүйім жұрт соның әртісі
Бір айдан астам қойылар!..

Бейіштей көркем мекен-жай
Маңайы майса ен тоғай...
Қазағың осы қонақжай!
Отырған төрде жағалай:
Хан, сұлтан, төре шонжар, бай...
Бұраңбел сұлу ақ мандай,
Сапырған қымыз, күрең шай...
Абыз қарт... Бірер ақсақал...
Сырлы аяқ толы сары бал,
Дастархан үсті тау-төбе —
Қазы мен қарта, жая-жал...
Төгейін тағы термелеп,
Табылса інжу теріп ал!..
Қылқұйрық түлік, тегі — мал:
— Жылқыны қазақ не қылар?
Жаратар азық-түлік қып,
Күлдір де күлдір кісінетіп.
Қайбірде мінер күлік қып.
Еншілеп алған мал-мүлкі,
Сауырына салған ені бар...
Сырт кісі, сірә, нені ұғар?..

*Кез болса қайғы қат-қабат,
Қаңғыртпай қоймас адамды.
Қасиетсіз туған ол да жат,
Күңкілдеп берер сазанды...*

Абай

V.

Қу сирақ та қоң бітсе коқыр айды,
Сайтаннан сапалағы
шошымайды.
Көзі көрген нәрсенің түпкі мәнін,
Саяздар санасына тоқымайды...
Сайыпқарын самдағай
сардарың да,
Сексенге кеп
селкілдеп соқырайды...
Кімге де көңілімнің хошы ұнайды,
Түс шайысқан туыс та
тосырайды...
— Аттан! — деп алашапқын
боп жүргеннің,

Ауызы ат тепкендей опырайды...
Дендей еніп кеткен соң
дерттен бетер,

Шайнап берген
дәнігіп деректерге,
Компьютер
бас кітапты оқымайды!..

Төбе тұтпа Әулие шоқыны әйгі,
Бұлбұл барда тіл қатпа
Тоты жайлы...
Бай — байға, сай да —
сайға құяды кеп,
Тым асқан да түбі бір тоқырайды,
Қарғаның қарға көзін
шоқымайды...
Тым асқан да түбі бір тоқырайды,
Әзел бастан осылай, осылай-ды...

*Қуылып қазақ ата-қонысынан,
Қайқайтып орыс басты қонышынан.
Іріткі іштен шыққан шұбар жылан,
Жалғасып жандаралмен жең ұшынан.
Несінбек Айтұлы*

VI.

Ынтымағы елдің кетті іріп,
Бұзылды нілдей тектілік...
Бетке алып Батыс тарапты
Қозғалған кезде-ақ Көк Түрік!..

Қонысын тастап қашқан жұрт,
Көңілде қыжыл, кек тұнып...
Итіне басып ілгері, —
Итжығыс көрген күндері...
Иті де қаңғып Көкке ұлып...

Шұбар төс, шынжыр балақты
Аузына жұртты қаратты,
Көзімен шолып кең байтақ
Көсіліп жатқан алапты:
— Е, сорлы, қазақ!.. деп күліп...
Қазына-мүлкін қазақтың
Қоймаға түпсіз «шөктіріп...»
Қауымын шылқа байлыққа
Белшесінен бөктіріп...

* * *

Қырқыспақ тұрмақ қорғанып,
Шықты өзін әзер зорға алып!..
Қолбасы отыр оңаша,
Тебірене іштей толғанып:
«Бұндайда басы бірікпес,»
Баяғы халық — сол халық...
Бақанын ала ұмтылар, —
Қатын да құрлы болмадық.
Астына басса айрылмас,
Тақым да құрлы болмадық.
Топ ете түстік торға анық!
Тобынан торай алдырмас
Доңыз да құрлы болмадық.
Домалақ қиын қорғаштар,
Қоңыз да құрлы болмадық...

Білтелі мылтық от бүркіп,
Сілесін құртып, көп сілкіп!..
Сарсаңға салған сатқынның
Семсермен қатар сілтенген
Өкірген даусын естіртіп:
— Өлмедім неге!?. дей бере
Көзінен жасы кетті ыршып!..

* * *

Тасқынға — тосқын тап қалар,
Тас жетім жасқаншақ келер.
Бас қосу — мұңға айналар,
Болмасаң тату-тәтті егер...
Бет-бетіменен бытырар,
Қиямет-қайым шақ келер...
Алалық кірсе араға:
Ала алмай жүрген дұшпаның
Дініне балта шапқызып,
Діңкенді құртып, қақ бөлер!..

* * *

*Үзеңгі бауың күмістен,
Күміс боп тозбай өтерсің.
Қойыңа салдым құмырсқа ен,
Құмырсқадай көп болар ма*

екенсің.

Есенғали Раушанов

VII.

* * *

Сорына бола дөп келген,
Қасірет-қайғы көп көрген:
Қуғын да сүргін... Аштық, жұт...
Бәрін де бастан өткерген...

Әзірейіл кеп төніп тұрса да,
Қазағың кімнен сескенген?
Әй, бірақ аяр, әзәзіл,
Сұркия, сұмға дес берген...
Зарлатқан қазақ баласын
Зұлымдық, зорлық еткеннен.
«Түзелмес» — ерегескенмен,
«Түк» өнбес — төбелескеннен...

Ерте де көргем, кеш көргем,
Жақсы да көргем, жек көргем...
Жаныма жақын тартып ем, —
Жүрсем де шидем шекпенмен...
Дұрдараз болған кез де бар,
Деп ойлап пейілі неткен кең!..

Жүзінді кара жасырдың,
Жұлынса дағы бетпердең!..
Біз емес енді, біліп қой,
Табанға таптар «шөп-шөңгең!..»
Шырқымды бұза берген соң,
Шылбырымды үзіп кеткем мен!..

Жүресің жиі тың-тындап,
Күлесің дәйім жырқылдап...
Білесің не істегенінді,
Ресей — империясымақ...

Әлі де бар ма аласың,
Аяқтан кейде шаласың...
Таяна мысық табандап,
Танаурап қайда барасың?!

* * *

Алты Алаш кімнен сескенген?
Аю да андып, — Аждаһа
Тірідей жұтсам деп келген...
Астыртын ауыз жаласып,
Аянкес сұлтан, бектермен,
Алауыз қазақ арасын
Айыру оңай деп сенген...
Ер Төстік, Еділ бабалар
Ел-жұртын жебеп-жеткерген.
Ындыны жаман жау көрсе,
Кеудесін ыза-кек керген!..
Ертегі, елес, қиялмен
Кезі жоқ қазақ шектелген...
Ерліктің иісі тұр аңқып,
Исатай — Махамбеттерден!..
Бағзыдан бері жалғасып:
Үздік те создық... үздіксіз
Келеді маңып көш-керуен...



Жас қалам

**Тілеубек
БАТЫС**



ШЫРМАУЫҚ

(«Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы» жобасы аясында жарық көрген «Сал Көкше» кітабынан үзінді)

*Санамен салмақтайтын Ер табылса,
Айтылмай неге қалсын менің атым.*

Ақан сері

СӨЗ БАСЫ

Салмағы бағзыдағы сағаналық,
Қалмайтын қағаз тозып,
 адам арып.
Көңілде көптен бүккен бір оқиға
Жазбаққа жыр бастадым
 қалам алып.

Ағайын басы бүтін, бауыр елі,
Кетпеген дала сәні, тау іреңі.
Бәрінде жаймашуақ,
жайлы заман
Молшылық, мамыражай
дәуір еді.

Ол заман бұл заманнан
мүлде бөлек,
Көкірек бүгінгідей кірлемеп ед.
Жауына түсіп берер астындағын,
Бұйырған қайманаға
бір кебенек.

Аңқыған жұпарына дермене тең,
Бітімі жерге таныс, елге бөтен.
Сол шақта дүркіретіп
жер әлемді
Бір септер дүниеге келген екен.

Өткізген уайымсыз,
қам қайғысыз,
Ол неткен бақытты адам?
Қандай кісі?
Бір туар мыңжылдықта
пенде болар
Адамның бақыт қонған
мандайлысы.

Ол мүмкін,
Пенде болар Құдай сүйген,
Адамды Құдай бар ма
 бұлай сүйген?!

Басына үйіп берген өнер түрін
Ол болса қыз қырқынды
 күлай сүйген.

Астына Құлагердей тарлан берген,
Соңына Базарала арлан берген.
Қолында көзі шегір Қараторғай
Аң көрсе бүріп түсер
салған жерден.

Астына Құлагердей дүлдүл қонған,
Ән төксе көмейіне бұлбұл қонған.
Өнерді бір басына үйіп төккен
Недеген керемет ең!
Құрғыр жалған!

Ер жігіт үйде туып,
 түзде өскесін,
Қалайша ән қаңтарып,
 із кеспесін.

Алыстан тамылжыған
 үн жеткенде
Токтатар кемпір өрмек,
 қыз кестесін.

Бүк-шік боп жығылмайтын
 бір асығы,
Адамның осы болар шын асылы.
Қуанса күн күлімдеп,
 ай нұрланып
Жұбанса бұлт жайлаған
 құба шыңын.

Білмейді-ау!
Бір күні елден мерт боларын,
Өзегі өшірілмес өрт боларын.
Жайқалған жауһазындай
 қам көңілдің
Сетінеп, бір-ақ күнде
 шорт соларын.

Білмейді-ау! деп айтамыз,
Білген,
Білген..
Білгенін ол заманда кімдер білген?
Атағы Алты алашқа тараса да
Санасын бірер жұмбақ
 күрмеп жүрген.

Өзі де ішкі есебін санаған-ды,
Сол үшін сол тағдырды
 қалаған-ды.
Ал енді біз айтайық хақ оқырман
Көз көріп, құлақ естіп
 тараған-ды.

II.

ЫРҒЫН УАҚЫТТЫҢ БЕДЕРІ

Жазылмай өтер ме өлең,
Кетер ме өлең?
Келе ме, адамға айтып
 кесел деген.
Біреу жүр жалғыз жарым
 жарты түнде
Жағасын елсіз көлдің мекендеген.

Оған жоқ күлекеш күн шұғылалы,
Масаң ой апшысын кеп қуырады.
Көңілі күрт бұзылып күзгі күндей
Ауа райы сияқты құбылады.

Туғаны кеше еді сүмбіленің,
Содан ба, жан сыздайды бір білерім.
Қай күні етектен кеп тартады екен
Ажал құрық асынған құрғыр өлім.

Оларға жан боларма жан ашыған?
Болса да бұл маңда емес, аласұрар.
Айдала,
Жапан түзде,
Ешкімі жоқ,
Бірақ та жалғыз серік
 баласы Ыбан.

Көңілі сан қуанып, сан мұқалған,
Жүйкесі сан оңалып, сан жұқарған.
Әке, бала екеудің баспанасы
Кәрі қамыс,
Өрген күрке сәмбі талдан.

Құлагер ұстатпаған тағасынан,
Содан соң тілдеспей
 жан баласынан.
Келген-ді елсіз көлге,
Құтылған-ды
Дос күлкі, дұшпан айтар
 табасынан.

«Үйленген пері қызға» елге сенсек,
«Бұл Ақан жынданыпты»...
«Тергемесек...»
Көршіге көктем берген
 қарыздайын
Күллі елде дәл осылай өрген өсек.

«Бұл өзі періменен әуейі» деп,
Іздеген жандар айтқан әдейі кеп.
Жақыннан, жұрттан бөлек
 тағдыр кешер
Неткен жан сорлы ғұмыр,
 тәлейі жоқ.

Көрмейміз көленкесін барсақ бұған,
Деп әркім өзеуреген,
Алшак, күмән..
Ақанның күні қызық халайыққа
Әртүрлі аңыз тарқап
 Қамсақтыдан.

Ол енді айтпақ емес ескі өлеңін,
Мәніне бармақ емес ештеңенің.
Баяғы аңыз Ақан,
Қазір жыңды.
Тек әні шарлап кеткен
Көкше көгін.

Ақанның әні жақсы, өзі жаман,
Ақанның сөзі жақсы, көзі жаман.
Алыста өз өзімен күн өтуде
Момақан, марка ойлар қозылаған.

Күн өткен жазды мүжіп,
 қысты малтап,
Бұл мезгіл өткенді ойлап
 қыстыңар шақ.

Қамсақты ары қарай Айыртауы
Басылған көзіне оттай,
Ыстық алқап.
Бұл өңір бала күннен
ай көрінген,
Ойнаған асық атып,
Бәйге мінген.
(Тауы алтын, тасы күміс,
ағашы жез)

Ел айтар ұжымақтан
қай жерің кем?!

Арысы көрінбейтін
 бұлдыр мандар,
Етегін ен жайлаған
 мыңғырған мал.
Бұл өлке талай тарих
 тасқа жазған,
Бұл өлке ұлыларды
 тудырғандар.

Бұл өлке Ақан кезген,
 алқымы бай,
Төгетін есті өлеңнен
 қарқыны ұдай.
Оралып шылауына
 күткен кезде
Көретін көп ел мұны
 жарты Құдай.

Серінің өңінде өлен, түсінде өлен.
Көмейі көп көңілін түсірмеген.
Шет қонған бір ауылға
жолы түссе
Қыз қырқын
сұлу көзбен ішіп жеген.

Түрленіп тотықұстай
 тойған жерден,
Жадырап мол дастарқан
 жайған жерден.
«Еркетай» деп шақырған
 жеңгелерін
Қайтарған шолжандықпен
 қайран дәурен!

Жүрегін өнер кеулеп
 үн сарнаған,
Жас желік әлі алыста
 құрсаулаған,
Ол кезде «Сыпайы ұл»,
«Құйма құлак»,
Есімі Ақжігіт-ті кір
 шалмаған.

Көкшетау күйі бөтен, әні де үстем,
Самғайтын шырқау
 көкке сағынышпен.
Ел іші өнер кеніш, көл дария
Сусынын Ақан соның
 қанып ішкен.

Кіл өнер Ақжігіттің
қанында ұйған,
Ақан ба?
Барды жоқтың әнін жиған.
Ол тіпті елден жұққан өнер емес,
Өнерді көкірегіне
Төңір күйған.

Ағайын пыш-пышына,
Тойымшыл хақ,
Рудың жанжалына ойы сырғақ.
Жоламай әпербақан
шаруасына
Ұстаған ойын аулақ,
бойын сұңғақ.
Молдадан татар сынды
тіл сындырып,
Омбыда Арабшаны тұрсын біліп.
Үйреніп Шағатайша,
Парсы тілін
Кеткен-ді талайларды күрсіндіріп.

**Жаттамай ережесін құран кәрім,
Ілімнің түбі өзін қуантарын.
Оқып ап Науаи мен Фирдаусиді
Ақыны болып шықты**

бұл Арканың.

Сөйткен жан Ақан емес,
ақын болды,
Білімі ерте толған хакім болды.
Хилоли,
Камал Ходжед,
Қожа Хафиз
Жырының дәмін сезді,
Жақын болды.

Омбыда сауық кештер,
мәрт отырыс...
Айтпаған Ақан онда жарты өтініш.
Білікке кетер еді соңын қуса
Ал мансап —
Алды ыстық, арты өкініш.

Сондықтан жоламады
құлқы болмай,
Ашса егер әкімдердің ұрты қандай?
Әжуа қылған шақта Нұртазаны
Қуанды болыс демей
жұрты қандай?

Бірақ та Ақан содан опық жеді,
Мезеттік оқыс қылық,
Өкінбеді.
Жағатсып жыр айтпады бай
манапқа,
Болмады сарай ақын,
Көпірмеді.

Ақынның ақындығы сол-ақ!
Тынды,
Өйткені от ауызды, орақ тілді.
Адамның белсенділер алдын орап,
Көлденең жолын кесті,
шолақ қылды.

Жандарал,
Шенділерге құламады,
Старшын,
Болыстарға ұнамады.
Сал Ақан берілмеді қанша мәрте
Соңына түскен кезде
шырақ алып.

Ауылды атқамінер ел торыды,
Сөндірмей қысқа өмірдің
келтелігі.
Ақанның сонда жазған
бар қылмысы —
Сергек сері болмыстың еркелігі.

Артынан сөз бұйдасын
шудалаған,
Өсегі шоғыр топтың
құрғамаған.
«Өсеміз ел басқарып» деген байлар
Серіні беделі асқан
қудалаған.


Сері Ақан берілмеді,
Сейіл құрды,
Ісіне шенділердің
кейіп жүрді.
Осындай арамдықтың
түпкі мәнін
Сан мәрте таяқтан соң
кейін білді.

Еркі үшін салып еді
ойран не бір,
Ондайда опа бермес
ойламды өмір
Үйінен теріс айналса
досың да жау
Ол уақта қайдан білсін
бейғам көңіл.

Қабарып өткен уақыт
«сіз» деп,
«Біз» деп,
Бәрі де өлшеулі өмірін
ізгі өткізбек.
Есіл күн, сертті сәттер,
дертті шақтар
Өткенді көз алдынан тізбек-тізбек.

Өткеннің елес берсе күйі қылаң,
Қызығы шыжығынан биік ұран.
«Бекерге өтпегендей мынау өмір»
Деп Ақан жымиған-ды
миығынан.



*Әңгімелер***Доқтырхан
ТҰРЛЫБЕК**

ШАЙТАН ЕНГЕН ШАҢЫРАҚ

Қазақстанның оңтүстігіндегі кішкентай қалада тай-құлындай тебісіп өскен, бір мектепте бірге оқыған бес-алты жігіт Алматыда көптен бері тұрамыз. Осы күнге дейін арамыздан қыл өткен емес, жұбайларымыз да, балаларымыз да бір-бірін жақсы таниды, бірге туған туыстардай араласып-құраласып, жақын болып кеттік.

Мектепте оқып жүргенде арамызда Кәкіш деген бала болды. Әкесі үлкен сауда орнында бастық болып қызмет атқаратын. Қалада ол кезде көліктің төресі саналатын «Волганы» осы кісінің мініп шалқып жүретіні әлі көз алдымызда. Ол кезде біз ойын баласымыз, ештеңенің мәнісін түсіне бермейміз. Үлкендер жағы Кәкіштің әкесін жұмыртқадан жүн қырыққан қу деп онша жақтыра бермейтін. Көбіміздің әкелеріміз — айлығы айлығына әрең жететін қарапайым еңбек адамдары. Біздің қолымыз велосипедке жетпей жүргенде, Кәкіш тоғызыншы сыныпта оқып жүргенде сол кезде таптыра бермейтін шетелдік «ЯВА» мотоциклін мініп жүрді. Сондықтан да болу керек, «Аш бала тоқ баламен ойнамайды» демекші, біздерді ол онша менсінбей, аулақтау жүретін. Обалы не керек, Кәкіш мектепті жақсы бітірді. Сол жылы-ақ Алматыдағы ең мықты жоғарғы оқу орындарының біріне қиналмай түсті.

Біз студент кезімізде стипендиямызды әрең жеткізіп, қара су ішіп, қара нан жеп жүргенде, ол қара уылдырық жеп, жап-жаңа «Жигули» мініп шалқыды. Анда-санда кездейсоқ кездескеніміз болмаса, араласқанымыз шамалы болды.

Тәуелсіздіктің алғашқы қиын жылдары көбіміз жұмыссыз қалып, ала дорба арқалап кеткенімізде Кәкіш керемет байып кетіпті деп еститінбіз. Қайсысының шын, қайсысының өтірік екенін ажырату қиын. Кішкентай қаладан көшіп келген бір ағамыздың айтуы бойынша, Кәкіштің әкесі өмір бойы саудада басшы болып, үкіметтің байлығын басып қалыпты. Рубльдің құнсызданып кететінін алдын-ала біліп, байлығын тек алтынмен жинапты-мыс. Өтірік-шынын кім білген, Алматының қақ ортасынан 28 пәтер сатып алып, оны жалға беріп, ақшаны пішендеп табатынға ұқсайды.

Ел шынында да біліп айтады. Менің мамандығым журналист болғандықтан, мемлекеттік дәрежеде өтетін әртүрлі кездесулерде, жиындарда жиі-жиі боламын. Кәкіш жерлесімді сен тұр, мен атайын дейтін небір қалтасы қалың бизнесмендер мен жоғары лауазымды шенеуніктердің арасынан жиі көретін болдым.

Бірде үлкен мемлекетаралық басқосуда екеуміз бітпе-бет кездесіп қалдық. Әлі де менмендігі мен тәкаппарлығы басым, «сен мұнда қайдан жүрсің» дегендей, маған төбемнен қарады, басын изеп амандасқан болды.

Жасы елуге жақындағанда анау кәуек басына аздап болса да ми кірген болуы керек, ол соңғы кездері бізді іздейтінді шығарды. Осыдан екі жыл бұрын кенже қызымның ұзату тойын жасауға дайындалып зыр жүгіріп жүргенімде, Кәкіш күтпеген жерден ұялы телефоныма хабарласып, қызыма ақ тілегін айтты. Баяғы тәкаппарлық жоқ, дауысы биязы. Мектепті бітіріп, жоғары оқу орнын аяқтап, Алматыда тұрақтап қалған Дәуренді, Дәуітті, Сәбитті, Қаржаубайды, Марат пен Сәкенді ұмытпапты. Алыстап кеткен балалық шағымызды есіне алды.

— Дәркеш, жақында өзіміз өскен қалаға барып қайттым. Тәуелсіздік алған жылдарда кішкентай шаһар қирап қалып еді, қазір сәл есін жиыпты. Оқыған мектебіміз көзге ыстық көрінді. Сендерді еске алдым. Бірге оқыған екі-үш кластасымды көрдім, бір-бірінді көріп, араласып тұрасыңдар ма дегенде, не айтарымды білмей, қатты қысылдым.

Қаладағы Орталық мешіттің салынуына Алматыда тұрсандар да үлкен үлес қосыпсыңдар, ашылуына қатысыпсыңдар. Ел-жұрт, ағайын сендерге дән риза. Имандылық үйіне мен де құр қол бармадым, үлесімді қостым. Мектепті бітіргенімізге отыз жылдан асыпты. Қызмет, дәулет қуып жүріп, сендерден шеттеу жүргеніме қатты өкінемін. «Ештен кеш жақсы» демекші, араласқым келеді. Шақырып жатсаң, қызыңның ұзату тойына қуана-қуана барамын. Бірге оқыған жігіттердің келетінін білемін. Солармен кездескеннің өзі бір ғанибет! — деді ағынан жарылып.

— «Ақсақ қой түстен кейін маңырайды» деген атам қазақ. Есің кірейін депті, — дедім мен әзілдеп. — Ондай ниетің болса, біз де сені қуана күтеміз. Ертең шақыру билетін жіберемін.

Кәкіштің тойға келетінін ешкімге айтқан жоқпын. Ол ішке сопайып жалғыз кіріп келгенде, бәрі де таң қалысты. Сыныптастарым өмірдің қызығы мен қиындығын көріп өскен, әр салада еңбек етіп, нанын адал тауып жүрген жігіттер. Кеш те болса өз үйірін таппаққа ұмтылған Кәкішке ешқайсысы суық қабақ танытпады. Қал-жағдайларын сұрасып, алыстап кеткен балалық шақтарын еске алысып, тай-құлындай шұрқырасып жатты...

Кәкіш көптен көрмеген жерлерстерімен тойдың төріне шығып, қызым мен күйеу балама ақ тілек айтып, үлкен бақыт тіледі.

Жерлесім бала кезінен саяқ жүретін, әкесінің дәулеті асып-тасып жатса да, қалтасынан көк тиын артық шығармайтын сараңдау болатын. Қанша дегенмен өмір — үлкен ұстаз ғой, кейде ол адам баласын өзгертіп жатады. Кәкішті қанша сараң десем де, қазақтың жөн-жорығын ұмытпапты, қызымыздың тойына тартуым болсын деп, қалындау конверт ұсынды. Мен де жұмыр басты пендемін, ықыласына ішім кәдімгідей жылып қалды... Сәл менмендігі болмаса, Кәкіш мектеп қабырғасында жүргенде-ақ көрікті жігіттің бірі еді. Оның үстіне спорттық гимнастика түрімен айналысатын. Астында қымбат мотоцикл, көп адамның қолы жетпейтін қымбат киімді сол киді. Сымдай тартылған сымбатты бозбалаға қаланың небір сұлу қыздары шетінен ғашық болды.

Сол Кәкіш жасы елуге келсе де, баяғы сымбатын жоғалта қоймапты. Үстінде өте қымбат шетелдік костюм, сәл қырау шала бастаған қою қара шашы өзіне жарасып тұр. Маңғаз, келісті жігіт ағасына күйеуі жоқ көрші сұлу келіншектің көз қиығы қайта-қайта түсе берді. «Балықшы балықшыны алыстан таниды» демекші, Кәкіш те сол сұлудың жанынан көбірек табылды. Қыз ұзату тойы аяқталуға жақын қалғанда, Кәкіш пен бүгін елден ерекше жырқылдап көп күлген, мейрамхананың еденінің түбін түсіріп билеген сұлу келіншек ешкіммен қоштаспай зып етіп тайып тұрды.

Олардың зытып бара жатқанын жанымда тұрған жерлесім Серік екеуміз байқап қалдық.

— Дәркеш, мына Кәкіш мектеп қабырғасында жүргенде көрші орыс мектебінде оқитын он бестердегі жас қызды екі қабат етіп қойғаны есінде ме? — деді басын шайқап. — Қатын құмарлығын әлі қоймапты. Тойға келген екен, біз сияқты әйелімен бірге келмей ме? Соңғы кезде сені жиі-жиі жағалап кетті, ол бекер емес. Бір есебі бар оның.

Жанымызға әйелім келіп, әңгімеміз аяқталмай қалды.

Арада екі апта өтпей жатып, Кәкіш хабарласып, мені жұмыс орнымнан алып кететін болды. Шаруам бір басымнан асып жатса да көңілін қимай, келісімімді бердім. Келіскен уақытта Кәкіш өмірімде көрмеген қымбат шетелдік көлікпен келді. Жанындағы жүргізуші мен шымыр денелі, қараторы жас жігіт бас изеп амандасқаны болмаса, екеуі де ауыздарына су толтырып алғандай, жол бойы үнсіз отырды.

Үлкен қаланың дәл ортасындағы офис үш қабатты ғимарат болып шықты. Есіктің алдында тұрған жас күзетші еменнен жасалған есікті ашып жатты. Асығыс көтеріліп, тез Кәкіштің кабинетіне бет алдық. Қабылдау бөлмесінде көзін сүрмелеген жас хатшы орнынан ұшып тұрып, «Сәлеметсіздер ме, хош келіпсіздер!» деп ілтипатпен амандасып, кабинеттің есігін аша берді. Атшаптырым кабинет қымбат жиһаздармен жабдықталған. Бірнеше хрустальді люстра айналасына сұсы басым көрік беріп тұр. Қымбат, шымқай қызыл матадан тігілген перделер ерекше бір салтанаттың белгісін аңғартады. Кәкіш екеуміз шағын столдың жанына қойылған былғары креслоға жайғастық. Сол-ақ екен, рұқсат сұрап әлгі құмырысқа бел хатшы қыз келді.

— Кәкіш Сұрағанович, сізге әдеттегідей қара кофе ме? — деді. «Иә» дегендей, кабинет иесі басын изеді.

— Аға, сіз не ішесіз? — деді хатшы лып-лып етіп, — кофе ме, әлде шай ма?

— Рахмет, қызым! Маған қант қосылмаған қара шай жетіп жатыр.

— Менің бизнеспен шұғылданғанымды білгеніңмен, нақты қандай іспен айналысатынымды білмеуің мүмкін, — деді Кәкіш жаңа ғана хатшы қыз әкелген кофені қолына алып, — біздің фирма «Қаратас» деп аталады. Менің автомобиль жолдары институтын бітіргенімді жақсы білесің. Кеңес дәуірі кезінде қатардағы мастерден жол басқармасының бастығына дейін көтерілдім. Кеңес дәуірі ыдыраған соң, жұмыстың берекесі кетіп, осы мекемені аштым. Негізі атқаратын жұмысымыз — Қазақстан бойынша жолдарды күрделі жөндеуден өткізу. Соңғы бес-алты жылда Батыс Қытай — Батыс Еуропа сияқты ірі магистраль салу жобасына қатысып, біршама табыстарға жеткен жайымыз бар. Бізге бекітілген учаскідегі 70 шақырымдық төрт жолақты автомобиль жолын уақытында әрі сапалы аяқтау міндеті тұр. Бұл дегеніміз — қыруар жұмыс, қыруар қаржы, үлкен жауапкершілік. Сондай-ақ, Жапониядан, Франция мен Германиядан қазіргі заманғы озық технологиялық медициналық жабдықтар жеткізумен айналысамыз. Құдайға шүкір, қол жеткен табысымыз жаман емес. Фирмада 300-ден астам адам жұмыс істеп, нәпақа тауып жүр.

Кәкіш өз жұмысы, компанияның болашағы туралы тәптіштеп айтып жатты. Шетелден медицина жабдықтарын жеткізу жөніндегі бизнес түрінен менің хабарым шамалы. Ал, жол жөндеу, жаңа жол салу мәселесін бір кісідей жақсы білемін. Жаңылыспасам, осыдан оншақты жыл бұрын болатын. Жанұяммен Абай және Сайын көшелерінің қиылысындағы көп қабатты үйлердің бірінде тұрамын. Қыркүйек айының орта шенінде болу керек, күндегі қалыптасқан әдетім бойынша ерте тұрып, Сайын көшесіндегі жаяу жүргіншілер жолымен серуендеп келе жаттым. Абай көшесіндегі үлкен көпірге жеткенімде, біреудің қатқыл шыққан ашулы дауысы естілді. Жалт қарап, өз көзіме өзім сенбедім. Қолына линейка, аяғына керзі етік, басына қалпақ киген күнде телебізірден көріп жүрген қала әкімі біреулерді әкесін танытып, ескерту беріп жатты.

— Сендерде мысқылдай ұят бар ма, жоқ па? — деді әкім катулана сөйлеп. — Мына жолдың күрделі жөндеуін өз уақытында бітірдік, сапасы керемет, — деп мені де, қала тұрғындарын да алдағыларың келеді. Айтқан өтіріктеріңді дәлелдеп берейін бе?! Күрделі жөндеуден өтті деген жолдың екі жиегін жеті сантиметрге кем салып, үлкен көзбояушылыққа барып отырсыңдар. Төселген асфальттың қалыңдығы 6 сантиметрге кем. Ойбай-ау, мынау масқара ғой! Жолға қолданған құрылыс материалдарының анализін алып, арнайы лабораторияға тексеруге жіберілісін!

Жасаған ұрлықтары мен былықтары аймандай болған жол жөндеу учаскесінің басшылары айтуға сөз таппай, түрлері сұп-сұр болып төмен қарай берді.

— Жеп қойған қаржыны қайтарып, ұзындығы оншақырымға жуық жолды қайтадан жөндеңдер! Әйтпесе, жегендеріңді желкелеріңнен шығарамын!

Қала әкімі жанындағы көмекшісін ертіп, қызмет көлігіне бет алды.

Батырға да жан керек, жолды күрделі жөндеу қайта басталып, уақытында аяқталды. Оны Алматы қаласының әкімі қалай қабылдап алғанын, «Алматы» телеканалындағы жаңалықтардан көріп, әкімге іштей риза болдым.

Сайын даңғылының төрт жолақты автомобиль жолы Батыс Қытай — Батыс Еуропа магистральмен салыстырғанда майда-шүйде іс. Жаңылыспасам, осыдан алты-жеті жыл бұрын 1 шақырым жол салуға 1000 000 АҚШ доллары жұмсалатын. Нарық шарықтап, қымбатшылық ұшып тұрғанда, сөз жоқ, бұл қаржының әлде қайда көбейгені шындық.

Жанымда отырған Кәкіш бауырым 70 шақырымға жол салып жатырмын деп желпініп отыр. Иә, мемлекет жолдарды жөндеуге, жаңа жолдар салуға қыруар көлемде қаржы бөлуде. Бірақ, оның сапасы қандай дәрежеде? Әңгіменің мәнісі сонда. Басқасын тәптіштеп айтпай-ақ қояйын. Астана — Алматы арасындағы жаңадан салынған үлкен жолдан былық шығып, сол кездегі көлік министрі істі болғаны әлі есімізде. Өзі тойса да, көзі тоймайтын жоғары дәрежедегі шенеунік көп асап қойып, темір тордың ар жағынан бір-ақ шықты. Одан кейін де ішіп қойған, жеп қойған талай бастықтар түрмеге қамалды. Бірақ, жол сапасы жөнделер емес, баяғы жартас, сол жартас.

Жақында Таразға барып қайттым. Осыдан бес-алты жыл бұрын салынған бетон жол әр жерден ойылып, опырылып берекесі кетіпті. Естіген құлақта жазық жоқ, «Кәкіштің сұғанақтығы бар, қолы таза емес» деген қаңқу сөзді естіп қаламыз. Итің жаман десе намыстанатын қазақпыз, жерлесімнің жаман істен аулақ жүргені дұрыс болар еді. Кәкіш жерлесім өзі басқаратын компанияның жетістіктері, ертеңгі болашағы туралы айтып жатқанда, мен осындай ойдың жетегінде отырдым.

— Дәркеш, тағы да шай алдырайын ба? — деген жерлесімнің сөзі ойымды бұзып жіберді.

— Рахмет! — дедім сыпайылық танытып.

— Құрдас! — деді Кәкіш — сенімен арнайы кездесуімнің мақсаты — атқарып жатқан жұмыспен таныстыру емес еді. Жұмыс қайда қашар дейсің, одан да күрделі бір мәселе болып тұр. Сол туралы өзіңмен ақылдасайын деп едім.

— Сендей аты шулы бизнесмен менімен ақылдасатын болса, менің де осал болмағаным ғой, — дедім күліп.

— Сені кім осал деп айтты. Кәсіпкер болсақ та, біз де газет-журнал оқимыз. Жазғаныңды, жүргізген хабарларыңды көріп жүрміз. Сен өз мамандығыңның шеберісің, майталманысың. Саны бар да, сапасы жоқ қара жаяу журналист болсаң, Президент сыйлығын алар ма едің? Жақында ел жаққа барғанда аңғардым: абыройың биік екен, қала әкімі де, Мәслихаттың хатшысы да сені мактап, жер мен көкке сиғызбады. Біз оқыған мектепте сенің атыңнан сынып ашылып, мұражайға суретің қойылыпты. Бұл — үлкен абырой, үлкен құрмет! — деп бұрынғы сыныптасым астыма көпшік қойып, мактауымды әбден жеткізді.

Журналист ағайындар іштей психолог болып келеді. Кәкіштің мені кабинетіне шақырып, мені «данышпан» жасамақшы болуында бір есеп барын іштей сезіп отырым. Сол күдігім рас болып шықты.

— Дәркеш, екеуміз бір көшеде өстік. Менің әкемді жақсы білесің, ол кісінің қалаға сіңірген еңбегі ұшан-теңіз, өмір бойы ел игілігі үшін еңбек етті. Ол кісінің дүниеден өткеніне 10 жыл болыпты. Ортамызда аман-есен жүргенде келесі жылы 90 жасқа толар еді. Менің шалқақтап жүргенім — әкемнің арқасы деп білемін. Оның торқалы тойын дүркіретіп өткізсем деген ізгі ойым бар. Сөзімнің басында елге барып қайтқанымды айттым, қаладағы көшелердің бұрынғы аттары өзгертіліпті. Бұл дұрыс шығар, заман талабы солай, егеменді ел болдық. Дегенмен, бұл жөнінде әттеген-ай дейтін жайлар бар болып шықты. Көшелердің атын кім көрінгенге беріп жатыр. Басқасын айтпай-ақ қояйын, көзі соқыр болып қалған көрші шахтерге дейін бір көшенің атын беріпті. Жарғақ құлағы жастыққа тимей, ел мүддесі үшін маңдай терін төккен менің әкемнің атында — Қарабай Оңғарбаевтың есімінде көше жоқ. Бұл әділетсіздік емей мемене! Қала әкімінің қабылдауында болып, осы мәселені көтеріп едім, сылап-сипап шығарып салды. Өзі ештеңенің мәнісін түсінбейтін дөңкиіп қалған біреу екен. Әкемнің 90 жылдығы жақындап қалды, қаладан бір көшенің атын алып бермесем — абыройыма дақ түсейін деп тұр. Жоғарыда айтып өттім емес пе, елде сенің абыройың асқақтап тұр, әлгі әкімге сенің сөзіңнің өтеріне еш дауым жоқ. Көмектесіп жібер бауырыңа. Керек десең, елге бірге барып қайтайық. Ер мойнында қыл арқан шірімейді, еңбегінді ақтаймын...

Сөзін аяқтаған Кәкіш маған қарап, бұл не дейді екен дегендей, үнсіз қалды. Жерлесім үлкен салмақ артып отыр, айтылған өтініштің орындалуы — онай шаруа емес. Қала әкімшілігі айға қарап, жұлдыз санап отырған жоқ. Олар кімнің кім екендігін жақсы біледі. Кәкіштің әкесі үлкен қызметте болғанымен, ешкімге қайырымы жоқ кісі еді. Талай жазықсыз жандарға тізесін батырғанын қаладағы үлкендер тұрмақ, біз, кішкентай балалар да білетінбіз. Осының бәрін сыныптасыма айтып, лайықсыз адамға көшенің атын беру қиын екендігін айтып, желпілдеп отырған Кәкішті ренжіткім келмеді.

— Түсіндім, Кәкіш. Екі айдан соң әкемнің туған інісінің асы еді. Қалаға барғанда әкімге кіріп, сенің өтінішінді айтып шығармын, — дедім Кәкіштен құтылғанша асығып.

— Жарайсың, Дәркеш! Нағыз азамат екенсің. Рахмет саған!

Қатты қуанған жерлесім орнынан тұрып кетті. Үш күннен соң, Кәкіш тағы да телефон соқты.

— Дәркеш, үлкен қалада тұрып жатқан жерлестер онша көп емеспіз, ары кетсе бес-алты отбасы екен. Сендердің бастарыңды қосып дәм беру көптен бері ойымда бар еді. Сенбіге дейін әлі бес-алты тәулік бар. Біз дайындала берейік. Жігіттер сені тыңдайды. Жерлестеріме сәлемімді жеткіз. Міндетті түрде жұбайларыңмен бірге келіндер. Біраздан соң тұратын мекен-жайымның адресін жіберемін. Менімен хабарлас, жауабыңды күтемін, — деп телефонын өшіре берді.

«Шақырғаннан қалма, шақырмағанға барма» деп данышпан бабаларымыз тегін айтпаған. Оның үстіне дәмнен ешкім үлкен емес. Шақырған күні бәріміз жұбайларымызды ертіп, жолға шықтық. Медеуге бара жатқан жолдың маңайындағы табиғаты көрікті жерге қоныс тепкен үш қабатты зәулім үйдің алдында Кәкіш пен жұбайы қарсы алды. Жарты гектарға жуық жерді алып жатқан мекен-жайдың іші кішігірім бау-бақша. Ағаш біткеннің небір түрлері жайқалып, айналасына ерекше бір рең беріп тұр. Үлкен үйдің алдындағы гүл шоқтары жан-жағын көріктендіріп, ажарландыра түскендей. Үйдің маңайынан екі-үш күзетшіні аңғарып қалдым. Аумағы үлкен үйдің бұрыш-бұрышына бейне бақылау құралдарының орнатылғаны байқалады. Үйдің іші де керемет болып шықты. Алтынмен апталған, күміспен қапталған патша сарайына

кіргендей болдық. Шетел жиһаздары рет-ретімен орын тауып, еденге қымбат парсы кілемдері жайылыпты. Көлемі алпыс шаршы метрдей болатын қонақ күту залы өзінің сән-салтанатымен қарсы алды. Пілдің сүйегінен жасалған үлкен столға дастархан жайылыпты. Құстың сүтінен басқаның бәрі бар, сіресіп тұр. Кәкіш бәрімізді төрге шақырды. Әйелі бар, еркегі бар бес-алты қызметші зыр жүгіріп қызмет етіп жүр.

Еркектерге қарағанда әйелдер халқы әуесқой болып келеді. Олар осыншама байлық пен дәулетке, сән-салтанатқа қызыға, тандана қарайды. Кәкіш үлкен бизнесмен ғана емес, тамаша тамада болып шықты. Бәріміз көңілді отырдық, балалық шақтағы небір қызық оқиғалар айтылды, жастық шақтағы әндерімізді шырқадық. Бәрі дұрыс сияқты, бірақ, мен көпшілік байқай қоймаған, көңілге кірбің әкелетін бір-екі жайды аңғарып қалдым. Маған Кәкіштің жоғары оқу орнында оқитын студент қызының оғаштау мінезі ұнамады. Есі бар қыз үлкен кісілермен дастархан үстінде көп отырмайды, тез шығып кетеді. Бұл қыз болса, отырған орнынан қозғалар емес, оның үстіне егде адамдармен бірге мұз салған шетелдік вискиден қайта-қайта алып қояды. Қыздарының мұнысына Кәкіштің де, жұбайының да мән беретін түрі жоқ. Жерлесімнің әйелінің де онып тұрған түрі жоқ. Ішімдікті еркектерден қалыспай сілтеп, ыржалақтап күле береді. Орнынан тұрып, әдемі көздерін төңкеріп қойып, біресе маған, біресе жанымдағы Серікке әдейі сүйкеніп өтеді. Түннің біраз уақытында қонақтықтан қайттық. Үйге Серіктің жүргізушісі әкеліп тастады.

— Бәрі дұрыс болды, бірақ маған Кәкіштің әйелі мен бұлдіршіндей қызының кейбір қылықтары ерсілеу көрінді, — деді Серік менімен қоштасарда.

— Сен де аңғарған екенсің ғой, — дедім басымды шайқап — мына түрлерімен олар Кәкішті талай ұятқа қалдырады-ау...

...Арада бір ай өткен соң, Кәкіш жүрек талмасынан қайтыс болыпты деген суық хабар жетті. Оның жаназасына адамдар көп жиналды. Көппен бірге жерлесімізді соңғы сапарға шығарып салдық...

Кәкіштің қыркын берген күні жерлесімнің оққағары болған жас жігітпен бетпе-бет кездесіп қалдым. Ол мені танып амандасып, көңіл айтты.

— Аға, мен сізді алғаш көргенде бірден таныдым. Сіздің менің әкем Өрісбаймен бір класта оқығаныңызды жақсы білемін. Ол кісі сізді ылғи айтып отырады. Өткен жолы өзімді таныстырғым келді. Бірақ, бастықтың алдында бізге артық сөйлеуге болмайды. Ол жағын өзіңіз де жақсы білесіз.

— Атың кім, айналайын?

— Менің есімім Ержан болады, — деді кластасымның ұлы қолын ұсынып.

— Әкең аман-есен бе? Әлі жұмыс істеп жүрген болар? — дедім жерлес інімді жақын тартып.

— Шахта тоқтап қалған, қазір таксист болып нәпақасын тауып жүр, — деді Ержан көңілсіз.

— Інім, — дедім — Кәкіштің қыркы өтіп, абыр-сабыр басылған соң, мейрамхананың жанындағы кондитер өнімдерін сататын дүкеннің алдында жолығайықшы. Кәкіштің өлімі туралы толығырақ білейін деп едім.

— Түсіндім, аға, келемін, — деп Ержан келісімін берді.

Алматының шағындау, бірақ қымбат мейрамханасында өткен Кәкіштің қыркы аяқталып, жақындарымен қоштасқан соң, жерлесімнің оққағарымен кездесу үшін уәделескен жерге келдім. Ержан да дәл уақытында келіп, бір-бір шыны шайға тапсырыс беріп, екеуміз әңгімелесіп отырдық.

— Білемін, Дәркеш аға, босстың ойламаған жерден қайтыс болғанын толығырақ білгіңіз келеді, — деді Ержан. — Алматыдағы спорт Академиясын бітіріп, қаратәден топ жарып жүрсем де, тұрақты жұмысқа орналасудың реті келмеді. Амалдың жоқтығынан үлкен сауда маркетінде жүкші болып жүргенмін. Осыдан екі ай бұрын әкем науқастанып қалып, елге барған болатынымын. Осы сапарымда Кәкіш ағамен таныстым. Сонда білдім, сіздер

бір мектепте оқып, бір көшеде өсіпсіздер. Көңілін сұрап келген Кәкеңе әкем қоштасарда бір өтініш айтты.

— Құрдас, Алматыдағы белгілі азаматсың, маған қарағанда қолың да ұзын. Жоғары оқу орнын бітірсе де, мықты спортшы болса да Ержанның жұмыссыз жүргені менің қабырғама қатты батады. Құдай айдап өзің келіп қалдың. Бөтен емес, өзіннің бауырын. Екеуміздің екі атадан қосылатын жақын туыс екендігімізді ұмытпа.

Мен қанша дегенмен спортшымын, жасым бар болғаны 25-те. Тепсе темір үзетін, күш-қайраты тасып тұрған жас жігітпін. Кәкіш аға бас-аяғыма дейін сынай қарап: «Алматыны жақсы білесің бе?» — деп сұрақ қойды.

— Үлкен қалада бес жыл оқыдым, жұмыс істеп жүргеніме бір жарым жылдай болып қалды. Шаһардың түкпір-түкпіріне дейін жақсы білемін, — дедім нақты жауап беріп.

— Автокөлік жүргізу туралы куәлігің бар ма? Алматының кептелісін өзің де жақсы білесің. Көлікті дұрыс жүргізе білесің бе? — деп Кәкіш аға екінші сұрағын қойды.

— Бір адамдай айдаймын. Оның үстіне осы күнге дейін автогонкаға қатысып жүрмін.

— Бәрі дұрыс, — деді әкемнің құрдасы — Алматыға қашан қайтасың?

— Екі күннен соң сонда боламын.

— Олай болса, маған сәрсенбі күні таңертеңгі сағат 10.00-де кел. Мекен-жайым мынада жазылған, — деп визиткалық карточкасын ұсына берді.

Сөйтіп, ойламаған жерден көптен бері көкейімді мазалап жүрген жұмыс мәселесі шешілгендей болды. Айтқан күні «Қаратас» фирмасының төрағасы мені кідіріссіз қабылдады. Ұсынған дипломыма, басқа да құжаттарға көз қиығымен бір қарап: «Қазір кадрлар жөніндегі менеджерге бар. Атқаратын міндетінді сол түсіндіреді», — деді сенімен шаруам бітті дегендей босс есікті иегімен меңзеді.

Кадрлар жөніндегі менеджер менің атқаратын міндетімді нақты әрі қысқа түсіндірді.

— Сені шартты түрде фирма президентінің көмекшісі деп жұмысқа қабылдаймыз. Басты міндетің — бәсекенің қауіпсіздігіне жауаптысың, сол үшін басыңмен жауап бересің. Оған сұрақ қоюға, сөйлесуге қатаң тиым салынады. Айтқаны — бұлжымайтын заң. Бұл қызметте уақытпен есептесу деген болмайды. Күн болсын, түн болсын шақырғанда құстай ұшып тез жетуің керек.

Ол сөзін үзіп, қайтадан жалғады.

— Қаруды қалай қолдануды білетін шығарсың?

— Спорт Академиясында оқып жүргенде қару қолдану, ату жөнінде арнайы курстан өттім. Өзіммен қару ұстауға рұхсатым бар. Көлікті де жақсы жүргіземін, бұрынғы автогонщикпін, — дедім қысқа жауап беріп.

— Дұрыс, дұрыс. Айтпақшы, қай жерде тұрасың? — деді менің құжаттарымды тексеріп жатып ол.

— І-Алматы вокзалының маңында пәтер жалдап жүрмін.

— Тым алыс екен. Сенімен бірге жұмыс істейтін серіктесің біздің офистің маңайында, біз жалға алған пәтерде тұрады. Мен оған ескертіп қоямын, бүгіннен қалмай көшіп келетін бол. Ертең сағат 8.00-де жұмысың басталады.

Ертесіне жұмысыма кірісіп кеттім. Бір бөлмелі пәтерде тұратын Серік көп ашылып сөйлей бермейтін біртоға жігіт. Босстың бірнеше қымбат көлігі бар. Әртүрлі маркадағы машиналарды екі күн сайын ауыстырып мініп отырамыз. Жұмыстан қайтарда бастықты Медеу жақтағы үйіне жеткізіп, шұғыл кері қайтамыз. Қалада әртүрлі кездесулер, конференциялар, банкеттер болады. Мұндайда бастығымызды көзден таса қылмай, көлеңкесіне айналамыз.

Мен қызметте болған екі аптаның ішінде екі рет Астанаға жолсапарға барып қайттық.

Бұл мекемеде жұмыс істей бастағанымға бір ай толғанда бастық өзіне шақырды. Бірденені дұрыс істемей, көңілінен шықпай қалдым ба деп, кабинетке қорқа-қорқа кірдім. Кәкіш қысқа амандықтан соң, бірден шақырған шаруасына көшті.

— Бүгін бізге Астанадан мәртебелі қонақ келеді. Соны жақсылап күтіп жіберуіміз керек. Сенің серіктесің Алматыдағы ең мықты деген саунаны дайындап жатыр. Дастархан мәзірін де сол жасайды. Сенің міндетің — екі жас иіс тауып әкелу. Отыздан асқан кәрі қыз әкеліп жүрме, жастау, әрі бет-әлпеті, бас-аяғы дұрыстау болсын. Ақшаны аяма, 1000 бакс жетіп қалар, — деп алдында жатқан конвертті маған ысыра салды.

— Күп болады, бәсеке! — деп кабинеттен шыға бердім. Жылмындап қалған бір таныс жеңгетай арқылы әлі жиырма жасқа толмаған уыздай-уыздай екі сұлу қызды айтқан жерге дәл уақытында жеткіздім. Бастығы мен қонақ отырған үлкен бөлменің есігін қақтым.

— Кір! — деген Кәкіштің көңілді дауысы естілді.

Мен ішке кіргенде бастық өзін ханнан кем санамайтын астаналық дөкеймен мол етіп жайылған дастархан үстінде мұз салған қымбат виски ішіп отыр еді.

— Бәсеке, айтқаныңызды орындадым, кірсін бе? — дедім рұқсат сұрап.

— Кірсін, кірсін...

— Бәке, бір тосын сый жасайын деп едім. Қазір сізге ай десе аузы бар, күн десе көзі бар екі сұлу массаж жасайды. Ха, ха!..

Қысқа шолақ шортик киген жап-жас қыз ішке кіргенде түсі бұзылып, «Папа» деп шошына айқайлап, кері қарай тұра кеп қашты...

— София, сенсің бе?

Түрі кенеттен бозарып кеткен босстың қолындағы виски құйылған стаканы жерге құлап, быт-шыты шығып, өзі жүрегін ұстаған күйі еденге құлап түсті... Бірденені бүлдіргенімді біліп, төбе шашым тік тұрып, зәрем қалмады. Ұялы телефонымды жалма-жан алып, «Жедел жәрдем» шақыра бастадым. Істің насырға шауып, басына бәле таянған әлгі месқарын дөкей «Астафралла! Астафралла!» деп тез-тез киініп, тайып отырды. Дәрігер келгенде тым кеш еді... Кәкіш жүрек талмасынан қайтыс болды. Мәйітханаға апара жатқанда бастықтың адырайған көздерін көргенде тұла бойым мұздап қоя берді. Оның шатынап кеткен көздерінде үлкен бір үрей бар еді, — деді Ержан ауыр күрсініп. — Осы өлімге менің де қатысым бар екендігін есіме алғанда түнде дөңбекшіп ұйықтай алмаймын. Дәл мұндай болады деп кім ойлаған! Кеше өз еркіммен жұмыстан босадым.

Екеуміз орнымыздан тұрып, көңілсіз қоштастық. Жаңа ғана ашық тұрған аспанды қара бұлт тұмшалап, жаңбыр жауа бастады.

Арада үш ай өткенде қалалық прокуратурада қызмет атқаратын бір танысым Кәкіш туралы қорқынышты деректер берді. Ол ұйымдастырған қылмыстық топ, мемлекетке миллиардтаған теңгенің экономикалық шығынын әкеліпті. Республика көлемі бойынша көлік жолдарын жөндегенде, жол салғанда жүздеген адамның жалақысын бермей қанқақсатқаны өз алдына бір әңгіме. Небір жас қыз-келіншектерді алдап-арбағаны, зорлағаны туралы деректерді оқығанда, төбем шымырлап кеткендей болды. Ең сорақысы — өзі де, әйелі де, жап-жас қызы да жеңіл жүріске салынып, шаңырақтарын эзәзіл шайтан билепті.

Жақында Медеудің кіре берісіндегі көрікті жерге заңсыз салынған үйлерді қалай қиратып бұзғаны туралы қалалық теледидардан арнайы хабар берді. Сол қымбат үйлердің арасынан Кәкіштің үйінің де тас-талқан болып бұзылып жатқанын көріп қалдым.



**Серік
ЖЕТПІСҚАЛИЕВ**



КҮТУШІ

Олар асығыс. Өз істерінен, алдағы жоспарларынан басқаның бәрін ұсақ-түйек көреді. Жолай кезіккен шаруаны апыл-ғұпыл атқара салып, жөней беруге даяр. Сөздері де төбеден түскендей, тақұл-тұқыл, дүнк-дүнк. Әлдекімге бір-екі ауыз сөз айту үшін ойланып жатқылары келмейді. Өйткені, бүгінгінің адамы, іскер, ағыл-тегіл бай адамдар. Шынында, бұған да керегі сол. Ешкімге ештеңені өзі туралы тәптіштеп айтып, мәністеп түсіндіргісі жоқ. Жұмыс берушілер жеке куәлігін аударып-төңкеріп, шырт еткізіп қол телефонмен фотоға түсіріп, өткен-кеткен өмірін ғаламтордан тез шиырлап өтті. Жасырын не бар, бәрі алақандағыдай. Әлеуметтік желіде археологиялық қазбаларға қатысқаны, тарихи көне құжаттарды зерттеуі, көне кітапқа үңіліп отырғаны сияқты суреттері, алған Алғыс хаттары жүретін. Солары сайрап алдарынан шыққан шығар.

Міне, тау етегіндегі екі, бәлкім үш қатарлы ма, айырып болмас биік үйге таяды. «Мерседес» сынаптай сырғып жақындағанда, қақпа ашыла берді. Өмірден оңбай соққы алып, есеңгіреп жүрген бұл айналасындағы қызыл ағаштан оймышталып жасалған жиһазға, алтындаған мүлікке көзінің қиығын да салған жоқ. Үшеуі екінші қабатқа көтеріліп, ханымның жатын бөлмесіне есік қақпастан кірді. Әшейінде біреудің жатын бөлмесіне рұқсатсыз аттап баспас еді-ау. Қазіргі қалпы — басқа.

— Міне, мам, мынау әбден тексерілген, өте сенімді адам. Тек ер адам. Кәрі. Шал. Сені күтеді. Не істеп, не қоятыны, қашан дәрі беретіні, тамақ..., массаж..., жуындырып-киіндіруі — бәрі мында жазылған. Все. Бізде самолет. Кеттік. Связдамыз. Алғашқы айлығын уже беріп қойдық. Бәрі жақсы болады. Басқа адам іздейтін уже уақыт жоқ. Пока. Пока.

Жігіт те, қыз да барып ханымның бетінен сүйді. Ол селт еткен жоқ. Ою-өрнекті кең кереуетте ары қарап жатқан күйі, жата берді. Күтушісіне қарап, таныспады да.

Сарматтың езуінде мысқыл күлкі. Мына өмірге, өзінің өміріне деген мысқыл. Өз шешімі. Олар көндірді, бұл көнді. Мейлі. Осылай-ақ, болсын! Ол — кемпір, мен — шал! Ол — науқас, мен — күтуші! Күнкөріске қаражат керек. Бәлкім керек емес те шығар. Әйтеуір өзін әбігерге түсірген әлемнен басқа әлемге қадам жасамақ. Мейлі, мұны ешкім білмесін, ескермесін, сөйлеспесін. Көлеңке сияқты ілбіп жүре берсін. Тапсырылған жұмысын еш мүкісіз, адал атқармақ. Бар мақсаты — сол.

— Ой, стоп, оның жататын жері...

Қыз бен ұл кері бұрылып, мұны шақырып, ас үй мен жатар орнын көрсетті. Сосын, «керек болса» деп, тағы бір уыс ақша тастап, зыта жөнелді.

Арада ай өтті. Сармат өзі ұйғарғандай өз ісіне мұқият. Ханымның Германиядағы ұлы мен қызы бірер рет қонырау шалып, үстемелеп тағы ақша салған. Жұмысы бір қалыпты жүріп жатқан соң ба, адам жарықтықтың табиғаты солай ма, әйтеуір, соңғы күндері жүрегін күйдірген өкпе-наздың шоғы суып, өз-өзіне келе бастағандай. Науқастың дәрі-дәрмегін (негізінен дәрумендер сияқты), тамағын беріп, белін сылаған соң, атшаптырым фоедегі сәнді креслода ұзақ отырып, ойға беріледі.

...Осыншама ешкімге керек болмай қалармын деп пе?.. Әлі күш-қуаты бойында. Жылдар бойғы оқыған-тоқығанына, жиған тәжірибесіне ешкім мойын бұрмады. Отыз жыл отасқан бәйбішесі жоқ. Ұл мен қыз балаларын ерітіп, шет елге кетті. Оралар түрлері көрінбейді. Немерелер өзге тілді ана тілдеріндей игеріп алды, сонда мектепке барып жүр. Анда-санда экраннан көргенде мұны «Ата» деп, амандық-саулық сұрасар еді. Соңғы уақытта ата-аналары «қарандар» деген соң ғана экранға қарай салады. Жақ ашпайды. Мүлде бөгде адамдар сияқты. Бұл болса, сол күні «Бұл не болды, ақыры не болмақ?» деп, түнімен дөңбекшіп, ұйықтай алмай шығады. Ұл мен қыз бұған: «Пап, денің сау, пенсияң бар, ермекке бір жұмыс тауып алмайсың ба? Так же нельзя» деп, ақыл айтып қояды. Бұл болса, соншама жыл жұмыс істегенде тиген зейнетақысының мардымсыз екендігін айтуға ұялады. Қосымша ақы тапқысы кеп бірқатар мекемеге бас сұққан. Бәрі де суық қарап, сұрақтарына қысқа-қысқа жауап қайтарып, тез құтылуға тырысатын. «Уақытымызды алмаңыз» дегілері келіп тұрғанын бұл бірден сезе қояды. Қайда барса — артық, қайда барса — бөгет. Сосын, сандалып анда-мұнда бара беруді мүлдем доғарған. Содан кейін тым-тырыс жалғыз басы сопайып жүре берді. Бір жыл, екі жыл... Немерелері мұны мүлдем ұмытса, балалары да суып бара жатқандай. «Қолдары тиеді деймісің? Шет елде тұру оңай болып па?» деп бұл өзін жұбатқан болады. Оған жұбана қоятын көңіл ме, іші иттей ұлиды. Сөйтіп жүріп газетке «жұмыс іздеймін» деп хабарландыру берген. Ойы — әйтеуір, ойын бөліп, көңілін басқа нәрсеге аударып, уақыт өткізу болған. Бұған қызыққан мына ханымның балалары ғана болды. Күтпеген жағдай. Олар да әбден тығырыққа тірелген болса керек. Мұны еркек басымен әйел адамға күтуші қылмақ. Дәмханада кездесіп, тез-тез жөн сұрасып, келісім-шартқа қол қойысты. Бір жылдан бері төсек тартып жатқан аналарын күту керек екен. Аспаз аптасына үш рет тамақ пісіріп кетеді. Үй жинаушы, кір жуушы да бар. Мұның міндеті — тек, тамақтандыру, науқастың астын ауыстырып, дәрі-дәрмегін беріп, массажын жасау.

Екі қожайын мұның көзінше, дастархан басында отырып, біраз айтысып та алды.

— Бұл кісі ер адам ғой...

— Ну-и, что?

— Как, ну-и, что?

— Шал емес пе?!

— Ну, шал.

— Ну и все! За то грамотный, аккуратный шал. Жоғары білімді, жауапкершілікті біледі.

— Мама ренжіп жүрмесе...

— Неге ренжиді? Ер адамдар дәрігер де болмай ма? Керек десен, генеколог та болады!

— Дәрігердің жөні бөлек...

— Знаешь, онда өзің қал да, бак!

— А, бизнез?

— Енді не дейсің?

— Просто...

— Еркек болса да, кәрі еркек.

— Шал.

— Ал, бізде бұдан әрі адам іздейтін уақыт жоқ!

— Да, солай! Басқа выход жоқ.

Сол жерде Сарматтың езуіне мысқыл күлкі үйірілген. Өзінің әбден тапталып, есептен шыққанының тағы бір дәлелі де сол еді. Өзі үшін емес. Айналасы үшін. Мүмкін, мына бизнесмендер үшін. Тәртіпті, мәдениетті екен бұл. Тек жыныссыз. Жынысы жоқ. Аруақ. Елес. Шал!

Тосын ұсынысқа өзіне ерегесіп, «қайтер екен?» деп келіскен. Кім «қайтер екен?» деп... Тағдыры ма, жоқ өзі ме?... Өзін өзі келеке қылу, өзіне пародия. Қожайындар ойнаған жоқ. Сірә, ойлаған да жоқ. Ойлағылары келмеген болса керек. Есіл-дерттері — шет елде, сондағы бизнестерінде-дағы.

Таң қалатындай да емес. Тура өзінің басындағы жағдай... Өзге түгілі өз балалары да мұны сызып тастаған жоқ па? Сызғанда көңілін, ойын, ниетін. Кімге өкпелемек? Өзінің кетеуі кеткен қисынсыз өміріне осылай китыққан.

Пародиясы жүзеге асты. Елес сияқты үн-түнсіз күнделікті міндетін орындап жүре берген. Күндер өте келе еңсесін езген ауыр ой сәл сейіле бастағандай көрінді. Баяғы өзінің «мені» ту тереңнен сыртқа шыққысы кеп, саңылау іздейтіндей. Алайда жүрегінің мұздап, ішінің алай-дүлей болуы өмірі басылмас. Сыздайды да тұрады. «Неге бұлай болды? Сонда, мына әуезді, көркем, ғаламат қазақ тілі менің балаларым мен немерелеріме керек емес пе? Анау төкпелеткен әдемі термелер, төгілген жырлар... Сонда, батыр-бағландарымыз, ғұлама, әулиелеріміз жатқан, ата-бабаның біз үшін қалдырған ұланғайыр жердің, жеті атамыз жатқан жердің оларға қажеті жоқ па?... Демек, оларды өзім солай тәрбиеленгенмін ғой... Өзім ғой орысша оқытқан. Неге өйттім? Сол, өзім сияқты орыс тілін білмегеннен балаларым жапа шекпесін, қиындық көрмесін, дедім. Жұрттан қалмасын, жақсы қызметке іліксін, дедім. Әке-шешемнің көргені — анау. Соғыс. Одан кейінгі тар кезең, жоқшылық. Ала жаздай қой соңында көшу, қыста терезесі сығырайған жер пәтерде қыстау. Жылы үйде белдерін жазып, бір демалмай өмірден өтті. «Балам оқып жатыр» деп мәз болған. Мұның оқыған тарих факультетінің қазақ бөлімі жұмаққа шығарған жоқ. Инженер болуға, политехқа тусуге орысшасы жетпеді. Музейлерде, архивтерде көз майы таусылып, мүжіліп отырды. Қазақтың хандары, биі мен болысы, батырлары жөнінде тапқан деректері, ашқан жаңалықтары — өзіне зиян болмаса, пайда әперген жоқ. Сол жаңалықтарға оқымыстылар ортасы енді-енді ғана көңіл бөле бастаған сияқты. Қуанған. Кеш екен. Бұның «ләм» деуге құқы жоқ. Ол тақырыптар жастарға тарқатылып, бекітіліп қойылған. Мұны жолатқылары келмейді. Керітартпа, қисық, сыңаржақ біреу санайды. Ақы төлемек түгілі, айтқан ақылыңнан шошып, аулақ жүргісі келеді. Иә... Балаларға жамандық ойламап едім. Тапқан табыс, маңдай тер солардың оқуына жұмсалған. Ал, ақыры қалай болып шықты? Тіл де, жер де, әке де керек емес мәнгүрттер

өсті. Бірақ, орысша оқығанның бәрі олай болып кеткен жоқ қой. Демек, мәселе тәрбиеде ме?...».

Неше жыл өзін жүндей түткен жебір ой толас табар ма? «Сонда, мұның балалары бар, басқасы бар жастардың бәрі жайлы жер іздеп, шетелге кете бере ме? Оданда, өз елдерін сол биікке көтермей ме?».

Бір сәт мұны өзі жақында ғана аңғарған тағы бір күмәнді ой иектеген. Жаңа өміріндегі күмән. «Бұл әйелдің де қайғысы — менің қайғым. Миын шағып, арпалысқан ой алып ұрған. Әйтпесе... жыл бойы төсек тартып жатқан адамның еті қашар еді... Кемпір дейтін кемпір де емес... Не жұмбақ бұл?»

Сағат, минутына дейін бір күні бір күнінен аумайтын уақыт өтіп жатыр. Өте берсін. Аруақ-елеске бәрі бір емес пе? Неден қалып, қайда асығып барасың? Сен асықсаң да, асығып, сені сағынып жатыр дейтін жан бар ма дүниеде?

Науқас әйел мұнымен арада айға жуық уақыт өткенде ғана жөн сұрасқан. Үйде еден жуушы да, аспаз да жоқ еді. Памперсін ауыстырып, денесін жұпар иісті маймен сылап, белін укалап, қайта қымтаған бұған ол алғаш рет назар аударған-ды. Алғаш дауысын естігені де сол. Құдай-ау, жас адамның дауысы.

— Атың кім?

Бұл үйреншікті өмірдің бұдан былай өзгеріп кетерін іштей сезіп, оны қаламағандай тіксініп қалды.

— Оны қайтесіз. «Күтуші» дей бермейсіз бе?

— Білгім келген соң сұрадым.

— Сармат.

— Сармат?

— Иә.

— Сен шал емессің ғой...

— Алпыс бестемін.

— Мәселе жаста емес!

— Сен де кемпір емессің!

Бұл сөзді қалай айтып қалғанын өзі де білмей қалды. Шамасы, соңғы күндері ойына келіп, тілінің ұшында жүрген тұжырым.

— Кешіріңіз... Байқамай айтып қалдым. Ойымдағыны...

Кенет «кемпір» ішек-сілесі қатып күлсін-ай!.. Әуелі шошынғандай селк еткен Сармат тосылыққырап барып оған қосыла күлді. Екеуінің де көзінде от ойнап, беттеріне қан жүгіріп шыға келді. Енді, үстіндегі жібек жамылғысын төмен ысырып, әйел түрегеліп отырғанда, бұл еш елең қылған жоқ. Отырмақ түгілі, жүріп кетеріне де сенімді.

— Менің атым — Мәрзият. Мен сені түсіндім. Сен де мен сияқты бақытсыз біреусің. Бақытсыз болғанда... жазықсыз бақытсыз. Әйеліңнің өлгеніне неше жыл?

— Бес жыл.

— Менің күйеуімнің өлгеніне де сонша жыл болыпты.

Марзият күлкісін тиып, шашын жиып желкесіне түйді.

— Ешкімге керегім болмай қалды. Бүкіл еңбек, түн ұйқыны төрт бөлген күндер текке кетті. Бір сөзге құлақ аспайды. Есіл-дерттері — шет ел. Ата-баба жолы, салт-дәстүрге пысқырмайды да. Еш амалым қалмады. Сосын, теріс айналып жатып алдым. Дәрігердің талайын әкелді. Диагноздың не түрін қойды. Осылай бір жыл жатырмын.

— Мен түсіндім... білдім! — деді Сармат.

— Білдің бе? Қайдан білдің?

— Бір жыл төсек тартып жатқан адамға ұқсамайсыз...

Мәрзият тағы күлді. Күлгенде ол бірден он жасқа жасарып, мүлдем сұлуланып кетті.

— Ренжімеңіз...

— Жарайды.

— Көрсеткен қарсылығыңыз екен ғой?

— Солай. Ерегескенде солай теріс қарап, ішпей-жемей жатып алып, өліп қалайын дегем.

— Ммм... Құдай алмаған соң, өле салу да оңай емес көрінеді. Дегенмен, табандап бір жыл жату да ерлік. Мінезіңіз бар екен!

— Қазақ қашан мінезсіз болып еді. Өз жайыңыз ше? — Ханым «сізге» көшті.

— Несін айтайын. Менікі де тура сіздің басыңыздағы хал.

Марзият халатын киіп, орнынан түрегелді.

— Дұрыс айтасыз. Өле салу оңай емес. Қақымыз да жоқ...

— Сосын... — Ештеңеге қызықпай, немқұрайлы жүрген Сармат бұл жолы Марзияттың сырына шат түскісі келген. — Жата-жата солып қалмағаныңыздың сыры неде?

— Адам жоқ уақыттарда денешынықтыру жасап, жуынып, су ішіп қайта жататын болдым. Менің қандай күйде жатқанымды көріп-біліп жатқан біреу бар деп пе едіңіз? Құдайым-ау, бұлар неге сонша қатыгез, неге сонша тасбауыр?!..

— Мені де күні-түні осы ой мүжіп бітірді.

— Шамасы, өзім солай тәрбиелеген болып тұрмын ғой?..

Сармат оқыс күліп, шашалып қала жаздады.

— Неге күлдіңіз? — деп ренжи сұрады Мәрзият. Дауысынан реніш емес, наз сезген Сармат сөзін жалғады.

— Ойлап-ойлап келіп мен де солай түйгем. Бәрі өзімнің тәрбиемнен, деп. Күлгенім — сол. Тек...

— Не «тек»?

— Тек өткенді қайтару мүмкін емес.

— Оныңыз рас.

Екеуін де мұңға батырып, тығырыққа тірер ойдан сытылып шығуды ойлаған әңгіме ауанын өзгертуді көздеп, Сармат:

— Сонда, жалғыз қалғаныңызда қандай жаттығулар жасап жүрдіңіз? — деп сұраған. — Өзі бала күнінен дене шынықтырумен шұғылданып, оны неше түрін білетіндіктен шын қызық көрген-ді.

— Қысқа уақытта көп пайда беретін жаттығулар. Интернетте толып тұр. «Жгонка», «золотой петух на одной ноге», «поза кошки», «ноги вверх», «отырып-тұру» дегендер. Оған керіліп-созылуды қосамын.

Бұл күліп, басын шайқады.

— Неге күлдіңіз?

— Қызық екен.

— Не нәрсе қызық?

— Мен де тура сол жаттығуларды жасаймын. Үнемі. Көңіл-күйім болса да, болмаса да. Тиімділігі зор және көп уақыт алмайды! «Жүз ауруға ем» деген атауы бар.

— Екеуіміздің қасіретіміз де, ой-түйінімізде, тіпті, жаттығуларамыз да бірдей болып шықты ғой!

Марзият иегін жоғары көтеріп, денесін тіп-тік ұстап отырған күйі ойланып қалды.

— Мен өзімнің қашанғы бұлай жататынымды білмегем... Ойламағам.
— Сарматқа бастан аяқ шола қарады. — Сіз келіп, бәрін бүлдірдіңіз. —
Осылай дегенмен, дауысынан зіл аңғарылмады. Байыппен сөзін жалғады:
— Уайымдамаңыз. Сіздің еш кінәңіз жоқ. Керісінше... кемедегінің жаны бір
дегендей, сізбен әңгімелесіп, жақсы болып қалдым.

— Мені жұмыссыз қалдыратын болдыңыз...

Марзият күлді. Күлкісінен жастық лебі есті.

— Есесіне, бір мұңлықты өмірге қайта оралттыңыз.

— Сізбен бірге өзім де өмірге қайта оралғандай халдемін.

— Өз қолыңды өзің шаппайсың. Өлуге тиіс емес шығармыз...

— Дұрыс айтасыз. «Мың өліп, мың тірілген» қазақ емеспіз бе?! «Мен
қазақып, мың өліп мың тірілген!»

— О-о, сіз шын тірілдіңіз! Поэзияға көштіңіз!

— Сіз де!

— Солай ма? Ендеше мен душқа кеттім! Э-э-х, рахаттанып тұрып бір
душқа түсейінші! — Сөйтіңіз! Әйтеуір, бас аман ғой! Басқасын көрерміз!

— Сіз солай ойлайсыз ба?

— Иә!

— Мен де солай ойлаймын! Ең бастысы — балалар аман.

Сармат душқа қарай кетіп бара жатқан сұлу әйелден көзін ала-алмай,
сұқтана қарап қалды. Жібек халаты желбіреп, бишілерше жеңіл басқан жүрісі
аса жарасымды еді. Тіпті, ыңылдап әндеткендей. «Ал, саған ауру кемпір! —
деді күбірлеп, — өмірде не болмайды...».

* * *

Орынынан тұрып, бірінші қабаттағы ас үйге барып кофе дайындауға
кіріскен Сармат сан-саққа жүгірген ойын жинақтауға тырысты. Мәрзияттың
енді мүлдем басқаша өмір сүретіні белгілі болды. Біріншіден,
оның ешқандай ауруы жоқ. Балаларына қатты ренжіп, көңілі қалып,
жатып қалған. Екіншіден, енді ол жасырынбақ ойнамақ емес. Белсенді
өмірге кіріспек. Сонда немен айналыспақ? Не істейді екен? Үшіншіден,
оның жасы да алпысқа жетер-жетпес болса керек. Кемпір емес екендігі
кәміл. Балалары ғана солай ұйғарған. Дене бітіміне қарағанда өзі бұрын
кәсіби спортшы, немесе кәсіби биші болған сияқты. Енді, мұның өзі
не істемек? Шамасы, мұның өзі де өзгермек. Жоспары бұзылды. Елес
болып жүре алмас. Көңіл-күйі де басқа. Еңсені езіп, ішін күйдіріп тұрған
бұрынғы уайым сейілген.

Иісі бұрқыраған кофе дайын болғанда, Мәрзият та екінші қабаттан төмен
түсіп келе жатқан-ды. Сармат ұялып-қысылмастан оның әр қадамын, әр
қимылын тамашап қарап отырды.

— Кофе ішіңіз!

— Рахмет! Тамаша болды ғой. Иісі қандай еді! Кофе демдеудің шебері
екенсіз! — Ханым кофеден бір ұрттап, мақұлдағандай басын изеді.

— Тамаша! Сіз қарсы болмасаңыз, былай істейікші. Фоедегі каминді
жағып, соның алдына отырайық!

— Жарайды.

— Бәрі дайын тұр. Тез-ақ.

— Солай екен.

Дайын ағаш, дайын тамызық. Лезде камин отыны пытырлап жанып, от
сәулесі жағалай жиһазбен, айна-әйнектермен шағылысып, айнала ерекше

күйге енді. Іргедегі шкафтардың бірінен Марзият карақоңыр шыныдағы виныны алып шықты.

— Сонымен, Сармат мырза, өмірге қайта келгенімізді жуып жіберейік!

— Дұрыс болады! — деп қоштай кеткен бұл ортадағы журнал столына екі фужер әкеп қойып, шынының тығынын ашып, қоюкүрең винодан лықыта құйды.

Арасында кофеден ұрттап қойып, винодан жұтып, отқа қарап екеуі жайбырақат отырысқан. Екеуі де әлдебір қиын сапардан оралғандай халде. Тәуекел етіп, құз басындағы қауіпті, қарлы-боранды, ызғарлы желмен шайқалып тұрған аспалы көпірден аман-сау өткендей. Бар қорқыныш артта қалып, енді жайланып, еркін тыныстап отырғандай. Шіркін, мынау сытыр-сытыр етіп қайың ағаштың жанғаны қандай әдемі! Мынау сәл қышқылтым вино дәміне ыстық кофе дәмі қалай жарасады? Мынау жанында отырған Мәрзияттан қандай ұяң да мейірімді жылу тарайды? Осындай таза ойлы, арлы адамның жанын шіркіндер қалай ғана жаралаған? Қолдауға, қорғауға лайық жан емес пе? Бақытты өмірге лайық жан емес пе Мәрзият? Неге бұлай болды екен? Неге?..

Сармат өз ойының мүлдем басқа арнаға ойысып бара жатқанын сезіп, ол ойдан ояңғысы келіп, сәл жөткірініп, винодан үстемелей құйып, қозғалақтап қойды. Мәрзият та өз ойын әрең тізгіндегендей. Кірпігіне іліккен жас тамшыларын қағып-қағып жіберді.

— Сонымен, әңгімеміз қай жерден үзіліп еді, мен душқа кетіп бара жатқанда?

— Ең бастысы — балалар аман ғой, деп тоқтағанбыз.

— Дұрыс айтасыз, дәл солай! Әйтеуір, аман. Басқа мәселенің бәрін шешуге болады.

— Ниет қойса, алынбайтын қамал жоқ.

— Келісемін.

— Сосын, тағдырымыздың, көп әдеттеріміздің бірдей екенін айттық.

Ыстық кофе, дәмді вино ішіп, от алдында жұмсақ креслода отырған Мәрзият бұл кезде байырғы сұлу да тәкаппар қалпына келген болатын. Сармат оны іштей басына адам шыға алмас биік шынға теңеген. Ол сәт сайын көріктеніп, биіктеп бара жатқандай. Бұған дейін күтіміндегі науқасына бір рет те көз тоқтатып қарамаған. Қараса да, өзінің сол кезгі есеңгіреген, әлемі тапталған адамның көзімен қараған шығар. Не көрді дейсің?

— Әңгіме арасында мен сізден бір сырды бүгіп қалдым. Өтірік айттым, — деп сөзін жалғады Мәрзият. — Ол шындықты айтқым келмеді. Шындығында, менің күйеуім өлген жоқ. Тірі. Мені, балаларын тастап, жас әйел алып кеткен. Мен қанша ақылға салсам да, оны кешіре алмадым. Алдында кінәм болса, кәні? Жоқ. Ресми түрде ажырастық. Сосын, өлдіге санадым. Солай ғана қасіретті көтердім. Таяныш-сүйенішім балаларым болды.

«Мұнымен де мені таң қалдыра алмайсың» дегендей, Сармат селт еткен жоқ. От жалыны келбетін неше құбылтқан сұлу әйелге биік шынға тандана да қызыға қараған адамдай отыр. Еш қыбырсыз. Мәрзияттың ойын бөліп, көңілінің көгершіндерін үркітіп алғысы келмейтіндей. Біраз уақыттан соң барып ол тіл қатты:

— Менің де әйелім дүние салған жоқ, тірі. Бір жолдасыма кетіп қалған. Ол бай адам. Мен де ресми ажырасқам. Қатты қиналдым. Соншама табаларлық кінәм жоқ сияқты еді. Жұмысбасты болғаным рас...

Мәрзият шұғыл басын бұрып, бұған күреңіте қарады. Ішінде аласапыран теңіз толқынындай алысқан ойлар ұшқыны бет-жүзін алаулатып әкетті.

— Неге? Неге бүйтеді адамдар? Неге сатқындық жасайды?... Сіздің жолдас-досыңыз... Енді... біздің жігіттер дос та бола алмайтын болған ба?..

Бұл сөздерді ол ақырын ғана айтқан. Алайда ол сөздері балқыған қорғасындай ауыр еді. Ішкі жан күйзелісінен жалын боп шыққандай. Креслосына шалқая кетіп, үнсіз отырып қалды.

— Өмірде бәрі болатын көрінеді ғой, Марзият ханым! Болды. Өтті. Кетті.

Терең бір тыныс алып, фужерін отқа тосып, хрустальдің мың құлпырған сәулелерін қызықтаған әйел:

— Солай де. Иә, солай шығар. Солай болатын шығар, — деді.

— «Тағы бір сәйестік» деп неге айтпадыңыз?

Сарматтың бұл сұрағына жауап қатпаған Мәрзият «қолымнан түсіріп аламын ба?» деп сезіктенгендей, фужерін столға қойып, креслосына тереңірек жайғасып отырды.

— Ол да тәрбиенің жемісі шығар, — деп Сармат өз ойын ортаға тастаған.

Мәрзият селк ете қалғандай болды. Ойға беріліп кетсе керек.

— Не дедіңіз? Не туралы айттыңыз?

— Сатқындық туралы айтамын. Ол да тәрбиедегі әлдебір олқылықтың көрінісі шығар деп топшылаймын.

— А-а, иә, солай шығар...

— Біздің өмірге оралуымызды жууымыздың аяғы мұңға айналып барады.

— Олай емес. Шындық айтылса ғана мұңнан толық айығамыз.

— Келісемін. Ендеше, айығайық!

— Айықтық! — деп күліп жіберіп, Мәрзият, орнынан лып етіп көтерілді:

— Сармат батыр, тамақ ішейікші, ә?

— О-о, қарсы емеспін!

— Қазір мен керемет қылып қуырдақ қуырамын, бауырсақ пісіремін!...

— О-о, ондай да өнеріңіз бар ма еді?

— Мәссаған! О не дегеніңіз, Сармат мырза! Лариса Гузееваның «Женщина которое не готовить — ведьма!» дегені бар.

— Иә, Гузееваңыз айтқыш адам!

Қимылы ширақ және дәл екен. Арада бір жыл емес, бір күн өткендей. Қай ыдыс қай жерде тұр, қуырдаққа керек ет, пияз, май қайда, бауырсақтың дайын қамыры қайда — тосылмастан тауып жүр. Сармат оның әрекетіне қарап қана үлгеріп отыр. Шындығы — сұлу әйелдің биін тамашалап отырғандай. Марзият жүзінде нұр ойнап, ерекше әдеміленіп кеткен сияқтанды. «Әлде, әйел біткен тамақ пісіргенде, аруақ қонғандай құлпырып кете ме екен?» деп ойлаған мұның мынау керемет жарасымды көріністі бұзып алғысы келмеді. Демін де тыныш алып, үнсіз қалған. Сәлден кейін ғана есін жиып:

— Маған да жұмыс берсеңізші, — деген.

Мәрзият столға пышақ пен ет турағанда төсейтін қалың тақтайды қойды:

— Сіз қуырдақ тураңыз!

Мұның бас бармағымен үлкен пышақтың жүзін тексергенін байқап қалған үй иесі ең төменгі тартпадан бір қарыстай қайрақ алып берді. Үйреншікті қимылмен сырылдатып жанып-жанып жібергенде пышақ қылпып шыға келді. Пышақтың өткірін ұнататын. Әкеден қалған әдет. Қой етін майымен араластыра жылдамдатып турап тастады.

Үй ішін әп сәтте тәбет ашар қуырылған пияздың, жас еттің, тағы басқа дәмдеуіштердің жұпар иісі алып кетті. Екеуінің де ойына алғаш отау құрып,

оңаша шыққандары, сол шағын ғана пәтердегі шаттыққа толы сәттері оралған. Сарматтың есіне келіншегінің алғаш түтін түтетіп, қазан көтерген тебіреністі сәті түскен. Мәрзияттың да көз алдына алғаш өз отбасы, өз отағасы үшін тамақ дайындауға кіріскен сәті келді. Сол тәтті тірлікті жалғастыра беруге болмас па еді! Бұйығы, қарапайым, бақытты күндер... Міне, мынау сол әсер! Сол сағыныш. Әлде ол қайта келді ме? Көктемдей қайта оралды ма? Мүмкін бе, мүмкін емес пе? Өмірде не болмайды?...

Сарматтың ойына Алматының «Горный Гиганты», ұйғыр шалдың ауласындағы жазғы үй оралды. Қырмызы екеуі дүкеннен барып шағын шойын қазан, екі бітелі «турист» деген газ плита, бес литрлік кішкентай баллон сатып алған. Сол қазанға піскен алғаш дәм. Мәре-сәре, жадырап отырып түстенгендері — дәл қазіргідей көз алдына келді. Артық дүние мүлік, жиһаз жоқ. Ақша пәтерге төлеуге, азық-түлікке жетсе болғаны. Бірақ, бұлар бақытты болатын. Иә, шексіз бақытты болатын! Ал, сосын не болып кетті. Дүние-байлық алға, бірінші кезекке шығып кетті ме? Сөйтті ғой. Бәрі сөйтті. Сосын бұлар да сол дүрмекке ілесті. Ілескен жоқ, тіпті, жүгірді. Дедектеп жүгірді! Ес-түссіз жүгірген соң, жығылды. Бұлар да, басқасы да... Мынау тұрған Мәрзият та, бұл да... Солай болғаны ма?...

Тамақ пісіруге әуелі ерекше қуанышпен кіріскен Мәрзияттың да әлдеқандай ой үстінде екені көрініп тұр. Бет-жүзіндегі манағы бір алаулаған қуаныш оты да сөнген. Ол бері бұрылды. Сарматқа қарады. Манағы қуанышты ол да іздегендей. Қайда? Қайда кеткен?..

Екеуі ой құрсауынан әрең құтылғандай. Қайта қуануға тырысты.

— Сонымен, қай тұсқа келдік? Өмірге қайта келдік, дедік пе?

— Иә, сіздің мына қуырдағыңыз кімді де болса, тірілтіп алар!

Мәрзият манағы бір жайнаған қалпын қайта тапты.

— Әуелі дәмін көрсеніңіші!

— Көрмей-ақ сезіп тұрмын!

Иісі бұрқыраған қызыл қуырдақты екеуі сүйсіне жеген.

— Енді бізді жау алмас! — деді, бойына ерекше күш біткенін сезінген Сармат: — Анам марқұм осындай сүйкімді бір тамақ жасап ұсынғанында, «Осыны жесең бәрідей боласың!» дейтін. Сондай болдық!

— Бәрідей болдым, деңізіші! — Мәрзият оның сөзін қуаттай күлді. — Мен сізге кездескенім үшін қуаныштымын. Өмірде жақсы адамдар көп қой. Сіз солардың бірісіз. Егер сіз келіп, арамызда түсіністік болмағанда, мен еңсемді тіктей алмас едім. Өзінді түсінетін адаммен әңгімелесудің жөні бөлек қой. Қазақтың азаматы — арқа сүйер, сенімді тұлға. Мен сізге қалтқысыз сендім, сырымды ақтардым. Сол үшін сізге көп рахмет, Сармат мырза!

— Жок, Мәрзият ханым, керісінше, сіз мені серпілттіңіз! Сондықтан, сізге рахмет! Сізбен танысып, әңгімелескелі мен тығырықтан шыққан тәріздімін.

— Әлі сенімді емессіз бе, неге «тәріздімін» дейсіз?

— Иә, әлі ойымды тиянақтауым керек.

— Оныңыз рас. Мен де дәл сондай жағдайдамын.

Даладан артынып-тартынып, аспаз бен үй сыпырушы кірген. Бұлармен амандасып олар әкелген азық-түлік, оны-мұныларын орын-орнына қоюға кірісіп кетті. Бір қызығы — орнынан тұрып, ас үйде тамақ ішіп отырған ханымға, оған қарсы әңгіме шертіп отырған күтушіге қарап таң қалған жоқ. Неге бұлай? Әлде, қызметтері сондай ма? Әлде, бүгінгінің адамдары сондай ма? Еш нәрсеге мән бермей ме? Сарматқа бұл жағы түсініксіз. Мәрзият та келгендерге үн қатқан жоқ. Ас қайырып, иек қакты:

— Жүріңіз, каминнің алдына барып отырайық.

Сармат каминдегі сөнуге таяған шоқ үстіне ағаш салып, креслоға отырды.

— Мені жұмыстан босатасыз ба?

— Жок. Біріншіден, сізді жұмысқа мен алған жоқпын ғой. Екіншіден, әңгімеміз әлі аяқталған жоқ.

— Солай екені солай.

— Енді не істеуіміз керек?

Сармат отқа карап, ойланып отырып қалған. Мәрзият абайлап бір қарады да, ештеңе деген жоқ. Ойын бөлмейін дегені. Әдебі. Ізеті. Адамды қабағынан ұғар, әр нәрсенің реті мен жөнін білер қазақылық. Осы қылықтың өзі ішін жылытқан.

— Біз — қазақ тым балажанбыз, мейірбанбыз.

— Ол кемшілік пе?

— Кемшілік деуге де болмас. Мүмкін адамның ең асыл қасиеті сол шығар. Туа бітті мінезіміз. Балажанбыз.

Екеуінің әңгімесі түн ортасы ауғанша таусылмады.

— Жок, Сармат мырза, әзір осы жұмысыңызда бола беріңіз. Өтінемін. Ал, әңгімемізді ертең ауладағы террасада, самауырынның шәйін ішіп отырып жалғастырайық, — деді, Мәрзият ұйқыға жатар алдында. Сармат бұл сөздің манағы бір әзірде қойған «мені жұмыстан босатасыз ба?» деген сұрағына нақты жауап екенін аңғарды. Не деген аңғарымпаздық! Кісі сұрағын жауапсыз қалдырмау... Құрмет қой бұл.

Алуан гүл қоршаған террасада иісін бұрқыратып самауырынның қою шайын алдына қойған Мәрзият Сарматқа сұраулы жүзбен қарады:

— Ал, әңгіменізді жалғастырыңыз.

— Мәрзият ханым, бұл менің неше жыл ойлаған, шиырлаған ойым ғой. Айта берсем, пәленбай кітапқа жүк болатын шығар.

— Ендеше, сіз, қорытып, қысқа қайырыңыз. Тоқ етерін айтыңыз.

— Тоқ етері сол, олар қандай болса да, өз балаларымыз, өз немерелеріміз. Бәрібір жүрегіміз езіліп жақсы көреміз. Қазақпыз. Олар да қазақ. Бізді мүлдем ұмытып, тастап кетпейді. Келісесіз бе?

— Қарсы айтар дауым жоқ. Түндегі әңгімеден кейін оларға деген сағынышым өрши түсті! Қазір жүгіріп кетуге даярмын. Түнімен түс көріп шықтым.

— Жүгіреміз. Жүгірмей қайтеміз? Ой-өріс, мінез-құлықтарында кемшіліктері болса, ол үшін өзіміз кінәліміз. Тәрбиеден қате жібердік. Өбектейміз деп, асыра сілтеп, бүлдірдік. Енді, аз-аздан, мысықтабандап сол қатемізді өзіміз түзетуіміз керек. Басқа жол жоқ. Қазақ тілін үйретеміз. Қазақтың салт-дәстүріне қызықтырамыз. Келісесіз бе?

— Иә...

— Жалпы, әрбір ата-әже немерелерінің тәрбиесіне қатысуы керек! Шет қалмауы керек. Келісесіз бе?

— Иә.

— Қазақ ішінде, үлкендер арасында соңғы жылдары «өзім үшін өмір сүремін» деп, немере бағудан қашқақтайындар шықты. Кәрілердің жас көрінгілері келеді. «Бала бағу — қартайтады» дейді. Табиғат заңдылығын кім жеңе алар? Әдемі қаратаямын десе бір сәрі. Бұл — біздің ой-санамызға мүлдем керіағар пікір. Өйтіп, жас көрініп, ешкім бақытты болма алмайды. Өмірдің мәні — тәрбиелі, өнегелі ұрпақ. Келісесіз бе?

— Иә. Келісемін. — Мәрзият кенет өңі алабұртып орнынан тұрды да, қайта отырды. — Мұндай да болады екен, а? Сіз «Өмірде бәрі болады екен ғой» дедіңіз кеше?... Солай демедіңіз бе?

— Иә, дедім.

— Мен сіздің бір де бір пікіріңізге қарсы болмадым. Рас па?

— Рас.

— Сондай бола ма?

— Болатын болғаны ғой...

Мәрзият тау басына көз тікті. Үлкен, тебіреністі ой үстінде отыр. Сарматқа ұзақ, сынай қарады да, жымия күліп кесесіне шай құйды.

— Ендеше, мен сізге жауабы қиын сұрақтар қоямын.

Оның өңінде құпия бір сыр бар секілді. Еркелей қарайтын сыңайлы ма?

— Қойыңыз. Рұқсат.

— Менің күйеуімнің жас әйелге кетіп қалуы, сіздің әйеліңіздің басқа ер адамға кетіп қалуына кім кінәлі?

— Бір себептен — өзіміз. Екіншіден — отбасында алған тәрбиелері.

— Сонда, біз де кінәліміз деп ойлайсыз ба?

— Әрине. Өзімізге жарқыларділі, көзқарасы, тәрбиесі жақынадамдарды тандауымыз керек еді. Біз солай істедік пе? Жок. Сырт кейіптеріне қарадық. Немесе, жұрттың сөзіне ердік. Жастық деген сол. Қате бастырады.

— Қазіргі жастар да қателесуі мүмкін бе?

— Әбден. Өмір дегеннің өзі қате басу, содан соң соны түзеу ме деймін, кейде. Сондай бір арпалыс...

— Біздің немерелеріміз де қателесуі мүмкін демексіз бе? Олар қателеспейтін үшін не істеу керек, сонда?

— Ата-әжелерінің тәрбиесі, ақыл-кеңесі керек!

— Көндім, Сармат мырза!.. Айтпақшы... Сіз атқа міне аласыз ба?

— Иә.

— Домбыра тарта аласыз ба?

— Әрине.

Мәрзият қуана қолын соғып жіберді.

— Күрестіңіз бе?

— Күреспейтін қазақ болмайды!

Бұл отырғандар осыдан бірер ай бұрынғы тұнжыраған, беттерін әжім торлаған, ұнжырғалары түскен, көздерінің нұры өшкен жандар емес еді. Екеуінің де көңілдері кірбіңнен тазарып, алдағы мақсаттарына аттануға даяр күйге енген. Қол сілтеп, тастап шыққан күш-қуаттары қайтадан бойларына құйлып орныққандай. Енді тек, іштей сол мақсаттарына асығатындай. Сармат өзіне Мәрзияттың көбірек сынай қарап отырғанын сезбей қалған жоқ. Бұрылса, ту сыртынан, қатар отырса, көзінің қиығымен қимылын аңдиды.

— Күн керемет! Бассейінге түсу керек сияқты, — дегенде «тағы бір сынағы ма?» деп, күлкісі келген. Ренжітіп алмауды ойлап, тиыла қойды.

— Мен суды өте жақсы көремін. Судың пайдасы көп қой. Мен өзі өзен жағасында өскен адаммын.

— Бақытты екенсіз!

Екеуі үйге кіріп суға түсер лыпаларын киіп қайта шықты. Ұзындығы жиырма, ені он метр бассейіннің суы жып-жылы екен. Екеуі жарыса жүзіп, сүнгіп, балаша асыр салып, біраздан кейін жағаға шыққан. Мәрзият қысылу-қымтырылуды қойып, тікелей сұраққа көшті.

- Сармат мырза, сіз шынымен алпыс бестесіз бе?
- Иә. Жасын жасыратын қыз емеспін ғой.
- Жас көрінесіз. Денеңіздің бұлшық еттері ойнап тұр!
- Спорт. Тұқым. Атам жетпіс жасында бала сүйген?
- Солай ма?
- Солай.
- Ғажап екен...
- Өзіңіз ше?
- Не, өзім?
- Неше жастасыз?
- Алпысқа шығамын.
- Мамандығыңыз?
- Сәулетші, сосын бишімін.
- Көрініп тұр.

Беті лап етіп қызарып, Мәрзият суға секіріп кетті. Шашын кейін сілкіп, біресе шалқалап, біресе бауырын суға төсеп жүзіп жүріп, күліп:

— Ал, сіз, Сармат мырза, ұятсызсыз. «Күтушімін» деп менің бүкіл денемді көріп алғансыз!..

— Болары — болды! Жұмыс сондай болды. Қысылмаңыз, мен ол уақытта еш нәрсені көрмейтін жан едім.

Төбеден төнген күннен жасқанып, көзін жұмып, шалқалай жүзген ханымға Сармат аялай қарап қалды.

* * *

Жатар алдында екеуі тыныстау үшін екінші қабаттағы кең терассаға шығып, ту биіктен сорғалап аққан жұлдыздарға, тау шыңдарын айналып ұшқан самолеттерге қарап, қызықтаған.

— Мына самолеттер талай адамды армандарына қарай алып ұшып бара жатыр ғой, ә? Бақытын іздеп жер-дүниені шарлаған адамдар.

— Армансыз адам болмайды.

— Сіздің не арманыңыз бар? Отбасын айтпағанда...

— О-о-о, арман ба? Арман жетерлік. Мысалы, бұрын аттары аталмаған, тарихта болған бірқатар сұлтандар, би-шешендер туралы жиған материалдарым бар. Кейбірі, тіпті, сенсациялық жаңалықтар. Соларды реттеп, кітап етіп шығару — бір арман!

— Шынымен, сенсациялық па?

— Иә.

Кенет оң жақтағы шырша басы сытыр-сытыр етті. «Ой» деп шошынған Мәрзият Сарматтың құшағына тығыла кеткен. Сөйткенше, жоғарыдан жерге салақұлаш қар барысы ыршып түсіп, отты жанарын жан-жаққа тігіп, жиырылып, секіруге дайындала берді. Шырша жақтан тағы сатыр-сұтыр бұтақтардың дыбысы естілді. Барыс сол бағытқа оқша атылды да, сәлден кейін айнала тып-тыныш бола қалды.

— Бұл не ғажап?! Қар барысы ма? — деп, қорыққаннан қаны тартылып, бота көздері бұрынғысынан да үлкейіп кеткен Мәрзият Сарматқа қараған.

— Иә, дәл айттыңыз. Қар барысы! Ұрғашысын күтіп, өткізіп жіберді де соңынан өзі кетті!

Сармат болған оқиғаға қуанғандай қалыпта тұр еді.

— Шынымды айтсам, аң біткеннің ішінде осы қар барыстарын өте жақсы көремін! Ылғи шың басында, қар басқан құздарда жүреді. Қандай епті, батыл

десеңші! Тамағын адал еңбегінің арқасында, жемтігімен бірге құлап, тау-мен тасқа соғылып барып жейді!

Есін жиған Мәрзият Сарматтың қатты тебіреніп тұрғанына таңдана қараған. Ол сөзін жалғай берді:

— Қандай тәккәппар және мәрт жыртқыш десеңізші?! Қимылы, қозғалысы қандай салтанатты! Жаңа қауіпті өткелден қаншығын қорғап, өткізіп жіберіп, өзі сосын кетті!

— Сонау шын басынан олар мына жерге қалай келді?

— Мәрзият, барысты көру бақыт емес пе? Қуанбайсыз ба?!

— Сөз жоқ. Өте әдемі! Қалай секірді, ә? Жалт етіп бір қарағандай болды.

— Сіздей сұлу әйелді күнде көріп жүр дейсіз бе? Әрине, қарайды!

Екеуі күліп, езулерін жиып үлгерместен, айналаны гүрілдегендей қатты дыбыс алып бара жатты. Үй теңселе жөнелді.

— Жер сілкінді! — деп Сармат бір қолымен Мәрзиятты құшақтап, екінші қолымен террасаның жактауынан ұстаған. Жер бірер минут теңселіп барып басылды.

Сарматтың құшағында тұрған Мәрзият сықылықтап күліп жіберді.

— Неге күлдіңіз?

— Тау басынан барыс түспесе, жер сілкінбесе сіз мені құшақтамас едіңіз. Қолыңыз қандай қатты еді? Қарысып қалған ба, жіберіңіз енді!

Қалай, батыр, қорықтыңыз ба? Қорықпаңыз! Бұл үй менің өз жобам бойынша салынған! Он бес, жиырма балл болмаса, құламайды!

Әсершіл Сармат тебіреніс үстінде тұрған. Әлгіндей оқиғаларға куә болғанына риза, қуанышты.

— Қорықтым, әрине. Әсіресе, сіз үшін қорықтым... Барыстар жер сілкінерін сезіп төмен түскен болды. Сонда да, басқа үйге бармай, осы үйге келгенін қарасаңшы. Бізге көрініп тұр! Жақсылыққа! Жер жарықтық та жабырқаған бізді бір сілкіп алайын деген ғой! Сілкінбеске, жанғырмасқа шара жоқ!

Таңға таяу, таудан салқын леп молынан сокқанда ғана бөлмелеріне кеткен екеуі әдеттегіден ұзағырақ ұйықтап оянған. Жуынып-шайынып, өз ара келіспесе де сәнді киініп, ас үйде жолықты. Мәрзияттың баптап демдеген кою шәйін ала бергендері сол еді. Осы сәт даладан қарлығаштың қыз күлкісіндей сыңғыр-сыңғыр еткен үні естілді. Екеуі жалт-жалт қарасып, елең етісті де, іле орындарынан тұрып, жедел сыртқа шықты. Көктем күшіне әбден еніп, ауа бас айналдырардай жұпар шашып тұр екен. Албырап, бабына жеткен көктем гүл жарған гүлзар бағы мен саумал ауасын аптап ыстықты жаз құшағына енді бергелі тұрған мамыражай сәт. Екі қарлығаш тынбай сайраған күйлері екінші қабаттағы ашық террасаға зып-зып кіріп-шығып жүр.

— Жақсылықтың нышаны! — деді Сармат, тебіреніп.

— Келіпті! Бақыт құстары... оралыпты... Келмей кетіп еді...

Мәрзият көмейіне тығылған қуаныш жасына тұншыққандай, ақырын, құмыға сөйледі. Бота көздеріне мөлт етіп жас келді.

— Әрине, келеді. Әрине, оралады. Сіздей перизатқа бақыт құсы неге келмесін?!

Сәл алда тұрған Мәрзият шегіне беріп, көз жасын көрсетпейін дегендей Сарматтың иығына басын қойды. Ол дәл жандарынан сықылықтай, зу-зу ұшқан аса сезімтал, бейкүнә құстарды үркітіп алмастай ақырын қимылдап, ханымды еппен құшақтаған. Алғаусыз сезім мен сенімді сағынған, риясыз қамқорлықты ансаған нәзік жан қалтырап тұр екен.

Көкшетау қаласы



Айгүл
ЖҰБАНЫШ

ҚОРАДА ҚАЛҒАН ҚАЗЫНА

...Анау шыңды көріп тұрсыз ба? Иә, иә, алыстан көз тартатын тауды айтамын. Бұл — Боқтыбай. Осы қоңыр қыраттың бауырында қарапайым тіршілік кешіп жатқан аядай ауыл бар. Біздің ауыл. Осы жерде атам атын суарып, анам талай бұлақ суын ішкен...*

Боқтыбай жиі түсіме кіреді. Бәлкім ерке Есілге елітіп, қырда өткізген қызықты сәттерді ұмытуға айналған болармын. Бәлкім, түсіме жиі енетін тау емес, тау кейпіндегі әжем болар, ә?!...

..Алдымен күн күркіреді. Әп-сәтте аспандағы ақшаңқан бұлттар легі әлденеден үріккендей, шығысқа қарай жөңкіле көшті. Олардың орнына шабар жаудай түнерген қара бұлттар «қоныстанды».

— Алда пақыр-ай, үлгере алмаймыз-ау енді. Ат шаптырым жер қалғанда жауын жауып, мына жаманды тоңдырып алмасам болар еді?! — Шөкімдей қара кемпір иығындағы қанар қапты жерге қойды. Содан соң оң қолын жоғары көтере аспанға көз салып, аз-кем кідірді де:

— Апыр-ай, а, мынау түнерген жаман немерелердің ұршықша иіріліп тұрып алғанын қарашы?! Жауар ма екен, әлде желмен ары ығысып кетер ме екен?.. — деді.

Әжем әлдене жоғалтып алған адамдай аспанға тесірейіп ұзақ қарады.

— Жауғаның жақсы еді, бірақ ауылдан әудем жерге ұзап кеткен соң баламды жауратып аламын ба деп қорқып тұрғаным.

Ауылда біраз уақыттан бері жауын жаумай, жер «шөлдеп», кенезесі кеуіп тұрғаны рас. Дегенмен біресе аспанға, біресе маған қарап абыржып, өз-өзінен күбірлей сөйлеп тұрған әжемнің әрекетіне күлкім келді. Әжем күлкі қысып тұрған бетіме бажайлай қарап:

— Неменеге ыржалақтайсың? — деп ашуланып қанарын иығына сала бергені сол еді, андаусызда қап қолынан шығып кетіп, тезегі жерге төгілді.

— Алда пақыр-ай! Енді қайттік?!

Ол шып-шып терлеген мандайын жаулығының ұшымен сұртті де күн мен желге әбден қақталған тезекті жинап, қайыра қапқа сала бастады. Әжеме көмектесіп отырып, жүзіне көзім түсті. Әжемнің жүзі күн көзінен қарайып, тотығып кетіпті. Оның үстіне өңін өрмекші торындай әжім айғыздаған. Құлағынан төменге қарай құдилаған әжім жолақтары иек тұсына келгенде жыландай ирелендей шиырланып жатыр. Айғызданған өңіне қарасаңыз, құдды бір жас суретші кенепке майлы бояумен сурет салуды үйреніп жүр ме екен дерсіз..?

— Әже, осы тезекті қыр аспай-ақ, сай-сала жағаламай-ақ үй маңынан теруге болатын еді ғой.

Әжем мырс етті. Бойжетіп келе жатқанымды сездіргім келді ме, әлде күнге күйіп, қарайып кеткен әжемді аядым ба, әйтеуір өзімше «ақыл» айтуға көштім.

— Әбден қартайып кетіпсіз.

Әжем аузы ашылып, аңырайып қарап қалды.

— Күн көзінде жүре бермей, тынығып, крем жағып, иіс су себіңіз. Менің де крем жағуым керек, әйтпесе қартайып кетемін.

Күліп жіберді. Тіпті ұзақ күлді. Көзінен жас шыққанын көріп, күлгенін не жылағанын түсіне алмадым. Бір аңғарғаным, күлгенде бетіндегі әжімі жазыла түскендей көрінеді.

— Әй, ботам-ай, баламысың деген...

— Сосын күліп жүріңізші, жасарып кетерсіз, — дедім және.

Екеуміздің шашылған тезекті жинап болғанымызды күтіп тұрғандай, күн көзін ысырып, жайлы орынға қонақтаған қара бұлттан жаңбыр сіркірей бастады.

— Е-е-е, жауынның жауғаны жақсы, Жер-Ана да шөлдеген шығар... Айналайын, жылдамдат, анау жол бойындағы көпірді көріп тұрсың ба, сол жерді паналайық.

Екеуміз жаңбырдан қашып, көпір астына «тығылдық». Жауын төпелей түсті. Үстіне жабысқан шөп-шаламды қағып, әжем тізе бүкті. Отырысының өзі бөлек-тін. Дүниеде өсек-аянды білмейтін, қулық-сұмдықтан ада, жаны да, тәні де таза әйел бар болса, онда ол менің әжем дер едім. Үстіне қылау тигізбей, таза жүретініне, сүттей аппақ орамалын басынан тастамайтын әдетіне көпшілік тандай қағысатын. Ал әжемнің шоққа пісірген нанының тәтті дәмін ешқашан ұмытпаспын-ау...

— Әже-әу.

— Әу, жарығым?

— Ауылыңызды сағындыңыз ба?

— Тек әрі, кемпірде ауыл бола ма?

— Туған жеріңізді деймін...

— Е-е, 17 жасымда басыма ақ жаулық тақтым, ана атандым. Қазір, міне, әжемін... Боктыбайдың баурайындағы *Бершүгірде** ғұмырым өтті... Сен де бір қай-жайдағыны сөз етіп...

— Әже, осы таудың аты неге Боктыбай деп аталған?

— Ел басына қиын күн туғанда қазақтың батырлары атқа қонған. Олардың максаты — елін, жерін жаудан қорғау. Үлкендердің айтуынша, Боктыбай да алып тұлғалы, ержүрек болыпты. Боктыбай батыр мен оның ержүрек баласы туралы мынадай аңыз бар. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» Мұғалжар тауларын мекендеген халықты да айналып өтпеген. Еліне жақындаған жау қарасын Боктыбай батыр Мұғалжар тауының етегіне жапсарлас орналасқан бір кішкене таудың бойында күтіп алады. Бірнеше күнгі қырғын шайқаста ол жауды жеңіп, еліне жеңіспен оралады. Боктыбай батырды соғысу арқылы жеңе алмайтынын білген қарсыластары айлакерлік тәсілге көшеді. Жау қолбасшысы өз әскерінен өнді, шешен тілді жігітті іздестіреді. Өйткені Боктыбай батырдың күн десе көзі, ай десе аузы бар сұлу қызы болған екен. Жау өздерінің жоспарын батырдың қызы арқылы жүзеге асырғылары келеді. Сымбатты жігіт Боктыбайдың қызымен бұлақ басында танысып, онымен бірнеше күн кездесіп, ақыры өзіне ғашық етеді. Сөйтіп «қос ғашық» елден қашпаққа бел буады. Махаббат буына мас болған қыз жігіттің айтуымен әкесін өлтіреді. Кейін жау ол қызды да ажал құштырады. Батырдың көзін құртқан жоңғар тобы Боктыбай жеріне қарай аяндайды. Бірақ батырдың ұлы оның киімін киіп, жауды қанмен жусатып, қырып салады. Өзі де жеті жерден жарақат алады. Соңында батыр бала әкесінің мүрдесі жатқан үйге барып, «Әкежан, жаудан кегің қайтты» дейді де қаракер атының үстінде жан тапсырыпты. Қос батырдан бірдей айырылған халық егіледі. Жылағанмен олардың қайтып келмесі анық. Осылайша кейінгі ұрпаққа үлгі болар деген ниетпен екі батырды Мұғалжар тауының етегіндегі

тауға, басына Боктыбай батырды, сәл төменірек баласын жерлепті дейді. ...Ал осы Боктыбай, Мұғалжар тауының бойында Бершүгір деген би өмір сүрген деседі. Ауыл аты сол бидің құрметіне орай аталған екен. Бұл да аңыз ғой енді, қарағым.

— Қызық екен...

...Жанбыр ұзақ жауды. Су ансап, топырақ астында бауырын көтере алмай, белі майысып, бой жаза алмай жатқан көк майса шөп бас көтеріп, төңірекке жұпарын шашты. Бұлт пердесін ысырып, Күн де шықты жымындай. Аспанды «жылатып» алған қара құрым бұлт енді көшін шығысқа қарай бұрды.

— Әй, бәрекедді!

Осы бір көрініске сүйсінген әжем де сезімін жасыра алмады. Жерден бір үзім жусан алып:

— Әй, жарықтықтың исін-ай! Қарғам-ау, маған крем, иіс судың не қажеті бар? Даланың ғажап жұпарына әлгі духи-сухиң жете қоймас! — деді.

Әжем қапты арқалай алға түсті. Мен әр қадамымды санап, ізінен ілби басып еріп келемін. Әжемнің бойы бір қарыс болғанымен, бойында қара нардың күші бардай. Таң анау қырдан енді көріне бастағанда тірлік қамымен сылп-сылп жүретін ол күннің табаны тайғанап, тау тасалағаннан кейін бір-ақ бел жазады. Қалай шаршамайды? Үйдегілердің басы жастыққа тиіп, көздері ілініп, тәтті түс көріп жатса, ол сандығын жинап отырады. Әжемнің сандығы ерекше. Үлкен. Сандықтың сыртындағы былғарыға қошқар мүйіз, қос мүйіз сияқты түрлі ою-өрнектер жүргізілген. Ал іші... Ішінде адам жанынан басқаның бәрі бар. Әжем сандығын ақтарғанда мен қалай ұйықтайын?

— Кебін, қалампыр, сабын, бір әшмөңке шай... Бұларды сандықтың астыңғы жағына қояйын.

— Әже, мына шайды неге сандықта сақтап жүрсіз? Өзіңіз ішпейсіз бе?

— Е-е-е, бұл шайдың барар жері бар. Уақыты келіп, сандықты ашқанда, келгендерге осы әшмөңке шайды бөліп беріндер, үйлеріне барып, мені есіне алады ғой...

Сандықтың ішіндегі тәттілерге көз салып отырып, әжемнің айтқандарына аса мән бермедім.

— Мына алтынды бөлек салайын, күміс пен алтынды бірге салуға болмайды дей ме?

— Неге, әже?

— Алтын күмісті жеп қояды екен.

Әжем маған көзін сығырайта қарап, жымия күліп алды.

Сандықтың астыңғы бөлігіне тон, күртешелерді жинап, оның үстіне шапан-камзол, орамал-жаулықтарын салды. Содан кейін...

— Кәне, қалағаныңды ала ғой, жарығым... — дейді.

Менің күтіп отырғаным осы ғой. Кәмпит, пешеней, өрік-мейіз, дәндер... Әжем кіл тәттіні сандық бетіне салып, құлыптап, кілтін шашына байлайды.

— Осы сандықты кім ойлап тапқан?

— Нақты білмеймін, алтыным, жалпы сандық ежелгі Мысыр перғауынының қабірінен табылыпты... Аңыз ғой енді...

Ұйқыдан талмаусырап жатқан мені әжем бауырына басып: «Ұйықтай ғой, балапаным, білгің келетін нәрсе көп, бірақ ұйқы тәттілігін қоймайды» деп көрпемді жабады.

— Иә, әже, кірпіктерім бір-біріне жабысып жатыр.

Сірә, сөйлеп жатып, ұйықтап кетсем керек, өріске жиналған мал дауысынан ояндым. Қозысын қимаған қой, лағына еміренген ешкі, мөңіреген бұзау, тұр-тұрлаған әтеш үні төсегімнен «жұлып» алды. Әжем әдеттегідей тіршілік қамына кіріскен.

... Қызыл көйлек киіп, айна алдын «төңіректеуді» әдетке айналдырдым. Мен бойжеттім, әжемнің әжімі қалындай түсті. Екеуіміздің арамыз біртүрлі алыстап бара жатқандай сезілді.

* * *

...Қалаға көпке дейін үйренісе алмадым. Мұндағы түрі ұқсас болғанымен, тілі бөлек қазақтардың жүздері суық көрінетін. Келе-келе оған да етіміз үйренді ғой. Ауылдан аса қатты алыс болмаса да, тау төңірегінен шығып көрмеген маған қала тірлігі әу дегеннен ұнай қоймады. Оңашада талай рет жастығымды жасқа шылағаным есімде. Боктыбай баурайында жүрген әжем де мені ойлап, қамығып жаулығының шетімен жанарын жиі сүртеді екен. Оны кейін анам айтты.

Демалыста ауылға келдім. Әжем қарынға салған майының шетін омыра кертіп, ыдысқа үймелете толтырды, қазы-қартасын, сандығындағы мені сағындырған тәттілерін де алдыма тосты.

— Шидіп қалыпсың. Қарның аш шығар, ет же, айран іш!

— Әже, қалаға барған соң, сізді тағы да сағынатын болдым ғой.

Әжем ойланып қалды.

— Сол қалаңа бармай-ақ қойсаң қайтеді, ә?!

Енді мен ойланып қалдым.

— Болмайды, әже, диплом керек қой.

— Шекебайдың қызы сияқты екі айлық аспаздың мамандығын оқып алсаң, киыршық тас зауытының біріне орналасар едің.

— Жоқ, әже, жоғары оқу орнын бітірген соң, жұмысқа тұрып, қаладан үй аламын.

— Сосын?

— Сосын сені қасыма алып кетемін. Жоғары қабаттағы үйдің балконынан қарап отырасың.

— Жоғары қабат дейсің бе? Оған мініп-түсудің өзі оңай болмас қарағым, қазір бұрынғыдай емес, аяғым сырқырайды.

— Жаяу жүрмейсің ғой, әже, лифті бар.

— Пипті дейсің бе? Ол не бәле тағы?

— Лифті деймін, әже? Жоғары қабатқа ды-ы-ыр еткізіп шығаратын жедел саты ғой.

— А-а-а, ондайы да бар ма еді? Маған салса, өз үйіме жетер ештеңе жоқ.

— Әже, ішінде әжетханасы мен ваннасы бар көпқабатты үй ғой.

— Айналайын, төрт қабырғаңа барып, телміріп отыра алмаймын. Әнәу Үкімет те қызық, қазақтың жері кең ғой, даладай-даладай қылып қалалықтарға жер үй салса болмас па екен?! Бір-біріне мінгестіріп, қуықтай-қуықтай етпей...

Ақыры әжем екеуміз ауыл мен қала үшін «дауласып» тындық. Әжемнің ашуы басылғанша далаға шығуды жөн көрдім. Түп-тұнық аспанда жымындаған жұлдыздарға көзім түсті. Құдды бір шашып тастаған лағыл тастай, жақұт моншақтай, ал түн төсінде тербелген аппақ Ай сұлудың діріл қаққан нәзік бұғағына сәулесін түсірген сынық сырға тәрізді.

Жаныма жеңешем келді. Екеуміз өткен-кеткенді айтып, біраз әңгімелестік.

— Сары қыз, саған айтар өгінішіміз бар.

— Құлағым сізде, жеңеше.

— Жакында үй жөндетіп, ішіне жана жиһаздар алғалы отырмыз. Әжеңе айтып, ескі сандықты сарайға шығартып берші. Үйдің ажарын кетіреді, өзін түсінесің ғой.

— Әжеме өздеріңіз неге айтпайсыздар?

— Әжеңе айтуға батылымыз жетпейді.

Жеңешем күлген сыңай танытты... Түн әдемі болғанымен, жаурап үлгердім. Үйге кіргенде әжем әдеттегідей сандығын ақтарып отыр екен. Орамалда түйген алтын-күмістерін көзім шалды.

— Мынау менің жас кезімде таққан сақинам, — деді әжем. — Таза күмістен соғылған. Әкем марқұм заманында бір құнажын беріп зергерге жасатқан-ды. Көзімдей көрерсін...

Әжемді құшақтай алдым. Ол әдетінше менің бетімнен, маңдайымнан,

көзімнен сүйді. Сандық аузын жауып болған соң, үстіне көрпелерді жинауға кірісті.

— Мына құрақ көрпелерді саған арнап құрадым.

— Әй, әже, маған құрақ көрпе керек емес.

— Олай деме, қызым, құрақ көрпе — қазақтың құндылығы. Құрақтай болып құралып, көбейіндер деген мағына ғой бұл.

— Айтпақшы, әже, ертең женешем екеуміз үй әктейміз. Мына ескі сандықтың не керегі бар? Қораға шығарып тастайықшы?

Әжем жалт қарады. Түрі өзгеріп, қабағы лезде қатуланып кетті. Ренжітіп алғанымды сездім. Онымды жуып-шаймақ болдым.

— Әже, үйді жөндегелі жатыр екен, жаңа жиһаз алады дегендей. Қазір сандықтың әдемі түрлері көп қой. Орнына жаңасын алып берейік. Болмаса, мына заманда сандықтың не керегі бар?!

— Тек әрі!

Әжемнің үні қатқыл шықты.

— «Қарты бар үйдің қазынасы бар» дейді қазақ. Қазақ әйелінің қазынасы осы — сандықта. Сандық құт-берекенің қамбасы, ырыс пен несібенің қазаны. Сандығы жоқ үйде береке болмайды! Мен тірі тұрғанда бұған тиісуші болмаңдар!

...Көп ұзамай қалаға жолға жиналдым. Оны-мұнымды жинастырып жүрген әжем:

— Мен жоқта сандығымды өзің аларсың... — деді.

— Бір жаққа барасыз ба?

— Иә, жақында кетемін...

— ...

Бұл алтындай әжем екеуміздің арамыздағы соңғы кездесу, соңғы тіл қатысу екенін мен сонда сезбеппін...

...Арада бір апта уақыт өтпей әжем келместің кемесіне мініп, алыс сапарға аттанды. Өмірі «ауырдым» деп көрмеген ғазиз жан ұйықтаған күйі мәңгілік мекеніне жол тартыпты.

Әжем менің... Ақырғы аманаты — сандықта сақтаған алтын-күмісі мен жағалы киімдерін, қымбат бағалы мақта-маталарын қыз-келіндеріне жинаған екен. Заманауи жиһазға қызыққан женешем екеуміз көненің көзіндей болған сандықты әжемнің ақырғы сәтінде бағалай алмағанымыз өкінішке ұласарын сездік пе...

* * *

Білім алып, бойжетіп, өмірдің ағынымен Боктыбайдан Есілге келдім. Ерке Есілдің сылаң қаққаны сұлу боп көрінгенімен, мен үшін Боктыбайдың орны бір шоғыр!

...Қызыл інірде Ай ұясынан шыққан соң, Боктыбайдың баурайындағы алқызыл гүл біткен желмен тербеліп тұрған болар! Қазір Боктыбай жиі түсіме кіреді. Бәлкім, түсіме жиі енетін тау емес, тау кейпіндегі әжем болар, ә?!...

...Жазда ауылға бардым. Женешем үйді хан сарайындай түрлендіріп, жөндеп алыпты. Іші кірсе, шыққысыз. Әжемнің бөлмесіне кіргенімде сандығының орны бос тұр екен. Көзіме еріксіз жас тығылды... Мұны байқаған женешем: «Әжең кеткен соң, сандығын қораға шығарып қойдық. Қанша дегенмен ескі зат қой. Бірақ әлі сол қалпында тұр. Аламын десең, ала бер» деді. Несиеге алған құрқылтайдың ұясындай пәтерімнің қай бұрышына әжемнің аманат сандығын орналастырамын деп түнімен дөңбекшіп шықтым...

**Боктыбай — Мұғалжар тауының оңтүстігіндегі ең биік шоқы (657 м). Ақтөбе облысы Шалқар ауданы, Біршоғыр станциясынан батысқа қарай 17 км жерде орналасқан.*

**Бершүгір — Ақтөбе облысы Шалқар ауданындағы станция.*

*Дикаят***Бейбіт
БӨЖЕН**

ТАРҒЫЛ ТАҒДЫР

I

Төртбақ денелі Әміре қажының Жүнісі тақымындағы сұлының алқабына жайылып семірген жортақ көкбуырылды бірапта бұрын үйірден ұстап, қолтығы жазылып, шабы сабындалып көпіргенше аяндап, ара-тұра бұлкекке салып әбден сілесін қатырып ащы терін алған. Сілетінің бойындағы Қарасытырда отырған отауының алдына өскен жалғыз даракқа шылбырын қысқа қайырып күрмеп байлап, төсінің тері кепкенше танапырған. Дөненінің іш құмалағын онай түсіргеніне мәз боп жүріп тұяғынан аса бастаған майтабанын ақ етіне жеткізбей тәптіштеп бәкісімен сырып кескен. Жүрдек көк буырыл аяңшыл, құлағының түбінен тері шыққаннан кейін ауыздыққа бой бермей қоятын әдеті бар. Жол жортаңына салғанда анау-мынау шоқақтап шапқан тайларға да ілестірмейтін. Жүністің жүздегі бес жыл бұрын іштегі Ноғайсібір жақтан қан аламын деп жымын білдірмей әкелген кереге жал жирен айғырдың тұқымы. Қазақ арасында үйірлеп жылқы ұрлау барымта саналса да, аузы жеңілдерге ауызбастырық үшін сырымта беріп құтылатын ежелгі әдет. Малынан айырылғандар да із кесіп баса-көктеп келмей, сөз бен аяқ ізі басылғаннан кейін өздері әпербақан жігіттерін жіберіп, жылқы алдырып, есе қайтарып, қармыжысын жібермейтін. Ал Әміренің ұлдары Жүніс пен Қажакат ондай тірліктен аулақ, түмен жылқы айдамаса да мыңғырған мыңның иесі. Бірақ басқа ауылдардың мырзаларындай жігіттерін барымтаға жіберген емес. Олар жылқының санына бас ауыртпайды, сапасына көңіл бөлетін. Әсіресе Жүністің басқа жерден жүйрік көрсе, амалын тауып соны әкеліп қорасына байлағанша, тағат таппайтын көрсеқызарлығы бар және жылқы ұрлаудың небір адам миына қонбайтын тәсілдерін білетін. Ноғайсібірдің бір мұжығы шығарып берген жирен айғырды алып келгенде, талайлар ағыны адамды атымен аударып алып кететін асау Ертістен қалай өткіздің деп сұраған.

— Оның түк қиындығы жоқ. Өзен жиегіндегі құлашым жетпейтін бір көктеректі балталап құлаттым да, бұтақтап, астымдағы атым мен жиренді қысқа байлап, суға ағызып жібердім. Бергі жағаға ағын өзі алып шықты. Ал із кескендер Ертіске жетіп, сақалдарын сипап кері кеткен шығар, — деп рахаттана күлген.

Жирен атты алып келген күні ұзын қыл арқанды қазанға ұзақ қайнатқан да, ыстық күйінде қолды болған атты шандып матап, орап тастаған. Біраз уақыттан кейін арқанды шешіп алып, қараңғыға байлап қойған. Қаз қайтқан маусымда әкелген жирен ат қымызмұрындық шыққан уақытта кейбір жерінің түгі түсіп, орнына ақ-көк түктер пайда болып, шұбарланып сары буырылға

айналып шыға келген. Ол оны бәйгеге қосып, атымды шығарамын деп емес, биеге қосып қан аламын деп дәмеленген. Түпкі ойы көктеп, бір жылдан кейін сары буырылдан шыққан көк биесі көк буырыл құлын туған. Жүрдек болар түлікті пошымынан танитын Жүніс көк буырыл құлынды енесінің уызына жарытып, жілігінің кемігі толып, құнан асқанда үйірден ұстап үйреткен. Жорға шығарамын деп көк мұзға салған, алагеуім кешкі шақта көлеңкесімен жарыстырған. Алайда ол ойынан түк шықпай, көк буырыл әкесі құсап жортанынан танбаған. Өз жылқыларына қарағанда әр мүшесі салалы, көп ішінен бірінші болып көзге түсетін биік дөнен талай түн басын шылбырға сүйеп мүлгіген. Содан бері ол өзінің ұзақ жолға мінетін жан серігіне айналған.

Әр жерде отау көтерген жатақ ауылда көк буырылды шалғай жолға дайындап, шалт қимылдап жүргенін шымыр денелі інісі Қажақат бірден аңғарған. Одан кейін «ағамның көз құртын жеген айналада қандай жүйрік бар еді» деп ойлағанда миына Бұланбайды жайлаған Мұса мырзаның қарагері сап ете қалған. Өздері де осал тұқым емес, Мұса да халқына мырза атанған жомарт жан. Он мың жылқысын он қосқа бөлгенмен, әрбірінің басына қарауыл қойғызбай, сүтті жуасы жылқыға жемдей жұғысты жайлауда оттағанда жылқышыларға қайыртпай еркіне жіберуді қазықтай қадап тұрып тапсыратын. Оның ауылында тұрмыстан тарылып жұтаған жан да жоқ. Жұртының ең әлсізі тебінде шашасы қиылып жылқы жығылған жұт болды деген қыстың өзінен жұпыны шықпайтын, ұзынсарыда жамбас еттен ұзын қанаттап бітеу жалғап кескен жаяларын асып, Мұсаны арнайы шақырып жамағайынымен қонақ қылатын. Мұса — мінезге де бай, көршісінің көзі соқыр болса, бір көзін жұмып жүретін адам, қолы да ашық, көңілге де мырза. Жұтаған ауылдастары болса, сусының мен соғымың болар деп тайымен қосақтап буаз бие атайтын. Ал жылқышыларына қарайласқаны былай тұрсын, еркелетіп ұстайтын. Содан болар төрт маусым бойы тұяқтыларының күйін күйттеген олардың ауыздарын ақ пен қызылдан айырып көрген емес. Жалғыз талабы — адалдық. Пейілдері шын болса, оның да пейілі кең жайлау.

Қысқа тонды, ықшам киінген Жүніс көк буырылдың мінер жақ қанжығасына ұзын құрығын байлады да, шідердің тиегін жонып отырған жылқышысы жырынды Бақанға қарап қазанүй жаққа қарай көзін алартты. Мырзаның ойын ауыз аштырмай ишарасынан танитын ол түнде жауған ұлпа қарды саптамасымен ғырт-ғырт еткізіп, сарша тамызда бөтегесі балдыр ішіндегі тұқыға тойып семірген барылдауық қоңыр үйректей балпандай жөнелді. Көп күттірмей шағын дорбаны әкеліп көк буырылға салынған шеге қағылмай жасалған жеңіл шаппа ердің қайыс таспадан тағылған он қанжығасына, ал екі жемқапты өзінің еріне байлады. Осы кезде анадайдан сырттай бақылап тұрған Қажақат жақындап келгенін олар байқамаған.

— Иә, жол болсын! Тағы кімді қан қақсатқалы кетіп барасындар? — деді ол жұлып алғандай рахаттана кеңкілдей күліп.

— Атаң Бекболат, әкең Әміре қажының баласы болсаң, сен білмей тұрған шығарсың осы, — деді Жүніс інісіне бұрылып кейіс танытып. Сөзінің бір қайнауы ішінде бүгілді.

Жүністің мензегені інісінің әкелерінен жұққан көріпкелдік қасиеті еді. Қажақат ағасының әр басқан қадамынан-ақ не тірлік жасағалы жүргенін айтпай танитын.

— Ішің сезіп тұрған шығар, — деген сосын Жүніс.

— Басқасы басқа, көзің Мұсаның қарагеріне түскені анық боп тұр ғой, ағасы, — деген сырын алдырған Қажақат.

— Мұса шынымен мырза болса, тегіне тартқан тектілігін танытар. Бір жүйрікке бола кектенбес. Он қосының ішінен одан асқан ат табылар. Ал былтыр Көкшедегі бәйгеде жетпіс атты шаң қаптырып, қозы көш жер артқа

тастап көмбені шаңдатып өткен қарагердің бітімі бөлек. Қысқа да жуан мойын түліктің белі де мықты екен. Бір күн бұрын жіберген жерден алқынбай келу анау-мынау аттың бабына да, бағына да арман ғой. Шіркін, соны бір тақымға бассам. Арағайындықты көлденең тартып сұрап барсам, Мұсаның шылбырын қолыма ұстата қоюы кәдік. Амал жоқ, — деп күмілжіген Жүніс Бақанға кеттік деп иек қаққаны сол екен, әншейінде аяғын ауыр басатын жылқышы жеңіл қимылдап ақ-көк атқа қарғып мінді. Екеуі уақыт өлтірмей Бұланбай жақты бетке алып жүріп кетті.

* * *

Мырза Мұса Бапан отырған қосқа бүгін таңертең келгенде алдынан қарагер айғыр үйірден бөлініп шауып келіп қарсы алған. Жанына бөтен адам жолатпайтын ақылды жануар келген бетте Мұсаны иіскеп оқыранып, күпсек қарды борандатып тарпыған да, құйрығын тік көтеріп үйіріне қарай қайта шапқан. Құдды бір қуанған бала тәрізді. Бұл оның Мұса мен Бапанға ғана көрсететін қылығы еді, басқа адамды өзі түгілі үйірге де жолатпайды. Салалы саусақтарын батырып жалының астынан сипағанда Мұсаның алақанына жуан мойнының жал майы толғаны байқалған, одан кейін маса қонса тайып жығылардай, бір кесе су сиярдай жарылып тұрған жаясын көріп көңіліне көктем орнаған. Оң құлағына батырмай ойып салған ойық еңі көзге бірден шалынбайды. Алтай-Қарпықтан тараған Ермек бабаларының көтерем ешкіні отыз күнде көтеріп, екінші он бес күнде қазы бітіретін шүйгін шөпті Бұланбай даласын қоныс қылғанына іштей разылық танытқан. Өзінен ботақұрсақ кіші, қысы-жазы қазанның түп күйесіндей боп жүретін жылқышы Бапанға еріп қосқа кіріп, саптамасын тартқызып, қалың сырмасын¹ шешіп дастарханға жайғасқан. Қызыл күреңденіп шыққан қою шайға шақпақ қант шағып ішіп, шөлін әбден қандырғаннан кейін костарын аралауға қамданған. Бұл Мұсаның ай сайынғы әдеті. Осылайша ит-құсқа таланған жабағы-тайларды, айғыр шайнап тастаған сәуіріктерді, құлын тастаған байталдарды жеке бөлдіретін. Қысыр, ту биелерді белгілеп, соғым саудасына шығаратын. Көктемде қызылшу кеселіне ұрындырмас үшін жал-құйрығы күзелетін жас түліктерді белгілейтін. Әдетте күзелмеген байталдар не құлын тастайтын, не өлетін. Бүгін де сол шаруамен күн қызарып батқанша жүрді. Жылқышылар Бапа атап кеткен Бапанға енесін қысыр емген ұзын түкті торы тайды қамшысымен көрсетіп, азық етіндер деп бұйырған. Алдына мыңғырып мал бітсе де, Мұса қылқұйрықтың қызылына құнықтаушы еді. Ортақ ас, ортақ дәулет деп қарайтын. Жер бауырлап соғатын жатаған, қар боратып үдейтін ысқырық пен гүлдеп төпелейтін ызғырық желдің өтінде, алай-дүлей боранда, ара шағып алғандай бетті қуыратын тымырсық, көз аштырмас боранды үскірік, кірпігінді түсірердей шытынаған шыңылтыр аязда шыныққан, ат үстінде қолдары мен беттеріне қазы жағып жан сақтаған жігіттер әп-сәтте көрсеткен тайды жығып, жұлмалап тастаған да, екі астау қуырдаққа татитын семіз етті қаны солықпай тұрғанда қосқа жіберген. Күні бойы жүріп ашқұрсақ болған Мұса жылқышылардың бірін қалдырмай құрық ұстауға дәмелі болып жүрген жас жылқышылар қазан көтерген қосқа барып, ішік пен малақайларына тұрған қырауды қағып ішке кірген.

Желдің өтімен қостың іргесіне жақын келіп тізгін тартқан Жүністің танауына да семіз тайдың қуырдағының иісі келгенмен асқазаны шұрылдамаған еді. Ол орта жолда аялдап, Бақанға аттарды тынықтырып, жүрек жалғап алайық деген. Бақан қос аттың тұмсығына қанжығасындағы сұлы салынған жемқаптарды байлап, шідерлеп қойған. Өз қанжығасындағы дорбадан екі түйіншекті алған Жүніс екеуі еркін отырардай қарды аршып, астындағы өлең шөптің үстіне жайғасқан. Қолындағы қазыны жапырақтап жұкалап турады да, бір кескенді Бақанға ұсынды.

— Мына бір қайнауы ішінде қалған қазының екі тілімін алдымен сорып, сосын қылғытып жіберсең жеткілікті. Мұндай суыт жүріске сере қазы жарамайды, жас малдың бармақ қазысы жеткілікті. Семіз қазы ішті айдатып жібереді, ал жас малдікі сіңімді келеді. Бұл қарнынды ашырмайтын ас есебінде жүреді. Ал одан кейін аузыңа малта құртты салып, сорып жүре бер. Әрі сусын, әрі әл береді, — деді Жүніс әңгіме бастап.

— Жегеннен соң жұғымыңа жүк болар ет жеу керек қой, — деп қалды Бақан қомағайланып.

— Қанша жыл қасымда жүрсең де түк ұқпапсың ғой, түйсігіңе түйгенін шамалы, түбінді ұрайын. Тойып ас, шөл қандырып сусын ішкеннен кейін атқа қалай мінесің, бір. Екіншіден, біраз уақыт өткен соң дәрет қысады, аттан түсіп ыңғайланамын дегенше уақыт жоғалтасың. Соңында қуғыншы бар. Тойып тамақ жеуді қорытқан басыңда бақырдай ми жоқ екен, — деп жекіген Жүніс әңгімесін еріне жалғады.

— Атын ұмытып отырғаным, мына Кереку жағында Сапар деген жерде бір сері бар екен. Серілігі сондай, атының жалына одеколон деген иісмай жағып жүретін көрінеді. Көңілінен шыққан келіншектердің босағасына әрдайым қосақтап жүретін байталды байлап кетеді екен. Қорасында тышқақ лақ та жоқ ол жортуылға жиі шығып, әкелгенін пышақ үстінде бөліп беретін жомарт болған сыңайлы. Барымтаға шыққанда осылай әлденеді дейтін білетіндер. Менікі де сол амал ғой, — деп есінеді Жүніс аузын алақанымен басып. Одан кейін сүт пісірім уақыттай көз шырымын алды.

Қостың бауырына келгенде Жүніс іштегі күбірлескен адамдардың дауысын естіді. Әбден қызыл еттің қызығына батқан секілді. Оған да керегі сол. Анадая жерде тебіндеп жүрген көп жылқының ішінен қарагерді де байқады. Алты адым жерден қашқан қосаяқтың қыли көз екенін көретін көзі өткір Жүністің жымысқы ойы жүзеге аспасы белгілі болды. Үйден шыққанда ол «өлараның осы қараңғы кешінде қосқа барамын, жылқышылардың аттарының ертоқымын алып суытып қойғанын, сырмалары мен саптамаларын шешіп жеңілдеп, дастарханға отыратын мезгілін күтемін, тамаққа енді тойды-ау деген мезетте қарагерді құрықтап ұстап алып, көк буырылдың құйрығына байлап, қосақтап алып кетемін. Сырттағы шуды естіген жылқышылар ішкендері көмейлеріне келіп ыңыранып тұрып, үстінгі ауыр киімдерін киіп, сыртқа шығып, аттарын ерттеп мініп ізіме түскенше біршама уақыт өтеді. Ат үстінде селкілдеп келе жатқан тойып шыққан адамды жолда дәрет қысады, олар тоқтап қабат-қабат киімдерін шешіп қажеттерін өтегенше, тағы да біраз уақыт сырғиды. Осылай ырғалып жүргенде мен де қарамды батырып үлгеремін» деп шамалаған. Бірақ ойы онынан тумады. Әбден семірген кеудесі кең қарагер айғырдың сарыжиренді жүк құрлы көрмей сүйреп кетеріне көзі жетті де, Бақан екеуі өз ауылдарына қарай желістей жөнелді. Қостағылар сыртта бөтен көздер жүргенін аңғарған да жоқ. Иттер де Жүніс пен Бақанның қалталарына салып алған қасқырдың азуының иісін сезіп қыңсылаған да қойған.

Арада он күндей уақыт өткенде қостағы Бапаннан Мұсаға хабар жетті. Көп жылқының ішінен қарагер айғыр ізім-ғайым жоқ болып кетіпті. Мұса бұл сырттан емес, іштен келген ұрлық екенін бірден аңғарған. Күдігі де Бапан жылқышыға ауған.

* * *

Бұланбай ауылында желтоқсанның май қатырар ызғарлы желінен кейін соғым сойылғанда әр үй қазан көтеріп, ауылдастарын ішмайға шақыратын дәстүр сақталған, әр күндерін қадари халдерінше базарлайтын. Жылқыны жанынан жақын көретін Бапан күнделікті талғажау үшін күздікке деп бір өгізін жығатын да, соғымға ұзынсарыдағы тіріге беретін омыртқа² мен өліге беретін шекеге³ жететіндей етіп жылда семіз соятын. Биылғы соғымы да сере шықты,

бәсекелес иткөйлек құрдастарынан бәсі биік болды, ішмайға жөргек жас үлкен қара сақалдарды да, ауыл ақсақалдарын да бірін қалдырмай шақырған. Олардың арасында орта жастан асқан Мұса мырза төрдегі дастарханға барып үйреншікті орнына малдас құрып жайғасқан. Ақсақалдарға шеке тартылып, сары сүйек құдаларына жамбас берілген, Мұсаға арнайы омыртқа ұстатқан. Бірақ ол бітеу тартылған омыртқаның етінен жұмалап татты да, қалғанын ет тураушыға ұсынды. Көңіл-қошы жоқ екенін Бапан бірден аңғарған және ол Мұсаның бір ашуланса қызуқанды, тіпті кейде шорт кесіп нойыс кететінін, әркез әділдік жағында екенін білетін. Қарагер аттың өтеуіне келген екі ту биенің бірін соғымға жығып жатқанда да өзінің пенделігі үшін іштей налыған. Мұсаның көп жылдық сеніміне селкеу түсірдім-ау деп қуыстанған, жасық мысықтай қибыжықтап қалған. Ет желініп, сорпа ішілгеннен кейін арқа-жарқа болып отырған ауылдастарының көңілін қабағы қарс айрылып, ұшпа бұлттай түйілген мырзаның гүр еткен зор дауысы бұзды. Алқа-котан отырғандар жым бола қалды, үйдің ішін үнсіздік басты. Иықтарына қол орамал асынып, сол қолдарына леген, оң қолдарына шәугім ұстап су құюға қамданып тұрған қос бала да тартыншақтады. Келгеннен бері жылқышысына сұрша көзімен тесіле қарап отырған қызылшырайлы Мұса орнынан қозғалақтап Бапанды қасына шақырды.

— Биылғы соғымның дәмі бөлек екен, бірақ еті де, еттің түсі де біздің үйірлер жүрген тоғайдың емес, қырдың малымын деп тұр ғой. Бір тілім қазысын жұтсаң, жүрегің кілт ете қалады. Бапан менің мінезімді жақсы білесің, сен мына соғымды қырға барып сойып әкелген жоқсың. Ол анық. Жүрек көзім көрсе, сен мұны менің қарагер айғырыма айырбастап алғаның, — деді зілденбей сабырлықпен.

Шудан шошыған шүрегей үйректей болған Бапан сүңгіп кетерге су таппай қалды. Ұяттан жарыларға шақ қалды, қаны бетіне шапшып күйіп барады. Бағанадан жұрт соғымның семіз деп мақтағанда ұшарға қанат таппай отырған ол Мұсаның қасында мысыққа арбалған тышқандай болды, шегінерге жер жоқ, алға басса — зор, артқа басса — жар. Адамды әр қимылынан жете танитын Мұса үнсіз қалғанынан секемденіп тағы да сөз алды.

— Мен бұл жылқының тоғайдікі емес екенін етіне қарап қана емес, бағана босағаннан аттағанда шыққан иісінен бірден сезіп едім. Жасаған қылмысың болса мойында, қазақ қашқан қыздың да, өлген ұлдың да құнын кешкен.

Бапан мырзаның ел ішінде бас жарылып, көз шыққан оқиғаларда да әділдікке ғана жүгінгеніне талай куә болған. Өтірік атаулығы туғаннан жаны қас, ал ашығын айтса, кешірімді. Мойындаудан басқа амал жоқ.

Түнеу күні айласын асыра алмаған Жүніс ауылға оралғаннан кейін қарагер айғырды қолға түсірудің жоспарын ойластырған. Жылқышы Бақанды Бұланбайдың тоғай жағындағы Бапанға барып, жымысқы ойынан хабар бермей жылқылардың қай кезде жусап, қай кезде жайылатыны, қандай жылқышылар бар, мінгендері қандай аттар екенін, қай мезгілде ауысатындарын бәрін анықтап кел деп жұмсаған. Арам ойы жоқ Бапан болса келген әріптесін асты-үстіне түсіп күтіп қайтарған. Арада екі тәулік өткенде қасында бес-алты сойылды жігіті бар, ышқырындағы күміспен әшекейленген кәмәр белбеуіне тапаншасын қыстырған Жүніс Бапанның қоста жалғыз қалатынын біліп інісі Қажакатты еріте келген. Келген бетте қарагер айғырды ұстап беруін бұйырған. Егер өз қолымен ұстап берсе, Мұсаның кешпесін анық білетін Бапан қарсыласып баққанда, Жүніс мандайына тапаншасын тіреп:

— Өмір қымбат па, қарагер қымбат па? Мырзаң бір жүйрік үшін жаныңды алатындай әзірейіл емес, мен білетін Мұса болса, елдің шаруасы тұрғанда мұндай ұсақ-түйекке бой алдырмайды. Оның үстіне қарагердің сойдақ тісі шыққан сақа мал, енді ол жарысқа түсіп бәйге алмас. Ренжітпеймін, орнына, әне, екі мес бие ала келдім, — деген қос биені қамшымен нұсқап.

Мандайына өмірінде алғаш рет суық қару тірелгенде жаны мұрнының ұшына келген Бапан басын қалай изеп қойғанын да байқамай қалған. Ол Жүніс пен Қажакаттың көзі түскенді алмай қоймайтын жуан білекті екенін жақсы білетін. Оның үстіне қысқа түкті, сүліктей жылтырап тұрған қос ту бие де пенделігін оятап, көкірегіндегі нәпсі құрты жыбыр еткен де келіскен. Ере келген екі жігіт қарагердің бауыздарына екі қыл арқанды қылқындыра байлап, шірене тартып жетектеп алып кеткен.

Қылмысын мойындаған Бапанның алақ-бұлақ етіп қуыстанып, жанарына жас үйірілгенін байқаған Мұса жылқышысының мойындағанына емес, өзінің көргендігіне көңілі көншіді. Ішкі сезігін сыртқа алдырмайтын әдетіне басса да, қанның дәмін сезген арландай алпыс екі тамырында қан тулап, алақұйын болып отыр.

— Жаныңа он шақты қарулы жігіт сайла, қолдарына сойылдарын алсын. Ертең Сілетінің бойында отырған Жүністің ауылына аттанамыз, — деген Мұса алдындағы керсең кесеге құйылған құрт былғанған сорпаны төңкере салды. Ашуға берілсе арандап қалатынын білетін айнала отырғандар бір амалын табуға көшті. Шөгел өнді, қараторы келген, төбесіндегі қоқысын⁴ шешпеген ақсақал майлы қолын бірінші етігінің қонышына сүртіп, сосын су сұратып шайды да шоқша сақалын уыстап бір тарады, қалтасынан өрнектелген күміс шақшасын шығарып, көкбұйра насыбайын ерніне басты. Айналасына қарап еді, ешкім түкіргіш әкелетін түрі жоқ екен. Бәрі ұзындығы тізесінен сәл түсетін кимал шапанды Мұсаның келесі қимылын бағып отырған сыңайлы.

— Мұсажан, екі ел де мал аяғынан күн көріп отыр. Бізге бір сырты түк, іші боқ мал үшін араздасудың қажеті жоқ. Жүніс те, Қажакат та ұрда-жық ақымақ емес. Жүйрік ат пен сұлу қыз кімнің көзінің құртын жемейді? Олар да адасқан шығар. Ал сенің мырза басыңмен бір жұтта өліп қалатын жылқынды даулап барғаның дұрыс болмайды. Қылмыс үстінде қолмен ұстап алған жоқсың. Бапанның өзін жібер, айыбын жуып келсін. Қасына закон Ахметті қосып бер, заңмен сөйлеп үйренген көзі ашық жігіт қой, — деген ол. Ахмет осы ауылдың жігіті, әр нәрсенің байыбына барып, ақ пен қараны ажыратуда заң бабына сүйенетін, қияс кетпей қиып түсетін оны елі іші «Закон Ахмет» атап кеткен.

Мұса Бапанның үйіндегі шайға қарамады. Басқалары да сүйкімді соғымды арам көргендей көп бөгелуді жөн деп таппады. Таң қылаң бере Бапан мен закон Ахмет Сілетінің бойындағы «Қарасыыр» ауылына аттанып кетті.

* * *

Бапан мен Ахметтің астындағы аттарын қара терге малшындырып жеткенінен Жүніс те, Қажакат та сезік алмады. Бәрі қолға ұстағандай айдан анық, қарагердің құнына келгендерін бірден аңғарды. «Ассалаумағалейкүм» деп келген жоқшыларды қажы ауылының жамағаты «Уағалейкүмдерін» жаудырып қарсы алған. «Жол болсын» деген Жүніс сөзді бірден бастаған.

— Жүніс, Қажакат, екеуінде беделді әулеттің өкілісіңдер. Әкелерің Әміре қажы мен жылқысын Қожым түбегіне жайған Мұса мырзаның әкесі Тәскенбайдың арасында бұрын-соңды ұрлық жүрмеген, екі ауыл қыз алысып, қыз берісіп құдандалы болып ежелден ішек-қарындай араласып жатыр. Сіздердің бұл қылықтарыңызды түсінбеген жайымыз бар. Мырза осы істі бітістіріп қайт деп мені арнайы жіберді, — деді закон Ахмет сөзге жүйрік, ойға алымды екенін аңғартып. Қамшысын бүктеп ұстаған Бапан кінәлі және сол үшін жауапты екенін айқын сезініп, жан-жағына түлкі көрген әлеке тазыдай алақтап тұр.

— Сендер келмес бұрын кінәміз барын өзіміз де мойындап қойғанбыз. Жайдақ жатқан жоқпыз. Бірақ біз жылқыны үйірден қуып алып кеттік пе? Өз жылқышыларыңның қолынан алып, орнына екі мес бие байлап кетті қой, — деді Қажакат дәлелін алға тарта сөйлеп.

— Иә, солай болған. Ауыстырып алғанбыз, — деп сөзге араласты Жүніс.

— Сөздің қысқасы, біз Мұсаны жақсы танимыз, алдында айыпты екенімізді білеміз. Бірақ алыс-беріс жолымен келген жылқыны қайтарып беру әдетімізде жоқ, қарагер мүмкін осы ауылдың құты шығар. Сол себепті айыбымызға бұрын-соңды мырзаларыңның үйіріне түспеген алты ұзынтұра арғымақ дайындаттық. Көнсендер соны алыңдар, көнбесендер құр қол қайтасыңдар, — деп кесіп айтты.

Закон Ахмет бұл сөзді ұйып тыңдап, қайтсем екен деп біраз ойланды. Шынымен де бұлар қарагерді ұрлап емес, шынұайтында орнына екі бие қалдырып ауыстырып алған болып шығады. Амалын тауып отыр. Бұл істерін сотқа тартқаннан ұтары шамалы. Бір айғырдың орнына үстемелеп алты сәйгүлік береміз деп отыр енді. Оның үстіне Мұса да қан жаңарту керек деп бәйек болып жүрген, қарагердің үйірінде тұқымы бар. Берген арғымақтарын алып ауылға қайтсақ, ең дұрыс шешім осы болар дегендей ойлы көзін Бапанға қадады. Ол да кет әрі еместігін білдіріп, жау тымағын қолына алып тізесін бір қакты.

— Көрсетіндер онда, — деді сосын Ахметтің де бейіл екенін сезіп.

— Бақан, әкел ана жылқыларды, — деп бұйырды Қажақат жылқышыға қарап. Алты жігіт тоқты тоймас қаңтардың қысқа күнінде қорада қаңтарылып, өздігінен жараған алты арғымақты далаға алып шыққанда жиналғандардың бәрінің ауыз суы құрып, сілекейі шұбырды, бұл жақтың жылқылары емес екендігіне көздері жетті. Алты жігіт алты арғымақты шылбырларын қысқартып, сағалдырықтарына тағылған шығыршықтарынан ұстап билетіп тұр. Бұларды көргенде Бапанның көз алдына үзеңгісіне аяғың жетпейтін әйдік торылардың алты үйірі елестеді. Жылқының жалында өскен ол бар айыбын да ұмытып кеткен. «Туф мынауы жүзіктің көзінен өтеді екен... Пәлі, мынаның ұзын сирақтысын-ай... Мына қысқа мойынды мініп қызды ауылға барсам да болады екен... Мә, мына торының ойнақтауын-ай» деп тамсанып, әрбірінің алды-артына шығып айналды.

— Әй, мырзалар, мына пырақтарды жұмақтан алдырдыңдар ма, ұшқалы тұр ғой, — деп айналсоқтап алақанына түкіріп, ішіп-жеп барады. Тіпті, қарагерді қос биеге ауыстыра салғанына да мәз секілді.

— Келістік, алты торпағыңды аламыз, тек бұдан кейін арамызда мұндай суыт іс болмасын, — деп шорт кесті Ахмет өтірік жаратпағандай торпақ деп кемсітіп.

Жолдан шаршап келген қос даугер сол күні Жүністің қонағы болды. Өкпеленіш ұмытылып, өткен-кеткенді сөз етті. Етке тойып, сонынан қысырдың қымызын ішіп рахаттанғаннан кейін Жүніс әңгімеге тізгін берді.

— Осы төңіректе жылқы танимын деген адам болса, Мұсаның қасында жіп есе алмас. Оған көзім жетті. Қарагер қасиет қонған түлік, дода десе оң бүйрегі бұрылып тұратын мал секілді, — деді Қажақат танданысын жасырмай. Бақан мен Ахмет оған оқшырая қарады.

— Қарагерді ат құйрығына байлап, екі жақтан екі арқанмен тартып алып кеткен күні көрсетті ғой қасиетін.

— Созбалақтамай айтсаңшы енді, — деді Жүніс інісіне жаратпай.

— Айтсам, сол енді не ғой... — деп абдырап қалды Қажақат айтарын ұмытқандай шашалып. Тісін сорып, сілекейін жұтынды.

— Жаймашуақ келе жатқанымызды сезген қарагер аяқ астынан аспанға оқтай атылып туламай ма. Ат құйрығына байланған қысқа арқанды босатып жіберген өзімізде де бар. Сол тулағаннан бой бермей, екі жігіттің қолынан арқан сусып шығып кетті. Шапқан күйінде құйындай зулай берді, сонынан тапырақтап біз де қалмадық. Ұстатпасы анық, оны жануар өзі де сезетіндей. Бізді әдейі ашуландырғандай алыста басын жерге салып оттап жүрді. Мұны қалай ұстаймыз енді деп бас қатырып отырғанда Бақан айла тапты.

«Қайткенмен бәйге көрген жылқы ғой. Бәріміз қасынан топырласып шауып өтейік, ат жарысы деп ойлап қалған ол бізбен қатарласып шауып тобымызға қосылар», — деді. Айтқаны айдай келді. Қасынан айғайлап, шандатып өткенде ол да басын жерден жұлып алып тұра шапты. Сол шапқаннан Қызылқақтың жағасында жүрген Жамансары байдың жылқысына қосылды. Сол жерде аранға қамап әрең ұстап әкелдік қой, — деп түйгенде жиналғандар Қамбар ата түлігінің қасиетіне қайран қалды. Бұдан кейін де қаншама жүйрік туралы әңгіме айтылды.

Екі елдің адамдары өзара татуластықтың белгісіндей сіз, біз десіп таңғы тоназыған етті турап жеп, шайға қанып таркасты.

Күн ұясынан қылтия бастағанда жолға шыққан екеу алты арғымақты қосақтап түс әлетінде Бұланбай ауылына алып келгенде бала-шаға былай тұрсын, абысын-ажын да отауларынан шығып қарсы алды. Шетінен желіскер, ұзын сирақ алты асыл тұқымды арғымақ Мұса үйінің алдына байланды. Қарагер айғырын қайтарып берер деп дәмеленген Мұса көптің құлаған көңіліне бола үн қатпады, өтеуіне келген арғымақтарды қанағат тұтты. Өткен іске өкси бермей, шығар көктемде алтауын да үйірге салып, қылқұйрықтарын асылдандырам деп шешті. Тек оның тұнық ойын анасы Күнжан бұзды.

— Айналайын, жарығым, осы алтауы өзіңе жұт болып жабыспаса жақсы болар еді. Біздің әулет бабаннан бері қызыр қонған әулет еді. Бізге тек адалдық қана жағады, ал мыналардың арты лас секілді. Ұрланған мал болып, иелерінің қарғысы ере келмесе игі еді. Осыны анықтатшы, қарғам, — деген кейуананың сөзі дүдәмал көңілін одан бетер айғыздап жіберген. Етегіне ел қондырған, ақ кимешегін кір тұрып көрмеген анасының сөзінде жан бар екенін Мұса да бастапқыда аңғарған. Манайда ұзын сирақ рысак өсіретіндер жоқ, бұл іш жақтағы сығандардың жылқысы болар. Құйқалы қара етті болса да қазы беріп жарытпайтын, солқылдақ желісі ішкен-жегенінді ақтарып сыртқа төңкеріп шығарардай қылатын. Бабы да бөлек. Дәу де болсын іштің жылқысы деп жорыған. Тек ләм-мим деп тіс жармады. Құдайдың салғанын көрерміз деп қала берді.

* * *

Биылғы көктем ерте келген, көкектің соңында жер жүзіне көк шығып, жылқының алды құлындай бастады. Қыста әкелінген алты арғымақ жеке-жеке үйір жинап, арқырап, биелерді бөлісе алмай Қожым түбегінің іші ақар-шақар болып жатқан кез. Қаба жалды, жер сызған қалың құйрықты жабы айғырлар қысырларды қуа-қуа қалжырағандарын ұғынса да, өз еркімен үйірлеріндегі жас байталдарды бермей шайнасып бақты.

Уақытқа тежеу жоқ, зымырап өтіп жатты. Құдай атқыр сол күні Мұсаға алты айғыр ауруға шықты деген жаманат хабар келгенде анасы Күнжанның «өзіңе жұт болып жабыспасын» деген сөзі ойына оралған.

Бапаннан хабар жеткен бойда атқа қонған Мұса қосқа барса, шынымен де алты айғыры инеліктей ілмиіп қалыпты, бәрінің шабына, бауырына ісік жаралар шыққан. Алғашында сақау ма деп ойлаған, бірақ ол аты жаман кесел жас малға үйір. Жасынан жылқымен бірге жайылып өскен ол түліктің тұяғындай қатты еді. Жерге көк шыққанда жылқы жусайтын жерді аралатып, қызыл тамыр шөпті жұлдырып тастайтын. Бір жылы жабағы-тайлар сол шөпті білместіктен жеп қойып, үсті-басына ісік қаптап қынадай қырылған. Ал сақа биелер ондай шөпке жоламайтын. Дәу де болса бұл ауру қарагердің өтеуі болып іштен келген алты арғымақтың қанында болған. Ілмиген арғымақтардың тынысы тарылып қорылдап, ет пен терісінің арасына дөмпііп пайда болған ісіктер жамандат⁵ ауруынан хабар береді. Бұдан құтылатын екі жол ғана бар. Біріншісі — жылқыны атып, өлексесін жерді терең қазып көму немесе өртеп жіберу. Екіншісі — ісікті түбірімен пышақпен сылып алып тастау.

Арғымақтарды өлімге қимаған Мұса екінші әдіске көшкен. Бір ай терезесінде жылқылары аман қалғанымен, өзі төсек тартып жатып қалды.

Ауылына алты арғымақ аяқ басқанда жұт шақыра келгенін сезген Күнжан ана баласы Мұсаның күйдіргіге шалдыққанын бірден аңғарған. Дене ыстығы көтеріліп, әр жеріне ісік шыққан оның халі күн санап төмендей берді. Алпамса денесі кішірейіп көктемде келген арық киіктей боп қалды, қос беті суалып, көзі шүңірейіп кетті. Жамандыққа қиғысы келмесе де Күнжан шешей күйдіргіден оңалып, құлан таза айығып шауып кеткен адамды білмеуші еді. Баласын өлімге қимай әр намазында Жаратқаннан жәрдем тілеуін тоқтатпады. Соңғы үш тәулік бойы есі кіресілі-шығасылы боп сандырақтап жатқан Мұса таң сібірлей бере жылқының кісінеген дауысынан оянып, жастығынан басын көтеріп алды. Бәйбішесі Жарқынай желке тұсына бөстек салған. Құлағына сарнаған қарагердің дауысы сіңгендей. Бойындағы бар күшін жиды да бәйбішесіне: «Қарагер де қоштасуға келді ғой. Шіркінді орнымнан тұрып бір көрсем, арманым бар ма?» — деп күбірледі.

Біраз тыныстап алды да әлін жинап: «Көз көрмеген заман келе жатыр. Ұлым Нығыметке айт, малға емес, жанға ие болсын. Тірі болса, малдың орны толар, әзірге елге таратып, қалғанын ортаға қоссын. Қош!» — деп жастығына сылқ еткенде, басы бұрылып барып оң жаққа қарап қалды. Шошынып қалған бәйбіше орнынан жедел тұрып, далада кісінеген жылқыға елеңдеп шығып кеткен енесінің соңынан ойбайлап жүгіре басты. Есіктің алдында қаба жалы төгіліп, қабырғалары ырсыып, ешкі кейіпке енген, алдыңғы бір аяғында үзілген шідері бар нокталы қарагер енесінің иығына басын салып, көзінен көусар жас парлап тұр екен.

— Апа, Мұса... — деп өксіп айғайлауға ғана шамасы келген Жарқынай талып қалды..

Айғырдың дауысынан дала жаңғырып кетті, түлен түрткендей ол басын жерге салып бұрылып алды да, жалы жер сыпырып Сілетінің қырына қарай арқырап шаба жөнелді.

* * *

Мұсаның қырық күндік асына кісі көп жиналды. Ашық аспан астында ас беріліп, құран бағышталып, бет сипайтын кезде көптің көзі қырдан шауып келе жатқан қарагерге түсті. Ерсілі-қарсылы шапқылап, басын жерден бір алып, бір салып қайғырып күңіріне кісінегенде жыламаған әйел заты қалмады. Ақсақалдар ақылды малдың тектілігіне танданды.

— Бұл да Құдайдың әмірі шығар. Осы әулетке таза аруақ қонған болса, суық қол араластырғандарды оңдырмас. Е, Аллаһ тек өзің пана бола көр! — деп зарлаған Күнжан ананың зары қарагердің де құлағына тиген болуы керек, көзінен жасы парлаған күйде шапқылап Мұса жерленген қорым жаққа қарай зулады.

Мұсаның жылына дейін ауылдың байлары бықпырт тигендей болды. Ұжымдастыру саясаты жалғасып, колхоздар құрыла бастады. Өз еркімен дүниесін ортаға бергендер аман қалып, колхозшылардың қатарына енді. Бермегендер тәркіленіп, Ақтөбеге айдалып кетті. Ал Мұсаның да мыңғырған мыңының біраз бөлігі сойылып, қоймада сасып жатты. Жүніс пен Қажақатты «молданың тұқымы» деген желеумен көз көрмеген жаққа ұстап алып кетіпті деген сыбыс тарап, ел аяғын сауысқандай сақ басатын болды.

Күндер өтіп жатты, ел дастархан жайып қонақ шақыру былай тұрсын, нан тауып жеуге зар бола бастады. Бақаннан тұқым өрбімеді.

Қарашаның қара суығында ұшқындаған қарға қарамай тұрмыс тауқыметі арқасына артылған Нығымет әкесі Мұсаның басына жасырын барып, дұға қайырмақшы болған. Зираттың қоршауының тұсында жартысын қар көмген

жылқының өлексесі жатыр екен. Еті ағып кеткен, салалы сүйектеріне қапталған, құзғын-қарға шоқыған қара тері ғана. Нығымет оң құлағындағы ойық еңнен оның қарагер екенін таныды.

II

Жаймашуақ басталған 1941 жылдың маусымы сары сүйекті қыздырып, қарға миын қайнатар аптап болады деп күткен еді, күн ұзаған сайын жылындың орнына терістіктен өкпек жел соғып, кеші қоңыр салқын тартып, жерге жасырғаны көкке бойлап көгермей шаруаның кеудесіне күдік ұялатып қойды. Сәуірдің соңына таман үйір-үйір боп бөлініп көшкен ала бұлттардың астын азан-қазан етіп, қала халқының көзін аспанға тіктіріп, үйірсек болып алған шақар шағалалар жердегі жеңсік асқа бола таласа шаңқылдасып, ұшбұрыштана ұшып назар аудартқан тырналардың тобы тыраулап, жапатармағай жанталасып жарыса ұшқан сұқсұр және сүңгуір үйректердің тобы, қаңкылдаған қаздар ұя басар мерзімдері өтсе де көк кеңістігінен жиі көрінетін болып жүр. Маусымның ортасына таман Омбы шәрінің айналасындағы шағын камысты көлдердегі құстар түлеп, қанатының қауырсындары түсіп қайта жетіліп, мамырлайтын мезгілдегі бұл ерсі қылықтарына қарағанда балапандары ерте жұмыртқа жарып, тұмсықтары да уақытынан бұрын қатайған сынды. Табиғаттың қатал заңының әр тармағын бұлжытпай сақтайтын бұлардың кереғар қылығынан да көкірекке қорқыныш табы ұялайды.

Жұмада басталған ақ жауын жұмаға жалғасып, саябырсып соқыр жаңбырға ұласып, жер дүниенің тоңын жіпсітіп, лайсаңға айналдырып барады. Қазақ жағынан аптығын баса алмай ағып келетін ақ Ертістің де арнасы суға толып, ернеуінен асуға шақ тұр. Балық біткен арнаның тұңғиық тереңіне түсіп кеткен тәрізді. Бұрынғысынша су бетінде қуысып жүрген шабақ пен алабұға да байқалмайды, тісі шыққан көксерке мен шортаны жондарын күнге төсеп тұрмайтын болған, балдыр үстінде қауыз ашатын тұңғиықтың тамырын қорек ететін түйенің табанындай жалпақ табандар мен қарабалықтар да камыстың қуыс-қуысындағы борыққа сіңіп, қорысқа тығылып қалғандай. Әншейінде ескі ай мен жаңа ай шарбысатын өлара шақта осындай өлі тыныштық болушы еді, балықтар да бір зауалды шақтың келе жатқанынан хабар беретіндей. Толассыз жауған ақ жауынмен қатарласып шақырайып күн шығады да, көп тұрмай аспан әлеміндегі аруды қызғанғандай шымылдықтай болып бүркемелеп сұрғұлт бұлт торлайды. Қаладағы кемсендеген кең етектегі кемпірлер де тезірек кемпіркосақ шыкса екен деп тілейді. Кемпіркосақ жауынның толастағанынан хабар беретін Құдайдың құдыреті екенін олар өмір тәжірибесінен оқып меңгеріп алған. Көбісінің көңілі кібіртік, көкіректерінде күдік бар. Күн ұзарып, түн қысқарған шақта отамалы айдың шалқасынан туғаны да сезімдеріне селкеу түсіргендей. Өткен жылы киіктің көт жуары да ерте келгенде көпті көргендер терең ойға тұмшаланып, алдағы туар күннен қауіптенген.

Биылғы қара күзде жинаған егіндерін сақтайтын қамбаларына егеуқұйрық шабуылдап, биік үйлердегі пәтерлерге дейін кеміргіштердің кіріп кеткені де жақсылық хабардың нышаны емес. Омбы шаһарының байырғы қазақтарының тышқан жайласа жұт болады дейтіні шындыққа жанасатын жаны бар сөз секілді. Сұрланған ауа-райынан сұсты болып көрінетін темір жол вокзалының перронында қарбаласып ығы-жығы жүрген адамдардың жүзінен де жазғы көңіл-күй байқалмайды. Сенге соғылған балықтай мең-зең күйде, мәңгіріп қайда барарларын білмей қаңғалақтап дал. Түн жарымда Омбының көшелерінде орнатылған дауыс зорайтқыштар арқылы таратылған КСРО Сыртқы істер халықтық комиссары В. Молотовтың: «Сегодня, в 4 часа утра, без предъявления каких-либо претензий к Советскому Союзу, германские войска напали на нашу страну, атаковали наши границы во многих местах

и подвергли бомбежке со своих самолетов наши города», — деген жаманат хабары талайларды тітіркендіріп, дүниені аласапыран етіп төңкеріп, астаң-кестенің шығарғандай. Суыт хабар естіген жанның төбесінен суық су құйып жібергендей күйге душар етсе, көптеген еркек кіндіктілер буынып-түйініп майдан даласына іштей дайындала бастаған, қаланың іші алашапқын қауырт қимылға көшкен. Ертістің оң жағалауындағы орыс деревнялары мен сол жақтағы қазақ ауылдарына да сұрқия хабар жарықтай лезде тарап үлгерген.

Темір жол вокзалының әрбір ұңғыл-шұңғыл тесігін, қуыс-қалтарыстарын жақсы білетін, ішер-жерін сапаржайдың саудасынан айыратындардың бет-жүзін жазбай танитын тарғыл төбет таңнан бері жанын қоярға жер таппай, рельстің бойындағы тастақпен тіміскіленіп кетіп қалған. Көздегені — қоян терісінен малақай, қолғап тігіп саудалайтын, тапқан пұлымен тұрмысын айыратын қарсы беттегі Қозған деген қазақ ауылы жағынан қос аяқты арбасын сүйреп қатынап келетін құлағы мүкіс қазақ шалдың жылқының құйрық қылынан есіп құрған тұзақтарын, қандыауыз қақпандарын тексеріп шығу еді. Ол тірлігінен түк өнбеді, қырсыққанда қақпан-тұзақтарға қоян түгілі, косаяқ та түспепті. «Жол бойынан тым болмады қарсақ кездессе екен, шіркін», — деп ойлайды таңнан бері тісіне қызыл тимеген төбет. Қуып жетіп, белден басып жапа-тармағай жұлмалап, айызы қанғанша қынсылатып мыжғылай тістелеп, рахаттанып ішкі шерін сыртқа шығарса ғой. Тек рельс төселген шпалдардан шыққан күлімсі иіс миындағы ойын санға бөліп, қоянның кәуегін таппақ түгілі, қарсақтың ізіне түсуге де мұрша бермей қойды. Алыстан ышқына өкірген тепловоздың дауысы құлағына түрпідей тиіп, кілт тоқтай қалған төбет тілі салақтап төмен салған басын жұлып алды да ауаны қармап жұтынды. Түтіні бұрқырап, көкжиекті тілгілей жарып келе жатқан тепловоз әбжыландай елес береді. Әдетте пойыздардың келер уақытын жақсы білетін тарғыл төбет ондай сәтте әрбір вагонның ауызын асықпай аралап, көрген жанның көңілі босайтындай күйге еніп, құйрығын қос аяғының ортасына тығып мүләймси қалатын. Кейбір оजारлау жолаушылар боқтап-сілеп бір тепсе, жанашырлары жол бойы жеген тамақтарынан қалған жуындыны алып шығып лақтыратын. Сол ырзығымнан құр қалармын деп қауіптенген ол вокзалға қарай табанына шоқ тигендей жүгіре жөнелді. Мына пойыз бейсауыт қайдан пайда болғанын өзі де түсінбейді.

Вагонның ішіндегі тақтай төсекте жолдорбасын жастанып жатқан Мұқатай Омбының қарасы көрінді деген сөз шыққанда басын жұлып алып, терезеден үңіле қарады. Қала жақындаған сайын жүрегі тас бүйрегі қызып ауыздықпен алысқан қарашыл дөнен айғырдай аласұрып алып-ұшып, кеудесін жарып секіріп шығып кететіндей. Осы қалаға табаны тисе болды, әрі қарай Ертісті бір аттаса, колхоздастыру кезінде көшіп барған мекені, өзеннің сол жақ бетіндегі Омбы облысы, Дробышев ауданы, Исаев селолық кеңесіне қарасты Қозған ауылынан бір-ақ шығады. Шарлақ әскери комиссариатынан 1939 жылы әскер қатарына алынып, екі жыл борышын өтегеннен кейін, Фин соғысында екі жыл қатарынан мылтық асынып, періштесі қағып талай адасқан оқтан аман қалған оның басты арманы — тезірек қара шаңырағына жету, қарт анасын құшағына басып, үйде қалған он екі жанға сәлем-сауқатын үлестіріп беру. Сосын, сосын...

Содан кейін байтал күнінен бой бермеген, биыл беске шыққан торытөбел көшелі ту биені үйірден бұғалықтап жіңішке мойнына арқан салып ұстап, қылқынып, қорсылдап тулағанына қарамай құлағынан уыстай қысып тұрып төмен басып мініп алып, қарғығанда жалына жабысып, мөңкіген сайын тақымын тастай қысап, арғы бетке, Қызылағаш жаққа айлап кетсе... Қауланып қызылқай боп өсетін бала қайыңының ақсөлін екі езуінен сырғып аққанша қанып ішсе...

Жазытөбе мен Жуантөбеге, Найзаға шоқыта шауып шықса, намазын тығылып оқитын әкесі Мұсаның өсиетімен Абылай хан, Жазы батыр мен Байсерке абыздардың аруағына тәу етсе, бала күнінен жаттаған Фатиха сүресін оқып бет сипаса...

Торытөбелді бір тыныстатып алып қанжығалы Миқа бай қоныс еткен Беласардың желін кеудесін толтыра жұтса, Қызылқақтың қызыл тұзына арқасын төсеп шалқалай жатып, күнгей жағындағы Ақтөбе жотасынан қызарып, құлап барып қызыл теңізге батқан күнді тамашаласа... Құлақтанған айды көрсе...

Кіндігіне дейін енгенде тізеңе тұқы балығының тобыры соғылатын Сұлукөлдің айдынында құлаштай малтыса, одан сергіп шығып Жалаулының жағасындағы қозысирақ қамысынан тандап жүріп қиып алып, түтікшеге тесіктер ойып сыбызғы жасап, сиқырлы сазына елітіп Қорғанкөл, Оймакөл, Борлыкөлдердің жағасымен аяндап отырып Бұланбайдан бір-ақ шықса...

Шіркін...

Арман жетегіне мастанып кеткен Мұқатайды бір вагонда келе жатқан командирдің саңқ еткен дауысы селт еткізді. «Ешкім ешқайда шықпайды, орындарында қалындар! Күнбатысқа жүреміз, соғыс басталды».

Сағынышын судай шайған мына сөзі үшін гүрзі жұдырығымен төбесінен бір қойып, қақшита салар ма еді. Оған шамасы жетіп тұр. Бозбала күнінде жылқы қосына соғым ұстауға келген замандастары түгілі өзінен бір мүшел үлкен талай сақа жігіттер ермек үшін уақыт өткізіп жабылғанда тулақ құрлы көрмей жан-жағына лақша бақыртып лақтыратын. Туғаннан жаурыны жер иіскеп көрмеген оның айбатын әкесі Мұсаның мысы басатын. Балалары Мұқатай, Мұқан мен Нығыметтің білек күшін ара-тұра күштесіп тексеріп тұратын әдеті бар-тұғын бұрынғы балуанның. Сондай уақытта Мұқатай көкесінің жас кезінде сом білекті болғанын талай аңғарған, білегін басып жіберуге именіп жолдан жығылатын. Қарт та сыйластығын сезіп марқайып қалушы еді. Күшін пайдасыз шашып, дүлейі қысып тым дәлдірленіп кеткенде, ат үстінде айбар шашып жүргенін көргенде әкесінің «Ермек атасына тартқан жаман неме» дейтін сөзі сабасына түсіретін. Неге Ермек батыр деп сұрамаған, әкесі де оны айтуға құлықсыз еді. Бір нәрседен бүркенетін, бір нәрседен қорғаштанатын секілді болып көрінетін.

Екі иығына екі лақ шығып алып сүзиссе де орын жететін Мұқатай бура санды, ұстағанын жұлмай қоймайтын апайтөстің кеуделісі. Қорбандай басқан жүрісі қоңыр аюды көз алдына келтіреді. Әскер қатарында жүріп біраз ысылған, әйтпесе ротаға алғаш келген уақытта «бляха» белбеу белін орауға жетпеген. «Солдатский» керзі етік те бастапқыда балтырын қысып, жүргізбей қойған. Кейін кеңігені не керек, шұлғаусыз киіп жүрді. Ал басына бастырған малақай шақ болмай, ақыры сулап, түні бойы керіп қоятынды шығарған. Жатқан кезде үйілген шөмеледей тұлғасы шөгіп жатқан бураны елестететін Мұқатайды да әскери тәртіп икемге келтірген. Киген кителінен темірдей тәртіпшілдігі көрініп тұратын сымдай тартылған командирдің бұйрығы мен-зең қылып жіберсе де салалы саусағымен етігінің қонышын тартып киіп, орнынан тұрып терезені төмен тартып ашты. Ауылының ауасы Омбыны атап өтіп кеңсірігіне тығылғандай рахатқа бөледі.

Желін салып қойған мама биедей ыңыранып келіп тоқтағаны сол еді, пойыздың қос қапталынан әскери адамдар қаптап шыға келді де, Фин соғысынан келе жатқан сарбаздар мінгескен вагондардың есігін сыртынан құлыптап жаба бастады. Осы әрекеттен-ақ Мұқатай мандайына туған жерді көру арманы жазылмағанын түсінді де жолқабындағы әскери малақайды алып терезенің алдындағы шағын үстелдің үстіне қойды да, бір тілім қағазға карандашының ұшын сілекейлеп бір нәрсе шимайлады. Бір-біріне соғылған

перрондағы адамдарға жаутандай телміре қарап таныс жүздерді іздей бастады. Жылап-сықтаған омбылық сарбаздардың туыстары терезелерден әкелген асай-мүсейлерін, сәлем-сауқаттарын жанталасып беріп жатыр. Қимастық сезім, махаббатқа толы жылы сөздер, жылаған ғашықтар, шулаған бала-шаға. Көз шарасына жас толып, көкірегінде өксік лықсыған Мұқатай ғана төбесін терезеден шығарып жан-жағына жыламшы күйде қарап тұр. Пойыз да «ал жүремін» дегендей пысылдап қоятын емес, ара-тұра ышқынған кезде жүрегі лобып, жігері мұқалғандай. Ақыр аяғында амалы құрыған ол «Исаевтан кім бар, біздің Қозған ауылынан кім бар?» деп қой қайырғандай зор дауысымен даңғырлай айғайға басты. Туған жерге деген сағыныш батырды да мүсәпір халге душар етеді екен-ау.

Ағаштан жасалған доңғалақты итарбасына қоян малақайлар мен қолғаптар салған, қасында тарғыл төбеті бар Бақан шалдың мүкіс құлағына таныс дауыс естілгендей болды. «Мұсаның дауысы» секілді екен деп қойды іштей. Жүрген сайын әлгі дауыс анық естіле бастаған соң терезелерге көз тастады. Қарлығыштың ұядан басын шығарған балапандарындай бір терезеден қысылып шығып тұрған бес-алты бастың ішінде айғайлаған жүзі танысы көзіне жылы ұшырады. «Мұсаның дәл өзі ғой мынау, Мұса ғой...» деп ойлады Бақан бұрын көз көрген мырзаны шырамытып. «Мұсаның бір баласы Фин соғысына кетіп еді, дәу де болса сол шығар» деп ойлаған ол «Исаевтан кім бар» деген дауысқа қарлығып «мен, мен» деп айғайлады жауаптасып. Жерлестердің бірін-бірі көзбен тапқаны сол-ақ екен қатыгез пойыз бір оскырынып алды да ақырын жылжи бастады. Шал терезеге қарай жүгіре асықты. Кәрілік жеңбей қойсын ба, жүрісі өнер емес. Мұқатайдың қолын ұстауға шама қайда? Терезеден көзін алмай келеді. Пойыз ұзап барады. Шал қалар емес. Көп бастың ішінен ішке енген жолаушы сарбаз бір мезетте қайта көрінді.

— Ақсақал, мына малақайды шешеме, Жарқынайға беріңіз. Бауырларыма, бәріне, Қозған ауылына менің амандығымды жеткізіңіз. Кештім бәрін, әкемнің аруағы үшін сені де кештім, мені де кешіңіз, — деп айғай салды сарбаз Мұқатай Мусин. Ол Бақанның қарагерге қылғанын жақсы білетін.

Пойыз бірінші майдан даласынан екінші майдан даласына қарай ұзай бастады. Анадй жерге ұшып барып жалп етіп түскен төрт сайлы әскери көкшіл малақайды көрген бойда тарғыл төбет асыға бөйтендей жөнелген. Ызғытып келе жатқан ол малақайға жете бере ойда жоқта өз аяғына өзі шалынып, домалап барып пойыздың астына жоқ болды. Қыңқ етуге ғана шамасы келді. Басын мылжалап кеткен пойыз тері тулақты үсті-үстіне басып ышқынып жүре берді. Аяғын аяңдай басып жеткен Бақан «жылқышы» малақайды қолына алды да өз бетімен кете берді.

Қайырсыз ит-дүние...

III

Таңдап жүріп хан түсіретін алты канат ақ ордадан кем болмайтын Мұса байдың үйі маңайына салтанатын шашып тұрушы еді. Бұл ауылға беймезгіл келген жолаушылар да, құдайы қонақтар да мама ағашынан ат үзілмейтін осы шаңырақта қонаға қалуға құмартатын. Іздегендері ас-су, жұмсақ құстөсек емес, Мұса байдың көңілі, әңгімешілдігі, көргендігі еді. Дөңгеленген дүние дүрмегінде маңдайына бақтай болып біткен мыңғырған малдың қызығын көру ұлдарына жазылмағаны өкінішті.

Арқан мен кісенді теңдей ұстап келген ұлы кәмпеске кезінде Мұса бай он үйір жылқысының қондысы мен асылын ағайындарына таратып, қалғанын мал-жанның садағасы деп Кеңес колхозындағы ортақ малдың аранына қосып тынған. Өзі күйдіргіден көз жұмған.

Елдегі әр жерде қызыл жалауша ұстаған карасирақтар мен желге қарап

дәрет сындырғандардан құрылған мойынсерік тәрізді қызыл ұйымдардың қамбасы кәмпескеден түскен астықпен аузы-мұрнына дейін толса да, қолдан жасалған нәубет кезінде сол байлық қай қазақтың аш өзегіне жұғын болды? Бидайы борық болып борсып шіріп, адал сойылған ет қаны сорғалап сасып қалды емес пе. Партияның жауы деп мал біткен жандарды итжеккенге жаяу айдатқандардың өздері боздап жүріп сыңар соқпаққа түсіп, былшықтанған жанарлары іріндеп, соралары ағып сорлап, түтіні түзу шыққан талай үйдің қазандарының қақпағы ошақтың үстінде ашылмай қалды. Керегесі бұталып, шаңырақтары шайқалып ортасына түскен, сүйеу болады деген ұрпағы да жүріп келе жатып құлағаннан тұрмай көп сүйектің ішінде кете барды. Періштесі қаққан жақындарының өзегіне ас батпай ауылдан жыраққа жемтік іздеп ауып кеткен. Қайда көмілгені де, кебісін кеткендері де белгісіз, айтар ауыз да жоқ, оны іздейтін шама да жоқ.

Аштық нәубетінен кейін қазақ даласына соғыс зауалы туды, 1939 жылы әскерге алынған Мұсаның Мұқатайы ауылдың бетін көрмей бір майданнан екінші майданға кетті, оның артынан ортаншы ұлы Мұқан 1944 жылы соғысқа алынды. Кенже баласы Нығыметтің де көрген-кешкенін тірі пендеге бермесін, өмірінің күнгейінен көлеңкесі қалың. Бірінші әйелі Жәмілө жастай көз жұмды да соңында Ғазиз атты ұлы қалды. Уақыт оздырмай төсек жаңғыртып, көрші ауылдағы мәйітке жан салған Таймас әулиенің немересі Оспанның қызы Бибіғайшаға үйленген. Текті топырақтың қызын елдің іші Ақбұзау атап кеткен-ді. Нығымет талай рет өз еркімен майданға сұранса да тылға да бүктен шік, жұптан жік шығаратын пысық адам керек деп «броньға» тізімдеп жібермей қойған. Кеңес колхозының төрағасы ретінде күн мен түнін алмастырып майдан үшін азық-түлік дайындатты, аяғы ауыр Ақбұзау болса ішін түбіт шәлісімен буып алып қол диірмен тартып, табандарын тасқа салып егіс бригадасында еңбек еткендерге тамақ дайындаумен болды. 1942 жылы туған Амантайының жасы бірге, Ғазизі он бірді аяқтағанда Нығымет те аурудан көз жұмды. Жығылған үстіне жұдырық болып араға үш жыл салып күтпеген кесел кеудесіне жабысып Ақбұзау жан тәсілім етті. Қос жетімекті бауырына басқан Мұсаның кемпірі Жарқынай әжей сіндісімен қараша үйде арқасүйер арқан ұстарсыз қалды.

Нығыметтің апа-қарындастары мен қыздары да бірінен кейін бірі өлген. Жас күнінде алтыбақан қасында Жарқынайдың бейкүнә жарқын күлкісіне, айдай ажарына аңсары ауып масайған жігіттер сырттай ғашық болып, бір-бірімен тоқайласып, айдары қанталаған қораздарша сайдың арғы бетінде құрықтасып, алысып-жұлысып жататын. Жарқынайдың таңдауы ат құлағында ойнайтын батыр да батыл Мұсаға ауған, мәңгілік бірге болуға серт байласқан. Міне, сол Жарқынайдың баласы мен келінін бірінен соң бірін ажал-аждаһа қылғыта жұтып, сырғалыларын қара жердің қойнына өз қолымен тапсырып, қайғының қара жүгі бүкшитіп, мандайын әжім айғыздаған кейуанаға айналып шыға келді. Сұрапыл соғыс басталғанда бір әулеттегі он төрт жаннан қазір төртеу ғана қалған. Мұқатайдан малақайының мандайшасының ішіне салынған «Күнбастысқа кетіп барамыз, жақында жеңіспен ораламыз» деген үшбұрышты етіп бүктелген тілдей үшбу хат қана келген, ал 1944 жылы соғысқа аттанған Мұқан ізім-ғайым жоқ. Бір хабар болсайшы...

Түнеу жылы ауылдағы құлағы мүкіс тартқан Бақан Омбыдан Мұқатайдың малақайын алып келген уақытта Жарқынай баласының тері сінген елтірі тымақты құшырлана иіскеп, кеудесіне басқан күйі талып қалған. Қозған аулындағы қараша үй тағы да қайғы үстіне қара жамылғандай еңселерін зіл басып қамығып, зарын естіген сырт көздің желке сіңірі үзілердей болатын. Содан бастап осы үйде зар толастаған емес, малақайды құшақтаған Жарқынай әжей күнде кешкісін баласын иіскегендей мауқын басып маужырап барып

ұйқыға кететін, таңғы намаздың уақытында тұрып көнетоздана бастаған малақайды құшақтап дауыс салып зарлайды. Үйдегі Ғазиз бен Амантай бөлтіріктей тістелеп баққан үлкен шешелерінің бұл әрекетіне бой үйретіп алған, сыңарындай боп кеткен сіндісі қосылып егілетін.

* * *

Мал қораға кіріп сиырлар күйіс қайтарып жатқан іңір түскен уақытта жаяулап-жалпылап ілбіп басып ауыл шетіне жеткен Мұқан балауыз шамның әлсін-әлсін алыстан сығырайған жарығын көргенде өлгені тірілгендей болды. Сонадайдан жылтыраған жарық кеудесіндегі көмескіленген үміт отын үрлегендей. Соғыста жүргенде шаңырағында болған оқиғалардан бейхабар ол кеудесін қуаныш кернеп, адымын жиілете, жылдамдатып алшақ басты. Кіндігі кесіліп, табалдырығының астына көмілген үйіне асықты, ақ сарайым қайдасың деп ауылдың арғы шетіндегі шаңырағына қарай аяңдай берді. Соғысқа аттанған жылы жұпыны болып көрінетін колхозды ауылы жойылып кетуге шақ қалған екен. Құркылтайдың ұясындай әр жердегі қараша үйлердің терезесінен білте шамның жарығы байқалады. Соған қарағанда зіңгіттей азаматтарынан тірісінде айырылған, қара қағаз алған үйлердің бәйбішелері күн көріс үшін бір-бірінің үйіне көшіп, өз үйлерін бұзып, ағашын отын еткен-ау деп тон пішті Мұқан іштей. Ауылда арсалаңдап, шабаландаған ит те жоқ. Мына ауыл тірідей қырылып қалғаннан сау ма? — деп келеді түкке түсінбей. Сол бетімен балалық бал-базары өткен өз шаңырағына, өз шаңырағы емес кирандының үстінен бір-ақ шықты. Әкесі Мұса саман кірпіштен кең етіп қалап салған үйдің құламаған екі қабырғасы ғана қалыпты. Алакөленкеде ағасы Мұқатаймен қатар жатып, алғаш санауды төбенің мәткелеріндегі шегелерді санап үйренген ол өз бөлмесінің қабырғасына арқасын тіреп, кеудесінен көкала үйрек ұшар алдындағы адамдай сылқия құлай кетті. Көз алдынан әкесінің сұлбасы кетпей қойды. «Біздің арғы тегіміз — Арғын бабаның ішіндегі Алтай-Қарпық деген ел. Сайдалы Сары Тоқадан Құлын мен Төлеміс тарайды да, Құлыннан біздің атамыз Ермек өрбиді. Бабаларымыз Ермек пен Бармақ батырлар қазақтың Кенесары-Наурызбай деген ұлтшылдарымен тағдырлас екен, Нұраның бойынан келіпті-мыс. Олар Ертістің осы сол жағалауына басқыншы елге бекініс салдырмаймыз, бұл жаққа кіргізбейміз деп көш түзеген. Біз солардан қалған ұрпақпыз. Кейін аталарымыз осы Бұланбай мен Қозған ауылдарында тұрмыс талқысымен көшіп жүріп түгін түтеткен. Осыны естен шығармандар, үй сыртында құлақ бар, тілдеріне тістерің ие болсын», — деп нұқып тұрып айтатын сыбырлап, жан-жағына біреу естіп қоймасын дегендей жалтақтап, күректей алақанымен қаба сақалын сипай тарап.

— Неге Қозған ауылы? — деп сұрайтын балалары.

— Қозған деген рудан шыққан байдың қыстауы болса керек. Ол бізге де сырт сөзден бүркенуге жақсы болды, Ермектің ұрпағымыз десек қазір осылай сыбырласып та сөйлесе алмас едік, — деп жер шұкитын амалсыз. Одан әрі олар мінезі ауыр екенін білетін әкесін арзан сұрақтың астына алып қыстамайтын. Міне, сол Қозған ауылының қазіргі, соғыстан кейінгі сықпыты осындай.

— Мехнат тартып келгенде көрем дегенім осы ма? Қайран шешем, қайран бауырларым қайда? Шоғың өшкені ме, қара шаңырақ? — деп іштей егілді Мұқан. Әксігі өзегін тілгілеп жарып бара жатса да жан-жүрегін қармап тырналаған шері сыртқа шықпады. Айғайлайын деп еді, үні ұртында қалды, жылайын деп еді, жанарынан жас ыршымайды. Кеудемде жан бар ма өзі дегендей жерді жұмырдықтап та көрді, терісі топыраққа тырналанып қан шықса да ауруды сезбейді, сезіне алмайды тіпті. Булығып, қысталанып, төмен салған басын көтеріп еді, алдында тарғыл күшік отыр. Моп-момақан. Ол да ит болып үн шығармайды-ау, шығармайды. Иесін тапқандай. Мұқанның да

тілі байланған. Ала жаздай аламан өткізіп, көрші ауылдың балуандары келіп күресіп, жеңісті бөлісе алмай қызыл кеңірдек болып, соңынан татуласып табысып, ас ішіп табақ босатқан соң жілік сындырып, қайта дауласып қалатын кешегі думаны тарқамаған ауылынан бүгін бір тірі мақұлық кездескеніне қуанған ол құйрығын бұлғандатқан күшікті бауырынан көтеріп алдына жатқызды да, қалтасындағы қатқан қара наннан бір үзім сындырып берді. Ашөзек күшік нанды жұтып жіберді ме, белгісіз, Мұқанның саусақтарын жалай бастады. Міне, сол кезде барып кеудесінде кептелген өксігі жанартаудай жарылды-ай келіп, ағыл-тегіл жылады. Мұның шағарға тарғыл күшіктен басқа тірі жан иесін таппады. Қияннан анамды аңсап келгенде тарғыл күшік тап болып мұнын итке шағамын деп ойлады ма? Окоптың сыртында оқ пен оттың ортасынан тыртық-сызықсыз оралғанда құшағына туғандарын қыспай, қарабайыр қос қабырға қарсы алатынын білді ме? Анам қайда, бауырларым қайда, ағайын-жұрт қайда? Мына сұм соғыс тылдағыларды да тәлкекке салып қырып тастаған ба? Бір дивизияда болған жерлестерім Томарбайдың Әміржаны, Әлінің Мұқажаны, Асылбектің Рамазаны, Сағындықтың Дүйсекесі, Әміренің Сағалбайы, Аскынның Салығы, Дайырбектің Біләлі, Аяғанның Тайшығы, Әлінің Рамазаны, бірі де оралмаған ба? Әлде кебенек киген олар да елге келіп, мынадай сұркия суретті көріп, бастары ауған жаққа босып кетіп қалды ма екен?! Сұрақ көп, жауап жоқ. Аспан да, жер де мылқау. Кеудесінде жаны бар тарғыл күшікте тіл жоқ.

— Тарғыл күшік-ау, сен ит болсаң, мен тарғыл тағдырлы пендемін, — деді алғаш рет бет-жүзі күн астында көп жүріп тат басқан қаңылтырдай тарғылданып кеткен Мұқан. Запы болған жүрегіне қайғы ауа-райы бұзыларда текеметті тырналаған тарғыл мысықтай аяусыз тырнағын батырып бырт-бырт еткізіп тырналайды, жанарынан үзілген бейкүнә кәусар жас тарғыл күшіктің тұмсығына тамып түсті. Көңіл-қошы қайтқан оның көкжайлау көңілі көктемгі бояуынан айырылған топырақтай табғылданып тарғылт тартқан, дауысы да тарғылданып шығады. Асығып жұтына жеген асы қорытылмай қоя болған⁶ адамдай ашудан қояншығы ұстап, төбеден түтін тартатын жалғыз қуырдай⁷ болып соқа басының сорасын күшіктің төбесіне тамдырып отырған түрі енді мынау. Қамыттың құлақбауындай болып кеуіп, қайыстай қатып қалған жұтқыншағын сілекейін жұтынып жібітіп алды, сүйекті бітеу жұтқан иттей қиналып жұлдыздар жамырап тұрған айлы аспанға көз салды.

Омбы төңірегіндегі ауылдан келетін жолда ағасы Мұқатай екеуі бозбала шақтарында айлы аспанның астында талай қысырақты тақымға басқаны есіне түсті. Ағасының көнбеген бедеу байталдардың құлағын шайнайтын ашуқор мінезі де бар еді. Жылқыны жылқының тұяғынан қатты адам бағады деген рас-ау. Сілеті мен Жалаулы көлдерін тұйықтайтын ірілі-ұсақты көлдер бірігіп келіп үлкен бір түбекті құрайтын. Сол түбектен шығар ауызда қалың Бұланбай ауылы отыратын. Қыстаулары сол манда. Түбекте қысы-жазы жайылған жылқы тебіннен де, жауыннан да қысылмайтын. Ағасы екеуінің ат үстінде алысып-жұлыскандары, асау мініп жарыскандары, оларға торы тайымен ілескен Нығыметтің ағалап айғайлағаны, үйге келгенде шешелері Мұқатайға айранды үлкен шараға құйып, бауырсақты соның алдына қарай ысыра беретіні, бәрі-бәрі көз алдына келген Мұқан бір рахаттанғандай болып сілесі қатып зәнталақ ұйқының шырмауына түсті. Танды атырып алып кетемін бұл жерден деп тас-түйін боп бекінген оны туған үйінің қабырғасы арбап алғандай.

Түсіне 1944 жылы майданға аттанарда шешесінің түбіт орамалының ұшымен көзін сүртіп қоштасқаны, қасындағы сүйеген Ғазиз інісі мен етегіне оралған Амантай кірді.

IV

Екінші дүниежүзілік соғыс жалғасқан 1944 жылы Қиыр Шығыста барлау ротасында бөлімше командирі болып жүргенде Мұқан Мусин тірідей тобығынды ойып алмақ түгілі, тауық бауыздаған құрлы көрмей басыңды жұлып алатын тасжүрек жаумен талай бетпе-бет ұшырасып, тоғыз тіл әкелген. Тіл болғанда да анау-мынау емес, поғонында жұлдызы көп офицерлер. Қаныпезерлікті де, ине жұтқан иттей болған жаудың офицерін қалай қинап сайрату керек екенін де жан-жақты меңгерген. Кейін кеңес әскерімен одақтас, Германияға қарсы соғысқан елдер арасында аса құпия деген таңба соғылған құжаттарды тасымалдайтын дипломатиялық курьер қызметін атқарған. Соғыс аяқталмай тұрып Жапонияға тыңшылыққа жалдап етіп жіберілген. Соғыс аяқталып, Владивосток қаласына шығу құқығымен үш күндік демалыс алған Мұқан қарулас жолдастарымен қай үйге барса да жұпыны тірліктегі жадағай бір көріністің куәсі болды да қойды. Жайраған дастархандары жиылмай, балдаққа сүйенген еркегі етегі тізесінен төмен түспейтін әйелдерімен қосылып «За Сталина!», «За победу!» деп тамағындағы күре тамырлары білеуленіп ісіп айқайлап ұран айтып, шишаның ішіндегі «жынды суды» стакандарына тендей бөліп, қылқылдата ішіп, артынан ашыған қырық қабат пен тұздалған қиярды тамсана танауларына басып, қарш-қарш шайнап, бірінің басын бірі иіскегендерін көрген де жиіркенген. Көшеде құлмақ қосылып ашытылған бутыльдарындағы самогондарын құшақтап қаңылтыр күрішкелеріне құйып, дірілдеген қолдарымен ауыздарына әрең апарып, екі езуінен судақтатып ағызып, төгіп-шашып ішкен жеңімпаз халықтың нас қылығынан жұтқыншағына запыран тығылып жүрегі айныған. Алғашында жеңістің дәмі осы ма еді деген дүдәмал ойға да қалған. Саяси сауатты ол бұл да қуаныштың бір белгісі шығар деп өзін мәжбүрлеп іштен тынған да қойған. Жеңіс көрген жұрттың бәрі мұндай тұрмыстың тұсауына шырмалмағандарын көкірек көзі көрмегендей болған.

Көп уақыт өтпей 1946 жылы Владивостоктағы құпия шекара барлаушыларын даярлайтын қысқа мерзімді курсқа қабылданғанда соғыстың әлі толық аяқталмағанын білген. Жатқа жымдарынды білдірмендер деген талапты сақтаған. Күн сайын қара табақтан⁸ жұртты жұмысқа жұмылдыруға, қираған зауыттар мен фабрикаларды қалпына келтіруге шақырған үндеулер сарнап тұрады. Үш күндік демалыста жүргенде ауылына амандығын білдіріп телеграмма да салған. Бірақ «контрразведкаға» алынғандардың аты-жөні қатаң бақылауда, олардың поштаға түскен хат-хабарлары жолда қасақана алынып, туғандарына да жолданбайтынын ол білмейтін. Меңдуана жеген қойдай меңзең болып қазармаға оралып, әр кеш сайын ауылдағы анасы мен бауырларын ойлағанда жанын қоярға жер таппай қиналатын, түні бойы дөңбекшіп ұйқы сұрап, күбірлеп шығатын.

Барлаушылар курсына адамды қинаудың, жалаң қолмен жауды өлтірудің сан айласын меңгерді. Бұғана сүйектің тұсынан күре тамырды қатты қысып жіберіп кісіні жантәсілім етуге болатынын, құяң тиетін қысқа белдемелердің арасынан саусақпен ұрып, жұлынын үзуге болатыны секілді жүзден астам тәсілді үйреніп, бетін тілсең қан ақпайтын біртоға барлаушыға айналып шыға келген. Күніне екі рет саяси сабаққа қатысады. Ол сабақтардан қалмауың міндет, себептер қабылданбайды. Барлаушы бәрінен хабардар болуы тиіс. Бірде папирасын құшырлана сорып, көк түтіннен қос өкпесі сырылдаған ақсақ полковник Қытайда КСРО-ның құпия соғысы басталғаны туралы ұзақ айтқан. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанда Қытайда екі үкімет пайда болып, мемлекет қажырылған екен. Біреуін Чан Кайши басқаратын Гоминьдан партиясы басқарса, екіншісі басында Мао Цзедун тұрған коммунистік өкімет. АҚШ елі алғашқысына қолдау көрсетсе, КСРО билігі

Коммунистік партияны жақтаған. 1946 жылы гоманьдандық 310 әскери топ Американың қолдауымен коммунистерді Сунгари өзеніне қарай ысырып, шамамен Оңтүстік Манчжурияны түгелдей басып алған. Гоминьдандықтар кеңес өкіметімен арада жасалған достық пен одақ туралы келісімді бұза бастаған, үшінші дүниежүзілік соғыстың бұрқ ету тәуекелін тудырған. Осыны айтқан ұстаздары Мұқандарға «шамалары келгенше ағылшынша, қытайша» тіл үйрене берулері керектігін шегелеп міндеттеген. Тек бөтен тілді қысқа мерзімнің ішінде меңгеріп алу қиын, уақыт тапшы. Мұны Мұқан да, бір елден шақыртылған қандыкөйлек досы Мәсәлім де жетік түсінген. Қысқа мерзімді оқулары аяқталғанда олар да екі жүз барлаушының арасында «жансыздар операциясына» алынып, Қазақстанның Қытаймен шекаралас жатқан Зайсан өңіріне жіберілген.

* * *

Таң сібірлеп атқан шақ. Әскери ұшақтан секірген «жалдаптардың» бәрі бірдей жерге түскен жоқ. Кейбірінің парашюттері де ашылып үлгермеген күйде оқ тиіп, Қытай шекарасындағы қаулап өскен дүм қарағайларға мүрделері салбырап ілініп қалған. Оны төмен құлдилап келе жатқанда Мұқан да, Мәсәлім де алыстан байқаған. Соғыста жүріп табысқан жерлестер талай қиын шақта бір бақыраштан тамақ ішіп, бір құтыдан сусындаған. Тән сырлары да, жан жұмбақтары да бір-біріне мәлім. Тіпті кейде ауылдарындағы ұқсас жағдайларды жарыса айтып, сағынышпен мәре-сәре болып күлісіп те алатын. Барлаушылардың қатарында жүргенде бұлар ұшақпен Кеңес әскерінің жақтастарына хат-хабар тасушылар қатарына алынған. Жапонияда болған. Үш мәрте Америкадағы коммунистерді қолдаушыларға аса маңызды құжаттар апарғандары естерінен кетпейді. Соңғы рет барған кезде мұхит үстінде жаудың үш ұшағы сондарына түскені, зеңбірекші жараланып, оның орнына Мұқан отырып оқ жаудырып, екі ұшақты құлатып, үшіншісін өздері қуып құлатамыз деп адасып жүріп бір штатқа қонған. Адамдақ жолдан, қаңғыған оқтан аман қалған жауынгер бастарының көрер жарығы бар екен, сол жолы миссияларын да сәтті орындаған. Бірақ бұларды кеңес бұйрығы аяған жоқ, енді Қытаймен шекаралас елдерге тыңшылыққа жіберілген. Бұйрықты бұра тартуға жол жоқ.

Таудың етегіне түскен бетте Мәсәлім екеуі бір-біріне ысқырып белгі беріп, қалың бұтаның түбінде қауышқан. Мәсәлім жұтқанын түкірмейтін бірбеткей, құлағымен естігені тілінен ытқып шыққан емес. Маса андыған адамдай сақ жүреді. Көзіне пышақты қып-қызыл етіп қыздырып басса да, міз бақпай тілімді кесіп ал деп тістеніп, бақайының басына қарап мыңқиып отыратындардың қатарынан. Барлау мектебі темірді тістесе тісі қалатындай қылып үйреткен. Мұқан да сертіне берік, жауға ақпарат бергенше, жағасына жасырын қадалған уды ішіп өлуге именбейді. Жылқының жақсысын жасынан таныған ол адамның жақсысын тануда жаңылған емес. Қазақтың қос ұлының мінезін командирлері де жоғары бағалайтын және ең құпия тапсырмаларды жүктейтін.

Аспандағы қысымнан құлақтары бітелген екеу түкіріктерін жұтына бастады. Сосын белдеріндегі құтыларындағы судан ұрттап іште де маңайдан тың тыңдады. Түн баласының ұйқысын күзеткендей шегірткенің шырылы ғана естіледі. Ара-тұра төңіректегі тыныштықты сұңқылдап бұзған байғыздың дауысы шығады.

— Мына байғыз қайтеді ей, — деп қойды Мәсәлім маңдайынан аққан терін жеңімен сүртіп.

— Бұл бәтшағар жамандық шақырады деуші еді, шалдар, — деген Мұқан құтысын белдігіне байлап жатып.

— Қой, қайдағыны айтпа. Тағы да бір ажалдан аман қалдық. Мүмкін соны

меңзеп отырған шығар бұл мақұлық. Жақсылыққа жориық, — деді Мәсәлім шүкірлік етіп.

— Әмин! — деген Мұқанның ойына шешесі Жарқынайдың «Тәңірі баққан қозыны қасқыр алмайды» деген тәмсілі оралды.

Түн ішіндегі екеу су қайнайтын уақыттай тынығып алғаннан кейін сөзді тағы Мәсәлім бастады.

— Мұқан, біз енді осы жерден екіге бөлінейік. Бағана ұшып келе жатқанда төңіректен шамы сығырайған екі жатақ көргенмін. Осындағы қазақ ауылдары шығар. Мен сол жақтан тың тындап қайтайын, сен шекара бекетіне бара бер. Міне, ол мына жерде, — деп қалтасынан төртке бұрышталып бүктелген картаны шығарып, айдың жарығымен Буырылтоғай қаласы қонған аумақты, Бакты заставасын сұқ саусағымен айналдырып көрсете бастады. Қос жолдастың жолы осылайша қарс айырылды.

Мұқан Бакты шекара заставасына бұқпантайлап, әр адымын әбжіл басып, көгершін ұстауға шыққан мысықтай сақтықпен таң рауандаған шақта жеткен. Отандастарымен құшақтай көрісіп, болған жағдайды хабарлап, борышын өтеуге кірісіп кеткен. Оған міндеттелген жүк осы жақтың адамдарындай киініп, заставаның ақбоз атына мініп ел аралау, дымын білдірмей халық ішіндегі жағдайды білу, халықтың қай үкіметті жақтайтындары туралы ақпарат жинау болатын.

Күнделікті әдетімен Мұқан бүгін ерте оянып, жолға қамданды. Лашыққа барды да өзіне бірінші күннен бекітіліп берілген ақбоз биені шөлі қанғанша суарды, одан кейін тың жерге шығарып аунатты. Ат таракпен жал-құйрығын сүзіп тарап, сырт көзді сезіктендірмеу үшін жергілікті қазақтардай жеңіл құранды ер салып, омырауына шеттік арқылы өмілдірік кигізді, екі жамбас үстімен тартып құйрығының астынан құйысқан тақты. Өзі де бұзау терісінен тігілген мәсісінің сыртынан кебіс, кең шалбарын киіп, жұқа көйлегінің үстінен жеңіл шапанын іліп, сыртынан кемер белдігін буынды да, басына биік шошақ төбелі қызай қалпағын бастырды. Алған беті шекараға жақын орналасқан Айтқұл-Жәдік ауылы, бүгін сол ауылдың мырзасы немересінің сүндетінің құрметіне той тарқар жасап, маңайдағы қазақ ауылдарына көкпар бермек деген ақпар келген.

Тастақ жермен жүруге тұяғы төселген ақбоз бие алыстағы ауылдан шыққан айғайды естіп құлағын қайшылап алды. Бұл жақта жұмысқа жегілетін аттарын қара күз бен жер жылтыраған көктем басында тағалайды екен. Ал салтанатқа мінетін аттарын тағаламайды, өскен тұяғы тасқа тиіп сынып өздігінен қалыпқа келіп отырады. Оның үстіне жаппай доданың ішінде сынған таға ұшып шабандоздарды жарақаттауы мүмкін. Доданы көргенде Мұқанның да делебесі қоза бастады. Тек астындағы биенің белі ұзаққа шыдамасын жақсы біледі, өзі де кенже буазға ұқсайды екен. Әкесі марқұмның «жүйрік ұрғашы мал құлынын төске сактайды да, оның буаз екені бұлкілдеген бүйірінен білінбейді, желін салмай да туа береді» деген сөзі ойына оралған. Соғысқа кетпей тұрып Мұқан Бұланбай, Қозған ауылдарынан шетқары шалғай қонған қоныстарда да түрлі додаларға қатысып, талай үйден серкенің қуырдағын жеген. Көкшулан соғатын көкшұбарымен апта сайын көкпар шауып, талай мәрте иығы шығып, аяғы үзенгіде кеткен. Бірақ көкпар заңы бойынша шабандоз додада өлсе, ол қайырсыз өлім емес, шейітке саналады.

Күннің қызуынан шаштың әр талы бұйраланатын қарға миын қайнатар аптап ыстықта алыстан тошала үйлерден құрылған Айтқұл-Жәдік ауылы селдір тартып сағымданып көріне бастады. Үлкен ақ орда шеткерірек тігіліпті де, жанында екі қара үй орнатылыпты. Қазандық үйлер болар деп шамалады Мұқан. Одан кейін оның көзі анадайдан шұбатылған шаңға, алдында жылжып бара жатқан бір қара ноқатқа түсті. Жақындаған сайын айғай да сол жақтан

анық естіле бастады, Мұқан да елегізіп астындағы ақбозға қамшы басты. Құстай ұшқан ақбоз көзді-ашып жұмғанша бұйра шаңның ортасына алып келді. Қаумалап төпелеген топ алдына апай төс баран айғыр мініп, көкпарды өңгерген қараторы жігітті қоршап алыпты. Ол да қарулы екен, аузына қамшысын мыжғылап тістеп, алдындағы серкені тақымға қысқан. Тақымы тас па дерсін. Ағызып келіп аттарымен қаққандардың біреуі де жұлып алуға қауқарсыз. Мұқан анықтап қарады, өңгерілген серке емес, тана секілді. Бұл жақта жаппай көкпарға серке жеңілдеп кетсе, орнына тана сойып тартады екен дегенді естіген. Тіпті сол тананы да қаны тулап додаға түскен қазақтар жеңіл көріп, ауырлату үшін шабын тіліп тұз салады деуші еді. Дәу де болса тана шығар.

— Мен қағамын, сен тартсаңшы, — деп ақырды торытөбел мінген, көзқабы іскен төрткөз жігіт көптің ішінен ерекшеленіп.

— Тартқанға ыңғай беріп жатыр ма? — деп айғайлады басына орамал таңған сойқан кірпігіне тұрған жас аралас шанды сүртіп.

— Онда несіне додаға кірдің, ынжық неме? — деп кіжінді торытөбел мінген.

— Шаруаң болмасын, әкеңнің ауызын, — деп әкірендеді орамалды. Тоқайласқан екеу додадан шығып бір-біріне қамшы сілтесе бастады. Оларға көз салып дамылдаған ешкім жоқ, бәрі қараторының соңында. Құдды бастарың жарылып, көздерің шықса да бәрібір деген сынайда. Мұның бәрін Мұқан сырттай бақылап тұрған. Баран атты топтан сытылып шығып сайын далаға қарай шаба жөнелгенде, соңына түсті. Қуғыншы топ алыстай берген, алда келе жатқан екеу. Мұқан қулыққа басты. Құйғытып шауып келіп жанаса кетті, астындағы баран атты құйрығынан көтеріп кеп қалғанда ол екпінімен шалынып қала жаздады. Осы әрекетін бірнеше рет қайталады.

— Бауырым, көкпарыңды өзеркіңмен бере салғаның дұрыс, — деп қараторыға үн қатты Мұқан. Жауап болмады. Шамаң келсе тартып ал дегендей қараторы жігіт міз бақпады. Мұқан өз обалың өзіңе деп шауып келе жатып баран атты жанамалап бір қакты да, құйрығынан көтеріп кеп қалып, оң жағына сырғып шығып, жігіттің алдына өңгерген көкпарды сирағынан сүйреп, суырып алып өз тақымына басты. Өлі дене зілдей екен. Мұндай қарулыны алғаш көрген қараторы әрі қарай қуудың пайдасы жоқ екенін бірден түсінген, мықтылығын мойындаған. Алыстан бақылап тамашалап тұрған той қонақтары «пәлі, сабаз екен» деп сілекейлерін жұтынды. Мұқан алдына тананы өңгерген күйі ел жиналған жаққа ат басын бұрып, тоқтамай шауып отырып он екі қанат, сүйегі ағаштан жасалған ақшаңқақ үйдің алдына әкеліп сылқ еткізіп тастай салды. Мұндай қимылға еті пісіп үйренген тарамыс денелі оның маңдайынан шыпшып еткен тер сол кезде барып жіпісіп білінген. Дода көкпардың орта жолда аяқталып қалғанына біреулер налыса, екіншілері Мұқанның шеберлігіне тәнті болып жөн сұрасып жатты. Астындағы ақбозы ақ көбікке көмілген.

— Буырылтоғайдың қазағымын ғой. Жоқ іздеп шығып адасып кетіппін, аузымның салымы бар екен, көкпардың үстінен шықтым, — деп жалтарды ол той иесінің жөн сұрасқан сұрағына ат үстінде солығын басып.

Қандасының қарымына разы болған тапалтақ келген, аспан аударылып жерге түскендей аптап күні басына қызыл түлкінің пұшпағынан тігілген қызыл бөркін бастыра киген, селтие шыққан күйек сақалды, жер ортасынан асып кетсе де ширақ қимылдайтын той иесі көк көзін сығырайтып, қолын маңдайына апарып күнді қалқалап Мұқанға қарады.

— «Қонақ келсе есің шықсын, есебін артынан есептеп аласың» деген қазақпыз ғой. Аттан түс, қонақ бол! Ат үстіндегі өнеріңмен бәрімізді тәнті еттің, — деп той иесі шын ықылас білдіргенде жанындағылар да қолдай түсті.

— Әй, сабазым, мықты екенсің! Қанша жыл ел аралап баспаған жерім қалмады, ал сендей сабазды көруім бірінші рет. Өллаһи-биллаһи бірінші рет.

Онбай кетейін, сабазым, бірінші рет, — деген көп ішінен қарлығып шыққан дауысты Мұқан бірден таныды. Мәсәлімнің дәл өзі. Дауыс шыққан көптің ішінен суырылып, адымын алшаң басып орта бойлы жігіт арсаландап келе жатыр, екі езуі екі құлағында. Кеудешесін аударып киіп алған ба, астары бедерленіп көрініп тұр, үсті-басы алба-жұлба. Басына орамалды екі бүктеп маңдайынан түйіп тартып алыпты, аяғында бұзаубас етік. Әбден сырылып күйі кетіп қалған, біреуінің тұмсығы ашылып, қағылған шегесі күнге шағылысады. Қолында ұшына қызыл байланған ұзын таяқ. Сыртынан қарап дуана ма дерсін. Әттен, мемлекеттік тапсырмамен жүр, Мәсәлімді құшақтай алып: «Әртіссін-ау, Мәсәлім, әртіссін» деуге бар. Тек Мұқан көзінің астымен қарап, күй білдірмеді, ішін күлкі қысып қытықтап барады. Атынан асықпай түсті де, шылбырын жақын тұрған күнге тотыққан қара домалақ бір балаға ұстата салды.

— «Бір күн дәмін татқанға қырық күн сәлем бер» — дейтін біздің үлкендер. Ілтипатыңызға рахмет, ақсақал, — деген Мұқан қаумалап сәлем бергендердің қолын алды.

Тойдың иесі бар, қасындағы жуан, кебеже қарын қара сақалдар бар, бәрі босағаға қарай адымдады. Мәсәлім де олармен бірге қалыспай ілесті. Табалдырықтан апаратын жол таяқ тастамдай ғана қысқа болса да, Мәсәлім сол екіарада Мұқанның құлағына сыбырлап бір нәрсе айтып үлгергеніне қуанышты секілді. Бәрі ақ үйге кіріп тізе бүкті, сусын ішті. Бұл жақта дуананы шетқаппайламайды, қайта оған қайыр-садақ ұсынса, төріне шығарып ас берсе, өз үйіне шексіз несібе болып қайтады деген сенім бар екен. Артынан ас келді. «Тананың қуырдағын кешке жейсіндер» деп дәмелендіріп қойды той иесі. Мұқанға да керегі осы. Әзірге дастархан басында әңгіме-дүкен құрғандар әр жерде өткен көкпар додасын айтып, жүйрік ат, ұшқыр тазы, күміс нөкта-жүген, тіпті ұзатылмаған қыздар жайлы да сөз етті. Ақыр аяғында саясатқа келіп тірелгенде үй сыртында жау бар деп жасқанды ма, мардымды түк демеді. Мұқан мен Мәсәлім бір-бірін жасаған қимылдарымен түсінісіп, көзбен сөйлесіп отырды. Ет желініп, сорпа ішілгеннен кейін дастархандастардың бәрі орындарынан тұрып балуандар күресіне бармақшы болған. Бірақ әңгіме түгесілер емес. Той иесі де алыс-жақыннан келген мырзаларды еркін көсілтіп, іштегілерін көріктей көсеп айтқызып, күмпиген кеуделерін басып бөгеуді жөн санамады, барынша ығына жығылып бакты. Ақыры біраз отырып, түйе балуандардың белдесуіне бір-ақ барамыз деп шешіп, шәй алдыра бастады.

Әңгімелерінен сыр аңдаған Мұқан Мәсәлімді сыртқа алып шығып қапсыра құшақтап, кеудесіне басқысы келген. Ишарасын түсінсе де Мәсәлім «дуана» басымен үйден кіріп-шығуды жөн санамады, не болса да дастарханның соңын күтіп іште қала беруге бел байлады. Амал жоқ. Мұқан ат байлауышта қатар байланған мініс аттардың жанына жақындағанда ақбоздың аяқ жағында қып-қызыл болып жатқан «шарананы» байқады.

— Қап, — деп санын соққанын өзі де байқамады. Көкпар тартып келген бетте әлгі балаға шылбырды ұстата салмай, өзі барып қысқа баулап байлауы керек еді. Еті қызып келген ақбозды бала суарып, жемге байлап қойғаннан құлын тастап жіберіпті. Бөтен ауылда «ұрын» жүрген ол кімді барып сыбайды, кімнен есесін қайтарады? Үндемеске амал жоқ. Қактың ішінен тұмсығы көрінген торы құлынның түгі де шығып жетіліп қалған екен, құлағынан ұстап шеткері жүрген ауыл иттеріне қарай ысыра салды да биені босатып жіберді. Қазан басынан қағанағы қарық болмаған иттер ырылдасып, өлі құлынның уыз етінің парша-паршасын шығарды. Ұяластар екен, бір-біріне ырылдасса да төбелескен жоқ. Амалы құрыған Мұқан енді кетуге ыңғайланғанып ат іздей бастағанда анадай жердегі мама ағашқа жалғыз байланған той иесінің жер тарпып тұрған боз жорғасы көзіне ілінді. «Аман болсам заставаға сен жеткізерсің» деп қойды іштен.

Осы кезде қызылкенірдек болып әркім өз руының аруағын шақырып айғайласып жатқан күрес жақ та, алтыбақан теуіп ән салып жүрген қыз-желең де, қазандық басындағы абысын-ажын да тына қалған. Мылтық асынған бес қытай сарбазы салт мінген тәпелтек аттарын тебініп, көптің ішін бөле жарып ақ шаңқан киіз үйдің алдына келіп тоқтады да, екеуі ішке кіріп, Мәсәлімнің қолын қайырып сыртқа алып шықты. Бұл кезде тойға жиналған көп қауым да үдере басып осы жерге жиналып қалған. Мәсәлімді алып шыққан екеудің бірі оны тілерсегінен басып, тізесін бүктіріп ортаға оздырып отырғызып қойды, екіншісі болса сарнап ала жөнелді. Тапаншасын ұстап, сығырайған көзі жұмылуға жақындап, қызынып алғаны сонша, қолын әрі-бері сермеп сөйлеп жатыр. Оның айтқанынан қасындағы тілмаш та тұнжырап сала берді. Одан кейін жүзін бұрып:

— Мына кісі біздің арамызда жүрген — жансыз. Бұл — жау. Біздің саясатымызға араласып, бірлігімізді бұзғысы келетіндердің жақтасы. Мұндай иттерге кешірім жоқ. Бұлардың жазасы өлім. Сендер араларыңнан шыққан жауды өз қолдарыңмен өлтіресіңдер дейді, — деп тілмаш санқ еткенде жиналғандар ауыздарын басып, жағаларын ұстады. Сарбаздың бірі ортада тізерлеп отырған Мәсәлімнің мойнына қыл арқанды салды да бір ұшын өзі ұстады, екінші ұшын ұстатуға көпке қарап тұрып қарымы қатты деген мықты жігіт іздей бастады. Төртбақ тұлғасы басқалардан бөлектенген Мұқанды тандап, алға шығарды да ұстата салды. Бір әскери комиссариаттан шақыртылған, қаншама қанды жолды бірге өткерген қандыкөйлек серігін, талай қылкөпір сынақтан сүйемелдесіп өткен досын қалай өлімге қимақ? Қолына ұстаған қыл арқанды сабын сыққандай сығымдап қыса түсті, мұны тартқан қолым иығыммен неге бірге жұлынып қалмайды екен деп қарғанды тістеніп. Сырт көзге сыр алдырмауға тырысты, сұп-сұр боп кеткен. Мәсәлім болса ыржындап отыр, түк болмағандай. «Дуана» болуын жалғастыруда.

— Ла-а! — деп ақырды бір кезде қытайдың топбасшысы. Бұл оның қытайша «тарт» деген белгісі еді. Арқан ұстаған сарбаз жұлқып қалғанда, Мәсәлім серге сылқ ете қалды. Мұқан тартуға именіп тұр. Сол уақытта Мәсәлім енді өмір жарығын көрмейтініне көзі анық жеткендей жұртқа қарап «елге сәлем айтындар» деп ақырды екі рет езуінен жылғаланып аққан қанды жеңімен сүртіп. Бұл оның Мұқанға айтқан аманаты еді. Мұқан арқанды тартар емес, алқынып тұр.

— Ла-а! — деп ақырды тағы да қытайлық.

— Тарт, — деді тістеніп Мәсәлім. — Елге сәлем айт, — деді сосын сабырмен.

«Елге сәлем айт». Бұл Мәсәлімнің соңғы сөзі, адал өлдім дегенінің белгісі екенін Мұқан бірден түсінді. Өзін өлімге қия отырып, досын ажалдан арашалап алмақ ниеті. Мұқан қазір тартпаса өзі де көзге күдікті болып ілініп, оның күйін бұл да кешетіні, бастысы жүктелген бұйрық орындалмай қалатыны, бағана айтқан деректерінің бәрі құпия бөлімге жетпейтіні аян. Қаны басына шауып, дәрменсіздік күйін кешкен Мұқан арқанды ұстаған бойда көзін төмен түсіріп, бар күшін салып тартты. Бар ойы досын кинамай өлтіру еді, іші алай-дүлей. Қыл арқанға қылқынған Мәсәлім жан тапсырар алдында бұлқынған да жоқ, серейген күйі ұзарып барып қатты да қалды. Мұқанның құлағынан «Елге сәлем айт» деген сөз кетер емес.

Мәсәлімнің өлі денесі салынған қос аяқ ат арбамен екі сарбаз, тілмаш үшеуі көп бөгелмеді, жұрт тарағанша олар да ізім-ғайым жоқ болды. Ере келген екі сарбаз той иесінің үйінде қалғанына қарағанда Мұқанның сұрланғанынан, жаны қиналғанынан секем алып қалғандай. Мұны Мұқанның өзі де анық білген, күн батуын күткен.

Ырду-дырду болып басталған тойдың соңы өлім жазасымен аяқталып, Айтқұл-Жәдік ауылынан қонақтар да көп бөгелмей күңіреніп тарқасқан.

* * *

Күн ұясына батқан шақта дастархан басына астауға салынған кара қуырдақ келді, қытай сарбаздарынан қорыққанынан ғана қазан көтерген әйелдер ас беруге ынтызар емес еді. Дірілдеген қолы өзіне бағынбай қасықты әрең ұстаған Мұқан амалсыздан бір-екі рет ортадағы дастарханға қол созды да, шандыр шайнағандай жағы сүйегі талғанша күйсеп көп отырды. Одан кейін насыбай атпақшы болған адамдай сыртқа беттеді, қытайлық сарбаз да ілесе шықты. Ел ішінде де сілеусіндей басқан ізіне сақ, табаны шөпке сылдырын шығармай тиетін жалдаптар бар екен.

Мұқан далаға шыққанда күн де қызарып ұясына батқан. Айнала той өткен ауылға ұқсамайды, ошақтардан да қызыл көрінбейді. Тек бықсыған қи мен күйген сүйектің күлімсі иісі жайылған. Табалдырықтан аттаған бойда Мұқан мама ағашқа байланған боздың әлі ерттеулі күйі тұрғанын бірден аңғарды. Бүгінгі орын алған жағдайдан кейін дегбірі қашып, өзінің де аман қалмасын сезген үй иесі қуырдаққа мойын бұрмаған, ал оның рұқсатынсыз боз жорғаға ешкім жоламайтын көрінеді. Мұқан асықпай барып дәретін алды, ізін аңдыған қытай сарбазы да өтірік ат қарағандай болып қалар емес. Оң жақтағы қыздың дүзге отырғанына дейін аңдитын жеңгедей бір елі алыстайтын түрі жоқ. Өлараның түні де көз байлай бастаған. Мұқан көршілес кара үйдің қасына біраз аяндады да, керіліп бойын жазды. Осы сәтте қасына келген сарбазды торғайды арбаған мысықтай шалт қимылдап, қарақұстан бір ұрғанда, әлгі байғұстың айғайлауға да шамасы келмей қалды. Суып тұрған боз жорғаға қарғып мініп застава жаққа қарай тайпандата жөнелді. Күні бойы қантарылып тұрған жорға бастапқыда жорғасынан кібіртіктеп жаңылып еді, біраз жүргеннен кейін төселіп сала берді. Төбесінен балғамен ұрылған өгіздей болып серейіп жатқан шалажансар сарбаз есін жиып, үйге барып хабар айтамын дегенше Мұқан да дауыс жетпес жерге дейін ұзап кеткен.

* * *

Мандайын жел қарып, көзінен жас парлап келеді Мұқанның.

Кеудесі лап-лап етіп жалын атқан көрік тәрізді, қызуы бетіне шарпып, көздері қанталап кеткен. Шекара застапасы да алыс емес, киік көш жерде ғана болса да өзегіне өрт түскен адам үшін тіпті өнер емес.

Қысталап жылайды Мұқан.

Шерменде болған жүрек шері жанарынан парлап қорсылдап жылайды Мұқан. Далиған даңғайыр даладан да қайыр жоқ секілденді.

Айналаны жаңғыртып жылқы қайырғандай айғайлап, боқтап-балағаттап айғайлап та жібермек болды, Мұқан. Өліктей болып меңіреу күйде жатқан мекиенге не деп шағымданбақ сонда? Тылсымнан туып «сен досыңды өлтірдің» деп жауап қатса, не істемек?

Алыстан заставаның жарығы көрінгенде Мұқан кілт тоқтады да, тақымындағы боз жорғаның жүгенін сыпырмай ауыздығын ғана алып, сағалдырығын тартып байлап қойды. Тізгінді қысқартып ердің қасына ілді. Ажалдан аман алып қалған түлікті жалының астынан сипады да, алғыс айтты. «Жан сырымды адам емес, жылқы малы ғана түсінеді» деп егіліп мандайын сүйеп тұрды. Одан кейін басын келген ізіне қарай бұрып, жамбасынан шапалақпен қағып қалды. Жорға да бауыр басып қалғандай, көпке дейін ұзамай ұзын сабақты изенді бір, ақ отты екі жұлып жеп айналсоқтап жүріп алды. Тек Мұқан «шүү» деп қос қолын көтеріп шапалақтағаннан кейін ғана ауылына қарай жұлдыздай аға жөнелді.

Көденің үстіне малдас құрып отырып шалқасынан құлады да, домалап етпетінен жатқан Мұқан боз жусан араласқан топырақты тырналап

түншыққан адамдай күйге түсті.

— Не деген бітпейтін жас мынау. Көкірекке әбден кептелген зығыр ғой бұл. Барлау қызметіне баруға келісім бермей, көп етіктілермен бірге кетсем, қазір бөтен жерде емес, аман-есен елде жүрер ме едім? Жан бауырым Мұқатайды осы «контррозведчик» деген жазуы бар бұзау терісінен тігілген титтей куәліктің арқасында таптым ғой бірақ. Батальонына барғанымда «бір күн бұрын алдыңғы шепке кетті» дегенді естіп құлазыдым емес пе? Құдайым неге бізді бір дидарластыруды жазбадың? Ертең бұл сөзімді шешеме айтсам, қиыр ұзамақ түгілі көрші ауылға аттап шығып көрмеген ол сенер ме? Ішінде күдік кетеді ғой, Құдай-ай. Не бетімді көрсетемін?

Ер адам жыламайды дейді. Жылайды еркек, көрген тағдыр сызығына налып жылайды.

Көрген күйігі ішіне симай жүрегі егіледі, жаны найзағай ойнап нөсерлейді.

Еркек жыламасын, еркек жыласа ақтарылып, бір мезетте жарылып айналаны ақ жайқаң қылады.

Жоқ, жыламаймын, өзіме өзім серт берем, жыламаймын. Мен қайта өмірін Отан үшін қиған Мәсәлімнің досы болғаным үшін, онымен бірге толарсақтан қан кешкенім үшін қуанамын. Мен сорамды төгіп жыламаймын, — деп жүресінен отырып, жұмырдығын сығымдай түйіп айғайлап жібергенін байқамай қалды Мұқан.

Заставаға шаршап-шалдығып, сүлесок боп жеткен күннің ертеңінде Мұқан есін жиып, болған жайттың бәрін тәптіштеп командирге жеткізді. Мәсәлімнің құлағына сыбырлаған құпия ақпарды да айтты. Өз досын өзі өлтіргенін де бүгіп қалмады. Мұны естіген командир «көзін құртындар» деп бұйрық береді-ау деп өкінген де, опынған да жоқ. Бірақ командир суықкандылық танытты, Мәсәлімнің қазасына мұңаймады да, жүзінен аяныш табы байқалсайшы тіпті. Қайта мейманасы тасу алдында тұрғандай көздері жылып сала берді.

— Правильно сделал, товарищ Мусин. Правильно сделал. Ты настоящий профессионал, отважный мужик, верный солдат своей Родины, — деді ол қолын созып. Жүзіне күлкі үйірілген командир Мұқанның әкелген хабарына разы секілді. Мұқан болса түк түсінер емес. Осыны аңғарған командир Мәсәлім екеуінің тыңшылыққа кеткен уақытта «жаназасы шығарылып қойғанын» айтып, оның адам өлтірмегенін, қайта мемлекеттік маңызы бар ақпаратты сақтап жеткізгенін Отан-Ана әрдайым мақтан тұтатынын қадап жеткізгенде жүрегіндегі жүк жеңілдеген.

Үш күннен кейін жоғарыдан құпия барлау қызметі аяқталғаны туралы хабарлама келіп, көрген-білгенін ешкімге айтпайтыны, ешқайда жарияламайтыны туралы құжатқа қол қойып, кеудесіндегі «Ерлігі үшін» медалі жарқырап, туған ауылына жолға шыққан. Сол күні Мұқанның қуанғаны-ай...

Ол бірақ күдікке ілінген ақбоз бие де пышаққа ілінгенін, Мұқатайдың соғыста шейіт болғанынан хабарсыз еді.

V

Қылкөпірлердің талайынан өтіп келгенде күтіп алған жадағай тірлікке жаны ауырған Мұқан қанша жатқанын білмейді. Ол таң бозара бере құлағына жеткен ащы да зарлы дауыстан оянды.

Зарыққан зарлы дауыс, таныс дауыс. Шешем бе екен деп қояды іштей. Орнынан атып тұрған ол дауыс шыққан жаққа қарай аяндай басты, тарғыл күшік те соңынан қалар емес, балағына орала берген соң көтеріп қолына алды. Терезенің тор көзінен білтесі өлшеніп жағылатын сығырайма майшамның жарығы түскен үйге қалай тез жеткенін өзі де аңғармай қалды. Тазқарын⁸

әйнектің бергі жағынан үңіле қараса арғы жағында тактай едені жоқ жерге қалың сусыма қамыс төселіпті де, үстіне қазөті көрпе жауыпты. Қолында сарбаз малақайы бар бір кейуана әлгіні иіскеп, кеудесіне басып дауыс шығарып зар илеп жылайды. Зарлаған зары жүйке жүйенді желім етеді, ішінді күйдіреді, терісі түскен жараңа қыздырып тұз басқандай жаныңды ашытады, тотияйын тартқандай қуырып тітіркендіреді. «Боздағым-ау, құлындарым-ау» деген ащы дауысты әйелдің өз анасы, бір кіндіктен тарап, қанасынан шыққан үш шаранасын бауырына басып ақ сүтін берген, маңдайынан аймаалап сүйетін өз шешесі Жарқынай екеніне көзі жетті. Ажары тайған, төбесіне түйген шашы бурыл тартқан.

Аруана Мұқатайдың малақайы келген күннен бастап күн сайын таң атпастан дауыс салып зарлауды әдетке айналдырған. Күнделікті таңғы тірлігінің шымылдығы көздің ащы жасымен, көкіректің ащы дауысымен түріледі. Ананың балаға деген махаббатының қасында мұхит та бір аяқ қана кара судай. Мұқатайының малақайын алдына алып, кеудесіне қысып құдды бір баласындай сөйлесіп отыратынына не дерсің. Іші қазалы жағдайды, Мұқатайдың оралмайтынын сезетіндей. Есесіне ортаншы ұлы Мұқан оралады деген сезім бойын билеп алған. Ана жүрегі бір ғажайыптың боларына сенетіндей.

Екеуін бөліп тұрған ортадағы тор көзді терезе ғана. Терезеден секіріп кіріп құшақтай алса ше? Жок, жүрегі жарылып кетер. Қалай көзіне көрінсем екен, қалай көрісем екен деп ойлады Мұқан. Ақыры есін жинап, есікті тоқылдатқаны сол еді іштегі дауыс та бәсендегендей болды.

— Бұ кім? — деген қарлыққан дауыс шықты әр жақтан.

— Мен ғой...

Мұқан «Мұқанмын» деп айтуға үлгермеді. Есік шалқасынан ашылды да арғы жақтан кейуана табалдырықты аттай сала иығына құлап, қапсыра құшақтады. «Мұқатайым, келдің бе? Мұқатайым, оралдың ба? Құдайға тәубе, тірі екенсің ғой, Мұқатайым!» деп тағы зарлады. Анасының зарынан көзі суланған Мұқанның тілі күрмелді. Ұзақ көріскен ана мен бала солқылдап соқтығын басалмай тұрды.

Мұқан бойын жинап сықырлауық есікті босағамен жалғастырған үзбенің тұсындағы тесіктен үйдің ішіне қарады. Анадая жердегі айналма пештің қасында ұйықтап жатқан екі қараға көзі түсті. Бозбала Ғазиз, оны құшақтап, қолындағы дойыр қамшыны білездігіне бүлдіргесінен іліп алып, тобылғы сабын қатты қысып алып пыс-пыс етіп ұйықтап жатқан төрт-бес жасар бала Амантай болуы керек. Ал қамшыны бірден тыныды, ол әкесі Мұсадан қалған мұра болатын.

Сол күннен бастап қараша үйдің басына түскен қара жамылғының шеті түріліп, үйдің ішін мереке нұры жайлағандай болды.

* * *

Есімін төбедегі жекжат та, етектегі жұрағат та етене тани бастаған Мұқанның үйінде соғым сойылып, бүгінгі қуырдаққа Мұсаның кіндігінен тараған ұрпақтары төрт көзі қалмай «шүйгін болсын» айтып түгел жиналған. Жер қыртысының құнары жылқы қартысының қалындығынан көрінетін Қозған ауылында құлын кезінен құрық көрмей жайылып, бұла боп өскен байталдың балғын етінің қазан жақтан шыққан иісі кеңсірігінді қытықтайды. Төрдегі ажарлы әже орамалының ұшымен дастархандағы табақтарды айнала дөңгеленіп тізерлеп отырған туғандарын көріп, жоғалғандары табылып, төрт көзі түгенделгенге тәубе етіп жасаураған жанарын сүртіп қойды.

Туғандарын көзбен түгендеген Мұқан көптің ішінде Амантайдың жоқ екенін бірден аңғарды.

— Амантай қайда? — деді ол зілді кескінде.

— Жүрген шығар осы ауылда. Өздеріңе тартқан жылқықұмар емес пе. Үйдегі жуас тайларды менсінбей, өзгенің асау жабағыларын сұрап мінеді екен тентекнеме, — деді Жарқынай әжей кейісі мен қуаныш сезімі астасып. Осы кезде үйге арсалаңдаған Амантай еніп ауыз есікті серпи салды да, төрге озды. Кірпігіне қырау кіреукеленіп, аузына таңып байлаған шәлі бөкебайы мұз боп қатыпты. Сырт киімдерін үстінен сыдыра салды да, төргі бөлмені ауызүймен бөліп тұрған жал пештің жанына лақтыра салды әжесінің еркесі. Әжесі тірі тұрғанда оның бетіне қарсы келетін адам жоқ, тек Мұқаннан қаймығады.

— Қай асаумен алысып келдің тағы? — деді Мұқан сәлемін алған соң.

— Ауылда асау жоқ, бәрін үйретіп тастағам. Өзіміздің ақбоз мес бие ғой.

— Әй, ол менен басқа адамды жолатпаушы еді ғой. Оған қайтып мініп жүрсін?

Азу тісі қажалса да асаулығы қайтпаған. Кәрілік жеңген биенің белі қайқайып кетсе де, тұқымының текті екенінен таңған емес. Оны мінбек түгілі өткенде жылқышылар арқанмен ноқталаймыз дегенде де жанына жан жолатпай көнбей қойған. Көп жылқының ішіне кіріп, биеге жақындап «әйт» деп айғайлап қалған ойын баласы Амантай жақындағанда иесі келгендей тырп етпей тұра қалған. Амантай адымдап барып ноқтаны басына кигізгенде баланы иіскелеп, жетегіне еріп кете берген. Мұны көрген жылқышылардың бәрі таңғалған еді. Көп жылқыны бастап жүретін ақбоз биені Амантай кешкісін тебінге қоя береді де, күн сайын түске қарай алып келіп суарып жемге қояды.

— Оны қайтіп мініп жүрсін деймін, биік қой ол, — деген Мұқан жауап алған тергеушідей Амантайға көзін қадады сұрағын қайталады. Іші жылып отырғаны айқын.

— Түк қиыны жоқ, көке. Бірінші ұстап алып, тың жердің күпсек қарын теуіп аршимын. Сол жерден шөп жеймін деп бие басын салғанда мойынына жабысып асыламын. Басын көтерген уақытта сырғып арқасына топ ете қаламын, — дегенде үй іші баланың ақылына разы болды. Мұқан ерекше қуанды.

— Қан су емес қой, әкемнің қасиеті саған ауған екен онда, — деп шешесіне қарап еді, кейуананың көз отауына жас үйіріліп қалыпты. — Өшкенім жанды деген осы. Зерек қой менің құлыным, зерек. Ақылды ғой менің құлыным, ақылды тентек, — деген ана жанында жабысып отырған Амантайдың басынан иіскеді.

Үш жерден жасалған жер үстелдерге жайғасқан ет жақындар қуырдақтан кейін қызылкүрең шәй ішіп, өткен-кеткенді жарыса айтуға көшкен.

— Қаншама жыл көруге асық боп, зарығып, өлім мен өмірді базарлап, аңсап келгенде үш мәрте «Мұқатайым» дедіңіз, ә? Тым құрығанда бір рет «Мұқаным» деуге болушы еді ғой. Соған қарағанда мені емес, Мұқатайды ерекше жақсы көріп тұрсыз ғой, — деді Сілеті совхозының портком хатшысы Мұқан Мусин Жарқынай шешесіне бұрыла қарап әзілдеп. Әдетке айналған әзілге әже мыңқ ете қоймады. Болған «қылмысты» мойындайтындай.

Мұқан анасына осылай еркелейтін.

Сырма¹ — қыста киетін, арасына мақта салып, сырылып тігілген киім.

Омыртқа² — соғым сойылғаннан кейін берілетін ас.

Шеке³ — соғым сойылғаннан кейін құран оқылып, аруақтарға берілетін ас.

Қоқы⁴ — тақиядан үлкен, бөріктен кішкентай бас киім.

Жамандат⁵ — жылқыда болатын ауру, Сібір жарасы.

Қоя болу⁶ — жеген ас қорытылмай қалатын ауру.

Қуыр⁷ — пештің мұржасы.

Қара табақ⁸ — Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде радионы осылай атаған.

Тазқарын⁹ — соғыс жылдары ауылдардағы үйлердің терезесіне ешкінің қарынын кептіріп, сырып тазалап, әйнек орнына пайдаланған.

*Драматургия***Айзат
РАҚЫШ**

ӨГЕЙ

Монопьеса

Қатысушы:

Әділ — тергеуші, отыздан асқан, ұзын бойлы, терең ойлы азамат.

(Ауылдың тәртіп сақшыларына арналған кішкентай кеңсесі. Бөлменің бір шетіне жұмыс үстелі қойылған. Әділ үстел басында қағаздарын қопарыстырып отыр.)

Әділ: (қолындағы қағаздарын тастай салып, орнынан түрегеліп): Мына жер неткен қапырық еді? Жеркепедей тар бөлмеге қысылған мына түріме қара! Қалада сәулетті сарайдай Әділет басқармасында істеп жүрген кезімді ойласам, ішім жанып кетеді. Иә, ол жақта жаныма тыныштық болған жоқ. Бірақ еңсесі биік сарайға кіріп-шығып жүрудің өзін мәртебе көруші едім. Қазіргі күйіме қарасам, таудан домалап түскен тасқа ұқсаймын. Тау неге қозғалады? Топырақ неге жылжиды? Мансап деген биік жартастың бір шетіне өлдім-талдым дегенде тырнағымды іліндіре беріп едім, бір қара күш төменге лақтырды да жіберді. Иә, кәдімгідей лақтырып жіберді. Жазығым — істің әділін айтып, шыр-пырым шығып, ақиқатты күзетпек болғаным. Сөйтіп өз қоғамыма өгей атанып шыға келдім. Апырау, атым Әділ болса, затым Адам болса, қалай өтірікті шындай, ақсақты тындай етемін?! Өздері мені «қара қарғалар ішіндегі ақ қарға» деп атай бастағанда, түбі шындықтың салтанат құруына көзсіз сеніп, еш алаңсыз жүрген едім. Бір-ақ күнде қызметіме тексеріс келіп, көптеген «шикіліктер» тауып, балағым жабысқан ит ақыры қауып, істі жылы жауып тынды, алыс ауданнан шыққанымды білмей де қалдым. Бар шүкір етерім — қызметімнен біржолата қуылмай, ауылға болса да тәртіп сақшысы болып келгенім. «Бастан құлақ садақа» деп тентіреп ауылға жеттім. Мұнда да сіңісіп кете алмадым. Сол бір өгейлік, жат тұту мұнда да байқалады. Үш айда не көрдім, не білдім? Аққа жақ боламын деп не опа таптым? «Көзіңді қараулыққа жұма салмадың ба? Жаз деген шимайларын жаза салмадың ба?» деп құлақ етімді мүжіген әйелім ақыры ауылға келуден бас тартты. Енді міне, жалғызбын. Жападан-жалғызбын. Жалғыздық кеміріп, тіпті өзіме-өзім жат болып бара жатқандаймын. Түбін тасқын шайған бәйтерекпін бе, солқылдаған көк терекпін бе? Әйтеуір

не жанда, не санада бір дамыл жоқ. (Телефонын қолына алып, әлдекімге қоңырау шалады. Ар жақтан жауап болмайды.) Иә, алма, суық даусынды бір естіртуге де кимасаң «сүйдім, күйдім» деп жалындап қосылғаннан не пайда? Сүйген болсаң, етегімнен шындап ұстаған болсаң, мен қай қиырға барсам сен де сол жерден табылар едің. Сүйген болсаң жаным қысылғанда қолтығымнан демеп, тынысым болар едің! Сүйген болсаң, «әділдік» деп соққан жүрегімнің бір ырғағына айналар едің. Мен қалап алған тағдырды өгей тұтпас едің. (Орнына барып отырып, үнсіз қалады. Қалта телефоны шырылдайды. Сөйлескен рай танытады.) Зірк-зірк етіп, «қылмыс ашылды ма? Айыпты табылды ма?» дегеннен басқаны біле ме бұлар? «Қылмыс неше пайызға ашылды? Құқық бұзушылық қанша пайызға төмендеді?» деп жыл соңында ақпарат сұрайтындары бар. Бәрін қағазда сайрата салсам менен үлгілі тәртіп сақшысы болмайды-ау. Оған арым жібермес. Арамдықпен тапқан ақшаға бал ішкенше, адал тапқан тиынға қара су ішкенім артық! (Үстеліндегі қағаздарды қарап, бір шетке қоя бастайды.) Қара су ішпеген нем қалды? Жалдамалы бір бөлме, әйелдің шарапатын көрмеген сон, дастарханда не береке болсын?! Қара нан мен қара шай ендігі талғажауым. Жә, жұмысқа көңіл бөлейін. Әділін аңдап көрейін. Тағы да әділін. Иә, атын Әділ болса қиын екен. Тым-тым қиын. (Бір қағазға үңіліп) «Асыл тұқымды жылқыларым қолды болды. Бір бастың құны миллион теңге тұрады» — дей ме? Мұндай екі атым болса миллионер болады екенмін ғой? Ауылда сақшылықты қойып, жылқы бағумен айналыссам ба екен? Қанша жерден асыл тұқымды болса да, ендігі ет базарларының бірінде сатылып жатқан болар ол бейшара жылқылар. Құмға сіңіп кеткендей ұшты-күйлі жоғалды да кетті. Бір ілік жоқ, күмән келтірер бір жан жоқ. Бәрі сүттен ақ, судан таза. (қағазды шетке қойып) Бұл ашылмаған қылмыстардың қатарына жатады. Қап, бұндайлар көбейе берсе тағы да «міндетін дұрыс атқармады» деп шаншыла ма? Мынау не дейді? «Көршім мылтық алып кіріп, «атамын» деп қорқытты. Жазаға тартындар» деп жазыпты. Кілең қазақша арыздарды қараған қандай жақсы? Бір-ақ тілде, өз тілінде жауап қалдырған одан да жақсы. Қалада қос тілде қосамжарланып, екіұдай болып отырушы едік. Ауылдың жақсылығын енді көре бастағандаймын. Бұл керіскен көршілерді шақырып, татуластыру керек, ат құйрығын кесісіп үлгерсе қылмыстық іс қозғаймыз. Амал нешік, бір рет мылтық қоқаңдатқаны үшін сотталып кете барар. Бұл ашылатын, қылмыс төркіні әшкере болатын арыздардың қатарына жатады. Бұны мына шетке қояйын. Осы адамдар қызық-ау. «Қорамнан үш әтеш, екі тауығым ұрланды. Ұры алыстан келген жоқ» деп шағымданыпты. Оның үш әтеші екі тауығын ертіп серуендеп кеткен болар. Көз алдарынан сәл ғайып болса «ұрланды» деп жар салу бұл ауылдың салты ма? Бұл да болашақта ашылатын арыздардың санатына қосылсын. Мына арызданушы не депті? Өзі арыз емес, кәдімгі әңгіме жазып тастапты ғой көлдей етіп. «Көршім өзі бау-бақша екпейді. Түнделетіп менің бақшама ұрлыққа түседі. Көзіммен көрдім. Заң алдында қылмысының жазасын арқаласын» - деп өзі соттап жібергендей аяқтапты ғой. Бір-екі қияр үшін соттаймыз ба жазғанды? Кең пейілділіктерің қайда? Құдайы көршіліктерің қайда? Жаңарып жатырмыз, жаңғырып келеміз. Бірақ жаңару деген ескіні мүлде ұмытып, түпқазығын босатып, беталды өзгеру емес қой! Өткеннен өнеге алып, жанарсақ бір жөн. Бәрін белден басып жаңа заман, жаңа ғасыр

дей берсек, қазақтың өз болмысы өшіп кетпей ме? Бір қылтиған шөп үшін қатар отырған көршісінің үстінен арыз берген бұл пақыр нені көксеп отыр? Көршісі де батыл екен, өзі екпей, өзгенің көктегенін жұлып алып, жетісіпті. Жарайды, бұл да келешекте ізі белгілі болатын қылмыстардың қатарынан табылсын. Екі көршіні шақырып алып, әңгімелесіп, арызын қайтартқаным жөн сияқты. Әйтпесе дәрекі сөзі үшін, артық алған бір уыс шөбі үшін соттата берсек, еліміздің түрмелері қылмыскерлерге толып кетер еді ғой.

(Қолына будыраған көп қағазды алып, бар назарын салады. Орнынан тұрып, ары-бері адымдай бастайды. Қабағын түйіп, үстелдің жанына барып тоқтайды. Қайта үңіледі.) Бұл ашылған, айыпты әйгілі болған қылмыс екен. Қызық. Бір айға жетер-жетпес уақытта ақ-қарасын ажыратып үлгеріпті. Тура мен келерден бір күн бұрын жабылған. Уһ! Алақандай ауылда кісі өлімі болыпты. Кісі өлімі! Ауылда! Қыршынынан қиылған қаршадай сәби! Жауқазын жасында қиылатындай қандай күнәсі бар еді? (қағазға үңіліп) Бес жасар ағасы ұрып өлтірген бе? Сұмдық! Телефонға таласудың соңы кішкентай үш жасар қызды өлімге душар еткен. Бір анадан туған екі баланың бірі кенжесін телефон үшін өлтірген бе? Түсіне алар емеспін. Миыма сыймай тұр, көңіліме қонбай тұр. Бұлар бала ғой. Бала! Бала деген періште емес пе? Ол қалай кісі өлтіреді? Әлде телефон деген құбыжық шыққалы бері, біреудің қанын ішетін жалмауыз болып үлгерді ме? Не дейін мына істің ластығына?! Шешесі жұмыссыз, үй шаруасындағы әйел екен. Тұра тұр. Әкесі...әкесі туған емес, өгей екен. Бір отбасында бір әке, бір шешеден туған қос сәби, оларды асыраушы жалғыз ана және осы үшеуіне бөтен, мүлде жат еркек. Қазақ атам «Жау жоқ деме, жар астында» деуші еді ғой. Бұл жанұяға қаны бөтен осы еркек, өгей әке. Бұл істің түбінде бір шикілік бар тәрізді. Жалғаны жария болып, шындығы көміліп қалған көмбеге тап болғандай бір сезімдемін. Ішкі түйсігім алдамаса бір кілтипан бары анық. (қағаздардың ішінен кішкентай қыздың суретін алып шығады.) Құртақандай періште! Өмірге неге келдің, неге ерте кеттің? Қазір бір төмпешік болып, топырақ құшып жатырсың. Кім кінәлі? Расымен телефонға таласқан ағаң сені жазым етті ме? Әлде бір сұмдық сойқанның құрбаны болдың ба? Менің қызым да үштен асқан. Ол барлық суреттерінде күлімдеп тұрады. Бақытты балалық шақтың базарын кешіп жүр еді. Мен аулаққа кетіп, қазір көңілі кеміп жүрген болар. Жә, не айтып кеттім? Өзімнің бақытты балапанымды үзілген жауқазынмен салыстырғаным не? (қағаздарды асығыс жинай бастайды. Құжаттардың арасынан ұл баланың суреті түсіп қалады. Жерге еңкейіп, суретті қолына алады.) Сен бе едің қылмыскер? Туған қарындасыңды телефон үшін жазым еттің бе? Сосын оны өлтіріп, қолыңа телефон тигенде, қалайша ойынға қарық болдың? Тоқтай тұр! Тоқта, бала, саған қарасам, көзіңе мұң толыпты, балаң жүзің нұрсыз солыпты. Жанарыңда мұңға жасырынып, үрей ұя салыпты. Сол қорқыныш бар сұмдықты жыя қалыпты. Қаскөйсің бе, әлде құрбансың ба? Нағыз қарау жәукемдеген жазықсыз жансың ба? Келбетіңе қарасам, «ағатай, араша түсші» деп үнсіз жылап тұрғандайсың. Тозақтың отына төзіп, жан сауға сұрап тұрғандайсың. (Ары-бері адымдайды.) (қатты дауыстап) «Ағатай, араша түсші! А-ға-тай!» Осылай деп айта алмай, ішіңнен тынған бейбақ сияқтысың. Не болса да, тәуекел. Істі қайта қарауға рұқсат алайын, жоғарыға мән-жайды тәптіштеп жазайын, шындықты шамам

келгенше қазайын! (орнына отырып, компьютерде мәтін тере бастайды. Әлдекімдерге қоңырау шалады. Күрсінеді. Атып тұрып, қайта отырады.)

Міне, жоғарыға құжат жібердім. Ақтан қараны айыруға мүрсат сұрадым. Меселімді қайтармас деп Алладан медет сұрадым.

(Кабинеттен шығып кетеді. Кабинетке кіріп-шыққан бөгде адамдардың көрінісі суреттеледі. Папка құшақтап кіргендер құжаттарын жиып шығып жатады. Телефон тұтқасына жармасқандар бас изеп шығып кетеді.)

(Кабинет іші. Үстелде жана қағаздар жайрап жатыр. Әділ салмақты күйде әрқайсысына үніліп отыр.)

Әділ: Қайта тергеуге рұқсат алдым. Жасырмаймын, қуанып қалдым. «Не қайран қыласың, өлер қыз өлді?» деп істі қайта жүргізуге бермей ме деп қауіптеніп едім. Күдігім бекер болды, дегенім орындалды. Енді істің әділін анықтау менің, мына Әділ тергеушінің мойнында. Ендеше, бастайық. Бұрын кез келген істі бастағанда, көңіліме жақын алып, жүрегіме қабылдамаушы едім. Бұл жолы не көрінді? Білмеймін. Тергеудің қайта жанданғанынан хабардар болған қыздың шешесі еңіреп келіп, аяғыма жығылғанын еш ұмытпаймын. «Жан жарамды қопарғанда не табасың?» деп жер бауырлап жатып келіп боздасын. «Кінәліні тапсаң, Асылым тіріліп келе ме? Қайсың оны маған қайтара аласыңдар?» деп өз шашын өзі жұлды. Өлген қызын екінші рет қайта жоқтады. Осы қанды оқиғадан кейін тұрмысы түзелгенін айтып қарқылдап күлді, онысы кімді мазақ еткені? Мектепке еден жуушы етіп жұмысқа қабылданғанын, тәп-тәуір табысқа ие болғанын айтқанда, шалқалап тұрып қарқылдаған түрі қандай қорқынышты еді?! Сол күнгі оқиғадан соң тіл-ауыздан айырылып, мақау болып қалған ұлын жек көріп тұрып жақсы көретінін айтып, ышқынды-ай келіп. Маған ол осы әлемдегі ең бейбақ, ең бақытсыз ана болып елестеді. Бір баласы екіншісінің қанын жүктесе, оның қолындағы телефон деген қарғыс атқырды үптесе, ана үшін нағыз сор сол емес пе? Шашы уда-дуда болып шығып бара жатып, «бұл дүниеде тыныштық бермеп едік, құлыным тым құрығанда көрде тыныш ұйықтасын, Тиіспейсің!» деп шынғырды. Сонда істі неден бастаймын? Тұйыққа тірелгендеймін. Әлдекім жолыма үйдей тастарды үйіп, кедергі жасап тастағандай. «Шешінген судан тайынбас». Бастаймын деп құлшынып тұрмын, кедергі болса қарғып өтемін. Асылдың өгей әкесінің түсініктемесін қара! Қан төгіліп, бүлдіршіннің бойынан жаны шыққан кезде үйде болмапты, сөзіне сенсем, араша тұрмай сорлапты. Өзі Асылға құжат бойынша әке де емес, оның шешесіне некелі күйеу де емес. Біздің қоғам ондайларға «азаматтық неке» деп ат қойып, айдар таққан. Азамат болса, некесін қисын. Ер болмай, ез шықса, жесір әйелден айылын жисын. Сонда екі бала айғайласқанда, шынғырып жылағанда, бұл қора жақта түк естімей, дым білмей жүріп қалыпты. (Телефонын қолына алып) Көмекшіме айтайын, бұл Өгейдің өткенін қазып көрсін. Бір ілік тауып қалармыз. Ауылды аралап, түртінектеп едім, біреулер Асылдың көршісі бұрын істі болғанын айтты. Біз, заң адамдары, бұрын-соңды сотталғандарға ішіміз жібімейді. Содан болар, көршіге шүйілгенім рас. Жан алқымнан алып, тергедім-ай келіп. Егде тартқан оның көзінен жасқаншақтықты байқадым, қан аңсап, бала өлтіріп, «абакты, қайдасың?» деп түрмені өзіне лайық мекендей көріп қайтып айналып келетіндердің санатына жатқыза алмадым. Түйсігіме тым сеніп, бұра тартып жүрмін бе? Тәжірибеме бек сеніп, сынарезуленіп кеттім

бе? Тұрмыстың тапшылығын көп көрген жесір әйел ашу үстінде баласын басынан телефонмен ұрып, қылмысын бес жасар ұлына жаба салды ма екен? Күдіктену — менің ісім. Бұл істе мен үшін бәрі күдікті, шеттерінен күмәнді. Өйткені мына өмір деген ой-қыры көп, бұралаң соқпағы, шиыр-қиыр сұрлеуі мол жолда кімдер сорлап адаспаған? (қағазына үңіліп) Әйелдің кінәсіздігін айғақтар куәгерлері бар. Сол қаралы күні ол алыпсатар Сәмештің үйінде сойылған малдың ішек-қарнын тазалап, қызмет қылған. Оны бәрі растап отыр. Көршіден де күмән сейілді, оның қатысы жоқтығы білінді. Ол ұлымен, інісімен аудан асып, базар барып, малының етін сатыпты. Балаларға шеттен келген жау жоқ. Әсілі, дұшпан өзеуреп алыстан келмейді, ол жыланша бауырыңа жабысып алып, мезеті келіп, сәті туғанда бір-ақ шағады. Сол жылан Өгей емес пе? Оның қора жақта жүргенін, күні бойы тірлік тындырғанына маскүнем досынан басқа ешкім куәлік етпеді. Ол маскүнемге бір жарты берсең кімнің сөзін болсын сөйлей береді. Бұл Өгейдің өткенінен бір ілік табайын, сосын құрығымды салып бағайын. (компьютеріне электронды хат келген дыбыс естіледі. Әділ экранға үңіліп, басын шайқайды.) Бір секірдің, құтылдың, екі секірдің, құтылдың, үш секірдің, тұтылдың. Қалада бірнеше рет қоғамдық орындарда, автобустарда әйелдерге қол жүгірткені үшін айыппұлмен құтылыпты. Ғаламторда жас қыздарға анайы хабарламалар жазып аты шығыпты. Жасырын парақша ашып, талай бойжеткеннің арына тиер төмен сөздер жазыпты. Ешкім үстінен арызданбаған соң, іс жабылып кете берген. Ақыры...Ақыры бір қызғалдақты бүр жаруға жеткізбей қиып тынды. (үстелді жұдырығымен қойып қалып) Дәлелдеуім керек! Бұл ессіз әйел бауырына жылан басып жүргенін де білмейді. Дерееу онымен сөйлесуім керек. Мәйітті сот-медициналық экспертизадан өткізу үшін оның рұқсатын алуым қажет. (Азалы әуен ойнайды. Әділ телефонын алып, әйелге хабарласқан түр танытады. Сахнаға жұпыны киінген әйел шығады. Тұманда екеуінің қол сермеп, дауласқан кейіптері көрінеді. Әйел тізерлеп отырып қалады. Әділ оған құжаттарды көрсетіп, бір құжатқа қол қойдырып алады. Сахнада тұман сейіледі. Әділ жалғыз көрінеді.)

Әділ: Жер қойнына тапсырған туған баласын қазып алып, екінші рет союға жіберуге келісуі қаншалықты қиын болғанын елестете де алмаймын. Біз, адамдар, әдетте «қайғыңа ортақпын, менің де аза бойым қаза болып тұр» деп өзгелерге басу айтып жатамыз. «Тас түскен жеріне ауыр.» Кімнің мойнына қайғы қамыты киілсе сол ғана зардап, кесапатын анық біледі. Өзгеміздікі жай елестету ғана. (қағазды олай-бұлай бұлғап) Ана бұл қағазға қолымен емес, көз жасымен келісімін жазып кетті. Некесіз күйеуінің бұрынғы «серіліктерін» білгенде төбе шашы тік тұрып, оған деген алғашқы күдігі бас көтерді. Бірінші күйеуі қайтыс болған соң, «тірегім, сүйенішім болар» деп дәметіп қолыма кіргізіп алған азаматым бүйі болып шаққан ба?» деп күмәнді ойға қалды. Сол күмәнін мен өз кәдеме жараттым, ақыры көздегеніме жеттім. Құжат дайын, енді періштені қабірінен қазып алып, тәнін тексеріп, қайта жерлейміз. Бәлкім, Асылды асығыс жерлегендер айғақты да қоса көмген болар.

(Азалы әуен ойнайды. Кеңсе тірлігі, кіріп-шыққан адамдар, келімді-кетімді сақшылар. Тұман арасында құжат қолтықтап жүгірген Әділ көрінеді. Азалы әуен тоқтайды.)

Әділ: Қорытынды қолға тиді. Бүлдіршіннің зорлық көргені, басына

тиген сокқыдан емес, қорлаудан өлгені анықталды. Әрі бес жасар баланың қарындасының шүйдесінен соншама жойқын күшпен ұра алмайтыны белгілі еді ғой. Балалар телефонға таласты деген сылтау ғана. Өгейге нағыз тұзақ салар кезім жетті. (телефонын алып шығып хабарласқан түр көрсетеді.) Иә, ол азғынды қамауға алуға шешім шығардым. Зорлық белгілерін салыстырып, дәлел табуым үшін ол тар қапаста отыру керек. (телефонына хабарлама келіп түскен дыбыс шығады. Әділ телефонына үңіледі.) Демек, Өгей қашты де. Бұл қылмысы, айыбы бар адамдар ғана баратын әрекет. Өзіңе-өзің ор қаздың. Мәймөңкелеп, бұлтақтамай, бас сап қашып кеткенің тіпті менің ісімді жеңілдетті. Күнәң болмаса, неге қашасың? Айыбың болмаса, неге сасасың? Қайда барасың, көп болса бір қыр асасың. Сосын тұтыласың, түрмеге тоғытыласың. Ол жақта нағашың тұрған жоқ басыңнан сипар. Қарақшылар ордасына тап боласың. Олардың өз «жазылмаған заңдары» бар. Сол «заңнан» зәбір көріп, шегесің зар. (Атып тұрып адымдай жөнеледі.) Балақайға психологтар көмектесіп жатыр. Тіл-ауыздан қалғаны, міскінге айналғаны - ол сұмдық оқиғаның куәсі болған. Психологтар да бұл сөзімді растар. Нәзік бала жаны көрген қасіретінен ес жыя алмай, ақыры тілі байланған. Шешесіне психолог көмектесе алар ма екен? Оның жан-дүниесіндегі алай-дүлей арпалысты кім түсінер? Уһ, көзім қарауытып барады, шекем сынып. (Орындығына отырып, шекесін уқалай бастайды. Азалы әуен ойнайды. Тағы да сақшылардың қызметтік қарбалас сәттері көрініс болады. Бір сақшы кіріп, Әділге бір қағазға қол қойдырады. Жұмыс телефоны шырылдайды. Әділ жауап берген, бас изеген түр көрсетеді. Бәрі тілсіз, тек қимылдармен ойнайды.)

Әділ (қолында ақ параққа салынған сурет): Психологтарға балақай сайрай жөнелмесе де, тілін мақау еткен қанды қылмысты сурет етіп салыпты. Қарындасын құтқара алмай, анасын көмекке шақырып зар илеген өз бейнесін айқын көрсетіпті. Өгейден зорлық көріп, өлімші халде жатқан қарындасын кара түспен бейнелепті. Көзінен жасы моншақтаған анасын алыс қырдан көрсетіпті. Дәрігерлер «бала жаны емдеуді қажет етеді» деп отыр. Бейбақ ана да жәрдемге зәру. Бірақ гүлдей солған періштеге тірілерден қайран жоқ. Иә, оған енді дәрігер де, тіпті ана да қажет емес. Мүмкін, о дүниеде туған әкесіне арыз айтып, көзін жасқа бұлаған болар. «Тірілерден иман кетті, өлі әке, қорған бол» деп сұраған болар. Жер бетінен жақсылық көрмеген бақытсыз балапанды Жер-ана екінші рет құшағына алды. Жібек топырақпен жүзінді жасырып, мәңгі әлдиіне салды. Ал, Өгей әділ заңның тұзағына түсті, бұл жолы заңның зікірі күшті. Заң оның жазасын берер, сені анаңа кім қайтарып берер? Қарақшымен көңіл қоспай, ешбір еркектен таяныш іздемей, сендерді өзі өсірсе, бұл қандықол қарақшы жұлыныңды үзбес те еді. Балақай, мәңгіге сәби болып, топырақ бүркеніп жата бер. Жердің бетінен де асты жылы шығар. Ол жақта сені ешкім өгейсітпес. Өлілердің көңілі тірілерден жылы шығар.

Иә, тергеу тәмам. Жоғары жақ «тамаша іс тындырдың» деп арқаға қақты. Көксегенім атақ емес, мына қылмыс арқама батты. Ақиқат жолы ауыр боларын білгем, арлылар ғана бұл жолды сүйген! Күресіп жүріп шындықты таптым, азабын шектім сол бір сәттің. Шындықтың отын үрлеп жақтым, үстем болсын деп үлесі ақтын! Шындықты күзетіп, Ақиқат бақтым, өйткені Әділмін, аққа ұдайы жақпын.



Мер-жаһан және жасанды интеллект

Айнұр АХМЕТОВА,
әдебиеттанушы, PhD,
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институтының жетекші
ғылыми қызметкері



ЖИ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ: техно-әдеби синтез, авторлық құқық және эстетикалық шекара

Қазіргі уақытта жасанды интеллект (ЖИ) адамзат қызметінің барлық саласына еніп, жаһандық дамудың басты қозғаушы күшіне айналды. Жоғары білім мен ғылым жүйесінде студенттен бастап профессорға дейінгі қауым ЖИ-ді ғылыми-зерттеу үдерісін оңтайландыру тетігі ретінде белсенді қолданысқа енгізді. Алайда технология ұсынған «коллаж мәтіндерді» механикалық түрде көшіру интеллектуалдық жаңалық әлеміне енгізбейтіні анық. Гаджет тілімен айтқанда, мұндай «copy-paste» үрдісі ешкімді де нағыз шығармашылық жаңалық табалдырығынан аттатпайды.

Қазіргі уақытта ЖИ өмір сүру салтымыз бен когнитивтік мінез-құлқымызды түбегейлі трансформациялап жатыр. Елімізде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің құрылуы мен «Қазақстанның цифрлық елге айналу» стратегиясы жаһандық технологиялық дамуға тең дәрежеде қатысуға деген нақты қадамды білдіреді. Көлемді цифрлық дерекқорлар кез келген саланы қайта жаңғыртып жатқанда,

ТҮС КӨРЕ АЛАТЫН РОБОТ

01.10.2022 1686 0

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» дейді. Бұл сөзді бұра тартып «Ел боламын десең, балалар әдебиетіне көңіл бөлі!» десек те мән-мағынасы ауыспас, сіре. Алдығы буын ағалар осынау саланың кенже қалып бара жатқанын айтып, шырылдап жүргеніне талай жылдың жүзі болды, «Балалар әдебиеті» деп дауыс салғанның тамағы қарлығып келе жатқанына. Әйткенмен айрықша көңіл бөлінуге тиіс жанрдың жаназасын оқудың аз-ақ алдында жүрген едік. 2022 жыл елімізде «Балалар жылы» деп жарияланғаны баршаңызға мәлім. Атаулы жыл аясында аталған олқылықтардың орнын толтыру үшін бірқатар істер атқарылды. Соның бір бөлігі – балалар әдебиетіне қалам тербеп жүрген жазушылардың ынтысын арттыруға, жаңа есімдерді табуға бағытталған әдеби бейгелер. Өткен аптада «Алтын сақа» балалар әдебиеті шығармаларының республикалық байқауы қорытындыланды. Біз назарларыңызға ұсынып отырған шығармалар – «Алтын сақада» топ жарған туындылар.



дейін ұқсап жоқ. Кәсіпті қытайлар: «Құдай алдыда өз бейнесін ұсынып жаратып» делінері. Біз Тәңір әрекетінен шығып, өз жолымызды талпынып келеді. Оған ұсағанды қаламадық, Осылай өзмізді түбегейлі жеттік. Ал адам сендерге көне ұқсап етпін нәсілдер. Сендер де бізге ұқсамауға тырысып бағып жатсаңдар. Өйткенмен қытайлықтардың бұл адамның көптігімен айналас. Өткен жасында интеллектің түбіне жасында интеллектің өз жетеді.

– Сонда ғылыми прогресс пен құралды бастай ма?

– Жоқ. Мәреке мен зиялылардың салғыт, адамзаттың тарихтағы тақырыптарын аяқтайтын ғылым бастайды қардана.

Абай үнес қалды да, аз уақыттан соң:

– Біз де табиғи жолдан асып кеттік. Жоғары интеллектің де балар менің емес сеніңді.

– Бәлкіне. Адамзат тарихының тармақталуының басында тарихи тақырыптардан ажыраушылық кәсіп. Тарихты керісін еткенде қолымыз. Біз адам алатын сабақты да жоюға шығардық. Ал біздің қолымыз әдебиет өлген күні-ақ роботтардан көшіріп қойған едік.

– Табиғи ресурстар мен биікке таласқан мына соғыстың біткенін күткені енді, – деген Махамбет сөзіне Абайдың көзі жара етті де:

– Құтуды менің жоқ. Аяғы Абай – адам атының кейінгіде ұрпақтарымыз. Роботтарды кейінгі де менен бастауға тиіс.

Осы сәт түсіріс әлемі роботтан санасында адамзатты азығ ету менің тарихымыз топта тіршілігіміз екеніміз екеніміз анық жатқан еді.



Доксан жылқыбай

АБЫЛ РОБОТ, ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ ҚОШ КЕЛДІ!

01.10.2022 1686 0




Соңғы уақытта Ореолі компаниясы шығарған SnapORT тілі модификация әдісін бастауына – құрметті салаларға тігізетін пайдасы мен зардабы туралы медиа саласында көп талқылауып жатқаны белгілі. Жақында Дала қаласына Шағалы мұғалымдар институтының «SnapORT-дің тарихына» өткен «Жас авторлар конференциясы» берген сапарымызда да Іс-шарға қатысқан ғалымдар, бірі жасанды интеллектің – SnapORT-дің көркем әдебиетке, жалпы жазушылар мен ақындар шығармашылығына болшақта тігізетін негізгі жаңылыс қойған болатын. Қазіргі уақытта қолдан

ЖИ-дің әдебиет әлеміне енуі қаламгер қауымды терең ойға батырып, техно-әдеби синтез тәсілін тудыру мүмкіндіктеріне үнілуге мәжбүрлейді. Сондықтан, бұл мақалада ЖИ-ді әдеби үдеріске интеграциялаудың технологиялық әлеуеті мен соның негізінде туындайтын авторлық құқық пен кейбір қатерлерді саралаймыз.

ӘДЕБИЕТ ЭВОЛЮЦИЯСЫ: КЕЙІПКЕРДЕН – ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ БІРЛЕСКЕН АВТОРЛЫҚҚА АУЫСУ


Осыдан үш-төрт жыл бұрын авторларымыз «робот түс көрмесе, сезіне алмаса қалай жаңа шығарма тудырады?» деп әдеби мұраның болашағына алаңдаған еді. Ділдар Мамырбаева, Манарбек Қарекенов, Досхан Жылқыбай сынды авторларымыз роботтарды шығарма кейіпкері етіп суреттеді. Бұл үрдіс қазақ қаламгерлері уақыт көшінен қалмай, технологиялық тәсіл мен тілдік эстетиканы синтездеп, ұлттық әдебиеттегі кейіпкерлер әлемі мен сюжеттер шоғырын жаңа қырынан толықтыра түскені анық. Ал енді кейіпкерлер емес, ЖИ-дің өзі шынайы автормен бірге әдеби мәтін жазуға тікелей қатысатын уақытқа жеттік. Бұл жаңа технология дәуірінде авторлық



институттың өзгеріске ұшырап жатқанын көрсетеді. Оған қоса, қазіргі шығармашыл тұлғалар, оның ішінде жазушылар мен ақындар, әсіресе, жас авторлар буыны ЖИ платформасының қызметіне жүгінбейді деу қиын. Сонда да кейде ЖИ-дің артықшылығынан бейхабар болғандықтан немесе авторлық құқықты дөрекі түрде бұзады деп есептейтіндіктен қаламгерлеріміздің бір бөлігі ЖИ қызметіне сенімсіздік танытатыны рас. Алгоритм кез келген қалам иесінің потенциалын аша алады, бірақ ол үшін автордың ЖИ-ге бағыт беру шеберлігі болуы тиіс.

ЖИ-ге ПРОМПТ ЖАСАУ (бағыт беру) ӨНЕРІ: ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПОТЕНЦИАЛ КӨКЖИЕГІ

ЖИ-ді әдебиетте қолданудың басты кілті — «промпт» (prompt), яғни автордың ЖИ-ге бағыт беру шеберлігі. Бұл алгоритм кез келген қалам иесінің потенциалын кең ауқымда аша алады. ЖИ қаламгердің интеллектуалды серіктесіне айналып, секундтар ішінде сюжеттік модельдердің бірнеше нұсқасын жасап бере алады. Мысалы, «Отыз жылдан кейінгі Алматы климатының трансформациясы» туралы футуристік әңгіме жазу туралы сұранысқа ЖИ келесідей төрт түрлі



концепция ұсынды: «Жасыл ренессанс» сценарийінде — қала билігі мен тұрғындардың экологиялық тұрғыда белсенділігінің арқасында Алматының орман-қалаға айналуы; «Түнгі қала» нұсқасында — күндізгі аптап ыстыққа байланысты мегаполис өмірінің түнгі уақытқа ауысуы; «Мұздықтардан айырылу» жобасында — 2050 жылдарға қарай Іле Алатауы мұздықтарының толық жойылып, таулардың шөлейтті ландшафтқа ауысуы; ал «Мәңгілік күз» нұсқасында климаттың тропикалық ылғалды белдеуге ауысып, бойы жылы жаңбыр жауатыны бейнеленеді. Бұл — ЖИ-ге бір ғана пәрмен беру нәтижесінде жасалған нұсқалар. Келесі алгоритмдік кадамда ЖИ мүлдем басқа — жаңа интерпретациялар ұсынуы мүмкін. ЖИ-дің мұндай қызметі әдеби автордың шығармашылық ізденісіне тың идеялар беретіні анық. Бұл қызметіне қарай ЖИ мәтінін дайын өнім емес, автордың қиялына қозғау салып, шабытын оятатын интеллектуалды серіктес деп бағалауға болады. Жауаптардың ұтымды ұсынылуы ЖИ-ге қалай бағыт беретінімізге тікелей байланысты. Автор сол идеялардың ішінен ең үздігін тандап алып, өз қаламымен өңдегенде нағыз шығарма туады.

DIGITAL HUMANITIES: ӘДЕБИ СЫН МЕН ТАЛДАУДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ЛАБОРАТОРИЯСЫ

ЖИ – адам мүмкіндігі жетпейтін ауқымды ақпаратты секундтарда жүйелейтін бірегей құрал. Әуезов, Мүсірепов, Есенберлин томдықтарын секундтар ішінде «сүзіп шығып», ондағы ең жиі қолданылатын метафоралар мен сөз таптарын есептеп беруге қатысты қызметін отандық гуманитария ғылымындағы цифрлық жетістік деп балауға болады. Бұрын лингвистер жазушының жиілік сөздігін жасау үшін көп уақыт жұмсаса, бүгінгі уақытта ЖИ автордың стилін ғылыми тұрғыдан математикалық дәлдікпен есептей алады. Бұрын отандық лингвистикада математикалық әдістер арқылы тілтанушы ғалымдар «Абай жолындағы» Әуезовтің жиілік сөздігін, яғни, сөз таптарын қаншалықты жиі қолданғанын есептеп шығып, ғылыми жұмыстар қорғағанынан жақсы хабардармыз. Сондай-ақ, Алтын Орда кезеңі сияқты бұрынғы дәуірлер жайлы тарихи романдар жазу үшін мыңдаған жылдық деректерді жүйелеуде ЖИ таптырмас цифрлық, интеллектуалды архив қызметін атқарады. Мысалы, жазушыға Алтын Орда кезеңі туралы тарихи роман жазу үшін сол дәуірге қатысты егжей-тегжейлі деректер қажет болды делік. ЖИ-ге «Маған Алтын Орда дәуіріндегі жыл мезгілдерінің ерекшелігін, жағрафиялық көрінісін, халықтың тұрмыс-жағдайын, салт-дәстүрін бейнелеп бер» деген тапсырма бойынша ЖИ мыңдаған жазбаларды сүзіп шығып, дайын әдеби мәтін жазып береді.

ЭКСПЕРИМЕНТ: АБАЙ МЕН МҰҚАҒАЛИ СТИЛІНДЕГІ МӘТІНДЕР

Тәжірибе ретінде ЖИ-ге Абай мен Мұқағали стилінде төмендегі мәтінді жаздырып көрдік. ЖИ Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» атты өлеңінің сыртқы формасын және ғылым-білімді насихаттайтын дидактикалық сарынын сәтті жаңғырта алатыны байқалды. Мәтінде Абайға тән «жалқаулық жайлап», «ғылым қумай» сынды төл тіркестері көрініс тапқанымен, ЖИ мәтінінде ақынға тән терең философиялық қабаттар жетіспейді. ЖИ тек белгілі бір поэтикалық әуен мен формаға еліктеумен шектелген. Мұқағали поэзиясына жақын келетін асқақ пафос пен экспрессивті қаратпа сөздерді («Уа, жүрек!», «Ей, Өмір!») қолдану арқылы ЖИ еркін ырғақ пен эмоционалды бояу бере алған. Дегенмен, бұл мәтінде Мұқағалидың қолтанбасы саналатын экзистенциялық мұң мен ішкі сырласу тәсілі әлсіз көрініс тапқан. ЖИ Мұқағали өлеңдеріне тән ырғақты сақтағанымен, бейнелі астар мен шынайы сезім иірімдеріне бойлай алмаған. ЖИ екі ақынның лексикасымен үйлеспейтін технологиялық терминдерді араластырып, мәтіннің көркемдік тұтастығын бұзған. Сонымен қатар, шынайы поэзияның орнын

технологияның зияны туралы құрғақ дидактикалық сарын басқан. Бұл эксперимент ЖИ-дің еліктеу күші жоғары болғанымен, шығармашылық демиургтік (жаратушылық) қабілеті әлсіз екенін көрсетті.

Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» (1885) өлеңінің стилімен ЖИ жазған нұсқа	Мұқағали стилімен ЖИ өндірген мәтін
Технология туралы толғау Кезінде білім қумай, кеш қалған ба, Ақылды темірлерге тосқан ба? Жасанды интеллектің жалт еткенде, Адамзат таңырқаумен бас салған ба? Тілінді машиналар сайрап тұр-ау, Ойынды сәтінде-ақ байлап тұр-ау. Қаламды қолыңа алмай қамсыз жатсаң, Зейініңді жалқаулық жайлап тұр-ау. Құрғақ сөз — жансыз темір, нұры болмас, Жүректен шықпаған соң жыры болмас. Роботтың мың кітабын оқысаң да, Адамның сезіміне сыры қонбас. Ғылымды құрал қыл да, құлы болма, Машинаның соңында желіп оңба. Өзіңнің өздігіңді сақтап қалсаң, Түспейсің тұйықталған теріс жолға.	Роботтар рахаты ма? Уа, жүрек! Мұздамашы, тоңбашы, Темірлердің болмашы сен жолдасы. Ақылдының бәрін де жасап алдық, Адамдықтың қалмады-ау оңбасы. Цифрлар шырмап алды маңайды, Экрандардан суық жарық тарайды. Жасанды ой жаныңды түсінер ме, Жаутандап тұрғанда көзің арайлы? Машина жазар... Мүмкін, ол ақын болар, Сөздері оның селдетіп, жақын болар. Бірақ та сокқан сонда жүрек бар ма? Әлде бір суық қана тоқ па ағар? Ақ қағаз, қара сиям — жан серігім, Өзімде қалсын менің бар ерігім. Жасанды бақыт іздеп керегі не, Тірі адамның сезген соң тербелуін?! Ей, Өмір! Сенен артық не бар дейсің? Темірден сезім іздеп неге әуресің? Жасанды ми жалықпай жаза берсін, Ал менің мұным — Тірі, сен соны білгейсің!

НЕГІЗГІ ҚАТЕРЛЕР: ЭСТЕТИКАНЫҢ ҚҰНАРСЫЗДАНУЫ ЖӘНЕ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ДАУЫ

ЖИ-ді әдеби үдеріс саласында қолданудың негізгі қатерлеріне тоқталар болсақ, ЖИ әдеби туындының ішкі мазмұны мен құндылығына тигізетін зардабын басты қатердің бірі деп есептеуге болады. ЖИ тілдің қарапайым қабаттарын қолдану арқылы қазақ тілінің бейнелі, метафораға бай әлеуетін шектеп тастауы ықтимал. Бұл — әдеби эстетиканың құнарсызданатынын

білдіреді. Егер авторлар ЖИ-дің дайын өнімін тұтына берсе, ұлттық әдебиетте ортақол, рухсыз, бірсарынды шығармалар қаптауы мүмкін.

Авторлық құқық та әлемде күн тәртібінде тұрған өзекті мәселенің бірі. Авторлық туындының ЖИ-ді қолдану салдарынан туындайтын плагиаттан қауіптеніп, оқырманнан, жалпы шығарма оқылатын, талқылайтын сыртқы әлемнен қол үзуі қиын. Оның үстіне жарық көрген шығармалар қазір интернет кеңістігіне орналастырылмаса да, ерте ме, кеш пе онлайн кеңістікке шығатыны анық. Осыған қатысты жапон әдебиетінде 1-2 жыл бұрынғы мына бір жағдайда еске түсіруге тура келеді. Риэ Кудан есімді жапон жазушысы Акутагава атындағы беделді сыйлыққа ие болғанда жазушы сахнада күміс статуэтканы ұстап тұрып сыйлық алған романының 5% (кейбір деректерде 11% деп көрсетілген) нейрондық желімен жазғанын мойындайды. Сол сәтте кейбір оқырмандар наразылық көрсетіп, кітапты сатып алғандары кері қайтарып бергісі келеді. Сондықтан, **авторлық туындылардың әрбір қырын: ұсақ деталінен бастап ауқымды сюжеттері мен басты қаһарманына дейін ЖИ модельдерінен тікелей қорғайтын әдеби жобалар жасалуы қажет деп есептейміз.** Ал мамандар визуалды өнер салаларында мұндай жобаларды қолға алуға болатынын талқылап жатыр. Ал шығарма жазуға шынайы автормен бірге ЖИ де қатысатын болса, олардың мәтін жазудағы үлесі нақты көрсетіліп, белгі таңбасы қойылуы тиіс екені сөзсіз.

РЕДАКЦИЯ ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ АУДАРМА

Келесі кезекте ЖИ-дің қолданбалы қызметі туралы қысқаша айтар болсақ, біріншіден, ЖИ – мәтіннің құрылымдық тұтастығы мен сауатты жазылу жағын қамтамасыз ететін жоғары технологиялық құрал. ЖИ грамматикалық және стилистикалық қабаттарды секундтар ішінде өңдеп, қазақ тілінің ішкі заңдылығына сай түзету жұмыстарын іске асырады. Бұл автор назарын толықтай шығармашылыққа шоғырландыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, ЖИ әдебиеттер арасында мәдени көпір орнатып, қазақ сөз өнерін әлемдік интеллектуалды кеңістікке таныстыруда бірегей механизм қызметін атқарады. Әдеби ортадағы ескі тәжірибені еске түсірер болсақ, әдеби шығармалары халықаралық тілдерге аударылған қазақ қаламгерлері туындының түпнұсқасындағы контекст пен әдеби бояу шет тіліне сапалы деңгейде қотарылмайтынын айтып, аударма нұсқаларға көңілі толмайтын еді. Сонғы уақытта нейрондық желілер қазақ тіліндегі көркем мәтіндерді халықаралық негізгі тілдерге стилистикалық тепе-теңдікті сақтап аударуға бейімделіп келе жатқанын және қазірдің өзінде мәтін бөліктерін сауатты аударма бастағанын айтуға болады.

Қорыта айтқанда, әдеби шығармашылық пен сын саласында ЖИ-ді қолдану үрдісі келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді: техникалық шеберлік жағынан алғанда ЖИ дарынды ақындардың стилін, сөздік қорын және ұйқас өлшемдерін жоғары пайыздық көрсеткішпен алғанның өзінде дәлме дәл қайталай алатыны байқалды. Бұл ЖИ-дің әдебиеттегі редакторлық немесе



стильге еліктеу қабілетінің жоғары екенін көрсетеді. Сонымен қатар, ЖИ жазған өлеңдерде табиғи сезім мен эмоция жоғалады. Адам-автордың қаламынан туған әр сөздің тасасында адамның шынайы тағдыры, мұңы, реніші, махаббат сезімдері жататыны анық. Жоғарыда келтірілген Абай мен Мұқағали стилінде ЖИ жазған шумақтарда ЖИ-дің әдеби стильге еліктеу күші жоғары, алайда демиургтік (жаратушылық) қыры әлсіз екені байқалды. ЖИ әдебиетке бәсекелес немесе қаламгер орнын алмастыратын құрал емес, керісінше ұлттық әдеби үдеріске жаңа серпін беретін, жандандыратын, көкжиегін кеңейтетін интеллектуалды платформа ретінде септесуі қажет. Әдебиеттің басты предметі қашанда адам жаны екені даусыз. ЖИ дәуірінде де әдебиеттің түпнұсқасы мен табиғи қалпын сақтау — қаламгер атаулының басты миссиясы болып қала бермек.

Ескерту: жоғарыда қала климатының болашақтағы өзгерісі мен Алтын Орданың тарихи бейнесі көрініс тапқан суреттер ЖИ арқылы жасалды.



ҰЛТТЫҚ СПОРТ – ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ АЙБЫНЫ

Ұлттық спорт – халықтың өткені мен бүгінін жалғастырушы алтын көпір, ұлттық кодтың ажырамас бөлігі. Ат жалында ойнаған бабаларымыздың ерлігі мен ептілігін, даналығы мен даралығын паш ететін бұл ойындар бүгінде жаңаша сипат алып, заманауи келбетке ие болуда. Биылғы Наурыз мейрамы аясында елордамыз Астана қаласында өткен ауқымды іс-шараларда Ұлттық спорт ұлықталды. 21 наурыздан басталған мерекелік думан тек дәстүрді дәріптеп қана қоймай, оған жасанды интеллект пен цифрландырудың озық жетістіктерін енгізу арқылы әлемдік деңгейдегі тың жобаларды көрсетті.

ЕЛОРДА АЛАҢДАРЫНДАҒЫ МЕРЕКЕЛІК ДУМАН

Наурыз мейрамының алғашқы күндерінен бастап Астананың басты алаңдары – «Қазақ елі» монументі маңы, «Астана Арена» стадионы, «Ататүрік» саябағы және EXPO аумағы нағыз спорттық айқас алаңына айналды. Қала тұрғындары мен қонақтары таңғы сағат 10:00-ден бастап спорттық шараларға белсенді қатысып, ұлттық ойындардың куәсі болды.

Бұл іс-шаралардың басты ерекшелігі – дәстүрлі ойындардың Жасанды Интеллект (ЖИ) мүмкіндіктерімен ұштасуы. EXPO аумағында өткен садақ ату, тоғызқұмалақ және қошқар көтеру жарыстары заманауи технологиялардың көмегімен жаңа деңгейде ұйымдастырылды. Бұл үрдіс Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялауымен тікелей байланысты.

Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит атап өткендей, ұлттық ойындар қаланың 6 ауданында, 30-ға жуық нүктеде өткізілді. Бұл – спорттың бұқаралық сипатын арттырып, ұлттық құндылықтарды қаланың шет аймақтарына дейін жеткізудің айқын дәлелі.

ИНКЛЮЗИВТІ СПОРТ: АСЫҚ АТУДАҒЫ ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР

Ұлттық спорттың ұлықталуы тек жарыс пен жеңіс емес, сонымен бірге қоғамдағы теңдік пен мейірімділіктің де көрінісі. Астанада Наурыз мерекесіне орай өткен алғашқы инклюзивті асық ату турнирі осының айғағы. Хусейн бен Талал мен Қабанбай батыр көшелерінің қиылысындағы Инклюзивті спорт орталығында ұйымдастырылған бұл сайыс ерекше балалар мен ересектерге қуаныш сыйлады.

Турнирдің ерекшелігі – дәстүрлі асық ату ойыны мен паралимпиадалық спорт түрі – боччаның үйлесуі. Мүмкіндігі шектеулі жандардың қатысуына жағдай жасау мақсатында асықтардың өлшемі үлкейтіліп, ойын форматына бейімделген. Қазақстанның көкпар федерациясының вице-президенті Әлішер Исламның айтуынша, мұндай жобалар біздің «этникалық кодымызды» сақтауға көмектеседі.

«Ұлттық ойындар – бізді басқа елдерден ерекшелендіретін басты құндылығымыз. Қазіргі жаһандану заманында мұндай дәстүрлер бізге өзіндік ерекшелігімізді сақтауға көмектеседі», – дейді Әлішер Ислам.

Турнир аясында балалар асықтарды бояп, өздерінің жеке талисмандарын жасап, шығармашылық қабілеттерін де ұштай түсті. Бұл шара ұлттық ойындардың барлығына қолжетімді екенін тағы бір мәрте дәлелдеді десек артық болмас.

«АРҒЫМАҚ» КЕШЕНІНДЕГІ АСҚАҚ РУХ

«Наурызнама» онкүндігі аясында Ұлттық спорт күні «Арғымақ» ат спорттық-сауықтыру кешенінде ерекше салтанатпен атап өтілді. Көшпелілер мәдениетінің ажырамас бөлігі саналатын ат спорты түрлерінен көрсетілімдер жиналған қауымның рухын асқақтатты.

Бұл күні көрермендер назарына келесідей жарыстар ұсынылды:

Қыз қуу: Жігіттің ептілігі мен қыздың сыпайылығын сынайтын, терең философияға толы ойын.

Теңге ілу: Шауып бара жатып жерден тиын алу – бұл нағыз мергендік пен ат құлағында ойнайтын шеберліктің белгісі.

Көкпар: Командалық рух пен күштің символы.

Аударыспақ: Білек күші мен ат үстіндегі тепе-теңдікті сақтау өнері.

«Арғымақ» ипподромының директоры Аманжол Хасенов бұл ойындардың әрқайсысының өзіндік философиясы бар екенін атап өтті. Мәселен, қыз қуу – тек спорт емес, ер жігіттің қызға лайықты екенін дәлелдеуі. Ойындарға қазақтармен бірге әзірбайжан, ингуш, неміс секілді түрлі ұлт өкілдерінің қатысуы ұлттық спорттың біріктіруші күшін көрсетті.

Ең бастысы, өткен жылдан бастап ұлттық ат спорты түрлері Олимпиадалық пәндермен бірге басым бағыттар қатарына енгізілді. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан мұндай қолдау ата-баба дәстүрінің мәңгі жасайтынына кепілдік береді.

«ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ»: ОТБАСЫ – ҰЛТ ТІРЕГІ

Ұлттық спортты ұлықтау отбасы құндылықтарын дәріптеумен де тығыз байланысты. «Qazaqstan» жеңіл атлетикалық спорт кешенінде өткен «Ұлы дала ойындары» атты отбасылық фестиваль соның дәлелі. Жарысқа қатысқан 12 команда (әке, ана және бала) ұлттық ойындар негізінде әзірленген сынақтардан өтті.

Бұл фестиваль биыл ерекше форматта – Жасанды интеллект элементтерін қолдана отырып ұйымдастырылды. Қалалық спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясының басшысы Азамат Белгібаев атап өткендей, заманауи технологиялар мен дәстүрлі эстафетаның бірігуі жас ұрпақтың қызығушылығын арттыра түседі.

Жарысқа қызы Саялымен бірге келген Саябек есімді қатысушының айтуынша, мұндай шаралар әке мен бала арасындағы байланысты нығайтып, спортқа деген сүйіспеншілікті оятады. Жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар берілді, ал көрермендер нағыз мерекелік көңіл-күйге бөленді.

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Астана төрінде өткен бұл ауқымды іс-шаралар тізбегі ұлттық спорттың тек өткен күннің сарқыншағы емес, керісінше, жарқын болашақтың берік іргетасы екенін айқын көрсетті. Біз бүгін дәстүрлі ойындардың тек физикалық белсенділік емес, терең философиялық мәні бар мәдени феномен екеніне куә болдық. Елорда аспанында қалықтаған «Наурызнама» әуені мен ат тұяғының дүбірі әрбір қазақстандықтың бойындағы ұлттық мақтаныш сезімін оятып, ата-баба аманатына деген адалдықты нығайта түсті.



Бұл мерекенің ең басты жетістігі — ұлттық спортты заманауи технологиялармен, атап айтқанда, жасанды интеллект мүмкіндіктерімен ұштастыруында. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың цифрландыру бағытындағы стратегиялық бастамалары бүгін спорт саласында да өз жемісін бере бастады. Жасанды интеллект арқылы төрелік ету, жарыстарды талдау және виртуалды элементтерді енгізу — бұл ұлттық ойындарды жаһандық деңгейде насихаттаудың жаңа форматы. Біз технологиядан қашпай, оны ұлттық құндылықтарымызды әлемге таныту үшін тиімді құрал ретінде пайдалануды үйрендік. Бұл қадам жас ұрпақтың, яғни «цифрлық буынның» өз тарихына, өз ойындарына деген қызығушылығын еселеп арттыратыны сөзсіз.

Сонымен қатар, биылғы шаралар ұлттық спорттың инклюзивті қоғам қалыптастырудағы рөлін аша түсті. Мүмкіндігі шектеулі жандардың асық ату секілді көне ойындарға белсене қатысуы — біздің мәдениетіміздің мейірім мен теңдікке негізделгенін көрсетеді. Ұлттық спорт шекара талғамайды, ол адамның физикалық мүмкіндігіне қарап бөлінбейді, керісінше, бәрін бір шаңырақ астына біріктіреді. «Арғымақ» кешеніндегі түрлі ұлт өкілдерінің бірге көкпар тамашалап, қыз қууға тандай қағуы — Қазақстанның бірлік пен келісім мекені екенінің тағы бір бұлжытпас дәлелі.

Ұлттық спортты ұлықтау — бұл мемлекеттік деңгейдегі стратегиялық маңызды міндет. Өткен жылы бұл спорт түрлерінің Олимпиадалық пәндермен тең дәрежеде басым бағыттар қатарына енуі тарихи әділдіктің орнауы болды. Ендігі кезекте, осы бастамаларды жүйелі түрде дамытып, халықаралық деңгейдегі «Көшпенділер ойындары» секілді ірі жобалар арқылы қазақ брендин қалыптастыру тұр.


Түйіндей айтқанда, Астанадағы Наурыз мерекесі аясындағы спорттық думан халықтың рухын жаңғыртып, ертеңгі күнге деген сенімін нығайтты. Бұл тек мерекелік шара емес, бұл — ұлттық болмыстың салтанат құруы. Біз цифрлықәлемде өмір сүрсекте, тамырымыздың тереңдекенін, атжалындағы еркіндік пен дала заңын ұмытпайтынымызды паш еттік. Болашақта ұлттық спорт тек стадиондарда ғана емес, әрбір қазақстандықтың өмір салтына айналып, еліміздің әлемдік аренадағы визит картасына айналатынына сеніміміз мол.

Ақылбек ИМАШ,
Астана



Естелік-эссе

Ғабдул-Сәбит ЮСУПОВ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі



ҚҰРЫЛЫСШЫ ҚАЛАҒЫН ҚАЛАМҒА АЙЫРБАСТАП...

«Завод КПД» аталатын Талдықорған ірі панельді үй құрылысы заводын салуға бастан-аяқ қатысып, «жоспар-жоспар» деп аттандасып, айқайласып жүріп пайдалануға бердік-ау...

Басқы кезде бетоншы, звено жетекшісі, бригадир, сәл кейін құю цехының мастері болып еңбек етіп жүрген кезім. Оның сыртында осы Талдықорған қаласындағы құрылыс техникумының кешкі бөлімінде оқитын «білдей» бір студентпін. Заводтың күндізгі алашапқын жұмысынан шыға салысымен, жеке машина түгіл баспанасы жоқ мен байқұсты әйтеуір абырой болғанда мекеменің «служебный» автобусы «хутордағы» үйіме жақын жол бойына тастап кетеді. Енді көлденеңінен көсіліп жатқан кедір-бұдыр тас төселген екі көшеден өтіп, орыс кемпірден жалға алып тұрып жатқан «временкамызға» қарай қанатсыз-ақ құстай ұшам. Ия, ол кезде баспанасыз қазақтарды уақытша болса да панасыздықтан құтқаратындар – тілеуің бергір «өзіміздің» орыс, неміс, кәріс пен ұйғыр кемпірлер еді ғой... Кіре беріс – кәридорды қоспағанда, бір бөлмелі, шешен Жиренше атам айтпақшы «кең сарайдай боз үйіме» бірденеден құр қалғандай жүгіре-жүгіре келіп кірем. Асыға-үсіге екі-үш шыны шайды іше салып, енді «хуторға» қатынайтын «семерка» автобусының аялдамасына жүгіремін. Өйткені, сабақтан қалуға, кешігуге болмайды. Мектеп қабырғасынан қалаға «арман қуып» аттанғанымға жиырма жылдай уақыт өтіп, мектепті ойдағыдай тәмамдағаныммен, қазіргі кезде оқуға «қарайып» қалған менің басымдағы білім деңгейімнің шама-шарқы өзіме белгілі ғой. Сондықтан, ұстаздардың «сабаққа дайындығың нашар, онымен қоса ылғи кешігіп жүресің» деген сөзден қашып, неғұрлым өз уақытында жетуге тырысып бағамын. Әйтеуір, әбүйір болғанда, техникумда оқу қазіргі сияқты ақылы емес, «бесплатно». Әгәрәкім, оқу «платный» болса, өмірінде еш жерде жұмыс жасап көрмеген, тілеуің бергір, әйелім, әлі мектеп жасына жетпеген екі балам – қызым Қарлығаш пен ұлым Айдын, ол аз болса, ай сайын қаза қылдырмай, бұғалтерия арқылы 33 пайыз алимент төлейтін менің күнкөрісім қандай боларын көз алдыма келтірудің өзі – ұйқыдан шошып оянардай қорқынышты...

...Ия, не себептен екенін қайдам, талайдан бері, әсіресе кейінгі кезде қолыма қалам алғым келеді де тұрады. Қалай, нені жазу керек екендігін

өзім де білмеймін, әйтеуір, бірдеңе жазуды өз-өзімнен қалап, түні бойы мазасызданып, шалық шалған адамдай шала ұйықтап шығатын болып жүрмін. Кейде, тіпті, түсімде классик жазушы болып кеткен екем деймін, том-том болып шыққан кітаптарыма айбақтата қолтаңба жазып, ағайын-туған, дос-жарандарға «бесплатно» таратып жүремін...

«ОЧЕРК» ЖАЗЫП ӘКЕЛДІМ...

Сонымен қойшы, бір күні «нартәуекел» деп, қолға қалам алудың жөні келді. Тәуекелге бел байлаған бұл күн 1985 жылдың көгілдір көктемінің 22 сәуірі еді. Дәлірекайтсам «күн көсемім» — қасқабас Ленин «бабамның» туған күні. Міне, сол «великая — ұлы датаға» орай Сәбет кезіндегі дәстүр бойынша өткен коммунистік сенбіліктен соң, өзім еңбек ететін заводтан шағын «бірдеңе» жаздым. Түні бойы неше жазып, неше жыртып, әйтеуір, өйтіп-бүйтіп құрастырған шимайымды алып, құдайдың ақ таңы бозарып атысымен облыстық «Октябрь туы» газетіне тарттым. «Қолыма қалам алып, ғұмырымда газетке материал жазып көрмеген менің ол шимайым — қай бір шекесі қызып тұрған дүние дейсің» деген дүдәмал ой мен күдігім де көкейімде көлденеңдей ме, қалай...

Редакция ғимаратының дәліз бойымен жәйлап жүріп келіп емен есіктің жоғары маңдайшасындағы «құрылыс, транспорт және байланыс бөлімі» деп жазылған тақтайшаға көзім түсті.

Бисмилләһи рахмани рахим! Есікті қағып, ішке жасқана кірдім. Төрдегі үстөл басындағы ақшулаң өңді, прәпессірлердікі сияқты қоңырқай мүйіз жиекті көзәйнек киген орта бойлы, арықша келген иман жүзді жігіт ағасы:

— Төрлетіңіз — деп, көнелеу орындықты мен тұрған тұсқа жылжытты. — Келген шаруаңызды айта отырыңыз. Мен осы бөлімнің меңгерушісі Кемал Құсайынов деген азамат боламын.

Сасқалақтағаным ба екен, аты-жөнімді айтып өзімді таныстыруды да ұмытып кетіппін:

— КПД заводынан очерк жазып әкеліп едім.

Мәссаған! «Материал» деген сөзді жаңылып «очерк» деп қойып қалдым. Әйтпесе, очерк дегенің кейбір кәсіби журналистің тісі бата бермейтін күрделі жанр екендігінен хабарым бар-тын.

...Кемалым оқушының шақпақ жолды бір парағына жазылған «очеркімді» қолына алып оқып отыр, шұқшиып әлі оқып отыр.

«Бір паракқа осынша қадалғанына қарағанда, қазір «материал жариялауға келмейді» деп айтатын шығар» деп, ине үстіне құйрық басқандай қипықтап отырмын. Сол ойдан пысынап, ет жемесем де, өне-бойым сорпа ішкендей терлеп кетті. Бір уақытта:

— Сәке, бұрын мақала жазып көрмесеніз де, жазуға икеміңіз бар екендігі білініп тұр. Бұл, әрине, очерк емес, хабар. Орыс тілінде мұны информация — деп атайды. Бұл тірлігіңізді орта жолда тастап кетпесеніз, түбі сізден журналист шығады, — дегенде барып «үһ» деп кеуде кере демалдым. Соны байқап қалған Кемалым жылы жымыып қойды. Біраз ақыл-кенестерін айтып, қоштасарда:

— Газет, журналдарды көбірек оқыңыз. Сөйлем құрылымына, астарлап айтылған ойларға мән беріп, статистикалық цифрларды көбірек пайдаланыңыз, — деп жылы шыраймен шығарып салды.

Кемалым уәдесінде тұрып, 2-3 күннен соң әлгі шимайымның мұртын күзеп, әдемілеп түзеп, кәдімгі хабар етіп басып шығарды. Бәрекелді! Аяқ астынан, оқуын бітірмей-ақ «журналист» болып шыға келдім. Сол дәрежеме

риза болғаным ғой, бейне бір роман жазып тастағандай, хабарды күніне бірнеше рет оқимын.

...Кейіннен өзімнің журналистік ұстазым санаған Кемалдың сонша уақыт үйреткенін қайтейін, бірдеңені жазуды бастаған болам, бірақ ол шимайым көңілімнен шықпайды. «Образец» етіп алдыма қойған газет-журналдарды оқысам — ондағы жазулар майлап қойған қалайы қасықтай зырылдап тұр. Ақ таңертеңнен неше жазып, неше сызып, жазғандарымды жырттып тастап, «итшілеп» отырғанымда, жар дегенде жалғыз жарым — Биғайша жаныма келді.

— Ой, құдай-ай, басынды босқа қатырмасаңшы. Немене, аяқ астынан, оқуын оқымай журналист болып кетем деп отырсың ба? Таста бұл әлегінді. Қазақта: «Болар бала бесігінде бұлқынар» деген тәмсіл бар. Әне, өзің: «Менімен бір сыныпта оқыған Қанат Асқаров досым мектепте жүргенде өлең жаза бастаған» дейсің. Бала кезінен жазуды бастап, университетте оқып журналист болды. Қырық жастағы саған *(ол кезде мен бар-жоғы отыз сегіз жаста едім)* енді қайдағы журналистік...

— Не, сен менің алдыма шығып келдің бе? Болам, журналист түгіл, жазушы болам. Көресің, дәлелдеймін осы сөзімді...

— Өзің білші, журналист, жазушы түгіл, профессор бол...

...Әйелімнің осы сөздері маған тіпті қамшы болды. Заводтағы кезек жұмысымнан келісіммен өзімше «жазуға» отырамын. Бір жазамын, бір сызамын, жыртамын. Әйтеуір, бала кезден бойға қалыптасқан намысқойлық қасиетім бар, әйтеуір жазудан шағылмадым. Бірте-бірте лағып, жан-жаққа каша жөнелетін жазуым өзіме бағынып, жөнге келе бастады. Басқы кезде «соқыр көргенінен жазбас» демекші, тек өзіме етене таныс — құрылыс, өзім жұмыс жасап жүрген завод өмірінен ғана хабар жазып жүрдім. Біраз төселе келе, басқа сала тақырыптарын да ебіне келтіріп «жәркемдей» бастадым...

Ол кезде газеттің бас редакторы соғыс ардагері, ұлтжанды абзал азамат Ғайыс Егембердиев аға еді. Арада 1-2 жыл өткен соң бас редактор болып, арықша келген, бір қарағанда қараторы өңі суықтау көрінетін Тұрсын Әбдуалиев деген аға тағайындалды.

ШІРКІН, СОЛ УАҚЫТТАР-АЙ!..

Бұл менің «жоғалған кездігімнің сабы алтын еді» дегендігім емес. Тәуелсіздігімізді жариялағаннан кейін «Октябрь туы» газеті атауын «Жерұйық» деп өзгертті. Қазір осы «Жерұйық» басылымын өзімді қаламгер етіп қалыптастырушы ғана емес, тәрбиешім, рухани көшбасшым деп санаймын. Сондай-ақ, саяси көзқарасымды орнықтырып, санама ұлттық рухтың ұрығын сепкен құдіретті құрал деп білемін.

«Біз Шекспирдің шинелінен шыққанбыз» деп, Ресей қаламгерлері айтатындай, мен де: «Жерұйықтың» шекпенінен шыққанмын» (қазіргі «Жетісу») деген сөзді ауыз толтыра, мақтанышпен айтуға толық қақым бар деп ойлаймын. Өйткені, арада 3-4 жыл өткеннен кейін-ақ мен газеттің штаттағы қызметкері секілді, әр бөлімнен тапсырма алып, газеттің әр санында, кейде бір санында 2-3 мақала, хабарларым жарияланып тұрды. Сонда-ғой, әй пендешілік-ай десеңші, марқұм ағамыз Жұмақан Майтжанов (иманы жолдас болсын) редакцияның апта сайын өтетін лездемесінде: «Бұл Юсуповтың мақалаларына шектеу қою керек сияқты. Штаттағы бізден көп жарияланады», — деп көпе-көрнеу іштарлық жасаған екен. Айтылған сөз

жерде жата ма, «Аға» деп іштей сыйлап жүрген жаннан содан кейін іргемді аулақ сала бастадым. Бірақ, сол лездемеде үстінде:

— Өздеріңіз штаттан тыс тілшілеріміз аз, авторлық мақалалар жиі түспейді дейсіздер. Белсенділікпен атсалысып жүретін авторымызды «көп жарияланады» деп, көре алмаушылық білдіреміз. Қою керек ондай пендешілікті! Қайта, авторларды — штаттан тыс тілшілерді көбейтіп, қалың бұқарамен жұмыс жасаңдар! — деп Майтжановтың меселесін қайтарып тастаған бас редактор Әбдуәлиев Тұрсын ағаның сөзін ұжым мүшелері түгел қолдағанын редакцияның жігіттері кейіннен өзіме айтып берген.

...Бәрі күні кешегідей көз алдымда: ол кезде газет редакциясы орналасқан баспахана ғимаратының артында волейбол алаңы бар болатын. Жұмыс күні кешкі сағат алтыда аяқталатындығы белгілі. Бірақ, тәртіп солай болғанымен, сағат жарықтықтың тілі бесті көрсетісімен, әлемдік Олимпияда Ойындарына баратындай спорт киімдерін сықай киіп, сақадай сай отырған Түкеннің өзі бастаған бүкіл редакция ұжымы волейбол алаңына шығады. Ол кезде бөлімдер де көп, 2-3 бөлім бір команда, қалғандары бір-екі команда жасақтайды. Сонан, әйда, ақ тер, көк тер болып сайыссын кеп! Кейде, «шалдар» мен «жастар» командалары күш сынасады. «Шалдар» командасында тұрақты, айнымас капитан — Ұлы Отан Соғысының ардагері, тәпене бойлы, қалжыңқой аға, жазушы Елжас Бейсембеков. Команда құрамында бас редактор Тұрсын Әбдіүәли ағам, Тәкен Әліпбай, Нұрғали Омарқұлов, Жанат Дүкенбаев пен Жайырбек Қаспақов ағаларым. «Жастар» командасының капитаны бір өзі үш-төрт ойыншыға татитын мықты волейболист Болат Дәкерев бастаған, Елағамның бойы сияқты «сұңғақ», допша домаланған сыныптас досым Қанат Асқаров, тілі ұстарадай өткір Светлана Буратаева, Кемал Құсайын, сатирик Тұрлыхан Кәрім сияқты жігіттер. Өзім болсам, заводтағы жұмысымнан үйге келе сала, бірденеден құр қалғандай, редакцияға шауып жетіп келем. Мен де сол жастар командасының құрамында домаландап, доп қуып жүремін. Одан қалса, әр жұма сайын редакция ұжымы арасында, шахмат пен дойбыдан жарыс өтеді. Спорт — қанды қыздырар дода емес пе, кейде жігіттер әлденеге келісе алмай, дауласып, таласып та қалады. Редакцияаралық жарыстардан соң жеңімпаздар мен жүлдегерлердің жүлделерін, «кірлеп» кетпес үшін «жуу» қызығы да өте қызу, әзіл-күлкімен дуылдата өтетіндігін несіне жасырамын. Бірақ, өршітін өсек сөз, жалаулаған жағымсыз жағдайлардың орын алғанын естіген де, көрген де емеспін...

Қызыл компартияның түкірген түкірігі жерге түспей тұрған диктаты кезінде, өз пәрменімен редакция жұмысын бір сағатқа қысқартып, ұжымға спортпен шұғылдану үрдісін ендіру үшін облыстық партия комитетінің төл басылымы — «Жерұйықтың» бас редакторы Тұрсын Әбдуәли ағаға жүректілік пен жауапкершілік жүгін бір өзі көтере білетін батылдық керек екендігі түсінікті.

...«Жүректілік» демекші, сол кездегі Талдықорған облыстық компартия ұйымының бірінші хатшысы, жымысқы Жигулиннің кәсіпорын, мекемелердегі ұлты қазақ басшылар мен мамандарды кемсітіп, жікке — ұлтқа бөлуі, кадр саясатындағы солақай және әділетсіз қитұрқылықтары әшкере болды. Одан басқа қылмысқа бергісіз фактілерін Республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінде ғана емес, Москваға әйгілеп, дабыл қаққан драматург Тәкен Әліпбай бастаған, Қанат Асқар, Кемал Құсайын сынды «Жерұйық» газетіндегі ұлтжанды ерлердің ісін қолдап, ақыл қосып, сол обкомның өз газеті — «Жерұйықта» жасқанбай жариялаған — бас

редактор Тұрсын Әбдуәліұлын батыр демей көр! «Не бел, не белбеу кетер!» деген ұстаныммен, ұлт намысы үшін жандарын шүберекке түйіп айқасқан, ақыры жеңіске жетіп, түкірігі жерге түспей жүрген Жигулинді қара жерге жалпасынан түсірген сол ерлердің ісін қалай дәріптесек те артықтығы жоқ-ау! Әттең, қазіргі таңда мемлекеттік тіл, діл, ұлт намысы мен халықтың жоғын жоқтау жолында жандары шырылдап, өре түрегелетін басшылардың қалмай бара жатқаны өте өкінішті!..

...«Жерұйықты» Тұрсын Әбдуәліұлы басқарған тұста, тұрақты оқырмандар арасынан авторлар, штаттан тыс тілшілер тартып, оларды үйретіп, тәжірибе жинақтату ісі жақсы жолға қойылып еді. Бізді, әр жыл сайын десем артық айтқандық болмас, 5 сәуір — сол кездегі «Баспасөз күні» мерекесіне орай, редакцияға шақырып, авторлар арасында семинар өткізу дәстүрге айналғанды. Баспахананы аралатып, газет шығару процесімен бізді талай рет таныстырған болатын. Мұқабасында «Жерұйық» деген жазуы бар қойын дәптер мен Грамота алған біз, әйда, қуанып, ошағымызға Үкіметтен Орден алғандай арсалаңдай оралатынбыз. Газеттің тұрақты авторы болғаным 4-5 жыл өгіп, әбден сенімге енген тұста, Тұрсын аға Әбдуәліұлының қолынан «Жерұйықтың» штаттан тыс тілшісі» деген куәлікті алғандағы қуанышымды көрсеңіз! Біздің әрқайсымызға куәлік тапсыру кезінде Түкең куәлікті орынды-орынсыз жылтындатып, газеттің беделін түсірмеуімізді қатаң ескертіп қоятын.

Нақты қай жылы екендігі ойымда жоқ, тағы да сондай «баспасөз күні» мерекесі, редакция кеңсесінің қарсысындағы парк ішіне орналасқан «Достық» кафесінде өтті. Газеттің «штаттан тыс тілшілерінен» жалғыз мен белсенді автор ретінде шақырылған екенмін. Сол мерекелік отырысты қаламы қарымды журналист, ақындығымен ғана емес, қоғам қайраткері ретінде Республикаға танымал, домбырасына қосылып тамаша әндерін төгілткен өнерпаз бауырымыз, кейіннен «Жетісу» газетінің бас редакторы болған, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Әміре Әрін бауырымыз жүргізді. Оның орынды әзіл, зілсіз қалжыңына мәз болып, тамаша ән-күйдің думанына түстім де кеттім. Шіркін, ондай қызу да, қызықты ортада бұрын болып көрмеген, құрылысшылардың «жүз грамдатқан» қарапайым, қоңырқай ғана тірлігінде жүрген мен, бейне, жаңадан туғандай серпілгенім бар. Сол тамаша, қуанышты отырыс үстінде, өзімді сондай бақытты сезініп, бір жасап қалған едім...

НАННЫҢ ІШІНЕН ШЕГЕ ШЫҒЫПТЫ...

...Қанат Асқар досым қызмет орныма, не үйіме жиі телефон шалып, қуанышты хабар жеткізеді:

— Әй, дос, газеттің бүгінгі саны өте тамаша шықты. Сүйіншімді бер, не дұрыстап «жуып» бересің.

«Газеттің тамаша болып шығуы» — газеттің бұл санында менің жазған мақалам шықты деген сөзі ғой...

— Жақсы, жақсы, міндетті түрде жуамын. Базар жоқ, — деп жауап қатамын қуанып.

Менің мақалаларымның жиі шығуының тағы бір себебі: газеттегі әр бөлімнің жігіттері маған тапсырма береді. Өйткені, бас редактор бөлім басшыларына: «Бұқара халықпен тығыз байланысып, авторлар тартындар» деп талап қоятындығын жоғарыда жаздым. Кейде бөлім басшылары белгілі

бір мекеме, немесе кәсіпорыннан мақала, не сұхбат ұйымдастырып әкел деп тапсырма беріп, «комсомольское поручение» жүктейді.

Бірде «Талдықорған нан заводы» кәсіпорны өндірген өнім — нанның ішінен тот басқан шеге шыққаны туралы тұтынушыдан шағым түскен екен. «Поручение бойынша «жорыққа» аттанарда:

— «Нан заводы» мекемесінің өндірістік көрсеткіші жоғары. Ол жағына кінә қоя алмайсың. Бірақ, елдің, яғни тұтынушылардың осындай орынды дабылына орай, міндетті түрде сын мақаласын жазуымыз керек. Бұл «ЧП» жағдай обкомның бақылауында. Сондықтан, өзің еңбек процесін дұрыстап қарап, қалайда бір мін табуың керек, — деп Қанат Асқар досым маған «по секрету» ескертіп қойды.

Бардым. Еңбек процесін, өндірістік қауіпсіздік техникасының сақталуын, санитарлық жағдай мен жеке гигиена инструкциясының орындалуын тексердім. Бар болғыр, бір мін таба алсамшы, бәрі заң шеңберінде. Енді заводтың ауласындағы «Еңбек даңқы» Жалау тұғыры мен әр цехтардың арасындағы социалистік жарыс көрсеткіштерінің тақтасына шүйліге қарадым. Әп бәрекелді! Таптым! Жарыс тақтасында өткен айдың емес, оның алдындағы айдың көрсеткіштері жазылған. Яғни, арада екі ай өтсе де өндірістік деректер жаңартылмаған. Сонымен қойшы, бір аптадан кейін, «Еңбек даңқы» Жалауының көтерілмеуі, социалистік жарыс тақтасындағы көрсеткіштердің өз уақытында жаңартылып отырмауы — заводта жауапкершілік жүгінің төмендеп кетуінің көрінісі. Жариялық, көрнекілік пен демократия талаптарының бәсеңдеп кетуінің және қатаң қадағалау талабының сақталмауы нәтижесінде, өндірген өнім — нанның ішінен шеге шығу фактісі орын алған» деген мағынадағы сын мақалам «Жерұйық» газеті бетінде жарқ етіп шыға келді.

Ол кезде жарияланған әр сыни мақаладан кейін мекеме, кәсіпорын басшылығы, немесе бастауыш партия ұйымы ұжымда мақаланы талқылайды. Оның нәтижесін, кемшілікті жою және кінәлі адамдарға қандай шара қолданғаны туралы редакцияға міндетті түрде жауап қайтарылады. Бір аптадан кейін: заводтың Зинаида Кондратьева атты басшысының *(аты мен фамилиясы өзгертіліп жазылды)*: «Сыни мақала ұжымның жалпы жиналысында талқыланды. Мақала өте орынды жазылған. Сыннан қорытынды шығарылып, алдағы уақытта ондай кемшілік қайталанбайтын болады» деген жауабы келді. Әрине, завод директорының ол жауабы «Сынап едік, қортынды қандай?» деген рубрикамен «Жерұйықта» да жарияланды.

Міне, өстіп, «тырнақ астынан кір іздеп» болса да, редакцияның жүктеген «таудай» тапсырмасын тап-тұйнақтай етіп, «адал» орындағаным бар.

Тұрсын Әбдуәлиұлы газетті басқарған тұста тағы бір сүйсіне айта кетерлік жақсы дәстүр болды. Ол — редакция ішінде қабырға газетін шығарып тұру дәстүрі. «Аптаның үздік материалы» деген атаумен шығатын бұл қабырға газетін апта сайын әр бөлім кезекпен ұйымдастырып, редакцияның дәлізіне ілінетін. Кімнің қай материалы «үздік» деп танылуын газет журналистерінен сайланған арнайы комиссия қарап, әділ бағасын беріп отыратын. Ол да журналистер мен штаттан тыс тілшілердің қызығушылығын арттырып, ынталандырудың жақсы бір үрдісі еді. Өзім редакция ғимаратына кіре салысымен сол тақтаға үңіліп, өткен аптада кімнің материалы мақтаулы, үлгілі болып табылғанын қызыға оқуға кірісетінмін. Менің де жазған дүниелерім, сын мақалаларым сол тақтаға ілініп, Үкімет наградасын алғандай қуанып жүруші едім.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп қазақ аталарымыз

айтқандай, Түкеннің газеттің бас редакторы ретіндегі басқарушылық кәсіби біліктілігін ғана емес, ұжымда сыйластық, өзара түсіністік, тәрбие мен жоғары моральдық-психологиялық және демократия ахуалын қалыптастырудағы еңбегін өзім штатта болмасам да, күнделікті қоян-қолтық араласып жүргендіктен, көріп, біліп жүрдім және оның сол қасиеттерінен көп ғибрат алдым. Әрине, ондай қасиеттер тек білімді, рухани бай, жігерлі де, жүрегі кең, моральдық келбеті жоғары жандарда ғана болары хақ!

«Тәрбиелік» демекші, ұмытпасам, 1989-90 жылдар шамасы болар, «Промстрой» тресі салып жатқан «ЖБО» заводының жанынан Тұрсын аға «тілшілік қосынын» ашып, мені сол қосынның «бақандай бастығы» етіп бекітті. Әр аптаның сенбісі күні, немесе «КПД» заводындағы өзімнің кезекті ауысымымнан шыққаннан соң екі аптада бір рет, құрылыс жүріп жатқан ғимараттың бір бөлмесіне шиқылдақ үстел мен ақсақ ағаш орындық қойылған «кабинетіме» барып отырамын. Тұрсын Әбдуәлиұлы тілшіге арнайы бір орын бөліп беру, құрылыстағы жаңалық, жетістіктер мен қиындықтарды «қосын бастығына», яғни маған тоқтаусыз беріп отыру жөнінде трест басшыларымен алдын ала келісіп қойған ғой. Күткендейін, «Жерұйықтың» бетінде завод құрылысының барысы, кемшіліктері туралы хабар, мақалаларым жиі жарық көріп тұрды.

Шіркін, сол уақытта қазіргідей, саусақтың ұшы қимылдап кетсе ақы тілеп отыратын заман емес еді-ау! Патриоттық белсенділікпен ондай қоғамдық істерге жегіліп, ақы-пұлсыз, зор құлшыныспен шапқылап атқара беруші едік. Дегенмен, әрбір хабар, мақаланың көлеміне, жарияланған бетіне байланысты 4-5 сомнан, кейде аса көлемді болса 15-20 сом аралығында қаламақы алатынбыз. Мысалы, өзімнің жанұя бюджетіме газеттен айына 35 пен 50 сом аралығында кіріс кіріп тұратын. Әрине, «алименттік» мен үшін бұл жаман табыс емес. Алайда, ақшадан көрі біздей қоғамдық тілшілерге облыстық газетте жариялануының моральдық-психологиялық әсері қымбатырақ болушы еді.

Сол тұста, тағы да «баспасөз күніне» байланысты облыстық мерекелік жиналыс қарсаңында Тұрсын Әбдуәлиұлы: «Сәбитжан, біздің газеттің белсенді штаттан тыс тілшісі ретінде қосымша баяндама жасауға қалай қарайсың?» деген ұсыныс айтты. Бұрын мінберден сөз сөйлеп көрмеген басым абдырап қалып:

— Түке, қандай бағытта сөйлеу керек? — деп өзінен ақыл сұрап, бағыт-бағдар алдым. Қызық қылғанда, орысша сөйлеуді өзімше мақтан көрдім бе екен, жарыссөзді орысша дайындап, оқыдым. Оқығанымды қайтейін, орыс тілінде «өзімнің қысқаша сөзімді...» деп басталатын сөйлемдегі: «сөзімді» дегенді «свою речь...» деп соғып жіберіппін. Қайдан білейін, газеттердегі: «речь товарища Брежнева», «Речь товарища Қонаева» дегендерді газеттерден оқып жүрген мен «речь» деп емес, «выступление» деп айту керек екендігін. Кейіннен ғой, қазақ тілі жанашырларының сапына қосылып, өзара орысша сөйлескен қазақтармен алақөз болып, ақшырая қарап дауласып, жауласып жүргенім...

«МАРҒАУ» МАСҚАРА ЕТЕ ЖАЗДАДЫ...

Алғаш әңгіме жазып, маскара бола жаздағаным одан да қызығырақ. Әдебиет, мәдениет бөлімінің меңгерушісі Нұрғали Омарқұлов ағаның жанында түсі суықтау, тілі мірдің оғындай ащы, өзім бөлмесіне кірген кезде жасқана, сақтықпен сөйлесетін Светлана Буратаева отырады. Бірде: «Әңгіме

жазып әкелдім» деп өзімше «қатырып» жазған қолжазбамды Светлананың алдына қойдым. Бір, екі бетіне асығыс көз жүгіртіп өткен ол:

— Сәбит, мынауың жазушы Сафуан Шәймерденовтың «Марғау» атты әңгімесінің желісі ғой, — деп күлімсіреп отыр. Ойпырай, ұяттан бетімнен отым шықты. Не айтарымды білмей:

— Ондай әңгімені оқымаппын, оқымаппын, — дей бердім қызара сасқалақтап. Шындығына келгенде, «Марғау» деген әңгімені оқып, көшіріп жазбасам да, соның желісімен жазып әкелгенім рас еді. Қайдан білейін, ақындар мен жазушылардың бірінің жазған жаңа туындысын бірі оқып, талдап, баға беріп, пікір білдіріп жүретінін. Бөтеннің шығармашылық еңбегін көшіріп алу ғана емес, желісін пайдалану плагиат — ұрлық екенін журналистика мамандығын оқымаған ақымақ басым қайдан білсін!

— Оқымасан, оқымаған шығарсың, — деген тілеуің бергір Света, әйтеуір, мені көп ұялтпай, біраз ақыл-кеңесін айтып, күлімсірей шығарып салды. Жалғыз Светлана Буратаева емес, бас редактор Тұрсын Әбдуәлиұлы, сыныптас досым, кейіннен ҚР тұңғыш сайланған Парламент депутаты болған Қанат Асқар, Жанат Дүкенбай, Нұрғали Омарқұл, Жайырбек Қаспақ, Кенжеқан Рақыш, Болат Бисұлтан, сатирик Тұрлыхан Кәрім, тағы да басқа сақа журналистер жөн сілтеп, қаламымның ұшталуына көп қолдау көрсетті. Талабымды табанға таптамай, жігерімді жасытпай, алғаш рет жазған шимайымды түзеп, күзеп хабар етіп шығарып, ақыл-кеңесін айту арқылы қаламгерлік қадамымды ашқан ұлтын сүйген атпал азамат, иманы жолдас болғыр марқұм Кемал Құсайын бауырымның жөні тіптен бөлек...

Мақтанғаным емес, қолыма қалақ, күрек ұстаған қарапайым құрылысшылықтан Қазақстан Журналистер, кейіннен Жазушылар одағының мүшесі атанып, атағым жер жармаса да өз деңгейімдегі творчестволық биігімді бағындырып (*қазір он екі кітабым жарық көріп, он үшінші* детектив кітабым баспада кезек күтіп жатыр) отырған жәйім бар. Солардың бір-жарын атап өтейін: тұңғыш повестім «Мәңгілік күрес» кітабымның мен үшін орны бөлек. «Анамның ақ таңы», «Аудан прокуроры», қазақ детектив жанрының атасы Кемел Тоқаев салған сара жолмен жазған «Кислый бандасының күйреуі», сол сияқты, «Ұстаз ұлағаты», «Орындалған әке арманы», «Жайнаған жасыл бағым» атты деректі повестерім, «Соғыстан соңғы ұрпақпыз» атты роман-трилогиям. Ең бастысы, жігерімді жанып, рухымды оятып, ұлтжандылық қасиеттерімді қайрап, тіліміз бен ділімізді қастерлеп өтуге тәрбиелеген «Жерұйық» — қазіргі «Жетісу» газетіне мың сан алғыс! Сол сияқты, «ауылдағының ауызы сасық» демей, алыс ауылдан шыққан мендей оқырманға жөн сілтеп, қаламгерлікке тәрбиелеген, рухымды аспандатып, саяси жағынан шындап, әдебиет айдынында еркін, жасқанбай жүзу дәрежесіне жеткізген ерекше басылым «Қазақ әдебиеті» газетіне де алғысым шексіз. Ұзақ жылдар жан серігім болған, әлі де бола бермек бұл ерекше басылымға ақжарма алғысымды білдіруді жөн санап отырмын. Журналистік жоғары оқу орнын бітірмесем де, құрылысшы қалағын қуатты да, қасиетті қару — қаламға айырбастап, кәсіби журналист атануым, сондай-ақ, ізденіп, ерінбей еңбектену арқылы жазушы болып қалыптасу жолымдағы бастан кешкен «қожанасырлық» қызықтарым мен шыжықтарым қаламгерлікке талпынған жас талап — өскінге тәлім, ғибрат болар деген мақсатпен осы эссені жариялап отырмын...



Ұлттық мұра

Айбын ТӨРЕХАН,
 ауылшаруашылығы ғылымдарының
 докторы, профессор,
 «Қазақ мал шаруашылығы және
 жеміш-өндірісі ғылыми-зерттеу
 институтының» басшысы



ТҰЛПАР ТҰЯҒЫНАН БАСТАЛҒАН ӨРКЕНИЕТ

Қазақ халқының айрықша қадір тұтатын жануарларының бірі — жылқы. Жылқы десе елең етпейтін қазақ кемде кем. Жалпы, жылқының қазақ халқының тұрмыс тіршілігінде, өмір сүру әдеті мен мәдениетінде және рухани дүниетанымында алатын орны ерекше. Ең бастысы, қазақтың салт-дәстүрі, ұлттық болмысы жылқымен етене жақын. Көшпенді өмір салты мен кең байтақ далада тіршілік ету жылқысыз мүмкін емес еді. Сондықтан да, жылқы көлік құралы ретінде еркіндіктің, тағамдық азық ретінде байлықтың, табиғи тазалық пен тектіліктің арқауы ретінде рухтың символына айналған. Ұлт болмысының ажырамас бөлігіне айналған жылқыны құрмет тұтып, жылқы шаруашылығын дамыту — экономикалық тұрғыдан маңызы зор әлеуметтік шара, ал мәдени мұра ретінде сақтау мемлекеттік жауапкершілік.

Адамзат өркениеті тұлпардың тұяғынан басталған деп ұғатын халқымыз үшін жылқы — жеті қазынаның бірі саналған қасиетті мал. Ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдерде, ертегілерде жылқының мінез-құлқына, жүрісіне, табиғи қасиеттеріне қатысты даналық мол. Осыдан қазақ халқының жылқыны өмір пәлсапасының бір бөлігі ретінде қабылдағанын байқаймыз. Жылқыға қатысты мәліметтердің барлығы, оның қазақ даласында ежелден қолға үйретілгенін және көшпелі тұрмыс-тіршілікте кеңінен пайдаланғанын дәлелдейді.

Бүгінгі таңда жылқы — әлемдік деңгейде де жоғары бағаланатын әрі экономикалық маңызы зор мал түрі. Заманауи технологиялардың дамуына байланысты, жылқы өніміне деген, оның ішінде терең өңделген жылқы еті мен бие сүтінің өнімдеріне де сұраныс артып келеді.

Еліміздің президенті ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында «тегіміз — түркі, түлігіміз — жылқы» деп, жылқы шаруашылығын дамытуға ерекше мән берді. Жылқы өсіру, оның санын арттыру және жергілікті тұқымдарды асылдандыру жұмыстарын жандандыру, әсіресе ғылыми зерттеулерге пәрмен беріп, өндірістік іс-шараларды күшейту бойынша мемлекеттік міндеттерді айқындады.

Осы орайда, соңғы жылдары жылқы саласындағы жұмыстарды бір жүйеге шоғырландыру мақсатында дербес жылқы ғылыми-зерттеу институты құрылды, отандық жылқы тұқымдарымен жүргізілетін ғылыми ізденістер бағдарламалы мақсатты қаржыландыру жобасы бойынша ғылым мен өндірістің интеграциясы қарастырылған жаңа кезеңге қадам басты.

Осы батыл қадамдар халқымыздың жылқыға деген құрметі аясында жылқы саласының мемлекет үшін стратегиялық маңызының айқын көрінісі. Әлбетте, қазақ халқы ежелден жылқыны адам мен табиғатты байланыстыратын киелі жануар ретінде қастерлегені белгілі. «Біздің асыл дүниеміз бір ғана жылқымыз, ләззат алатын асымыз — ет, сүйетін шәрбатымыз — қымыз... қызық көретініміз — өрістегі жылқымыз» деген Мұхаммед Хайдар Дулати атамыздың сөзі әлі күнге өзекті. Қазақ халқының жылқы малына қатысты ерекше ықыласы, еліміздегі орасан зор табиғи жайылымдар, жылқының қысы-жазы өрісте жайылып, өздігінен азықтануы және басқа факторлар ежелгі қазақ даласында жылқының көп өсірілуіне ықпал етті. Осы зор мүмкіндік әлі де өзекті.

Қазіргі Қазақстан аумағында өмір сүрген арғы бабаларымыз — көшпелі тайпалар адамзат тарихында ең алғаш жабайы жылқыны қолға үйретіп, оны міну көлігі ретінде де және оның өнімдерін маңызды тамақ ретінде де пайдаланғаны ғылыми айғақтармен дәлелденген дерек. Мысалы, Ботай қонысында археологтар жүргізген қазба жұмыстарының негізінде ДНҚ зерттеулері сүйектердің үй жылқысына тиесілі екенін, жылқы тісіндегі темір іздері жылқыға ауыздық салынғанын дәлелдесе, ыдыстардан табылған бие сүті жылқы байлап, қымыз ашытқанның бұлтартпас айғағы.

Археолог Виктор Зайберт бастаған халықаралық ғылыми қауымдастық жүргізген ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жылқының б.з.д. IV мыңжылдықта қазақ даласында қолға үйретілгені дәлелденді. Ғылыми қауымдастық құрамында зерттеу жүргізген жетекші ғалымдар: палеозоолог, профессор Шандор Бекени; жылқының тістеріндегі ауыздық іздерін анықтаған америкалық танымал ғалым Дэвид Энтони; жылқының сүйегінде қолға үйретілгенін дәлелдейтін морфологиялық белгілерге қатысты остеологиялық өзгерістерді айқындаған белгілі неміс ғалымы Фриш Бенекке; ыдыстардың сынығынан қымыздың нәлін тапқан атақты ағылшын ғалымы Алан Оутрам. Осылай ең алғаш жабайы жылқының қолға үйретілген жері қазақ даласы екені ғылыми танылды.

Ежелгі қазақ халқы үшін жылқы малы байлық өлшемі болғаны белгілі, осы тұрғыдан жылқы бүгінде әлемдік деңгейде бәсі жоғары, экономикалық маңызы зор мал ретінде танымал. Тарихқа үңілсек, ғалымдар Қазақстан аумағында жылқының негізінен үш түрлі бағытта өсірілгеніне мән береді: күнделікті мініске ыңғайлы әрі ет және сүт өнімдерін беретін шаруаға жайлы жылқы түрі, ұзақ жүруге шыдамды қазанат жылқы және сән-салтанаттың көркі арғымақтар мен тұлпар аттар. Дегенмен, бабаларымыз қолданылу мақсатына сай жылқыларды негізінен арғымақ, қазанат, қарабайыр деп жіктегені тарихтан мәлім. Біздің арғы бабаларымыз жылқыны қолға үйретіп қана қоймай, бұл малды ерекше қастерлеп, әдет-ғұрыптық рәсімдердің ажырамас бір бөлігіне айналдырғаны да көрегенділік. Ең бастысы, бабаларымыз жаңа жайылымдарды игеруге, сол арқылы тіршілік тынысын кеңейтіп, жаңа байлықтарға кенелуіне жағдай жасаған жылқы малын аса жоғары құрметтеп, жан серігі санаған.

Бірнеше табиғи аймақтар орналасқан қазіргі қазақ даласында жайылымды ұтымды пайдаланып, шаруашылықты көшпелі жүйе бойынша жүргізу барысында жылқыны пайдалану, әлбетте, көпқырлы болды. Осы орайда, әр өңірдің ерекшелігіне бейімделген, пайдалану мақсатына лайықты жылқы түрлерін өсіру өмір қажеттілігі еді. Қазақ даласында жылқылар жер сипатына орай Адай, Шекті, Алтай, Найман, Жетісу, Сауран, Іле деп аталған. Әрине, бұл қазақ жылқысының аймақтық түрлері.

Бабаларымыз жергілікті биелерді, көбіне, салт міністі бағыттағы асыл тұқымды таза қанды айғырлармен будандастыру тәжірибесін жиі қолданды. Тарихи деректерге сүйенсек, асыл тұқымды таза қанды айғырлар халық арасында «арғымақ» деп аталған. В. Фирсовтың /1895/ жазбасында «Қазанат – қазақы биелерді асыл тұқымды таза қанды айғырлармен шағылыстырудан алынған будан мал» деген дерек келтіреді. Қарабайыр жылқы арғымақтан түскен немесе қазанаттан алған будан жылқы екені деректерде жазылған. Дегенмен, жылқы жыл бойына жайылымда болатындықтан, қолайсыз кезеңдерде күтімді қажет ететін малға қосымша жемшөп беру кеңінен қолданысқа енбеді. Сонымен, тұқымаралық будандастыру қазақ жылқысының жергілікті жылқы топтарын түбегейлі тектік тұрғыдан өзгерте алмады. Тек түрікмен елімен шектес Маңғышлақ түбегінде адай жылқылары жәуміт және теке айғырларының ықпалынан дене бітімі жақсарып, салт мініс жылқысы ретінде қалыптасты, әрі жергілікті жағдайға бейімділігін сақтап қалды.

Қазақ даласында негізінен қазақы жабы жылқы кеңінен өсірілді. Жабы жылқысы жыл бойына жайылымда бағылып, қалың қар, көк тайғақ мұзда тебіндеп шығатын шаруаға қолайлы жергілікті жылқы. Абай атамыз «қар тепкенге қажымас қайран жылқы» деп айтатын жылқы осы жабы тұқымы. Жабы жылқысы мезгілінде тез ет алатын, оңайлықпен арымайтын, ыстық-суыққа және аштыққа төзімді мал. Осы жылқының мезетінде қажетті қоректі бойына жинай алатын, қолайсыз кезде жинақталған қорды үнемді жұмсап, қоңын түсірмейтін қасиеті халық селекциясының жасампаз жетістігі. Ұлы дала төсінде еркін өніп-өскен жабы жылқысы, бірден-бір, табиғаттың төл тумасы.

Қазақстанның орасан зор табиғи жайылымдары – жылқы өсіру үшін үлкен әлеует. Қазақстан аумағында 272,5 млн гектар жердің 184 млн га астамы жайылым алқаптары. Еліміздің ұлан ғайыр даласында бірнеше аймақтарда жатқан әр түрлі жайылымдар, негізінен, жылқы түлігін өсіруге өте қолайлы. Биологиялық жаратылысына орай жылқы түлігі басқа малдарға қарағанда еліміздегі табиғи жайылымда өсетін шөптесін өсімдіктердің басым көпшілігін, яғни 416 -дан астам түрін жей алады, мысалы, 91 түрлі жусанның 39 түрін, 181 түрлі сораңның 48 түрін пайдалана алады.

Елімізде жер бедеріне орай жайылымдардың 70 пайыздан астамы қуаң аймақтарда, оның ішінде 25 пайызы құмды жерлерде орналасқанын ескерсек, шалғай жатқан су көздерін тек аяқты мал жылқы түлігі еркін игере алатыны анық. Сонымен бірге, жақ сүйектері мен тіс ерекшеліктеріне орай жылқы малы шөпті тістеп жейтінін ескерсек, қуаң далаға тән жатаған шөптердің кәдеге жарауыда толық жүзеге асатыны анық. Осы жағдайлар шалғай жайылымдарды толық игерудің алғышарты. Осы тұрғыдан, жылқы шаруашылығын дамыту – әлі де игерілмей жатқан шөл және шөлейт аймақтардағы жайылымдарды ел игілігіне жаратудың тиімді, әрі төте жолы.

Қазақ даласындағы жылқы өсіруге қатысты мәліметтер, табиғи жайылымдардың молдығы, жылқының жайылым шөбімен қоректенетіні және ақ қар, көк мұзда тебіндеп жайылатын қабілетіне орай бұл түліктің қазақ даласында кең таралғанын айқындайды. Мысалы, қазақ даласында XIX ғасырда 20 миллионға жуық жылқы, ал 1880 жылдары Орынбор өңірінде ғана 1,8 млн жылқы, XX ғасырдың басында қазақ даласында 8 млн астам жылқы өсірілгені жайлы деректер кездеседі. Совет Одағы кезінде, ұжымдастыру науқаны басталған 1928 жылы қазақ елінде 4,5 млн астам жылқы болса, 1939 жылғы санақта осы жылқының 300 мыңы ғана қалғаны да тарихта танбаланған деректер.

Қазіргі уақытта, БҰҰ азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының мәліметі бойынша әлемде 57 млн астам жылқы бар, оның 10 млн астамы АҚШ мемлекетіне тиесілі. Жылқы өсіретін алдыңғы қатарлы елдердің қатарында көршіміз Қытай мен Моңғол елі бар. Соңғы жылдары Қазақстан мемлекеті де жылқы саны жағынан осы тізімдегі алғашқы ондыққа енді.

Байлық пен дәулетін жылқымен өлшеген, «жылқы малы көбейсе, елдің ырысы артады» деп сенген қазақ халқы үшін осы меже жылқы өсіру әлеуетінің орасан зор мүмкіндіктерін айғақтайды. Бүгінде, Алтай мен Еділдің, Арқа мен Алатаудың арасындағы ең даланың 88 млн астамы игерілмей жатқан табиғи жайылымдар. Сондықтан, жергілікті жердің жайылымына үйренген, климатына төзімді отандық жылқы тұқымдарының санын арттыру – бүгінгі таңда өте өзекті мәселе.

Ауыл шаруашылығы саласында еңбек өнімділігін арттыру және өнімнің өзіндік құнын арзандату жөніндегі мемлекеттік саясат аясында да жылқы шаруашылығын өркендетудің маңызы зор. Өйткені, жыл бойы жайылымда бағылып, күтімді аса қажет етпейтін төрт түліктің төресі де осы жылқы малы. Осы орайда, жылқы шаруашылығын дамытуға пәрмен беру барысында асыл тұқымды мал басын көбейтуді және олардың сапалы өнім беретін өнімділігін жетілдірудің өзегі асыл тұқымды мал басын өсіруді жүйелі арнаға тоғыстыру мемлекеттің басты назарында болғаны абзал. Ең бастысы, қара мал шаруашылығы сияқты жылқыны шеттен тасып, жерсіндірудің қажеті жоқ. Елімізде алуан түрлі табиғи аймақтардың климаты мен азық қорына бейімделген жергілікті жылқы тұқымдары және халқымыздың үйірлі жылқы өсіру тәжірибесін заман талабына орай, технологиялық тұрғыдан жаңғыртса жеткілікті. Оның үстіне, жылқы өсіру Ұлы дала төсіне жат үрдіс емес.

Мал шаруашылығында мал тұқымын асылдандыру мен оның өнім беру қабілетін арттыру, ең алдымен тұқымдық малды сапалық жағынан жетілдіру арқылы жүзеге асады. Мал асылдандыру жұмыстарының ең маңызды бөлігі – малды аталықтар бойынша өсіру. Өйткені, сұрыптау заңдылықтары бойынша шаруашылыққа қажет пайдалы белгілердің тұқым қуалау үрдісі негізінен аталық мал арқылы бекиді, яғни тектік әлеует аталық малдың сапасына тікелей тәуелді. Тұқым қуалау қабілетінің нығаюы да аталық малды іріктеп алуға байланысты. Айталық, ондаған, кейде жүздеген айғырдың ішінен тек біреуі таңдалып алынады. Осылайша, таңдаулы айғырлардың ұрпағы негізінде әуелі өнімі жоғары зауыттық аталықтар қалыптасады, тұқымдық қасиеттері жақсы жетілген аталықтардан зауыттық және тұқымішілік типтер түзіледі. Өндіріске қажетті пайдалы белгілері біркелкі қалыптасқан типтер негізінде жаңа тұқым қалыптасады.

Қазақ мемлекетінде арнайы «Мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» құрылған 1933 жылдан бері өнімді, яғни етті-сүтті бағыттағы жылқы шаруашылығында 66 селекциялық жетістіктер өндіріске енді. Осылай жылқының 3 жаңа тұқымы, 8 тұқымішілік типі, 10 зауыттық типі және 45 зауыттық аталықтар отандық жылқы шаруашылығының тектік қорын молайтты. Осы селекциялық жетістіктерге қомақты үлес қосқан «Қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» қызметкерлері. Өнімді бағыттағы жылқы шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің жалпы санының 53 пайызы осы ұйымның үлесіне тиесілі. Осы ретте, «Ақтөбе тәжірибе станциясы» қызметкерлерінің де еңбегі зор: олардың еншісінде 15 селекциялық жетістік бар, бұл жалпы жетістіктің 23 пайызын құрайды.

Совет Одағына дейін әлемдік тәжірибеде етті-сүтті бағыттағы арнайы мамандырылған жылқы тұқымдары болған емес. Көп елдерде негізінен салт мінітетін, желісті тұқымдар және ауыр жүк тартатын жылқылар өсірілді. Кей

мемлекеттерде, әсіресе Совет Одағы құрамындағы республикаларда, орман, дала және таулы жерлерге бейімделген жергілікті тұқымдар өсірілді.

Өткен ғасырдың 30-жылдары Совет Одағы жылқы шаруашылығын дамыту барысында Қазақстан аумағында табынды жылқы зауыттарын ұйымдастыра отырып, Совет Армиясының атты әскер бөлімдерін жұмыс жылқысымен қамтамасыз етуді ұйымдастырды.

Жаңадан құрылған табынды жылқы зауыттарында аналық топ жергілікті тұқымдардың ең таңдаулы биелерімен жасақталды. Дегенмен, жергілікті биелердің бойы аласалау, бітімі олқы болғандықтан, іріктеу барысында жарамсыз деп танылатын. Сондықтан, табынды жылқы зауыттарының аналық топтарын қалыптастыру үшін жақсартушы тұқым ретінде асыл тұқымды айғырларды пайдалану арқылы талапқа сай келетін будан аналықтар алу жолы таңдалды. Алғашында, орлов және орыс желісті тұқымдарының аталық айғырлары қолданылғанымен, туылған будан жылқылар атты әскерге лайық мініс атына сай талапқа толық сәйкес келмеді. Осыған байланысты, аналық топтарды таза қанды салт минетін айғырлармен және жартылай қанды будандармен шағылыстыру қолданылды.

Будандастыру тәжірибесі көрсеткендей, жылқыларды жайылымда бағу жағдайында жақсартушы тұқым қанының үлесі артқан сайын будандардың дене бітімі әлсіреп, далалық өрісте жайылуға бейімі мен төл беру қасиетінің төмендегені байқалды. Осы кемшіліктерді түзету мақсатында табынды жылқы зауыттарында дон тұқымының айғырларын қолдану жүзеге асты.

Күрделі қайтара будандастыру мен атты әскер талабына сай келетін жылқыларды қатаң сұрыптау және жарамды типтегі будандарды «өз төлінен» өсіру оң нәтиже берді. Будандар табын жағдайында еркін өсіп-жетіліп, жұмысқа қабілетті болып, дене бітімі мен сырт тұрпаты бойынша салт міністі және арбаға /әскери көлікке/ жегуге арналған зауыттық жылқыларға сәйкестігімен сипатталды.

Өткен ғасырдың 50 жылдары атты әскердің құрылым ретінде таратылуы жылқыны жұмыс малы ретінде пайдалану қажеттілігін азайтты да, жылқы шаруашылығында селекция бағыты өзгеріске ұшырады. Сонымен, ғалым-селекционерлердің алдына етті-сүтті бағыттағы мамандырылған жаңа тұқымдарды шығару және үйірлі жылқы шаруашылығын осы бағытта дамыту мақсаты қойылды.

Осы орайда, жаңа тұқымды шығару жұмыстары Орал және Ақтөбе өңірлеріндегі табынды жылқы зауыттарында жүргізіліп келген селекциялық жұмыстарды ары қарай жалғастырумен ұласты.

Орал өңіріндегі селекциялық жұмыстарды профессор Барминцев Ю.Н. және «Қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының» жылқы шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, ғылым кандидаты Борисов М.Н. ғылыми-әдістемелік тұрғыдан басқарды. Ақтөбе өңірінде осы бағыттағы жұмысқа «Ақтөбе ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясының» директоры, ғылым кандидаты Беляев А.И. және ғылым кандидаты Рзабаев С.С. жетекшілік етті.

Сонымен, сонау 1930 жылдардан басталған селекциялық жұмыстар 1963 жылы көшім жылқысының тұқымдық тобын апробациялаудан өткізумен қабысып жатты. Жаңа тұқымдық топтың жылқылары бойшаң әрі дене бітімі сымбатты, конституциясы мықты және жыл бойына жайылымда бағуға бейімді қасиеттерімен қатар тірілей салмағының жоғары болуымен ерекшеленді.

Жаңа тұқымдық топ жылқыларын жетілдіру жұмыстары 1976 жылдың 15 сәуірінде Қазақстанда өнімді бағыттағы жаңа жылқы тұқымын ресми

селекциялық жетістік ретінде танумен жалғасты, бұл әлемдік жылқы шаруашылығы тарихындағы айрықша күн болды. Өйткені, осы күні Совет Одағының Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығымен Қазақ Республикасында шығарылған жылқының жаңа «Көшім» тұқымы ресми түрде жаңа тұқым болып бекітілді. Сонымен, Көшім тұқымы – отандық әрі әлемдік зоотехникалық тәжірибеде алғаш рет етті-сүтті бағыттағы мамандырылған жылқы тұқымы ретінде танылды.

Апробациялау кезінде көшім жылқыларының жалпы саны 30,9 мың басқа жетті, оның 3,8 мың басы – асыл тұқымды саналып, асыл тұқымды биелер 1 322 басты құрады. Көшім тұқымының авторлары ретінде Борисов М.Н., Барминцев Ю.Н., Беляев А.И., Нұрғалиев А.Н., Губашев Б.И., Рзабаев С.С. танылды.

Селекциялық жетістік жоғары бағаланып, 1980 жылы оның авторлары «Көшім ет-сүт бағытындағы жаңа жылқы тұқымын шығару және халық шаруашылығына енгізу» тақырыбындағы көп жылғы зерттеу жұмыстары үшін Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының Ғылым және техника саласындағы мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Жаңа тұқымның апробациялау кезіндегі дене өлшемдері олардың аналық тегі жергілікті жабы жылқысынан едеуір артықшылығын айқындады. Мысалы, көшім тұқымының айғырларының орташа дене өлшемдері: шоқтығына дейінгі биіктігі – 160,1 см, тұрқының қиғаш ұзындығы – 160,9 см, кеуде орамы – 192,2 см, жіліншік орамы – 20,9 см, тірілей салмағы – 540 кг болса; биелерінде: шоқтығына дейінгі биіктігі – 154,1 см, тұрқының қиғаш ұзындығы – 156,8 см, кеуде орамы – 183,5 см, жіліншік орамы – 19,3 см және тірілей салмағы 492,0 кг тартты.

Көшім тұқымының басты артықшылығы, жоғары ет өнімділігі. Қазақстандағы жергілікті жылқылармен салыстырғанда бір центнерге дейінгі артық салмақ басады. Сонымен бірге, жас малдың жетілу қабілеті жоғары, сойыс шығымы орташа 54%, ал жекелеген мал топтарында 58%-ға дейін жетеді. Көшім жылқылары қуаң дала аймақтарының жыл бойғы жайылымына жақсы бейімделген.

Көшім тұқымында табиғи-климаттық жағдайға орай және мал өсіру жүйесінің айырмашылығына байланысты екі экологиялық (аймақтық) тип қалыптасты: Ақтөбе облысы аумағында «ақтөбелік экотип» және Батыс Қазақстан облысы аумағында «оралдық экотип».

Негізгі шаруашылыққа пайдалы белгілері бойынша көшім жылқылары біршама біркелкі. Дегенмен, жекелеген топтарда сырт тұрпаты, дене өлшемдері, тірі салмағы және тебіндеуге қабілеті бойынша айырмашылықтар байқалады. Осыған орай Көшім тұқымы негізгі, шомбал және салт міністі деп үш типке жіктеледі.

Негізгі тип жылқылары қазақ жылқысынан дарыған жайылымда бағуға төзімділігін зауыттық тұқымдарға тән ірілік пен сымбатты дене бітімі секілді құнды белгілермен сәтті ұштастырған. Бұл жылқылардың етті-сүтті өнімділігі жоғары және салт мінуге, арбаға жегуге жарамды.

Бұл типке тән басты белгілер: дене бітімінің ірілігі, конституциясының мықтылығы, бұлшық еттерінің жақсы дамуы және жыл бойы тебіндеп жайылуға төзімділігі.

Шомбал тип денесі ірі, тұрқы ұзын, көкірегі кең әрі кеудесі терең, етті пішіні айқын дамыған жылқылар. Үйір ұстаған «Марш» айғырының толысқан жасындағы тірі салмағы рекордтық 711 кг жетті. Шомбал типтегі жылқылар үйірде ұстауға және далалық қуаң аймақтың қатаң климатына төзімді және конституциясы тығыз.

Салт міністі типке жататын жылқылар негізгі және шомбал типпен салыстырғанда дене бітімі жинақы, сырт тұрпаты ықшамды келеді. Мұнда таза қанды салт міністі тұқым мен дон тұқымының белгілері көбірек байқалады, жүрісі мен аяқ алысы мініс аттарға тән ширақ. Бірақ, табындық жүйемен жыл бойы жайылымда бағуға бейімі бойынша алғашқы екі типтен осалдау.

Салт міністі типтегі жылқылар, көбіне, жаппай ат спорты түрлеріне, ұлттық ойындар мен салт мінуге қолданылады. Салт міністі жылқы тобы күнделікті және ұзақ жүрістерге төзімді, тәулігіне 276-300 км қашықтықты еркін еңсере алады. Мысалы, 100 км қашықтыққа жіберілген атжарысында рекордтық уақыт 4 сағат 11 минут болған. Көкшетау-Ақтөбе бағыты бойынша 21 күндік атжарыста 1 360 км жол жүріп, жұмысқа қабілетін сақтап, төзімділік танытқан.

Көшім тұқымын жетілдіру жұмыстары зауыттық аталықіз негізінде «таза тұқым өсіру» әдісі бойынша жүргізілуде. Соңғы жылдары отандық ғалым-селекционерлердің үйлестіруімен көшім тұқымының «Жанақала», «Мамыр-Ақтөбе» және «Жәнібек» тұқымішілік типтері апробацияланды.

Республикамызда қалыптасқан ауыл шаруашылығы жануарларын аудандастыру жоспарына сәйкес көшім жылқысын өсірумен негізінен Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының мал шаруашылықтары айналысады. Соңғы жылдары, тұқымның таралу аймағы кеңейді: бүгінде оны Атырау, Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Алматы мен Жетісу облыстарының шаруашылық құрылымдары өсіре бастады.

Өкінішке орай, республикамызда орын алған жекешелендіру науқаны кезінде көшім жылқыларының саны күрт төмендеді. Статистика деректері бойынша 1990 жылғы 1 қаңтарда республикадағы шаруашылықтардың барлық санатында көшім тұқымының 56 844 бас жылқысы болған, оның ішінде 9 679 таза тұқымды, ал таза тұқымды биелер 3 162 бас еді. Ал бүгінгі күні Республикалық асыл тұқымды мал тізілімінде 2025 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша 7 045 көшім жылқысы тіркелген, оның ішінде биелер 4 992 бас. Яғни, тұқым саны бұрынғы деңгеймен салыстырғанда 8 есеге азайған. Дегенмен, саны қысқарса да, тұқымның өсірілетін аумағы едәуір кеңейді: бұрын батыста екі облыста ғана өсірілсе, қазір республикадағы сегіз әкімшілік облыстың шаруашылық құрылымдарында таралған. Бұл — оның танымалдығына және сұранысқа ие екеніне айқын дәлел.

Осы тұста, айта кететін жайт сонау 1931 жылдардан бастау алған табынды жылқы зауыттары жүйесімен жүргізілген селекциялық жұмыстардың бір тармағы Ақтөбе өңірінде «№52 Ембі табынды жылқы зауыты» негізінде басқа бағытта өрбіді. Зауыттық жылқыларды өсіру аясындағы селекциялық жұмыстардың осы тармағы жылқыларды «өз төлінен» таза өсіру әдісімен жүргізіліп, 1998 жылы қазақы жабы жылқысының негізінде жетілдірілген жаңа «Мұғалжар» тұқымын апробациялаумен аяқталды.

Бұл тұқымның 25 жылдық мерейтойы 2023 жылы Ақтөбе өңірінде «Мұғалжар жылқы зауыты» шаруашылығының базасында арнайы Республикалық ғылыми-өндірістік конференция форматында аталып өтті. Ал, 2025 жылы 10 шілде күні БҰҰ жаңадан қабылдаған «Дүниежүзілік жылқы күні» мерекесі алғаш рет «Мұғалжар жылқы зауыты» шаруашылығының базасында шетелдік ғалымдардың қатысуымен республикалық ғылыми-өндірістік конференция түрінде аталып өтті.

Соңғы жылдары Қазақстанда жылқы шаруашылығы қайта жанданып, жылқының саны артып, бүгінде 5 миллион басқа жуықтады. Жылқы

өнімдерінің (жылқы еті, қымыз, саумал, ұлттық деликатестер: қазы, карта, жал, жая, шұжық және т.б.) өндірісі мен сатылымы да артып келеді. Саумал-терапия мен иппотерапияға қызығушылық күшейіп, ат туризмі мен атқа салт міну қызметтері де дамуда. Ұлттық ат спорты ойындарына, тәуліктік атжарыстарына және ұзақ марафондарға халықтың қызығушылығы жыл сайын артуда.

Соңғы жылдары салт міністі жылқы тұқымдарын ипподромда дайындау үрдісі қайта жандана бастады, колтума сәйгүліктердің халықаралық деңгейдегі беделді атжарыстарына қатысуы жиіледі. Ат спорты мектептері мен секцияларының жұмыс жасауы қолға алынып, классикалық ат спорты түрлеріне шабандоздар даярлануда. Сондай-ақ, иппотерапия бағыты – церебралды сал, аутизм және невроз сырқаттары бар балаларды оңалтуға арналған әдіс ретінде кең таралып келеді. Қысқасы, республикада жылқы шаруашылығын әртүрлі бағытта қарқынды дамытуға барлық алғышарттар қамтылған.

Дегенмен, елімізде қамбар ата тұқымы бес миллионға жуықтаса да, шалғай шетел Латын Америкасы және Монғол еліннен жылқы етінің тасымалданатыны қынжылтады. Әлбетте, шөптің шүйгінін жеп, судың тұнығын ішкен өзіміздің жылқының еті дәмді, ал сүтінің шипалы екені ғылыми дәлелденген. Осы орайда, жылқы етінің адам ағзасына сіңімділігі, 17 түрлі ауруға ем болатыны және жайылымда семірген мал етінің экологиялық таза екені ескеріліп, халқымыздың тамақтану үрдісінде жылқы етінің үлесін арттыру соңғы кезде мемлекет тарапынан қолдау тапқаны жылқы шаруашылығы саласының дамуына серпін беретіні анық. Үкімет пәрменімен жылқы етінің «әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізіміне» енуі, мемлекет қамқорындағы балабақша, мектеп, сауықтыру орындары және әскери қоғамның тамақтану рациондарында жылқы етінің қолданылуы денсаулыққа ықпал етумен қатар, жылқы етінің нарықтағы үлесінің артуына ықпал етеді.

Осы орайда, еліміздегі жылқы етінен өндірілетін өнімдердің әлемдік ет нарығындағы бәсекелестік бәсі де жоғары. Өйткені, алуан түрлі аймақтарда табиғи жайылымдарда тек экологиялық таза өнім өндіріледі және мамандырылған тұқымдардан алынатын өнімнің қоректік құнарлығы да сапалы. Сонымен бірге, адамдардың заманауи тамақтану үдесіне сай жеңіл қорытылатын әрі сіңімді жылқы етінің қасиеті жылқы өнімдерінің сапалық кепілі. Бүгінгі таңда, өнімді бағытта мамандырылған жылқы тұқымы тек Қазақстанда өсіріледі, бұл өндірісті дамыту тұрғысынан артықшылық. Осы факторлар қоректік құнарлығымен ерекшеленетін жылқы етін өндірудің алғышарттары.

Заманауи талапқа сай, алдағы уақытта ғылым мен өндіріс алдында сапалық тұрғыдан жаңа сатыға көтерілу, яғни «мәрмәр» жылқы етін өндірудің тиімді жолын қалыптастыру өзекті мәселе болмақ. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін мамандырылған жылқы тұқымдарынан алынатын және жылқы етін өндіретін әртүрлі технологиялық әдістер ескерілген, қосымша құны жоғары, терең өңделген жылқы өнімдеріне арналған мемлекеттік стандарттарды / ГОСТ/ әзірлеу өзекті. Экологиялық таза, қуаты мен қоректілігі құнды, терең өңделген жылқы етінің стандартты ассортиментін қалыптастыру саланың тиімділігі мен тұтынушылардың сұранысын арттырып, өнімдердің экспортқа шығару әлеуетін ұлғайтуды ынталандыра түседі.

Әрине, нарыққа жылқы етінің өнімдерін жыл бойына тұрақты ұсыну үшін арнайы жылқы бордақылайтын жүйенің қалыптасуы шарт, сонда ғана далада жайылып жүрген малды мезгілінде бордақылауға қойып, олардан сапалы ет өнімін алуға болады. Жүзеге асырылатын осы қарапайым шаруалар нарық

талабы аясында шектеліп қалмай, мемлекет тарапынан пәрменді қолдау тапса ғана, жылқы етінің артықшылықтарды ел игілігіне айналады.

Бие сүтінің ана сүтін алмастыра алатын қасиеті мен қымыздың жанға дәру шипасы осы өнімдерді балаларды жастайынан тамақтандыру үрдісінде қарқынды пайдалану және жалпы адам денсаулығын сауықтыру мақсатында кеңінен қолдану мүмкіндіктері биеден өндірілетін сүт өнімдерінің нарығын дамытудың алғышарты. Ғылыми тұрғыдан елімізде бие сүтінен өндірілетін өнімдер мен қымыз дайындау технологиялары жақсы дамыған, тек осы әзірлемелер негізінде өндірілген өнімдер ассортиментін тұтынудың аясын кеңейту шаралары мен олардың нарық сөресінде тұрақты түрде сатылуы шешімін тапса, осы бағыт та жылқы саласының кешенді дамуына қосымша демеу болады.

Осылайша жылқыдан алатын өнімдерді мемлекеттік көзқарас аясында кешенді жүйемен дамытса, жылқы саласынан түсетін табыстар еселеп артып, жылқыжылыжылқышаруашылығының қарқынды дамуына серпін беріледі.

Жылқы шаруашылығын жандандыру бағытында сүтті немесе етті өнімділігі бойынша мамандырылған тұқымдарды заманауи генетикалық әдістер арқылы көбейту саланы дамытуды жеделдетудің алғышарты. Бүгінгі таңда, генетикалық ізденістер малдың шығу тегін анықтаумен шектеліп тұр. Әлемдік тәжірибеде, етті және сүтті бағыттағы сиыр мен қой малының ет және сүт өнімділігін тектік деңгейде айқындайтын гендер тобы анықталып, оларды селекциялық үрдісте қолдану іске асырылуда. Өнімді бағыттағы жылқы шаруашылығы тек Қазақстанға тән болғандықтан, бұл мәселеге әлемдік ғалымдар тарапынан назар аударылмады. Осы орайда, «Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми зерттеу институты» ғалымдары еті мол және сүттілігі жоғары жылқыларды іріктеу мақсатында осы белгілерге жауапты гендерді зерттеуді, яғни геномдық селекция әдістерін өндіріске енгізуге ден қойды. Институт базасында жұмыс жасайтын аккредитациядан өткен ғылыми зертхана ISAG (Халықаралық жануарлар генетикасы қоғамы) ұйымының жылқы бағыты бойынша генетикалық зерттеулерді жүргізуге өкілеттілігін растайтын куәлігіне ие және ISBC (Халықаралық асыл тұқымды мал комитеті) ұйымының тізіміне енген.

Осы бағыттағы ғылыми әзірлемелер өндіріске жетсе, ет және сүт өнімі жоғары малдарды жауапты гендердің негізінде ерте жастан іріктеп, шаруаға қажет малдардың өсіп-өну қарқынын жеделтуге серпін берілер еді. Геномдық селекция жылқылардың тектік тұрғыда тез жақсаруына және ұрпақ аралық кезеңнің қысқаруына ықпал етеді, сондықтан жылқының тұқымдық сапасының артуына кепіл беретін заманауи төте тәсіл. Әрине, мал басын көбейтудегі факторлардың бірі мал ауруының алдын алу шаралары. Осы орайда, Институт ғалымдары әлемде жылқы тұқымдарында кең таралған тұқым қуалайтын генетикалық ауруларды зерттей отырып, қазақ жылқыларында мұндай қауіптің бар жоғын анықтау мақсатында SNP-генотиптеу әдісі бойынша зерттеулерді жүргізуде.

Мемлекеттік тұрғыдан жылқы шаруашылығын тек өнімді бағытта ғана емес, әр түрлі бағытта дамыту орынды. Көпшілік тарапынан қызығушылыққа ие бағыттардың бірі бәйге, атжарыс және жорық. «Адай» жылқысын әлемге таныту атты Президенттің тапсырмасына орай 2023 жылы халық селекциясының жарқын көрінісі адай жылқысы ғылыми тұрғыдан дербес тұқым ретінде рәсімделгені белгілі. Осы орайда, Қазақстандағы салт міністі Қостанай және Адай тұқымдарының танымалдығын арттыру мақсатында геномдық селекция ізденістері осы тұқымдардың жетістігін жетілдіруге ықпал ететіні анық. Институт ғалымдары осы бағытта жылқылардың әртүрлі қашықтыққа жүгіру қабілеттерін анықтау мақсатында MSTN

генінің генотиптерін зерттеуді бастады. Зерттеу нәтижесінде жауапты гендер бойынша генетикалық панель құрастырылып, ерте жастан қысқа қашықтыққа, бәйгеге қабілетті және жорыққа төзімді жылқыларды іріктеу жұмысын геномдық селекция әдісімен жеделдету жүзеге асырылады.

Жылқы шаруашылығының орнықты дамуы, әлбетте, заманауи ақпараттық жүйелердің жұмыс атқару әлеуетіне, яғни мал асылдандыру үрдісінің жүйелі болуына, асыл тұқымды мал басының шынайы есебін жүргізуді цифрлік негізде автоматтандыруға байланысты, сонымен қатар жылқылардың асыл тұқымдық құндылығын заманауи индекстік әдіс негізінде бағалау жылқыларды кешенді бағалаудың сапалық деңгейін арттыра түсетіні өзекті мәселе. Осы мәселелер «Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми зерттеу институты» ғалымдары тарапынан зерделеніп, жылқыларды кешенді бағалаудың индекстік әдістері сынақтан өтуде.

Қорытындылай келе, жоғарыда аталып өткен жылқы шаруашылығына қатысты барлық шараларда: жылқы өнімдерінің өндірісі, спорттық және сауықтыру бағыттары бойынша Көшім жылқысының әмбебап тұқым ретінде атқаратын рөлі де, орны да ерекше. Осы орайда, биылғы жылқы жылына орай келген көшім тұқымының 50 жылдық мерей тойы тарихи маңызы бар күн. «Өнімді және әмбебап бағыттағы жылқы тұқымдары жөніндегі Республикалық палата» мен «Қазақстан Республикасының Ат спорты федерациясы», ғылыми ұйымдар және көшім тұқымын өсіруші жылқышылар қауымы үшін бұл тарихи маңызы бар айрықша мерейтой. Осы тұрғыда, әлемдік тәжірибеде алғаш рет етті-сүтті бағытта мамандырылған жаңа тұқым ретінде Көшім жылқысының қалыптасуы мен даму тарихы, оның жылқы шаруашылығы саласында алатын маңызды орны жан-жақты талданып, өскелең жастарға таныстырылса, олардың аға буын ғалымдар мен тәжірибелі жылқышылардың қажырлы еңбектеріне құрметпен қарап, мақтаныш тұтып, жылқыға деген сүйіспеншілігін жандандыратын анық.

Осы орайда, Қызылжар қаласына кіре берісте жылқының алғаш қазақ даласында қолға үйретілгенін айғақтайтын «Ботай» ескерткіші бой көтерсе, енді жылқы жылы әлемдік тәжірибеде алғаш рет өнімді етті-сүтті бағытта мамандырылған тұқым ретінде танылған көшім тұқымына Орал өңірі жұртшылығының қалауы бойынша арнайы «Асыл тұқымды көшім жылқысы» деген ескерткіш орнатылса, еліміздің жылқыға деген құрметінің тағы бір айғағы болар еді.

«Жылқы малы көбейсе, елдің ырысы артады» деген қазақ ұғымына сүйенсек, елімізде жергілікті қазақы жабы жылқысының негізінде етті-сүтті бағытта қалыптасқан мамандырылған жылқылар «Көшім» мен «Мұғалжар» тұқымдарын барынша қарқынды өсіруге және Қостанай мен Адай тұқымдарының өнімді бағыттағы тармақтарын дамытуға пәрмен берілсе, жылқы шаруашылығының әлеуеті артып, ел игілігіне қосар үлесі қомақты бола түседі.

Биылғы жылқы жылы «2026-2030 жылдарға арналған мал шаруашылығын кешенді дамыту» бағдарламасы аясында бабалар қадір тұтқан түліктің бағы жанатын игілікті істерге демеу болып, игерілмеген жайылымдардың сай-саласы, қолтық-қонышы жылқы үйірлерімен толып, қала мен елді мекендер маңы сөтерлеп мініс аттарды дәріптейтін спорттық дүрмекке толса, жылқының бағы жанып, ұпайы түгелденер еді.

Жылқы жылы күнтізбелік мереке емес, қазақ елі үшін тұтас өмір философиясы ретінде қызу тірліктің, батыл қадамдардың, сенімнің және биік рухтың символы ретінде мағыналық маңызы зор өзгерістерге толы, жаңа бастамаларға жол ашатын жыл болсын!

Жылқы жылы табысты болсын!



Ғылым күні

ҰШАР ҚАНАТҚА – ДҮНИЕ КЕҢ...

12 сәуір – Ғылым қызметкерлері күніне орай назарларыңызға Маржан Нұрланқызы Тұрсынғалимен болған эксклюзивті сұхбатты ұсынамыз. Отандық ғылымның жаңа толқынының жарқын өкілі, небәрі 27 жасында диссертациясын сәтті қорғап, PhD докторы дәрежесін иеленген болашағынан үлкен үміт күттіретін жас ғалым. Оның білім жолы нағыз ұрпақ сабақтастығының үлгісі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қабырғасында бакалавриат, магистратура және докторантура сатыларын Гидрология білім беру бағдарламасы бойынша үздіксіз әрі жемісті тәмамдаған.

PhD докторы ғылыми дәрежесін алған жас ғалымның бұл жолы оның ғылымға деген адалдығы мен терең ізденімпаздығының айқын дәлелі. Бұл сұхбатта біз ғылымға келудің алғашқы қадамдарынан бастап, докторантураның қиындықтары, зерттеудің практикалық маңызы және ғалымның қоғам алдындағы жауапкершілігін айшықтай кетуді жөн көрдік.

– Қай кезеңде сіз гидрология саласында білім алып, ғылыми жолды жалғастыру туралы нақты шешім қабылдадыңыз?

2016 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті география және табиғатты пайдалану факультетіне түсуді жоспарлап, мамандық тандау бойынша кеңес алып, техникалық және гуманитарлық бағыттарды ұштастыратын саланы іздедім. Сол тұста «Гидрология» мамандығы ұсынылып, бұл сала су объектілерін зерттеумен ғана шектелмей, өлшеу, талдау, модельдеу және басқару шешімдерін ғылыми негіздеумен байланысты екені түсіндірілді.

Ал ғылым жолын тандауыма бакалавриаттағы алғашқы далалық тәжірибелерге қатысу, өзен жүйесін теориялық тұрғыда ғана емес, нақты кеңістікте түсіну ықпал етті. Уақыт өте келе гидрологияның әлеуетін, оның су қауіпсіздігі, табиғи қауіп-қатерлер, антропогендік жүктеменін



күшеюі, климаттық өзгерістер сияқты мәселелердің түйінін шешудегі ролін айқын сезіндім. Сол себепті бакалавриаттан кейін магистратурада, одан әрі докторантурада осы бағытта үздіксіз білім алып, тандалған зерттеу тақырыбын тереңдетуді мақсат етіп қойдым.

– Докторантураны жоспарланған мерзімде сәтті аяқтауыңызға қандай себептер ықпал етті?

– Докторантураны жоспарланған мерзімде аяқтауыма бірнеше жүйелі факторлар әсер етті.

Біріншіден, бекітілген жеке оқу жоспарына сай білікті отандық ғылыми жетекшімен тұрақты жұмыс — нәтиженің негізгі өзегі болды. Зерттеу жоспары алғашқы күндерден-ақ нақты міндеттерге бөлініп, семестрлік аттестаттау талаптарының уақытылы орындалуына себепші болды. Әр кезеңнің нәтижесін алдын ала бекітіп отыру (мәліметтерді жинау, өңдеу, талдау, интерпретациялау, ғылыми мәтінді қалыптастыру) уақытылы қорғауға жол ашты.

Екіншіден, мен докторантураға бакалавриат пен магистратурада қалыптасқан ғылыми «іргетаспен» келдім деуіме болады: әдіснамалық түсінік, мәліметтермен жұмыс істеу қағидаттары, ғылыми мәтін жазу тәжірибесі орныққан болатын.

Үшіншіден, кафедра мен факультет тарапынан ұйымдастырушылық-академиялық қолдау да маңызды болды: ғылыми семинарлар, талқылаулар, кеңес беру және рәсімдеу процестерінің реттілігі уақытты жоғалтпай, жұмысты бір арнада ұстауға көмектесті.

Нәтижесінде докторантурада білім алудың аяқталған жылында (2025 ж.) диссертациялық жұмысты сәтті қорғап, PhD дәрежесін алдым.

– Ғылыми зерттеу жүргізу барысында сіз үшін ең көп қиындық тудырған факторлар қандай болды?

Ең көп қиындық туғызғаны — зерттеу объектісінің күрделілігіне сай сапалы бастапқы мәліметтерді табу және оларды біріздендіру болды. Іле Алатауының кіші таулы өзендерін (Қаскелең, Ақсай, Қарғалы, Үлкен Алматы, Кіші Алматы, Талғар, Есік, Түрген) қашықтықтан зондтау мәліметтері арқылы талдау зерттеу міндеттерінің бірі ретінде қойылған болатын. Мұндай өзендердің арнасы тар әрі терең, динамикасы жоғары, ал қалалық аумақтарға жақындаған сайын ондағы антропогендік жүктеме күшейе түседі. Сондықтан арнаның морфологиялық өзгерістерін сипаттауға мүмкіндік беретін кеңістіктік кескінделу мүмкіндігі жоғары суреттерді таңдау, бұлттылық/түсіру бұрышы және т.б. факторларды есепке ала отырып өңдеу біршама уақытты талап етті.

Философия докторы дәрежесіне іздену жолында кездескен қиындықтардың барлығы мен үшін уақытша сипатқа ие кедергілер болды деп айтар едім. Себебі ғылыми зерттеу — дайын жол емес, ізденіс барысында біртіндеп айқындалатын бағыт. Кей сәттерде мәліметтерге қол жеткізу немесе оны өңдеу жоспарланған уақыттан ұзаққа созылса да, мақсатты нақты сақтап, жүйелі түрде әрекет еткен кезде кез келген түйіннің шешімі табылады: бірде қосымша мәлімет көздеріне қол жеткізу мүмкін болады, бірде өңдеу тәсілі оңтайланады, кейде мәселені басқа қырынан қарау жана мүмкіндікке жол ашады. Сондықтан ең маңыздысы — ғылыми тежеліске бой алдырмай, тұрақты еңбек пен табандылықты сақтап, әр кедергіні оң тәжірибе ретінде қабылдай білу.

– Диссертациялық жұмысыңызда зерттеген тақырыптың қазіргі таңдағы ғылыми және практикалық маңызы неде?

Диссертациялық жұмыс «Іле Алатауы өзендерінің эрозиялық-арналық жүйелеріне қоршаған орта өзгерістерінің ықпалын зерттеу» тақырыбында орындалды. Бұл жұмыстың өзектілігі – зерттелген өзендердің бір бөлігі қалалық және қала маңындағы аумақтар арқылы ағып өтетіндігімен байланысты. Қалалық аумақтардың алып жатқан аудандарының кеңеюі барысында арна мен жайылманың табиғи режимі өзгеріп, жағалауларды бекіту, арналарды қалыптандыру, су әкету және кәріз жүйелерін орнату сияқты шешімдерде ғылыми негізделген нәтижелер аса қажет болады.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, эрозиялық-арналық жүйелердің уақыт пен кеңістік бойынша трансформациясын ГАЖ және қашықтықтан зондтау мәліметтері негізінде бағалау – гидрология саласы үшін қазіргі таңдағы маңызды бағыттардың бірі. Практикалық тұрғыдан алғанда, арналық өзгерістерді түсіну мен болжау қалалық аумақтардың қауіпсіз дамуына, су ресурстарын тиімді пайдалану мен басқаруға, табиғи қауіп-қатерлерге (жағалау эрозиясы, арна тұрақсыздығы, су тасқыны қаупі) бейімделуге нақты негіз береді.

– PhD докторантурасы сізге кәсіби жағынан ғана емес, тұлға ретінде бойыңызда қандай қасиеттерді қалыптастырды?

Бұл академиялық кезең мені ең алдымен тәртіпке, табандылыққа және қол жеткізілген әрбір нәтижеге жауапкершілікті алуға үйретті. Ғылыми жұмыс – ұзақ қашықтыққа бағытталған марафон сияқты: кейде нәтиже бірден көрінбейді, бірақ тұрақты еңбек етуді қажет етеді.

Тұлғалық тұрғыда менде шыдамдылық, сынды қабылдай білу және мұндай кері байланысты жаңа мүмкіндіктің көзі ретінде көру, уақытты басқару және оны ұтымды пайдалануға басымдық қою, әр сәтсіздікті тәжірибе ретінде қабылдап, қайта әрекет ету сияқты қасиеттер күшейді. Ең бастысы – ғылыми дәлділік пен академиялық адалдықты ішкі қағида ретінде ұстану қалыптасты.

– Ғылыми зерттеу барысында туындаған күтпеген нәтижелер немесе сәтсіздіктерді қалай шештіңіз?

Түрлі сәтсіздіктер мен теріс нәтижелерге тап болған сәттерде, мен оларды «қателік» ретінде емес, зерттеу барысындағы маңызды белгі ретінде қабылдадым: мәселе бастапқы мәліметтерде ме, әлде таңдалған әдісте ме?

Іс жүзінде мұндай мәселелерді шешуге келесі қадамдар көмектесті: алдымен ғылыми жетекшімен қалыптасқан жағдайды жан-жақты талқылап, ықтимал себептерді нақтылау; бастапқы мәліметтерді қайта тексеру (сапасы, толықтығы, уақыттық сәйкестігі, өлшем бірліктері мен кеңістіктік дәлділігі); қажет болған жағдайда, параметрлерді түзетіп, балама әдістерді сынау арқылы нәтижені салыстыру. Сонымен бірге, зерттеу қарқынын бәсеңдетіп алмау үшін, жұмысты мүлде тоқтатпай, диссертацияның басқа міндеттеріне фокусты уақытша ауыстыру да тиімді болды: бұл уақытты ұтымды пайдалануға, әрі мәселеге кейін жаңа көзқараспен қайта оралуға мүмкіндік берді.

– Қазіргі ғылыми ортада жас зерттеушілерге қандай қасиеттер мен ұстанымдар қажет деп санайсыз?

Қазіргі ғылыми ортада жас зерттеушіге ең қерегі сындарлы ойлау және зерттеу мәдениетін сақтау деп санаймын. Меніңше, келесі қағидаттар маңызға ие: нақты мәліметтерге сүйену, академиялық адалдық, әдісна-

малық сауаттылық (әр әдістің мүмкіндігі мен шектеуін түсіну), сандық технологияларды өз саласына бейімдей отырып меңгеру, ғылыми коммуникация (нәтижені түсінікті жеткізе білу), табандылық (мақаланың қайтарылуы, мәліметтердің жетіспеуі — ғылымдағы қалыпты жағдай). Ұстаным ретінде «күн сайын аз да болса алға жылжу» стратегиясын ұсынар едім.

— Ғалым адамның қоғам алдындағы моральдық жауапкершілігі қай жерден басталады деп ойлайсыз?

Ғалымның моральдық жауапкершілігі шындыққа адалдықтан басталады: мәліметтерді бұрмаламау, нәтижені қолдан жақсартпау, белгісіздік пен шектеулерді жасырмау. Өйткені ғылыми қорытындылар қоғамдағы шешімдерге әсер етеді: жоспарлау, қауіпсіздік, инфрақұрылым, экология, ресурстарды басқару және т.б.

Әсіресе гидрология саласында ғылыми пікірдің салмағы жоғары. Сондықтан ғалым қоғамға дәлелді, түсінікті, жауапты мәліметті ұсынуы тиіс деп санаймын.

— Ғылым жолына енді келген жас зерттеушілер жиі жіберетін қателік қандай?

Жиі кездесетін қателіктердің бірнешеуін атауға болады: тақырыпты тым кең алу — мақсат бұлыңғырланып, шашыраңқы нәтижеге қол жеткізу ықтималдығы жоғары; әдісті мақсаттан бұрын таңдау — «мынадай тәсіл бар екен» деп, зерттеу логикасын соған икемдеу; бастапқы мәлімет сапасын бағаламау — сапасыз мәлімет ең мықты әдісті де әлсіретеді; уақытты жоспарламау — әсіресе ғылыми жарияланым мерзімін ескермей қалдыру; кері байланысты елемей немесе керісінше, сыннан қорқып тоқтап қалу.

Бұл қателіктерге бой алдыру қалыпты құбылыс, бірақ ерте түзетсе — ғылыми жол әлдеқайда жеңіл әрі тиімді болады.

— Гидрология саласына енді қадам басып жатқан студенттер мен жас мамандарға қандай кәсіби және академиялық кеңес берер едіңіз?

Ең алдымен «ғылыми-теориялық іргетасты» берік қылуды ұсынар едім: гидрология саласындағы негізгі ұғымдар, қағидаттар — кейінгі барлық тақырыптық жұмыстардың тірегі.

Екіншіден, мәліметтермен жұмыс істеу мәдениетін ерте қалыптастыру: өлшеу мен мәлімет сапасы, кеңістіктік мәліметтердің дәлділігі, қателік көздері мен белгісіздікті бағалау — кәсібиліктің басты өлшемі.

Үшіншіден, сандық технологияларды игеру: ГАЖ, кашықтықтан зондтау, мәліметтерді өңдеуді автоматтандыру. Бұл ғылымға қадам басушының мүмкіндігін кеңейтеді әрі еңбек нарығында да, ғылымда да бәсекеге қабілетті етеді.

Төртіншіден, ғылыми жазуды дамыту: ойды жүйелеу, дәлелді мәтін құру, нәтижені түсінікті беру — нағыз зерттеушінің маңызды дағдысы.

Соңында: гидрология — қоғамға тікелей қызмет ететін сала. Су қауіпсіздігі, табиғи қауіп-қатерлер мен тұрақты даму мәселелерінде сіздің біліміңіз нақты шешімдерге әсер етеді. Сондықтан қызығушылықпен бірге жауапкершілікті қатар ұстауды кеңес беремін.

— Тұшымды жауаптарыңыз үшін рахмет!

Сұхбатты жүргізген:

Диана ЕРЛАН,

География және табиғатты пайдалану факультетінің студенттік ғылыми қоғамының төрайымы



«Жұлдыздың» шеберлік мектебі

«Жұлдыздың» шеберлік мектебінің» осы айдағы дәрісін француз жазушысы, Нобель сыйлығының 1952 жылғы лауреаты Франсуа Мориак жүргізеді.

ФРАНСУА МОРИАК

ЖАЗУШЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КЕЙІПКЕРЛЕРІ

Жазушылардың басты қасиеті — кішіпейілдік деп айта алмайсың. Тіптен олар Жаратушы деген аттан дәмеленеді. Жаратушы! Құдай-тағаланың өзімен бәсекелес!

Іс жүзінде, кәдімгі маймылдар сияқты.

Шығармашылықты жоқтан бар жасау десек, өздері ойлап тапқан кейіпкерлерін олар жаратқан жоқ. Біз жараттық деп масаттанып жүргеніміздің бәрі күнделікті болмыстан алған элементтерден тұрады; басқаларды бақылау арқылы түсініп-түйгеніміз бен өз-өзіміз туралы азды-көпті білгенімізді жымын білдірмей киюластырып жібереміз. Романның кейіпкерлері жазушы мен болмыстың некелесуінен өмірге келеді.

Осы некенің жемісі ретінде өмірге келген шығармадағы жазушыға тән нәрселер мен болмыстан алынған жәйттердің ара-жігін ажырату қиынға түседі. Бұл орайда әр жазушы өзі туралы ғана айта алады, сондықтан менің де ортаға салғалы тұрған ойларым өзіме ғана қатысты.

Бұл жерде біз тасасына жасырынған адамның кім екені ап-анық көрініп тұрған селдір бетперде бүркеніп, өзі жазған кітаптарының жалғыз-ақ бас кейіпкері болып жүрген жазушыларды қозғамаймыз, бұл түсінікті шығар. Шынтуайттап келгенде, әр жазушы өзінің мөлдіреген жан дүниесін сипаттап, метафизикалық немесе ғашықтық тұрғыдағы ерліктерін айтудан бастайды (бірақ көбінесе алғашқы тәжірибесі жайында жұмған аузын ашпайды). Он сегіз жасар жас жігіт өмір туралы не білсе соны яғни өзінің арман-қиялы мен көзіне елестегенді ғана жазады. Жұмыртқадан жаңа шыққан балапан жұмыртқаның қабығынан басқа не туралы жазатын еді. Ондайлардың өзгелерді бақылауға қолы тимейді, өзінен басқаларға назар аударуға уақыты жоқ. Тек өз-өзімізден алшақтауды қолға алған кезде ғана бойымызда жазушы қалыптаса бастайды.

Өз өмірінен алынған оқиғаларды ғана сипаттайтын жазушыларды қоя тұрайық, бірақ айналадағы ортаны бақылаудың нәтижесіне сүйеніп, типтік кейіпкерлердің көшірмесін жасайтын, сөйтіп шындыққа азды-көпті ұқсастығы бар бейнелерді өмірге әкелетін жазушыларды да

карастырмаймыз. Бұл менің тікелей Лабрюйерден (Жан де Лабрюйер, 1645-1696 жж.. өмір сүрген француз жазушысы, апсихолог, моралист — аудармашы) және француздың ұлы моралистерінен басталатын романның бұл түрі құрметтеуге лайықсыз дегенім емес. Алайда бұл жазушылар — мемуаршылар мен портретшілер — батылырақ айтсақ, жана нәрсе жасамайды; олар көшіріп алады немесе қалпына келтіреді, Лабрюйер айтқандай, халықтан нені алса соны қайтарып береді; олардың кім екенін оқырмандар да біледі: кейіпкерлердің қайсысы кімнің көшірмесі екенін анықтауға тырысып, әрқайсысына ат қойып алады.

Романның біз тілге тиек еткелі тұрған түріне — суреткер мен болмыстың құпия одағының жемісі ретінде өмірге жаңа кейіпкерлер келген романдарға қатысты ондайды ешкім істей алмайды. Нағыз жазушының қаламынан туған бұл кейіпкерлер өмірдегі нақты тұлғалардың көшірмесіне жатпайды, егер өзінің айналасында — жалпы жұртшылықтың, кім екені белгісіз толып жатқан оқырмандардың емес, өзінің отбасында, жақындарының арасында, туып-өскен қаласында немесе ауылында — жазушы басынан аяғына дейін өзім ойлап таптым деп жүрген кейіпкерлердің бойынан өзін көруге дайын тұрған адамдар табыла кетпесе автор оларды жоқтан бар қылған өзімнің шығармашылық қуатым болар деп үміттене алар еді. Тап осы жақындарының арасынан шығармаға көңілі толмаған немесе жәбірленіп қалған оқырмандар әманда табылады. Жазушы бала кезінде арасында өскен немесе жастық шақта бірге жүрген, бірақ кітабын жазып отырғанда ойына да алмаған сол бір тамаша адамдарды өзі де білместен ренжітіп алады немесе көңілін қалдырады, онсыз бірде-бір кітап жазылған емес.

Жазушы ондайды мойындамай, қаншама қарсылық білдіргеніне карамастан олар оның кітабынан өздерін немесе жақындарын көріп жатса бұл оның кейіпкерлерін сомдауға пайдаланған материалды өмірдің өзі қатқабат қылып жинай берген образдар мен естеліктердің ауқымды қорынан өзі де білместен суырып алғанын дәлелдеп тұрған жоқ па? Сауысқандар жылтыраған әдемі зат көрсе іліп әкетіп, ұясына жасырып қояды дейді, сол сияқты жазушы да бала кезінен бастап адамдардың келбетін, сұлбасын, сөздерін жинап жүреді; өзін таң қалдырған образдар да, ескертулер де, қызық оқиғалар да сол қорға қосыла береді... Соншалықты таң қалмаса да кейбір оқиғалар жадында жатталып қалады, басқа адамдардай ұмытып кетпейді оларды; соның бәрі, өзі байқамаса да санасының бір түкпірінде жасырынып жата береді де керек кезінде жарқ етіп шыға келеді.

Алыста қалған балалық шақта, бөгде адамдардан үйлерін қызғанып, жақындата бермейтін, бөтен ешкім келмейтін, ештеңе болмайтын шалғайдағы бір түкпірде өзінің сатқындығын білмейтін, бірақ әрі тыңшы, әрі сатқын бала тұрып жатты; ол күрделі де күрмеуі қиын күнделікті өмірден көргені мен естігенін еркінен тыс түгел жаттап алады. Ешкім күдіктенбейді одан, өйткені ол да басқа балалар сияқты. Бәлкім оған: «Бар, балалармен ойна! Қасымыздан шықпайсың ғой... Үлкендердің не айтатынында шаруаң қанша!» — деп жиі ұрысқан шығар.

Кейін оның кейіпкерлерінен өзін танығандар ашуға толы хат жолдағанда ол шынымен таңданып, мұңайып, өкпелеп қалады... Жазушы білмегенсіп тұрған жоқ: өйткені өз кейіпкерлерін жақсы біледі, абайсызда ренжітіп алған әлгі жақсы адамдарға мүлдем ұқсамайды олар. Дегенмен ар-ұятының алдында сәл де болса айыпты екені рас.

Өзіме қатысты айтар болсам, жазушы мен оның кейіпкерлерінен өздерін таныған оқырмандардың арасындағы әлгіндей түсініспестіктің басты себебі ап-анық көрініп тұр. Мен болашақ шығарманың оқиғасы өтетін үйдің әр түкпіріне дейін көз алдыма елестетіп алмай тұрып романымды ойластыра алмаймын; бақшадағы адам жүрмейтін көне сүрлеулерге дейін және үйдің айналасындағы нәрселерді түгел, егжей-тегжейлі білуім керек. Кейбір әріптестерімнің айтуынша, олар болашақ романдарының оқиғасы өтетін орын ретінде бұрын өздеріне бейтаныс болып келген шағын қалашықты тандап, кітапты жазып біткенше сондағы қонақүйде тұрады екен. Бұл менің қолымнан келмейді, ешқашан! Бөтен жерде ұзақ уақыт тұрсам да түк тындыра алмас едім. Оқиғасы өзім бауыр басып кеткен өңірге қатысты болмаса ой-санамда ешқандай драма тумайды. Кейіпкерлеріммен бірге әр бөлмені аралап шығуым керек. Олардың бет әлпетін анық ажырата бермеуім мүмкін, жалпы сұлбасын ғана білемін, бірақ олар жүріп өткен дәліздегі тұрып қалған иісті анық сеземін, күндіз немесе түннің қай мезгілі болса да кіре берістен далаға беттегенде, есік алдына шыққанда не сезіп, не еститіні маған жақсы мәлім.

Осы ерекшелігіме байланысты кітаптарымның бәріндегі ахуал амалсыздан бір сарынды болып қала береді. Ең бастысы, мен бала кезімде өзім тұрған немесе содан бері жақсы таныс үйлер мен бақшаларды ғана суреттей аламын. Бірақ қазір өз үйіміз бен туыстарымыздың мекен-жайы тарлық етіп жүр, сондықтан көршілердің иелігіне өтуге тура келеді. Сөйтіп мен провинциялық жерлердегі сәнді үйлердің абрикос иісі сіңіп қалған күнгірт ас үйінде түс қайта сағат төрттерде қай-қайсысы да өзін ел анасына лайықты ұстайтын құрметті кемпірлер бір шок мускат жүзімін, тәтті крем, айвадан жасалған мармелад пен бадам жемісінен қайнатылған, сәл-пәл тұтқырлығы бар тосап беріп еркелететін - Тереза Дескейру (Ф.Мориактың алғаш рет 1927 жылы жарияланған, әлемдегі 100 үздік романның қатарына енген, осылай аталатын шығармасының кейіпкері — ауд.) беретіндей мышьяк емес - бала кезімде ешқандай арам ойсыз-ақ сол үйлерде болып жататын сұмдық оқиғалар туралы қиялдайтынмын.

Сол бала ержетіп, жазушы болғанда бір кезде қасында жүрген адамдар әлгі сұмдық оқиғалар туралы кітапты оқып, өз үйі мен бақшасын таниды. Жазушы өзінің қиялынан туған драманың шексіз буырқанысты болуының өзі осы оқиғадан қандай да бір ұқсастық тауып, түсінбеушілік туындауына жол бермейді деп үміттенген болуы мүмкін. Әлгі құрметті адамдардың үйлерін сипаттағанда сол адамдар ойдан шығарылған кейіпкерлердің қызбалығы мен жасаған қылмыстарын бізге жауып отыр деп ойлауы ол үшін ақылға сыймайтын жәйт.

Бірақ бұл шалғайдағы елді мекенде орналасқан, әулет мүшелері ешқашан тастап кетпеген және әрдайым сол әулеттің меншігі болып қала беретін қара шаңырақтың қадірін жете бағаламау болар еді. Бір пәтерден екіншісіне көшіп жүре беретін қалалықтар провинциядағы үй, атқора, кір жуатын шошала, артқы аула және бау-бақша дегендердің бәрі сол үйдің тұрғындарының бойына ұлудың қабыршағы тәрізді мәңгі жабысып қалатынын ұмытып кеткен. Бірдеңені қозғап қалсаң бәрі қопарылып түседі. Үй мен бақшаны ғана жаздым ғой деп үстірт ойлаған жазушы соның бәрін біріктіріп тұрған отбасылық хал-күйді — тұтас бір ахуалды ескермей, тұтас әулет кие тұтатын қасиетті нәрсеге қол сұққанын аңдамай қалған. Кейде сол ахуалдан кіре берісте ұмыт қалған шетен қалпақ секілді әлдекімнің есімі ғана есте қалады, жазушы ойланып жатпастан өз кейіпкерлерінің бірін сол есіммен атай салады, сөйтіп осыны әдейі істеді-ау деген күдік одан әрі күшейе түседі.

Сөйтіп жазушы өзінің балалық шағы өткен үйге сол үйдің тұрғындарына мүлдем ұқсамайтын, әжесі мен анасы балалары мен құдайды ойлап, шамның жарығымен іс тоқып отыратын отбасылық қонақ бөлмедегі үйреншікті тыныштықты өрескелдікпен бұза беретін бейтаныс біреулерді қоныстандырады. Ал осы басқыншылардың жазушы бір кезде жақсы таныған, өмірдегі нақты адамдарға қаншалықты қатысы бар?

Маған келсек, менің кітаптарымдағы екінші деңгейлі кейіпкерлер ғана тікелей өмірден алынған. Ереже деп есептеуге болатын бір жәйт: шығармадағы кейіпкердің салмағы неғұрлым жеңілдеу болса оның өмірден өз қалпында алыну ықтималдығы соғұрлым арта түседі. Бұл түсінікті шығар: әңгіме театрдағыдай, «халықтың алдына шығатын рольдер» туралы. Олар әрекет үшін керек болғанымен романның негізгі кейіпкерінің алдында солғындау көрінеді. Оларды қайта қарап, жаңадан кейіпкер жасауға суреткердің уақыты жоқ. Сондықтан олар жадында қалай жатталып қалса сол күйі көшіре салады. Шығармасындағы қызметші қызды немесе шаруаны бейнелеу үшін ізденудің керегі жоқ оған. Есінде қалған бейнелерді сәл-пәл өңдеп, кітабына енгізіп жібереді.

Ал басқалары — әдетте бейшаралау болып көрінетін бірінші деңгейдегі кейіпкерлер — өмірдегі адамдарға қаншалықты ұқсас? Бояп, өңделген фотосуреттерге ұқсастығы қай шамада? Бұл сұраққа нақты да дәл жауап беру қиын. Жазушы өмірден кейіпкерлердің сұлбасын, драмалардың өрбуін, басқа жағдайда шиеленісіп кетуі ықтимал күнделікті кикілжіндерді ғана алады. Жалпы айтқанда, өмір жазушыға бастапқы нүктені береді, одан әрі нақты өмірдегі оқиғадан ерекшеленіп тұратын өз жолымен жүруге тиіс. Ол тек болуы ықтимал оқиғаларды болғандай қылып көрсетеді; бұлынғыр мүмкіндіктерді жүзеге асырады. Кейде өмірде болған оқиғаларға мүлдем кереғар бағытты тандауы мүмкін. Оқиғаға қатысатын адамдардың орындарын ауыстыра алады: жұрттың бәрі білетін оқиғадағы жендеттің бойынан құрбандықты, құрбандықтың бойынан жендетті іздеуі ғажап емес. Өмірдегі деректерді ала отырып, сол өмірдің өзімен тартысқа түседі.

Мысалы, менің «Тереза Дескейруді» жазуыма түрткі болған жәйттердің бірі он сегіз жасымда сотта көрген, екі жандармның арасында тұрған шаршаңқы жүзді әйел болса керек, әлгі бейбақ күйеуіне у беріп өлтірмек болыпты. Куәгерлердің айтқан сөздерін есіме түсірдім, айыпкердің у табу үшін рецептті өзі жазғаны жайындағы оқиғаны пайдаландым. Өмірден тікелей алғаным сол ғана. Бірақ мен шынайы болмыстағы материалдан мүлдем басқа әрі неғұрлым күрделі тұлғаны сомдап шықтым. Шын өмірдегі айыпкердің не себепті қылмысқа барғаны түсінікті болатын: ол басқа адамды сүйіп қалған. Қылмысқа не үшін барғанын өзі де білмейтін менің Терезамның драмасы одан мүлдем бөлек.

Ал сонда жан дүниесі күңгірт, бірақ құштарлыққа толы, не істеп, не қойғанын өзі де түсіне бермейтін бұл Тереза автор бұрыннан білетін адамдарға мүлдем ұқсамай ма? Парижде тұрамыз, араласып тұратын шағын тобымыз бар, айтатын әңгімелеріміз, оқитын кітаптарымыз, баратын театрымыз көптеген адамдарға өздерінің кім екенін тануды, тілек-мұқтажын ажырата алуды, құштарлық атаулыны түгелдей өз атымен атай білуді үйретті, бірақ біз ауылдың өмірін түсіне бермейміз, ондағы әйелдер жан дүниесіндегі құбылыстар үйреншікті нормадан сәл-пәлауытқыса болды, өзін-өзі түсінуден қалады. Сондықтан қандай да бір нақты әйелді қаперімде ұстамастан өмірде өзім бақылаған жәйттерді ғана басшылыққа алып, өзімнің Терезама белгілі

бір бағытты нұсқадым. «Ордалы жыланның» (Ф.Мориактың 1932 жылы жарық көрген романы — ауд.) бас кейіпкері де сондай: оның драмасының жалпы сұлбасы, беткі қабаты ғана жадымда қалған оқиғаға негізделген. Соны қоспағанда, менің кейіпкерім өмірде болған адамнан өзгеше ғана емес, оған тура қарама-қарсы тұлға болып шықты. Өмірде болған жәйттерді, қалыптасқан әдеттерді, мінез-құлықтарды алдым, бірақ жан дүниесін мүлдем басқаша бейнеледім.

Менің сомдағаным оның жан дүниесі ме сонда? Кейіпкердің құпия өмірі неден тұрады? Романның кейіпкерлері жазушы мен болмыстың некесінен дүниеге келеді деп жоғарыда айтқанмын. Бірақ өмірден алынған пішіндер мен жадымызда сақталған образдарды өз бойымыздағы қасиеттермен немесе өзіміздің бір бөлігімізбен толықтырамыз. Қандай бөлік ол?

Бұл күндері сәнге айналған теорияларға сәйкес, біздің кітаптарымыз өзіміз тежеп ұстайтын тілек-қалауымыздан, ашу-ызамыздан, құштарлық-құмарлығымыздан арылуымызға көмектеседі... біздің кейіпкерлеріміз — өзіміз жасамаған күнә атаулының бәрін көтеретін құрбан-текелер немесе, керісінше, біздің шамамыз жетпейтін қаһармандық істерді жүзеге асыратын күдіретті адамдар, жартықұдайлар дегенге ұзақ уақыт бойы мен де сеніп келдім және шынымен солай шығар деп ойлайтынмын; қолымыздан келмейтін ізгі істер мен ішімізді өртеп бара жатқан құмарлықтарымызды солардың мойнына іліп қоямыз. Егер осы гипотезаны қабыл алсақ, онда жазушы — өзін емес, ойдан шығарған кейіпкерлерін әлдебір жексұрынға немесе қаһарманға айналдырып жіберетін құбыжық қана. Сөйтіп ізгі адам немесе қылмыскер болуды өзімізге емес, кейіпкерлерімізге жүктей саламыз, біздің мамандықтың айқын көрініп тұрған артықшылығы сол — бізге өмір сүрудің қажеті жоқ, кейіпкерлеріміздің арқасында ондай қажеттіліктен арылғанбыз.

Дегенмен мұндай түсіндірмеде кирату мен ұлғайтудың сұрапыл қуаты ескерілмеген сияқты, ал ол біздің өнеріміздің негізін құрайтын басты элемент қой. Кейіпкерлеріміздің басынан өткен қиындықтар біздің санамыздағы арпалыстың болымсыздау бір бөлігі ғана. Тек кейбір сәттерде ғана жүрегіміздің түбінен әлдебір ұшқын бой көтереді, кейін ол кейіпкердің жан дүниесін дүр сілкінткен сұрапыл сезімге айналады, сол сезімнің күштілігі соншалық, осынау буырқанған дауыл мен жазушының жүрегіндегі бір мезеттік толғаныстың арасында ешқандай ұқсастық қалмайды.

Жұмысын аяқтап, әлгінде ғана қаламынан шыққан оқиғалардың әсерінен әлі арыла қоймаған жазушы кешкісін дастархан басында отыр делік, балалар күлісіп, дауласып, мектепте көргендерін айтып жатыр. Жазушы кенет томсарып, торығып қалады... Өз жұмысы жайында айта алмайтынына қамығады... Бір мезет өзін ешкімге керексіз болып, жалғыз қалғандай сезінеді... Бірақ сәлден соң шаршағаны басылып, әлгі сезімнен арылады, тамактанып болғанда бұл ренішін ұмытып та кетеді. Жазушының міндеті — осындай болмашы ғана өкпе-ренішті үлкейткіш әйнек секілді бірнеше мәрте ұлғайтып, «Ордалы жыландағы» әулет басшысының алапат ашу-ызасының деңгейіне дейін жеткізу. Сәл нәрсені өлшеусіз ұлғайту қабілетінің арқасында жазушы бір сәттік жайсыз сезімді ессіз құштарлыққа айналдырып жібереді. Сонымен қатар, әлдебір ұсақ сорақылықты өлшеусіз ұлғайтып, жоқтан бар жасап, қорқынышты құбыжықты туғызумен шектеліп қалмай, бойымыздағы

соған қарама-қарсы өзге сезімдер көлегейлеп, басып, жұмсартып тұрған ондай сезімдерді оқшаулап та тастайды. Бұл орайда кейіпкерлеріміз біздің кім екенімізді білдірмек түгіл бізді сатып кетеді, өйткені жазушы ұсақ-түйекті ұлғайтып көрсетумен қатар оны қарабайырландырып жібере де алады. Кейіпкеріміз ессіз құштарлыққа бой алдырған, оған қарсы тұру қиын — ес жиғызбай еліктіріп әкетер әзәзілдің арбауына енді тап боласыз! Ондай типті дүниеге әкелсең сыншылар жарыса мақтай жөнеледі, жазушы жақсы біледі оны. Бұл оған оп-онай болып көрінеді! Жазушының қабілеті осындай қосарлы сипатқа ие: шығармаларында өзінің жан дүниесіндегі білінер-білінбес ұсақ сезімді өлшеусіз ұлғайта алады, сосын оны өзгелерден оқшаулап, бөлектеп тастайды — тағы да қайталаймыз, кейіпкерлер автордың қандай адам екенін көрсетпейді, керісінше, үнемі дерлік оны сатып кетуге тырысады.

Осы жерде жазушының ешкім түзете алмайтын шарасыздығына куә боламыз. Елдің бәрі әрі мақтап, әрі даттап жататын бұл өнерге қатысты мынаны айтуға тиіспіз: егер ол мақсатына жетіп, адам өмірін бүкіл қатпар-қатпарымен тұтас көрсете алса, онда ол құдайдың деңгейіне дейін көтеріліп, құдіретті өнерге айналып, теңдесі жоқ күшке ие болар еді, көне аңыздағы жыланның уәдесі орындалып, біз, жазушылар, құдай теңдес болып кетер едік. Бірақ — өкінішті — ондайға жету қайда бізге! Жазушылардың жаңа ұрпағының қасіреті сонда, олар мынаны түсінді: адамның мінез-құлқын классикалық романдардың үлгісімен сипаттау мен нақты өмірдің арасында ортақ ештеңе жоқ. Толстой, Достоевский, Пруст секілді ең ұлы жазушылар да миллиондаған тірі талшықтар тоғысып жатқан жанды ағзаға - адам тағдырына жақындап қана барды, бірақ қол жеткізе алмады. Күндердің бір күні осынау ұлы мақсатқа жету өзінің ғана маңдайына жазылғанын ұққан жазушы ешқандай көзсіз сенімге бой алдырмай, қиялшылдыққа ұрынбай, үйреншікті формулаға сәйкес түкке тұрғысыз оқиғалар туралы жазып шығады немесе Джойс пен Вирджиния Вулфқа ұқсап, бір ғана адамның санасындағы аса ауқымды, шатысып-бытысып жатқан, үнемі өзгеріп тұратын және ешқашан қозғалыссыз қалмайтын әлемді сипаттауға мүмкіндік беретін тәсілді (мысалы, ішкі монолог) жасап шығаруға тырысып, әлгі адамның синхронды бейнесін сомдаймын деп бар күшін сарқып алады.

Бұл да түк емес: бірде-бір адам өзгелерден оқшау өмір сүріп жатқан жоқ, бәріміз адамдардың арасында жүрміз. Жазушы жеке тұлғаны зерттейді деген — бос сөз. Бейшара бақаны зертханаға алып келген биолог тәрізді жазушының жеке тұлғаны өзгелерден бөліп алған себебі — бұл оған қолайлы және кейіпкерін бейнелеу оңайға түседі.

Егер жазушы өзі таңдаған өнердің мақсатына қол жеткізіп, өмірді шынайы бейнелемек болса, онда ол бәріміз қатысып жүрген және барлық тағдырлар бірін-бірі толықтырып, бір-бірімен тоғысып жатқан осынау адамзат симфониясын сипаттауға тырысуы керек. Бірақ!.. Осы мақсатқа ұмтылған адам қаншама таланты тасып, елден асқан кемеңгер болса да жеңіліп тынар еді. Бұл бағытта, меніңше, Джойс қана барынша талпынып көрді. Өз ойымша, сөз өнеріне, романға тән ішкі қайшылықты жеңу бірде-бір суреткердің қолынан келмек емес. Бір жағынан, ол адам туралы ғылымға ұқсайды — адам деген жан дүниесін алуан түрлі құмарлық пен құштарлық кернеген, сол қалпынан өзгермейтін, бірақ сәт сайын құбылған тұрақты да тұрақсыз тұтас бір әлем ғой, сол әлемнен Горио әкей немесе

әкелік махаббат, жиен апай Бетта немесе қызғаныш, Гранде әкей немесе сарандық тәрізді бір ғана құмарлықты, бір ғана ізгілікті, бір ғана кемшілікті жұлып алып, үлкейткіш әйнекпен қарауға болады. Екінші жағынан, роман әлеуметтік өмірді бейнелеуге тырысқанымен, онда тек жеке адамдар ғана қарастырылады, оларды қоғаммен байланыстырып тұрған тарам-тарам тамырлар түгелге жуық шауып тасталған. Бір сөзбен айтқанда, жазушы жеке тұлғаның бір ғана құштарлығын оқшаулап көрсетіп, сол құштарлықты ішкі қозғалыстан айырады, ал қоғамды бейнелегенде жеке тұлғаның өзін оқшаулап, ішкі қозғалыстан айырады. Сөйтіп өмірдің бейнесін сомдауға тиісті суреткер оған қарама-қарсы нәрсені жасап шығарады: жазушылық өнердің болашағы жоқ.

Бұл тұжырымды ең ұлы жазушыларға, мысалы, Бальзакқа да қатысты айтуға болады. Ол қоғамды бейнеледі дейді: іс жүзінде ол шығармашы ретінде таң қаларлық күш-жігер жұмсап, Қалпына келтіру және Июль монархиясы дәуіріндегі барлық әлеуметтік топтардың толып жатқан өкілдерінің бейнесін сомдады, бірақ сол типтердің әрқайсысы дербес жанған жұлдыздар тәрізді өз алдына бөлек әлем болатын. Оларды бір-бірімен қақтығысқа түсудің білінер-білінбес нәзік тіні немесе қарабайырлықпен ұштасып жатқан құштарлық қана өзара байланыстырып тұр. Адамдарды оқшауландырмай-ақ және ішкі қозғалыстан айырмастан бейнелеу тұрғысынан өзгелермен салыстырғанда әлдеқайда озық тұрған Марсель Пруст қана романға тән осы кереғарлықтан үстем түскені даусыз. Түптеп келгенде, өнер атаулының бәрі әдебиеттен бастау алады деп тұжырым жасаушылармен келісуге тиіспіз. Шындығында оның өзегіне адамның өзі алынатындықтан бұл орынға одан басқа ештеңені қоя алмаймыз. Алайда олай емес деушілерді де кінәламаймыз, өйткені әдебиет өзінің өзегін құрайтын сол адамның барлық былық-шылығын жайып салады және оның бар өмірі жалғандыққа құрылғанын әшкерелеп береді.

Дегенмен біз, жазушылар, кейбір шығармаларымыз өзгелерімен салыстырғанда жандырақ болып шыққанын сеземіз. Кітаптардың көпшілігі өмірге өлі күйінде келіп, келісімен-ақ ұмытылады, бірақ жадымызда жаңғырып тұра беретін, әлі де ақырғы сөзін айта қоймаған, соңғы нүктесін өзіміз қойып, біржола аяқтауымызды күтіп жүрген кітаптар да бар.

Бұл феномен, ештеңеге қарамастан, жазушының батылдығын оятып, назарын аударуға тиіс. Мұражайға қойылған әйгілі картиналар секілді әдебиет тарихында сақталып қалған романдардың әйгілі типтеріндей емес, біздің кейіпкерлеріміздің өмір сүру қабілеті мүлдем ерекше. Бұл жерде әңгіме Горио әкейдің немесе мадам Боваридің мәңгі өмір сүретіні туралы емес, олар адамзаттың жадында сол күйі сақтала береді, кітаптарымыздағы пәленше деген кейіпкер, түгенше деген әйел кейбір оқырмандарды әлі де қызықтырады екен, қиялдан жаралған сол бейнелер олардың өзін-өзі түсінуіне көмектесіп, жан құпиясын ашып береді деп үміттенеміз — өкінішті! — біз мұның ұзаққа бармайтынын сеземіз және соған мойын ұсынып, көндігуден басқа амалымыз қалмайды. Басқаларымен салыстырғанда өміршең болып көрінетін кейіпкерлердің сұлбасы әдетте бұлыңғырлау болады. Өзгелердей емес, олардың құпиясы көп, жұмбақтау, мүмкіндіктері де жетіп жатыр. Тереза Дескейру не үшін күйеуін у беріп өлтірмек болды? Оның қасіретке толы тұлғасының әлі де ойымыздан шықпауының себебі, көп тұрғыдан алғанда, нақ осы сұрақта жатыр. Кейбір оқырман әйелдер

өздерінің тағдырына үңіліп, Терезаның тұлғасына қарап өз құпиясының сырын ашпақ болады; бәлкім іштей оны жақтайтын да шығар. Ондай кейіпкерлер өз бетімен өмір сүріп жатқан жоқ: оларды оқырмандар қолдайды, өз жүректеріндегі мазасыздық арқылы оятып алады оларды, сондықтан әлгі кейіпкерлер бір сәтке қайта тіріліп, кітапқа үңілген жас келіншек отырған шалғайдағы үйдің қонақ бөлмесінде жанып тұрған шамды айналып жүріп алады.

Мақсатына жете алмай, өмірді бейнелеу қолынан келмейтінін мойындаған жазушы өзін-өзі ақтау үшін және іштей демеу ретінде былай деп жұбанады: кейіпкерлерім қандай болса да бар ғой әйтеуір, адамдарға ықпалын тигізіп жүр. Сол кейіпкерлер оқырманға айтарлықтай ықпал ете алмаса да жан дүниесіне түрткі салып, ойлануға септігін тигізді, бұл да аз емес. Жазушының жеңіліс таптым деп есептеуі оның тым талапшыл болуынан туындайды. Егер ол кейіпкерлеріне өмір сыйлайтын құдай болудан бас тартып, өз өнерінің ең қарапайым әрі шартты құралдарының көмегімен кейбір замандастарына әсер етуді ғана місе тұтса, онда өзінің қарым-қабілеті соншалықты нашар еместігін аңғарар еді. Жазушы кейіпкерлеріне белгілі бір міндет жүктейді. Ұлы мақсат жолында құрбан болып, ең ұлы әлеуметтік заңдардың сәнін келтіретін, өзгелерге үлгі боларлық кейіпкерлер де бар. Бұл орайда автор өте сақ болуға тиіс. Өйткені кейіпкерлеріміз бізге бағынбайды. Тіптен олардың арасында біздің пікірімізбен келіспейтін және оны қолдағысы келмейтін қырсықтар да кездеседі. Солардың кейбіреулері менің бүкіл идеяларыма қарсы, нағыз антиклерикал, олардың айтқан сөздерін тыңдағанда бетімнен отым шығады. Жалпы, егер кейіпкерлеріміздің бірі біздің ойымызды айтар болса, бұл жақсылықтың нышаны емес. Ол біздің күткенімізді түгел орындап шығатын болса, бұл оның өз өмірі жоқтығын, біздің қолымыздағы жансыз қуыршақ қана екенін білдіреді.

Ұзақ ойластырып, өсу жолдарын ұсақ-түйегіне дейін белгілеп қойған бас кейіпкерлерім жалпы нобайын алдын-ала сызып қойған бағдарламама тек жансыз құр сұлдер болғандықтан ғана кіретіні, сөзсіз бағынып жүргені де сондықтан екенін жұмыс барысында қанша рет байқадым. Керісінше, өзім соншалықты мән бере қоймаған екінші деңгейдегі әлдебір кейіпкер бұзып-жарып алға шығып, өзімен бірге мені де күтпеген бағытқа жетектей жөнеліп, өзгенің орнын тартып алған кездер де болған. Мысалы, «Махаббат шөліндегі» дәрігер Куррежді қосалқы кейіпкер, бас кейіпкердің әкесі ретінде жоспарлағанмын. Ал ол бүкіл романды бір өзі толтырып жіберді; сол кітабым туралы ойласам әлгі бейшараның қасіретке шомған жүзі басқасының бәрін басып кетеді, баяғыда ұмытылып кеткен парақтардан жадымда тек сол ғана қалыпты. Жалпы, мен кейіпкерлеріме мектептегі қатал мұғалім секілді қарауға тырысамын, бірақ сол мұғалім басқаларды соңына ерте алатын, өжет те асау мінезді шәкірттерін іштей жақсы көруін қаншама тежеуге тырысқанымен, оларды айтқанынан шықпайтын, қарсылық көрсетуді білмейтін жуастардан әлдеқайда артық санайтыны байқалып қалады.

(Жалғасы келесі санда)

Орыс тілінен аударған
Нұрлан ҚАМИ



Мотияйын тілді тарландар

АЙЛАВЬЮ... ҰХИБ-БҰ-ХИ...

Ақын Қайрат Әлімбек студент кезінде барлық тілдегі «сүйем сені» деген сөзді қатыстырып өлең шығарыпты. Оның барлығын бұл жерге тізіп шығу мүмкін де емес. Сонда да болса, бір-екеуін айта кетейік, мысалы, ағылшынша «Айлавью» дегенге былай:

Бізді күтіп жатыр ғой сайда дию,
Ол жауызға өзінді қайда кию.

Англияға қашсан да қуып барам,
Айлавью деймін де, айлавью.

Ал біздіңше «сүйем сені», арабша «ухиб бұ хи» деген сөз екен. Бұған ұйқас табуға Қайрат біраз киналып, ақыры:

Егер мені сүймесең, сухитты сүй,
Екеумізге болса ғой мұхит құт-үй.

Арабияға қашсан да қуып барам,

Ұхиб бұ хи деймін де, ұхиб бұ хи, — деп, ұрып жіберген екен.

«ЕКІ БЕТТІ СОЯЙЫН, ҚАРА ШАШТЫ ЖАЯЙЫН»...

Бір күні академик Мәлік Ғабдуллин лекция оқуға аудиторияға кірген кезде, қарсы алдында ұзын қара шашы иығын жапқан жап-жас қыз отырады. Бет-әлпеті күренігіп кеткен ғалым ақырын ғана: «Қарағым, ренжіме, далаға шыға тұршы!», — дейді. Аң-таң болған қыз шығып жүре береді. Студенттердің бірі «Ағай, әлгі қызды не үшін далаға шығарып жібердіңіз?», — деп сұрайды. Сол кезде майдангер-ғалым: «Соғыс кезінде, одан кейін де елге келгенімде баласын жоғалтқан ана, боздағын, ерін

жоғалтқан әйелдер дәл жаңағы қыз секілді шашын арқасына жайып жіберіп, зар илеп дауыс ететін. Осы сәт көз алдыма келіп, көңілім бұзылып кетті», — деген екен.

ТІРІ АДАМДЫ ЖЕТІ РЕТ ӨЛТІРУ

Бірде студент Нұрғисаны ұстазы Ахмет Жұбанов күйші Әбікен Хасеновті шақырып келуге жұмсайды. Жолшыбай қолында күрегі бар, Қалибек Қуанышбаев жолығады. Нұрғиса саяжайға бара жатыр екен деп ойлап, оған жеміс көп болсын деген тілек айтады. Сонда Қаллеки: «Қайдағы саяжай? Сендер естімеп пе едіңдер, Әбікен өліп қалды ғой. Таңертең жантәсілім етті, жарықтық. Енді ол күйді жұмақта тартатын болды. Мен соның көрін қазуға бара жатырмын», — дейді. Нұрғисаның зәресі қашып кетеді. Жүгіріп отырып, Қаллекиден естіген хабарын Жұбановқа келіп айтады. Ахаң жәй ғана күлімсірейді. «Мен қаралы хабар жеткізіп тұрсам, ұстазымның күлгені қалай?», — деп, жас шәкірт аң-таң болады. Содан екеуі Әбікеннің үйіне келеді, күйші үйінде болмай шығады, балалары зейнетақысын алуға кассаға кеткенін айтады. Ахаң мен Нұрғиса Әбекеңнің касса кезегінде тұрғанын көріп: «Әйтеуір, аман екенсіз ғой» дейді. Сол кезде Әбікен Хасенов бұлардың шұғыл жеткеніне күдіктеніп: «Немене, бір сыбыс естідіңдер ме? Ана, көксокқан Қаллеки болар, менің жаназамды шығарып жүрген. Қолында күрегі, саяжайына барған сайын мені өлтіріп, жолшыбай бәрі-

не айтып шығады. Осымен жетінші рет өлтіріп отыр. Ол суайтқа сенбеңдер!», — деген екен.

КҮНІ ӨТКЕН ТАЛОН, САЛОН, БАРОНДАР...

1973 жылы Азия және Африка қаламгерлерінің Алматыда өткен V конференциясында қазақтың біраз ақын-жазушылары күн, түн демей қызмет атқарады, халықаралық шара біткесін солардың ең белсенділеріне арналған эпиграмма шығады. Мысалы, делегаттардың ас-суын, тамақ жағын қадағалаған Қалиханға «Қалихан Ысқақов кім? Желі шыққан балон». Ал, сувенир-сыйлық жағын басқарған Амантайға «Амантай Сатаев кім? Саудасы біткен салон», «Олжас Сүлейменов кім?» Думаны тарқаған боран», — деген әзіл ел арасына тарап кетіпті.

МЕНІҢ НИЕТІМ — ҚҰДАЙДА...

Бірде Құнанбай мен Сапақ би намаз оқып тұрғанда, Сапақ би білмеді ме, әлде ұмытты ма кім білсін, қолын кеудесіне қоймапты. Құнанбай намаз арасында Сапаққа:

— Намазыңыз бұзылды, — депті.

— Құнан шырақ, мен байқағаным жоқ. Менің есіл-дертім Құдайда тұрса, сенің көңілің менің қолымда тұрған екен ғой, — депті. Намаздан соң бата қылғанда, Сапақ би бетін жеңімен сипайды. Сапақты мұқатайын деп Құнанбай тағы да: — Сапекең бізге үлкендік қылады екен десек, патша Құдайдың өзіне де үлкендік қылады екен ғой, — дейді.

Сонда Сапақ би:

— А, Құнан шырақ-ай, мыңдаған қабат тасболаттан өткен Құдайдың рахметі менің бір қабат жеңімнен өтпес деймісің!», — деген екен.

ЕР ЕКІ СӨЙЛЕМЕС БОЛАР...

1970 жылы Бауыржан Момышұлының 60 жылдық тойында арнау өлең оқыған Сәбит Мұқановқа қатарластарының бірі қалжыңдап:

— Сәбе, осы өленді сіз Бауыржанның 50 жылдығында да оқыған сияқты едіңіз ғой, — десе керек. Сонда сөзден тосылып көрмеген жазушы:

— Дұрыс. Ер жігіт екі сөйлемес болар, менің Бауыржанға деген көңілім он жыл бұрын қалай болса, қазір де солай, — деген екен.

СОҚАСЫҢ ДЕГЕНГЕ РЕНЖІМЕ...

Сатирик Көпен Әмірбек ағалары Шерхан Мұртаза мен Камал Смайыловқа арнап пародия жазыпты. Әзілкеш інісі Шерханды тракторға, Камалды соның соңына тіркеген соқаға теңепті. Осы соқа деген теңеуге Камал ренжіп қалыпты. Бірде үшеуі кездесіп қалған жерде Шерхан Көпенге: «Қане, оқышы пародиянды!», — дейді.

Елім саған айтам,
Елбасы, сен де тыңда
Камал дос,
Сен де құлақ тұр.
Себебі, сен — соқа
Мен — трактор...

— Оу, Камеке, — дейді Шераған нығарлай сөйлеп. Қу трактор айдалада жалғыз өзі не бітіреді? Жерді жыртатын трактор емес, соқа ғой. Сен бекер ренжисің. Соқаның ролі тракторға қарағанда анағұрлым артық! Көпен мырза сізді соқаға дұрыс теңеген, — деген екен.

ҚАЙТПАЙТЫН ҚАРЫЗ

Іслам Жарылғапов — орысша, қазақшаға бірдей жүйрік әрі шешен, аудармашы, біраз жауапты қызметтер атқарған азамат. Осы Ісаған жұрттан қарыз алудан рекорд жасапты, алған қарызы 1970 жылдары 40 мың сомнан асып кетіпті. Қарызын сұрағандарға ол:

— Сендер қызықсындар, қарызымды төлеймін деп, мен өлуім керек пе зорығып, онсыз да денсаулығым бұзылып жүр», — деген екен.

(Жалғасы бар)

Қадірлі ағайын!

**2026 жылға «Жұлдыз» журналына жазылу жүріп жатыр.
Әр айдың 10-на дейін жазылсаңыз, келесі айдан бастап журнал
қолыңызға тиеді.**

Жеке адамдар үшін	қала	ауыл	Мекемелер үшін	қала	ауыл
Индекс: 75685	бағасы	бағасы	Индекс: 25685	бағасы	бағасы
1 айға	1183,86		1 айға	1449,52	1403,86
3 айға	3551,58		3 айға	4348,56	4211,58
6 айға	7103,16		6 айға	8697,12	8423,16
12 айға	14 206,32		12 айға	17394,24	16846,32

«Жұлдыз» журналына жергілікті «Қазпошта» бөлімшелері, сондай-ақ «Эврика пресс», «Евразия пресс», «Ернұр пресс», «Қазпресс» мекемелері арқылы жазылуға болады.

Құрметті оқырман!
**«Жұлдыздың» электрондық нұсқасын *juldyz.info*
сайтынан оқи аласыздар.**

Juldyz (Star): 050000, Almaty, pr. Ablai-khan 105; tel. 8 (727) 272-59-44;
f. 1922; monthly; magazine of Writers of Kazakhstan; literary, artistik,
socio-political; **Editor-in-Chief Dauren KUAT**

Мұқабаны даярлаған **М.ТҰРСЫНОВ.**
Нөмірдегі авторлардың фотосуреттерін әзірлеген —
Б.БАЙҒОНЫСОВА.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
050000. Алматы қаласы. Абылай хан даңғылы, 105-үй, 3-қабат.
Байланыс телефондары: 8 (727) 272-59-44, 8 (727) 261-65-74.
e-mail: juldyz_kz@mail.ru

Журнал Қазақстан Республикасының байланыс және
ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп,
2011 жылғы 21 қарашада № 12121-Ж куәлігі берілген.

Меншік иесі: «ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ»
Республикалық қоғамдық бірлестігі (Алматы қаласы)

Айына 1 рет шығады. Таралым 5000. Тапсырыс 798. Басуға қол қойылды: 14.04.2026 ж.
Қағазы 70x108 1/16. Офсетті басу. Баспа табағы 13.

Журналды жеткізу және тарату ісі жергілікті байланыс мекемелерінің міндетінде.
Журнал редакцияда теріліп, беттеліп,
«Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында басылды. С. Мұқанов, 223 «В».